
Собаки
Сибири

Қиялда туған ойлардың
Қағазға ізін түсірдім.
Жебеушім,
Сыншым,
Айбарлым!
Өзіңе, халқым, ұшырдым.

Софы Сматаев

Көп томдық
шығармалар жинағы

1 ТОМ



84Қаз7-44

С-52

Софы Сматаев

Қызыл дәптер

Повестер,
әңгімелер



ББК 63.3 (5 Қаз)
С 52

Сматаев С.
С 52 Қызыл дәптер. Повестер мен әңгімелер. - Алматы: "Ел-шежіре", 2008.
1-ші Т: - 432 б.

ISBN 978-601-7011-10-9

Қазақтың аса көрнекті жазушысы, халықаралық " Алаш" сыйлығының тұңғыш иегері Софы Сматаевтың көптомдығының бірінші томына тырнақалды әңгімелері мен алғашқы повестері топтастырылған. Қаламгерлік қарымын ә дегеннен толық танытқан суреткердің "Бәсер, Айкүміс және басқалар", "Қызыл дәптер" повестерінде қазақ аулының өндіріске енуі, өнеркәсіпке бет бұруы, жұмысшы табының жасампаз тірлігіне еркін араласуы шынайы суреттеледі. Әңгімелерінің тақырыбы да өмірдің өзектіі оқиғаларын қамтиды.

С $\frac{0503020905}{00(05)-08}$ –2008

ББК 63.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-7011-10-9

© Сматаев С, 2008
© "Ел-шежіре", 2008

МӘҢГІЛІК ШАЙҚАС, МАЗАСЫЗ КЕЗЕҢ СУРЕТКЕРІ

Дәуір өзгеріп, заман ауысып, зымырап жататыны тәрізді, сол өзгерген дәуір толқынында, ауысқан заман дүрмегінде, зымыраған уақыт жалыңда ізгілік мұраты үшін жалғасып жүретін адамдар тірлігі, халықтар тарихы көне, қилы кезеңдер шежіресін зерлей беретіні шындық. Адамы - заманын өзгертсе, заманы - адамына әсер етіп, жұмыр жердің үстіндегі әлеуметтік, саяси, мәдени де табиғи қарым-қатынастар кезегі келгенде баз кешер баянды ғұмырыңның бәрін жаңғыртып жатады.

Дәуір өзгерісін, сол өзгерер дәуір толқынында үйірілген адамдар тіршілігін жан-жүрегінен керуендей жылжытып өткізіп, талант қарымы мен қияли қуаты арқылы өз замандасына, болашақ ұрпаққа жасаңдырып зорайтып, мағыналандырып жеткізетін - қашан да жазушы-суреткер атты құдырет иесі. Болмыстың қытымыр уысынан жұлқынып шығып, рухани бостандықты тек өз көкірегінен аулар қаламгерлікті неше түрлі тылсым қасиет, ғажайып сыпайылықты мен өз басым Софы Сматаев - Софыян Сматай қаламы сыйлаған игілік-ырыстан да тапқандай болам.

Он жылдықты бітіріп, өмір жолының жаңа сүрлеуіне аптыға қадам басқан балаң жігіт бүйрегін түрткен болашақ бір арманына бола алғашында өзі тұрғылас өзге әріптестері тәрізді Қазақтың мемлекеттік университеті филология факультетіне түскен еді. Ақ басты шыңдар, зеңгір көкке шаншылған теректер, қыз күлкісіндей сыңғырлап бұрала аққан мөлдір бұлақ-арықтар кім-кімді болса да Алматыдай жаратылыс ырыздығына ғашық қылып қоймай ма. Көркемдікті, әсемдікті аңсаған, жұртқа жария етпесе де, жан

түкпірінде жазушылық үмітін жасырын ұстаған бозбалаға оқтай түзу көшелер қандай ыстық болса, сол көшелердегі алғаш кірген театры, алғаш сүйсінген концерті сондай әсерлі еді. Ғажайып дүниеге, ғажап әлемге, таусылмас тьшсымға, үзілмес шадыманға еніп кеткендей сезінер еді ол өзін. Бірақ төрт-бес айдан кейін қайталанған сол көп қызықтың біразының қайраңы қара шалдырып, биігі аласарып, құпиясы ашылып қала берген. Келе-келе жас студент енді кітапханадан шықпайтын боп алған. Аудиториядан - дәріс тағылымынан босағаннан кейін оқу залындағы өзі меншіктеп алған үстел үстін оқулықтармен сықита толтырып қойып, үңілетін де отыратын, сырласатын да отыратын.

Шұқшиған сол Софыны сезімтал ұстаз, үлкен жүрек иесі Мұқаң - Мұхтар Әуезов байқап қалған ғой. Ізденімпаз шәкіртіне ырза болған аяулы ұстаз Москваға оқуға баруға, онда да, әсіресе сол жылдары қазақ жастары көп құлшыныс таныта қоймайтын ой ұшқырлау ордасы - техникалық институтқа түсуге ақыл қосып, батасын берген.

Күндерде бір күн Москваның Болат және қорытпалар институтын бітірген инженер-металлург Сматаев астаналық алып қалада өмір университетін, мәдени ғұмыр университетін де тәмамдап шыққан еді. Мұқаң айтса айтқандай, орталықтың ондаған театрында қойылып жататын сахналық жаңа туындылар, әлем түкпірлерінен келіп, өз қазыналарын жұртшылық сарабына тартатын өнер адамдарының көрмелері, вернисаждары, гастрольдері әдемілікке әуес, сұлулыққа құштар, адалдыққа ынтазар жастың құнарлы кеудесіне қасиетін қондырып үлгерген еді. Содан болар, Софы Сматаев мәскеулік атақты “Орақ пен балға” заводында жұмыс істеп жүргенде өзінің алғашқы “Алау” повесінің болашақ кейіпкерлері бейнелерін көз алдында елестетіп, тезірек оқырмандарына жеткізуге асыққан. Туланың металлургия заводында, Алматыда - Ғылым академиясының Металлургия және кен байыту институтында қызметтер ақтарып жүріп те кейінірек жарық көретін “Бұлақ” романы кейіпкерлері

прототиптерімен кездескен. Шығармашылық бейнеттің сенбі, жексенбіні білмейтін, демалыс, үзілісі жоқ тынымсыз әрекетті шеңгеліне біржола түсіп кеткенше ол жұмыскер қауымының қызулы ортасында болып, еңбек көрігінде суарылып, өмірдің ыстық-суығын бастан кешіп есейген.

Софының тұңғыш кітабы - “Астана оттары”, өлеңдер мен балладалар жинағы, шегі түйілгенше баспада жеті жыл жатып, 1968 жылы авторын сарғайтып әрең шыққан шарана. Сыншылар көзіне түсе қоймаған бұл шағын кітапшаға Софының өзінің де көңілі қоңылтақсып қалса керек, оң жамбасына қолайлы проза жанрына тез ауысып кетуге тырысқан ғой. Өз бағытын қапысыз табу - қашан да әр қаламгердің шын бақыты. Софы Сматаев алғашқы тырнақалды “Алау”, “Бәсер, Айкүміс және басқалар”, “Аймаңдай”, “Дүние өтерінде шыр айналды” повестерімен-ақ қаламгерлік қарымын танытып, оқырмандарымен лирикалық кейіпкерлері арқылы қоян-қолтық араласып жүре береді. “Алаудағы” жас маман, металлург Сапар от пен шоқтың арасында шойын құюдың да, адамтанудың да мектебінен өтсе, “Бәсер, Айкүміс және басқаларда” қырқыншы жылдар бас кезіндегі қазақ аулының өндіріске енуі, өнеркәсіпке бет бұруы, жұмысшы табының жасампаз тірлігіне араласуы, тағдырлас үш достың- Бәсер, Қарағұл, Әйкештің бір-біріне деген қалтқысыз көңілі, сыйластығы, ақ-адал қарым-қатынасы табиғи көрінісін тауып, есте қалады.

Ал “Дүние өтерінде шыр айналды” повесінде атақты Біржан сал ғұмырының қасіретке толы соңғы үш жылы тілге тиек етіледі.

Асқақ әуенімен Сарыарқаны дүбірлеткен, адуын өнімен үш жүзді елеңдеткен сал-серілік төресі Біржанның аяқ-қолы бұғауланып, кісен салынып, өзі жолым үйдің керегесіне таңылып тасталған. Ол - сол кездегі өнерімен өрге жүзген әнші-күйшілерге жасалатын қатыгез заман қысымының белгісі еді. Ол - әр кездегі өнерліні өзегінен тепкен, өмірін өгейсіткен озбырлықтың, жуандықтың өктемдігі еді. Заманынан ерте туып, заманын ілгері сүйреген, өз тұстастарын

өнегелі өнерге талпынтып, үлгілі өмірге шақырған Біржан сияқты өнерпаздардың кешеден бүгінге ашына, жаны шырқырай, дауылдата салған әні - мұңлықтар мұңын жеткізер жүрек шері де еді.

Сматаев алғашқы лирикалық кейіпкерлерін өмір сахнасына аттандыра салысымен ауыр да жауапты, абыройлы бір міндеттің жалына жармасқан. Тек шынайы жазушының ғана маңдайына өткен күндердің де, өз заманының да сырын саралап, жырын жырлап, уақыт айнасына айналдыруды жазған. Ол үлкен дарын сонда ғана халықтың үшфу тілегін арулап көзге түсіп, елінің үні боп сөйлей алады.

Осындай тілектестік, үміт жетегі Софыны да халқының тарихына үңілтіп, өткеніне көз жібертіп, жазушылық қаламға перзенттік парыз артқан. Тәуекел деп бел буып, білек сыбанып кірісіп кеткен негізгі кітабы - “Елім-ай” романының ол екі томын баяғыда оқырманына беріп те, сөз қадірін білетін талғампаз қауымының сан мәрте қайталанған ұланғайыр алғыс-құрметіне бөленіп те үлгерді.

“Елім-ай” дилогиясы - тарихи шындықпен көмкерілген көркемдік шындық. “Елім-ай” - жазушының сайын сахарасының ойы мен қырына, көлі мен шөліне, туған халқына, оның ұлттық дәстүріне, салт-санасына, мейлінше бай тіліне, дала төсіндегі қыбырсыз қорған-қорымдарда үнсіз жатқан ата-баба рухына табынған сүйіспеншілігі. “Елім-ай” - батыстағы Ресей, шығыстағы Қытай,түстіктегі жоңғарларға қарсы тәуелсіздігі мен азаттығы үшін, еркіндігі мен дербестігі жолында жерін қорғап, елдігін жоқтап, бірлігін сақтаған, ат үстін мекен еткен сарбаздар, қаралы жоқтауымен аңыраған кейуана, қара көзден жан шуағын шашыратқан қарындас.

Халық тағдыры- сыр сандықты ашу үшін Софы Сматаев тарих тереңіне үңіле бойлап, әр тапқанын қайта-қайта тексеріп, жүрек қаны, жан жылуы сүзгісінен өткізген. Ата-тарихтың ақтарылмай, сарғайған беттеріндегі қазақтың аңыз-ертегісі, ән мен күйі, ерлігі мен еркіндігі “Елім-айдың” екі кітабына арқау боп тартылып, оқиға боп өрілген. Осы романның және ең бір ұтымды тұсы, қастерлі қадірі - ақындық

көркем тілі. Софы өзі суреттеп отырған зар заман, қилы кезеңнің көне тіл үлгілерін, шешендік дәстүрін барынша сақтаған. Сондықтан да табиғи да бояулы, шұрайлы тіл "Елім-ай" дилогиясының құнын құнарландыра түсіп, оқырмандары іздеп жүріп оқитын халықтық кітапқа айналдырғанын ерекше атау парыз.

Зерделі талант, білімді қаламгер өз елінің өткеніне де үңіледі, бүгінін де жаңғыртады. Ой-өріс кеңдігі, аңғарымпаздық халқын жырлаудан жалықпайтын қуатты қаламға қыруар көмбелер көзін ашып, қай тақырыпқа бармасын Софының ел деп соққан жүрегіне өзінің идеялық қазығын қашан да дөп басып таныта -білген. Ілгерілеу кезеңі, тоқырау дәуірі дегендерге қарамастан ең алдымен ол өзі өмір сүріп, суреттеп отырған уақыттың сұрыпталған көрінісін бүкпелеп, бақай есепке құрмай, қаз-қалпы күйінде жеткізе берген. "Мәңгілік бастауы" романы - сондай шығарма.

Негізгі кейіпкерлері - Сембай мен Сәрсен. Бірі - өркендеген бай совхоздың атақ-даңққа бөленген адуын басшысы да, екіншісі - тұралап қалған шаруашылыққа өзі сұранып келген жаңа директор. Сембай - несібе теріп жүрген ортасының белбаласы. Әкімшілдік-әміршілдік жүйенің өз бойына өлшеп, шамасына шақтап өмір сахнасына шығарған сарбаздарының бірі. Өзі басқарып отырған "Алға" совхозының абыройын одан әрі асыру үшін бәріне де - көрсеткіш атаулыны өсіріп жазу мен пара беріп, жең ұшынан жалғасуға да, өтірік айтып, көпшік қойып жағынуға да, керек десеңіз, қылмысқа баруға да дайын. Өйткені оған ең қажеттісі - МАҚСАТЫНА жету. Яғни көзге түсу, орден тағу, атақ алу. "Бәрін билейтін МАҚСАТ. Ғұмырлық мақсат! - дейді Сембай. - Ендеше бұралаң соқпақ, сүреңсіз сүрлеу шалыс бастырса да, мұнартқан Мақсат тауына шым-шымдап өрлете берсе... арыңа түсер салмақтың салдауыры түбінде бір үзілері хақ. Одан әрі сен өзіңше, ар өзінше". Сөйткен Сембай қарауындағы шаруашылықта кішігірім жұмақ орнатқандай болғанымен, өзге жерді ырыс-аумағымен тозақ оты жалмап жатсын, қыңқ демейді.

Ал Сәрсеннің байланар қазығы - адалдық, тазалық

қана. Бірақ жоғарыдан берілген жоспардың қайткен күнде де орындалуын қалтқысыз қадағалаған аудан, облыс басшылары адалдыққа пысқырмайды, әділдікті ескермейді.

Сматаев сексенінші жылдар басында осы шығармасымен ауыл шаруашылығында орын алған олқылықтарды жоюдың әр түрлі жолдарын іздестіріп, бір кісідей-ақ батыл дабыл қаққан екен.

Жетпісінші жылдары жазған “Бұлақ” романы әке мен бала қатынасын, ауыл мен қала байланысын, кешегі мен бүгінгі мұрат-мүдделер сабақтастығын, сөз бен іс сәйкестігін, бәлки сәйкессіздігін, адалдық пен арамдықтың бітпес мәңгі шайқасын көрсетуге арналған.

Өткен өмірін көз алдынан шұбалтқан, тіршілігінен есеп бере бастаған науқас әке (Маратбек) тағдыры біраз сырдың түйінін тарқатқан. Адам ғұмырының жылуы тапшы, шуағы шамалы сызды, қызымыр шағы - кәрілік қысы құрығына іліккен қария күнәсі мен сауабын көңіл таразысына тастап жіберіп, қос табақтың қай жағы басым тартар екен деп қылпылдай бағып жатыр. Жүріп өткен жолына, басып өткен ізіне, артында қалдырған белгісіне, тындырған ісіне, ізгілікмейіріміне көңілі толмас азаматтың адалдық, әділдік деп ышқына соғатын жүрегін Сматаев әр шығармасында анық көрсетуге күш салатыны ақиқат болса, дәл осы “Бұлақ” романында Маратбек арқылы соның шынайы бір суреттері барынша нақты дәлелденген.

Маратбек - отызыншы жылдардың жалындаған жас жігер комсомолы, қырқыншы жылдарда жарғақ құлағы жастыққа тимеген майдангер. Елуінші жылдары ыңыранған ауыр составты сыңар локомотивпен тасымалдаудың ұйтқысы болған отарба машинисі, алпысыншы жылдар соңына қарай жұмысынан шеттетілген зейнеткер шал, жетпісінші жылдарда сырқат мендетіп, ошағының басында ұмыт қалған қарабайыр дімкәс пенде. Бірақ өз пікірінде, өз түйсігінде әйтеуір ұлан-ғайыр елінің бір азаматы, ұлдарының әкесі, немерелерінің атасы, қара шаңырақ иесі. Сондықтан да ол кірпігі біржола айқасқанша арамдықпен арпалысып, ізгілік деп күресіп өтуге тиіс.

Кешегі аталар мұрағаты, әкелер рухы, ғасырлардан аман-есен жеткен бабалар дәстүрі солай қалыптастырған.

Баласы Сайлаубек - алпысыншы, жетпісінші жылдар түлегі. Хрущевтік жылымықтың сәл де болса жылуын сезінген. Москвада оқыған. Әлемдік мәдениеттен хабардар жас қаламгер. Оған халқының өткені де қымбат, бүгіні де қадірлі, ертеңі бәрінен де ыстық. Ұлтының ұмытыла бастаған тілі, өше бастаған сенімі қынжылтады оны, Қаламгер осы Сайлаубегі арқылы тоқырау жылдарындағы бойкүйездікке, нигилизмге, тұрпайылыққа, жасандылыққа қарсы батыл қалам тербеген, Сайлаубек нысанасы - меніңше, Мәскеудегі "Жас тұлпар" ұйымын құрушылардың бірі - автор нысанасы: жалғандықпен, көзбояушышықпен, жымысқылықпен айқасы.

Кітаптың "Бұлақ" деп аталуында да үлкен гәп бар. Беташарындағы бағыттаушы эпиграфқа бір сәт назар салуға болар еді:

Бұлақ. Шөлге сіңіп,
Құрдымға құймасам екен.
Көлге құйсам да,
Тұзын жимасам екен.
Мен. Әумин!

Бұлақ - автордың емексітуінше, туған халқы, қазағы. Тілейтіні - соның тазалығы, кәусарлығы, мөлдірлігі. Сол халық құмға сіңіп, құрып кетпесе екен, тұзды, сорлы көлге құйған кәусар бұлақтай болып, кеңестік ортақ мәдениет, ортақ тіл табам деп жүріп, өзіндік ұлттық нәрден, өзіндік ерекшілік, дербестіктен айрылып қалмаса екен деп оқырманына дүбірлі ой салады. Тынымсыз толғануға шақырады.

Кітап 1975-76 жылдары мүсінделген. Сонау тоталитарлық жүйенің аса құдіреттенген кезінде мұндай ашық пікір, мұндай өткір ой, мұндай жан ұшырған ұлтжанды тілек қағаз бетінде жазылмақ түгіл, ауызша да айтылуға тиіс емес-тін. Сол тиіс еместіге қарсы бой көтеріп, Софы қаламгерлік батылдыққа тайсалмай барған. Содан да болар, дәл осы роман баспадан жарық

көргеннен кейін қандықол Ермактың қазақ даласын, Сібір өңірін жаулау кезіндегі жыртқыштық саясатына арналған беттері пышаққа ілініп, “туралып” кеткен еді. Авторын жоғарғы жақтағылар біраз сүйрелеген еді...

Софы Сматайдың (маған құлаққа таныс Сматаев дегені құдіреттілеу естіледі) прозасына қазақ жұртшылығы атынан әділ баға берілер, ауқымды ризашылық айтылар уақыт баяғыда-ақ жеткен-ді. Сексен екінші жылы ұлы Ғабең, Ғабит Мүсіреповтың “Қазақ прозасының кейінгі көшін Софы бастайды” - деген пайымдауына кезінде Республика қаламгер қауымы қызғаныш білдірсек те, бүгін сол Ғабең тұжырымының ақиқатына бас изеудің қажеттігін уақыттың өзі дәлелдеді де ғой...

Софының драматургиясына оралсақ, онда тағы бір мақала жазу керек болар еді. Оннан астам пъеса жазып, солары түгелге дерлік республика театрлары сахнасында табыспен өтіп жатқанына аса танымал драматургтың төсіне тағылған Халықаралық “Алаш” сыйлығының бірінші нөмірлі белгісі куә десек те жетіп жатыр.

Жігіт сегіз қырлы, бір сырлы болатынын Софы өзінің алғыр ақындығымен тағы да дәлелдеп келеді. Шығармашылық жолын өлең жазумен бастаған қаламгер бүгін еліміздің маңдайалды прозашысы, жоталы драматургы ғана емес, белгілі ақыны да. Софының соңғы жылдарда жазған туындыларының ішінен мен өлеңмен жазылған “Жарылғап батыр” романын ерекше атап өтпекпін. Бұл шығармасында ол Тұманбайдың сөзімен айтсақ: “ақындық шеберліктің шырқау биігіне еркін көтерілген ерке ақын”. Алпысқа алқынбай емін-еркін келген Софының шығармаларындағы қилы-қилы хикаялар желісі, романдарындағы танымы мол, күрделі өмір түйіндері мен қат-қабат зерделі ойлары, драматургиясындағы шым-шытырық адам тағдырлары, поэзиясындағы көңіліңе бір жылылық ұялатар сыршылдық сезімі оқырманын баурап алары сөзсіз. Ақиқатты үнемі аялап жүретін Софы қазір де өзінің сара жолында, қаламгерлік бабында. Халқының құрметіне мол

бөленген, сол разы қазағының шын мәніндегі халық жазушысына айналған оның уағыздайтыны тазалық, әділдік. Бездірері - жалғандық, мейірімсіздік һәм арамдық. Қаламгердің өз өмірінің де, шығармашылығының да мәңгілік өнегесі - шынайылық, адамгершілік һәм имандылық.

Өзің еліңмен, елің өзіңмен осы рухани тұтастығын одан әрі жымдастыра берсін, Азамат замандасым!

Зейнолла СЕРІККӘЛИЕВ
2001 жыл

ПОВЕСТЕР

ҚЫЗЫЛ ДӘПТЕР

Менің бұл ауруханаға түскеніме біраз болды. Көптен тымауратып жүр едім, енді міне палатада жатырмын.

Бөлмеде екеуміз. Көршім - жап-жас өрімдей жігіт. Сұлу өңді, биязы жас жігіт. Бір ерекшелігі - үндемейді. Бар ермегі - жастығының астында жататын қызыл тысты дәптер. Ұйықтап оянысымен қолына ұстап, ұзақ қарап жатады. Қанша суыртпақтап әңгімеге тартсам да, келте-келте жауап қайырып, діңкемді құртады.

Қызыл дәптерге көп үңіледі. Әр бетін ұзақ оқиды, үнсіз сырласады. Мен де қызыл дәптерге сұқтана қарауды шығардым. Бас жағымдағы кітапты ала салып, кез келген жерін ашып жіберіп қадалғаныммен, көзім кітаптан гөрі көршімді бірде күлдіріп, бірде мұңайтып, біресе жас балаша мәз қылып жатқан қызыл дәптерге жиі түседі.

Бір күні түскі тынығу сағатында көршімнен қызыл дәптердің құпиясын айтып беруін өтіндім. Шыдамастай халге жеткенімді сезген ол кеудесін көтеріп отырып, әңгімесін бастай жөнелді.

* * *

- Тым әріге көсіліп кетсем, уақытыңды алармын. Әйтсе де, өткен күндердің кейбір сәттері қара аспанды тіліп түскен найзағайдай кеудеңнің бір қалтарысынан жарқ етіп, елес беретіні рас. Кейде ол өшпес таңбасымен мұңайтып жетсе, бірде күлімдетіп келіп табысады. Ғашықтардың ән-жырына, зар-мұңына сол сәттердің өн-бойы толы десем артық болмас.

Онжылдықты ауылда бітіріп, әрі қарай оқуға қаражатым болмағандықтан жұмыс қарастырдым. Әлде

жанашырымның жоқтығын ескерді ме, немесе ол кездерде ауылдық жерде мұғалімнің жетіспеушілігі себеп болды ма, әйтеуір, қалалық оқу бөлімі инспекторының оң қабағына ілініп, бастауыш мектептің білдей бір мұғалімі болып шыға келдім.

Оқу жылының басталуына да аз қалған. Мектеп директорының тапсыруымен күнде ертемен келіп, парталарды сырлап жүрдім. Қаншама сақтандым десем де, бояуы құрғырдың жұқпайтын жері болсайшы, тізесі шығып қалталанып қалған шалбардағы жолақ-жолақ іздері де бірталай. Дәтке қуат санайтыным - мұғалім екендігім. Жаздың жаймашуақ соңғы күндері еркін балауса өмірімнің өрісін тарылтып келеді. Алғашқы қоңырау үнімен есейгендігімнің тұңғыш қақпасын ашуға асыққандай.

Сырланбаған партаға аз-кем дем алуға отырғаным да сол еді, есікті сықыр еткізіп ашып, класқа талдырмаш қыз кірді. Басында қамыс қалпақ - сомбреро, қолында үлкен қара чемодан. Қыздың тұла бойына асығыс көз жүгіртіп өтіп, қайтадан жүзіне қарадым. Жарқ етіп бұлттан шыққан күнмен шағылысқандай көзім тайқып кетті. Қас қағымдай сәтте абыржуымнан арылып және қадалдым. Аққұба, қара көз, кең мандай, ұзын кірпік, жұқа қызыл ерін, түп-түзу қыр мұрын - бәр-бәрін шолып өттім. Құдірет тұтып іштей құмарта табынып, таба алмай жүрген періштем ғайыптан оралып күлімсіреп тұр. Жо-жоқ күлімсіреп қана емес-ау, сәл-сәл жымиып қалып ғажайып бір қуанышпен, шаттыққа бөлер жанның мейірлі ықыласын ашқан. Бұрын-соңды танылмаған жұмсақ рахат назымен жеткен перизаттай тал бойындағы жылылығымен тәтті сезімге бастар нәзік тұлғаға қарай бердім. Сұқтанудан гөрі сүйінуім, сүйсінуім басым еді. Сұлулыққа құштар сезімнің талпынысы болар сол халім, әйтеуір, көзімді айырмағаным есімде...

Қиялға жетер жүйрік бар ма? Туғалы көрмеген, білмеген адамыңның ашық реңінен көңіліңе күй ырғағындай ма, ән әлдиіндей ме бір таныс әуен төгілсе, жадырап кетер жаныңа одан артық ғанибет болар ма! “Кімсің сен? - деймін іштей ғана. - Сыртқы бейнең осынша көркем неткен аяулы ең!”. Қыз үндемейді.

Менде де тіл жоқ. Әдемі ажардың бар бояуын, әр сызығын, қимыл-қозғалысын үнсіз бағып қалғанмын. Белгісіз құштарлықпен осы шақ мәңгі тұрып қалса, бір сәт үзілмесе деп тілегендеймін.

Сол ыңғайымды сезді ме, қыз қымсынғандай боп тұрып, амандасты. Бет ұшындағы қызылы сол сәт арай таңның алауындай сезілді.

Амандығына жауап қайырдым ба, қайырмадым ба, білмеймін, әйтеуір, қанша ұмсынсам да орнымнан тұра алмадым. Шегеленіп қалғандай бағжия берген едім.

Бейтаныс қыз чемоданын жерге қойып терезеге бұрылып кетті. Топ-толық балтырлары жеңіл аттап, жұмсақ басады. Қыз іле кері бұрылды. Жымиған жүзінде күлкі ойнады.

- Кешіріңіз, таныспаппыз ғой...

Сасып қалдым. Атып тұрып, бояу жұққан қолымды өңіріме үйкелеп-үйкелеп жіберіп, жақындап бардым.

- Иә, таныспадық.

- Уақа емес. Мархабамын мен.

- Қайыржан, - дедім сүйіктей саусақтарын қысып тұрып.

Сол екі арада ауладан директор көрініп, Мархаба шығып кетті. Шыға бере қызғылт тартқан реңін бұра маған қарап және жымиды. Бөлмеден әлгі бой-жеткеннің мөлдір нәзік үнін табардай сілейіп тұрып қалдым.

* * *

Ертеңінде мектепке кешігіңкіреп келдім. Таяна бергенімде іштен әдемі нәзік ән естілді. Алғаш елең етіп тұрып қалсам да, іле бір дауыс “Бар, көр. Ән салып жатқан Мархаба!” дегендей асықтыра түсті.

Тыста қыбырлаған жан жоқ. Ән әлі қалықтап тұр. Дегбірім қашып сабырымнан айрылғандаймын. Денемді белгісіз діріл баурап алып, ынтықтырып әкетті. Бұл не? Өзім де білмеймін. Адасқан жолаушының қалың тұман арасынан бір үміт сәулесін көргеніндей ұмтылам ба. Жоқ, әлде қалтыратқан меңзең ауыр хал үстінде, өң мен түстей сандырақ арасында

ес кіргендей бір сәтте қимасына қол созған ауру-даймын ба? Сағымға батқан тірліктің меңіреуінен елес берген періште үніне талпынған, өшуге айналған өмір сүлдерімін бе? Білмеймін. Бар еркімді алған сұлу ән шарықтап кеткен. Бұрын естіген әуендерімнен мүлде бөлек, мүлде басқа тебіренуімен тіл қатқандай. Аспанға қараймын. Августың сарғыш күмбезі биіктеп кетіпті. Сол көк заңғардан еңсесін көтерген тірлік, тіршілік бейнесіндей дархандық кеңдік пен биіктік көрем.

Әншінің үнінде ғажап құдірет бар. Қоңырлата нақыштап көтергенде көз алдыма ғажайып сурет және келеді. Сонау бір тәй-тәй басқан күндерімдегі көз айналасына ұсақ әжімі жиналып, еміреніп ұмтылатын анам да дәл қазір осы үнмен, осы әнмен еркелетіп шақырғандай. Алғаш тақым қысып, тізгін ұстаған күні қара тайдан домалап түскенімде, "құлынымдап!" жүгірген әке елжіреуін тағы да естігендеймін. Толқып көтерілген осынау саз ынтыққан жанын зарыға күткен жүрек дірілімен, соның жалын лебімен шығардай. Шыны мен сыры бүкпесіз ашылып, қалтқысыз айтылып қалар жанның мінәжат дұғасы, көңіл айна-сындай болған әуенге кеудемнің үнсіз тілімен күй қосқандай мен тұрмын. Тілеулес боп еріп, іштей қостай беріп едім, ән тоқтады.

Жайлап басып ішке ендім. Тап-тар дәліздің орта тұсындағы өзім парталарын сырлап жүрген кластың есігі жартылай ашық қапты. Соған жете бергенімде, тағы бір ән басталды.

Бұл әннің ырғағы да, сөзі де мүлде басқаша естілді. Жаңағы өлең дайындығы сияқты екен. Өзгеше сәнді үннің ажары айқындала ашылды. Сылдырап аққан мың бұлақ еркелеп үн қоса ма-ау, сыңғырлап күлген мың қоңырау күмбірлеп тілдесе ме-ау, жарқ етіп аспанға атылған құмарлық назы сыңғырлай үздігіп қоя берді. Әлде бір мұңымен ширыққан уәжін жеткізген жүрек лүпілі белгісіз жырақтан ашылған үміт қақпа-сының сыңғырындай бойды ұйытар тәтті тілек сәлемін жолдап жатыр.

Есікке жақындай түстім. Төмен қараған күйі парта сырлап тұрған Мархаба бар дүниені түгел ұмытып, әнге берілген. Оңашалықтан туар әлде бір рахат сәттің

әлдилеуімен бұрын-соңцы мен естімеген әсем сәнді ырғақ тауыпты. Сол ырғағымен құлпырған бойжеткен сонау түпсіз тұңғиық көктің заңғарына қиял көзімен қадалып, жан дүниесінің сыртқа тепкен жалынымен ажарлана балқып барады. Махаббат дейтін құдіретке табынған жүрегі сұр далаға өз көкірегінің жылуын, өз жанарының қуаныш отын төгеді. Күйрек кеуденің өксік-өкінішімен жалынып-жалбарынған мұңлығы емес, жер-әлемді дүр сілкіндіріп оятып алып, шадыман ғұмырдың базарын ашқан жаршысы тәрізді.

Әлгіндегі бір тарының қауызына сиғандай ғана қоңыртөбел әлем жайылып, кеңіп сала бергені ғой. Оның да әнмен алыстап, әнмен аспандайтыны бар екен-ау. Қыбырсыз тұрып қаппын. Қатты шығар деміммен-ақ осы керемет шақ өшіп кетердей қорқам. Әншінің ерекше нұрланған ақшыл жүзіне ұрлана қарап тұрғанымда, ән шарықтап барып үзілді. Үн-түнсіз бұрылып шығып кеттім. Құлағымнан тәтті саздың жаңғырығы кетер емес.

* * *

Мархаба екеуміз парталарды дұрыстап, реттеп қойып жүрміз. Үнсізбіз. Қымсыну ма, қысылу ма, әйтеуір, тіл байлардай бір жасқаншақтық еркімізді тусап алған. Партаның екі шетінен қолдасып көтергенде ғана демдеріміз шарпысып, араласып кетеді. Әзірше осының өзін дәтке қуат көретін сияқтымыз. “Ғашықтық тілі - тілсіз тіл” дегендей сол болмашы жақындықтың өзі алыстағы болашақ татулықтың беташар белгісіндей көрінеді маған.

Бірде Мархаба сүрініп кетіп оқыс еңкейіп қалғанда, бетіне бетім тиіп кетті. Ып-ыстық екен. Сасып қалдым. Мархаба кенет сыңғырлап күліп ала жөнелді. Мен де күліп жатырмын.

- Осы мектепке әрең келіп ем, Қайыржан...
- Мен, әйтеуір, жұмыс табылған соң...

Тағы да үндеспей қалдық. Бірақ енді арамыздағы бір бөгет алынғандай, екеуміз де еркінбіз. Көзі жайнап күлімдеген қыздың жүзіне жиі-жиі қарап қоям.

Дұрыстап қойып жүргенім парта емес, тап бір бар дүниені астан-кестен қопарып, асты-үстіне шығарып реттеп жүрген алыптай сезінем өзімді. Қасындағы құрбыңның қас-қабағынан мейірім төккен жылылықты көрудің өзі де рахат болады екен. “Оның да көңіл-күйі тап менікіндей шалқып-тулап тұр ма екен?” деймін іштей.

Қойшы, сонымен мектеп менің сағына жетер ыстық мекеніме айналды.

Көп жүрексіндірген оқу жылы да басталды.

Күндер зымырап өтіп жатты. Көп-көп елендетіп, қуантып жеткен тамаша күндер еді-ау! Көз алдымда кей-кейде жеткізер-жеткізбес болып үміт көлеңкесі бұлаңдайды. Ондайда көңілім өз-өзінен лепіріп асып-төгілердей шалқып кетеді де, артынша-ақ әлденеден үріккендей және тыншиды. Ұстатары да, жасқантары да жоқ аңыртқан далбаса халде әрі-сәрі күй кешемін.

Осы халіме сырттай қызыққанымммен, іштей жүрексінемін. Кейде бойымдағы барымды шәкірттеріме үйрете алармын ба деп күмәнданып, ұзақ түнді ұйқысыз ұзаттым да. Ондайда ой да құбыжық. Қайдағы жоқ күдіктерді жетектеп келіп, солардың жекпе-жегіне салып, қансорпамды шығаратыны бар. “Таң атпаса екен, осы түн осы шырмауымен айықпай тұра берсе екен” - дейтін бұлдыр тілекпен тальш ұйықтап кеткен күндері мектепке дәл сабақ басталар шақта жеткен кездерім де болды. Соңдай күндердің бірінде кірер ауызда қарсы жолыққан директор ағай мені тоқтатты да:

- Қайыржан, бүгін сенің сабағыңа Мархаба кірем дейді, қарсы емессің бе? - дегені.

- Иә, кірсін, - деп директордың көзінше сасқанымды білдірместен батыл сөйлесем де, жүрегім алыса тулап, тұла бойым өртенгендей дуылдап қоя берді. Бүкіл денемді дірілдете баурап алған жүрексіну Мархаба сабағыма кіргенде басьшудың орнына, ұлғая тускен еді. Парталардың екі жағына тізіле түрегеліп тұрған оқушыларымды отырар-отырғызбастан:

- Үйге жаттап келуге өлең беріліпті. Айтамын деушілерің қол көтеріңдер, - дегенім ғана есімде.

Дауысым да бір түрлі қарлығып шықты. Көзге көрінбес әлдебір ауыр салмақ екі иығымнан езе басып барады. Неге екенін білмеймін, терлей бастадым. Жайшылықтағы “мен айтам, мен айтам” - дейтін дауыстар естілер емес.

- Айдаболов, тақтаға шық. Жаттап келдің бе?
- Иә.
- Жаттап келсең айта ғой.

“Итім менің саққұлақ
Келеді әне шапқылап...”

“Енді кімнен сұрасам екен. Нұрмағанбетованы шақырсам, білмей жүрсе ше. Жоқ, оны шақырмайын. Жолдасова тиянақты сияқты еді ғой, сол біліп қалар”, - деп отырғанымда ойымды Айдаболов бөліп жіберді.

- Ағай.
- А-ы-а. Бірдеме дедің бе?
- Ағай, айтып болдым.
- Отыра ғой, бес.

Ұрлана сағатыма көз жүгірттім. Жеті-ақ минут өтіпті. “Уақыттың осындайда жылжымай қалатынын-ай!”

- Жолдасова, көне, сен шыға ғой енді. Не? Оқымай келдің бе?! Неге оқымадың?
- Қолым тимеді, ағай. Бір-ақ ауызын жаттадым.
- Сол жаттап келген бір ауызынды орныңда тұрып айта ғой.

Енді тіпті састым. Әсіресе, мына Мархабаның алдында бар беделімнен жұрдай болып, сымпиып шыға келгендей жерге кіріп барамын. Тәжірибесіздігімнен де болар. Бұрын бірер тақпақты жаттап келуге беріп, келесі күндері құнттап сұрамағандықган оқушыларым бұл жолы дадайындықсыз келсе керек. “Ағай-ау, сізге не болған?!” - дегендей өзіме тесірейе қарап, үнсіз бағжияды.

Мен балаларға жалтақ-жалтақ қарай берем.

- Сөйтіп, жаттамай келіпсіңдер ғой, жа-ақ-сы, - дедім бір кезде. Ненің “жақсы” екенін өзім де, оқушыларым да, тіпті Мархаба да білген жоқ. Басымда

сан ойлар қабаттаса жарысып, сан пікір тоқайласып өтті. “Өткен сабақты пысықтамай, алға аттама, Оқушыларың аяншақ болып кетеді” - деген бір мұғалімнің ақылы есіме сап ете түсті.

- Көне, кітаптарыңды ашыңдар. Бәріміз бірігіп жаттаймыз. Ермек, сен неге кітабыңды ашпайсың. Нышанов, саған айтамын.

- Үйге тастап кетіппін.

Мә, менің кітабымды ал. Бәрің де аштыңдар ма? Ал бастадық.

“Итім менің саққұлақ...”

Үздік-создық шыққан отыз дауыс класты басына қетеріп әетті. Ғажайып күшпен бастары қосылған хорға ежелей оқыған еріншек дауыс ере алмай қалса, судырата жөнелген кей дауыс бәйге атындай ойнақтай атқып, оза шығады. Қысылған халімнің түзелмес түріне көзім жеткендей “шешінген судан тайынбас”, болары болды деушілікпен өлеңнің бірінші ауызын он минуттай шуылдата қайталатып өткіздім.

- Кітаптарыңды жабыңдар, енді жатқа айтамыз. Нышанов, қипақтамай дұрыс отыр. Бастадық.

"Итім менің саққұлақ..."

Манағы манағы ма, класс күңіреніп кетті. Білетіндері сақылдата жөнелсе, жайбасар жаяулары өлеңнің желісіне ыңылдай қосылып, бастарын құр шұлғи берген еді. Көзім бір сөт Мархабаға түсіп кетіп еді. Төмен қарап қойын дөптеріне бірдеме жазып отыр екен. Айналасында болып жатқан “ұлы базарға” көңіл аудармайтын сияқты.

Өлеңнің үшінші шумағын қайталай бергенімізде ызыңдаған у-шуды бөліп қоңыраудың соғылып қоя бергені. “Уһ!” деп ауыр күрсініп, маңдайымдағы терді бір сүртіп, қолымдағы “Ана тілі” кітабын жаба салдым. Жаңа сабақ басталмай қалды.

- Сабақ бітті, тұрыңдар.

Мархаба балалардың арасымен есікке қарай беттегенде, сылқ етіп орындыққа отыра кеттім.

Бірде уақытым бітсе де, үйге қайтпай, мұғалімдер бөлмесінде ертеңгі сабақтардың жоспарын жазып отырғам, үстіме Мархаба кірді. Ақ көйлектен қылдай белі үзілердей сұлуланып көрінді. Сұңғақ бойына қос өрім боп сұлаған қап-қара бұрымы жарасып-ақ тұр. Күлімдеп қараған қызға қадалып қалыппын. Мархаба сол қарасымнан қымсынғандай төрге өте берді де, дәл тұсыма жетіп қалт тоқтады.

- Неге тоқтадың, Мархаба?
- Өзіңе дұрыстап бір қарап алайын.
- Менің немді қарайсың?
- “Жігітті жұрт мақтаған қыз жақтаған” - демей ме.
- Рас шығар. Бірақ...
- Әлде қызғанар біреуің бар ма. Қорықпа, сыр ашпаймын, - деп Мархаба құлана жымиды.
- Қызғанарым жоқ, қызығарым бар, Мархаба.
- Оның кім?
- Сыр сандықтың ашылуы қиын ғой.
- Кілті табылса ше?
- Оңайда ма екен ол.
- Қиынға қыранша қанат қақсам ше?
- Онда өзің біл, - деп босаңси қалғаным. Қыздың сол жанасуын жақсы ырымға жорыдым ба, әлде “Икемге көнер сәті жақындап келе ме?” деп көңілі құрғыр тыпырши ма, оңашалықтан туар жасқаншақтықтың ұйығына батып барам. Бойжеткеннің мұрын жара жетіп тұрған әйелге тән өткір иісі бір жағымнан берекемді қашыра бастады. Осынау қас қағым шақта бар сағынышымен түйдек оралған төтті күйдің тоғыз пернесі түгел басылып, сыңғырлап қоя бергені. “Кідірсең - кешіктің. Қорғаншақтасаң - құр қалғаның - қысылма, қымтырылма, мығым бол, Қайыржан”-деймін өзіме-өзім іштей. Мархабаның да бар еркін ойнақы қылық билеген тәрізді. Кенет ол бұйра шашымды сүйріктей саусақтарымен салалап тарай бастағаны. Басымды кеудесіне тірей беріп едім, мандайым тып-тығыз құс төске оқыс тиіп кетті. Сол сәт екеуміз де ток жүргендей тез тартынып, босай беріп едік, Мархаба жайдарылана өзгеріп, қаламымды ала қашты.

- Бермеймін, Қайыржан!
- Неге?
- Ұстасаң, ала-ақ қой. - Көзінде от тұтанды.

Қуып кеп бердім. Бөлменің шаңын аспанға көтеріп, жүгіріп жүрміз. Дүниенің мен үшін бәрі ұмыт. Жоннан қашқан түлкідей ақ балтыры жалтырап алдымда алгүл жанған қыз ғана бар. Есімді алған сол шіркін ұстатар емес. Айла жасай қойдым. Кілт айналып, қарсы ұмтылдым. Мұндай қулықты күтпеген Мархаба жүгірген екпінімен айқара ашылған құшағыма сүңгіп-ақ кетті. Жабыса қалдық. Ентіге алған қыздың демі ып-ыстық тиіп, бетімді оттай шарпып өтті. Кенет кеудемде мыңдаған толқынымен жал көтеріп әлдебір сезім тулап ала жөнелді. Сәл кідірсем, аз-кем бой тежесем, өзімді де бір соғып тұңғиығына батыратындай тым асау. Мархаба тырп етер емес, тек тұла бойына тұтас тараған дірілімен әнтек шалқайған күйі аппақ жүзіне қан жүгіріп, құлпырып алыпты. Сол реңге көзім түсуі-ақ мұң екен жүрегімді елжіреткен бір ыстық толқын бар денеме лепіре жүгірді. Мөлт етіп жасы ытқыды ма, көз алдым бұлдырап сала берді. Маң-дайымнан сүп-суық тер бұрқ ете қалып, бір сәт босаңсып кеткенімді де сезем. Ойпыр-ай, бұндай да керемет болады екен! Қалшылдаймын ба, дірілдеймін бе, тоңазимын ба, күйіп-жанып барамын ба, әйтеуір, бір жұмбақ күйге душар болдым. Жүрек шіркінде тыным болсайшы. Тар кеудемді сарт-сұрт ұрып аласұрады. Дүрсілі мұндай қатты болар ма. Енді аялдасақ, екеуміз де құлап түсетіндей сияқтымыз. Сол сәт дүрбелең сезімді жеңе алмаған бойда албырағанерінге ерінмен жабыса кеттім.

Осы шақтың қаншаға созылғанын білмеймін. Қас қағым ба, әлде мәңгілік пе, құшақтарымыз ажырағанда Мархаба үндеместен бұрылып кетті. Құптады ма, даттады ма, оны аңғарар ол кезде менде дәрмен де жоқ еді. Түсініксіз сезімнен арылмаған күйі состиып тұрып қала беріппін.

Үстімізге директор кірді. Екеумізге кезек-кезек қадалып тұрып өз орнына өтті. Тіл қатқан жоқ. Тек отыра беріп әлсіз ғана күрсінгендей болды. Қайтып бз жаққа көз салмады. Дәптерлерімді жинап алып,

шығып жүре бердім. Күздің ең бір ашық күні еді. Қайта айналып түскен жаздың мейірлі кезеңіндей. Сол сәттегі өз көңіл күйімнің де әсері шығар, айналам сұлу көріністің кермесін жайып салғандай больш еді.

“Мархаба! - деп күбірлей берем. - Түсін мені. Жүрек сырын бұған дейін ешкімге жайып көрген емес едім. Оқыста туған әлгі күйімді де түсініп болған жоқпын. Сонда мен жігіт болып сүйіктімді құшқаным ба?! Дұрыс түсін, мені, Мархаба. Сенің билей басқан аяғыңа қарап, ізіңнен арманымның жолын көргендей боламын. Айыбым ба сол? Жанымнан сыңғырлап естілер күлкіңді шалып қалсам, кеудемдегі әлдебір сағыныш лебізін тыңдағандай және елегіземін. Айыбым ба сол? Ұғасың ба мені, Мархаба? Махаббатқа аты ұқсас Мархаба”.

Сол күннен бастап мүлде өзгерген едім. Тіпті өзімді өзім танымастай өзгеріп едім. Айналамды қоршаған бір ғана Мархаба. Жүрісі де, отырысы да, күлкісі де бәрі-бәрі көз алдымда. Не істесем де, қайда барсам да қасымда маған күле қарап Мархаба жүргендей сезініп, құлшына түсетінмін.

Кеудемді тамаша сезім толтырып алып, алдағы күндер арасынан таңғажайып қуанышты зарықтыра күткізіп, ынтықтырып кетіп еді. Оңтүстікке асыға ұшқан құсқа да, жапырағынан айрыла бастаған қайыңға да, тіпті Арқаның күзгі өткір желіне де “мен оны сүйдім!”-деп айқайлап айтқым келетін. Қанатын қаққан құс, сылдырап аққан бұлақ, суылдап соққан жел менімен сөйлескендей көңілді күйімді құптай жөнелетін.

Кеудемді кернеген қуаныш үйде отырғызбай, ауыл сыртына беттедім. Шашырап тараған сәулелер кешкі салқында мүлгіп қалған теректердің ұшар басына қонып алып, күздің сол бір жым-жырт кешіне ерекше сән беріп еді-ау. Аяғымды аттаған сайын батар күннің күрең қызыл шұғыласы қоюлана түсіп, бақытымның жалауындай бар әлемді орап алған-ды...

* * *

Би дегенге онша зауқым жоқ мен енді сенбі кештерін асыға күтетін болдым. Ол күні таң атар-атпастан мені әлдебір куаныш билейтін. Ерте тұрып, әлденеге асығып алып-ұшып бітетінмін. Көңіл шіркін - сыңғырап кетер күйсандықтай-ау. Бір ғана желпіп жетер әлдебір леппен күмбірлей жөнелердей елегізіп алатьшы бар-ау.

Бұрын киіміме көп көңіл бөлмеуші едім. Соңғы кезде жалғыз шалбарды жиі өтектеп, жұнттай болып, сиқиятынды шығардым. Ұстара тимеген жақтың сары үрпік түгін қыра-қыра көк тұқылданып "ересек" тартқаным да осы кез еді.

Мархаба екеуміздің мектепке бір барып, бірге қайтуымыз да көбейді. Сыртымыздан қосып қойғандар да баршылық. Іштей сол сыбысқа мәзбін де. Бірақ қызға тіс жарып, тіл қатуым шамалы. Бірақ сонда да өзімді жеті ықылым дүниені түгел билеген тәңірідей сезініп, ата қаздай мамырлай қалатынымды неге жасырайын. Әсіресе, Мархабаның сол жақ бүйіріне тақала жүріп келе жатқанымда қарсы кездескен таныстардың күйінген, я сүйінген қарастарын көргендегі мерейімнің асуын білсең. "Жараттым, ұнаттым сені, Мархаба!"- деп бір ауыз сөзді айту бір қабат терімді сыпырып алудан қиын сияқты. "Сүйдім, күйдім"- деп жататындардың оп-оңай ашылуына өз басым әлі күнге сенбеймін. Үзіліп, үздігіп жалбарыну - қасиеттей табынған осы бір нәзік сезімге қамшы соққандай көрінеді. Көзбен тілдесіп, көңілмен табысар сүйіспеншілікке не жетсін, шіркін!

Сондай бір сенбі күні, Мархаба екеуміз клубқа келдік. Клуб іші шаң-шұң. Музыкада "Лезгинка". Дөңгеленген топтың ортасында бір жігіт шиыршық атып билеп жүр. Билеп емес-ау, ұшып жүр. Шіркіннің қимылына көз ілеспейді. Құлашын жайып-жинап екіленіп алған. Өкшесін көтеріп жорғалап кеткенде, түп-түзу қос аяқтан жүгірген бір толқын бар денесін түгел селкілдетеді. Селкілдетіп алып, іле басқа шапшаң қозғалысқа ауысады. Сол сәтте кеудесі қоладан құйған мүсіндей тікірейе қимылсыз қалып, бір қолы созылып,

екіншісі бүгіліп, аяқтары қайшыланып кетеді. Жігіттің бас ұстасы да кербез. Тұлабойда қимыл-әрекетсіз қалған сол ғана. Ұшқын атқан көздің жарқылымен асқақтай түседі.

Мархаба екеуіміз топты кие-жара келіп тоқтадық. Жігітті сонда таныдым. Институтты бітіріп келіп, рудникте аға мастер болып істейтін Серік дейтін жігіт.

Мен оған қызығушы едім. Түр-тұлғасы да, киген киімі де көз тартарлық әдемі жігіттің енді өнеріне де сүйсініп тұрмын. Кірпік қақпай қадалған Мархабаға көз тастап қойып, іштей “Көрдің бе! Біздің ауылдың жігіттері қалай екен!”- деп мақтанғандай болам. Серіктің биі түрленіп, құлпырып шыққан сайын айызым қанады. Баласы бәйгеге шапса, әкесі тақымын қысқан қазақ емеспіз бе. Ауылдасымның шын тілеулесі болып алақаңнан алақан қояр емеспін. Әсіресе Мархабаның жүзінен құмарту мен қызығу нышанын анық болжап, өзім билеп жүргендей құлпырып алғам.

- Қалай екен! - дедім би біткенде.

Мархаба тіл қатпады. Ұйқыдан оянған жандай бетіме бір қарады да, жолдастарына беттеген Серікке бұрылды.

Сол екі ортада вальс басталып кетті. Екеу екеуден ортаға шығып билеушілер көбейген кезде Мархаба екеуміз тұрып қалып едік, қасымызға Серік келді. Сәл жіпсіген бетіне қан ойнап шығыпты. Аққұба жүзіне қызыл галстугі жарасып, өңін ашқан. Сұңғақ, сыпайы.

Екеуінің сөздерін есті алғам жоқпын. Серік Мархабаны қолтығынан демей сүйеп, клуб ішін жайлап алған вальс толқынына араласып, үйіріле жөнелді. Арман болған Мархабам басқа құшақт кетті. Дүниеде менің барлығымды ұмытқан. Құйқылжи төгілген музыка әуенімен ырғала тербеліп айналып жүр, айналып жүр олар. Екі көзім Мархабада.

Жіңішке белді, қаз омыраулы талдырмаш қыз айналып бері қараған сайын сүйкімдене түсті. Күлімдеген қара көз белгісіз жылылықпен жарқ ете қалып нұр шашып тұр еді.

Вальс бітті, би тоқтады. Серік Мархабаны икемдей бөліп әкетіп оңашалана берді. Қастарына жақындай алмай, сырттап, біреу ұрып-ұрып кеткендей ұнжырғам

түсіп, босадым да қалдым. Екеуінің әлденеге сыңғырлай күлгендері де мені келемеждеп жатқандай сезілді. Сол күлкісімен Мархаба алыстап бара жатқан еді. Кеш біткен соң екеуі бірге кетті.

Сол түні ұйқым келсейші. Төсегімде әрі аунақшып, бері аунақшып берекем қашқан соң, киініп далаға шықтым. Күзгі күн салқын екен. Денем тоңазытып, қалшылдата жөнелген суықты тітірентіп жеткен тірлік ызғарындай сезіндім.

- Жай тұрсың ба, Қайыржан, - деді Мархаба түн ортасы ауа оралып.

- Қыдырушылар көп қой. Солардың біреуі шығармын.

Мархаба жауап қатпай тұрып қалды. Менде де үн жоқ. Сыбырлаған жел ғана,

Кенет Мархабаның сыңғырлап күле жөнелмесі бар ма. Шошып кеттім. Жаның күйзеліп түрғанда күлкінің өзі ауыр тиеді екен.

- Түу, не деген әдемі түн, Қайыржан! Ай астында арманыңды ұстардай айқайлап жүгіріп кетер ме еді! Қарашы, көрсейші! - дейді Мархаба қызулана сөйлеп. Бірақ көретін ештеңе де жоқ еді. Аспан - әдеттегі айлы аспан да, түн - күздің суық түні ғана еді.

- Иә, әдемі-ақ... - дедім мен бір кештің арасында бүлінген қызға зығырданым қайнап тұрып. Үнімдегі зілді байқамаса керек, Мархаба мәз. Теректі құшақтап алыпты, басын шалқайтып жұлдыздарға көз ұзатып тұр.

Махаббат! Тылсымдай құдіреттісің ғой. Уысыңа түскен қыз жүрегін тұтқын ғып, көз алдымда беймаза халге салдың да қойдың. Қайтейін, махаббат, саған қарсы келер дәрмен қайда?

* * *

Мектепте істегеніме екі айдай болып қалды. Кейде ұзақ түнде ойға кетемін. Ондайда отыра қалып өзіммен өзім ақ қағазға түскен жолдар арқылы сөйлесемін.

“Мен кіммін осы? Ұстазбын ба? Сонда менің бар тірлік дүнием көздері жаудырап маған ынтыға қараған

отыз оқушы мен мына кішкене бөлмедегі жалғыз столдың үстінде тау-тау болып үйіліп жатқан дәптерлер ме?

Жақып Сандыбаевич, сіз мектеп директорысыз ғой. Түсінесіз бе мені? Сөзбен айтар пікірді көзбен неге түйрейсіз? Әлде жиырмаға да толмаған жас жігіттің ой-өрісіне жарқ етіп түскен нажағайдай жалт еткен жанармен бәрін ұғындыруға болады деп ойлаймысыз? Тұқыртып кетер суық қарастың айтары не? Ии бос жанды ширату ма, немесе толмаған көңілдің наразылығын білдіріп кеюі ме?

Сіз тәжірибелі ұстазсыз. Ал осы тәжірибеңіз педагогикалық кеңесте қабылданған жоспар бойынша қия баспай күнделікті машықты жұмысты жалғастыра беру ме? Сенім қайда? Мен анау тентек Нышановқа да сенгім келеді. Нышановтың үш күн қатарынан сабаққа келмей қалуын қаншама сөз еттіңіз. Бірақ соның себебін білгіңіз келмеді ғой. Ал менімен ол жайында сөйлеспестен оқушыны сабақтан шығарып та жібердіңіз. Мен оны соның алдында ғана тауып алып, мектепке ертіп келмеп пе едім. Оқушы алдындағы оқытушы беделін ойламағаныңыз ба?

Кешегі оқиғаны еске алыңызшы. Кеңседе екеуміз оңаша кездесіп қалғанда, мені жерден алып жерге салғаныңыз қалай?

- Қайыржан, сен кімсің? - дегенсіз, шаншыла қарағанда екі көзіңіз өңменімнен өтіп кеткен.

- Оқытушымын, - дегем мен, басқа жауап таба алмай. Сіз маған отыруға да рұқсат етпедіңіз.

Бөлме іші алакөлеңке тарта бастаған. Терезеден мұнартып көрінген көк төбеге көзіңіз жиі түскен еді. Сол сәт маған сіз дәл сол төбедей қомақтанып көрініп, сәл-сәл қимылдасам, басып қалардай сезілдіңіз. Сағымы сейілген көк төбе енжар қыбырсыздықта қарауыта мелшиіп, сіздің ұзақ үнсіз қалатын үрейлі бейнеңізге аумай ұқсап тұрған-ды.

- Оқытушы емессің сен, - дедіңіз де, маған бұрылдыңыз. Топ-толық шықшытты бейнеңізде қыбыр еткен бірде-бір діріл жоқ еді, үндей алмадым. - Оқытушы емессің, қаңбақ қуған баласың. Көшеде оқушылармен доп тебесің. - Сіз бұдан әрі қатал әкенің

қағілез баласын жазғырғанындай түйдек-түйдек сөйлей бердіңіз. Тоқтамадыңыз. Тыңдамадыңыз. Менің доп қуып, футбол ойнағаным сізді түнімен ұйықтатпапты. Дөңбекшіпсіз. Аунапсыз. Түн ортасында далаға шығыпсыз. Суық тигізіп алыпсыз. Соның бәрінде мектеп беделін, оқытушылар абыройын ойлапсыз. Жылдар бойы мысқалдап жинаған коллектив беделін мына мен доппен бірге бір теуіп, тоз-тозын шығарыппын. Ол ол ма, әсіресе, сізді қинаған менің майкешең тыраң-тыраң етіп жүгіргенім көрінеді. Апырау, киімшең ойнасам да бір сәрі екен. Оқушылардың алдында ұзын мойнымды сорайтып, арбаң-арбаң қимылдағаным ерсі болыпты-ау. Көршілеріңіз көзіңізге түртіпті.

Сіз көп сөйледіңіз. Қараңғылық қоюланып, кеңсе іші күңгірт тартты. Екеуміздің де шам жағуға мұршамыз келмеді. Оған сіз ренжімесеңіз, мен қуанған едім. Ең болмаса дауыл соққан жас теректей солбырайған бейнемді көрмедіңіз ғой.

- Сен осы Мархабаны неге көп айналсоқтап кеттің. Одан кіші екеніңді білесің бе, бала. Азғырма. Аулақ жүр. Тағы да бір пәлеге душар етерсің.

Сіздің ендігі бір қырыңыз осылай ашылып еді. Сізше ер мен әйел арасында тұрақтылық болу үшін қосағының мүшел жасы кіші болуы керек екен. Дүниеге көзін жаңа ғана тырнап ашып тұрып, етекке жармасу арамзалық, азғындық екенін білмейді екем. Соны қалай жақсы ұғындырдыңыз. Ұрған жоқсыз, ұрысқан жоқсыз. Жақып Сандыбаевич, сіз ондай ұсақ қылыққа бара алмайсыз. Ол сіздің осынау орныңыздағы лауазымыңызға лайық мінез емес. Басқаша кеттіңіз. Сіз бұлтартпас үнмен жай ғана бұйрық еттіңіз. Мектепте қалып жұмыс істегім келсе, мен Мархабадан бір көштік жер аулақ жүруім керек екен. Жақындасып кетсем, қара майдай жұғатын абыройсыздық екендігімді мен білмей келіппін. Оны да түрткілеп көрсетіп, көзімді жеткіздіңіз.

Жақып Сандыбаевич, апырай, бәрін ойлап, бәрін шешіп-пішіп отырғанда, тап баспаған бір ғана кінәратыңыз болыпты-ау. Сіз маңайына қозыкөш жердей жақындама дейтін Мархаба дәл мына

қабырғаның ар жақ тұсында жатыр ғой. Қолыңыздан келсе, екеуміздің бірімізді осы шап-шағын жұмыр жердің бір пұшпағындағы кішкене үйдің қатар бөлмелеріне тықпай, кеңістіктің екі қуысына неге жөнелтпейсіз. Әйтпесе, іргесінен әлсін-әлсін естілетін қыздың әлдебір сықырына дейін құлағымен қағып алып отырған, емшек табы ернінен кетпеген мен сияқты пенденің әртүрлі ойға кетуі мүмкін ғой.

Ақ қағазға сыр ашу оңай. Өкпенді де, назыңды да ашық айтып арылуға да болады. Өкпең де, назың да өзіңдікі. Сонымен болмысыңды да, дүние танымыңды да көрсетіп аласың. Міне, мен жалғыз отырмын. Түйдек-түйдек ой ұшқыны дәл қазір пышырап кеткен. Терезеден жымындаған көп жұлдыз ғана тірлік белгісін танытады. Бұл сәтте Мархаба да, тентек Нышанов та, сіз де, Жақып Сандыбаевич, алыстап кетіпсіздер. Менімен бірге өз өмір-түйсігім, реніш-өкінішім, қуаныш-қызығым ғана қалған. Дәл бұл сәттен мені сіз де ажырата алар ма екенсіз.

Жақып Сандыбаевич, құрметті директорым менің, сіз қуыршақ театрының ойынын көрдіңіз бе? Сондағы жіппен секіріп, жіппен қозғалатын жансыз ойын-шықтарды білетін шығарсыз. Кейде мен сізді сол қуыршақтарды ойнататын артистерге ұқсатып қаламын. Жіппен матап, жіппен қимылдатарлық мен қуыршақ емеспін ғой. Сөзіме дәлел, сіз ұйықтап жатқанда мына мен өз ойымды (сіздің еркіңізден тыс) жазып отырмын.

- Цеван-Рабдан кім? - дедіңіз сіз сонда. Дау-сыңыздан зіл естілді. Дәл сондағы қату түріңізден қылмыс істеген күнәкарға деген ызбарлы сес көріп едім.

- Он сегізінші ғасырдың бірінші ширегінде хандық құрған ойрат хонтайшысы ол, - дедім мен.

Сіз одан әрі әңгіменің байыбына бармастан төпелеп кеттіңіз. Апырай, оныңыздың да еш айыбы жоқ екен. Тағы да кінәлі мен болып шықтым. Тарих пәнінің мұғалімі сіз білмейтін жайды қайдағы бір екінші класс оқытушысы мен сияқты әлдекім жоғары класс оқушыларына бажайлап айтып тұрса, үлкен мансабы бар білдей директордың беделін түсіру болады екен.

- Сен оны қайдан білесің? Ол қандай адам? - дедіңіз. Сабаңызға түстіңіз-ау, шамасы, үніңіздегі зіл азайғандай көрініп еді.

- Жақып Сандыбаевич, кешірерсіз. Мен Цеван-Рабдан жайында бір ғылыми кітаптан оқып едім. Атақты "Цааджин бичіг" жарғысын 1640 жылы қабылдаған Батыр хонтайшының немересі. Өзі хандық құрған отыз жылдың ішінде шығысында қытай императоры Кансимен, солтүстігінде Россия империясымен, солтүстік-батысында қазақ хандары Тәуке, Әбілхайырлармен жауласып өткен екен.

- Жарайды болды, көп білгішсіне берме. Өзіңе қатысты сабағынды біл де, программадан тыс шиырды шарлама. Батпақтап қаласың, бала. Оқушының басын әрнемен бір ауыртып текке шатастырасың. Екіншіден, басқа мұғалімді бұдан былай ауыстырып, сабақ беруіңе тыйым саламын.

Түн ортасы ауып барады. Ертеңгі күннің кіргенін де сезбей қалыппын. Жазарым әлі де көп сияқты еді. Енді оқып отырсам, сыр ашам деп сізбен айтысып қалыппын. Қайтейін, өз түйсігімді жасыра алмаппын. Терезесі үңірейген мына кішкене бөлмемде өз сөзіме өзім қожамын ғой.

Жақып Сандыбаевич, Мархабадан сіз айтпасаңыз да аулақтап кеттім қазір. Қуана беріңіз, Мархаба мен Серік бұрыннан таныс екен. Екеуі институтта оқып жүрген кезден бірін-бірі білетін көрінеді.

Мен оларды өткен жолы бір көргенде-ақ бәрін түсінгем. Айсыз түн болатын. Сіз айтқандай, көп сандалып түнделетіп жүретін мен ол екеуіне ойламаған жерден кездесіп қалғам. Көздеріне түспей бұрылып кеттім. Сол түнде, сол қарасуық күзде мен олардың қуанышын сезіп ем. Алыстап бара жатқанда құлағыма күлкілері де жеткен-ді. Мархабаның нәзік күлкісі, шат күлкісі еді ол. Сол сәт көз алдыма оның езу тартқан топ-толық еріндері келе қалған-ды. Сол сәтін үзгім де, бұзғым да келмеген.

Жақып Сандыбаевич, сіз маған айтқан пікіріңізді Мархабаға да айтқан шығарсыз. Тұжырымдап отыру қаныңызға сіңген әдет қой. Бірақ тасқа соққандай өз сөзіңіздің жаңғырығы бір күні басыңызға кеп соқса,

қайтер едіңіз. Тамырынан үзілген кәрі дарақтай күрт құлауыңыз мүмкін-ау. Апырай, сол сәтке тап болармын деп өзіңізді-өзіңіз аясаңыз етті”.

* * *

Әуелеген ән, жорғалаған жыр, күмбірлеген күй құлақтарыңызға келсе, таңданбаңыздар, тақала түсіңіздер. Бүгін той - Серік пен Мархабаның үйлену тойы.

Біздің ауылдың той десе есі қалмайды. Той болады дегеннен-ақ бір-біріне қуанышты хабарды жеткізуге асығып әбігерленіп бітеді. Бүгін де елдің бәрі тойға кеткенде, бармай қалған жалғыз мен ғана едім. Кішкене бөлмеден жанымды күйзелте қинаған жарадан жасырар жер таба алмай, үй сыртындағы қайынды шоққа шығып кеттім. Алдымда жазықпен тайталаса жарысып, иірелеңдей бұралған жол қасқая қарап жатты. Мүмкін осы жол мені арманы орындалатын алыс сапарға алып кетер ме екен...

Мархабаға өкпем де жоқ сияқты. Алғаш көргеннен маған достықтан бөтен ілтифатын сезбеп те едім. Қол жетпес биіктегі айдай болып, сәулесімен ғана ойымды тартатын. Мына алыстап, көгімнен ғайып боп кетер сәтте де мен оған кінә артқамын жоқ. Барлық жайдың кінәлісіне өзім ғана себеп болдым деушілікпен жүрген далбасам бар. Әйтсе де, бұл жүрегі құрғырды қайтерсің. Қызғаныш па-ау, өксік пе-ау, түсініксіз бір сезіммен құрысып келе жатқанымда, Қанат дейтін оқушым үнсіз ғана қолыма бір хатты ұстата салды.

- Рахмет, Қанат, бара ғой.

Қағазды тез ашып жіберіп, оқи бастадым. Мархабаның жазуы. Көзіме оттай басылды.

“Қайыржан!

Сен неге көрінбейсің. Бүгін өмірімнің ең қуанышты күні ғой. Қайда жүрсің? Келсеңші, тез кел. Көңілім алаң болып отыр. Мені өз қолыңмен аттандыр. Жалғыз жақыным емес пе едің. Күтемін

Мархаба”.

Сенің тойың болып жатыр, менің тойым болар ма екен, Мархаба? Барайын, қуанышты жүзінді көріп түрып, бақыт тілейін отауыңа, өміріңе.

Бөлмеге енгенімде отырғандар шуылдай қарсы алды. Обалы не керек, мені Мархабаның төркініндей қабылдады. Бірен-саран сыбырласып қалғандар да бар. Сірә, екеумізді сырттай үйлестіріп қойғандардың "шоқ-шоқ" десіп жатқандары да шығар.

- Уа, Қайыржан, төрлет!
- Жоғары шық!
- Толтырып құйып жібер!
- Мұғалім ғой, ішпес.
- Молда да ішетін шарап емес пе, құйып жібер, - десіп жамырай сөйлескен дауыстарға бұрылмай тура жас жұбайларға беттедім. Бір-екі сөзбен құттықтап болған соң, рұқсат сұрап Мархабаның білегіне күміс білезікті кигізіп бердім. Бұл білезік - мен үшін өте қымбат зат еді. Марқұм анам өлерінде шақырып алып: "Қайрошым, арманыма жете алмадым. Әкеңді алған ауру айналып маған де жетті", - деп нұры тайған көзінің жасын бір сығып тастап еді. - Мынаны көзіндей көр, қарағым. Әкеңнің үйленген күні сыйлағаны еді. Өз қолыммен келінімнің қолына кигізем ғой деп армандаушы едім, құдай ол тілекке жеткізбеді. Қайтейін. Осы күйіңде қалмассың. Өсерсің, үйленерсің. Болашақ отауларыңның ынтымағының айғағы болсын, өз қолыңмен үйленген күні келінімнің қолына сал, ұлым. Әкең екеуміздің тәтті күндеріміздің белгісі бұл білезік",- деп ұсынған болатын. Міне сөйткен білезік басқаның жарына бұйырып тұр. Кешір, анам, бұздым шартыңды. Мүмкін сенің келінің болмас та.

Орнай қалған тыныштықты бұзбай домбыраға үнсіз қол созып, бірер шертіп қалдым. Домбыра оқыс күрсініп қалған адамдай дір ете түсті де, жаралы жүректің мұңын шығарғандай күңірене жөнелді.

"Әншінің даусы мен күйшінің саусағында ерекше бір тербелісті толқын бар. Оны елжіреген жүректің мұңды шері шығарады"- демеп пе еді бір жазушы. Домбыраны оң жамбасыма дөп келердей күйттеп алып, әлдебір тосын күйді шерте жөнелдім.

- Шырқап жібер,- деп жатыр “басы ауырмайтынның құдаймен жұмысы жоқтар”.

Оқыс күйге түскендей түзеле отырып алдым да, “Япурайды” аңырата жөнелдім. Манадан бері жобалап атып отырсам, қазір нысанаға дәл көздеп едім.

“Мен келдім жасқа толып күнім саған,
Бір ауыз айтар сөзің, япурай, бар ма маған...”

Әнді баяулата барып үзіп, домбыраны көршіме ұстата салдым. Қайтып өлең айтқым да, домбыра тартқым да келмеді. Айналамдағы у-шуға көңіл бөлмей, Мархабаға ұрлана көз тастап отырып қалдым. Солай отырып оның әр қимыл, әр сөзін жібермедім де. Тап осыдан кейін бір жолата көріспейтін адамдаймын.

* * *

Үйге кеш оралдым. Жалғыз бөлмем жабырқау тартып, қараңғылық ұйи бастаған кешті желкеме қондырып ап, көше аралап кеттім. Бір кезде салбыраған басымды жоғары көтеріп едім, Серіктің терезесінің түбінде тұр екенмін. Қалай келіп қалғанымды білмеймін. Алғаш тұра қашқым келгенімен, кенет кеудемде әлсіз үміт жылтырай жөнелді.

“Егер қазір Мархаба шыға қалса, - деп ойлаймын, - бәрін айтар едім. Алғашқы көрген күннен бастап бұзылған тыныштығымның, қазіргі қайғым мен келешек қуанышымның кінәлісі өзіңсің дер едім”.

Бір кезде терезеден қараңдаған Серіктің тұлғасы көрінді де, ербең еткен қолын жоғары көтеріп қап, шамды сөндіріп жіберді. Мархаба да, бөлме де, кеудемдегі әлсіз үнсіз үміт те қараңғы түннің құшағына сүңгіп, зым-зия жоғалып кеткен еді. Терезенің жарығында көрінген тәкаппар қолдың асыға ұмтылған жалғыз-ақ серпіні тағдыр семсеріндей жарқ ете қалып, Мархабамен байланыстырып тұрған ақырғы нәзік үмітті қиып түсті. Жүгіре жөнелдім. Қайда бара жатқанымда жұмысым жоқ. Тек қараңғы терезенің түбінен алыстай берген едім. Көз алдымнан әлгі

өзімшіл қолдың жалғыз қимылы кетпей тұрып алды да қойды. Сіркіреп жаңбыр жауа бастады, оны елер ол кезде менде хал жоқ еді. Өзегімді өртей от құйыны жүгіріп, тыным таппай келем. Жауын бірте-бірте күшейген сайын өксігім де үдей түсті.

***

Ақ мақтадай ақша қар! Тап-таза ойдың қаскөйлік шалмаған бейнесісің ғой сен. Саған қым-қиғаш түсер іздер де бұлдыр тірліктің санаға қалдырар шытырман жолындай шығар. Жаңадан жауған қалпында сенен пәк, сенен ақ бар ма екен!

Таңертең терезені ашып жіберіп танданып тұрып қалдым. Бір ғана түннің ішінде қыс түсіп үлгеріпті. Жер де аппақ, көк те аппақ - шаңқан дүние бір. Мұғалімдер бөлмесінің терезесінен сыртқа қарап тұрмын. Әне, Нышанов (менің сүйікті тентегім) қолындағы жентектеп алған қарын жіберіп қалды. Қар тиген аққұбаша қыз (ол да менің оқушым) ренжитін емес. Ақ тістерін көрсете, сақылдап күліп жатыр. Біртүрлі мәз. Сол ойындарымен жүрек толқынының алғашқы серпуін ашқандай. Байқа, Ермегім, алданып қалмайтын бақытыңды тап.

Қазір Мархаба бұрынғыдай емес. Алғашқы қарға қуанбаған да, қызықпаған да жалғыз сол. Соңғы күндері үзілісте класынан шықпай отырып алатын болып жүр. Бұрынғы түпсіз тұңғиық қара көздерін мұнар басып, жүдеп алған.

Езуінен күлкі айрылмайтын, Мархаба, сен бақытты емес пе едің. Мұңаймашы, күліп өтші. Бөлмедегі сенің мына орындығың да өзіңсіз жетімсіреп қалыпты. Ренжімеші. Сенің күміс күлкің, әңгіме әзілің жетпейді қазір.

***

- Қайыржан бүгін кешке қолың бос па?
- Иә, Мархаба.

- Онда сен бүгін Айгүлге баршы.

- Жақсы, - одан артық сөзге келген жоқпын. Мархаба үшін әлі де отқа түсуге дайынмын.

Айгүл - тоғыздар шамасындағы қыз. Екі аяғынан қозғала алмай сал ауру болып жатқанына екі жыл болған. Жалғыз ғана шешесі бар. Мархаба Айгүлдің жағдайын естіген күннен бастап өз қамқорына алған. Күнде кешке барып сөйлесіп, көңілін көтеріп, сабақ беріп қайтатын. Мархаба маған Айгүл туралы айтқанда жүзінде жас қызға деген аяныш тұрса да, жадырап қалатын. Қыздың зеректігіне қатты сүйсінетін.

Мен барғанда Айгүлдің қан жүгірген жүзі, Мархабаның келмейтін хабарын естігенде қайтадан жүдеу тартты. Сабағын ынта қоя тыңдағанымен мұңая күрсініп, “Тәтем неге келмеді?” деген сұрағы екі-үш рет қайталанып, көңілсіздік туғыза берді. Айгүлдің үнсіз тесіле қарасы “көңілді кешімді бұздың” дегендей болып тынышымды ала түсті. Өзім де қыздың қасиетті нәрсесін ұрлап алғандай сезініп, сол сезім кешіккен сайын ұлғайып, бөлмеден шыққанша асықтым.

* * *

- Қайыржан, қамығып жүрмін қазір мен. Мерейімді өсірген мектептен ажыратамын десе, қалайша қайғырмайын.

Бақытты едім ғой. Өмірдегі ең жақын, ең ыстық жанымды таппап па едім. Өмір деген қиын дүрмекке Серік екеуміз қол ұстасып араласып кетіп ек. Отауымыздың табалдырығынан қиын-қыстауда бір-бірімізге сүйеу боп қынжылмай өтерміз деп аттамап па ек, - деп күрсініп қалды.

Үндегем жоқ. Үндей алмадым мен.

- Айлығымды алған күні енеме әкеп бердім. Енем ақшаны үнсіз салмақтанғандай біраз ұстап тұрып, үстелдің үстіне қойды да күбірлей сөйлеп, шығып кетті. Суыққырап қалған тамағымды апыл-құпыл ішіп Айгүлге жөнелдім.

Сен менің Айгүлді жақсы көретінімді білесің. Аппақ жүзін мұң басқан қыздың тұла бойымды қуанышқа

бөлейтін “тәте” деген жалғыз сөзін үнемі сағынып тұрамын. Сол сөзінде алғыс та, махаббат та, үміт те бар.

Айгүл мені сарыла тосып жатыр екен. Төсегінен басын жұлып алып, екі қолын дірілдетіп соза берді. Кеудемнің ішінде жалын тұтанғандай жадырап, Айгүлдің қолын алақаныма салып, саусақтарын бір-бірлеп сүйіп шықтым.

- Тәте, сіз сұлусыз! - деді Айгүл бетіме қарап отырып.

- Сен менен де сұлусың, Айгүл.

- Аяқсыз қызға сұлулықтың қанша керегі бар, - деді ол жабырқап қалып.

- Олай деме, Айгүл. Жазыласың. Екеуміз талай жарысамыз әлі. Жарысамыз ғой, ә?

- Иә, тәте, жарысамыз,- деді ақ тістерін көрсете күліп.

- Ал енді сабақты бастайық.

Айгүлдің үйінен көңілденіп шықтым. Аспан да сол күні ашық екен. Жымыңдаған жұлдызы көз тартады. Даладан көңілденіп кіре бергенімде төргі үйден шығып жатқан енемнің сөзін естіп тұрып қалдым.

- Келінді болдың дейсің-ау, ә! Келін алған жоқпын, кесір алдым. Қартайған шағымда көрген қызығым қайсы? Арқа етім арша боп арқалап өсіргендегі жарылқағаның осы ма? Жарылқадың, ұлым. Жалғыз сенің күтімің аз еді, енді екеу болдыңдар ғой. Кәрі белімді қашанғы бүге берем...

- Не істе дейсіз маған? - деді Серік, даусында реніш бар.

- Шығар келінді жұмыстан, мені асырамай-ақ қойсын. Ұзақ күнге үй қарасын көрмей жүріп істегендегі тапқаны анау ғой, алпыс-ақ сом. Онан да үйде жүргені артық.

Шырағым, қатты ескертейін, келіннің кешкі жүрісіне тыйым сал. Әйел заты осал келеді, тайқып кетуі оңай. Ел аузына өсек бір ілінсе, абыройыңның жұрдай болғаны. Қазір сен пілдей бір бастықсың. Абыройыңды осы бастан сақта, ұлым. Өзіңе де, әйеліңе де мығым бол. Шығар мектептен, шығар!

Одан әрі ести алмадым. Көзіме жас толып далаға

атып шықтым. Қайыржан, сенен несін жасырайын, енемді жек көре бастап ем. Көзімнің жасын құрғатып, біраздан соң ештеңе білмеген адамша үйге кіргенімде енем ұршығын иіріп шұқшиып отыр екен. Серік киімшең диванда теріс қарап жатып қалыпты. Істеген тамақ жоқ, от басы қаңсып тұр. Бақытымның ордасы болған отауым сол кеште тұңғыш рет ызғарын білдіріп еді. Үнсіз шешініп төргі үйге еніп ем, манағы мен әкелген ақша итке тастаған сүйектей енемнің қойған жерінде жатыр екен. Жаныңның сезімтал болғаны қандай ауыр. Енемнің сол бір қылығы алалағандай, кәрі қолымен кеудемнен итергендей әсер етіп, суық тұрмыс, салқын қабақтың алғашқы лебін енгізіп еді кеудеме.

Бірақ ойыма ештеңе сақтаған жоқпын. Келесі күндердің дүрмегіне ілесіп ұмытып кеттім. Мектепте өткізетін уақытымды азайтқаным өзіңе де белгілі. Үй жұмысына араласып, тамақ істеп, кір жуып, енемді ренжітпей, жұмыстан қолын босатып едім. Күліп жүріп істеген жұмыстан адам шаршар ма. Қайта қайралған болат пышақтай өткірлене түседі ғой.

Мәнсияның туған күнін тойлаған кешті ұмытқан жоқ шығарсың. Біз, Серік екеуміз ертерек кетіп қап едік қой. Сол кеште мен қандай көңілді едім. Серікке еркелей сүйеніп, алысып келе жаттық. Күздің сіркелеп тұрған жаңбырын елеген жоқпыз. Үйдің қасындағы арықтан өтерде Серік мені көтеріп алды.

- Қой, Серік, шаршайсың,- дедім мен құшағына тығыла түсіп.

- Мархаба, не деген жеңілсің. Өмір бойы көтеріп жүрсем шаршар ма едім, - деді ол мандайыма ыстық ернін тигізіп өтіп.

- Жақсы, онда көтеріп өт өмір бойы, - дедім мен еркелеп күліп, дүрсілдеген жүрегіне құлағымды төсей бердім.

- Мархаба, бір тілегім бар, бересің бе сұрасам.

- Берейін, айт, - дедім ойымда түк жоқ мен, Серіктің мойнындағы қолымды қыса түсіп.

- Мектепті тастасаң қайтеді. Менің табысым үш кісіге жетеді ғой.

Бұлқына тулап қолынан шығып кеттім. Тап мына

сөздерді Серіктен күткен жоқ едім. Үндеместен алға түсіп алып үйге кіріп кеттім. Соңымнан Серік ере кірді. Жақтырмаған түрімді көріп сөзін қайтып алар деп ойлап едім, бірақ ол үндеместен шешініп жатып қалды. Мен де диванға қисая кеттім. Алғашқы түсініспеушілік осылай басталып еді.

Арамызға жік болып түскен сызық қайтып бірікпеді, сызат алып ұлғая берді. Серік “тілегін” екі-үш рет қайталады. Созбұйдаға салып мен жүрмін. Қаншаға шыдайтыным белгісіз. Тақылдатып ұра берсе, тас та сынбай ма. Көңілсіздік кіріп кеудемді көлеңке басар деп ойлап па ем. Көтере алмадық па, тым көп болып кетті ме екен біздің бақыт?!

Мархаба әңгімесін айтып болғанда кірпігінен домалап түскен жасын жерге түсірмей қағып алдым. Ыстық-ыстық жастар қыздың көзінен емес, менің жара басқан жүрегімнен шапшып шыққандай жанымды ауырта түсті. Мархабаны жылатқан нендей қатал адам едің, Серік. Мына үлбіреген жүзге қайғы тұманын түсіру күнә емес пе. Көтеріп өтемін өмір бойы деген гүліңді неге солдырасың, ыстық лебіңмен неге жылытпайсың.

- Жылама, Мархаба, - дедім мен, - табысасың, татуласасың. Сүйіскен жүректерің араша болар.

* * *

Түнгі ауада қыдыруды жаным сүйеді. Даланың әр жұлдызы баданадай жарқырап көз тартпай ма. Мен ондайда өз жүрегімнің сансыз көп жұлдызын тап-қандай боламын. Бірақ мені бүгін еркелеген жұлдыз елітер емес. Басымды көтерілген жағамның ішіне тұқырта тығып үнсіз жүрмін. Бір үлкен істі шешерде осылай жүретін әдетім бар. Серіктің жұмыстан қайтар жолын тосып, уақыты таянған сайын тықыршып, айтар сөздерімді іріктеп келемін.

- Жай жүрсің бе? - деді Серік менімен кездесіп қалғанда.

- Жай, - дедім алғаш күмілжіп қалып. - Серік, тоқташы, бірер минутыңды бөлші маған.

- Не айтасың, тындадық, ал.

- Серік, оғаш айтсам кешір. Мархабаны мектепке жібермеймін депсің. Ол сені қандай сүйсе, мектепке де солай қарайды. Оның жаны тым нәзік қой. Сен Мархабаның сабақ үстіндегі гүл-гүл жанған түрін көрсең, жүзіндегі қуанышты күлкіні көрсең, ренжітпес едің. Ол сені сүйеді. Сенің сөзінді тастамауы да мүмкін. Өзімшілдікпен үмітін үзе көрме, Серік.

- Жақсы. Сөйлеп болсаң, енді мені тыңда. Бәрін дұрыс айттың. Бірақ, Мархабаны мектептен емес, сенен ажыратам ба деп едім. Жібермеймін, үйде-ақ отырады. Құдайға шүкір, ақшаға зәру емеспін. Менің басқа айтар сөзім жоқ. Сау бол.

Міне саған оқыды деген жігіт. От басындағы әйелдің өсегінен несі артық.

Шыдай алмасам керек, іштегі бұрқ ете қалған ашудың лебі сыртқа теуіп, жұдырық болып түйіліп Серіктің жағына сарт ете түсті. Ілесе қайтарылған жауап артыммен жерді сүздірте құлатты. Отырған жерімде қала бердім. Серік жайбарақат басып кете барды.

Кешір, Мархаба, сен үшін міне біреуге қол жұмсадым мен. Мұным дұрыс та емес шығар. Бірақ сенің мөлдіреген көзіңе жас тұманы оралып, сыңғырлаған күлкіңе өксік дірілі қабаттасса, мендегі тыныштықтың несі сән.

Сен қал мектепте, мен кетейін. Тек кеудеңде реніш толқыны тумаса екен.

* * *

Қысқы каникулде қалалық оқу бөліміне барып, арыз беріп жұмыстан шықтым. Тәжірибем де, білімім де аз дегенді қайта-қайта айтып отырып алған соң мені еріксіз босатып еді. Сол жолы қалалық комитеттен комсомолдық құрылысқа жолдама ала қайттым. Өзім ұнатқан адамымның бақытына кедергі болсам, адамдығым қайсы деген сылтауды алдыма кесе көлденең ұстап, ауылға қиналған жүректі сыздата оралдым. Ертеңінде директорға жұмыстан босануым

туралы бұйрықтың көшірмесін апарып беріп, жарты жыл сабақ берген класыммен үнсіз қоштасып шықтым. Қаңырап бос тұрған бөлме бірге мұңайғандай аяқ басқан дыбысымды қағып алып, әлсіз қайталап қала берді.

Сұрастырып білсем, Мархаба мен Серік екі күн бұрын колхоздағы туыстарына қонақ боп кетіпті. Бұл хабар бір жағынан ренжітсе, екінші жағынан тілінген жараға тұз сепкендей болатын, мені ойламайтын жанның селсоқ көзқарасынан сақтап қалып еді. Кетерімді ешкімге хабарламастан барлы-жоғымды бір чемоданға сиғызып, вокзалға тартып бердім. Жолда бір-екі минутке Айгүлге кіріп шықтым. Қаладан Мархаба үшін сатып алған гүлді Айгүлдің қасына қойып, шығып кеттім. “Тез жазыл, Гүл”- дегеннен басқа сөз айта алмадым. Кеудеге оралған әлдебір мұң бәйек тапқызбай қуып жүрген еді.

Қайдан естігендерін білмеймін, класымның тең жартысы вокзал басында жүр екен, мені көріп дуылдай айқайлап тұра ұмтылды, ызыңдаған дыбыстан құлағыма келгендері:

- Ағай, ағай!
- Ағай, бізді тастап кеттіңіз бе?
- Ағай, біз қайтеміз?

Үндеместен көзіме үйірілген жасты білдірмей сүртіп, балапандарын қорғаған тауықтай қоршап алған балаларды құшақтай бердім.

- Балалар, мен билет алып шығайын, осында тұра тұрындар,- деп сатыға көтеріле бергенімде, қолымнан біреу ұстай алды. Жалт қарап Нышановты көрдім. Жайшылықтағы ойнақшып тұратын тентек көздер мұңая суланып қалыпты.
- Бірдеңе айтасың ба, Ермек?
- Ағай, ағай,- деп жасқа булығып Ермек қолыма ораулы затты ұстата салды. Орауды ашып қарап ем ағаштан ойып жасаған мысықтың жобасы екен. Астына қызыл сиямен “Мұғаліміме Ермектен ескерткіш”- деп жазып қойыпты. Көзіме кеп қалған жасты жасыра алмадым. Ермектің екі бетінен кезек-кезек сүйдім де, бетімдегі араласқан жасты сүртпестен залға кіріп кеттім.

Міне, вагонның табалдырығынан туған жердің келбетіне ақырғы рет көз тастап тұрмын. Шыр етіп дүниеге келген күннен бастап өскен үйім де, жүгірген жолым да, гүл терген қырым да, балықша сүңгіген көлім де, басына сан шыққан жалғыз терек те, тіпті ентіккен ерке жел де қалып барады. Әне, ана қырдың астында арман еткен ұлының қызығын көре алмай жермен жер болып әкем мен шешем жатыр. Мен түгіл солар туып өскен жер емес пе бұл. “Қайтейін, қош болыңдар. Сағынып талай оралармын”- деп вагонға ене бергенімде:

- Қайыржан,- деген дауысты естідім. Ол дауысты дүниенің бар шуылы аңырап тұрса да айнытпай таныр едім. Секіріп түсіп дауыс шыққан жаққа қарасам, жүйткіп кеп тоқтай қалған жеңіл машинадан түскен Мархаба жүгіріп келеді екен. Қарсы жүріп, созған қолымды ұстамай Мархаба құшақтай алды.

- Қайда кетіп барасың? Не істеп жүрсің, Қайыржан? - деді ол өкси сөйлеп.

Үндеместен қолын ұстап тұрып ем, сол шағымды “зырқ” ете қалған тепловоз үні үзіп жіберді. Мархабаның қолын қысып қана қоштасып, вагонға беттей бергенімде, ол қуып жетіп ұстай алды да, мандайымнан баласын сүйген анадай сүйіп алып, жас толған көзін қадап тұрып: - «Бақытты бол, Қайрошң, - деп қала берді. Анамнан кейін Қайрош деп ешкім айтпап еді, Мархабаның ыстық ерні тиген маңдайымды сипай ұстап вагонға міндім. Жұлқи тартқан тепловоз алыстата жөнелді. Дөңгелектің күшейе түскен ырғақты тарсылына дүрсілдей соққан жүрегім қосыла түсіп, қош-қош деп бара жатқан еді.

* * #

Боран. Ызындаған желдің уілі тынар емес. Терезені баяу қағып бір сарынмен соғып тұр. Кешкі алакөлеңкеде радионы ашып қойып күй тыңдап отырмыз. Күй - “Сарыарқа”. Оркестрдің қуатты үнімен шарықтап алған. Жан дүниеңді елжіретe бір өзіне тартып, ұйытып барады. Өршіген табиғаттың

дауылына төтеп берердей ендігі дауылды өзі бастаған. Сапырылыса ақтарылып, тар бөлмеге симай сыртқа лақ етіп төгіліп, қар құйынына ілесіп, кең жазықты аралап кетіп жатыр. Осы күйді тыңдаған сайын көз алдыма салт атты қазақ елестеп кететін. Міне, ол Арқаның төсінде құйғыта шауып келеді. Төрт тұяқтан туған шаң төрт төбені көміп кеткен. Дала - сылаң қаққан сұлудай. Дүбірге дүр сілкініп оянып алып, қырмызы қызғалдағымен, балауса шалғынымен бой жасайды. Шабыс керім. Күшпен тартқан сұр жебедей көз ұшында бұлдыраған сағымды түйреп түсердей ағып барады. Маңайда басқа қыбыр еткен жан жоқ. Құйрық-жалдың таралып ескен суылынан бөтен дыбыс та тыншыған. Кенет салт атты кілт тоқтады. Маңайды ауыр үнсіздік басты. Осы бір қас қағымдай сәтте жайлауы қаңыраған сахараның бір түкпіріне ұзаған көштің сүрлеуін іздеді ме екен, жолаушы қыбырсыз қалды. Іле тағы да бұрқырата шауып, құйындата жөнелді. Желпілдеген етегі асыққан жүректің белгісіндей ат бүйірін сабалап барады. Қара көздің ұяла төңкеріліп түскен бір қарасымен кеудесін толтырған қуаныш, не алыстағы жанның өксікпен жетер лебімен келіп өзегін өртеген жалын жігіт жанын жай таптырмай тұр. Неде болса бұл шабыс тегін емес.

Күй бітті. Тұнып қалған тыныштықты тек сырттағы желдің үілі ғана бұзып тұр.

- Оце да! Оце сила! - деді Никола бірінші сөйлеп. - Мынау долы тасқын, арындаған ағыс қой. Соның бәрін қос шектен ғана шығарған күйші неткен керемет!

Басымды изей бердім. Иә, керемет. Жұдырықтай ғана жүректің түйгені тасып төгіліп, толтырып кеткен жоқ па жаңа ғана әр кеудені.

- Кеш жарық, жігіттер. Дем алған шығарсындар, қозғалалық.

Бұл келген әрине, Әділ. Оның дабырлап сөйлеп кіретін әдеті. Қыз десе шыдап отыра алмайтын мінезі тағы бар. Мана, кеш түсе жұмыстан шаршап келсе де, дем алудың орнына қыздар жатақханасына тартқан. Оларға бүгін бір қыз қосылған еді. Жұрттың алдымен барып танысу, реті келсе “ноқта тағып, ен салып” келу де ойында болатын. Сондайдағы маңғаздығы да

керемет. Қайтсін енді, қоңыр көздердің құпиясы бір өзіне ашылып, жүрек лүпілі бір ғана осы жігітке бөгетсіз жетіп жатса, Әділдің шоқтығы шоқыдай болмас реті де жоқ қой. Кейінгі кездері ондай сапарларынан қайтқанында көңіл аудармайтынымызды біліп, сұрамасақта көрген-білген жаңалықтарын тізіп беретін. Қазір де бірер жөтеліп қойды. Ұзақ сөзге кетердегі дайындығы бұл. Қараңғы болса да бетіндегі күлкі табын көріп отырмын. Әңгімесін бастарда жымиып үнсіз күлетін.

- Жігіттер-ау, қыз емес сурет, - Әділ ернін “шөп” еткізіп қойды. - Қара көзі от шашып, қара қасы қос қанаттай жазылып, қара шашы аш беліне оралып алдымнан олай бір өтті, былай бір өтті.

- Қайтсін, байғұс тесіле қараған қызыңды телміртпей жібермеуші едің. Сені көріп кеудесіне от түскен де. Өзің қайттің, желбіреген етегіне оралып кеткен жоқ па жүрегің,- деп Қуан сылқ-сылқ күлді.

- Сендерге әңгіме айтып отырған мен ақымақ,- деп Әділ өкпелеп қалды.

- Қуан, сенің орынсыз килігетінің-ай. Әділ, біз тындап отырмыз ғой. Айта бер.

- Қыз емес, қырмызы қызыл гүл! Әсіресе аяғын, аяғын көрсеңдер! Быттиған жуан да емес, шидей жіңішке де емес; тіп-тік өскен қос ақ қайың. Бұрала басқан жүрісін қайтіп елестетсем екен сендерге. Айдын көлде жеңіл сырғып аққу жүзбей ме. Тап сол аққу дерсің. Ақ шағала жүзін сәл-сөл шалқайта ұстап кербез керіле ме-ау, келісе күлімдей ме-ау, ойпырмай, керемет! Тамаша, талшыбық! - Әділ ауыр күрсініп әңгімесін шорт үзді де кроватына құлай кетті.

- Қыздың етегінде кетті ме, ернінде кетті ме, әйтеуір, Әділдің жүрегі сау емес, ішін құрт жеген ағаштай дүрс құлауы жаман екен. Ұйықтасын, түс көрсін, табыссын Ләйлісімен. Мазасын алмайық. Жүріңдер, машина тосып қалған шығар,- деп Қуан есікке беттеді. Біз де қоса тұрдық. Жігіттердің сол кездегі көңіл-күйін сезіп тұрмын. Бәрімізді орап алған бір арман. - Жылы төсекте қымтанып алып ұзақ ұйықтау. Ұсақ қарды үйіре қуған суық желдің өтінде түнгі аяздың түрпідей тілін бар денеңмен сезініп, отыз

километр жерден кірпіш тасу кімнің айдарынан жел естірер. Күндізгі жұмыс, түнгі жүріс соңғы күндері қажытып бітіп еді. Аяқты жалқау аттап далаға шықтық. Анадай жерде машинасының фарын бір жағып, бір сөндіріп Коля Бобров күтіп тұр екен.

- Сендерге не болған? Барғыларың келмесе неге ертерек айтпайсыңдар. “Жұмыстан бос уақытта кірпішті өзіміз тасып алып, он алты пәтерлі үйді уақытынан ерте береміз”- дегенде өңештеріңді жыртып едіңдер. Он күнге жетпей басылған ба арындарың,- деп ұрса қарсы алды. Әділ, кел кабинаға отыр, түсің қашып кетіпті ғой, - деп соңымыздан ілбіп жеткен Әділді қасына отырғызып алды.

Бораны басылғанымен түн суық. Аяз бетті қарып шыдатпай барады. Бір-бірімізге ұйлыға тығылысып отырмыз. Ешкімде үн жоқ. Қасымдағы Бекет дейтін досымның иығына басымды сүйеп ұйқылы-ояу бір күйге түстім. Әлде бұл осынау кеңістікте өзіңнің соншама кішкентай екенінді сездірте төселген шексіз қысқы жолдан ба, әдде еңсені басқан ызғарлы түннің меңреулігі ме, кеудемді әлдебір толқын билеп алып ұйытып әкетті. Бір сәт бар дыбыстан тиыла қалып, сонау алыс жұлдыздардың біріне айналып кеткендей сезініп, қиялмен қиян даланы, кең Арқаны, жайсаң Жетісуды, ақбұйра Атырауды, алтынды Алтайды - бәр-бәрін шолып өтем. Іле тағы бір мағнасыз ой құшағына сүңгимін.

“Шіркін өмір қызық қой. Жұмбағы да көп-ау. Егер мен дүниеге келмесем, қайда болар едім. Менің тас болып, тал болып, тіпті мал болып та жаралуым мүмкін емес пе. Бірақ онда табиғаттың сұлулығын түсінер ме едім? Меңіреу қара тас болсам сылдырлап аққан бұлақты естір ме едім, шаршап жетіп, мөлдіріне бас қояр ма едім? Біреу көтеріп керегіне жаратпаса, жата берер едім де мелшиіп. Мал болсам ше? Ән тындамай, ананың әлдиін тыңдамай, айдаған жаққа бұрылып жүре берер ем-ау. О, дүние, рахмет, адаммын. Адам етіп жаратқаныңа рахмет, дүние! Гүл де, күн де...”

- Қайыржан, ей Қайыржан, түссеңші енді, ұйқысының қаттысын! - Бекеттің жұдырығы бүйіріме қаттырақ тиіп-тиіп кетті.

Машинадан әрең түстім. “Көрмегенім кірпіш болсын” дейтін халде едім, алдымызда мұрты сынбай үстін қар жапқан кішігірім тау жатты. Сұп-суық. Қолыңды қарып түседі. Оның үстіне қараңғыда шашылып жатқан кірпіштің қайдағы бір сынықтары ілігерін қайтерсің. Бұндайда жұмыс өнер ме. Қас қылғанда машинаның кузовы үлкейіп кеткендей, кеңістіктің бүкіл мүлкін тиеп берсең де толмайтындай көрінеді. Әл де жоқ.

Кенет зор дауыс шырқай жөнелді. Үнсіздікті тіліп өткен асқақ, серпінді әуен. Тағы да Әділ.

Әлі есімде сәулештің тіл қатқаны,
Сырласумен жазғы таңның атқаны...

Төңіректі қоршаған қарлы қыстың ызғарын қуа келген ән жаздың жайдары таңымен жеткендей. Ақ қайыңға сыр шертіп қос жүрек табысып қалған. Кішкентай ғана бозторғай шырқау биікке көтеріліп, бір орында шегелегендей тұрып алып, жырын бастаған. “Мен көрдім. Бақыт таңын көрдім. Әлемдегі әдемі көрініс - махаббат құштарлығының ыстық сүйісінің куәсі болдым. Мен жүрек таңын көрдім”- деп сайрап тұр. Шығыстан ескен самалмен ақ сәуле жайылып келеді. Құштар тірліктің кіршіксіз бояуы түстес торғын перде ашылып келеді.

Әнге қалай қосылып кеткенімді өзім де білмей қалдым. Байқасам, қасымдағылар да өлеңнің қайырмасын көтермелеп әкетіпті. Қараңғы түн ыдырап қашқандай айнала кеңіп жүре берді. Денеме жаңадан күш қосылғандай аяқ-қолым жеңілденіп, қимылым да тездей бастады. Құдіретті ән жұлдызды аспанға шарықтап кетіпті, түсіргім келмеді, жалғап әкеттім.

...Әлі есімде бұлтсыз әлем аспаны...

* * *

Осы мен қайда жатырмын? Болар-болмас ызың ба, шу ма бір дыбыс әлдилеп барады. Қозғалайын деймін,

денемде әл қалмағандай. Құлдырап домалап келем бе-ау, меңіреу түбіне шым батып барам ба-ау, арпалысамын кеп. Сонда да дәрменсізбін. Бірде көктемгі гүлді көргендей болам, жақындап келсем суық ұрған сүлдерін ұстаймын. Сол сәт дауылдатып кеткен сүреңсіз дала бұршағын төгіп-төгіп жібереді. Жалғызбын. Үнім де, демім де шықпайды. Не іздеп келдім осы мен? Қайдан жүрмін елсізде. Достарым қайда? Мынау не? Ән ғой... Анық ән ғой... Әділ шығар. Иә-иә, Әділдің өзі... Қайдасыңдар, достарым?...

Бітпейтін, таусылмайтын бұл неткен жол?... Тарау-тарау сораптар, бұрылыс-бұрылыс соқпақтар, шимай-шатпақ сүрлеулер... Қайсысына түссем екен? Түу, не деген көп еді өздері!.. Жүріп келем, жүріп келем. Сағым ба жеткізер. Сағымнан басқа сар далада бұлдыр да жоқ. Серігім - көлеңкем ғана.

Апырай, қайда жатырмын?.. Жатырмын ғой, әйтеуір...Түс көрем бе? Түс көрсем, мына бір ызың не? “Қайыржан!”- дегендей бола ма? “Қайдасың?”- дей ме... Өксіп жеткен осы бір үннен неге айрылам, тағы да алыстап жоғалып кетті ғой... Бұл неткен құладүз еді... Ұлиды ғой. Жел ме екен. Жоқ, қасқыр. Азуы ақсиып торып жүр... Мынау, тап мынау Серік қой. Неге ұлып тұр... Ұлып тұрған жоқ, күліп тұр ғой. Иә-иә, күліп түр... Кетті. Уһ, кетті-ау!

Қасымда отырған Мархаба ғой. Өз көзіме өзім сенбей кірпіктерімді айқастырып біраз жаттым да тағы қарадым. Иә, сол. Өзі. Шынтағын тумбочкаға сүйеп қалғып кетіпті. Өңі өте жүдеу, мандайының үстінен бір сызық түсіпті. Ұзын кірпігінің ұшында мөлдіреп тұрған жасқа қарап ұзақ жаттым. Кенет жас үзіліп кетіп, Мархабаның үстіндегі ақ халаттың омырауына домалап түсті. Мархаба оянып кетті. Үлкен қара көзімен көзім ұшыраса кеткенде жұқа еріндері жыбырлап үстіме төне түсті, майда алақанымен маңдайымды ұстады.

- Мархаш, мен қайда жатырмын?- дедім қолынан ұстай алып. Мархаба менен сөз күтпесе керек, аздап аңырап тұрып қалды да, кеудеме құлай кетіп, жылап жіберді. Екі иығы солқылдай түсіп, - Қайрош,

жазыласың енді, Қайрошым,-деді.-Больницада жатырсың. Ауырып түскенсің.

Сол екі арада кезекші дәрігер де келіп, Мархабаны тұрғызып әкетті.

- Мархаба, ауруға тыныштық керек. Өзің де тыныққ,- деді менің тамырымды ұстап тұрып.- Қорқатын ештеңе жоқ. Ауруының беті бері қарады. Ендігісінен еш қауіп ойлама, бірер күнде айығып тұрады. Жүрші өзің. Жүре ғой, диванға қисайшы. Екі күннен бері дем алған жоқсың ғой.

Мархаба кешке қарай тағы келіп, басымда біраз отырып кетті. Көп сөйлескен де жоқпыз. Қасымнан шарпып жетер демін сезіп масайрап жатырмын. Көңіл шіркін көк дөненнен де жүйрік қой. Қиялап шауып, қырымды шалып жүр. “Ей, бақыт! Армысың! Айналып аулыма қондың ба? Рахмет, бақыт!”-дегендей болады. Лепірген сезімде де шек жоқ, қуыс кеуденің аузы-мұрнынан шығып, асып төгілердей.

Түнімен өзімнің қалай ауырғанымды, Мархабаның қалай келгенін ойлаумен болдым. Бар білерім, ауыр халде жатқанда Мархаба қасымда болыпты.

Ертеңінде Мархаба қайтып кетті. Кетерінде қоштасып тұрып газетке ораған кітапты тумбочканың үстіне қойды да шығып кетті. Төсегімде Мархабаны ойлап ұзақ жаттым. Мархабаның түнгі қарасы бұлттан шыққан күндей бар жылылығын шашырата жайып, тоғытып кетіп еді мені. Ыстық жанар ұмтыла бастаған бір күйді қайта жаңғыртып, жаралы махаббатымды оятып еді. Мен оны сүйеді екем.

Тумбочканың үстіндегі түйіншекті ашып едім, ішінен қызыл тысты қалың дәптер шықты. Дәптердің бірінші бетіне қызыл сиямен “хаттар, хаттар, хаттар”,- деп жазып қойыпты. Басымды көтеріп дәптерді оқып шықтым.

Хаттар, хаттар, хаттар.

Бірінші хат

Қайыржан, бүгіннен бастап мен саған хат жазып тұрмақпын. Бұл хаттарды саған жібермеспін де. Әр адамның жақын тартар бір жаны болады ғой. Ол жан
- бәлки анасы, не жеңгесі, әлде бауыры болар. Менде ондай жанашырдан ешкім жоқ.

Әке-шешесіз өстім мен. Алақанына салып аялайтын әкемді көрмедім де, мен туғанда үш айдан соң соғыста қаза тауыпты. Бес жасымда шешемнен айырылғам. Қысқы боранда колхоздың ыққан бір қора қойымен үш күн далада түнеп, содан екі өкпесі бірдей қабынып, ауырып үйде жатты. Соғыстың кезінде ауылда дәрігер болушы ма еді, аудан орталығы алыс, апаруға көлік те табылмады. Сол бір аянышты алапат соңғы түн әлі есімде... Боран... Қараңғы қою түн... Мыжырайған балшық үйдің терезесінен ескен жел үһілейді, мияулайды, ышқына соғады. Жылуы қашқан аласа үйдің ішінде пеш түбінде ыңқылдаған шешемнің бауырына тығыла түсіп жатырмын. Әлденеден сезіктенем бе, ұйқым келер емес. Шешем үһілеп, аһ ұрып жатып мені құшақтап қояды. Бірауық күшпен бұрылып кеп мандайымнан иіскегенде, ыстық жастары бетіме тамып-тамып кетеді. Сол кездерде мен де жылаймын. Үнсіз өксіп, егіле жылаймын, бауырына кіре түсем. “Күнім, жалғызым,- дейді шешем әрбір сөзін әрең- әрең қинала шығарып, сыбырлай сөйлеп.
- Күнім-ай, бойың өсіп, буының да қатпады-ау, үһ! Кімге ғана телміріп қалар екенсің!”

- Апа, апатай,- деймін жас жуған бетінен, көзінен аймалай сүйе түсіп. Одан басқа дәрменім жоқ.

Даладағы боран күшейіп кетсе керек, бір кезде кішкене жалғыз терезені қар басып қалды, тек үйдің үстімен жүріп кеткен боранның тықыры ғана тыныштықты бұзып қояды. Сығырайған білте шамның жарығы шешемнің әдемі кескінін түн қараңғысынан ұрлап алып әлсіз ғана көрсетіп тұр. Апам көпке дейін үнсіз жатты. Ауыр қиналып, шүңірейіп кеткен бұрынғы жаудырап тұратын қарақат көздерін сығып-сығып

жібергенде ыстық-ыстық жастар кесек-кесегімен домалап түседі. Мен де сол бір жастарды сүрте берем, құша түсем анамды. Бір кезде ол басымды көтеріп кеудесінің үстіне салды да бетіме ұзақ қарап жатты. Мейірлі жанардың аймалауымен қалғып кетіппін, апамның әлсіз күбірінен шошып ояндым.

- Құлыным-ай, ең болмаса еті тірі ұл боп та тумаған екенсің! Не деген бақытсыз жан боп туған едің, қарғам! Кімге, кімге тапсырам сені? Тумай тұсалған, ұшпай қанатын өрт шалған балапаным. Кім сені жыласаң жұбатып, ауырсаң аяп, марқайсаң мәндайыңнан сүйер екен? Кімім бар, кімің бар, сорлым? Ашылмаған гүлім, өсерсің бе бұралып, өшерсің бе қуарып, нені сезесің, жүрегім. Жаным, жан қозым! Марқашым менің; әкең мен менің жас өмірімізді суалтқан, қуартқан сені соғыс қой. Соғыс! Қарғыс-ай, жандары жаралы аналардың, жабырқап жылаған балалардың қарғысы, наласы тисін саған, yh! - Шешем қос қолымен басымнан ұстай алып, мәндайымнан, көзімнен, бетімнен, шашымнан қайта-қайта сұқтана сүйді кеп, бір түрлі елжіреп үсті-үстіне әлсіз еріндерінің ып-ыстық табын қалдыра сүйе берді. Ақырғы, артық сүюің екен-ау мені, анам сонда. Сол бір сүйісің - жалғыз жадау күндерімнің сұрғылт бұлтын сыпыра қоятын, аналық жүрегіңнің бар жылуын кеудеме құйып берген таза кіршіксіз махаббатың екенін кейін өсе келе білдім ғой мен. Әлі күнге шейін боранды түндерде тап өзің емірене құшақтап жатқандай боласың. Дәл сонда бетіме ып-ыстық жасың тамып-тамыл кетіп, ана махаббатының сағыныш дәміндей білінеді маған. Сол бір ернің тиген жерлерім әлі күнге дуылдап тұрғандай сезінем.

...Азынаған суық үйді болмашы ғана сәулелендіріп тұрған білте шам майы таусылып жалп етіп сөніп қалды. Сол сәт анам да ауыр бір ышқынып қалып, сұлқ үнсіз қалған еді, мәндайымдағы еріндерінің ақырғы ыстық лебі ғана шарпып өтіп жоқ болды. Жүрегім бір сұмдықты сезген еді, “апалап” жан даусым шығып, суи бастаған денені құша күңіреніп қараңғы қапас бөлмеде қала бердім. Тек сырттағы боран ғана талып шыққан даусымды ашулы құшағына қағып алып, жаңғырта қайталап, үй-үйдің терезесін қаға

қаралы хабарды естірте салып, жапан түзге әкетіп жатты...

... Жүрісін бірте-бірте жылдамдата жөнелген поездың соңында қалып қойып едім ғой. Сонда көзіме үйірілген жас арасынан бұлдырап қана көрінген сен қолыңды бұлғап қалған едің. Тап сол кейпің дәл қазір де есімде. Қара бұйра шашыңды толқыта дудыратқан жел бір тамшы ауыр ыстық жасты, өксік жасын жұлып алып қалған еді. Қорғасындай ауыр көз жасы айтылмай кеткен жүрек сырының аманатын білдіріп тек қана маған, жалғыз маған арналғанын сезініп едім.

Сол ақырғы бейнең әлі есімде. “Қош”,- деп вагонға тік көтеріліп кеткенсің. Күшейіп келе жатқан кешкі жел пальтоңның етегінен жұлмалап тартып, “барма, қал”,- дегендей жармасып жатқан-ды. Сен жүріп кеттің...

Мені шешемнің немере ағасы асырап алды. Сол кездегі шаруашылықтың нашарлығынан тұрмыстың қиын болғандығы шығар, мен ол семьяға ауыр тиген едім. Нағашы жеңгем адуын кісі еді. Үлкен, еркек пішіндес болатын. Кейде қатты ашуланғанда қол тоқпақтай ғана, қалайы қысықтай нағашымды үйден айдап та шығатын. Әрине, мен де қоса кететінмін онымен бірге. “Қатын-ай, қатын-ай, қоймадың ғой, қоймадың ғой. Жынымды келтіре бергенде бір сойқанды жасаймын-ау саған, бір сойқанды. Саспа, табасың әлі,- дейтін нағашым жеңгем қайтадан үйге сүңгіп кеткенде даусын бірте-бірте күшейте шығарып. Есік сықыр етсе, үндемей қалатын да, мені үнемі үстінде жүретін жыртық шапанының етегімен жаба беретін. Ондайда мен бір жасап қалам, нағашыма жабыса тығылып, қолтығының астына кіре түсемін. Нағашым да маңдайымнан мейірлене ұзақ сүйетін, шешемнің көзіндей қара көздері жасаурап кетуші еді сол кездерде...

Көп ұзамай қаладағы балалар үйіне ауыстым, сонда тәрбиеленіп, сонда өстім, білімді де, өмірге деген көзқарасты да, сонда алдым. Балалар үйі - алтын ұям, өмір толқынына шығарда күш жинаған алғашқы алаңым. Балалық шағымның ең аяулы күндері сонда қалды ғой.

Екіншіхат

Қайрош, денің сау ма? Неге үндемей жатырсың? Қайда жүрсің, не істеп жүрсің? Кеткеніңе айдан асты, бір хат жазсаң нетті. Мен сенің бір ауыз жылы сөзіңді зарыға күтудемін. Дәл осы күндері сенің үнің, жалғыз-ақ сөзің сондай қажет, қамыққан көңілді көтеріп тастар еді-ау.

Мен қазір Серіктен бөлініп кеттім. Жеке тұрам, жеке болғанда жалғыз емеспін, Айгүл бар қасымда. Бұл жолдарды оқығанда танданарсың да, түсінбессің де. Сондықтан бұл бір ширыққан уақиғаны басынан бастайын.

Жұмыстан қайтып келе жатып, Айгүлдің үйінен азан-қазан жылаған дауысты естідім. Жүрегім су етіп, алқымға тығылды.

- Не болды, жайшылық па, әже? - деп келген бойда есіктен шыға берген бір кемпірден сұрап ем, ол: - өліп қапты, - деп тоқтамай өте шықты. Сылти басып бара жатқан қалпымен бұл үйге бейуақытта кеп кірген қайғыға өзінің қабырғасы қайыспайтынын, ыстық-суығы бірдей екенін білдіріп еді. Тіпті кімнің, қалай өлгенін де айтқан жоқ. Шулаған дауысқа әуестікпен келіп қап, адам өмірінің ақырғы қақпасын жапқан өлімді кездестірсе де еш әсер алмастан, әлде пеш түбіндегі жылы орнына, әлде иірілмей қалған бір шүйке жүніне асығып бара жатты.

Табалдырықтан кібіртіктеп, қорқа кірдім.Үй лық толған адам. Жылаған дауыс, өксіген үн, күбір-күбір сыбыр. Ала көлеңкеге көзім үйренбей есіктің алдында біраз тұрып қалдым.

- Тәте, тәте-ай! - деген Айгүлдің даусы өксік аралас аянышты шықты. Төсегінің үстінде булыға жылап жатыр екен, тұра ұмтылдым. Айгүл құшақтай алып өксіп-өксіп жіберді.

- Апам-апам-ай! - дегенінен-ақ мұңлы қыздың басынатүскен қайғысын сезе қойдым. Өзім де ah ұрып, күрсініп, қоса жылап, жас аққан бетін аймалай бердім Айгүлдің.

- Тәтетай-ай, сорлап қалдым-ау мен,- дейді сөздерін үзіп-үзіп шығарып жасын жұта сөйлеп. - Жан апамсыз күнім не болар екен менің, тәтетай!

Боранды түнде өзімнің де анамнан айрылғаным есіме түсіп егіле жыладым. Көз алдыма анамның кескіні оралып тұрып алды. Құшырланып қайта-қайта сүйеді. Сүйіп тұрып жас төгеді, ыстық махаббатының ұмытылмас иісін сеземін тағы да. Аңыраған Айгүл сондағы мен сияқты.

- Жыламашы, Гүл, жасынды сүртші, мен бармын қасыңда, өмір бойы бірге болам, жаным, жыламашы! Айтуға оңай болғанмен сорғалаған жасымды тыя алар емеспін. Солқ-солқ өксіген Айгүл құшағыма кіріп кетіпті, ауыр-ауыр күрсініп қояды. Сол сәт қандай қиыншылық болса да көнемін деп іштей бекініп едім. Айгүлге ана орнына ана, тәте, құрбы, бір сөзбен - ең жақын жанашыры болуым керек екенін сездім.

Айгүл, гүлім, аңырамашы апалап, анаң боламын мен сенің, жақының да мен болам. Өмірдің ащысы мен тұщысы кездесер ұзақ күндеріңді өзіңмен бірге қарсы алармын, сіңлім.

- Тәте, тәтешім, кетпеші, - дейді Айгүл. Терең күрсінгенде денесі қоса дірілдеп, бота көздерінен мөлт-мөлт жасы ағып бауырыма тығыла түседі.

- Тастама мені, тәтетай!..

Сол түні оқушылардың дәптерлерін тексеріп, кешкі жұмыстағы Серікті күтіп, ұйықтамай отырып қалдым. Столдың үстіндегі электр шамын жағып алып оқушыларымның “Менің арманым” деген тақырыпқа жазған шығармаларын тексеріп көп отырдым.

Есікті сықыр еткізіп ашып бөлмеге Серік кірді. Кірер-кірместен аузындағы шылымын лақтырып тастап, пальтосын шешті.

- Неге ұйықтамай отырсың?

- Серік, Айгүлдің шешесі...

- Естідім, - деді ол сөзімді бөліп жіберіп, ас үйге кіріп кетті. Дәптерлерді жиып тастап, ас үйге келсем, Серік тамағын ішіп жатыр екен.

- Серік.

- Не айтасың?

- Серік, Айгүлді біз үйге алайық. Оның ешкімі жоқ

қой. - Серік салдыр еткізіп алдындағы тарелкасын ысырып тастап тұрып кетті.

- Тыныштықпен тамақ ішуден де қалдық па. Қайда кетем, қайда безем?! Қайыржан деп бір, Айгүл деп екі жедің ғой құлағымды!

- Серік, Айгүлді аясаңшы. Екеуміз бір-бірімізге бауыр басып қалдық. Өзі ауру, оның үстіне мына қайғы тағы қосылды, күтім болмаса, еркелеткен үн болмаса, үзіліп кетпей ме? Осыны неге түсінбейсің, неге?

- Түсінбеймін, түсінгім де келмейді, - деді Серік даусын қатайтып. - Ешқайда бармайсың да, ешкімді алмаймыз. Жетеді осы уақытқа дейінгі қиқаңың. Әйелімсің сен менің, бергем тізгінінді өзіңе, жетеді енді.

- Солай ма, жақсы онда, - деп пальтомды киіп алып, есікке беттедім.

- Тоқта қайда барасың?

- Айгүлге.

- Қайт кейін!

Тоқтаған жоқпын. Кенет Серік жетіп келіп қолымнан шап беріп ұстай алды, ернін тістеп алыпты. “Кетесің ғой, мә ендеше! - Шапалағы жағыма сарт ете түсті. Түн тыныштығын бұзған сол бір ащы дыбыс ақырғы үмітімді үзіп жіберді. Қолын қағып тастап, шығып жүре бердім.

Дуылдаған бетімді мөлтілдей аққан жасым жуып келеді. Серікке деген сүйіспеншілігімнің соңғы қалдығын шайып тастардай кесек-кесегімен домалауда. Жыртық бұлттан анда-санда бір жарқ еткен ай алдымнан аласа үйлерді ағараңдатып көрсетіп қояды. Жаяу боран майда қарды олай да бұлай шырқ айналдырып жүр. Өксігім үдей түсті.

Үшінші хат

Көктем биыл ерте шыққан еді. Дүниенің елжіретіп кетер осы балауса шағы жыл құсының алғашқы қанат суылымен жетіп, жылғалардың мың түрлі үнмен сылдырай аққан сыбырымен еніп, табиғаттың дарқан көркін ашты. Күн өткен сайын жасара түскен тірліктің

ауасы қандай шипа! Қылтиған көгімен, бүршік жарған гүлімен мүлгіп тұрған даланы тірілтіп жеткен өсіп-өнудің бастауы.

Бүгін соңғы төрт-бес күнде Айгүл алғаш рет күлді. Сыңғырлап барып басыла қалмай, ұзақ мейірлене күлді. Бетін көп уақыт бұлт басқан күн көзі жарқырап шыға келгенде әлемді ерекше нұрға бөлемей ме. Сондай кезде далаға шыққың, күннің мөлдір шуағына бөленгің келеді ғой. Жаның жадырап, құрысқан денең жазылып, бойындағы суыған қан лепіре тасып, көңілді күйге түсірмей ме.

Айгүлдің күлкісі де маған сондай әсер етті. Терезеден көктемнің бірінші жаңбырына қарап жатқан, кенет сыңғырлап күлгені бар емес пе.

- Тәте, қарашы, қараңызшы!

Терезеге бұрылдым. Қолында бір құшақ қызғалдағы бар Ермек терезенің алдында тұр екен. Тайып жығылса керек пальтосының өңірі, бет-аузы айғыз-айғыз балшық, тек сығырайып көзі ғана көрінеді. Сол бір көрінісі шынында кісі күлерліктей еді. Ымдап үйге шақырдым.

- Сәлематсыздар ма? - деді Ермек есік алдында аяғын сүртіп жатып.

- Қайдан жүрсің, қалай былғанғансың мұншама?

Ермек үндеген жоқ. Қолындағы қызғалдағын асқан ептілікпен Айгүлге ұстата салды.

- Айгүл, бұл - ең алғашқы қызғалдақ. Сен гүлді жақсы көруші ең ғой,- деді де маған бұрылды. Осы бір өзінің алғашқы бозбастық қадамынан ұялғандай, гүл әкелуінің ерекше себебін айтып, тез-тез сөйлеп кетті.

- Айгүлдің гүлді жақсы көретінін қайдан біледі дейсіз бе. Білемін. Қыста Қайыржан ағай қаладан бір шоқ гүлді әкеліп бергенін көргем. Сонда көктемнің ең бірінші гүлін әкеліп беремін деп мұғаліміне ішімнен уәде бергемін,- деп аз үнсіз қап, сөзін жалғады. - Қайтып келе жатып тайып жығылғаным. Таза балшық қой, кепкен соң үгіп тастаймын.

Аққөңіл адал бала жүрегі, тазасың да мөлдірсің ғой сен. Кіршіксіз, ылайсыз тұнығыңа кейде тас лақтырып шайқайтын да, аяусыз жалдап өтіп лайлайтын да өзіміз ғой, үлкендерміз ғой.

- Рахмет, Ермек.

- Рахмет,- деді Айгүл арық сұлу қолын созып, - рахмет. Ой, түрің-ай сенің! - Айгүл сыңғырлай жөнелді. Алқызыл қызғалдақтарды бетіне баса дауыстай күлді. Ермек те ақкөңілмен риясыз күлді. Балалық шақтың шат күлкісі жұптаса шығып, жалғыз бөлмені толтырып жіберді.

Адамға көп бақыттың керегі жоқ. Нәзік көңіл болмашыдан нәр алып, масаттанып, марқайып қалады ондайда. Еріксіз ыңылдайсың, ән саласың. Егер ақын болсаң, шабытың тасып өлең жазасың, суретші болсаң, қолыңа қыл қаламынды ұстап, мольбертті айналдыра бастайсың. Сондай сәттерде туған әрбір туынды тазалығымен де, сыршылдығымен де көз тартады, өзіне баурап әкетеді; ыстық, ынтық жақындығымен арбап алады. Көзіңнен мөлт еткізіп жас та шығарады, қапалы жүректі күлдіреді де ол.

Әттең мен неге ақын болмадым екен, Қайрош. Талай дөңбекшіген түндерде торлаған ойларды жыр шумағына орар едім-ау. Қайтейін, ондай ұлы үлестен махұрым қалыппын. Әйтпесе дәл мына екі бүлдіршіннің көңілімді көтергендегі кеудемнің тулаған толқынын білер ең.

Кешкі ымырт тез түсті. Қиғаштай жауған майда жаңбыр тамшылап барып басылды. Батыстағы қара бұлт іргесін түріп, тез-тез көтеріле бастады. Көкжиекке иек артып қалған күн қызыл барқыт шапағын шашырата жайып, батып барады. Әлгі бір сәтте тына қалған көшенің шуылы қайта басталған. Бір топ бала ауладағы көлкіген шалшықты шашырата жалдап жүгіріп жүр. Қайсы бірі қағаз қайығын жіберіп те үлгеріпті.

Үйге Мәлике енді. Бедеу келіншектің берекесіз күлкісімен даңғырап кірді. Кеңк-кеңк күлгенде май басқан толық денесі селкілдей жөнеледі екен. Қарап тұрып мәз. Жағасы жайлау, өңірі өріс бір жан. Қояр емес. Үшеумізді кезек-кезек шолып өтіп одан сайын күңгірлейді. Томпақ көздің бір ұшында болар-болмас жылтыраған шоқпен қарып түсердей шаншылады. Ілік іздер жанның бейберекет мінезі. Шыжымдай тартып, шиелендіре түсердей. Ауыздың да жайылып-созылып

кеткенде құбыжықтай көрінетіні болады екен. Кенересі құлаған ескі апандай. Дәл содан жеркенгендей қалпымды сезді ме, Мәлике күлкісін үзіп, бетіме тесіле қалды:

- Ойбүй бетім-ау, жылап тұрсың ғой өзің. Әйелдің қолынан бар келері көз жасы,- деп жылай беретін болғансың-ау, шамасы, he-he-he.

Көзімді сипасам, расымен суланып қалыпты. Кей-бір қатты толқып кеткенде көңілімнің босайтыны бар.

- Неге, несіне жылаймын. Күлкіден шегім түйіле жаздады жаңа,- дедім жалтарып кетіп. Мәликені ұнатпаймын. Он екі мүшесі сау, сөйте тұра елуден асқан рудниктің бастығына тұрмысқа шығып алып, дүкеннен дүкенге барғаннан басқа білері жоқ.

Мәлике жарылып кетті. Ендігі түрінде бетінің түгі тұрып, айбар бастады. Бар күлкіні жинап тастап, қаһарға мінді. Шаршысын шешіп алып, дұрыстап қайтадан байлады да, бүйірін таянып алып, бұрқырай жөнелді.

- Адырам қал! Пішту, мен бе сенетін өтірігіңе. Жетім масылдың қасында тірі жесір боп жетісіп отырған шығарсың. Қыдырсаң қырық, отырсаң отыз ойланып-ақ суалып, қуарып бара жатқан жоқсың ба. Түріңе қарасайшы, қаның қашып қарадай қатып жүрген. Ол заман да бұл заман әйелден ері безуші еді. Қатынның байдан қашқанын көргенім осы. Ойбүй, байқұс-ау, Серіктен артық кімге тимекші едің. Маңдайыңа жазған бақытыңнан соншама ат-тонынды ала қашқаның не сенің,- деп Мәлике шаңымды қағып, ішіп-жеп барады. Сөйлегенде екі езу көбіктеніп, ағы көп қысық көздері ақиланып кетеді екен. Жұп-жұқа кілегей танаулары қусырылып, сүйір тұмсығының үсті шып-шып терлеп шыға келіпті.

- Мәлике, сіз осы бір емес, екі емес, несіне айта бересіз. Байдан шыққан дүниеде жалғыз мен бе екем. Өлейін-тірілейін, апырау, сіздің қатысыңыз қанша? Осы неге қоймайсыз. Сырласар болсаңыз даурықпай неге келмейсіз, аптықпай шешілмейміз бе. Ауру баланың алдында айқайлағаныңыз не. Айқайға алақан соқса, менде де дауыс баршылық. Бұл жерге неге қыстырылдыңыз.

Мәлике кірпіше жиырылып қалды, астыңғы ернін үстіңгі ернінен оздыра бірер сүйреңдетіп алды да сөйлеп кетті.

- Ойбай, сайқал-ай! Серіктің дауын қусам бөтенім бе еді ол. Нағашымнан қалған жалғыз көз емес пе. Оны кімге басынтам. Намысын неге жыртпаймын. Есің бар болса қайтып бар. Болмайды екен, көзге күйік болмай құры! Қаңғып келген, шүйкебас, қаңғып кет. Кім едің соншама. Көзінді ашып қара. Мүгедек қыз ба сылтауың; онан да ажыратам әлі...

- Тоқтат, шық!- деппін. Даусым қатты шыққаны сондай өзім де селк еттім. Тез барып есікті аштым да сасып алған Мәликенің қолынан жетелеп сыртқа шығарып жібердім.

Сезімтал Айгүлім! Жаның сергек те нәзік-ау. Шамшыл да қаяу ғой көңілің. Мәликенің тұрпайы тікенектей сөздері сенің кішкене жүрегіңе тықылдата тиген екен. Әлгібір әзірдегі көңілді, шат қалпыңды үзіп тастапты-ау. Мен үшін қамығып, қоса мұңайған, жас құрбым, өксігіңді естіртпейін деп ернінді тістелей жастыққа көміле жылап ең-ау. О, тағдыр, осы бір жас өмірді аясаң етті. Жұдырықтай жүрегін тілгілей беруге сау жері қалып па еді. Күлкі мен өксікті, қайта мен қуанышты қабат жазып па ең мандайына.

Айгүлдің қасына отырып, шашын иіскеп, жұбата бердім.

- Тәте, Мәлике неткен қатал адам еді, неткен қатал! - деді ол, сәби жүрегінің бар өкпесін осы сөздерге сиғыза алмай булыға жылап жіберіп.

- Жылама, Айгүл,- деді манадан үнсіз отырған Ермек тұрып келіп Айгүлдің қолынан ұстады. Өңі қашып, кішкене қою қастары түйіле қалыпты.

- Жыламаймын, Ермек,- деді Айгүл көзін сүртіп, күлімсірей қарап. Ермек лампаны бұрап қалып жақты да, есіктің алдына барып пальтосының балшығын уқалап түсіре бастады.

- Мен бір жақсылап шай жасап жіберейін, Ермек сен вареньені жақсы көресің бе?

- Иә.

Төртінші хат

Есенбісің, Қайыржан? Қайырлы таң! Мүмкін бұл хатты алғаныңда кеш болуы да, әйтсе де қараңғы түннің артынан әлемге шапағатын жая жайдары жарқын таң кірмей ме?

Түн ортасынан ауып кеткелі қашан. Ел ұйқыда. Қасымда Айгүл ұйықтап жатыр. Кішкене мұрны пысылдап түс көрід жиі-жиі жымияды. Соңғы кездері өңіне қан жүгіріп, жүзінен уайым қашып еді. Мен де асып-төгіліп бір жасадым да қалдым. Көңілімде қуаныш бар. Бұрын-соңды өзім кездестірмеген асыл дүниенің қақпасын ашқандай боламын. Күмбірлеген күйге ме-ау, сыңғырлаған нәзік үнге ме-ау, әйтеуір, тұлабойымның құрысын жаздыра жеткен ғажайып сыбырға толы думанға тап боппын. Соның бәріне себепкер қуанышым да, қызығым да - сіңлім Айгүл.

Бұл сенің де Айгүлің, Қайрош. Менің жалғыз сіңлімді сен де аяла. Бүгін біз үлкен қуаныштамыз. Айгүл үш аттады, білесің бе, тұп-тура үш рет аттады. Бұл мен үшін қуаныш пен бақыт болса, Айгүл үшін алғашқы сын да тұңғыш жеңіс. Кесапатты қорқыныш, үрейлі күдік талпынған ойды, қанаттанған қиялды тұсап келген жоқ па еді. Кешке дейін күлгенін, сыңғырлай күлгенін естісең сен оның. Тұнық түннің таудан аққан мөлдір бұлағының сылқылдай аққан дыбысыңдай күлді. Сонсоң бір сәт ән тоғанын ағытты-ай келіп, менің кішкене бұлбұлым. Әдеттегідей мұң салқыны аралас әуен емес, өзгеше асқақ әсем әндерді шырқады бір. Тебіренте толғап, құйқылжыта берді, тамылжыта түсті. - Қосыл, тәте, қосыл,- дейді ән арасында мойнымнан құшақтап-құшақтап қойып. Ақшыл беттеріне қан жүгіріп, өзі де құлпырып кетіп еді сондай. Жұмыстан шығысымен әдейілеп қырға барып бір құшақ гүл теріп әкелдім. “Даланың көгіндей көктеп, қызғалдағындай құлпырсын, тезірек айықсын Айым” деп жүрмін ішімнен.

...Қазір таң алды. Тәтті ұйқыда жатқан шығарсың сен, түсінде кімдер бар екен, ал өзің менің алдымда

тұрсың қазір. Күлімдеген қарақат көздеріңді айырмай қарап тұрсың маған, Қайрош. Суретің тұр алдымда, паспортқа түскен кішкене ғана суретің. Нәскеннің альбомында бос жүр екен, алып кеттім. Басқаға керексіз болса да, дәл маған бұдан артық нәрсе табылар ма екен.

Біз училищеде оқып жүргенімізде он қыз бір бөлмеде жатушы едік. Кейде талай таласқан күндерде танды атыра талып барып ұйықтайтынбыз. Әрқашанда талас пікіріміз болмашыдан басталып махаббат жайына келіп тірелетін. Таластың қызуы үстінде дағдылы әдетінше түн ортасын асыра Сания келетін.

- Ей, күркетауықгар, ашындар терезені,- дейтін ол өзінің машықтанып алған әдемі шертісімен терезені қаға түсіп.

- Пәле, тағы да керісіп жатырсындар ма? - дей кіретін Сания тамақ салған тумбочкаға ұмтылып. - Қыздар-ау, күркетауықтарым-ау менің сол, махаббат жоқ дегенім қашан сендерге, түн ұйқысын төрт бөліп жортып жүрген мен таппағанда, сендерге не жоқ.

Бір күні, ұмытпасам июнь айының орта тұсы болса керек, Сания кезекті жорығынан оралып, әдеттегі айтысын бастасымен қасымда жатқан Рания иығымнан түртіп қалып, терезені ымдады. Түсіне қойдым: екеуміз таластың қызған кезінде терезенің алдындағы бір түптен өскен қос қайыңға кетіп қалатынбыз. Ашық терезеден сыртқа секіріп-секіріп түстік. Түн сондай тұнық, тымық екен. Баяу ескен жел де, бөтен бөгде дыбыс та жоқ, тек алыстан құлаққа талықсып қана ән жетеді. Жіңішке биік дауыспен шырқаған қызға, өлеңнің қайырмаларында зор үнді еркек даусы қосылып кетіп әсемдікпен жарасымды орындап тұр еді.

- Тамаша,- дейді Рания қайыңға шалқалай сүйеніп тұрып. - Тамаша! Әнеки махаббат әні, табысқан жүректердің әні. Сен, Мархаба, Санияға сенбе, махаббат бар, болғанда қандай. Аспанға қарашы,- деді кенет ол біраз үнсіздіктен кейін қайыңның түбіндегі көгалға отыра кетіп. Раниянның қасына жантайып қою қара барқыт түннің түпсіз аспанына көз тіктім. Кәрі әжейдің зарыққан көңілдің бір күңіренуін басқысы

келгенде жақсы тілекпен шашып кеп жіберетін құмалағындай болып жымындаған сансыз жұлдыз қадала қалыпты маған.

- Мархаба, сен маған өзіңнің жұлдызыңды көрсетші, мен де саған өзімдікін көрсетейін. Менікі анау, ең жоғарғы бұтақтың дәл ұшындағы жарық жұлдыз. Ол - мен, менің бақытым, болашағым. Менің махаббатым да сол. Мөлдір түндерде ылғи алысқа шақырады, асқарға мегзейді. Мархаба, сенде мынандай жағдай бола ма? Мен кей кездерде өзімді бір үлкен жол үстінде келе жатқандай сезінем. Ондайда алдымнан бақытым да, махаббатым да күтіп тұрғандай болады. Осы жұлдызды көрген сайын кеудемде бір арпалысқан сезім толқын ұрып, елеңдетіп кетеді. Сол сезім арымның сақшысындай арманыма бастайтын тәрізді. Сондай шақта өзімді-өзім түртпектеп: “Қалып қоймай дүрмекке ілес”,-дейтіндей боламын. Ондайда қадамың қарыштаған сайын алдыңнан алтын сәуле төгіледі екен.

Мен үндеген жоқпын, ойымды дәл тапқан Рания, неткен сергек ең. Сенімен Сания бірге туысты дегенге кім нанады, айырмаларың жер мен көктей-ау.

Рания мен үндемей қалған соң ойынан тез сергіп және бір сөз бастады. Жаны таза адамның елгезек келетіні бар ғой. Ұшып кетердей желпініп отыр.

- Мархаба, маған бір әдемі ой келіп отыр. Осы үйге, осы қайыңның түбіне тура он жылдан кейін келсек, жалғыз емес, жарымызбен, жақсы үмітімізбен келсек, дәл осындай қараңғы түнін таңдап алып табысар ек тағы да. Он жылдық өміріміздің өткен күндерін ортаға салар ек. Сонда менің қасымда орта бойлы ғана тығыншықтай қара мұртты еріммен, бес-алты жасар сары кекілді қызым болады. Күлме, Мархаба. Алпамыстай арбиған жігіттерді ұнатпаймын, олар шетінен икемсіз келеді.

Он жыл. Шатқалы мен соқпағы көп. Қызығы да, қиындығы да жеткілікті дөп-дөңгелек он жыл, Мархаба. Сен сонда толасың, мұнан да сұлулана түсесің. Сонда да мөлдір көзіңді танырмын бірден. Кел, Мархаба, серт берейік осыған.

- Берейік...

... Асыл құрбым, жан сырласым, қайда екенсің сен қазір. Қай жерде, қай қиырда жүр екенсің? Өзіңді сағынған сәттерде жұлдызыңды іздеймін мен. Қазір де тереземнен көрініп тұр. Жарқырап тұр дәл өзіндей боп.

...Қайрош, мен мұны жазғанда сені ойлап отырмын. Нені ойласам да, нені қиялдасам да ойымның бір ұшында сен боласың, сен тұрасың елес беріп.

Ертең бірінші май. Сенің кеткеніңе тура төрт ай, жылдың үштен бір бөлігі. Содан бері бір жапырақ қағазға жазылған бір ауыз сөзің жоқ. Үндемейсің, тымтырыссың. Сенің мені ұмытқаныңа сенбеймін. Ұмытпайсың сен, қоштасар сәттегі бір ғана көзқарасың бәрін айтып кетіп еді маған, “Махаббат тілі - тілсіз тіл”,- демеп пе еді ұлы Абай. Сол айрылысар шақтың көрінісі, сондағы жанармен жетер өтініші, жан-дүниемді ойран асыр ғып, ұшқын тастап, маздатып кеткен жүрек отын.

Әр адамның қасындағысын көрмей жүріп оқыс оянғандай халге душар болатыны рас. Сол бір сәт сағат, мерейлі минутта селк еткен көңіл мен діріл қаққан жүрек күтпеген жерден тапқан жанына риясыз ұмтылып, құмарлана аңсайды. Өзін қоярға жер таппай шыдамсыздана тықыршып сағат сайын ұлғайып бара жатқан құштарлықпен аңсайды. Барлық тәтті үмітпен, ащы күдік қабаттасып, араласып келіп тар кеудені толтырып тастайды. Менің сондай әбігер қалпым сен кеткен күні басталған.

Пәк ернім, кінәсіз ернім тұңғыш рет сенің ерніңмен табысқан жоқ па еді. Сол бір алғашқы асығыс сүйіс қазір жанымда қайта жаңғырып, бәрін көз алдыма алып келуде. Бетің қызарып, қос жанардың ұшқыны алыстағы нажағайдың жарқылындай жарқ ете қалып, тез жоғалып еді-ау. Бөлменің ортасында ыңғайсыздана кібіртіктеп қалған түрінде қымсыну да, ынтығу да бар еді. Біз сонда алғашқы сүйісумен балалықтың ауылынан ұзап шығып жастықтың жайлауына бет түзеген екенбіз ғой...

Бесінші хат

Саған хат жазбағаныма да көп болпты-ау. Ақырғы хатым майдың басында жазылған еді ғой. Қазір июнь басталды. Жадыраған жаз шықты мұнда.

Жаңалығым көп-ақ. Айгүл үй ішінде жүріп жүр. Бірақ әлі де жүгіріп кеткен жоқ, көп жүрсе шаршап қалады. Сонда да ол үлкен жеңіс үстінде. Айгүл бұған өзінің табандылығымен жетті. Кеше мүгедек болса, бүгін сау, қара жерді қайта басып жүр. Бұл қуаныш емес пе?

Тағы да бір қуаныш, биыл біздің мектеп алғашқы түлектерін ұшырды қияға. Мектеп бітірген онынші класс оқушылары түгелімен заводқа кетті. Он бір өмір, он бір тағдыр алғашқы қадамдарын бір бастады, бірге адымдады. Алғашқы өмір жолдарын батыл таңдады, тайсалмай нық басып кетті. Қайрош, оқушыларының әр жеңісінде, ұзақ, үздіксіз еңбегімен алған әр асуында ұстаздарының үлесі бар емес пе. Ақынның тілінде, әншінің үнінде, ғалымның ойында, малшының бойында сонау жас күндерде ұстаз алдында туып өркендеген жеміс бар ғой. Бұл - біздің мақтанышымыз, қуанышымыздың айғағы.

Саттар ағай (рудник бастығы еді ғой) орнынан түсті. Жасы жеткен адамның еңбегін бағалап құрметті демалысына шығарудың өзі мереке болады екен. Ойламаған жайды кездестірдім сонда. Мәлике Саттар ағайдан дәл сол күннің ертеңінде ажырасып кетті.

“Шалмен шал болып отырар жайым жоқ. Өзі кәрі болғанымен бұрын көңілі жас еді. Енді шайын қайнатып беріп отыратын теңін тапсын. Жұрт не десе о десін, жұлығымнан келер ме екен өсегі”,- депті.

Кеше мені мектептің қасынан кездестіріп қап:

- Сіңлім, тоқташы, - деді қасыма жақындап. - Мен сені “жесір” деуші едім. Күлген басқа келеді екен. Байдан бездің деп ем, өзім кеттім міне ha-ha-ha. Сонда да менің сылтауым басым. Қайраты қашқан шалдың көңілімнен шықпағаны қашан. Тұғырдан тайған соң болмайды екен. Құшағында ыстық құмар, отты леп

жоқ. Құр көңіл арындаған асауды көндіре алмайды, тез шаршайды. Ұйқысыз түндерім бір қандырмады-ау, қайтейін,- Мәлике өз өзінен мәз болып күле берді. - ha-ha, сіңлім, бойдақ-боздақтарды маған да ескере жүргейсің. Ал мен кеттім. Біздікіне келіп жүрсейші.

Бұған не дермін. Ойындағысы бойында тұрмайтын, аузын ашса аржағы түгел көрінетін тайыз байғұс.

Айтпақшы, тағы бір қуанышты хабарым бүгін қалалық оқу бөлімінен Айгүл екеумізге Қырымға курортқа жолдама келді. Тура бір айға Қара теңіздің жағалауына. Дәрігерлер Айгүлге өте пайдалы болады дейді. Айгүлдің қуанышында шек жоқ. Жаңа ғана теңіз жайында өлең шығарып әуреленіп отырған, қазір далаға шығып кетті. Қалай деп отыр еді, ә:

Теңіз, теңіз, көрем бе,
Оралсайшы өлеңге.
Тәте, бүгін тыңдашы,
Қуаныш көп денемде.

Қайыржан, сен өзің қарашы, шын ақын емес пе, Айгүл. Ұйқасы да, сөздері де келісімді. Мен бұлай шығара алмас ем. Қайыржан, сен теңізді көрдің бе? Айтпақшы сен Балқашты көргенінді айтып-еңі-ау. Сонда “Көл деген дәл аяғыңның астына кеп құлаған аспан. Ол да көк, оның да шеті, шегі жоқ, жатқан бір ұлылық, тәкаппар паңдық, мөлдір тереңдік, көлгір тыныштық, ашулы ағыс, тулаған толқын” демеп пе ең. “Теңізді, көлді түнде көр; сонда барлық әлем жұлдыз болып жымыңдап, күндізгі ашулы толқын мүләйімсіп, жаяу жылжып, үнсіз сыбырлап сыр шертеді”,- дегенсің.

Бұл жақта нағыз жұмбақ қазір. Ми қайнатқан ыстық та емес, ашулы долы желі де жоқ, нағыз жер жаннаты. Сенің туып-өскен жерің, Қайрош. Маған да ыстық бұл өлке. Әсіресе клубтың желке тұсындағы қайыңды шоқ әдемі емес пе. Кешке қарай онда біз Айгүл екеуміз әрдайым қыдырып қайтамыз. Батып бара жатқан күн әр қайыңның басына қызыл шапағын іліп тастап бір байып қалатын. Сол сәт ағаштың түбінен жарыса қашқан көлеңкелер алысқа кетеді.

Көлеңкенің тасасында тұрып, батысқа қарасаң, қызыл сәулелер көзіңе құйылып әртүрлі бояумен құлпыра түседі. Торғайы қандай көп, әрқайсысы өзінше шырқай жөнелгенде орман ішін симфония оркестрі билеп алғандай болады. Қызық-ақ, тамаша! Бір ғажабы сол бір жабайы шоқ қайың қалай сақталып келді екен осы уақытқа дейін.

Алтыншы хат

Мен бұл хатты саған Қырымнан жазуға тиісті едім ғой, Қайрош. Кейбір жағдайларға байланысты ондай әдемі арман орындалмай қалды. Уақа емес, алда әлі талай жаз бар емес пе.

Қазір июль өтіп қалды. Біз болсақ әлі жұмыстамыз. Мектеп салып жатырмыз. Не жазып кеттім, бәрін басынан түсіндірейін. Соңғы хатымда жолдама алдық деп жазып ем ғой. Буынып-түйініп жүреміз деп отырғанымызда рудник комсомолдарының жиналысы болды. Өзің білесің бізде комсомол жастар көп қой. Жалғыз бөлмелі ескі клубтың ішіне сыймай кеттік. Жаңадан сайланған рудник бастығы да келді. Жасы қырыққа кеп қалған орта бойлы, жуан кісі екен. Етженді денесін әрең қозғап, ентіге басып кірді. Төбесінің дәл үстіндегі бес-алты шашын тілмен жалағандай бір жағына қисайта жатқызып тастапты. Шарасынан шығып тұрған бадырақ көздерімен клубтың ішін шолып өтіп, амандаспастан президиумға барып ауыр отырды. Тығыз жұмысынан бөлдік пе жақтырмаған ыңғайын танытып, қалың қабағын түсіріп алыпты, сүзіле сүзе қарайды. Жиналыста қаралатын бір-ақ мәселе - мектеп құрылысы.

Қайрош! Мектебіміздің сиқы өзіңе белгілі емес пе. Бір класқа бару үшін екінші класты басып өтуші едік қой.

Рудник бастығының бізді түсінер түрі болмады. Енді бір он жыл сол мектепте оқытсақ та, ештеңе ойламайтын сияқты.

- Қаржы жоқ, адам аз,- деп орнынан тұрмастан еріне сөйледі. Даусында жаралы аңның ыңыран-

ғанындай дыбыс бар. - Осы уақытқа дейін оқытып келіпсіндер, оқып келіпті. Бұрын неге көрмегенсіндер? Келісімен сендерге орната салатын менде дайын мектеп бар дейсіндер ме әлде?

Орнымнан ұшып тұрғанымды сезбей қалыппын. Бетімде ашу толқыны жүгіріп өтсе керек, Мәнсия қолымды қысып тыныштандырып жатыр!

- Сізге дейін мектеп салынбаса, кінә бізден емес. Сіз сияқты бұрынғы бастық та маңына жолатпаған. Басқалар салмаған мектепте менің не жұмысым бар деп отырған шығарсыз. Тыныштық кімге де болса керек. Бірақ қайтсе де біреу бастайды ғой. - Бастық үндеген жоқ, көзінің астымен маған бір-екі қарап қойды. Қасымдағы жастардың қуаттай қараған көздері тағы да "айт, айта түс" дегендей еді. - Сіз бастаңыз. Қолдан келген көмекті біздер аямаймыз. Үндемейсіз ғой. Жолдастар,- дедім жастарға бұрылып, бастық үндемей отырып қалған соң. - Жолдастар, жалынып, жалпайып болған жоқпыз ба? Өзіміз-ақ саламыз. "Көп түкірсе - көл" деген. Қай ата-ана көмегін бермес. Жабылып істейміз, бірігіп саламыз.

Дауыстар шуылдап кетті.

- Дұрыс, дұрыс.
- Жарайсың, Мархаба!
- Өзіміз-ақ салып аламыз.
- Клуб та саламыз.
- Жастар бригадасын құру керек.
- Бригадирі Мархаба болсын.

Көзіме кеп тығылған қуаныш жасының арасынан желкесі шүдірейіп, дуылдасып жатқан көпшілікке бұрылмай бұға басып шығып бара жатқан бастықты көрдім.

Сөйтіп қас пен көздің арасында, ойламаған жерден Мархабаң бригадир болып шыға келген еді.

Жетінші хат

Бүгін шаршап келіп отырмын. Бірақ бұл жанға жайлы, рахатты шаршау. Қара жұмысты бұрын істеп көрмесем де, енді-енді үйрене бастағандаймын.

Алғашқы кездегі қиындық артта қалды. Мойын ұсынған жанға мұның да ауыртпалығы болмайды екен. Тек тәртібіне көндігіп, күнделікті ритміне дағдыдансаң қиындығы да шамалы. Күн кешке айналған сайын, бойыңды алған дел-салдық күшейе бастағанымен, соғұрлым кеудең бір түрлі жеңілденіп, күндізгі істеген жұмысыңа көз тастап тұрып мейірлене күледі екенсің. Еңбегіңнің нәтижесі көбейген сайын үйге қайтқың келмей қыбырлай бересің, қиылдай түсесің.

Күн демалыс болғандықтан жұмысқа ауылдағы еркек- әйел, бала-шағаның бәрі шықты. Мен оларды топ-топқа бөліп, өздеріне тиісті жұмыстарына жібердім. Ерлер бригадасы фундаменттің орнын қазуға кірісті, ал әйелдер бригадасы күні бұрын айналдырып иін қандырып қойған қырманға барып қыш құйып жатыр. Ал, біз жастар тобы іргеге төсейтін тасты машинамен тасыдық. Тас тиеу - ауыр жұмыс екен, екі қарың талып, көтертпей, тұлабойың ұйып дел-сал күйге түсесің. Бірақ өлендетіп жүріп істеген жұмыста шаршау бола ма, болса да біліне ме. Жігіттер бірімен-бірі жарысып, намыстарына тырысып, үлкен-үлкен тастарды қосқолдай лақтырғанда машинаны ілезде толтырып тастайды. Кезекті машинаны жөнелтіп тастап келесі машина келгенше дем аламыз, отыра қалып, қосылып ән шырқаймыз. Қордабай тіпті бір дорба картоп алып келіпті, от жағып жіберіп, шелек асып, пісіріп жатыр. Ал Айтжан ше, шофер, білесің ғой, сол бір келгенінде он шақты бөлке нан алып келіпті, ыстық картопқа қосып тамақтанып алдық.

Түске таман мен құрылыс басына қайтып келдім. Ол жерде де әзіл-күлкі, қалжың-қақтығыс дүрілдеп тұр. Шыдап отыра алмаса керек, бір кезде қыш құятын қалыбын көтеріп Айтжанның атасы келді. Бешпетінің жеңін түріп алыпты, екі етегін беліне қыстырған. Жетпісті алқымдаған атайдың сол бір келісі ерекше толқын енгізгендей жұмысты қыздырып әкетті.

- Іске сәт!
- Айтсын.
- Көмегі сізден болсын.
- Өзім де көмектесуге келдім. Үйде отыра алмадым, қарақтарым,-деді атай, бөркін шешіп тастап,

тақиясымен ғана қалып. Тақиясын қызыл барқыттан тіккізіп, әдемі оюмен өрнектеп қойыпты. Сапардың шешесі атайға “жезде”-деп қалжындай беретін жайы бар екен, қолындағы күрегіне сүйеніп тұрып, әдемі даусымен шырқап жіберді:

Күмістен таққан шашпауым,
Мен бір өнер бастайын.
Тақияңмен, жездеке,
Терімді сүртіп тастайын.

Жұрт жиналып қалды. Әйелдер Салиқаны қоршап алыпты. Атай да өлеңнің соңын тосқандай алақанын құлағына көлегейлей төсеп тұр.

Жұрт қыран-топан күлкіге батты да қалды. Әсіресе әйелдер жағы мәз. Сұқ қолдарымен беттерін жыртардай жүгіртіп өтіп сылқ-сылқ күлісуде. Еркектер де топтала қалды. Кейбірі шын көңілмен аңқылдай күлсе, қайсыбірі намыстанып қалғандай атайды қайрап жатыр:

- Қатырды!
- Оңдырмады.
- Сәке, намысқа тырысыңыз.
- Аузына құм құйылса, қалай сөйлесін.
- Иіскетіп жіберді, ащы тисе керек, есеңгіреуі жаман ғой өзінің!

Атай екі қолын көтеріп, “тыныштал ыңдар!” дегендей белгі берді де, басын тік көтеріп алды. Сол сәт екі көзі ерекше ұшқын шашқандай жайнай түсіп, түсер жеміне түйілген ақиықтай қомданып алып, өлендете жөнелді. Даусы зор екен, әрбір сөзі тасқа таңба басқандай айқын естіліп, саңқ-саңқ шығады.

Қыран едім қайтпайтын қарсы барып,
Тегеурінім әлі де қаршығалық,
Тақиямда бар еді төрт-бес ине
Қата тиіп кетпесін қан шығарып.

Салиқа отыра кетті, тырс етіп тіл қата алмай қалды, сасқанынан балшықты уқалай берді. Еркектер тағы да шуылдай жөнелді.

- Пәлі!
- Дөп тиді, тура тиді!
- Түйіп түсті!
- Түйіп түскен жоқ, қандыбалақ қырандай қиядан келіп іліп түсті.
- Өлмегенге қара жер, өлсең соған бара бер.

Шулаған дауысты тиған да атайдың өзі, қалыбын жуып жатып:

- Жігіттер, ойын өз алдына. Осы қызық та жетер, жұмысқа кірісіндер, - деді.

Қайыржан, қазіргі жағдай осылай. Жұмысқа әбден үйреніп алдым. Алғашқы кездерде, ұйықтап тұрған соң бойым көтертпей, аяқ-қолым зіл басқандай ауырлап, икемге әрең көнетін.

Қазір ондай емеспін. Ертемен тұрып алып гимнастика жасап жібергенде, тұлабойымның құрсаған құрыс-тырысы жазылып сала береді.. Арықтаудың орнына осы күндері тура үш килодай қосыппын, сірә, жұмыс тамақты көп ішкізгендіктен шығар.

Жақында нағашым келіп қайтты. Балалар үйіне кеткеннен кейін бірінші көруім. Бір-бірімізді қатты сағыныппыз, күліп те, жылап та алдық. “Қарағым, сені де көретін күн бар екен-ау, күн бар екен-ау” - дей береді нағашым орамалымен көзін сүрте түсіп. Шоқша сақалын бурыл шалыпты, бұрынғы ілмиген арық денесі, терісіне сыймастай толған, түрінде маңғаздық бар. Қазақтың бір жаққа барса бар киімін қабаттап киіп алатын әдеті бар емес пе, нағашымның да үстіндегі қабат-қабат киімдерінің бәрі де инеден шыққандай жаңа, қонымды екен. Қара барқыттан тіккен кең шапанын шешіп тастап, төрге отырды да, асықпай насыбай атты. Самауырды қоюға далаға шықсам, есік алдында қолында үлкен қара чемоданы бар бір әйел тұр екен.

- Сәлеметсіз бе,- дедім мен бейтаныс адамды шолып өтіп, - үйге неге кірмей тұрсыз.
- Біздің кісі өзім шақырғанда кір деп еді... Сіз Мархаба болмайсыз ба?
- Иә.

Қолымдағы самауырынды жерге қойғызбастан әйел бас салып құшақтап дауыстай жөнелді.

- Тұлпар өтсе даламен, шаңы қалар артында. Дихан өтсе даламен, дәні қалар артында. Өзі өлсе де жақсының сөзі қалар өлместей, әр адамның отында, көзі қалар сөнбестей.

Есім шығып кетсе керек, жыларымды да, күлерімді де білмей, әйтеуір, белгісіз әйелдің құшағына тығыла түсіп тұрмын. Бірте-бірте кеудемнің сонау түкпірінен әлсіз дір етіп бір өксік жетті де, іле көңілімді бұзып мені де еңіретіп әкетті. Анамның атын атап жылаған әйел бірде шешемнің өзіне де ұқсап кеткендей болады. Бетіме тамған ыстық жасы ұмтылмас боранды түндегі анам елжіреуін тағы жекізді.

Жөн сұрадым. Бұрынғы жеңгем қайтыс болған соң, жылын өткізіп нағашым осы кісімен бас қосыпты.

Шын толғанған кісі ақын боп кетеді-ау деймін сөздері түйдек-түйдегімен ұйқастала шығады. Екеумізді нағашымның: “Тоқғаңдар, тостағаңдарыңды жеткілікті сулапсындар ғой. Қамаш, Мархабаға көмектесіп жібер, шайды тездетсін, шөлдеп келгенімді білесің ғой”,- деген үні ажыратып жіберді. Нағашымның мінезіндегі оқшау өзгешелікті бірден байқадым. Мархұм жеңгейдің алдында даусын қатты шығарып сөйлей де алмайтын, көзіне көп түспей, ығысып, шеттеп жүруші еді. Сол кездердегі бір күлкілі жағдайы есімде қалыпты.

Қыстың кеші болатын, шамы жағылмаған ала-көлеңке бөлмеде нағашым маған ертек айтып отыр. Әңгіме-ертекті көп білетін және оларды бабына келтіріп айтушы еді. Ертектің қызығына түсіп кетсек керек, жеңгейдің келгенін білмей қалыппыз. Ол кезде ұнды қол диірменмен тартып алушы еді ғой. Жеңгей бізге тартып қоюға бір аяқ бидай қалдырып кеткен, ертекгің қызығына батқан біздер диірменді жайына тастаған едік. Жеңгей ызғарын шаша келді. Қолында көрші үйден ала келген оқтауы бар.

- Жаның адыра қалғыр шірік-ау, аздап қолың қимылдаса жаның шыға ма. Бидайды неге тартып қоймағансың,- деп кәрін жиып ала қойды. Нағашым үнсіз диірменнің қасына отыра берді.

- Тәйт әрі! - деді жеңгем саңқ ете қалып, оқгаулы қолы жоғары көтеріліп қалыпты, нағашым екеуміз үйден атқып шықтық. Күн шымыр аязды екен. Менің

үстімде қалың киімім бар-ды, байғұс нағашым жалаңбас күйінше шығыпты ғой, бүрісіп тоңа бастады, екі қолымен құлақтарын қайта-қайта уқалап тыным таба алар емес. Есік пен терезенің арасында зыр жүгіріп жүр. Нағашыма жаным ашып барады, бірақ менің қолымнан не келуші еді. Бір кезде нағашым есіктің алдына батыл жетіп барды, бір іске белін бекем байлағандай. Мен де қасына таяндым. Нағашым бұрылды да: “Құдай өзі берген жанын өзі алар бас киімімді ала қашайын ба осы, ала қашайын ба, - деп есіктің тұтқасына қолын соза беруі-ақ мұң екен аржағынан аюдай ақырып жеңгем шыға келді, сойылдай оқтауын тастамапты әлі. Нағашымның шегіне беріп сүрініп құлап түскені. Жеңгем үстіне төніп-ақ барды. Нағашым қасымда тұрған шелекпен басын жасыра берем дегенде, шелектің ішіндегі бір кеседей мұз аралас суық су үстіне ақтарылды да қалды. Жеңгем де аяп кетті ғой деймін. - Қоянның түрін көріп қалжасынан түңіл деген, андағы денеңнің жүрек тұратын жері де жоқ екен. Сенен не үміт, не қайыр. Бар, үйге кір, құстөсекте жатқандай аунайсың ғой өзің қара жерге,- дегені.

Нағашым екеуміздің күткеніміз де сол емес пе, жылы бөлмеге қойып-қойып кеттік.

Жоқ, мына нағашым мүлде басқаша, даусы да мығым, жүрісі де ширақ.

Олар оншақты күн боп кетті, мені каникулда аулына ала кетпекші болып келген екен. “Жұмысым бар, ғафу етерсіздер”, - деп жалынып әрең қалдым.

- Қарағым, - деді нағашым поезға мінерде маңдайымнан сүйіп қоштасып жатып. - Қарағым-ай, екі-үш ай демалысыңда жұмыс істемей-ақ тыныңып алғаның жақсы еді ғой. Дүниенің түбіне жеткен адам жоқ. Осы жұмысыңнан алатындай ақшаны өзіміз де жинап берер едік те, бірақ ақшаны тым қуа берген де жаман.

- Нағашы, мен ақшасыз істеп жүрмін. Сондағылардың бәрі босқа істейді. Қолдары бос уақыттарында кезектесіп келіп істейді.

- Не дейді? - деді нағашым мандайымдағы қолын жұлып алып. - Не дейді, рас айтасың ба?

- Рас, нағашы.

- Бір тиын да алмайсың ба? - деді ол әлі сеніңкіремей, басын шайқай түсіп, жеңгейге естіп тұрсың ба дегендей бұрыла қарап қойды.

- Сәулемнің өзі біледі де, біздің кісі-ау, несіне шала бүлініп тұрсың,- деді де жеңгем менімен құшақтасып қоштасты. Сол екі арада поезд да келіп қалды.

- Қарағым, не істесең де өзің біл. Мен сені үйретпейін, қайта сен мені үйрететін халдесің. Мүмкін маған жұмбақ өмір шытырманы саған айқын шығар. Жастар өмір сендердікі, біздің қуанышымыз да, қайғымыз да сендей күндерімізде тек өзіміздің басымызда болатын. Заман басқа еді ғой. Өзің біл, күнім өзің біл,- деп нағашым жылжи жөнелген поездың басқышында тұрып қолымды қысып жатыр. - Сау бол күнім.

Ең жақын адамдарыңмен кеудеңнің түкпіріндегі көзге көрінбейін тылсым қылдармен байланысып қаласың ғой. Жүрегіңдегі сол қылдар айрылысар шақтарда бырт-бырт үзіліп, ауыртып, күрсінтіп кетеді екен жаныңды. Көзіңнен ытқыған жастарынды тыя алмай мұңайып қайтасың үйіңе ондайда.

С е г і з і н ш і х а т

Япырай, ауру, неткен аянышсыз қатыгез ең. Соншама қысқандай жас дене, не істеді саған? Ең болмаса еңсесін алсаң да, есін алмашы. Көрсетші мені көзіне, таныттшы мені. Аласұртып іздете бермеші, қасында отырмын ғой, білдірсейші, тыныштық бер-сейші жанына.

Қайыржаным, міне екінші күн сенің қасыңда отырмын. Алаулап күйіп-жанған денеңнің ыстығы басылар емес. Осы қалпыңнан ары да, бері де қарар емессің, күйдіріп-жандырған, еркіңді алған ыдамсыз азап үстіндесің сен. Аузыңнан атқыған ыстық леп қандай күшті, ауыр-ауыр дем алған сайын, қинала күбірлеген сайын күйдіре шығады, шарпып өтеді менің де жаралы жанымды. Ауық-ауық ерніңді жалайсың, үнсіз қарманасың, үстіңе жапқан көрпені қайта-қайта

ысырасың, жапқызбайсың, бірақ сонда да “ыңқ” етіп ауырсынған жоқсың, Қайрош.

Ауру-ай, азап-ай неткен қатал ең! Бар салмағынды соншама үйіп-төккендей не жазды саған бұл мүскін.

Қайрош, көзіңді ашшы, көрсейші мені, қиналмашы. Қолынды әлсіз ғана созып мені неге іздейсің. Келдім ғой мен. Қасыңдамын, сендікпін. Қайда, қайда кетемін мен сенен. Жаралы жаныңды тырналап, жоқтамашы жоғалтып, аңырап оралдым мен саған. Кірпігің әлсіз қимылдап, ернің зорға қозғалып мені шақырасың тағы: “Мархаба, Мархабам! - дейсің екі-үш-ақ күнде еттері қашқан қолдарынды әрең көтеріп. - Тындашы, кетпеші кет-пеші. Ә, ән, ән, өн бе. Қазір, кд-зір. Саған айтам, өзіңе айтам... Қалай еді... Иә, иө...

Мен келдім... Мен келдім жасқа толып күнім саған. Бір ауыз айтар сөзің, япурай, бар ма маған...

Мархабам, Жоқ, жоқ, Серік пе. Ол емес. Қайда кеттің... Мені тастадың ба... Қайда, қайда кеттің, Мархаба?..”

Қайрошым, сұлқ үнсіз қалдың. Екі көзіңнен мөлтілдей аққан жасың тынар емес. Өкси терең күрсінесің, дөңбекши аунайсың. Кейде бір сәт көзіңді ашасың. Сол кезде еңкейе түсемін мен, танымайсың. Көзіңді жұмасың, тағы да қатты қиналып жатып сандырақтап кетесің.

“Мархаба, сен неге өкпелейсің. Шатқал ма, құз ба, өзім, өзім өткіземін. Әкел... әкел қолынды. Өзен, тағы да өзен. Құлама, босатпашы! Уһ!”.

Кеуденді ашып тастап біраз үнсіз жаттың. Кеберген ернінді жалай бересің. Бетіңді моншақ-моншақ тер басып кетіпті, тыныштық табар емессің. Екі оттың ортасында мен де отырмын. Сенің әрбір қимылың, қынжылуың он есе артығымен жаңғырып кеп менің кеудеме құйылуда.

Ең жақын адамыңның қиналғанын қасында көріп отырып, қолыңнан түк келмейтін шарасыздықтан ауыр не бар екен?

Уа, дәрігерлер, көздерің көрмей ме, неге бірдеме жасамайсындар, қиналды ғой жаны! Сендерден ғана көмек күтеміз, тезірек бауырларым, тезірек қимыл-

дандар. Қасиетті емдерің, құдіретті қолдарың қайда, дәрігерлер! Туған жердің арайлап атқан таңын көрсің, Қайрошым. Еліне, жеріне деген махаббатының әдемі әнін шырқасын! Бұлбұлын тыңдасын тоғайының, шалғынын бассын көктемінің, қызғалдақ-гүлін терсін жас өмірінің әлі талай. Шынымен ақырғы ақтық сағаты таяу ма? Шықпаған асқары, ұшпаған аспаны көп емес пе еді. Ашылмаған гүлі, басылмаған жолы қаншама. Арманының асуы, қиялының қиясы бар емес пе еді алдында. О дәрігерлер, асығындар, бауырларым!

Қайыржан, көзімнің қанды жасымен жазылды бұл хатым саған. Бүгін міне екі күн жаным жылаулы. Тым болмаса әлсіз жылтырар үміт сәулесін де бермейсің. Мұрттай ұшып құлаған күніңнен бері осы бір сандырақ күйде жатырсың. Кейде бір сәт қалғып кеткенде өзіңнен айрылып қалғандай селк етіп шошып оянам, ұйқы қашқалы қашан менен...

Биылғы күз сұрғылт суық күндерімен ерте басталып еді ғой. Октябрьдің ортасынан ауа күздің сылбыр жауынды күндері түсіп алып арылмай қойып еді. Сіркіреген суық жаңбырдың арты қарға ауысып ызғарлы күндері тіпті бүрсеңдетіп кетті ғой. Ерте түскен қарға қуанбайды да екенсің, беймезгіл келіп қалған жақтырмайтын жатындай әсер етіп, ызғарлы лебін таныта жеткен қыстың басы.

...Мектептен келсем, менің атыма тығыз телеграмма жатыр екен. Ашып жіберіп: “Мархаба тез жет. Қайыржан қатты ауру. Бекет”,- деп жазылған сөздерді көзім бұлдырап оқи алсамшы. Айгүл орындыққа отырғызып мойнымнан құшақтап жұбатып жатыр. Ертеңінде саған жеттім. Сенің достарың күтіп жүр екен, такси алып тура ауруханаға тарттық. Кеудемде қайғы жатса да, сені көрем-ау деп тәтті үмітпен келсем, өлім мен өмір арасында жатқан сен танымадың мені, тек менің атымды атап шақырып жатыр екенсің. “Дауысташы, дыбысыңды естіртші”,- деді Бекет сенің маңдайыңның терін сүртіп жатып. Бірақ сен ешнәрсені естімедің. Үйқылы-ояу қалпыңнан бір айнымай сандырақтай бергенсің.

Күндізгі жұмыстан кейін далада қыдырып қайтуды ұнатушы ең-ау. Кеудеңе бір тәтті қиялды қондырып

ап, үнсіз, ұзақ қыдырып кететінсің. Ондай кездерде айналаңа күлімдей көз тастап сұқтана қарайтынсың, күлімсірей түсетінсің.

Сол күні әдеттегідей әдемі қиялыңды “Құтқарыңдар”,- деген жалғыз үн бөліп жіберіп еді. Жағасын қоршай қамыс өскен қарасуға тұра ұмтылған сен қираған мұздың арасында бір батып, бір шығып жүрген баланы көріп ең. Пальтоңды лақтырып жіберіп бірақ секіріпсің суға, үстіңе жабыса мініп алған бала қимылыңды еркіңе жібермей тұсап қойып еді. Екеуінді көтере алмай жармасқан мұздарың сына берген. Содан жанталасып жүріп алып шыққансың сен оны. Түнге қарай шекең солқылдап, қызуың көтеріліп ауырып шығыпсың. Содан әлі жатырсың. Ойпырмай, денеңнің күюі-ай, қол тигізер емес.

Ауырып жатырсың сен міне. Өңің түгіл түсінде көрмеген баланың тірлігі үшін өміріңді аямадың, Қайрошым. Мүмкін сол қас пен көздің арасындай сын сағатта ешнәрсені ойламаған да шығарсың. Тірлігі үшін арпалысқан адамға қолынды жая ұмтылдың сен. “Апалап” шыққан үнінің үзілмеуін, еркелей сыңғырлаған күлкісінің тоқталмауын тілеп ең-ау. Өзің ше, сенің де өмірің аяулы емес пе?!

Жо-жоқ, не деп кеттім мен, жаным. Сенен басқаша жайды күтер де ме ем. Сен мұндай болмасаң, жаның таза болар ма еді, ынтығар ма ем мен саған. Осыдан жазылып шықсаң, осындай оқиға тағы кездессе тайсалмас ең, тағы барар ең, бір емес мың рет барар ең, өйткені сен сондайсың, Қайрошым.

Ауырып жатырсың сен. Маңдайыңнан суық тер шып-шып шығып қара көздеріңнен сорғалай аққан жастарыңа қосылуда. Кімді ойлап жатыр екенсің? Көзіңнен ытқыған жасың қайғың ба, зарың ба қинаған жанынды”...

Хат осымен үзілді. Дәптерді жауып біраз үнсіз жаттым. Көз алдымнан Мархаба, Айгүл, Серік зымырап өтіп жатыр. Көзімді жұмдым. Міне Мархаба екеуміз қыдырып келеміз. Құшағымыз толы гүл. Мархаба маған күле қарайды. Жүзінде қуаныш.

Кенет үшеу боп кеттік. Қасымызда Айгүл келеді,

қол ұстасып алыппыз. Мархаба иығыма басын сүйейді, Айгүл сыңғырлай күліп жүгіре жөнеледі...

- Сестра, қағаз бен қалам беріңізші...

Қызыл дәптердің бар сыры осы, достым.

1963 жыл, Мәскеу.



АРМЫСЫҢ, АНА!

Армысың, анам! Араға екі жыл салып асығып келем өзіңе. Әр күнің жылдай боп, жолымды тосып асығып жүрсің-ау, ана. Қауышар күн де таяу. Бірақ сол аңсаған күннің алдында қаншама жыл жатқан еді.

Есіңде ме өткен күндер елесі? Көбін ұмытқан да шығарсың? Тыңда онда, ана. Барлық сырымды ашқалы отырмын.

* * *

“Жетім” деуші еді мені, “жесір” деуші еді сені. Шыдадық біз. Жетім деген балалармен төбелесіп кеп, саған жылай мұң шаққанымда көзіңе жас толып, ауыр-ауыр күрсініп, жұбата бастаушы едің мені. “Әкем қайда? Кім менің әкем?” - деген сұрақтарға бірден жауап бере алмай, мұңлы көздеріңді тайдырып әкетіп, - әкең соғыста,- дейтінсің. Сәби жүрегім илана сеніп, күтетінмін мен оны. Бірақ әкем қайтқан жоқ.

Сен мектепте істейтінсің. Сол жылдары бір аяғын сылти басқан Ақан деген мұғалім ауылға келіп еді ғой. Кеудесі орден мен медальға толы, қою мұртты мұғалімді балалардың бәрі ұнатып кеткен-ді. Сол кісінің қара көздерінен адамды өзіне тартарлық жылылық сезіліп тұратын. Әсіресе, мен жақсы көретінмін, өйткені үйде тұрған әкемнің суретімен Ақан ағайдың бет пішінінен ұқсастық табатынмын. Мен де мұғалімнің сүйікті оқушысы болдым. Бірақ екі жақтың қалыптасқан осы ыңғайластығы ойламаған жерден бұзылып кеткені. Әйтенді білесің ғой. Біздің кластың сотқары сол болатын. Бір күні сол үлкен үзілісте мұғалімнің орындығына шеге қағып жатыр екен, қолындағы балғасын жұлып алдым.

- Әй-әй, жұмысың қанша балғада, әкел бері, -деді Әйтен нық-нық сөйлеп. Бергем жоқ, бастары шығып тұрған шегелерді батыра-батыра қағып тастадым.

- Өгей әкеңе жаның ашиын деген екен. Кейін үйіңе кіргенде ұрмасын деп, мүмкін осы бастан жағымпазданайын деп жүрген шығарсың,- деді Әйтен мысқылдай күліп. Төбемнен біреу суық су құйып жібергендей аздап сілейіп тұрып қалдым да, құлақ шекесіне бағыштап жұдырығымды қонжитып жібердім. Ол да борышты боп қалған жоқ, жауабын тез қайырды. Сарт та сұрт төбелес басталып кетті. Ештеңені сезер емеспін, алысып жүрмін. Екеумізді келіп қалған Ақан мұғалім екі айырып жіберіп:

- Мұның не, Жұбаныш? - деп сұрай бастап еді, жауап берместен қолынан жұлқынып шығып, сумкамды ала сап, кластан шыға жөнелдім. Есіңде ме, апа, ең алғашқы түсініспеуіміз. Күздің суық күні еді ғой. Қылаулап тұрған алғашқы қардың ызғарын кеудеме толтырып, долдана кіріп, оқушылардың дәптерін тексеріп отырған саған тесіле қарап тұра қалдым. Оқты көзбен атып, іштегі менменшіл зәбірдің шешуін таба алмай тұрған мені құшақтай алып: - Не болды, Жұбаныш? - дедің сен. Үндеген жоқпын. Тіл қатқым келмеді. Сүйіп келген адамымды, ана сені сол жерде тұңғыш рет жек көргендей болып едім. Түк білмегендей “не болды?” деген сұрағың жайбарақат естіліп, тірестіре түсті. Көзімді тайдырмадым.

- Шешін, тамағыңды іш,- дедің сен жүзіңді бұрып әкетіп. Қалай ішермін. Ішпедім де, отырмадым да. Іштегі шиыршық атқан зәбір “алданып қалдың” дегендей тұла бойымды сірестіре толтырып, иіктірмей тастап еді.

“Апа, апашым, шын ба Әйтендікі? Айтшы бәрін, өтірік деші”- дегім келгенімен, күдігім күшейіп, үндей алмадым. Сағаттан артық тұрдым да, өзім де қиналып, сені де қинап ашуым тарқамай өз бөлмеме кіріп кеттім. Столдың үстіндегі әкемнің суретін ала кеттім. Өйткені ол “Тастама мені, Жұбанышым” деп тұрғандай болып еді. Даусың дірілдеп, жүзің қуарып “Жұбаныш!” деп жалғыз-ақ сөз айтып отырған орнында басыңды столға сылқ тастап қала бердің. Сол сәт аяныш сезімі

оянғандай құшақтай алғым кеп бір тұрдым да, іштегі толқын тоқтатпай бөлмеме алып кетті мені. Алғаш рет, жылы сөзсіз әрқайсымыз әр бөлмеде ұзақ түнді ұйқысыз өткізіп едік. Бір сәт орынсыз жәбірледім бе деп сені аясам, ана, енді бір сәт өзім аяусыз алданғандай болып, үміт пен күдік қабаттасып, көзден жасты шығара берді. Таусыла ойлап, қаусай мұңайып, жалғызсырап атырып едім сол танды.

Арамыз сол түннен бастап алшақтай берді. Кінәлі жандай бетіме тура қарай алмай, шеттей бергенің күдігімді күшейтіп, алыстатып жіберді. Бұрынғы бақытты күндерімізді қаншама зарыға күтіп, қайтадан орнаса деп армандағаныммен оралмады. Екеуміз де тұйықгала түстік. Бұрын асығып тұратын үйіме кеш батқанша оралмай, жатар орынға зорға келетінмін. Кейде мұңайған түріңе зер сала бақылап, ұйқысы қашқан көздеріңнің жабырқап мұңайғанын көрсем, біртүрлі кек алғандай жадырай түсетінмін. Бірақ ол қалпым да көпке ұзамайтын. Сенің сол аянышты түрің жүрегімді онан сайын тілгілей ауыртып, қайтадан мұңайта қоятын. Сол үнсіз сарғайтқан күндер не қайтадан табыстырмай, не шиеленіскен ұғыныспаушылықты біржолата шегіне жеткізбей, көпке созылып еді.

* * *

Қыстың орта кезі болатын. Сақылдап тұрған сары аяз қарға тығылып, басқан сайын сықырлап, біраз жерге шығарып салатын. Сол аяздан мезі боп, ойыным да мәз қылмай күндегі әдет қып алған уақытымнан ертерек келсем, үйде жоқ екенсің. Есікте тұрған құлыптың жалғыз кілті сенде болатын. Сол халімді босағада қыңсылаған бұралқы итке ұқсатып, іле ашу қысып, мектепке жүгірдім. Өйткені, сені мектептен табармын деп ойлап едім. Таппадым бірақ. Онда жоқ боп шықгың. Іштегі бір дауыс жол сілтегендей болды. Ақанның есігін жайлап ашып ем, өз көзіме сенбедім. Кешір, ана, рұхсатсыз кіріп, мәдениетсіздік жасағаныма. Кешкі алакөлеңкеде төрдің алдында Ақан (сол

сәт Ақан емес ата жауым еді) сенің иығыңа қолын салып тұр екен. Мені көрмедіңдер. Ентіге кірген менде жұмыстарың болған жоқ. Үнсіз тұра бердіңдер. Өмірде өздеріңнен басқа адам барын ұмытқан сияқтысыңдар. Есікті жаптым да тұра жөнелдім. Ішіме алай-түлей дауыл, алаулаған өрт кіріп еді. Ашыққан бөрідей қайда бара жатқанымды білмей жүгіре бердім, жүгіре бердім. Сырттағы аяз да, іштегі аштық та ұмыт. Тек ұлғайған қызғаныш алқымға тығылып жас боп парлап аға берді, аға берді.

“Біржолата айрылдым ба, менен мұғалімді артық көргенің бе? Әкем ше? Ұмытпа, ұмытпайық дегенің қайда? Әлде мені өгей бала еткің келе ме? Қандай кінәм бар еді алдыңда. Бұрынғы екеуден-екеу, бөтен-бөгде адамсыз күндеріміз жақсы емес пе еді. Шының ба, шының ба, анашым, - деп күбірлей жүгіріп, анда-санда өксік жасын қылқ-қылқ жұтып келем.

Бір кезде қалың ойдың тұманынан екі сөз айқын-далып шыға берді. Кілт тоқтадым. “Кек алу”. Қайткен күнде кек алу керек. Кері бұрылып, қайта жүгірдім. Бұл жолы кеудемде аяныш та, қызғаныш та емес, өш-пенділік оты лаулап келе жатыр еді. Көзіме толған жас арасынан бұлдырап қана көрініп мұғалімнің үйі жақындай түсті. Терезеден жарық көрініп тұр. Қолыма қайдан түскенін білмеймін жарты кірпішті қысып ұстап алыппын. Кірпіштің қар қатқан суық ызғары жақсы көрген адамыма деген жылылықты сорып алғандай жүрегімді мұздата, суыта түсті. “Міне, сендер-ге. Көріңдер қызықты!” деп құлаштай лақтырып кірпішті терезеге жіберіп қалдым да, бар пәрменіммен үйге қарай жүгіре жөнелдім. Кеудем аздап босағандай, тынысым кеңігендей болды. Апа, мұғалім екеуіңнің азынаған үйден пана таба алмай, бастаған мәжі-лістеріңнің үзіліп, мұқалып қалғандарыңды тілеп едім, үйге келгенде алдымнан шыққаның тасыған көңілімді басып тастады.

- Неге ерте кеттің? - дедім бірден қалш-қалш етіп, босағадан аттамай жатып.

- Қайдан? - дедің сен, апа, түсіндің бе, түсінбедің бе білмеймін.

- Қайдан болушы еді, барған жеріңнен. Неге отыра тұрмадың,- дедім де шешіне бастадым.

- Жұбаныш, сені түсініп болатын емеспін. Соңғы кездері бір түрлі боп барасың,- дедің сен стол үстіне бір аяқ кеспені қойып жатып. Сол сәт үстіңе көзім түсіп кетіп еді, жаңа көйлегіңді киіп алыпсың, от алғандай тұтанып кеттім.

- Түсінбесең түсінбе. Менде жұмысың қанша, мен саған масылмын ғой. Менен Ақан мұғалімді жақсы көресің,- деп дүрсе қоя бердім. Апа, қадірлі апам, қолыңдағы кесеңді тастап жіберіп, сілейіп тұрып қалдың-ау. Менің әр сөзім сойылмен ұрғандай тиіп еді. Өршелене түстім.

- Әкемді ұмыттың, мені де ұмыт. Кетемін... Ақан мұғалім келсін!

- Тоқтат! - дедің сен саңқ етіп, ашынған денең дірілдеп кетіпті. Тоқтаймын ба, іштегі жиналып келген ызаны лықсыта ақтарып жатырмын. Бір кезде жұдырығың сарт ете түсті жағыма. Алғашқы ұруың, алғашқы сенен жеген таяғым еді, аңырып тұрып қалыппын. Ұра бердің апа, ұра бердің мені. Сені де қысқан ашу сол жұдырықтарға мінгессе керек, тым ауыр еді. Жылаған күйі бөлмеме кіріп төсегіме жатып қалдым. Сенде де қайбір тыныштық қалып еді. Өз қолыңды өзің кескендей беймаза күйге түсіп диванға отыра кетіп жылап жібергенсің. Сол кезде балаға бітпеген сезімталдықпен ауыр халіңді түсінгендей едім. “Неткен қаталдық! Кім кінәлі екеуміздің екі жерде жылауымызға? Әкем қайда? Ол болса шырқы бұзылған ұямыздың түрі осындай болар ма еді? Әттең, әттең!”... деп жатып ұйықтап кетіппін, бетіме тамған ып-ыстық жастан оянып кеттім. Қасымда елжірей жылап сен отыр екенсің, ана. Барлық өкпемді, ренішімді ұмытып, бауырыңа тығыла түстім, көптен бері жоғалтқан жылы құшағыңа қайта сүңгіп едім. Сенің әрбір лебің, мейірімді құшағың жүрегімді жылыта түсті, неғұрлым көп сүйген сайын ерніңнің табы тұла бойымды ыстық махаббатқа шомылтып жіберді. Бұл махаббат алдағы күндердің ауыр минуттарынан, тарыққан көңілдің торынан алып шығып, қарсы алдымнан ыстық

жалынымен пана болса, мөлдір тазалығымен жарқырап жол сілтер деп ойладым сонда мен.

- Құлыным, кешір мені, кешір,- дедің-ау, ана. Кешірдім ғой. Сенің нұрлы жүзіңді ендігәрі тұман баспасын, сен үшін қолдан келгенді аямаспын анашым, деп іштей берген антымды білмейсің сен. Бірде жылап, бірде күліп екі мұңлық қайта табысып едік._

Бірақ сол түн - тасыған ашу мен сабасына түскен көңілдердің куәсі болған түн - сақталып қалды жүректе. Мен үшін өз бақытыңнан, жүрек қалаулысынан безіп, басқа шешімге келіп едің ғой сол түнде. Ұмытармын ба оны. Кешір мені, кешір анам. Қинаппын, қиналыпсың. Аяусыздық көрсетіппін. Бақытыңды мен үшін өз қолыңмен ысырып тастапсың. Не деген өзімшіл жан едім. Жоқ жерден оянған қызғаныш тар кеудемді керней толтырып, жұдырықтай жүрегімді ауыр салмағымен нығыздай басып еді.

Қайсы бірін жаза берейін. Айтпақшы есіңде шығар Ақан мұғалімге ертеңінде терезесінің шынысын салып бергенім. Мұрты жыбырлап, суық тиген дауысы қарлыға шығып: “балам-ай, балам, бір бетсің”- дей берген.

* * *

Уақыт тоқтамай өте берді. Өсе бердім мен де. Есейген сайын өрісім кеңіп, алдым айқындала түсті. Бірақ барлық жағынан тең басқан жорға болмадым. Өзіңе ауыр тиген кезім де болды. Онжылдықғы бітіріп, алғашқы жұмыстан алған бірінші еңбекақым есінде шығар. Сол күні жаздың әдемі кеші емес пе еді. Кеңседен ақшаны алысымен, ана саған өзімнің терім сіңген еңбек ақыма сыйлық алғалы дүкенге бардым. Алдым да, бірақ ілесе кеткен “доссымақтардың” қошеметтуімен күнәға ұшыраппын. Бірінші рет ішіп, мас болып келіппін үйге. Лақылдата құсқан құсық үстібасымды жауып кетсе керек, мені көрген бойда оқыс шошып қап, “балам-ай!” дегеннен басқа сөз айтпай төсегіме жатқыза бердің. Ұрыспадың да, үндемедің де.

Тек сол бір ұмытылмас түндегідей өртенген шекеме алақаныңды төсеп, таң атқанша басымда отырдың да қойдың. Қинала күрсінгенің, жас толы көзің жадымда мәңгілік қалыпты. Қайтып арақ ішпедім. Сенің бір қабақ шытқаның аспанымның бұлтын қаптатып жібереді екен. Күліп өтермін, күлдіріп өтермін.

Барлық сырды ашық жазған соң жасырған құпиям қалмасын. Сезген, сезбегеніңді білмеймін, апа. Мен Бануды жасымнан ұнатамын ғой. Мүмкін ерте оянған махаббат та шығар. Әйтеуір, маған Банусыз күн жоқ сияқты. Оның аты естілсе елең етіп, тағы да айтылса екен, сол туралы сөйлесе екен деп елегізіп отырамын. Әсіресе, Бану жайлы сенен естігім келуші еді. Мен ұнатқан Бануды сенің де ұнатуыңды тілеуші едім.

Жазғы кештерде шырқап салған әнді естуші ме едің. Асқақтай шыққан әннің ішінен ерекше естілетін дауыс Банудікі. Қалықтай ұшқан әсем ән сан бұралып, толғанып таза ауаны жара тіліп кеп, мың түрлі сезімге толтыра құйылмаушы ма еді кеудеге. Шала ішілген тамағым суып қалып, ұйи тыңдап қалушы едім. Сол бір ән елжірей үзіліп, қызша құбылып, өзіне тартатын, шыдатпайтын.

Талай әдемі кешің мансіз өтіп жалғызсырасаң, апа, сол әннің кесірі. Магнитпен тартқандай жұлып әкететін мені. Кешкі дала төсінде тоқтаусыз созылған сол әнге құмартып, тысқа ата жөнелетінмін. Құлпырған өмірдің бір бөлшегіндей әнге толы ауаны құмарта жұтып, жастардың ортасына араласып кететінмін.

Бірақ Банумен жеке қалып сөйлесуге батылым жетпейтін. От боп жанған жүрегім оны көрген бойда ұшуға қанаты жоқ жас қырандай кеудемді тарс-тұрс соғып тыпыршитын да қалатын. Қанша оқтанып, қанша батылданып келсем де мөлдірей қалған көзіне көзім түссе-ақ, салым суға кетіп екі иығым салбырай қалатын. Аузымнан сөзім түсіп қалғандай тек ыржиып күле беруші едім.

* * *

Тыңға аттандым. Киім-кешек салған чемоданымды өзіме көтертпей қолтығыңа қыса басып, вокзалға дейін шығарып салып едің ғой. Екі жағыма кезек шығып, көзіңмен қимай қоштасып келе жаттың. Айырылысар сәтте адамдар ойындағысын, кеудесіндегісін жасырмай бәр-бәрін айтуы керек емес пе. Бірақ біз үндемеп едік. Біріміздің жайымызды біріміз ойлап, іштей аяп, үнсіз қиналысқанбыз. Көңіліңе мұң түсірмейін деп жарқылдай күліп, қалжыңдай қоштасып поезға мінген ұлынды жазғырған да шығарсың. Бірақ жұлқи тартқан поезд арамызды бірден алыстата жөнелмегенде, бір орыннан қозғалмай артымнан қарап қалған анам, ұлыңның көзінен тарам-тарам аққан жасты көрер едің.

Алыстаған сайын жүрегіммен аналық махаббатыңды, ерніммен ащы жасыңның тәтті дәмін ала кетіп ем мен.

Алғашқы кездерде қиын тиіп жүрді. Күнде кешке ұзақ күнгі жұмыстан шаршап келіп, төсегіме қалжырап құлағанымда,апа, Бану екеуің елестейтін де тұратынсындар. Жұмысқа үйренбей суық палатканы өлердей жек көріп, әбден мезі болғанда қайтып кеткім келген кездер де болды. Сөйтіп өзіммен-өзім арпалысып “қайт!” деген дәрменсіздікке, “шыда” деген қайратты қарсы қойып жүргенімде, ойламаған жерден Банудан хат алдым. Май сіңген комбинезонымды шешпестен бөлмеге жүгіріп кіріп, хатты ашып жібердім де ішінде не жазғанын оқуға бата алмай тұрып қалдым. “Не жазды екен?” Махаббатымды таптым деп қызығына ортақ еткісі келе ме? Ондай үміт пе еді күткенім. Жоқ, әлде достық көңілдің амандық сұраған құрбылық хаты ма екен, әйтеуір, үмітімді бірден үзбесе игі еді. Екі бүктелген ақ қағаз нені тілейсің. Не әкелдің. Қандай құпияң бар?- деп қинала толғанып тұрып, ептеп ашып, бірінші сөзіне көз тастадым.

“Жұбанышым!”

Бөлмеде қырдың қызыл қызғалдағы толып кеткендей, таңның арай шұғыласы осы бөлмеден таралғандай жайнап сала берді. Жүрегім кеудеме

сыймай бұлқынып ала жөнелді. Хатқа қадаған көзімді ала алмастан оқи бердім.

“Жұбанышым! Қайдасың сен, неге үндемейсің? Хат жазуға да ерінгенің бе. Сағындым ғой сені, мені ұмытуың мүмкін, бірақ менің сені ұмытпайтынымды білесің бе. Сен қайда жүрсең де мен үшін ең жақын, ең жақсы адамсың.

Ауыл қазір көңілсіз. Сірә, сенің жоқтығың шығар. Түбінде отырып өлең айтатын ақ қайынды ұмыттың ба. Сен оны махаббаттың дәнекері,- деп атап кетіп едің ғой. Есіңде ме...

...Жұмысым орынша. Бұл жаққа да күз түсті. Апаңның дені сау...

...Көңілсізбін, сен жоқсың қасымда. Ең болмаса, хатың да келмейді, Жұбаныш”.

Кереуетімнен атып тұрып билей жөнелдім. Жан дүниесін тебіренте сейлетіп еріксіз хат жаздырған қыз махаббаты даладағы күннің ызғарын ерітіп жіберіп еді. Бас киімсіз жалаңбас күйімше далаға атқып шығып жүгіре бердім. Алыстағы Бану даусымды естірдей айқайлап келем. Бір кезде сүрініп құлап түстім. Тұрған жоқпын. Дүрсілдеген жүрегімді төсей түсіп: “Жеткіз, жер ана, тулаған жүрегімнің толқынын”, деп күбірлей берген едім.

Бануым сүйеді екен мені.

* * *

Арқаның қысы өзіңе белгілі ғой, апа. Азынаған желі тынбай бір борап кетсе, үш-төрт күнде әрең тоқтайтын. Гараждың ішінде тракторымды айналдырып жатыр едім, жаныма бригадир келді. Аузынан будақ-будақ шыққан буды уысына толтыра, мұз қатқан мұртын уқалап тұр.

- Іздәрәсти,- деді ол бір кезде, орысша аман-дасатын әдетіне басып. Басымды изеп жауап қаттым.

- Шырақ,- деп әңгімесін бастай бергенде, өзімше қатулана түстім. Өйткені бір жаққа жұмсарда Шөтенов осындай майда тілмен орағыта сөйлейтін. Қайда жұмсаса да бармасқа бел байлап едім. “Үскірік боранда

айдаған жаққа жөнеле беретін, жүндеуге жақсы жуас түйені тапқан екен".

- Шырақ, нанның таусылғанына екі күн болды. Мына Қайындыда ұн бар еді. Понимаиш соған барып келу керек болып тұр.

Үндеместен тракторымды шұқылай түстім.

- Боран басылып та қалар, шорту,- деп бір тұрды да - көп сөйлесіп жатуға уақыт жоқ, тракторынды Сейтенге бер, станцаға барып ұн алып қайтсын. Сенің тракторыңнан басқа жаңа трактор жоқ мұнда,- дегені.

Міне саған! Қолымдағы кілтті қоя салып, Шөтеновке жалт бұрылдым. Ештеңе сезбегендей қалтасынан темекісін алып уқалап тұр екен.

- Бермеймін, - дедім де кабинаға отырып алдым.

- Неге, неге бермейсің?- деп ол шылымын лақтырып тастап, қасыма жетіп келді. - Сейтеннің тракторының мына боранмен алысу былай тұрсын, өз басын алып жүруге шамасы жоқ. Кәне түс былай, таста балалықты.

- Түспеймін, өзім барам. Сейтен барған жерге мен бара алмаймын ба.

- О, тентек ит, - деді бригадир зәрсіз ғана. - Сейтеннің жарты өмірі осы жерде, осы трактордың үстінде өтіп келеді. Осы өлкенің ой-шұқыры таныс оған.

- Бермеймін, мен онан кем білмеймін. Күніне барып келіп жүрген жерден адасып не болыпты маған.

- Ой, ақмақ, жақсы енді, байқап жүр,- деп біраз ақылын айтып қолыма бір қағазды ұсынды. - Мынаны Митрейге бересің. Үш қап ұн. Жақсы, жолың болсын, ұлым.

Көп қиыншылықпен станцияға барып, ұнды алып қайттым. Ауылға таяна бергенімде ойламаған жерден трактором тоқтап қалды. Олай-бұлай шұқылап көріп ем, от алар емес. Ауыл үш-төрт шақырымдай жерде. Тастап кетуге болады. Бірақ суы қатып қалып, радиаторды жарып жіберсе қайтем. Онда құтылмас дауға қалғаным ғой. Үстімдегі сырмалы күртемді шешіп алып, май құйып от тұтатып қыздыра бердім, қыздыра бердім. Ақауын да таптым бір кезде. Трактором да дүр ете түсті. Бірақ, апа, қажып-ақ

қалып едім сол күні. Аштық пен суықтан бірдей соққы жеп бүрісіп гаражға кеп кабинадан секіріп түскенімде: “Жұбаныш!”,- деп тұра ұмтылғаның мұздаған жүрегімді жылытып жіберіп ыстық құшағыңа орап қойып еді. Мен үшін, анам, жылы орныңды суытып сен сонда осы колхозға келген едің. Күн ұзақ шаршаған денем ширап, жас балаша еркелей аймалап сүйе бердім, сені. Жалғыз келмедің, ерте келдің көктемімді. Бану еріп келіпті. Үшеуміз бір бөлмеде бірге тұрдық. Тар бөлмені шымылдықпен екі бөліп алып ек қой. Банудың сол кездегі жақындығы мас қылғандай бір ғажайып күйге түсіріп еді. Бірақ сол бір жақындық қол жеткізбес мұңлы жүректі дірілдете сергелдеңге түсірген жақындық еді.

* * *

Сайлардың қары бұзылып, ойдым-ойдым жер қарая бастады. Ұлы қарқынның, астық үшін басталған ұлы шабуылдың тұңғыш көктемі шығып еді. Алғашқы бороздамды, алғашқы жолымды ғасырлар бойы талай қазақтың жасы мен тері сіңген тың даланың төсін жара тіліп салып өттім. Сол күн де есіңде шығар, ана. Соңымнан қуана жүгіріп, бір кезде ұлың аударып тастаған қара жердің бір түйірін алақаныңа салып ап, қасиетті нәрсеге тәжім еткендей жанарыңа жас толып қарай бердің. Сірә, сол бір шақта кеудеңде ұлыңа деген, еліңе деген мақтанышың да болған шығар, білмеймін. Әйтеуір тұла бойыңды кернеген толқыңды дірілдің бары рас еді. Екі ана, жер ана мен сен ана сыр шерткендей алыстап қала бердіңдер менен. Кеудемде күмбірлеген күй толғандай шабыттана түстім. Ыңылдай жөнелдім. Сондағы аузыма түскен ән - сенің әнің. Әлде сен де сол әнді қоңыр даусыңмен ырғалта нақыштап әндетіп тұрдың ба, білмеймін. Айналам шырқап кеткендей құлағыма ән боп құйыла беріп еді.

Мүмкін сол ән сенің жан дүниеңнің кеңдігін паш ете ме, жоқ, елге деген құштарлығыңның лебі сезіле ме, әйтеуір, көңіл-күйім көтерілген сайын іштей қайталап сол әнді айта беретінмін.

Өмірімнің жыбырлаған сүрлеуі туған күннен көз алдыңда емес пе. Қуансам қуанып, қайғырсам мұңайып келмедің бе, ана. Бірақ құпиямды білмейсің сен менің. Менікі емес, Бану екеуміздікі. Сенің көзіңше әлі ештеңе демесек те біз жақынбыз қазір. Бәрін-бәрін кезінде айтып береміз. Біз бақыттымыз. Үйленбекпіз күзде. Астықты жинап алған соң той жасаймыз. Менің жарым, сенің келінің болады. Еміреніп немере сүйер күнің де туар әлі-ақ. Сонда, тап сонда езуіңдегі ырзалық іңкәр күлкі табымен бойыма құйылар қуанышты білер ме едің.

Өмір сұру қандай жақсы. Ал сол өмірдің ырысы - нан байлығын көбейту одан артық бақыт емес пе. Біз қарапайым адамбыз, апа. Бірақ керекпіз біз. Қара жердің қыртысын қақ айырып, қаңбақ пен қаңтардың желі ғана көшкен сары дала мен құба жонды астық теңізіне шомылту, үлкен жүректі алып адымды ардагерлердің ісі. Бүгін біздер астық өзенін ағызсақ, ана, ертең тұрған жердің алабын гүл-бақшаға бөлейміз. Бөгейміз ыстық пен аптапты, керімсал мен құрғақтықты.

Мен әкем жайын білемін ғой. Ел құлағы елу емес пе, естідім. Жасырып келесің әлі сен. Мүмкін әкемнен ат тонымды ала қашар деп ойлап келген шығарсың. Жоқ, апа, қорықпа мен сенбеймін ондай жалаға. Сенің сүйген адамың, менің әкемнің халық жауы болуы мүмкін емес. Өйткені үлкен жүрегіңнің қателесуі ойға кірмейтін нәрсе. Ал әкем сенің жолдасың емес пе. Іліп қой суретін бұрынғыдай. Күліп тұрсын бөлмемізде...

* * *

Сол бір күндері сені осы бір күйге ұшырар деп үш ұйықтасам ойлап па ем. Жарқыраған жарық нұрлы күніңді түн алмастырып кеткені ме шынымен. Әлемнің бар мол дүниесінен бірден ада боп, қараңғы қапас тірлікте қала бергенің бе.

Шілденің түсіп, ауаның күйік татып тұрған кезі

еді-ау. Күнге күйген қау шөптер сіріңкедей тұтанып лап ете түсуге әзір. Орақ басталған. Ертеңді-кеш тракторымнан түспей мен жүрдім жұмыста. Қоп-қоңыр боп тотыққан бетімнен өзіңе анда-санда бір сүйгізіп кетіп, уақытымның көбін астық алабында өткізуші едім ғой. Алтын дән жайқалып шығып еді. Көлеміне көз жеткізбес кең жазықты алып жатқан астық толқыны мол еді, самалмен ырғала тербеліп толқи жөнелетін, ерте піскен дәндерін шашу етіп етегіңе төгетін.

Сол күні сен мектептің ішіне сырттан парталарды тасытып жүргенсің. Жаздың ақырғы күні барлық қызуымен аймалап қалыпты. Көлеңкенің өзінен пана тауып болмастай, кенет көзің бұрқ ете түскен шаңға түсті. Арқаның құйыны ойда жоқта шыға келіп бірталай шаңдатып өте шығатын. Жоқ, мынау құйын емес. “Өрт, өрт!” деді жаныңдағы балалардың бірі. “Не деген жаман сөз еді! Тез хабарлаңдар!”- деп жүгіріп келесің. “Жүгірдім” дегенің болмаса, аяғыңнан күш кетіп қалып еді. “Өрт деген тілсіз жау емес пе, астыққа түспесе екен”,- деп келесің. Бірақ өрт астыққа түсіп үлгеріпті. Сумаңдаған қызыл тілдер ауыр дәннен иіле майысып тұрған бидайды жалмап жұтып жатыр. Тойымсыз тәрізді. Тоқтатар күш жоқ сияқты. Шатыр-шұтыр күйген дәндер көмек сұрағандай тырс-тырс құлайды. Ашына айқайлап, сумаңдаған жалынның ортасына кіріп кеттің. “Жоқ, өрт, сен мені жеңе алмайсың. Жалаңаш қолыммен тұншықтырам сені! Ұлымның өсірген егісін, тері тамған жемісін жегізбеймін, мен саған. Аналық жүрегімді жұлып алып алдыңа тастасам да, бөгеймін сені. Жібермеймін, жеңілмеймін, жеңем сені”,- деп үстіңнен шешіп алған күртемен тым-тырақай қашқан өрт тасқынын сабалай бердің. Көзің ашып, тынысың тарыла бастады. Ашулы өрт кейде бір сәтке ғана азая түссе, енді бірде күш жиып алғандай лап қояды, лаулап жөнеледі. Бидайдың етегін менсінбестен сабағын өрмелей жүгіріп, басына тап береді. Қолың күйіп қалды. Ашығанына қарар емессің, ашынған жаныңның ашуын жиып, ұрып жүрсің. Бір кезде басың айналып кетсе керек, толқи қашқан бидай бастарын шарпи қуған жалынды ұра

беріп, құлап түстің, ыстық жалын шарпып өтті бетіңді. Мәңгілікке жауыпты ғой сонда ол сенің нұрлы, сырлы жанарынды, жан анам.

Істелмеген ем, жасалмаған операция қалмады. Жер сипап, таяқ ұстап сен қалдың. Кәріп халде жара боп оралдың жүрегіме, анам. Қолымнан бар келері: ренжітпей көңіліңді табу ғана болды. Дүниенің бар қызық, ықылас пейілінен махұрым қалған сенің аянышты мұңлы жүзінді бір сәтке, жалғыз ғана қас қаққандай уақытқа серпілтер қуаныш болу еді арманым.

Ән қайда қиядағы, жар қайда қиялдағы. Бірі де жоқ. Кеудеге оралған мұңды сазды іштей ғана қайталайтын сияқтымын.

Шіркін-ай, бір күні жарқырап кетсе жанарың, сейіліп кетсе қараңғы көр түндерің! Сонау бір балалық шақтардағыдай қолымнан жетелеп алып, қыр гүлін тағы теріп кетер ме едің. Қызықты күндердің көркіндей қызыл-қызыл қызғалдақтарды басар ма едің төсіңе. Енді ше, ұзақ үнсіз шақтарында жалғыз өзің отырып нені аласың есіңе? Жалындай сүйіп, жалт етіп өшкен жарыңды ма? Бас-аяғы бес айға созылған жар құшағының ыстық, ынтық күндері ме көңіліңе оралған. Әлде алғашқы тәй-тәйімен “апалап” ұмтылған ұмытылмас көріністің аясынан алыстап кеткен ұлыңның қамы ма жанынды жеген. Білмеймін. Өткенінді ой елесінен өткізіп отырған бейнең көз алдымнан кетер емес.

Күйректіктен жаман не бар екен. Менің басылып, жүнжіп бара жатқанымды сезіп, көңілімді көтеруге тырысып, менің көзімше ренішінді білдірмеуші ең.

- Уайым билеген кеудеде әл қалмайды, ұлым. Несіне мойисың. Үйлен, от басына әйел керек,- деп едің-ау, анам бір күні.

Үйлендім ғой Бануға. Алдағы ұзақ өмірдің бар бел-белесінде бірігіп өтерміз деп қосылған жоқ па едік біздер. Қол ұстасып, жылы құшағыңа енгенбіз, ана. Сен де өзгергенсің сонда. Жүзіңнен қуаныш күлкісін көріп, сол бір әлсіз тірлікті сенің жаралы жанында қайта туғызуға себепкер болған жарыма, Бануыма деген ықылас сезімнің шегі болды ма менде. Әйтеуір,

жоғалды ма деген бақыттың алақаны маңдайымнан тағы сипап, кеудеме жылуын құйып жіберген болатын.

Ошақтың үш бұтындай, үш өмір бір-бірімізге сүйеніп, қуаныш пен сүйінішті, уайым мен өкінішті бірдей бөлісіп жүріп жаттық. Қамкөңіл анам, сол кездерде тым жарқылдап кетіп едің. Еркелете еміренген еріндерің ыстық лебімен жүзіме талай тиді де.

Жас отаудың алғашқы перзенті туатын күн де келіп жетті. Кешке гараждан келсем, алакөлеңкеде керілген жіпке асылып, Бануым әбігер күйге түсіп тұр екен. Сипалай құшақтап сен жүр екенсің қасында. Аяқ басысымнан менің келгенімді біліп: - "Дәрігерге жет, Жұбаныш", - дедің. Жүзіңде қуаныш нұры бар екен. Сол тәтті қуаныш мені де орап алды сол сәтте.

Екі өкпемді қолыма алып ұшып келем "әкемін мен,-деймін ішімнен,-әкемін жан иесіне, әкемін ұлыма". Нәрестенің кім болып туатынында жұмысым жоқ. Ғажайып бір діріл орап алған денемді. Енді бірде Бануымның қиналған түрі көз алдыма келе қалды.

Дәрігерді ертіп оралсам, Банудың жүзін тер жуып кетіпті, тек әлсіз ғана: - "Апатай-ай, қиналдым ғой",- деген даусы талып естілді. Дәрігер ұмтыла берді. Амал не кешігіппіз. Нәрестенің шыр етіп шыққан даусымен бірге Бануым үзіліп жүре берді. Жаңа туған шарананы етегіңе салып ап отыра кеттің, ана. Жарыса аққан қос сызық бетіңе із салып, қойыңа тырс-тырс тамған. Тек қана етегіндегі нәресте шар ете қалып, үзілген өмірдің жалғасындай тірлік дүниесіне өз үнін қосып жібергенде ғана селт етіп ең.

Ол кездегі өз халімді жаза алар емеспін. Сол бір қас пен көздің арасындай сәтте қуаныштың да, қайғының да дәмін татып ем. Бануымның мәңгілік көз жұмғанына сенбегендей мелшиіп тұрып қап, қыбырсыз жатқан денеге тесіле бердім. "Қош, Жұбанышым, мәңгі бақи қош бол, ешқашан енді айналып келмеймін саған,- деп жатқандай Бануымның мәңгі жабылған еріндері. - Бүкіл өмірімде, бал өмірімде, жалғыз ғана сені сүйіп өттім, сен бердің дүниенің бар ләзатын маған. Аспаным тек сенімен ғана жарқырап өткен. Сенен таптым тірлік көктемін. Сен едің-ау махаббатым. Әні едің-ау жанымның.

Қаныма сіңген әр лебің, мейірлі күлкің. Есіңе алып өт мені.

Қан мен жас, өксік пен шер болмасыншы махаббатымызда. Жүрегімнің ыстық қанының жылуымен орап кеттім мен оны. Қайғырма, қамықпашы. Серпіл, Жұбанышым. Мен сендемін әлі, мәңгілікке сенде қалам".

Банудың өлімі бәрінен де саған қатты батты-ау, ана. Қайтадан бұрынғы қалпымызға түсіп едік. Айналаңды сипалап кіріптар халде отырсаң да, нәрестені бауырыңа сап алдың. Ендігі өміріңнің ермегі де сол болып еді. Жас босанған келіншектерге еміздіріп жүріп, адам қатарына қосып едің немереңді.

"Балапаным-ай,- дейтінсің кейде бауырыңа қысып отырып,- балапаным-ау сол, тірі болса жетелеп жүреді ғой әжесін".

Апырай, ішіндегі мұңыңды, шерлі сырынды осы бір сөйлеммен ақтарып салып едің-ау сонда. Қасіретіңді азайтар құдірет бар ма екен дүниеде.

- Жұбаныш, жақындашы, кімге тартыпты тентегің,- дедің бірде баланы алдыңа алып отырып,- Мұрны, бет-пішіні саған ұқсайтын шығар. Ал көзіне таласпа. Көзі - жаудыраған бота көз - Банудың көзі, рас па осым?

Сенің әніңді көптен бері естімей кетіп ем ғой, ана. Әнді де сағынады екенсің. Жақсы көретін жақының алыс жолға кеткендей елегізесің. Сенің әніңді зарыға іздедім ғой. Қап-қара көздерің күлімдеп, жүзің нұрланып шырқап кетуші ең бұрын. Құмарта, ынтық зейінмен беріле тындап мен отыратынмын алдында. "Сол күндер қайда кеткен, бір соқпай, сәтке ғана жалт етпей біржола ешкені ме?",- деп жүргенімде сенің әніңді естідім.

Жұмыстан ертерек қайтып, үйге таяна бере сенің даусыңды естідім. Ән айтып отыр екенсің. Жұмсақ, қоңыр даусың аңырап кетіп жатыр. Тұрып қалдым. Бұрынғы әнің, бірақ мұң сарыны басым, аяныштыы естіліп жүрегімді тіліп-тіліп түсті. Сөздерің қандай ауыр еді.

Кешегі көрікті анам, сондағы жанымның жылағанын білсең. Күйзеле, күңірене, тағдыр деген тасбауыр ұғымға күрсіне қарғыс айтып ем.

* * *

Жылдар жылжып, күндер зымырап өтіп жатты. Күйініш-сүйініші мол өмірдің толқынында аға бердік біздер. Тұрмысымыз қалыптасқан бейнеге еніп еді. Көп ұзамай бүзылды ғой ол да.

Ауылға фельдшер болып жап-жас қыз - Гүлсім келгенде, мен Татарстанның бір совхозына екі айға командировкаға кетіп ем ғой. Сенің халіңді ойлап, тастап кетуге сенетін адамым болмай қиналып жүргем. Гүлсімнің өзі біздің үйге пәтерге ауысып алған соң, кете бердім.

Ол екі айдың екі жылдан артық болғанын өзің де білерсің. “Жағдайың не болды екен, әбден қаріптікке ұшырадың-ау”,- деп сағына оралдым, қамыңды жеген адам бар екен қасында. Немереңді де, сені де Гүлсім қамқорлығына алыпты. Біріңе “апалап”, біріңе “іні-шегім” деп ұмтылып жүрген талдырмаш қыз жүре-гімнен жылытып орын алып еді. Сенен жалғыз боп тусам да, ана, сол күні екеу боп едім, қарындас тауып ем өмірден. Ағалық, бауырлық құшағымды жая бердім Гүлсімге. Тағы да аспаным алыстап, айналам кеңіп, дүнием ұлғайып жүре берді. Ән де оралды кеудеме, әл де кірді құлазыған жаныма. Сен бұрынғыдай жалғыз емессің. Қасыңда қас-қабағынды айнытпай таныған қызың жүрді.

Бірақ қамкөңіл жүрек секемшіл, кінәмшіл болады екен. Бір күні гаражға кіре беріп дуылдасып сөйлесіп тұрған жігіттердің даусын естідім. Әсіресе, Жорғаның гүжілдек даусы басқаларын басып тастап, маңайын-дағыларын күлкіге қарқ қылып жатыр. Қайдан екенін білмеймін, әйтеуір, әңгіменің мен туралы екенін сезіп қалдым. Тыңдап тұрмын.

- Шіркіннің үзілейін деп тұрған белін айтсайшы,- деген бір дауысты бәле Жорғаның гүжілі естілді.

- Мықыны да осал емес. Жұбаныш талай сипаған шығар. Ол екеуі шешесінің көзінше де сүйісе береді екен. Анау байғұс көрмейді ғой.

Ішке енбедім. Сол кеш алғаш рет өзім-өзіме налыдым. Сол кеш адам ойының қаралығын танытып еді. Сол кеш дүниядағы барлық жанға деген кіршіксіз

сезіміме қара дақтай кір түскен еді. Сол кеште түсім қашып, үйге түн ортасын асыра оралып едім.

Іштен тынып жүре бердім. Ауыл ішінің өсегі сарт-сүрт тұтанып, қаулап жана берді. Естісем де естімегендей, сезсем де сезбегендей түр білдіріп жүріп жаттым. Өзімнен өзімді ұрлайтын сияқтымын. Тереңде бұрқ-сарқ қайнаған әлдебір ашудың сыртқа тебер сәті таяуда еді. Бір күні жарылдым да.

Кешкі асты түсіріп қойып Гүлсімді тосып отырып қап едік қой. Жаяу шамның күңгірт жарығында әлдебір кітапты оқып төрде мен жатқам-ды. Тентегімді тізеңе отырғызып бір ертекті орталап сен отырғансың, апа. Уақыт озған сайын тықыр еткен дыбысқа елең етіп сыртқа жиі-жиі құлақ түріп отырғаныңызды желісі үзіле берген әңгімеңізден сезіп мен де әлденеге қобалжи бастап едім. Гүлсім кешіге берді. Бір кезде орнымнан сылбыр көтеріліп, аяғыма кебісті іле салып далаға шықтым. Көктемнің “түске дейін киіз, түстен кейін мүйіз” дейтін күндері еді-ау сонда. Жер қатқан екен. Қаракөк аспанға көз тігіп есік алдында тұрып қалдым. Жұлдызы самсаған дүниенің бей-жай тірлігі саябыр тапқан. Күндізгі сапырылыс, күндізгі ызың-шу жоқ. Тек алыстан машинаның моторының бірқалыпты дыбысы келеді. Денем тоңазыған соң үйге беттей беріп едім, қараңғыда әлдекім тарп-тұрп басып жүгіріп келе жатты. Беті біздің үй. Жақындаған сайын ентіккен деміне шейін анық естіліп қалды. Терезеден сейіліп сыртқа шашыраған әлсіз жарықтың тұсына жеткенде, таныдым. Медпункт сыпырушысы Тося апай екен. Екі қолымен арт жағына кезек көрсетіп, үн қата алмай біраз тұрып қалды да:

- Жұбаныш, жылдам жет! Гүлсімді... Жорға,- деп тағы да бөгеліп қалды.

Енді менің тұлабойым әлденеден қатты шошынғандай дірілдеп, қалшылдап кетті. Сасқаным ба, әлде үрей буды ма, аяғымнан әл кеткендей сылқ отыра кеттім.

- Не болды, Тося апай? - деуге мұршам әрең жетті.
- Жүгір. Жорға Гүлсімді әкеткелі жатыр...
- Қайда?! Неге?!

Тося апай одан әрі қараған жоқ, кері бұрылып

жүгіре жөнелді. Артынан мен де ұмтылдым. Екі кебісім екі жерде қалды. Жұқа шұлықтан ызғар өтіп қос табанымды қабыршақ мұз қарып түсті. Тося апайдың сілтеген жағына қарай құстай ұштым. Жаңағы мотор үні енді тым жақын қалды. Жорғаның машинасы екен. Қасында алысып жүрген екі-үш адамды да ажыратып келем. Сол сәт Гүлсімнің ащы даусы естілді.

- Арамза, қол-аяғымды байлап әкетсең де, сендік емеспін.

Мені көріп қалса керек. - Жұбаныш, аға, құтқар! - деген жан даусы шырқырады.

Осы дауыс ақыл-есімді алып кетті ғой деймін. Келген бетте Жорғаның жағасынан сығымдай ұстап құлақ шекеден бірді қонжитып жібердім. Ол сылқ етіп құлап түсті. Одан әрі ештеңеге қарайламай жылап тұрған Гүлсімді қолынан ұстап үйге беттедім. Әлгі бір-екеу қашып кетсе керек, маңайдан көрінбеді.

Гүлсім көп жылады. Түн суық еді. Табанымнан ызғары өтіп, бойымды аралады. Бірақ одан да гөрі маған Гүлсімнің өксігені қатты бататындай. Сол түні, ана, сен де көп жыладың. Оның үстіне кішкене үйді басына көтеріп Жорғаның туған-туыстары екіленіп жетіп еді. “Ашу дұшпан” демей ме, қырсығы тигенде, әлгі Жорғаның басы трактордың жерде бос жатқан белтеміріне тиіп ауыр жараланған көрінеді.

Бір жағынан соны естіп, алдағыны ойладыңдар ма, Гүлсім екеуіңнің өксіктерің сол түнде көпке дейін құлағымда қалып еді.

* * *

Содан көп ұзамай мені жауып тастады ғой. Аяулы анам, мені кінәлап жазғырған да, аяп қайғырған да шығарсың. Бірақ әлі күнге дейін сол ісімді теріс дей алмаймын. Тек қана өкінерім арамза Жорға бір ай жатып жазылып шықты ғой, менің жаныма жазылмас жара салып кетпеді ме.

Адам ары сүттен ақ емес пе. Соны таптауға, кір топырақ шашуға неге әуес екенбіз. Онан да сол таза, кіршіксіз қалпында жарқыратып алға ұстасақ, сәулесін

шашпас па. Саф таза қалпымен әсем көрінісі көңілге ұяламас па.

Маған сот болды. Біріңді-бірің жетектеп сен, менің тентегім, Гүлсім үшеуің келдіңдер.

“Соқыр шешесі, жетім баласы” - деген дауыстар аяусыз шымшып ауырта тиген жүрегіме. Сен сотта күйректік жасап еңкеймедің, жалынып жыламадың. Қайғыға да қайсар қалпында қалған едің.

Екі жылға кесілдім. Қоштасарда басымды кеудеңе қысып көп тұрдың. Жыламадың, жыламадым мен де.

- Қайда жүрсең, аман бол,- дедің мені машинаға отырғызарда. - Хат жазып хабарыңды білдіріп тұр, ұлым.

Сол бейнеңді ұмытармын ба. Жылжи жөнелген машина жүректерімізді жалғастырып тұрған жіпті үзіп жібергендей отыра кеттің жерге. “Әжелеп” тентегім, “апалап” Гүлсім орала берген мойныңа.

* * *

Алыс шалғайда жүрсем де, арманымдай оралып алдымда жүрдің. Ұйқысыз ұзақ түндерде көз алдымда тұрдың.

Әр хатыңа ілесіп сағынған жүрегіңнің лебі жететін, ана. “Түсімде көрдім, ренжіп жүрсің ғой, ұлым. Шыда. Бір-ақ жылың қалды. Ол да бір күнгідей болмай өте шығады. Тентегің адам болды. Өзімнің жағдайым жақсы, мені уайымдама. Аман көрісейік, қарашығым, дейсің хаттарында. Бұрын көзіңнің сауында “құлыным”, “ботам” деуші ең, соңғы кездері “қарашығымды” тауып алыпсың. Дүниедегі ең қымбат зат - жанарыңа, қарашығыңа теңедің-ау мені. Сені билеген сағыныштың салмағы содан-ақ белгілі болды ғой.

Мен асықпай ма екем. Әттең ұшуға қанатым жоқ. Ақ шалған басыңды иіскер күнге қашан жетер екем. Сені ойласам, көңілге бір саз оралады. Бар еркімді билеп алып, өзіне тартып бара жатқан күшті сарын. Кейде лақ еткізіп ақтарып салардай түйіліп келем, айрылып қалам артынша.

Гүлсім қандай жомарт жан. Мені саған

жоқтатпапты-ау. “Сені жеке қалдырмайын”,-деп бір ай демалысында еліне де бармапты. Сонысын қалай өтермін. Бірақ адамға адамның жақсылығы сатулы емес қой. Ақ көңілдің шын рахметінен артық бағасы бар ма. Қапалы кеудеге жарық сәулелі нұр кіргізе алатын адам әрқашанда бақытты. Бақытты болсын Гүлсімім.

* * *

Міне бүгін босанып шықгым. Екі жылдан бері азат деген атаққа тұңғыш рет жеттім. Арым таза. Пәктігін сақтап өтуге тырысармын.

Еркіндіктің желі де ерекше есетіндей, майда лебімен аймалай сүйетіндей ұлын даланың. Бозторғайдың әні де шат. Дүние күлкі мен қызықтан жаралғандай.

Армысың, анам, аңырап келем өзіңе, сағыңдым сені.

Армысың, аяулы анам, әр күнің жылдай созылып, жолымды тосып жүрсің-ау. Түсіңе қайтып кірдім мен? Ренжіп пе, күліп пе? Түсінде сен мені әлі баяғы жас қалпымда көретін шығарсың. Маңдайымның дәл үстінен үлкен сызық орын алған қазір.

Армысың, анам, тағы көрем өзінді, жүзіңді өбем ұзамай. Сүңгимін жылы кең құшағыңа.

Армысың, анам! Айналаң қандай тамаша, көресің сен оны. Жанарың жарқырап, жадырай күліп енесің қайтадан мектебіңе. Сенің ақ көңіліңдей самайыма түскен қырауды сылайсың сонда. Сонда барып алғаш рет үһілейсің, жас аласың көзіңе.

Армысың, анам!

1962 жыл, Мәскеу.

БӘСЕР, АЙКҮМІС ЖӘНЕ БАСҚАЛАР
(Қайран жастық)

Бірінші тарау

- Күй.- Жұмыс істеуім керек.- Қарағұл және оның колхоздан қашу себебі.- Бәсер деген кім ?

Қызыл іңір. Қараңғылық қоюланып келеді. Шамы жағылмаған төрт қанат жолым үйдің іші қаракөлеңке, күңгірт. Тыстағы бір-екі күннен бері тынбай сіркіреп тұрған ақжауын осы кештің көңілсіз тірлігін көбейте түскендей. Шылп-шылып сорғалап тылсымдай жұмбақ, әрі таусылмас, әрі бітпес бір сарынымен сөйлеп кеткендей. Ыс басқан ескі туырлықтың әр жер, әр жерінен тамшы ағып, онсыз да сұрықсыз кешкі көрініске жүдеулік енгізеді. Оң жақтағы ағаш төсектің тұсындағы брезент кенептен жамау салынған туырлық қана әзірше төтеп беріп тұр. Ол тұс құрғақ. Берекесі кеткен киіз үйдің ішіндегі "жұмақ" бұрышы да сол.

Жүктің алдындағы ескі сырмақтың үстінде арқасын төсекке сүйеп, иығына қалың күпісін желбегей жамылып алып әкем отыр. Малдасын құрып алғанда, қос тізесінде қос бала отырғандай қомақтанып көрінеді. Еңгезердей үлкен кісі. Түсі суық. Шүңірек көздің жарлауытынан қалың қабақ төніп тұрады. Зәуіде бір оқшырая қадалғанда әлгі қабақтар кіші-гірім мұрттай боп тікірейіп жүрегіңді алады.

Киіз есікті серпи ашып шешем бір кіріп, бір шығады. Қима шапанын қаусырмалай киіп, белін шүберекпен байлап алыпты. Үн-түнсіз отырған әкелі-балалы екеумізге кезек-кезек қарап қойып, бірде тезегін, бірде қара қазанын әкеліп кешкі тірлік қамында қыбырлап жүр.

Есік ашылған кездерде жарты шақырымдай жердегі

‘‘Жүндінің“ тұмсығы қарауытып қана көрінеді. Ымырт жабылып, жаңбыр күшейген сайын сол төбе алыстап, жым-жырт мелшиіп, қою қараңғылыққа бірте-бірте сіңіп, манағы ап-анық тұлғасын өзгертіп, жоғалып бара жатады.

Әкем қара домбырасын алды. Сабаудай-сабаудай он саусақ қалақшадай ғана кішкене ағаштың өнбойын аралап жүгіріп кетті. Жолым үйді күй тербетті. Көңілсіз тірлікті үркіте келген қоңыр үн. Кейбіреулердей домбыраның шанағын сындырып жіберердей салдыр-гүлдір қағатын әдет әкемде жоқ. Ұзын саусақтарын еппен қозғап, майда шертіп, нәп-нәзік қоңырлатады. Осы ырғақ, осы саз көпке дейін үзілмейді. Тереңнен сәл-сәл дірілдеп кеудеме әлдебір мұң ұялайды. Сырт қараған адамға бұл күйде оншалық әсер қалдырар ерекшелік те жоқ шығар. Бірақ ес білгеннен естігенім осы күй болғандықтан ба, бұл саз маған етене жақын.

Күй ұзақ. Сырттағы жаңбырдың күйі одан да ұзақ. Бірімен бірі тайталасып қап, артынша ортақ тіл табысып, іштей мені серпілтіп әкетеді.

Құлағым күйде. Көзім әкемде. Ол да мені бағып қапты. Мынау тұлабойымды ұйытып бара жатқан күйімен тек маған ғана бір сырды арнап айтатын тәрізді. Содан ба,әкемнің баяу ырғақты әңгімесін ап-анық естітіндей қыбыр етпеймін.

Суық күндердің салқын ызғары шалған қатпар-қатпар тірліктің керуені алыстап кетіпті. Тапқаны не екен, ұтқаны не екен? Қырдан қылт еткен алтайы түлкідей аз дәурен бәйшешек гүлдей мамырын сағынып отыр ма? Суыққа шалынғанын сезініп, бой көтерер көктемін аңсай ма? Ғұмыр атты саят пәнидің олжасы қанша? Өкініші қанша? Күйкі тірлікпен күйбендеген көңілдің қосқаны көп пе, жоғалтқаны мол ма? Дауыл соққан көрі ағаштай еңсесін көтеріп келіп-келіп, бір күні күрт құлар ма? Сонда көлеңкесін саялап өскен бір шынар күн көзінде еркелеп, жапырағын жаяр ма? Кім білсін. Апырай, осы кәрі жүрегі құрғырдың кей-кейде бұлк етіп бұлқына соғатыны несі екен. Сонау күнгейі алыстап кеткен ай астында алтыбақан құрған тәтті шағы есіне неге жиі-жиі түсе береді екен. Сылаңдап, шолпысы шылдырап қай бір қыз мұны

емексітіп еді. Қорбаң-қорбаң қимылын, арбаң-арбаң аюдай денесін оңаша қызықтап, оңаша шымшылаған бірен-саран көңілшек жеңгейлері ғана болмаса, іңкәрлік дүниесінен бал шырын сордым дей алмас-ау. Әй, өнбеген іс, өрістемеген қиял, аяқ-қолды матап, адымды аштырмай барасыщ. Белесі көп, бедері көп өткеннің белгіленіп, атой салыд тұрар белгісі шамалы. Тобылғысы мен қарағаны, бетегесі мен бидайығы тұнған сар далада жыбырлап ізім қалды демесең, көңілді көншітіп, жанынды жадыратып кетерліктей не тындырдың. Әуелде маңдайыңа жазылған болмыстың өз жолымен, өз жөнімен кете беріпті. Шіркін-ай деген! Ең болмаса, жаутаң көз, жылы қабақ сол бір бойжеткеннің оңаша төгілер сырын да білмей кетіпті-ау! Таң атар-атпастан оң жақтан отау тігіп ұзатылар жат жұрттыққа жаралған қапалы қыздың ақырғы түнін үнсіз егілген ып-ыстық жасымен қарсы алғанында, ретін тауып қасына да бара алмап еді ғой. Күйіс қайырған жырық ерін сары атанның оң бүйіріне сүйеніп отырып, қой күзетіп атырып еді-ау сол атпай қалғыр таңды. Әміркен кебісі жылтырап, қос етекті шәйі көйлегі бұрала толқып, туған үйінен түнере шыққан қыздың күңіренген үні әлі күнге дейін құлағынан бір кетті ме. Тап сонда құлазыған үнде қарғыс атқан нала сызы леп бермеп пе еді. Сол ызғар бұның да кеудесіне түсіп, өмір бойы бір жадыратпай, көңілді тоң қылып басып еді ғой. Жер ортадан асқанда ТОЗ деген әрекет басы боп өзгеше тірлік келді. Маңай өзгерді, тұрмыс түзелді, бірақ қатқан көңілдің иі табылмады. Сол бір түн жанының бар қалтарысын құлыптап, ашылмас берік тас қорғандай мелшитіп кетті. Томаға тұйық мінезі жұмыскер болып, күрек көтеріл, атаққа ілініп жүрсе де, бұрынғы қалпын бір бұзбайды. Емірентіп кетер ме деген жалғыз ұлына да қаталдау. Ішінен белгісіз күймен құлап түсердей босаңсып кетер сөттерінде де бағасын бермес суық сырты түсін өзгертпейді. Өбектеген ұлдан өжеттік шығар ма, тәйірі. Табанын тас тіліп, мандайын күн қағып өскен ұлан-ұлан ғой. Ондай ұлдың талайы артық, талабы үстем. Жазған, осы бәйбішенің мінезі-ай! Отасқалы жиырма жылдай болыпты. От басы, ошақ

қасы күйбеңде, “ей“ деп алдына бір келмепті-ау. Қасиеті ме, қасіреті ме бұл байғұстың. Әй, қайдам, іштен тынып қапаланып қана қоя ма екен. Қайтсін, сыбырласып, сыр ашып дегендей күңкіл, шүңкілді о баста шығармай келіп, енді қалай ақтарылар. Дүние-ай!..

Домбыра бір сарыннан ауыспайды. Әкемнің аяқ жағында үнсіз тындап жатырмын. Ойлап жатырмын. Қоңыр әуен күй емес сыр төгетіндей. Дәл сонда әкемнің еш уақытта айтылмай келген ұзақ-ұзақ әңгімесін анық естимін. Сол шақты бітпесе, созыла берсе, жалғаса түссе екен деп отырмын.

Шешем тезегін қалап, үйдің ортасына от жақты. Бақанмен көтеріп түңліктен түтін шығатыңдай саңлау жасады. Қара мосыға асылған қара шәугімнің түбін жалап өтіп, жұлым-жұлым қызыл жалын сумандай түседі. Сумандай түсіп және жалп етіп басылады. Су тиген тезектің жануынан бықсуы көп. Көк түтін көз ашытып ұйлығып тұр. Жауын сабалаған саңлаудан шығар емес.

Көсеуімен отынды қағыстырып, түртіп-түртіп жіберіп апам әбігер. Еңкейіп барып үрлеп қояды. Шашалып, тұншығып жатыр. Сонда да сабырынан айрылып, дегбірі қашар емес. Жаулығының қайта-қайта сусып түсе берген екі шетін шапанының өңіріне қыстырып, бір үрлеп, бір түрткілеп отырып, отты маздата жақты. Қараңғылық сейіліп, бұрыш-бұрышқа қашып тығылды, үй ішіне әжептәуір көңілділік кіріп, қоңырқай тірлік орнады.

Әкем домбырасын әлі шертіп отыр. Тіп-тік кеудесін қаққан қазықтай шаншып ап, мелшиіп қадалып қалған қос жанарында қос ұшқын бұлдырайды. Ол да төлтіректеп, ол да күшейіп кетеді.

Шәйнектегі су қайнады. Шүмектен атқып кеткен бірер тамшы қып-қызыл шоққа тиіп, быж-быж етті де тынды. Күй де тоқтады.

Алдымызға шай келді. Үшеуміз әлі үнсізбіз. Сораптап тартып, ысылдап ішеміз. Бейуақ шақтың осы бір айнымас машықтай әдетіне айналған бұл отырысымыз жайшылықтағыдай үнсіз аяқталар деп едім, әкем ол салтымызды бұзды. Қолындағы

кішкене кеседегі шайды шайқап-шайқап отырып суытып алды да, бір ғана қылғытып жұтып жіберді. Әдетінше қисая кетер деп жастық әперуге тұра беріп ем, оң қолымен иығымнан басып отырғызып қойды. Апам екеуміз қарап қаппыз. Үндемейміз. Әкем отырып-отырып бетіме қарады. Ұзақ қарады. Қысылып барам. Сексеуілдің шоғындай жылтыраған жанардың қызуын сезінем бе, бүрісе түсем. Әкем көп сөйлеген жоқ, бұйрық еткендей шолақ қайырды.

- Әйкеш, жұмыс істейсің енді.

Мұғалімдерімді шулатып жүріп, дәл сол мың тоғыз жүз қырқыншы жылдың жазында ауылдың орта мектебін бітіріп едім. Енді бір емін-еркін дем алам ба деп жүрген маған әкемнің бұлтартпас бұйрығы сарт етіп кеп қылмойынға оралған бұғалықтан да кем сезілмеді.

Қарсы айтар дәрмен қайда. Маңдайдан бұрқ ете қалған ащы терді сүртіп тастауға да шамам жоқ. Кесемді қысып ұстап алыппын. Мелшиіп отырып қалып, жай ғана күбір еттім:

- Істейін...

Айтарын айтсам да, ішім біртүрлі ашып қоя берді.

Ертеңінде тұра алсамшы. Басымда бақырып әкем тұр. Қасымда құрақ ұшып шешем жүр. Бірі “жатып-ішер“ десе, бірі “құлыным“ дейді. Мені шарпып та, сипап та жатқан осы үндер.

Киіне беріп төсегіме қарағаным. Көңілшектікті қойсаңшы, құс жастықты қия алмадым. Буын-буыным босап, керуетіме сылқ етіп отыра кеттім. Әбүйір болғанда, кемсеңдеген иегімді әкемнің өткір көзі шалмаса керек. Сезімтал ғой шеше шіркін. Айналып, толғанып үстіме түсіп барады.

- Не болды?! - деп жұмсақ алақаны басымды силады, мандайымды сипады. - Ойпырай, ауырып қалған жоқсың ба, етің күйіп тұр ғой?

- Екі шекем солқылдап, әкетіп барады, апа.

- Жұмысы құрысын, жатшы, қисайшы, құлыным!- деп апам бәйек таппай құрақ ұшып жүр.

Әкем үнсіз. Еңгезердей денесін екі бүгіп, доғадай иіліп тұрған қалпында алғашқы қатулы қабағын ашпайын-ақ десе де, аурулығым оның да осал жеріне

тиген тәрізді. Түсі жылымаса да, “көңілшек“ қолдары көрпемді қымтап, жастығымды түзеп жүгіріп кетті. Ыңқылдаған боп, қолымның астынан білдірмей қарап қоям.

- Бар болғыр, бүгінше жатсын. Тап ертең ауырмақ түгіл одан арғысы болса да, жұмысқа айдап апарам, - деп әкем бұрылып шығып кетті.

Бір жолға құтылдым. Маңдайымнан бір иіскеп алып шешем де шықты. Қатып ұйықтап кетіппін, бір кезде танауым жыбыр-жыбыр етіп, берекем қашып ояндым. Басымда жерден жеті қоян тапқандай ырғай мойын, қазық бас жігіт Қарағұл отыр. Ыржың-ыржың, екі езуі екі құлағында.

- Қасқа, қашаңғы жата бересің, - дейді ол әлі де болса қолындағы қауырсынды танауыма жақындата беріп.

- Жамбас өзімдікі, - деп шалқама аунап түстім. Мінезінде де, істеген ісінде де береке жоқ судырлақ жігітті үлкендердің жақтырмай жазғыра сөйлеуін көп естігендіктен бе, кейбір байыбы аз, байбаламы көп қылықтарын сырттай қызықтасам да өз ішімде Қарағұлға деген салқындық сызы бар сияқты. Сондықган да жақындығымыз шамалы. Біз отырған рудниктен таяқ тастам жердегі “Үлкенбұлақ“, “Ақжартас“ колхоздарының құрылғандарына бес-алты жыл өтсе де, мүшелерінің қатары құтаймай-ақ қойды. Жаз жайлауды сағынса, барлы-жоғын тиеп алып колхоз қайдасың деп тартып отыратыңдардың алғашқы шаңын бұрқырататын да, күз түсе өндірістің жылы үйін аңсап, кері шұбыратын көштің бірінші сүрлеуін салатын да дөл осы Қарағұл. “Әй, енді келсең маңайымажолатпаспын“ деп басқармақалады... “Бәрі өзімнен, неге алдым жұмысқа. Осы да кадр ме? Жоспарды қайттім?”,- деп бармағын тістеп бастық бүлінеді. Ауыл үй, ағайын ұрсып та, ұялтып та сөйлеген. Дес берер Қарағұл ма. Күн жылт етіп, жер көгере баяғы әдетін бастайды. Жалғыз сиырды сықырлауық арбаға тіркеп қойып, туырлықгарын тиеп жатқаны. Оны көріп басқалар қайтіп құтырмасын. Қайтқан қаздай сап түзеп тізіліп кеп береді сонсоң...

- Әй жарайды. Болмашыға түс шайыспайық, - деп

Қарағұл ырыққа көне кетті. Енді байқадым. Қаракөлеңкеде көрмеппін, көзінің дәл алдында жұдырықтай ісік тұр екен.

- Ей, мынауың не?

- Сұрама, мұның қызығы бар. Тандайым кеуіп барады. Бір жұтым қымызың бар ма?

Орнымнан атып тұрдым. Сұрағанын бермесең, қанша суыртпақтасаң да сыр ашпайтын жайы өзіме белгілі. Тостағанды толтырып ұсындым. Қарағұл құя салды ма, төге салды ма, заматта бос тостағанды қолыма ұстата берді.

- Бала, енді қызығымды айтайын. - Қарағұл еңбектеп барып іргені түріп ашты да, - көрдің бе құланы, - деп маған бұрылды.

Құла - "Үлкенбұлақ" колхозының басқармасының тақымынан бір босамайтын атақты ат - біздің үйдің жанында қаңтарулы тұр екен. Басқаны құланың маңына жолатпайтын басқарманың тапа-тал түсте дәл мына Қарағұлға мінгізіп жіберуіне есім кете таң қалдым. Қарағұл құланы мақтап ала жөнелді.

- Жорғасы сұмдық! Су төгілместің нақ өзі. Жүрісі білінбейді-ау! Көптен тісімді басып жүр едім, ой майпандаттым-ау бір. Бұған ба, бұған бұл атырапта пар келетін ат жоқ. Алты айлықты алты-ақ аттаттым кеп, - деп жігітім қарқылға басты.

- Жөндеп айтсаңшы адамның діңкесін құрытпай, - деп шала бүлініп мен отырмын.

- Әңгіме былай: кеше жұмыстан шаршап оралып, тамақ ішпестен жатып қалып, қиял ойладым. (Сен менің өгіз жетектейтінімді білесің ғой.) Әлгі Садырдың өзі бір ит. Соқаның тұтқасынан ұстап мықшиып кеп жармасқанда бір шаршамайды. Ышқыры төмендеп, мұрнынан сорасы ағып келе жатса да, тоқтамайды-ау. Әбден ит-әлегімді шығарды. Өгіз дейтін оқалақ келгіріңнің кесірлігін қайтерсің. Аяғын санап басып қыбырлайды. Ышқынып-ышқынып кеп, олай да бұлай тартамын. Өгіз итің бір ғана соқаны сүйретсе, мен өгіз бен соқаны қабат сүйреп әбден зықым шықты. Қойшы, сонымен батар күнді қолыммен көкжиектегі ұясына қондырғандай болып жүріп, жатар орныма да тәлтіректеп жеттім-ау. Түн ортасы ауа жұмыстан

босаудың амалын ойлап таптым. Мысық жүріспен аяғымның ұшынан басып білдірмей тұрып барып, қостың жанында жатқан мойынтұрықтың самияндарын тығып тастадым. Сөйттім де, дүниені төрт шарлап келгендей алқына басып орныма жақындадым, жақындағаным құрысын, нанасың ба, төсегімде үрпиіп шайтан отыр. Жаным мұрнымның ұшына келді. Буын-буыным босап қыбырладым да қалдым.

- Қарашжан! - дейді әлгім сыбырлап. Сөйтсем, Садырдың тоқалы - Әсия. Әйкеш, сен күлкішіл келіншектерді білетін шығарсың. Қынай бел камзолын киіп, қызыл желегін бүркеніп шыққанда анау-мынау қызыңнан артық. Әсем бұралып, әсерлене сөйлер сол шіркіндерді қалай ғана жек көрерсің. Аппақ тістеріне шейін күлдіре қарап, ойнақшыған көздің әлде не күткен сыңайымен ет жүрегінді бір бүлк еткізер сәтін өмір бойы ұмытарсың ба.

Әсия да солардың, бірі. Бірақ дәл осы келіншек ойымнан бір кетпейді. Мен сол Әсияны бірге жүріп те сағынатын сияқтымын. Оның әдемі жүзі, сұңғақ денесі, қып-қызыл еріні - бәр-бәрі көз алдымда тұрады да қояды. Үнемі жүдеу тартып тұратын кескіні де маған қатты ұнайтын. Сондай жанның әкесіндей адаммен тұрмыс құрғанын көргенде, бір жақсыға балаған қымбаттым құрбан болғандай сезінем. Сәкеңнің қыжырта естілер үні жеткенде, жотасына қамшы тиген көк шолақтай оқыс селк етіп, шошып қалатынын талай көрдім де. Жүзіндегі айықпай түскен жүдеулік сол халіне деген наразылық наласынан да туатын шығар. Кім білсін? Қарлығаштың қанатындай тартылған қара қастың кей-кейде құрысып-жазылып, артынша-ақ дірілге ауысуы - іштегі мұңның сыртқа тебуінен болар.

Сол Әсия төсегімде отыр екен. Жай келмегенін ұқтым ба, кенет кеудемде әлдебір күй шаттық әнін күмбірлей жөнелді.

- Әсия! Әсия! - деймін, басқа тіл де, үн де жоқ. Ондайда тіл дегенің де күрмеле береді екен.

- Ақырын, Қарашжан, -дегенде келіншектің даусы қоңыраудай сылдырлады. - Келші, отыршы берірек. Шаршап жүрсің-ау. Қажыдың ғой, - деп елжірей

сөйлеген үнінен өзіме деген ыстық сезімді ап-анық сезінем. Сыбырлаған даусындағы мейірімге толы жылылық бар сырды айтқызбай-ақ ұғындырып еді.

- Қарашжан, Қарағұл! Келдім міне... Шыдай алатын емеспін. Түсінесің бе... Амалым жоқ, - деп майкемнің сыртынан мына ырсиған қабырғаларымды бір сипап өтті. Қолы от боп жанып тұр екен. Тұла бойым лапылдай жөнелді. - Арықтап кетіпсің ғой, - деп тағы бір елжіретіп алып еркін керілгенде, ай астында әдемі дене ақ сазандай жарқ етті. Ақ білегі, аппақ мойыны, ақ төсі дейді ғой; солардың бәрі ақ сәулемен тіпті аңғарандап кетеді екен. Қалшылдап, дірілдеп барам. Келіншек тағы бір керіле беріп еді, қос білегінен ұстай алдым. Ып-ыстық демі бетімді шарпып өтті. Көзім қарауыта ма-ау, құлағым шуылдай ма-ау, әйтеуір еркімнен айрылғандай күйге тұстім.

Дәл сол сәтте іштен Садырдың даусы естілді.

- Әсия, уа қатын, қайда құрып кеттің?

Құшағымыз ажырап кетті. Бауырға кіріп, жабысып құшқан Әсияның лебі мен демі бойымда қалғандай дуылдап өртеніп барам. Сылқ түсіп, әлде өкініш, әлде өксік буып дір-дір етіп төсегіме құлай кеттім. Әсия қосқа кірді.

Таңертең елең-алаңнан тұрып алып, алысқа ұзап барам. Қос басына жолай алсамшы. Әсияны көрсем, шыдап тұра алмай бассалатын сияқтымын. Жынын алдырған бақсыдай қашанғы жүре берем. Сары самауырдың екі иінінен дем алдырып, стол басына апарылғанын көрген соң, еріксіз қосқа оралдым. Ас үстіндегі қиналғанымды сұрама. Шай құйып беріп отырған Әсияның жүзіне туралап қарасам, ойымдағы бар құпиям бетіме қалқып шығатыны айдай анық.

Түске дейін самиянды таба алмадық. Әр жер, әр жерді іздеген боп мен де қабағымның астынан Әсияға көп қараймын. Шалының қасынан бір елі ажырамайды. “Қап, шайтан алғырды кім ала қойды екен”,- деп көңілін аулап бәйек таппағансиды.

Тарпаңын жиі қамшылап, қабағынан қар жаудырып Шолан бргәдір де жетті. Жер жебіріміз, жекен суымызға мың барып, мың оралды. Сәкең екеумізде

ұн жоқ, тіл жоқ: әр жерді бір шұқимыз. Ақ сайтаны бар ма, самиянды бргәдір тауып алды. Мысық мұрты тікірейіп үстіме төніп келді.

- Сен бе тыққан? - Шегір көзі өңменімнен етіп барады. Шегіншектей бердім. Оқша қадалған жанардың мысы жеңеді екен.

- Немене?

- Мә саған немене! - Темір самиян жонымның шаңын бұрқ еткізді.

- Ойпырмай, өлтіресің бе? - деп Әсия жүгіріп келіп самиянды қолынан жұлып алды. Түндегісінен де дәл мына қылығы артық көрініп кетті маған. Әсияны арқа тұттым ба, әлде әйел алдында таяқ жеуді намыс көрдім бе, бргәдірге бірді мен де қонжиттым. Оқыста қолым тұмсықты бұзып жіберсе керек, мұрнынан қан саулай жөнелді.

- Әй иттің ғана баласы, жоқтауыңды бір-ақ айтқызайын,-деп ызалы бргәдір дәу жұдырығын түйіп алып қайқайтып салып жібергені. Сондағы алғаным ғой мынау, - деп Қарағұл көзінің алдындағы ісігін көрсетті. - Екіленіп мен де ұмтылдым. Мені - Әсия, Шоланды Сәкең ұстап қалып, екеумізді екі айырып әкетті. Қалшылдап жүрсем де, құшағымдағы Әсияны қысып-қысып қоям. Бәрінен бұрын көңіл құртыма айналған сұлу келіншекті тападай тал түсте құшақтағаныма мәзбін.

- Кет! Жоғал, көзіме көрінбей! - дейді бргәдір.

- Кетем! - дедім мен. Іздегенге - сұраған. Әсияның қасында тағы бірер күн болсам, бар сырымыз айдай әлемге аян болары белгілі. Әсияны аяймын ба, Сәкенді сыйлаймын ба, жоқ әлде өзімді сынаймын ба, бір жаққа кете тұруды жөн көрдім. Сөйттім де бұрылып жүре бердім. Артымнан “қой-қойлаған“ Әсия мен Сәкеңе де қарамадым. Біраз ұзасам керек, алдымда қаңтарулы тұрған атты көрдім. Басқарманың құласы. Болары болды ғой деп құлаға қарғып мініп, жөнеп бердім. Артымнан ышқырын көтере жүгірген басқармаға көзім түсіп еді, жануарға қамшыны одан сайын сілтедім. Содан тұп-тура ат басын тірегенім осы, - деп Қарағұл әңгімесін бітірді.

- Енді қайтерсің?

- Қайтушы ем, екі қолға бір жұмыс, өндіріске түсем-дағы.

- Мені де жұмысқа шық деп отырғаны, - деп мұңая қалдым. Екі мұңлық елжіреп табыстық. Қатты күрсініп алып, үнсіздікті Қарағұл бұзды.

- Әйкеш, әлгіні тісіңнен шығарма, - деп шырт еткізіп секірте түкіріп жіберіп, маған бұрылды.

- Нені?

- Әсияны айтам. Мені сатсаң, құдайды сатқаның. Ұқтың ба?

- Ұқтым.

Осы сәтте сырттан дабыр-дүбір естіліп қалды. Қарағұл маған, мен Қарағұлға қарадым. Әлгіндегі көңілсіз мүлгіген түрден еш белгі қалмапты. Елгезек жанның елпілдеген қызба мінезімен сырттағы дабырға асығып отыр екен. Екеуміз де тез қозғалып, тысқа ұмтылдық. Түс ауып кетсе де, күннің ыстығы қайтпапты. Ошақ басын тіміскілеп, тінтініп жүрген бірен-саран салпаң құлақ иттерден басқа қыбырлаған мал тұяғы көрінбейді. Әріде, “Жүндінің“ тұмсығын ұңғи кеулеп, мүжи құлатып жүрген жұмыскерлердің қауқауласқан дауыстары, тас толы ауыр вагонеткаларды шірене тартқан жырық ерін қоспақ өркешті інгендердің ыңырана боздаған үндері ғана еміс-еміс жетеді. Қарағұл сырықтай ұзын денесін қайыстай созып, қос қолын жоғары көтере, ырғалып-толқып керіліп алды да, үй сыртына қарай бұрыла берді. Әкемнің тас кебісін тарп-тарп сүйретіп соңынан ілестім.

Біздің ауылға тағы бір үй көшіп келіпті. Жүктерді түсіріп болған әйелдер киіз үйдің керегесін құрып жүр екен.

- Пәлі, мынау Бәсердің үйі ғой, - деп Қарағұл қуанып жатыр.

- Бәсерің кім, Қарағұл?

- Бәсерді білмейтін кім едің сен? - деп Қарағұл таңданып тұр. Жеті ықылым дүниеде мен білмейтін нәрсе болмаса да, тап бұл жолы Бәсерді танымайтыныма өзімнің де жер болғаным рас. Қарағұлдың шоқтығы көтеріліп қалды.

- Білмесең тыңдай бер: Бәсер - жаратылыстың

жомарт жасай салған перзенті. Дәлелдейін. Рахаңның айтуынша: (Рахаң дегенім Бәсердің әкесі - Рахмет шал) “Ол дүниенің төрт құлағын ұстап тұрған керемет. Ыңқ еткізсең, қыңқ етпес, айдасаң тоқтамас, отырғызсаң тұрмас біртоға. Майлығым да, сулығым да бір өзі. Сүткенжем. Ырысым. Малымның құты, малымның оты”. Бұл бір де. Енді Шолан бргәдірдің айтуын тыңда:“ Бәсер есер емес. Екі айтқызбайды. Ерте тұрады, кеш жатады. Елдің бәрі Бәсер болса, тасқа да егін өсер еді”. Бұны екі де.

Бргәдірдің үйіндегі кербез жеңгейді тыңдасақ: “Бәсерде әсер жоқ. Садыр шалдың көк өгізінің сыңары. Жек те, “өк“ дей бер. Басқаңа бұрылмайды. Албыраған бұғақты көрсе, бұға береді. Күлімдеген көзді көрсе, күмілжи береді. Одан арғыға жоқ. Сол қайнымды қойшы, өлген қойдың өкпесіндей солбырайған”. Бұл оның үшінші қыры.

Басқарманың баяндамасын есті енді: “Осы Бәсерде тіл бар ма өзі. Өткенде бір он сағат сөйлеп” о” дегізе алмадым. Тәкаппар-ау, шамасы. Аларып-аларып кеп қарағанда басқармалығым басымнан ұшқан бөрігіме ұқсағаны. Батшағар мыңқ етпеді”. -Қарағұл Бәсердің сексен сегіз сырын, қырық тоғыз қырын айтып тауысқанша, киіз үй тігіліп, жүті жиналып бітті. Дәл сол сәтте бойы менің кіндігімнің тұсына ғана жететін төртбақ,қазанбас, жуан мойын отыздың мол ішіндегі можантомпай біреу бізге қарсы жүрді.

- Ассалаумағалейкүм, Бәсер! -деп қос қолын қабат соза Қарағұлым қарсы ұмтылды.

- Әй, Қарағұл, қайдан жүрсің, ей?! - деп анауым мұрнынан сөйлеп құңғірлей жөнелді.

- Жұмысқа келдім, жайынауызым.

- Ішіңді ұрайын. Жүрмедің бе Шолан бргәдімен шолжаңдап.

- Үндемеске құдай берсе, өзің неге мұнда келдің, - деп Қарағұл да сойылын соғып алды.

- Ит-ай, ауыз аштырмайды өстіп, - деп Бөсер енді маған бұрылды. - Әй, сен Әйкешпісің?

Мен оны танымағанда, бұл мені қайдан танып тұр дегендей біраз үнсіз қап жауап қаттым:

- Болсақ болармыз.

- Әкеңнің аузынан түскендей екенсің.

Одан кейін үшеуміз біздің үйдегі шыны шараны ортаға ап, қулық қымызды сыздықтаттық кеп. Ішіп жатқан Бәсер, мақтап жатқан Қарағұл, құйып беріп отырған мен. Шараның түбі көрінуге жақындағанда әңгіменің бетін жұмысқа бұрдым да, қымызды алып кеттім.

Ертемен жұмыс басында кездеспек болып үшеуміз үш айрылдық.

Екінші тарау

- Жұмыс басында. - Бәсер үйленбекші.- Майсара - мықты қыз. - Арқан үзілді, - Бәсер ер екен.

Кішкене өзенсымақтың шығыс жағындағы шағын көгалға он шақты киіз үй тігілген. “Жүнді” аталатын төбенің тұмсығын жанай өтетін сол өзен бұл кезде, жаз ортасына таянған шақта, бөлініп-бөлініп қарасуларға айналған. Иістеніп, сортаң тартып, буланып азайып барады. Ауыл үстінде мал аз. Азын-аулақ қозылақ, бұзау-тана, желідегі бірлі-жарым құлыннан басқа қыбырлаған тұяқ кездеспейді.

Біздің осы мекенді рудник деп атайды. Бұрынғы ескі ауылды темір жол жанамалай өткелі бұл жерден кен орны ашылып, әк өртейтін шахта-пеш қазылып, пілдей бір өндіріс болып шыға келді. Сол-ақ екен, біздің ауылдың адамдары темір күректерін иығына салып ап, маңғаздана басып, маңайдағы колхоздың өткен-кеткен жандарына бір шекеден менсінбей қарайтынды шығарды.

Сол ауылға анда-санда көз тастап қойып, екі жүз-үш жүз қадамдай жердегі пеш басында бір топ жұмыскер түскі астарымызды ішіп отырмыз. Даңғыр-дұңғыр дыбысты баса, қарқ-қарқ күлкі жиі естіледі. Мамыражай шуақта тыныстаған ерлердің көңілді шағы.

- Бәсер, осы сен қайдан келдің?
- Қайдан келуші ем, колхоздан да.
- Бар болғыр, сонда-ақ жүре бермедің бе?
- Өндіріс-өндіріс деп өкпемді алып жетсем,

бұныңыз не? - деп бұртиған Бәсер тамағын кейін ысырып оң жағына бұрылып еді, көзі оңаша отырған екі қызға түсті. Осыдан апта бұрын жұмысқа келгенімізде пештен щыққан әкті күйдірілмей қалған тастан тазартып жүрген осы қыздарды көрген бойда Бәсер бала қораздай қодиланып, қастарынан олай-бұлай өткен. Сондағы байқағаны-бойы қыздардың иығынан-ақ келеді екен. Намыстанғандай болып, көп қарайламай өз орнына тартқан-ды.

Енді міне кеудедегі әлдебір желік тағы қозданды. Шықшытты дөңгелек жүзі сәтте жылынып, салпы еріні бұрынғыдан да салбырай түсті. Бәсердің бұл өзгеруін қасымдағы Қарағұл да сезіп қапты.

- Бәсер, осы екеуінің бірін ілмейсің бе?

- Несі бар, ілсем ілермін! Қызды көрсе тұра қашатын елдің бәрі Қарағұл емес.

- Өй, мынауың мықты ғой!

- От шашып тұрған көзін көрмеймісің!

Алакөзденіп алған Бәсер шын қызғандай. Быртиған саусақгарымен Қарағұлдың санынан мыта бүріп, өзіне қаратты.

- Осы екеуінің ең мықтысын алмасам ба, қара да тұр.

- Бар болғыр, мықтысын қалай танисың?

- Оны саған тапсырдым.

- Қой әрі, сауырын сипар саулық деп пе едің. Бәлесінен аулақ! - Қарағұл шегініп отырды.

- Ерегіскесін дегенім ғой.

Бәсер де тыйылғандай ыңғай білдірді. Қызық күтіп отырған біз Қарағұлға жабыса кеттік.

- Қарағұл, қашқақтама!

- Бәсер дұрыс айтады. Көрсет мықты қызды. Содан кейінгіні жігітке қалдыр.

- Бәсе, ыңғайын тап. Қиюын келтір.

Бұл кезде Қарағұл да ойыса бастап еді. Көзіне шайтан түкіріп кеткендей ойнақшып, бас изеп келісімін берді.

- Мен білсем, мықты қыз - Майсара!

- Қалай білдің?

- Вагонетканы жалғыз қолымен қанкөбелек ойнатады.

- Рас айтасың ба? - деп Бәсер ынтығады.
- Расым.
- Онда дәл сол қыз менікі!
- Сөзің сөз ғой!
- Бәсер екі айтпайды. Алам дедім, аламын!

Енді біз үнсіз қалдық. Бойы қолындағы күрегінің сабымен бірдей, төртбақ, қазанбас, ескі өңді бәкелтек қара жігіт аққұбаның әдемісі дерлік қаз мойын, үйрек төс, сұңғақ денелі қызға ынтыға қапты.

Аспанда шөкімдей бұлт жоқ. Жайшылықта жер ошақты жанамалап, қала берсе ауыл сыртындағы ін біткенді тіміскілеп кететін сабалақ жүнді кәрі қаншықтар да бауырына күшіктерін тығып алып, қашқан көлеңкені қуалай жылжып алысқа ұзар емес. Бір заманда мол сулы, арынды ағысты өзен болған Қарасудың жағасындағы үлпек басты қамысы да үп еткен желі жоқ жаздың тымырсық күнінде мүлгіп тұр. Бірінен бірі оза мойындарын созып, мүше-мүше боп бөлектеніп, тұңғиықтың түбіндегі шырмала өскен балдырға тесіле қарап қыбырсыз қалған. Жар басында жалаңаш сандарын шапақтай жүгіріп-жүгіріп алып, күнге күйіп тотыққан денелерін бір-ақ ырғып суға атып ұсақ балалар жүр. Солардың қарнымен шолп еткізіп жан-жаққа шашырата жайған тамшыларымен ғана бір-бір қозғалып, аз-аз шайқалып қалып нар қамыстар жөне тыным табады.

Манадан бері шомылған балалардың қызығына қарап, сол алыстап кеткен бұрынғы таныс күйімді қол жетпес армандай ұғып шұбар атты самарқау айдап жүргенімде:

- Арқан үзілді! Қаш! Өлдің! - деген оқыс айқайды естіп қалдым. Сол екі ортада қос жаурыныма қанжардай қадалған жан түршігерлік қатты ойбай да қабат шықты. Пеш басына жүгірдім. Қас қағым шақта көз алдыма келе қалған сондағы көрініс өмірімде ұмыта алармын ба. Қажалып-қажалып үзілген темір арқанның айналма шығырдан сусып шығып бара жатқан тілкем-тілкем ұшы... Көлбеу жолмен төмен сырғанаған, ыстық әктен босаған ауыр вагонетка... Ал төменде, сонау шахтаның кірер аузында есі шығып, жанары шарасынан ұшардай бақырайып, жолдың дәл

үстінде тізерлеп отырып қалған әкем... менің аяулы әкем... Маңайымда аңырып тұрып қалған жұмыскерлер..-. Буын-буыным босап, сылқ етіп отыра кеттім. Сол сәт, сол қас қағыста тұрғандардың ортасынан біреу ұмтыла берді. “Тоқта! Кейін, өлесің!” деген айқайлар жамырай естілді. Әлгі адам тоқтаған жоқ. Жүрісін енді-енді жылдамдата бастаған вагонеткадан оза беріп, алдына түсті. Көзімді тарс жұма қойдым. Құлағым бітеліп қалғандай, түк көрмеймін, түк естімеймін. Қатты қысып алған қос жұдырығыма, қайдан түскенін білмеймін, кесек тастың өткір сынығы батып барады.

Көзімді ашсам, вагонетка тоқтапты. Жапатармағай ұмтылғандарға ілесіп мен де жетсем, Бәсер (жаңағы жалғыз жүгірген жігіт сол екен) екі аяғын көлденең ағашқа көсілте тіреп, жотасын вагонеткаға төсеп тұрып қапты. Жүзі күп-күрең, білем-білем тамырлары көгеріп көрінеді. Шып-шып тер басқан мандайдың бәрін қос алақандай боп қан толған қос жанар алыпты. Сәл жыпылықтатса, сәл-сәл қасын қағып қалса төбесінен төніп тұрған дүние төңкеріліп түсетіндей көрінді маған. Вагонеткаға жармаса бердім. Ілесе жеткен жұмыскерлер жабыла қимылдап вагонетканы жоғары итеріп әкетті. Тәлтіректеп екі-үш аттады да, Бәсер қираландап барып жолдың дәл ортасына құлап түсті. Мені біреу бас салды. Әкем екен. Иегі кемсеңдеп бетіме қарайды да, екі иығы солқылдап булығып кетеді. Құшақтап-құшақтап алып, мандайымнан, бетімнен сүйеді кеп. Қояр емес, босатар емес. Бір кезде әкем де күшінен айрылғандай Бәсердің аяқ жағын ала сылқ етіп отыра кетті. Екеуінің тап ортасында тұрмын. Әкем әлі жылап отыр. Бәсердің бадырақ көздері сонау жоғарыдағы сарғыш тартқан аспанға қадалып қадыпты. Әлгінде алақанның аясына сыйып кетердей болып көрінген тылсым тірліктің енді ұлаңғайыр кең, шексіз биік асқақтығына таңданатын тәрізді. Бәсердің дәл солай ойлап отырғанын қайдам, өзім дүниенің аяқ астынан бүрісіп, бірер өмірді елу қадамдай жолдың ұзақтығымен өлшеп алып, қайтадан жазылып, жайылып кететінін білдім.

Жоғарыдан Майсара түсіп келеді екен. Қызылы қызыл, ағы ақ жүзі оңған ескі шүберектей боп-боз.

Қуарып тұр. Кібіртіктеп жүріп келіп Бәсердің қасына тоқтады. Үндеген жоқ. Тек бұндайда тілсіз ұғар, ішпен түсінер бір сырды жанармен айтар сәт болады екен. Соны ғана көріп қалдым. Сол-ақ екен, тұла бойымды шымырлата аралап әлдебір сезім баурап алды. Бұрын-соңды кездеспеген қуаныш па-ау, әлде сол қуаныштың түсін танып, төркінін таптым ба-ау, әйтеуір, тамырымды матаған бір құдіретпен табысып, отырған екеуді де, үнсіз тұрған Майсараны да қалдырып, ұзай бердім. Құрсап келіп, бусанып шыққан ащы тердей жадыратып жанымды әлдилеп алған бір күй бар. Ол күй Бәсердің батылдығын желдірмелеп төгетіндей, әкемнің андаусызда ашылған сырымен сыбырлайтындай.

Сол күнгі ашқан тағы бір жаңалығым - Майсара әнші екен. Бұрын-сонды “әу“ деп аузын ашқанын көрмегендігімнен бе, дәл қасымда, шикі тасты қысып ұстап алып, әлденеге таң қалғандай үнсіз отырды да, кенет ыңылдай жөнелді. Сол кезде демімді ішімнен алып, шұбар аттың мимырт жүрісіне ілесіп жүріп, тыңдадым оны. Әннің сөзі жоқ, бірақ Майсараның созылтуы керім. Әлде бұл қыздың іштегі қуанышынан әсерленіп толғанғанынан ба, әлде менің сол сәттегі әсемдікке еліткен көңіл күйімнің өзгеше қабылдауынан ба, білмеймін, мейірім қанар емес. Кіпкішкене ноқаттай болып, қос қанаттың тынымсыз қозғалуымен ғана өз сайрауына өзі кәніккен боз торғай да Майсара әніне үн қосқандай. Маңайдағы аптап ыстықта күн ұзын қыбырсыз жатқан тыншу дала осы саялы саздың шарықтап ұшар сәтін күтіп саябырлап келіп, енді бар ынта-ықыласымен елти тыңдайтындай болып көрінеді маған. Сонау көз ұшында, көктөбенің бауырынан қалықтап шығып, кілкіп тұнып тұрған самарқау сағым да, осы әуенмен бірдей ырғатылып, бірдей толқитындай.

Кешкілік жұмыстан жалғыз оралдым. Қарағұлдың таусылмайтын көп қылжағынан қашқандаймын. Сол көп орынсыз күлкі бүгінгі тапқан бір асылыма тот боп жабысардай көрем. Әкемнің түріне де қараудан жасқанам ба, ұялам ба, ол да көңілімнің бір қалтарысында түсініксіз түйін боп жатыр. Қыбырсыз

қарасудай бұрынғы ой-дүниемді шайқалтып алып, қоса толқып келем. Адам жаны дауылдағы толқын тектес әлемтапырық аласапыран тірлік екен. Інжу-маржан толқында туса, менің де бір асылым тебіренген талабымнан шықпас па. Шығар ма сол? Қашан, қалай жарқ етер екен?

Үшінші тарау

- Бәсер көңілді. - “Нәсір-нәсір ” - ән аты. - Суға сүңгу.

Жазғы кеш көпке созылады. Күн көкжиекке ентелей құлағанымен түрлі-түсті бояуларын кең жайып, біразға дейін бар төңіректі мұнарта бүркеп тұрып алады. Ақшам жамырағаң кезді әкем де, мен де ұнатам. Әсіресе, кешкілік асыңды далада, үй іргесіне текемет төсеп салқын самалда отырып ішкенге не жетсін! Ондайда әкемнің айдыны да керемет. Жайшылықтағы сұсты кейпі сәл-сәл жылып, бусанған қоңыр өңінде әжім ізі ұлғайып сала береді. Айқыш-ұйқыш мол сызықтар жиі қозғалып, көз алдымнан кетпей қояды. Әкемнің көзі алыстағы төбеде, менің көзім әкемде. Ой дегенің әр сақта. Жастықтың жалыны да, кәріліктің салқындығы да толғандырады.

- Әке?..

Әкем үндемейді. Дауысымды естіген-естімегені де белгісіз. Қайтып үн қатпаймын. Не сұрарымды өзім де білмеймін. Тек, әкеме қадалған күйімде аяушылық па, аялаушылық па түсініксіз бір сезім бар.

Әріректен дауыс естілді. Сәлемдескен Бәсер екен. Брезент шалбардың ышқырлығын қос қолдап көтере беріп, жалп етіп отыра кетті.

Әкем жалпылдап жатыр. Жаңағы салғырт қалпынан түк қалмапты.

-Майыңды еселеші! - деп шешеме бір қарап қойып, Бәсерге бұрылды. - Үй арасы таяу ғой. Келіп ыстық шай ішіп тұрсаңшы.

Бәсерде үн жоқ. Қолына тиген кесенің босауы да тез. Маңдайдан жіпсіп тер шыққан сайын ысылдап

қойып тартып отыр. Әкем тағы да үнсіз қалған. Кім білсін, ойына әнеукүнгі оқиға түсті ме, қабағы салбырап кетіпті. “Өткен күннің белгісі жоқ“ дейтін осы үлкендер емес пе. Сөйте тұра, бар өмірін тірлігінің бір-бір баданадай-баданадай ұмытылмас сәттерімен, бұралаң жолдың бұлтарыс-жалтарыстарында кезігіп қалатын кезенді шақгарымен байланыстырып, белгілеп отыратындар да тағы өздері. Әлде бұл олардың қасиеттері де шығар. Жыл өсіп, жас ұлғайған сайын қызуы суынып, күңгірті молайып, реніш-күйініштен, қуаныш-қызықтан бөлініп, көңілінің сонау бір күндерінің ыстық-ыстық елестерін күтетін шығар. Алыстап кеткен ағайын, жылыстап кеткен жекжат-жұрағатқа деген өкпенің өкініші ғана оралып, кикілжің тірліктің мағнасыз сұрқы қынжылтар да. Тап сонда елжіреген көңілдің құлазып аңсауы да, қатуланып ширығуы да мүмкін-ау.

Бәсер тіземнен түртіп отыр екен. Байқамаппын. Әкем нұқығандай етіп, арқамнан бір сүйкеп өтті.

- Тындасаңшы адамды. Саңырау болғанбысың!

Аң-таңмын. Сөйлеген ешкім жоқ. Бәсерге бұрылсам, ерні салбырап, ап-ала көзі күлімдеп түрегеліп кетіпті. Ымдайды. Шақырады. Тұра беріп, әкеме қарадым. Қадам басқанымды санап отырушы еді, басын изеп жатыр. Босатқаны ғой. “Бостан-бос секендеп не табасың, ойының-ақ таусылмайды екен сенің. Адам болмассың,“ - деп қыжыртатын әкеме таңдана бақшиып тұрыңқырап қалсам керек. Бәсер иығымнан тартты. Артыма анда-санда бұрылып қойып, кетіп барам. Әкем де, шешем де үн-түнсіз үстелдің екі шетінде, кеселерін көтерген күйлері отырып қапты. Көздері менде. Бәсердің қасында сорайған биік бойымды көріп, ержетіп қалғанымды сезініп, шүкіршілік етіп отыр ма екен...

Екеуміз ұзап барамыз. Аяқ астындағы майда топырақ баяу ғана шаңытып, іле басылып, сейіліп жатыр. Жел жоқ. Кешкі шу да басылған. Түп-түп қалың ши ғана майда самалмен әлсіз бұлғаң қағады. Ақ шаршы бүркенген сұлудай әлгі түп-түп шилер біз алыстаған сайын бірте-бірте түн қойнына тығыла түседі.

Бәсер үнсіз, танауы пысылдап алдымда бара жатыр, артында мен еріп келем. Бір кезде Бәсер тоқтады. Мен де тоқтадым.

- Әйкеш, үйленген жақсы шығар ә?

Бәсердің манадан бері көңілді жүруінің себебін ұққандаймын. Мына түріне қарағанда Бәсерге бір тықырдың таянғаны да рас сияқты. Жүзіне көз тастадым. Абыржып, қипақтап тұр. Жанарында қиыла тілеген өтініш, сол өтінішіне сай жақсы ниет күткен сыңайы да бар. Тілектеспін ғой. Қоштап жатырмын.

Бәсердің жүзіне көзім түсті. Апырай, біртоға тұйық жанның бар ықыласымен ынтыға күтер адамына деген ілтифаты оның ой-бойын, кескін-келбетін де өзгертіп жібереді екен ғой. Ала көздер бұрынғыдай енжар емес, жып-жылы мейірімге толып, елжіреп қарайды. Мүмкін бұл тәтті мұңның бойды билеп алар сиқырлы күші шығар. Сол кезде өз қиялымен көңілі толқып, өзін өзі ұмытып, іңкәрліктің құмар дүниесін тауып, желпініп кетер. Мүмкін ол кең даланың кереметін ұққан жүректің сонау қой соңында жапа-жалғыз күндерде, одан кейін қотан шетінде жұлдызы жымыңдаған ұзақ түндерде зарығуынан, әлдекімді қиялмен тауып, соны ынтызар көңілмен аңсай іздеп сағынуынан туған күй шығар. Бәсерге сүйініп келем. Тілектес болып келем.

Енді менің көз алдыма Майсара келді. Сонау күнгі Майсараның мөлт еткен жасы кеудемнің тоңына түскен көктемнің алғашқы жаңбырындай болмап па еді. Тоң-торыс қалпымнан айрылып, елегзіп қалатындаймын. Өмірдің өз ағынымен өтіп жатыр дейтін бір сарынды арнасынан да өзгеріс табамын. Тірліктің тынысы да айналамды қоршаған жанның демімен, бір-бірімен қарым-қатынасымен, солардың өзара түсінісуімен бірге соғатындай. Әсіресе, Майсараның Бәсерге деген жүрек жылуын анық сезгендей болушы едім. Неге екенін білмеймін, сондай сәттерде кеудемде бір арман бұлқына бастағандай болатын. Оның қасиеті қандай, төркін-түбі қандай? Ол жағы белгісіз. Бар білерім - тұла бойымды толтырып, алып ұшып бара жатқан белгісіз қуаныш. Тап қазір мына Бәсердің қасында тұрып, сол

қуанышымның досқа деген жақсы тілектен туғанын түсінгендеймін.

Бәсер қолымнан тартты.

- Әйкеш, сен жақсы жігітсің. Қөңілін, адал. Мен саған бірдеңе айтайын ба?

- Айта ғой.

- Айтсам, әкем бүгін Қарағұлды ертіп Майсаранықіне құда түсе кетті.

Мына хабардың тосындығы әсер етті ме, алғашында тіл қата алмай біраз үнсіз тұрып қалдым.

Бәсер жүзін бұрды.

- Анада әкейге ет қызуымен айтып қап... Сонан бүгін кеткені...

- Қайырымен болсын!

- Әйкеш, кел отырайықшы.

Отырдық. Бәсер екі аяғын көсіліп жіберіп, кең балақ шалбардың қалтасынан сумаң еткізіп бір бөтелкені суырып алды.

- Мынауың не, әй?

- Арақ. Қуанышқа алып ем, - деп Бәсер от ұстағандай екі қолын соза береді.

- Ащы шығар.

- Білмеймін, ішіп көрерміз.

Бір қалтасынан кішірек кесені және шығарып, толтыра құйды. Маған ұсынды.

- Кәне, көтеріп қой.

- Алдымен өзің іш, Бәсер. Қуаныш сенікі.

Тартып жіберді. Тартып жіберді де шалқалап құлай берді. Қақалып-шашалып жатыр.

- Өй, не болды?! - Арақ дегенді бұрын қайдан көргем, сасып жүрмін.

Қырылдағаннан басқа Бәсерде тіл жоқ. Басын сүйеп отырмын. Бір кезде ол көзін ашып алды.

- О-о-от екен! Күйдіріп барады.

- Құй онда маған. Не көрсек бір көрейік.

Құйды. Қағып салдым. Ойпырмай, Бәсердің, от дегені әшейін екен. Қайнап тұрған у екен. Білдірмегенсіп жатырмын.

- Мықты екенсің! - Бәсердің ырза боп мақтағанда айтары сол. Сонысы жетеді.

Орталау ғып құйып алып Бәсер тағы көтерді. Мен

де қайталадым. Бір кезде Бәсердің аларған көзінен сүйіп алғаным. Ол да менің бетімнен сілекейлемеген жер қалдырмады.

- Бәке, тез үйлен, сен үйленбесең өзім үйленем.

- Майсараны тап ертең үйге кіргіземін.

- Бәке, сен дүниедегі ең мықты адамсың. Сен бе, сен нарсың. Сен, сен басқармасың, тфу, басқарма кім ол, сен одан да артықсың. Сен Бәсерсің! Келші тағы бір сүйейін.

- Әйкеш, айналайын. Өзіме тартқансың. Өзім барда өкінбейсің. Кел, тағы бір-бірден алып жіберейік.

- Әкел онда.

Шишаны босаттық. Өлең айтқым келеді. Ойыма бірі түссейші. Болжыратып Бәсер бастады.

Нәсір-нәсір жанын-ай,
Жаны құрғыр фәни-ай.
Ине өткеннен жіп өтер,
Бұл жалғанның қызығына кім жетер.

Барылдап мен қосылдым. “Фәни“ дейді. Қыз ба екен. Аты әдемі. Инемен көйлек тігіп отыр-ау. Сұлу шығар” деймін ішімнен. Көз алдыма саусағы майысып кесте тоқыған қыз келеді. Бадана гүлдей ырғалып толқып ән шырқай ма-ау, нәзік жанымен сыбырлап кең далаға сыр шерте ме-ау, әйтеуір, әлемді бір өзіне тартып, ұйытып бара жатқандай.

- Әйкеш, сен мен барда қорықпа. Сені ренжіткеннің бірінші жауы мен болам, - деген Бәсердің соңғы сөздерін шала естіп, ұйықтап кеттім...

- Қасқалардың жатысын! - Дауыс қатты шықты.

Көзімді ашсам, қасымызда Қарағұл тұр. Ыңыранып Бәсер де оянды. Қарағұл бос бөтелкені аударып-төнкеріп қарап қапты. Ай туған екен. Маңай жарық.

- Бірдемелерің қалған жоқ па?

- Ағатай, ертең араққа сүңгітейін. Майсара қалай?- деп Бәсер Қарағұлдың етегінен тартқылады.

- Болды. Майсара сенікі.

Кішкене адамның тұруы да жылдам болады екен. Бәсер атып тұрды.

- Әй күресесің бе? - деп Қарағұлға бара жармасты.

- Күшіңді босқа ысырап етіп қайтесің. Жинай берсейші онанда, - деп анау шегініп жүр.

- Ішіме сыймай барамын.

- Мен сен болсам Қарасуды кешіп өтер едім.

- Несі бар, өтсем өтем,-деп Бәсер өзеурейді.

- Әй, сен өте алмайсың, - деп Қарағұл бұрыла берді.

Ішім қылп ете қалды. Бәсердің малту білмейтінін естігем-ді. Қарағұл кегін алғысы кеп тұр, маған үндеме дегендей көзін қысып қояды.

Үшеуміз Қарасуға беттедік. Айдың сәулесімен беті жылтырап, тыныстап жатқан судың жағасына жеттік.

Бәсер ентігіп тұр.

- Мен шешінбей-ақ өтер едім, - деді Қарағұл.

- Мен де шешінбеймін!

Бәсер күмп етіп киімімен суға қойып кетті. Бір батып, бір шығады. Қарағұлға керегі сол ғана. Дереу қолын созып, тартып алды.

- Ер екенсің ғой өзің!

- Аузыңды ұрайын, адамды өлтірейін деп пе едің. Майсараны сен-ақ ал. Қастығың бар ма әлде, - деп суық суға түсіп шыққан Бәсер мастығы айығып бұрқан-талқан болды.

- Сенімен жұлдызым қарсы енді!

- Қой ей, Бәсер, тірідей көмдің ғой.

- Сенен шүршіт артық!

Біржола ашуланған Бәсер суын сорғалатып ұзап барады. Қарағұл екеуміздің шегіміз түйіліп қапты.

... Сол түнде бір қыз қалыңдық атанып, бір жігіт күйеу болды. Мен алғаш арақ ішіп, мас болдым. Бірақ осының бәрін елең етпестен ауыл қалың ұйқыға шомған еді.

Төртінші тарау

- Қарағұл да әнші. - Колхоз сапары. -Хат тасимын. Келіншектің керемет әңгімесі. - Қашу.

Алыста сағым бұлдырайды. Айналада мүлгіген қыбырсыздықта сан құбылып, жыбыр-жыбыр жымыңдап, сол сағым алданышқа бастайды.

Қозғалысы, қимылы көп аласапыран тірлік белгісіндей. Тақыр күзге шейін бояуы оңбайтын даланың нағыз жасарған, жасанған шағы бұл. Көз ұшында толқыған теңіздей көк шидің үкілі шолпысы бұлғақтайды. Жолдың екі жағынан басталып көкжиекке ұласқан көк шалғынның жұпар иісі мас қылғандай. Астымыздағы шобыр баяу қыбырлап келеді. Онымен жұмысым жоқ. Жүріс мандымаса да қиял жүйрік. Алыстап аспандап кеткен. Ол анау көгеріп көрінген “Кепеліден“ де биік. Ыңылдап ән салған Қарағұлдың қоңыр дауысынан да жоғары. Қиялдың қанат қағуы әсем, қалықтауы әсем. Ол үмітінді ұзартқандай, тілегіңмен табыстырғандай. Қиял - қуаныштың көшірмесі. Қиял - қызығыңның, хабаршысы. Ол - Майсара мен Бәсер боп елеңдетіп жетеді. Қарағұл мен Әсия боп әсерлендіріп әкетеді. Әсия демекші, міне Қарағұл да желпініп келе жатыр. Мана жалынғандай болып мені ертіп шығып еді. Қайқы қара жол бұралаң-бұралаң етіп жер ортаға таянып та қалды. Қарағұлдың ыңылдауы да күшейе түсті.

Көшкенде жылқы айдаймын, ахау, аламенен,
Аулыңа барушы едім-ау даламенен.
Түскенде сен есіме, беу, қарағым,
Сағынып сарғаямын-ау, санаменен,-

деген жігіт өтініші, өтінішінен де ыстық жүрек лүпілі өнбойымды шымырлатып барады. Бәрі рас. Бәрі шын. Жылқы айдамағанымыз болмаса, даламен келе жатқанымыз да, сағынышпен сарғайғанымыз да (сағынған Қарағұл ғой), санамен сабылғанымыз да ып-рас. Ән керемет қой. Ал жүрек әнін шертуде дауыстың бар жоғы қажет те емес. Шын толқыса, қарасу да айбарлы. ІІІын тебіренсе, Қарағұл да әнші.

Мен дүниені ұмыттым. Қарағұл мені ұмытқан. Тек шобыр ғана “жолаушының жолы жүрсе өнер“ дегендей мимырт кібіртігінен аумайды, ауыспайды. Қарағұлдың желкесіне қарап отырмын. Ұзын мойынға орната салған кіп-кішкентай шақша бас, қаққан қазық дерсің, қозғалмайды. Күтпеген жерден шырқап кеткен өз әнін,

тастақ жолға еріне тиген төрт тұяқтың тықырын қимылсыз аңдып, қызыға тыңдап тұрғандай.

Мен Қарағұлға сүйініп келем. Бұрынғы салдыр-күлдір мінезіне мына түрі ұқсамайды. Жанының жарқ етер бір асылдай меруертін оқыс ашып алып, соның әр қырынан шашыратып сәуле төккендей көңілімді жадыратып жіберді. Жайшылықтағы қылжақай тірлігі жан жаратқан дүниеге деген құштарлығын, жүрек құдіретіне айналған жанға деген сүйіспеншілігін жасырып келген пердесіндей сезіледі тап қазір. Бұл сәтте сонау сарғайған сағым да, қыбырсыз қалған құрақ та, алыстан баяу талып жеткен паровоз үні де бір ғана Қарағұлға табынған. Көсіліп жатқан кең дала да барынша жазылып, мүлгіп апты.

* * *

Шөпші ауылға түс қайта жеттік. Бұл - он шақты ғана үйі бар шағын ауыл екен. Жақында ғана көшіп келіпті, маңайдың шалғыны әлі басыла да қоймапты. Ауыл үсті тыныш та, әріректе, шақырымға жуық далаңқайда шуылдасып мая салып жүрген шөпшілер үні, даурыққан күлкілері естіліп тұр. Қыбырлаған, қимылдаған жан, қалықтаған, шарықтаған ән-бәрі сол жақта, ал ауылдың да әбігері бөлек. Жер ошақтарда от жағылып, қазан асылып, көк түтін көлеңдеп көбейіп, әр тұстан, әр үйдің есігінің алдынан көтеріліп жатыр. Бірінен-бірі қалыспай, кей ошақтан қоп-қою боп будақтап, кей оттан жіңішке шудадай биязы ғана еселіп шыққан осы түтіндердің ауыл үстінде баяу қалықтауы, сонау шөпшілердің қарбаласын молайтып, әзілі мен әнін күшейтіп жіберді ме, сампылдаған дауыстары, қосыла шырқаған әуендері анық-анық жетіп тұр.

Жүрісіміз кібіртіктеп, тоқтап қаппыз. Қарағұл шобырды тепкіленіп алға лықсытты да, оң иығынан маған бұрылып қарады.

- Қай үй?

Шөпші ауылға бас сұққаным осы болса, қай үй екенін қайдан білейін. Басымды шайқадым. Қарағұл

“адам болмассың сен“ дегендей бетіме мүсіркей қарап тұрып, ат басын қарақұрым үйге туралады. Манадан көріп келемін, ауылдағы бала-шағаның көз тіккені - біз. Үйге жақындасымен сыпырылып түсе беріп ем, бір әйелдің құшағына іліктім. Бас салып маңдайымнан сүйіп жатыр. Нағашы жеңгем екен. Дереу қазан көтеріп, абыр-сабыр боп қалды.

Қарағұл екеумізде үн жоқ. Жеңгей бір кіріп, бір шығып үй шаруашылығымен айналысып жүр.

- Алтыбақан құрар ма екен, - деп бір кезде Қарағұл сыртқа қарады.

- Қайдан білейін.

- Шіркін, алтыбақанға не жетсін!

Біздің тілегіміз тәңірінің құлағына шалынса керек ет енді алдымызға келе бергенде ауыл сыртынан ән естілді. Алтыбақан құрған жастардың әрекетінің хабаршысы.

Сол-ақ екен, Қарағұл өзгеріп сала берді. Көзі жайнаң қағып, жүзі жылып, елендеп отыр. Екеуміздің де елегізіп отырғанымызды сезіп қалған жеңгем:

- Алтыбақанға бармайсыңдар ма, ойбай-ау! Нағашыларың қызғаншақ, әйтпесе, өзім-ақ ертіп апарар ем, - деп асықтырды.

Далаға шықтық. Қарағұл былай шыға мені тоқтатып тұрып:

- Әйкеш, базынам бар саған, - деді.

- Қиын емес пе?

- Онша қиын да емес. Мынаны Әсияға тапсыр, - деп қолыма төрт бүктеулі қағаз ұстатты. - Жан баласына сездірме. Достың көңілі қылдан таяды деген.

- Жарайды. Кеттік.

- Мен бармаймын. Осы жерде күтемін. Мына жалғыз түп шиді ұмытпа.

- Әсияны қалай танимын?

- Әп-әдемі келіншек. Талдырмаш, қараторы.

- Жақсы.

Жұлдыздар көбейіп, қараңғылық қоюланып, түн әбден кіріп алған. Ауық-ауық кісінеген ат, шаңкілдеп үрген ит, қыңқылдап жылаған бала үндерін баса түнгі аспанды ән көтеріп тұр. Неге екенін білмеймін, осы ән әлдебір сағыныш па-ау, сағыныштан да нәзік

сезімді ме-ау шымырлата созғандай болады. Әлде бұл балалық шақтың алаңсыз күйінен бөлек ой-сезімнің алғаш рет елес беруі ме, осы сәтке шейін мен білмей келген жан тілегінің жаңа құбылысын табуы ма, білмеймін. Әйтеуір, түп шидің түбінде қала бергенде Қарағұлдың жүзінен көрген қуаныш нұры тектес бір күйдемін. Қайда бастары, қашан тастары белгісіз.

Алтыбақанға келдім. Өндірістен келген жұмыскер атым бар емес пе, ауылдың жастары сый- құрмет көрсетіп алтыбақанға отырғызып ұзақ тербетті. Әнді де өздері шырқап, мені көп қинамады. Арқа-басым кеңіп, өзіме өзім келген соң Қарағұлымның тапсырмасын орындауға кірістім. Әр топқа бір жақындап, келіншекті іздеп қоям. Әдемі, талдырмаш деп еді. Мыналардың бәрі бірінен бірі өткен сұлу. Шетінен талдырмаш. Қаракөлеңкеде бәрі қараторы боп көрінеді екен. Ай туды. Жоғары өрлеген сайын айнала кеңіп, жарық молая түсті. Алтыбақан басы мөре-сөре. Әнді ән ауыстырады. Әнге ән жалғасады. “Айттым сәлеммен“ сәлем жолдасып жатқан жүректер қаншама еді!..

Алтыбақанды тастап бір кез “ақсүйек“ ойнадық. Кенет құлағым елең ете қалғандай болды. Тап қасымнан біреудің “Әсия“!-дегенін естіп қалдым. Сөйтсем, Әсиям қасымда жүр екен. Ыңғайын тауып қолына қағазды қыстыра салдым.

- Көтек-ай, бұның не?!
- Оқысаң түсінесің.
- Бетім-ау, не дейсің? Бұныңды қайтем?
- Анау жалғыз түп шидің түбінде күтіп отыр.
- Кім?..
- Өзің білетін.

Одан арғыға шамам болған жоқ. Ай астында жарқ ете қап, төмен құлдилаған сүйекке жапатармағай ұмтылған жұрттың соңынан тұра жүгірдім...

Үйге жалғыз оралдым. Жеңгей есікті жаппапты. Сипалап жүріп төсегімді тауып алып шешініп жата беріп едім, дөу жұдырық бүйірімнен ыңқ еткізді. Тынысым тарылып, демімді әрең алдым.

- Бұл кім ей?! Неге ұрасың?
- Таң атсын осыдан, - деп бүркеніп алған Қарағұлым тістене сөйлеп қалш-қалш етеді.

- Не бітірдің? Кездестің бе? Әсиянды жіберіп ем ғой.

- Бітіргеннің әкесін ертең көрсетем.

Адам деген осы-ау. Жақсылығыңа әманда жамандық қайырады. Бұртиып біраз отырдым. Өкпелемек тұрмақ өлейін деп жатсаң да өкінер Қарағұл жоқ. Қараңғыда менің өкпелеп отырғанымды қайдан көрсін. Теріс қарап жатып қалдым. Қайдағы бір түстердің қоршауына түстім.

Түс - күндізгі ойдың көлеңкесі дейді ғой. Рас екен. Көк майсаның ортасында талма түсте қос асық ынтығып табысқан. Айнала жым-жырт, алысқа ұшып жатқан Қарағұлдың әні ғана. Дүние ұйып қалған, тынып қалған. Оңаша табысқан екі жастың ерке әнімен көсілген кең дала тым жомарт, тым дарқан. Елжіреп кетер жүрек үнімен балқып-ұйып, еш бөгетсіз, сыбдыр-қыбырсыз мүлгіп тұр. Сағым бұлдырайды, ақ торғынды ши толқиды. Балауса құрақ әлсіз ғана шайқала түсіп, әсем ырғақ сазды әуенмен бірге ырғалады. Маңайда сорғалап төгіліп тұрған мейірім үні, құйқылжып шарықтап кеткен махаббат әні. Құлағымдағы үзілмей жүрген ызың енді міне сұлу саз боп ұйытып барады. Менің іздегенім де, таба алмай жұрген сергелдеңім де - осы ән екен. Осы ырғақты енді Қарағұлдың аузынан естіп, үзіп алуға қорыққандай қимылсыз қалдым. Ән бәсеңдеп, қайта күшейді. Сол сәтте Әсия Қарағұлдың иығына басын сүйеп тұрып қалды. Екі жасты ән әлдилеп, екі жүректі ән шырмады. Кең даланың төсінде құшақтасқан екеуді де ән қосты.

- Сүйем, - дейді Қарағұл.

- Сүйем, - дейді Әсия.

Түстің оңуы да оңай екен. Жаңағы ән үзіліпті, енді маңайдан жел үріп, қасқыр ұлығандай у-шу қаптады Төңірек дүрлігіп, дүрілдеп алған. Ысылдап шуылдаған ши бастары торғай арбаған мың сан жыландай боп көрініп кетті. Осы аласапыранда біріне-бірі үрке қарап екеу тұр.

- Сүйем, - дейді Қарағұл.

- Көтек-ай, не дейсің?! - дейді Әсия, бірақ Әсияға ұқсамайтын да сияқты, қабағы қатулы.

- Мә, оқы, - дейді Қарағұл қағазын ұсынып.
- Бетім-ау, мұның не?
- Оқысаң түсінесің.

Қастарына жақындаймын. Көзімді қысып қоям.

- Жалғыз түп шидің түбінде, - деймін мен. Қарағұл қабағын түйіп кеп дәу жұдырығымен бүйірімнен ыңқ еткізеді...

Күңгір-күңгір дауыстан оянып кетсем, мезгіл сәске шамасы болса керек, түнлігі ашылмаса да үйдің іші жарық. Қарағұл да әлі тұрмапты. Бүркеніп қасымда жатыр. Дауыс аяқ жағымнан естіледі. Білдірмей сығаласам, жеңгем мен түндегі өзім Қарағұлға жіберетін келіншек сыбырласа қапты. Сыбырласулары айқайлаудан бетер.

- Ойпырмай, жігітім екен өзі, өзеуреп ала жөнелгені,-дейді келіншек сүйрендей жөнеліп. Жеңгем тақала түсті.
- Ей, дұрыстап айтсаңшы емешемді құртпай.
- Күнтайымды үйге алып қайтайын деп барғаным сол еді. Бір жүгермек жетіп келіп, қолыма қағаз ұстата салғаны. Түк түсінсем бұйырмасын. Көтек-ай, масқарам шыққаны. Біреу-міреу көріп қалды ма деп қорқып та барам. Ішім сезетін де сияқты. Әлгі қиық мұрттың қыңқылдап жүретіні бар еді. Сол екен дегенім ғой.

- Сосын, сосын болсайшы енді соза бермей, - деп жеңгем ынтығып өліп барады.

- Түк білмегенсіп “Бұның не әй“ деп жатырмын. Тақылдаған неме екен. “Оқысаң түсінесің“ дейді. Тышқанның ізіндей жыбырлағанының мен тап бір түбін түсіргендей. Оқып жіберетіндей сумаң еткізгенім. Кетіп қала ма деп қорқып та барамын. Өзі де бір талайды көрген жалмауыз болса керек. “Жалғыз түп шидің түбінде тосып отыр“ деп жылмың-жылмың, қылмың-қылмың етеді. Оңтайына келсем, мойныма орала кететіндей де түрі бар.
- Кім екен, осы ауылдың бозбаласы ма?
- Жоқ, бұрын көрмеген сылқымым. Бірақ көп тоқтамады. Ойнап кетті. Тұрып-тұрып, содан кейін жалғыз шиге тарттым.
- Қой, ей?!..

Қатира-ау, сенен сыр жасырам ба. Бар шыным. Ойымда өзге болмаса да ойын бар. Қойшы, сонымен, түп шиге келдім. Ай да сол сәтте бұлтқа кіріп, маңай күңгірт тартып кеткені. Қуанбасам, ренжімедім. Қиықмұртты біраз әурелеп, тұлыпқа мөңіретіп кету ғой сондағым.

Амал жоқ. Келдім.

Ол да шыдай алмай отыр екен. Қарсы жүріп, құшағын аша берді, сығымдап әкетіп барады. Бұрынғы жоқ әдетін бастап шашымды иіскей ме-ау, көзімнен сүйе ме-ау, қояр емес. “Өлтіресің бе”,- деймін. "Сағындым”,- дейді емешесі құрып. Алдында ғана шай Ішіп кетіп еді қолымнан. Қарулы екен, сүйек-сүйегімді сындырардай құрсаулап барады. Өзіне сүйенбесем құлап кететіндеймін. “Толып кетіпсің ғой өзің”,-дейді. “Толмағанда қайтейін”- деймін мен. Сонымен не керек, буын-буыным босап еркімнен айрылғандай бір сәтте жұлқынып шығып босанып алдым да, мұртынан тартатын әдетіммен қолымды алға созсам, бет-аузы Жып-жылмағай. “Әй мұртың қайда?”,-дегенім.

- Қандай мұрт? Нені айтып тұрсың, Әсия.

- Көтек-ау, Әсиясы несі?! - көңіліме күдік енді, даусы да бөтен сияқты, қасына таяна түстім. Сол кезде бұлттан ай да көрінді. Сөйтсем, әлгім мархұм сулы көз қайнағаның селтекбайы. Мұндай жыным келмес. Қайқайып тұрып шапалақты жағына сарт еткіздім. Тұра жөнелді. Соншама ит-әлегімді шығарып масқара қылғаны, - деп келіншек (келіншек деймін-ау, сол кезде анықтап байқасам, қырықты құсырған сарқарын бәбіше) сәтте жүдей қалып, сөзін бітірді.

- Әй, Уәсила-ай, жеңге деп ойнағанын бір жолға көтере салмадың ба?

Уәсиламның Әсия боп жаңылыс естілгенін енді ұғып, бұғып жатырмын. Мен бүлдіріппін бәрін. Жалғыз жұдырықпен аман құтшсам, менен бақытты Жан табылар ма екен!..

Қарағұл да ояу сияқты. Қыбырсыз. Тіпті демі де шықпайды. Ашумен түйілген дәу жұдырығын салмақтап, ішінен маған кіжініп жатқанына күмәнім қалмады. Мандайдан суық тер бұрқ етіп, жауырынымның екі ортасы жыбырлап сала берді.

Отырған екеу енді кәкір-шүкірді әңгімелеп кетті. Жатырмыз. Сөйлескендер қояр емес. Қашанғы жата берем, солбырайып орнымнан тұрдым. Уәсила жеңгей бетіме бажырайып бір қарады да, көз жанары шарасынан шығып, ернін шылп еткізді. Сұқ саусақ бетті бір тіле төмен сырғыды.

Киініп алып, далаға шықтым.

Енді бұл ауылда қала алмайтын сияқтымын. Бір жағынан Қарағұлдан да қорқып барам. Былай шыға жеңіл-желпі ұшықтап алатыны өзіме аян.

Көзім белдеудегі шобырға түсе кетті. Бұл біз міниін келген ат. Басыма кенеттен бір ой келді. Атты шешіп алып, қарғып міндім. Шобыр дүңк-дүңк желе жөнелді. Маңдайым - өндіріс, үйім; желкем-ауыл, Қарағұл.

...Сол күні кешке шаршап-шалдығып Қарағұл жаяу жетті. Мен әкемнің қасынан бір елі ажыраған жоқпын.

Бесінші тарау

- Бәсер бәйгі алды - Біз киім таңдаймыз.
“Шіркіннің кербезі-ай!”-“Былшық Сараң- әннің аты.

Тереңдігі отыз-қырық метрдей, көлденеңі он метр шыңырау -шахта деп аталады. Бұл - әк өртейтін қарапайым пеш. Үстінде айқыш-ұйқыш рельс төселіп, вагонетка жүреді. Бірі тас тастаса, екіншісі көмір салады. Қабат-қабат төселеді. Күндіз-түні будақ-будақ түтін бір арылмайды. Бірақ үстегі жұмыс, қанша айтқанмен, таза ауада жүрген соң онша қинамайды.

Бәсер де, Қарағұл да пештің астына, шахтаға ауысты. Бұл жердегі жұмыстың ең ауыры да, ең құрметтісі де - осы жер асты. Талай рет қызық көріп барып шыққам. Екі-үш метрдей ұзын-ұзын көсеулерімен жоғарыдағы темір тордың ара-арасын түртпектеп жүрген он шақты жұмыскер-кочегарлар ауыздарын ақ дәкемен тұмшалап алып, дәл ортадағы вагонеткаға күйген әкті түсіріп жатады. Пеш асты - шахта ыстық, иіс - көп тұрса бас айналдырып, тынысыңды тарылтар көмір иісі. Бүкжең-бүкжең қимылдап, еппен қозғалып бірінен соң бірі тар есіктен

сумаң етіп шыға келетін кочегарлар ертегінің батырларына ұқсап кететін. Тер жуған беттері ісіне қызарып, белбеуіне байлаулы құтыдағы сүттен бір-бір жұтып алып, көлбеу жолдың үстіне бір шынтақтап жамбастап жата кетіп, шақшаларын суырады. Киіз байпаққа шандып байлап алған тас кебісіне тық-тық тигізіп, қара күрең насыбайды алақанының шұңқырына салады. Содан кейін сұқ қолының ұшымен біраз үгіп отырып үш саусақпен бүре ұстап, еріндерінің астына тастап-тастап жіберіп, шырт-шырт түкіргенде бір жасап қалатын.

Бәсерді шахтаға ауыстырғаннан кейін, көп ұзамай Қарағұл да сонда түсті. Қарағұл Бәсермен бәсеке. Қалғысы келмейді. Жұмысқа бір күнде келіп, бірге орналасқан бұл екеуі жұрт аузында мақтаулы. Бригада мен бригада, жұмыскер мен жұмыскер болып өзара жарысқа тускенде, Бәсер рудник бастығына айтып сонау “Жүндінің“ тұмсығынан бастап ішке қарай сұғынып бара жатқан карьердегі тас қазушылардың арасына сұранған. Әрсен десятник жібермепті. Жұмысқа мығым Бәсерден ол өлмей айырылсын ба.

Түскі үзіліс еді. Рудник бастығы, рабочком, десятниктер барлығы сау етіп келіп қалды. Жұмыс басындағы кішкене үйден үлкен қара столды көтеріп екі жұмыскер де жетті. Қайдан әкелгенін білмеймін, бір кезде әлдекім соның үстіне қызыл шытты жайып тастады. Стол қасына ұзын орындық та қойылып қалды. Бастықтар жайғасты. Жұрт мәз. Ентелеп келіп столдың алдына жиналды.

Сөзді рудник бастығы алды:

-Жолдастар, айлық жоспар артығымен орындалды. Завод бізге, мына сендерге риза. Бірінші сыйлық Далабай ақсақал мен Бәсерге беріледі. Дәке, бері келіңіз, Бәсер, сен де жақында, - деп бастық әкем мен Бәсерді қабат шақырып, екеуінің де қолын кезек-кезек қысты. - Мынау грамота, ал мынау біздің атағанымыз. Көңілімізге разы болыңдар.

Бәсердің алакөздері жаутаңдай береді. Көп ішінен біреуді іздегендей тіміскілеп тұр еді, мені көріп қалды да:

- Әй, оқышы мынаны, - деп грамотасын маған ұсына салды.

Оқып жатырмын. Бәсер алқынып тұр.

- Не жазыпты?

- Бәке, сенің аты-жөніңді жазып, жақсы істегенің үшін беріліпті. Мынау заводтың мөрі, ал мынау директордың қолы, - деп грамотаны көзінің алдына тоса бердім. Қос танау делдиіп кетіпті. Желді күнгі құрым үйдің түндігі дерсің.

- Рақметов Бәсер деп пе? - деп сенер-сенбес боп қайталай сұрады. Қасымызға жақындаған Қарағұлға да жалтақ-жалтақ қарады.

- Дәл солай. Рақметов Бәсер - озат жұмыскер депті.

- Рақмет, Әйкеш! - Қолымды сілкілеп жатыр, қысып жатыр, жаным мұрнымның ұшына келді. Сыйлық әлі үлестіріліп біткен жоқ. Жұрт у-шу. Жұрт кампит алған баладай.

Қарағұл, Бәсер үшеуміз оқшауланып бөлініп шықтық.

- Грамотаң дұрыс. Бұл бір жапырақ қағазыңды біз де алармыз. Анау ораулыңды ашшы, ішіңде не бар екен? - деп Қарағұл Бәсерді омыраулап барады.

- Әй, крәмітқа тиіспе. Мұнда менің атым жазылыпты. Керек болса ала бер мынаны, - деп Бәсер орауды ашпастан Қарағұлға бере салды. Екеуміз таласа ашып жатырмыз. Мәссаған! Орау толы ақша екен!..

Қарағұл аң-таң. От ұстағандай. Қолы дірілдеп қайта орамақшы болады. Бәсер жомарт екен, көзінің қиығын да тастамады.

- Сен ал.

- Мақтанба. Өзім де аламын әлі. - Қарағұл намыстанып қалды. Бәсер енді маған бұрылды.

- Әйкеш, жаңағы жақсылығың үшін сен ал.

Мен де қашқақтап жатырмын.

- Рақмет, Бәке! Оныңыз не? Еңбек сіздікі. Бәйгені сізге берген. - Бәсерді шын құрметтеп “сіз“ деп сызылып тұрмын. Еңбек адамды сұлуландырып жібереді дейтін рас. Сонау күнгі колхоздан алғаш келгендегі Бәсер бір бөлек те, мына грамота алып, ауызға ілінген стахановшы Бәсер тіпті басқа. Қызыға қараймын. Менің қызыға, қуана қарағанымды өзінше түсінсе

керек, Бәсер қипақтап тұр. Екеуімізді ренжітіп алдым ба дегендей кезек-кезек қарайды... Жаутаңдап қарайды.

- Таптым, Бәсер! Өзіңе киім аласың, - деді Қарағұл.

Мен де қоштай жөнелдім. Бәсер де көніп қалды. Киімнің аты естілісімен брезент шалбарды бір көтеріп қалып, көзінің астымен Майсара жақты бір сүзіп өтті. Ала көздерде ұшқын ойнады.

- Бірге барайық онда. Мен сауданың ретін көп біле бермеймін.

Біз де келістік.

Жұмыстан шыға ауылға соқпастан тура дүкенге тарттық.

Дүкенші бізді құшақ жая қарсы алды. Бөтен-бөгде бейсауат ешкім жоқ екен.

- Іздәрести, тамыр, - үшеуміз үш жақтан ұн қостық

- Аман, аман! Келіңдер.

- Тамыр, әй, жақсы-жақсы киімдерінді бері шығар. - Сөйлеп жатқан Қарағұл. Ішіміздегі білгішіміз де сол. Бәсер екеуміз соның аузын бағамыз.

- Қара бастон костюм бар, көкшіл драп пальто бар. Қайсысын аласыңдар? - деп Иван ілулі тұрған киімдерді бір-бір сипап өтті.

- Тамыр, алдымен шалбарыңды бері таста.

- Міне шалбар.

Ауы кең, балағы тар қуықтай бірдеңе.

- Тамыр, осы Бәсерге лайық шығар, ә? - деп Қарағұл аударып-төңкеріп қарап қояды.

- Тұп-тура өзіне арнап тіккендей. Фасонын айтсаңшы. Таптырмайды, - деп дүкенші мақтайды.

- Жақсы, соқ шотыңа.

Есепшот бір сырт етті.

- Көйлегіңнің бірін әпер енді, - деп Қарағұл прилавкаға асыла мойнын созды.

- Қызылы ма, ағы ма, қарасы ма, қоңыры ма? Дүкенші лыпылдап тұр.

- Оу, тамыр, қайдан шықса одан шықсын, әпкел қызылын.

- Дұрыс тандадың. Қызыл жүзге қызыл түс әбден жарасады.

- Сал онда шотыңа.

Есепшот тағы бір сырт етті.

- Тамыр, осы екеуін бір киіп көрсе қайтеді, - Қарағұл шалбар мен көйлекті Бәсерге ұстата берді.

- Кисін, алған соң киген дұрыс. Онда сен, Бәсер бері кір.

Бәсер прилавканың ішіне өтіп, киініп алды.

- Қалай екен? - Екі көзі тостағандай. Қуанып тұр. Бір жасап тұр.

- Қатып кетті, - дедік біз.

- Тамыр, рақмет. Сен енді белдік босат. Біздің Бәсерден аянып қалма.

- Жоқ қой ол.. Алған жоқпыз.

- Тамыр, Бәсер екі қолымен ышқырын көтеріп жүре алмайды. Амалын тап.

- Мына біреуді жаратсандар, тіпті қатып кетер еді, - Дүкенші құйысқанды көрсетті. Кейін білдім, бұны орысша подтяжка деп атайды екен.

- Бұл құйысқаның немене өзі? Бәсер бәйгеге түспейді. Бәсер қызға қырындайды.

- О-о, онда тап осы сәнін кіргізбесе, мені сатушы деме. Дәл осыған қызықпаған қызда да көз бар дей алмаспын, - деп сары Иван әлгіні сілкіп-сілкіп қойды.

- Жақсы. Өзің байлап бере қой онда, - деп Қарағұл да тез келісе кетті.

Дүкенші подтяжканы тағып берді.

- Мына жеңді салақтатпай түріп алсам ба екен, тамыр, ә? - деді Бәсер саусақтарынан озып шыққан жеңіне қарап тұрып.

- Жо-жоқ. Жеңнің сәні мына резинка.

Сатушы қос білекке резинка өткізді. Бәсер дүкеннің ортасына шығып, ойқастап жүр.

- Тамыр, шыныңды айтшы. Дәл қазір Бәсер қандай? - деп алакөзде нұр ойнап, мақтау күтті.

- Қазіргі Бәсерге жетер жігіт жоқ.

- Болды, болды. Адамым-ақ екенсің!...

Енді біз шуылдасып жатырмыз.

- Игілігіңе кигізсін!

- Тез тозсын, көңілің өссін!

Бәсерді босатып жібердік білем. Мұрны пысылдай бастады. Одан сайын үдей түсеміз. Бәсер дүкеншіге бұрылды:

- Тамыр, енді бір бөтелкенді қос бұған.

Есепшот соңғы рет сарт-сұрт етті.

Қолымызға бір шөлмек арақ тиген соң біз де көңілденейік дедік. Алдымызға Бәсерді салып, сыртқа беттедік. Құйысқаны жоғары көтеріп, шалбардың ышқырын төсіне жеткізіп, қос балағын тізеден шығарғаны болмаса, үлкендеу көйлектің екі иығы білектегі резинкаға жетіп салбырағаны болмаса, жігітіміз әсем-ақ. Әсіресе, беліне бір орап, бір байлап, екі ұшын салақтатып жіберген қызыл жібек белбеудің шашақтары тобығын соғып жарасып-ақ келеді. Қастарымыздан олай өткен де, бұлай өткен де ауыл-дастарымыздың қалшиып тұрып, сүзіле қарағандарына мәзбіз. Ондайда Бәсеріміздің жүрісі де мың құбылады. Бірде жорғалап, бірде қыбырлап, бірде текіректеп, бірде секіріңкіреп кетеді. Оқыста өзгеріп өзгеше мінез бастаған-ды.

- Әйкеш, - деді ол бір кезде. - Ұсташы мынаны, маған жараспайды екен, - деп қолыма ораулы жұмыс киімін ұстатты. Алдымызда Бәсер, соңында біз жүріп келеміз. Бәсер екі қолын қос бүйірге таянып, мықын-данып алды. Сұмдық жарасады екен! Жігіттің төресі-ау біздің Бәсер!

... Ауылдың соңғы оты сөнгенше біз Қарасудың жағасында отырдық.

- Өмір - өзен, - дейді Қарағұл үшеуміз жарты-лықтың басына су құйғаннан кейін. - Ие, достарым, өмір - өзен. Сарқырап ағады, бұрқырап ағады. Сыл-дырлап ағады. Сонда да тоқтамайды. Біреуге нәр, біреуге әл береді. Ал қарасу дегеніміз өзеннің картаюы. Қарасу ақпайды, қарасу ақпаса да салқындатады. Ол қарттықтың ақылдылығы, сабырлығы сияқты. Ал көктемде осы қарасу тасиды, оған су қосылады, көбейеді. Күшейеді. Бұны неге айтады дейсіңдер ме? Біз де осы сулардай бір болайық деймін.

Одан әрі біраз даурығысып барып ән салуға тірел-дік. Білетін өлеңдерімнің, бірде-бірі тілім ұшына келмейді. Бәсерге жабыстық.

- “Нәсір-нәсірді” айтайын ба,“ Былшық Сараны” айтайын ба?

- “Былшық Сараны“ айт, - деймін мен.

Бәсер белбеуінің шашағымен ойнап отырып, бастап кетті. Шіркіннің даусы-ай! Жым-жырт түнде кесек-кесек тастың үстімен бос темір бөшкені домалатып жібергендей даңғырайды. Елтіп қалды?.

“Былшық Сара сақинасын салады-ай,
Салмақ тұрсын санымнан да қымқып-қымқып алады-ай”.

“Қымқып-қымқып“ дегеніне қалай түсінсем екен деп ойлағанымша, Бәсер қара санымнан бұрап шымшып алды. Баж еттім. Қарсы алдында отырған мен алакөз Бәсер досыма “Былшық Сара“ болып көріндім-ау, шамасы.

... Сол күннен кейін Бәсер мұздай киініп шыға келгенде кездескендердің айтары бірақ ауыз сөз.

- Бәсер ме-ай, мынау!

Бәсердің де қайтаратын жауабы белгілі.

- Өй, ақымақ!.. Не тамаша бар...

Алтыншы тарау

- Мен күйеу жолдаспын. - Әзірейілдің қолына түсу. -“Ұрын түні”.- Бәсер Майсараны күзетіп отыр.- Таусылған төзім, шарт еткен шапалақ.

Ойда жоқта мен күйеу жолдас болдым.

Түскі үзілісте қасыма Бәсер келді. Таза ауаға шыққан ол кеудесін кере дем алады. Кең жауырынды, төртпақ дененің өкпесі кіші-гірім көріктей. Тоғыта тартады, лақылдата шығарады ауаны.

Аспан айналып жерге түсердей шілденің ыстық күндері. Сарғайып тозған төңірек көңілімді құлазытып жіберді. Бәсерге бұрылдым. Үндемеді. Мен де үндеместен тамақтануға кірістім. Бәсер отырды. Нығыздалып жайғасып алды. Ауыл үй қонғандай емес, қожамсынған түрі бар.

- Берірек отыр, Әйкеш!

Саусағы қысқа тегеурінді шеңгелімен бүріп алып иығымнан тартты.

Қара дорбадан дүниенің тағамы шығып жатыр.

- Бұл не?! Қайдан шыққан байлық?..

Бәсерде үн жоқ. Етті де, нанды да дәл ортасынан қақ бөліп тастап жатыр. Көсіп-көсіп алып, сап-сары түйір-түйір ірімшіктерді де төгеді. Аузы да жампандап кеткен. Жеп жатыр. Жеп жатырмын. Екеуміздің де аржағымызға ел қонды. Бәсердің кең пейіліндей мол дастарқаны ортайған да жоқ.

- Ал, Бәке, енді жөніңді айтшы.

- Айтайын... - Бәсер қоржиып көтеріліп алды да, бір жамбасымды баса, жақын отырды. - Саған сенгендіктен айтам. Басқа біреу естіп жүрмесін.

- Неге?

- Оның сұмдығы бар.

Бәсердің даусы естілер-естілмес сыбырмен шықты. Айналасына елеңдеп қарай береді. Шыдамым қашып, жақындай түстім. Бәсер “Үшбурылдың“ өзеніне кездесіп қалып өтсем бе, өтпесем бе деп дал болған жан тәрізді. Жүзіме көп қадалып отырып қалды. Ренжи сөйледім.

- Сенбейтін болсаң неге келдің?

- Мен бүгін Майсараға “ұрын“ барам.

Бәсер айтарын айтып салса да, әлденеге сабыры қашып, амалы таусылған жандай жүнжіп қалды. Сары майдай сақтаған құпиясын ашып алып, діңкесі құрып отырғандай. Аяп кеттім.

“Ұрын“ түнін еміс-еміс қана түсінемін. Ертеде екі елдің ұл мен қызының тағдыры батадан өтіп бәтуаласып байланғанда, аралас-құраласы жоқ екі ауылдың қосақталған жастары оңаша табысып таныса, түсінісе берсін деген ізгі ниеттен туған да шығар. Бақыт боп, сор боп жүздеген, мыңдаған ғұмырдан өткен де шығар. Атадан балаға мирас тірліктің тап осы “ұрыны“ мына алакөз Бәсеріме жеткенде, бабалардың дәл бұл мұрасын ұнатпай қалғандаймын. Әлемге әйгілеп, махаббатымды көр, асықтығымды таны деп әшкерелеп аялар сезімінді жан жүзінен жасырып, қара түннің көрсоқыр қыспағында қалай қабылдарсың. Өзіңнен өзінді ұрлап табар қызықтан не барқадар табылмақ. Осы ойымды Бәсерге айтайын десем, көңлін қимаймын. Оның

үстіне үлкендер түйіп қойған түйінді қайта шешер Бәсер ме.

- Бүгін маған серік бол. - Міне Бәсердің айтары.

Келістім. Бәсер менен сыр жасырмағанда, бір түндік ұйқымды аяймын ба.

Қарағұл екеуміз жұмыстан бірге қайттық.

Қарағұл соңғы күндері қатты өзгерді. Әсияның күйеуі Садыр ақсақал қайтыс болғалы ай өтті. Жасы жеткен кісі көп ауырмай ма, бірер күн сырқаттанып жатып, көз жұмған. Содан бері Әсия - қаралы келіншек. Ерінің жылын күтпек. Қарағұлға осы бір жыл өтпестей көрініп күрсінісін көбейтіп кетті. Қанша сабыр тақаты қалмай сөз салайын десе де, елдің сыпсыңынан қорқады. Кейде бойын буған ойдан айыққысы, серпілгісі келе ме, мені ертіп аңға да шығады. Бірақ бұрынғы елгезектігі шамалы. Екеуміз ілгерілі-кейінді ұнжырғамыз түсіп ауылға құр қол ораламыз. Ондайда менің ойлайтыным махаббат жайы. Соның тегі мен төркіні. Анау Бәсер іштей мәз. Жаңа тілек, жаңа сын-сипат тапқан. Мынау Қарағұл серпілтпес сергелдеңге түсіп, семіп барады. Махаббат деген құдірет бірін қуантып, екіншісін күрсінтіп жетіпті. Екі жігітті екі түрлі қаракетке салып қойғанына түсіне алмай дал боламын.

Қарағұлға Бәсердің хабарын айттым. Бірге баруын өтіндім. Жігітім серпіліп қалды...

...Қас қарая мұздай киініп-киініп алып (әрине мұздай киінген Бәсер), екеуміз қызы бар ауылдың ту сыртында жатырмыз.

Ауыл әлі тірлік қамында. Үй-үйдің арасында зыр жүгіріп ойнап жүрген ұсақ балалардың даусы маңайды дүрліктіріп тұр. Суылдап жарғанат ұшады. Алыстан жылқы кісінейді. Түн тынық. Жұлдызы ірі-ірі, құрым киіздің шұрқ-шұрқ тесігіндей. “Жүнді“ төбе қарауытып көрінеді. Күпісін көлденең тастап қалғып кеткен қас батырдай. Төбеден оңға қарай бұрылсаң жалыны бірде көрініп, бірде сөніп пеш жұмыс істеп жатыр. Барабанның шиқылдай айналғаны үздік-үздік естіліп қалады. Қырдағы көп барақтың маңынан гармоньға қосыла шыққан частушка бебеу қағады. Мен орыстың халық әндерін сұмдық ұнатам. Іштей қосылам, іштей

қайталаймын. “Ана жақта ән салып жүрген жастар бақытты-ау. “Ұрыныңды” қайтсін олар. Частушкаларымен жауап қатысады да, жайраңдасып қол ұстасып кете береді...”. Бір кез балалардың шуылы да тынды. Үй-үйдің оты азайып, шамы сөніп тыныштыққа бейімделе түсті. Әлі жатырмыз. Бұндайда уақыттың жылжымайтынын қайтерсің. Сөз бастайтын Бәсер ме, сылдыр еткеннен сескеніп, жердің тесігі болса кіріп кетердей бүрісіп жатыр.

- Бәке, Қарабай үлкен екен ә, өзін де өлшемей мол піше салыпты-ау, -деймін мен сыбырлай сөйлеп.

- Әй, Қарабайың кім сенің? - Бәсер елең етіп жалт бұрылды. Оқыста даусы да қаттырақ шығып кетті.

- Ойпырмай, Бәке, шынымен білмейсің бе Қарабайды? - деп танданған болып Бәсерге қарай аунап түстім.

- Қарабай дегенді тап қазір сенің аузыңнан ғана естігеніме ант-су іш десең де дайынмын, - дейді ол енді сыбырлай қалып.

- Міне, қызық! Ол сенің қайнағаң ғой.

- Немене?! - Бәсер қолымнан шап берді. Қысып жіберсе, сүйегімді уатып жіберетінін білем, тартып ала қойдым.

- Қарабай дегенім Майсараның немере ағасы. Тап бүгін ғана поездан түсіпті. Естуімше, осы құдалыққа қарсы көрінеді.

- Құрдық онда, - деген Бәсер бұға түседі.

- Ашуы қатты дейді. Милиционер болып істейді екен. Тапаншасын өз көзіммен көрдім.

Бәсерімде үн жоқ. Онан сайын үдей түсем.

- Адам ату Қарабайға шыбын өлтірумен бірдей көрінеді. Үйткені соның бәрінің заң-жосығын табады деседі. Ал енді дәл-мынандай түнде қарындасын қолынан беріп қарап отырмас. Тап қазір мен білсем, тапаншасын оқтап Қарабай “қанды басың бері тарт!“ деп қолына түкіріп отыр.

Бәсерімнен дыбыс шығар емес. Ықылық атып болды да қалды. Қанша жүрек жұтсаң да, баратын жеріңе жеткен шығарсың деп мен жөтел қысқандай булығып күркілдеп ала жөнелдім. Сол-ақ екен, тап қасымыздан біреудің қылтия қоймасы бар ма. Зыта

берем дегенше, көкжелкемнен бірді қонжитып жіберді. Қалпақтай ұштым.

-Ағатай-ай, өлтіре көрме! -Жыламсырап, танауды қорс-қорс тартам.

- Кімсің? Не іздеп жүрсің? - деген адам әзірейілдей төбемнен төніп тұр.

- Әйкешпін мен, ағатай. Ештеңе де іздеген емеспін.

- Екеу едіңдер ғой. Қасыңдағың қайда?

- Білмеймін.

- Жаным аман қалсын десең айт шапшаң? - Мұндай да дауыс болады екен. Күндей күркірейді.

- Көрген жоқпын.

- Қызға "ұрын" барайын деп жүр дейді ғой сендерді.

- Ағатай, оныңыздан аулақпын әлі.

- Жоқ. Сендердің мына жүрістерің тегін емес.

Бәсерге қарасам, ес-түстен айрылған. Басын қос қолмен бүркеп апты, бөксе жағы бүлк-бүлк етеді. Менің бұрылған тұсыма көз тастасымен әзірейлім Бәсерге ауды. Бара сала жігітіміздің отыратын жерінен ыңқ еткізіп бір тепті. Бәсерім балаша бақырды.

- Көкетай, қасық қанымды кеш! Майсараның маңынан жүрмеймін.

- Тұр! Жатқан адамды жаным жек көреді.

- Ағатай, Бәсерді өлтіре көрмеңіз, онда айып жоқ, - деп әзірейлінің соңынан қалмаймын.

- Жарайды. Әділдікті мен де жақсы көремін. Әй, сен енді жата бермей көтеріл де, он қадам жерге барып тұр. Мен саған сол қолмен бір оқ арнаймын. Тисе - айыбың, тимесе - айыпсыздығың. Одан басқа жол да жоқ.

Бәсер еңбектеген қалпымен әлгінің аяғын құшып жүр. Жалынып жүр.

- Көкетай, екі дүниеде алдыңа келмейін, аман жібер. Әйелсіз өтсем де "ұрын" деген бәленің маңына жоламаймын. Жібер мені. Тірі жібер!..

- "Ұрын" деп қырындамайсың ба? - деп анау қолындағы тапаншасын шошандатып қояды.

- Отыздан асқанша өз алдыма от жақпаппын. Жақпай-ақ өтейін. Құтқар! Қасықтай қанымды ая!

- Расың ғой?

- Енді қалай қарған дейсің! - Екі тізесін бүгіп, шарта жүгініп қос қолын жоғары созып жіберіпті. Басын көтерер емес.

Күлкіден қас нәрсе жоқ шығар. Манадан бері әрең-әрең шыдап тұр едім, қара түнді басыма көтеріп қарқылға басқаным.

- Қап! Азырақ шыдағанында Бәсердің бес қабат терісін сыпырып алатын едім, - деп Қарағұл да күліп жіберді. Бәсер сонда ғана таныды.

- Жасаған-ау, жасаған, жасыныңды жібер мына екі сұмға, қос алаяққа! -деп барқылдай түрегелген ол күйіп-пісті.

- Бәке, өзіңнен көр бәрін.

- Аузыңды ұрайын, мен саған не істеп ем?

- Сен не істемедің маған. Өзің ұрын барғанда менен үйдің сыртын да қызғандың ғой. Неге шақырмадың?

Бәсер ауыр күрсінді. Түсінігі бар жан ғой, өз кінәсін мойындап үнсіз тұр. Аяп кеттім.

- Қой, тұрмайық. Айдын көлде жеке жүзген аққудай Майсара тосып қалған шығар, - дедім мен.

... Қарағұл екеуміз киіз үйдің іргесінде жатырмыз. Әлгінде Бәсерді зорлағандай етіп ішке кіргізіп жібергенміз. Уақыт өтіп жатыр. Еш дыбыс білінбейді. Біз де қыбырсызбыз. Бір кезде арт жағымыздан сыбдыр естілді. Бұндайда жүрек шіркіннің сескенгіштігі қандай, жарылып кетпегені болмаса, көр аузына барып қайттық.

- Әй, бері келіңдерші.

Дауыс таныс сияқты. Жалт-жалт қарадық. Бәсер екен.

- Өй, неғып жүрсің?!

- Тастай қараңғы екен. Байқаусызда басқа біреуді басып кетермін деп тұрып-тұрып шыққаным ғой.

- Әй, бұқамойным-ай, үйде қыздан басқа ешкімнің жоғын білмеуші ме ең.

- Апыр-ай, солай екен-ау!

- Сен енді деміңді біраз бас та, тағы кір. Қыздан ұят-тағы. Обалына қалма.

Үшеуміз тағы аз-кем үнсіз қалдық.

- Жолың болсын! Бар енді.

Екеуміз Бәсердің екі қолтығынан демей көтеріп әкеп үйге кіргізіп жібердік те, сыртқы тиегін салып қойдық.

Жатырмыз. Тәніміз тыста, жанымыз жігітпен бірге. Бұзылар тыныштық жоқ. Тағы да ауыр жылжып уақыт созылады. Арқырап, кісінеп паровоз өтеді. Маңайдан түйе пысқырады. Тек үй ішінен еш хабар жоқ. Үмітіміз үзілуге айналған кезде Қарағұл екі аяғын көсіліп жіберіп жатуға ыңғайланды. Мен де түзелдім. Тап сол сәтте іштен күңкіл естілді. Зарыға күткен сағынышты лебізді естірдей Қарағұл екеуміз бастарымызды көтеріп-көтеріп алып, қыбыр етпей тосып тұрмыз. Мен қызық көрсем, Қарағұл міндеттен тезірек құтылуды қалайды. Содан ба қатты алған демімді де жақтырмай алақанымен аузымды басады.

- Бұл кім, әй?

- Ме-мен ғой, Ма-майсара, - деп кекештенген Бәсердің үні тұншыға шықты.

- Сені кім шақырды? - Қыз ашулы сияқты.

- Қа-қарағым Майсара, мен Бәсермін ғой.

- Бәсер болсаң қайтейін.

Одан әрі үй ішінің күңкілі де үзілді. Келісімнің артынан ілесе шығар дыбыстарға құлақ түре, біз де демімізді іштен алып тына қалдық. Көзімізге тығылған ұйқы да зым-зия жоғалған. Бірақ қапырық тыныштық бұзылар емес. Қанша уақыт өткенін білмеймін, қимылсыз қалған аяқ-қолым ұйып барады.

- Әй, сен неғып отырсың? - Майсараның даусы жұмсақ шықты. Қайтсін, бұдан артық жалына ма енді

- Май-майсара, мен Бәсер едім, - дейді жігітіміз баяғы бір сарынмен тұншыға сөйлеп.

- Бәсер екеніңді білем...

Бәсерде әлі үн жоқ. Сірә, қыздың аяқ жағында мөлиіп, қалшиып қалса керек. Қарағұлды білмеймін, менің денемді бір ыстық жалын шарпып әкетті. Күйіп-жанып барам. “Ойпырмай, бұл қалай өртенбей отыр. Тап қасында болып қалай шыдайды. Әлде “ұрынның” жолы осы ма екен” деймін іштей өзіме өзім. Қыздың төсегі біз отырған тұста екен. Аунағанына шейін анық естіледі. Ол да лапылдап бара жатса керек, оның үстіне түн де бүгін тымырсық болатын, жиі қозғалады.

Серпіп тастаған шәйі көрпенің суылына дейін қағып алып тұрмыз.

- Майсара, мен саған келдім, - деді бірде Бәсер қанша дегенмен жігіт қой, өзі сөз бастап. “Е-е, тірілсеңші! Еркек атың бар ғой“ деген әлсіз үмітпен құлақ түрем.

- Иә, жай ма?

- Майсара, сен өкпелеме.

Бәсер тағы тығылды. Қос танаудың пысылы ғана естіледі. Ыңғайы енді келген екен деп біз ентелейміз. Бірақ бұзылмайтын әлі сол баяғы меңіреулік. Қызды білмеймін, ауыр азапқа өзім түстім. Қыздың аты қыз емес пе, қайтып қана “келе ғой қасыма“ деп шақыра қойсын. Аунап түсіп, ыңыранудан басқа шарасы да жоқ. Бетімнен басып ұялып барам. Жігітіміздің дәл осы қылығына куә екенімізді Майсара біліп қалса, жер болмаған неміз қалсын.

“Еркек кіндіктінің намысы бір“ дейді ғой. Қарағұлым да қалшылдап отыр.

- Әй, отырып болдың ба, шық үйден, - деді Майсара, жігітіміздің былқ етпегеніне намыстанды-ау деймін. - Мені күзетіп отыруға кеп пе ең?

- Жоға, Ма-майсара қарағым, бата алмай. Оның үстіне жүрексініп барам, - деп Бәсер ақталып жатыр.

- Жоғал, көрінбе көзіме, қарамды көрме ендігәрі! - Қыз орнынан атып тұрды. Естіп отырмыз. - Онысы несі-ей! Аяқ жағымда омалып отырғаны...

Бірдеме шарт етті. Дәуде болса шапалақ сияқты. Қыз дәтінің жеткен жері де сол болса керек. Тағы бір сарт еткен шалт дыбыс шықты. Бәсер опыр-топыр есікке ұмтылды. Жабық есік ашылар ма. Дүрсілдетіп жатыр.

- Әй, ашындар деймін!

Майсараны ашу билеп апты. Ырс-ырс жұдырықтайды.

Қарағұл есікке ұмтылды. Мен орнымда қала бердім.

- Батыр-ау, бұларың не? Татулықтан тәтті жоқ дейді ғой. Қойыңдар. Қой, Майсара...

Майсараның қайбір ашуланғысы бар еді. Қарағұлдың иығына басын төсеп жылап жіберді.

- Өгіз жақсы ғой Бәсерден. Аузын буғандай, - деп еңіреп тұр.

- Бәсер, сенің мұның не, қасқа-ау. Қалыңдығыңнан қашқаның қалай? Ұнатпаймысың әлде?

- Неге ұнатпайын. Өзі ғой жұдырығын ала жүгірген.

- Қой енді, сен де бір жолға кешіре сал. Келші бері, құшақташы былай. Е, жаңа жарастыңдар ғой. Сен, Бәсер, қазық жұтқандай болмай иіксеңші азырақ. Осылай ет. Ал жақсы. Түндеріңнің қайырын берсін, - деп екеуін үйге тағы оңаша қалдырып, Қарағұл мені ілестірді де ұзай берді.

Екеуміз енді ауыл сыртына кеп жайғастық.

- Әйкеш, мен аздап мызғып алайын. Сен енді ұйықтай қоймассың. Жассың ғой. Жаңағылардың көзі ілініп кеткендей болса, таң атар-атпастан оятып алармыз, - деп Қарағұл дереу қорылға басты.

Ояу жатырмын. Он жетіге келгелі қыз туралы ойлап көрмеген басыма мына түнде неше түрлі қиял орнап алды. “Қаракөз“, “қалыңдық“ дегендер бар екен. Арман болады екен. Алаңдатып жүріп алдыңнан да шығады екен бір түні. Апыр-ау, сонда менің Майсарам кім екен? Қандай екен? Кім де болса кешікпей келсе екен өзі” деп біраз шарладым. Содан кейін шалқамнан жатып алып жұлдыз санауға кірістім. “Жеті қарақшының“ шөміші еңкейіп қапты. Құлық қымызды іліп алып сапыратын біздің үйдің ожауы тәрізді.

Қарағұл қаннен-қаперсіз ұйықтауда. Майсараның үйіне қарап қойып сарылып мен жатырмын. Жаздың түні қысқа дейтіні қайда. Жылжыр емес.

Жел есті. Арқаның қоңыр самалы. Жарқырап Шолпан туды. Іле шығыс бозарып, бірте-бірте көкжиек ақшылдана түсті.

Қарағұлды ояттым. Есінеп, керіліп ол көп отырды. Көзін қайта-қайта уқалайды. Шала ұйқыдан қос жанары қызарып алған.

- Жүр, Бәсерге барайық, - деймін.

- Қазір, - дегенмен Қарағұл тұрар емес.

Осы кезде есікті сықыр еткізіп ашып үйден Бәсер де шықты.

Көңілді екен. Қос танау дауыл күнгі түндіктей

желпілдейді. Тоқтар емес, өзіміздің ауылға қарай салып ұрып барады. Солбырайып-солбырайып біз де ілестік.

Үйді-үйімізге жеткенде шекесін ғана қылтитып "ұрын“ түнін ысыра күн көрінді. Содан ұялғандай үшеуміз үш есікті сықырлата ашып төсегімізге беттедік.

Жетінші тарау

- Апам. - Жаяу жарыстың бәйгесі - патефон. - Бейтаныс қыз. - Мен сері жігітпін. - Екі достың өкпелеуі. - Біздің үйде той бар.

Апамның мінезі қызық. Әлі күнге шейін айналып-толғанып өбектеп жүргені. Менің ержетіп, ересектер қатарына қосылып, ерте тұрып, кеш жатқанымда жұмысы да жоқ. Еркелетіп жүрген еркесі тап ертең бір пгүйкебасты ертіп келер деп ойламайтын да сияқты. Басым жастыққа тиіп, көзім ұйқыға кетісімен маңдайымнан иіскеп, шашымды сипап қасымнан кетпейді. Кейде оянып алып көзімді ашпастан ұзақ жататынмын. Ана мейірімінің таусылар, сарқылар шегі болмайтын да шығар. Әр еміренуі сонау кеудемнің түкпірінде ұйып қалған балалық шақтың елжіреуін қайта қоздатып кететін. Екі-үш ұлдан жалғыз қалған “қоңыр қозысы“ болғанымa өзімді кінәлі санаймын ба, жұрт алдында қабақ түйсем, осыңдай оңаша шақта алақан иісін құшырлана сіміріп шексіз қуанышқа бөленем. Ана алақанына жетер не бар екен. Ана мейірімін алмастырар құдірет бар ма екен!

Бүгін де апамның маңдайыма тиген жұп-жұмсақ еріндерінің лебімен оянып кеттім. Әкем жұмысқа кетіп қалыпты. Асығыс атып тұрдым. Апам үстел үстіне тағамдарын жайып жүр. Далаға шықтым. Өткір жарық көзге шағылысып тік қаратар емес. Күн арқан бойы көтеріліп қалыпты. Таң атқалы көп болмаса да, күннің қызуы түсе бастапты. Аспанда бұлт жоқ. Көптен бері жауын-шашынсыз шаңытқан дала күлгін, көмескі.

Үйге кіріп апамның бәйек болғанына қарамастан түрегеп тұрып қарбытып бірер асадым да, ораулы түстік тағамымды қолтығыма қысып, жұмысқа кеттім.

Көз алдымнан апам кетпей келеді... Әсіресе, жасы мөлдіреген жанары әлденеге зарыққандай, әлденеге көңлі ынтығып, соған мұңая қалғандай. Ақ шыттан салған жаулықтан сап-сары жүздің реңі сағыныш пен уайымнан жүдеген тәрізді күңгірттеніп көрінеді...

Жайдары жаз өтіп барады. Енді бірер айдан кейін мына жасылы азая бастаған далаға күз келіп түседі. Ондайда бұл жердің сұрқы адам көргісіз. Қап-қара бұлттар жөңкіле көшіп, жұлым-жұлым боп төмендеп жер бауырлай қалады. Содан әрі сіркіреп жауады-ай келіп. Жердің миы шығып, аяқ аттасың ақыретке айналып бітеді. Жұмысқа деп берген тас кебіс он жерден шандып тас қылып байлап алсаң да, сыпырылып түсіп қала береді. Бәрінен де жаманы, киіз байпақтан су өткішін қайтерсің. Әкемнің су-су шұлғау, байпақтарын кептіріп қойған қазан-ошақтың маңы кіші-гірім қой қораның шуаш иісіндей қолқаңды атып, маңайына жолатпайды. Апамның қалай шыдайтынын білмеймін. Қашан көрсем де соларды аударып-төңкеріп, кепкендерін жиып алып жүргені.

Күз-көңілсіздік. Торғын көкте үшбұрыштана тізіліп оңтүстікке қарай қаптап бара жатқан тырналар үнімен әлдебір қызығым, думаным бірге кетердей көрінетін. Қанат суылы мен сыңғырлаған әсем әндері тыйылысымен-ақ, тым-тырыс болып түнере қалған далада көрінбес сесімен еңсені басып, жаншып бара жатқан меңіреулік жасырынып тұрғандай.

Аспанға қараймын. Ноқаттай боп боз торғай тұр қос қанатын қамшылап. Алысқа қараймын. Көктөбеден сағым ұшады. Сағым шақырады. Маңай жап-жарық. Күн күйдіріп тұр. Айналайын жаз ғой бұл. Жаз ерке ғой.

Тағы да апамды ойлап кетемін. Ұзақ сонар өмірінің ащы-тұщысын, күйініш-сүйінішін еске алғанда қысқа ғұмырдың күңгірт күзіне тап болғанын сезетін де болар. Тап сол кездерде көз жетпеске кеткен жастықтың жайдары жазын сағынып іштей елжірейтін шығар. Сол күйіне аңсары ауғанда тірлігінің қайта ашылған гүліндей, қайта көктеген құрағындай мен көрінетін шығармын. Өбектейтіні де сондықтан болар.

* * *

Түс қайта жұмыс басына дүкенші келді. Шуылдасып жатырмыз.

- Аман, тамыр.
- Дүкеніңе не түсті?
- Аққұйрық шайың бар ма?
- Патипоның келді ме?

Дүкенші сары Иван қолын көтерді. Онысы шуды тоқтатындар дегені. Тоқтадық.

- Айтқандарыңның бәрі бар, жолдастар. Жұмыскердің мұқтажын орындауға біз де күш салып жатырмыз. Ал енді патефонға келсек, бізге біреу түсті. Оған талас көбейіп тұр. Соны біз начальник бар, технорук бар, десятниктер бар былай шештік,-деп Иван аз бөгеліп жағалай қарап өтті... - Жұмыс бітісімен осы арадан магазинге дейін жарысасыңдар. Кім бірінші барса - патефон сонікі. Бұған талас та жоқ.

Келістік. Келіскенде жастар жағы ырза. Үлкендер тобы үнсіз қалғанмен, олардың да. іші белгілі. Осы жұмыс басында бірінің баласы, бірінің інісі дегендей әлекедей жаланғандар көп-ақ. Соларына сенеді. Осы сөзге “ия“ десіп тарастық.

Біз Бәсер, Қарағұл үшеуміз оңашалана беріп ек, Бәсер Қарағұлға жатып жабысты.

- Қарағұл-ай, екі бағасын алсаң да осы латифонды маған ұстатшы.

- Қасқа, менің бірінші баратыныма көзің жете ме, -деп Қарағұл маңайлатар емес.

- Қашыртпа, қазықбас. Латифонды сенен басқа құдайдың құлы алмайды. Майсараны қуантайын да, - деп Бәсер болар емес.

Менің де кеудеме күдік кірейін деді. Өз шамамды білсем де, Қарағұлға қадалып ішіп-жеп барам. Бәсердің сөзінің де жаны бар сияқты. Әкемнің бір күлікті сипаттағаны есімде қапты. Сол сипаттау тап мына Қарағұлға да келіп тұр.

Тұлпар - “қой мойын“ болса, бұл ырғай мойын қазықбас. Саңлақ- “қоян жақ“ келсе, Қарағұл да одан кем емес. Жүзіне пышақ жанығандай. Жүйріктің жауырыны жалпақ келсе, Қарағұлдікі де бір талай бар.

Бұл да тар мықынды, серке санды. “Қос аяқты серпе тастағанда шаңына ілестірмес“ деп қоям. Тұлпар “сом аяқ, жұмыр тұяқты“ болса, Қарағұлымның ол жағынан да қамы жоқ. Қырық бесінші размерлі етігіне көзім түскен сайын жаным шығып кете жаздайды.

Патефонға мен де қызығып едім, Қарағұлдың тасасында бұлбұл ұшқандай алыстап кетті.

Жұмыс бітісімен Әрсен десятник бәрімізді қатарластырып тұрғызды да, өзі оқшау шығып қолындағы қалпағын бұлғап қап белгі берді. Тап сол сәтте “аттың басын“ біз де қоя бердік. Салып ұрып келеміз. Шақырымға жуық дүкен - мәреміз. Бұрқ-бұрқ шаң, тарп-тарп етік, бәтеңке. Пыс-пыс танау, ырс-ырс дем алған өкпе. Қиыстай тартып желдің өтіне шықтым. Әкемнің шаң қаппау -тынысты тарылтпаудың бірінші жолы деген қағидасын сақта-ғаным бұл. Арттан да, қапталдан да қиқулаған дауыс талып-талып жетеді. Сол үндер көтеріп әкеткендей жүгіріп келем бе, жер бауырлап ұшып келем бе, білмеймін. Қол-аяғым жеп-жеңіл. Алдыма көз салдым. Оқшау үзіліп, ортекедей орғып Қарағұл суырылыпты. Ойпырмай, намыстан қуатты құдірет жоқ шығар. Көзіме қан ба, тер ме құйышып- құйылып кетті.

Мен құйылып кеп бердім. Көзімді бір ашқанымда, Қарағұл қапталымда қалып бара жатыр екен. Одан сайын үдедім. Қос аяқты әр жерден бір тигізіп, басымды иген қалпыммен тұнық ауаны найзадай үңгіп сызып келем. Бауыры еркін жазылған бәй-гекердің анық шабысын тапқандаймын.

- Ұста, тез ұста шылбырдан! - дегенге көзімді ашсам, тайымен шоқырақтатып жеткен Рақаң шал екен. Жаман тайдың жетегіне несіне ілесейін. Басымды бір шайқап жіберіп қимылды одан сайын өршіттім. Сол ағындаған бойымда Қарағұлға да, басқаларға да дес бермей, шаң қаптырып, мәреге бірінші болып жеттім.

Дүкен басы қатын-қалаш, қыз-келіншек. Ақ шаршысын тұмшалай бүркеніп шешем де жүр. Әжімді жүзінде мейірім де, қуаныш та, мақтаныш та бар.

Әлдебір жеңгем етегімнен үш қайтара ұстап, қолын маңдайына тигізді. Маңдайын сипаған сайын әлденені

күбір-күбір іштей қайталап, көзін жұмып басын жоғары көтереді. Келін боп түскеніне төрт-бес жыл өтсе де нәресте көрмей енесінің қылаулы жүзіне көбірек ілініп жүргенін білем, әлденеге жорып ырым ғып жатыр ма екен. Сол екі ортада Шекспирдің “Юлий Цезарынан“ оқыған бір жағдай есіме түсті. Атақты Цезарь пұшпағы қанамаған бедеу жұбайы Кальпурнияға “Жарыста озып келген Антонийдің етегінен ұстасаң бала көтересің”,- дейді. Сонда римдықтардың нанымы мен біздің ырымымыздың байланысы болғаны ма? Жиналған жұртта да желпіну көп. Дуылдасып қолпаштап жатыр.

- Әй, Ділдә, той сенде!
- Шашуларынды әзірлей беріндер!
- Анау Қарағұл ғой!
- Үшінші болып Әбди көрінді.
- Әй, қара қатын, сенің байың да осал емес екен!

Сары Иван патефонды ұстата берді. Бәсекелес құрбылар үздік-создық келіп мені қоршап алғанда, жұртың ең соңынан бүлкілдеп Бәсер жетті. Тілі салақтап екі бүйірі солықтап, қу жаны тұр. Қатындар енді Бәсерге ауысты.

- Соңғыға да бәйге бар! Беру керек.
- Бәсерге бермегенде кімге береді.
- Әй Иван, шығар тағы бірін!
- Әй, шаштарынды ұрайын, не қызық бар, - деп Бәсер ентігін баса алмай отыра кетті.

Көп ішінен бір көз маған жиі қадалатын сияқты. Қарай қойдым. Құмай көз, қызыл ерін, аш белі қылдырықтай талдырмаш қыз екен. Үріп ауызға салғандай. Топ-толық қос өрімінің бірін әлде әдейі, әлде байқаусызда алдына шығарып қос анардың ойпатына сұлата салыпты, тізесіне түседі. Қап-қара, таудан құлап аққан ерке бұлақтай. Күнге күйіп тотыққан ауылдастарымның арасынан аппақ жүзі аршыған жұмыртқадай жарқ етті. Түсі жылы, күлімсіреп тұр, ақжарқын күліп тұр. Көктемнің бір шуақ толы күні мейірленіп ашылмай ма. Тап сондай. Кірбіңі жоқ, көлеңкесі жоқ. Тап-таза, мөп-мөлдір. Өзіміздің айтулы санап жүрген Майсарамыз бұл періштенің қасында адыра қалғандай. (Кім білсін,

Бәсер көңілінде Майсараға жететін жер бетінде төменетек жоқ та шығар-ау.) Ойпырай, көзімді бұра алсамшы. Мектепте бір қыс бойы Әсен мұғалімді бажылдатып жүріп ұға алмаған магниттің қасиетін осы сәтте санама құйып алғандаймын. Магнит дегенің қыз болады екен. Онда да тап мына жәудір көз, оймақ ауыз, қара қас бейтаныс қыздың қырмызы көркімен көлбеңдеген бейнесінде екен.

Бас изеп амандастым. Ол да біздің ауылдың бетін басып, көзін көлегейлей қалатын ұялшақ қыздарына ұқсамай сәлемімді іркілмей, именбей қабыл алып, ашық жауап қатты.

Кенет жүрегім алып-ұшып дүрсілдей жөнелгені. Жарыста да шықпаған тер маңдайымнан бұрқ ете қалды. Мен бұрын-соңды кездестірмеген бір жай бар екен. Ойламаған жерден соның құрсауына түскенім. Сол сәтте ауылы алыс көрінетін “ұрынның“ менің өрісімнің бір жайлауына жанаса қонғанын сезіндім. Дүниедегі қызық атаулының бәрі “ұрыннан“ ғана басталатын сияқты.

Дәл осы ойымды маңайымдағылар сезіп қалды ма дегендей айнала тұрғандарды жағалай сүзіп өттім. Қыз бен екеуімізге кезек қарап қалған жұртта ұн жоқ Кенет әлдекімнің сол тыныштықты бұзған жарықшақ даусы естілді.

- Әу, бұрынғы-соңғыдан қалған ата жолы бар емес пе. Таласып бөліп, таласып айдап жатпаушы ма еді бәйге малын. Сауға, Әйкеш, тәбәрік дейміз!

Солақ екен, әр жер, әр жерден жамырай сөйлескен топ дүрлігіп кетті.

- Иә, сауға! Тәбәрік!
- Әйкеш, ата жолы осындай!
- Атағы да жетеді озғанға!

Осы сөздер қамшы болды ма, білмеймін, қызға беттедім. Құшағымдағы жалт-жұлт еткен патефонның пластинкасын күнге шағыстыра жоғары көтеріп, онсыз да айнадай жалтырап тұрған иір мойнын үрлеп-үрлеп жіберіп, қолымды созып, бейтаныс құрбыма ұсына бердім. Батыл ойдың оқыста туғаны соншалық, сол сәттегі қимылымның байыбына өзім де барған жоқ едім.

- Алыңыз. Сізге лайық екен,-деп жатырмын.

- Ракмет! О не дегеніңіз. Бәйге сіздікі. Қөңіліңізге ырзамын, -деп аппақ тістерін көрсете қыз қашқақтайды.

- Алыңызшы енді. Өтінемін! - деп мен қиылып барам. Маңайдағыларда үн жоқ. Дәл қазір сынға түскенім белгілі болды. Оның үстіне қыздың үні де нәп-нәзік сүйкімді естіліп, біртүрлі тартып әкетті. Мынау бар абырой-атақты одан сайын көтеріп биіктетіп әкетер де, құлдыратып әкеп шаң-топырақка былқ еткізіп сұлата салар да әсем бойжеткеннің бір ғана жомарт мінезі, жомарт қимылы. Содан үміттеніп, патефонды ұсына түсем.

Ауыл адамдарының жоқтан өзгеге қарап өздерінше тон пішетіні болады ғой. Дауыл алдындағы ішін тартқан көне сахарадай тыншуының өзі жанымды жегідей жеп барады. Менің сол халімді түсінді-ау шамасы, қыз да ер екен. Майда сыңғырлай күліп, патефонды алды.

- Рақмет, сері жігіт! Абыройыңыз аса берсін!

Қайдан тапқанымды білмеймін, оң қолымды кеудеме төсеп иіле тәжім етіп, бойжеткеннің алғысын қабыл алдым. Осы кезде бұршақ қуырып жатқандай айналадағы көпшілік дүрілдесіп кетті.

- Жігіт қой мынау Әйкеш!

- Әй, Далабай, мұндайда соймаған бағланды қайда соясың? -деп тұрғандардың бірі әкеме бұрылып еді, қатындар шуылдасып барып шешеме жармаса бастады.

- Ділда, бір серпіл!

- Жалғызыңнан ештеңе аяма!

- Әй сулы көз абысыным, құдайың жарылқап тұр. Жалғызыңның жұлдызы жайнай берсін!

- Нәшендікпен құдандалы болсаң тасың өрге домалады дей бер, - дегенге:

- Ей ол қалай, қалайша? Қайтып? - деп елеңдей қалғандарға мен де қосыла құлақ түрдім.

- Бәлі, бұл Айкүміс қарындас біздің нәшендіктің туған балдызы. Осы жерге дәрігер боп кеше ғана келген жоқ па, - деп білгішіміз мәре-сәре боп қалды.

Қыздың аты Айкүміс десе дегендей. Сұлулығы ай десе, ақтығы күмістей дерлік. Одан әрі көп тұра беруге

Сегізінші тарау

- Дала әсем! - Мен өзгердім. - Айлы кештер. - Айкүміс жұмыс басына келді.

Апырау, меңіреулік дегеннің ой-бойыңды, қиял-сезіміңді құрсаулап келетінін қалай ғана білмейміз. Ол бір төрт қабырғасы тас берік, айналасы алты-ақ аттам өмір өрісіне қамалу екен ғой. Ондайда сонау төбенің қолтығынан сылдырап аққан бұлақ та, анау күлте жалын күдірейтіп сар даламен көсіле шапқан күрең төбелдің арқырап кісінегені де, тіпті кеш түсе екі ауылды басына көтере дуылдасқан жастардың аспандата шырқаған әні де онша елегзітпей салдырап жетіп, жаңғырып қайтатын. Енді білсем, сонын бәрі тоңы жібімеген қатқыл көңілдің енжарлығы, қақпасы сықырламаған кеуденің тоңторыстығы ғана екен. Айкүміспен кездескеннен бері мен басқаша күйге түстім. Оқыс оянып, тіршіліктің әдемі көркіне тандана қарайтыңдаймын. Дала өсем! Ықылым заманнан бері бұл дала не көрмеген. Шашақты найзасы көк тіреп, желекті дулығасы жарқылдап батырлар да өткен. Сонда анау қырдан тау суындай тасқындап қалың қол асып түскен. Ана төбедегі жалғыз атты шолушы келіп қалған жауды көріп хабарламақшы болғанда, жалт бұрылған аты сүрініп кетіп, майып болған. Жігіттің қаны тамған жерде жалғыз аяқ соқпақтай болып көктем сайын алқызыл қызғалдақ өседі. Көктем сайын бұл дала бір құлпырады. Дала әсем! Елсізде иен тірліктің бір жотасынан соң бір жотасы шыға келіп, жеткізбей өтетін алыстық, бұл күнде қос білектей қос рельспен бір-ақ буылып, бір-ақ тартылып, жүйрік паровоздың жер солқылдатқан дүбірімен жақындыққа ауысыпты.

Дала әсем! Күні-түні тынбайтын жұмысымен, жұмыскерлер үнімен әдемі өрнек тапқан...

Мені әлдебір күш сол далаға тартатындай. Үйде отыра алар емеспін. Ауыл сыртына жиі кетем. Кейде аңшылап қайтқан Қарағұл қарсы кездеседі. Бұрылмаймын. Көкіректе ұйыған белгісіз ызың бар. Ән сияқты. Ыңылдаймын. Шықпайды, бусанып тұр. Ұзай берем. Күн ашық. Жаз күні. Әттең қазір көктем

болар ма еді. Сонау төбеге барып бір құшақ гүл теріп апарар едім Айкүміске. Жоқ қой гүлдер. Жан көктемі табиғат көктемімен неге бірге келмейді екен.

Қара жердің қыртысын тесіп шығып тасқындап, алаулап атылатын вулкандай денемде бұрын-сонды

кездеспеген дірілді сезім орнап, сол жанартаудай селк-селк ететін кездерім көбейді. Бүршік атқан гүл шоғындай әлдебір түйсік жүрегімде оянып тыным бермес әбігер күйге түсірді де, алай-түлейі мол ынтықтық дүлейіне тоғытып кетті.

Айкүмісті алыстан екі-үш рет көріп қалдым. Соған да мәзбін. Ақ көйлегі ағарандап көз алдымнан кетер емес. Сонау “ұрын“ түнінде қарақоңыр бояуды ыдыратып көрінген бозала таңдағы шапақтай. Таң демекші менің де бір таңым, нұр атқандай. Сергелдеңге түсіп алдым. Онымa тәнтімін де. Бозала таңды болдыртып талай атқыздым. Ұйқы қашатын беймаза шақты бұрын кездестірмесем енді мен ол түндерді ең бір қуанышты күндеріме балайтын боп алдым. Ол түндер мені Айкүміспен ойша кездестіретін... Оңаша табыстыратын. Ол түндер - Айкүміс дейтін бір дірілді сезімге еріксіз жетелейтін.

* * *

Бір күні жұмыс басына Айкүмістің өзі келді. Ақ орамал, ақ халат бойына құйып қойғандай жарасады екен. Оның үстіне екі беттің қызылы осы шаңқан түсте ерекше бөлектеніп тұр. Мойыл көздің бояуы да өңін ашқандай. Қызға қызыққанымmен, істеп жүрген жұмысымды қорсынып (баяғы барабанға жегілген ат айдаушылығымды), ұялып та барам. Сонда да үндемей қалуды жөн көрмедім.

- Айкүміс, саламатпысың!

- Сен осы жерде істеуші мең, Әйкеш? - деп қыз да үйіріле кетті. Сүйріктей саусақтарын ұсынды. Әсіресе, атымды атауынан өзіме деген бір жылылықтың лебін сезгендей қуанып барам. Атымды ұмытпаса, Айкүмістің маған теріс қарамағаны ғой.

- Әзірше осында істеп жатырмын. Жақында пеш

басына ауысам ба деп жүрмін, - деп қолымнан үлкен іс келетінін білдіріп жатырмын. - Жай жүрсің бе, Айкүміс?

“Айкүміс” деп айтудың, атаудың өзі ғанибет екен. Тәтті сорғандай тамсанамын. Және де елдің ең алдымен осы періште қызбен сөйлесуім де төбемді көкке тигізгендей.

- Жұмыс істейтін жерлеріңнің санитарлық нормасын тексеруге келіп едім, - деп Айкүміс жауабын тез қайырып, бетіме күлімдей қарады.

- Айкүміс, онда мен ертіп жүріп көрсетейін.

- Жұмысың ше?

- Шұбар аттан қорықпа, бұл әбден үйренген. Қазір қызығын көресің - деп мен шұбардың божысын жерге салбырап кетпестей етіп арқасына таңып қойып, Айкүмістің қасына барып тұрдым. Көп күттірмей-ақ шахтадан “тарт!” деген жарықшақ дауыс шығысымен шұбар ат аяғын санап басып, ілби айнала жөнелді. Қарап тұрмыз. Вагонетка айналма алаңға жеткенде шұбар да кілт тоқтады.

- Көрдің бе, - деп мақтанып жатырмын.

- Оқымысты-ақ екен! - деп Айкүміс мәз.

Екеуміз пеш басына кеттік. Қарағұл мен Бәсерді айрықша таныстырып өттім. Достықтың осындайда пайдасы тимей ме, олар да мәре-сәре. Қазықбас қу қызды ымдап маған бірер рет көз қысып үлгірді. “Қапы қалма, Әйкеш! Уақап бол” деген тілегін түсінем ғой. Айкүмістің тасасында тұрып бас изеп қоям.

* * *

Сол күннен кейін Айкүміс екеуміздің арамыз тіпті жақындап кетті. Талай рет киноға да бір бардық. Онымызды сөкет көріп жатқан да ешкім жоқ.

“Осыларың дұрыс” дегендей жарастығымызды өсек-аяңсыз қабылдады.

Күндер өтіп жатты. Айкүміс екеуміздің оңаша кештеріміз де тату-тәтті ілесе берді. Жаз да жайсаң еді. Ылғи бір, құрғақ кештерін өлшеусіз еншімізге сыйлап, маужырайды да тұрады. Талай сыр, талай

әңгіме де төгілді сонда... Бірақ сол шертілген сырда алаңғасар ойдың салқыны да жоқ еді. Тереңге барыспай, сол күйлерімізге ырзалықпен ілесіп, көзбен ұғысып жүріп жаттық.

Сондай отырыстарда Бәсердің “ұрын” түні көз алдыма жиі-жиі оралатын. “Айкүмістің нәзік денесін құшақтап отырып, мен де сүйтер болсам, Айкүмісті өклелетіп алмас па екем. Бәсерге де кінә жоқ екенау” деп ойлаймын.

Тоғызыншы тарау

- Рақаңдікінде басталған кеңес. - Келін - Салтанат. - Менің көріпім Айкүміс. - Оңаша табысу. - “Армысың, шүбар ат ”.

Жұмыстан кейін жуынып-таранып үйге енсем, апамның кең дастарқаны әдеттегісінше жайыла қоймапты. Шешеме жаутаңдап қарап қалсам керек, түсіне қойды.

- Тез киін, Әйкеш, Рақаңдікі қонаққа шақырып кетті, - деп иіріп отырған ұршығына сүйеніп, орнынан түрегеле берді.

Рақаң үйіндегі шешейдің қолы қытымырлау болатын. Ауыл-үйдің, көрші-қолаңның басын қосып, дастарқан жаюы сирек кездесетін оқиғадай көрініп, шешеме үнсіз ілесіп Бәсердікіне келдім.

Дәл төрде малдастарын құрып, кекірейіп-кекірейіп үш-төрт қария (орталарында әкем де бар) отыр екен. Шетінен сәлем беріп шығып, босаға жаққа жантая кетіп, кеңестеріне құлақ түрдім.

Отырғандардың әңгімелері қиюласар емес. Кіргеншыққан қатын-қалаштың тірлігін бағып, ін аузында тышқан аңдыған мысықгай сергек отыр. Дәл ортадағы құндыз бөрікті қарасұр қатпа шал жеңіл қозғалып іргеге бұрылып, езуіндегі насыбайын үш саусақпен шымшып алып тастай беріп еді, қалғандары да дәл сол қимылды күткендей жапырласа қозғалақтап былшбылш түкіре бастады.

Тамақ желініп, шай ішілген соң, манағыдай қатпа

шалдың бастауымен үздік-создық кекіріктер жолым үйді біраз дүрліктіріп барып тынды.

Сөзді Рақаң бастады.

- Күн өтеді, жыл өтеді. Жас өседі, мосқал қартаяды.

Заманның тынышы, жанның тыныштығы деп салпақтап жүре береді екеміз. Көрмейді, ескермейді екенбіз -деп бірер ыңыранып алып, жайшылықта дәл бұлай сөйлеп көрмеген Рақаң, сірә, күні бұрын ойланып-толғанып келсе керек, сөзін әрі қарай жалғап әкетті. - Біздің жігіт шағымызда мына Қарасу өткел бермес өзен еді, тартылып барады. Анау жүнді қараганнан аттылы кісі адасушы еді, сиреп барады. Уақыт озады екен, жер тозады екен. Біз де қартайып барамыз. Кешегі тұстастардың да қатары азайыпты. Бүгінгінің алды кешегінің соңы боп қаппыз. Қалт-құлт тірліктің енді қашанғы қонағы бола берерміз. Көзімнің тірісінде, әл-қуатымның барында артымда арманым болып қалмасын деген бір тірлігімді жасамақшымын. Мына Бәсерімді - сүткенжемді аяқтандырсам деп едім. Осы ниетіме оң қарап батиха-баталарыңызды берсеңіздер,-деп әңгімесін қолқамен бітірді.

Алдымен қатпа шал бастап, іле қалғандары да шуылдаса құптап, қауқылдасып бас изесіп қалды. “Ұл өссе-қонысың, қыз өссе-өрісің“ деген қайырымен болсын дей ме-ау, “Өңіңдегі қызылың, өмірдегі қызығың үрім-бұтағыңмен, өркеніңмен көбейер“ дей ме-ау, “Үйіңнен үй тігілсе, бесігіңнен іңғәлаған үн төгілсе, тірліктің одан артық ғанибеті не“ дей ме-ау, әйтеуір, орағыта сөйлеп, қызулана желпілдеп дуыл-дасып кетті. Көкжиекті түре келер ақ сәуледей ақ үмітпен лүпілдеп табысар анау екі жүректің жарастығы қандай, нұры, нәрі қандай? Ескерер де, тексерер емес. Керегесі жайылып, шаңырағы көтерілер жаңа, жас отаудың беріктігі мен көріктілігі қиналдырмайтын да, қынжылтпайтын да тәрізді. Сырттан шешіп, сырттан пішіп жатыр. Тым болмаса Бәсерге бұрылып, ақыл-дасып дегендей болмаса да, ақылын айтып сөйлеген бір де бірі жоқ.

Босаға жақтан әлсіз ғана жөтеліп дыбыс бердім. Мені тыңдар қариялар қайда. Көкейімді жайлаған

бимағлұм, түсініксіз ойларды шеше алмай, жайып салуға батылым және жетпей жаутаң-жаутаң қарап отыр едім, бір кезде әкем екеуміздің көздеріміз ұшырасып қалды.

Жүзімнен дағдарысымды ұққандай сәл-сәл қозғалыңқырап қойып, іргеге сүйеулі домбыраға қол созды. Отырғандар біріне-бірі қарасып қипақтасып барып, “сөз бітпеді ме, домбыраға жол болсын“ дегендей ыңғай білдіріп еді. Әкем оған қыңбады, әлі де жанарын менен тайдырмастан қадалып отырып, шертіп кетті. Сол баяғы майда қағыс. Шанаққа дүрс-дүрс тиер саусақ екпіні білінбейді.

“Әйкеш, балам! Үлкендерге айып тағып отырсың ба. Өткеннің жолы, жөні бөлек еді. Сыртын бермес қатқылдығын сезерсің. Ішіне үңілдің бе? Ішіне үңілсең түңілер түрің жоқ. Қайтесің, сонау бір шалғайдағы күндердің бойға сіңген әдеті ғой. Әйтпесе мына кәрілердің елжіреп кетер шағын ұғар едің. Қағаберісте қала беріп, енді-енді еншісіне іліккендей жайларын дұрыс түсін. Ұмытылмас күндерінің бір елесі бұландап алдарынан өтпегенін қайдан білдің. Дәл сол кезде айтылмаған көңіл сөзін жүректің бір қалтарысына тығып келіп, жарқ еткізіп қайтіп қана ақтара салар. Күйбең-күйбең тірлікте кей-кейде солардың да тәтті мұңмен ойға алар бір аяулысы барын білермісің. Есеңгіретіп жетер қуанышқа да, естен тандырып келер қайғыға да құлап түспес берік күйін түсінсең, мына ұрланып жеткен кәрілігін сыйла. Жақсыға жат ойлау біздерге тән емес. Ашылып, ақтарылып кетуіміз де қиямет. Жаттанды сөзбен жапырласып жатқанымыз да сондықтан болар“.

Бір ғажайыбы, осынау көп сөзі жоқ тұйық атаның зәуіде бір оңаша сәтте домбыра тартып, маған ғана (өзім солай түсінем) сыр ашатыны болатын. Ондайда майда шертістен көп жайды айтқызбай түйсініп, іштей қабылдайтын мінез тапқам. Содан ба, қазір жанарым тұмантып, көп адамнан қомақтандыра көтеріп, бөлектеп бара жатқан осы адамды ардақ тұтатын тәріздімін. Әлсіз ғана бас изеп, келісім білдірем.

Әкем жүзін бұрмастан домбырасын қоңырлата шертіп отырып, ұзақ безілдетті. Жайшылықта ашылып

сөйлесіп көрмеген аталы-балалы екеуміз күй үнімен тіл табысып отырмыз.

Қыбырымды сездірмей шығып кеттім.

Ойым он сақта. Бірде лепіріп, асып-төгілердей болам. Бәсер мен Майсара үшін қуанам. Сонау күнде пеш басында ән салған Майсара ертеңгі келер бақытының беташарын айтыпты-ау. Ер көңілді Бәсер де ойымда қалған бар мінезімен, бар қимыл-әрекетімен алыстап барады менен. Ол да көңіл ырғағымен сол беташарды бірге жырлапты, бірге қайырыпты. Енді осы бір ынтықгық әнін олар жүрек діріліме өмір бойы айтып өтпек.

Мен жалғыз. Дала жым-жырт.

Ойым шартарапта. Қиялмен Айкүмісті іздеп кетіппін. Белес-белес күндердің бір сәтінде менің де тойым күтіп тұрғандай. Аңсатып, ардақ тұтқызып жүріп, аяулы сағатында құтты табалдырығын аттатпақ.

Ой, ой... Таусылмас, бітпес көңіл парақтары. Қуантып, күлдіртіп жетеді. Жасытып, күрсінтіп кетеді...

Содан екі-үш күн өткен соң ауыл арасы таяу да болса, рудниктегі жалғыз самоход арбаға менің шұбар атымды жегіп, құдағи бастаған топ қызды ауылға жүріп кетті.

Үй сыртында қарап тұрмын. Қара сандықтарының түбінде сақтаулы жатқан ақ жаулық, шытыралы кимешектерін қоқырайта салып, түрлі-түсті барқыт кемзал-жеңсіздерін қабат-қабат киінген құдағи тобы ерекше салтанатты. Дәл қастарында қызыл тайдың үстінен арбаға қарай қисая бұрылып, сөйлеп бара жатқан Рақаң ақсақал көлігін сипай қамшылап, сумандатып барады. Қалың күпілі, саптама етікгі үлкен кісінің астындағы кішкене тай қазақы қап толы тезек арқалаған ботатірсек талдырмаш қана бойжеткендей анда-санда тәлтіректеп-тәлтіректеп кетеді.

Біздің ауылдың әбігері де күшейді. Бес-алты жерден жер ошақ қазылып, қазан асылып, көлеңдей ұшқан көк түтіннің таңсық иісімен той қарбаласы басталды. Ағаш жарып, отын бұтақтап, су әкеліп, самауыр қойып жүрген келіншектер жүзінде де келісімді желік бар. Қайны, құрдастарын қағытып, сыңғырлап күлгенде,

кілегейі жоқ думаншыл көңілдің мамыражай назын ғана көресің.

Күн ұясына еңкейе бергенде құдағилар мінген самоход арба қайта сықырлап біздің ауылға бет түзеді. Арбаның соңын ала, ұзын-қарасы елу шамалы жаяу шұбырған топ және шықты. Тұрғандар бұрынғыдан бетер елендесіп кетті. Ерсілі-қарсылы жүгіріп балалар шулайды. Даурығыса үлкендер сөйлейді.

- Тойдың осындай сәні-ай, шіркін!
- "Қыз ұзатқандай" деген осы емес пе?
- Салтанаты аспаса да, салты ерен-ау!

Құдағилар тобы келіп, жапырласып арбадан түсіп жатыр. Өздері шеттерінен желпініп алыпты. Қимешектерінің шажамайындағы шытыраларын жарқ-жұрқ еткізе мамырлай басып, маңғаздана сөйлейді. Саяттан олжалы қайтқанда аңшы ғана осылай көңілді болатын. Оң босағадан қалыңдықты алып шыққан құдағилардың қалай лепірсе де еңбектері сінді.

Жаяу топ тақалып қалды. Кешкі аспанда ән қалықтады. Сонау жас келінді ортаға алып, тойлы ауылға қызық-думан әкеле жатқан ерке топтың қуанышты хабары ән боп жетті.

Қорлан, сіздей жан тумас,
Туса туар артылмас...

Әнші топтың ойнақы көтерген көп даусымен шарықтаған қоңыр саз барлық үн мен шуды баса шырқап кетті. Осынау тәтті сыбырдай жан дүниені ұйытып, шымырлатып жіберер әуенді қалт тындап тұрып қалдым. Жиын жай басып, баяу ілбіп, жақындай түсті. Дәл ортадағы ақ көйлек, аппақ шәлілі Майсараның аяқ басысына сәйкес ән мен көңіл ырғағын бірдей тауып, жараса қосылған.

Ынтығып айтар жүрек үнімен есілер қайран "Қорлан" дөл бұл сәтте осынау топтың әсем нақышты шырқай көтеріп, үнемі қайталап, қайырмалап созуында бір ғана Майсараға бағышталған еді. Келіншек те керім!.. Топ-толық қызыл ернінде күлкі үйіріліп, баданадай қой көзде әлдебір ұшқын от шашқандай. Жанардағы дәл сол жарқылымен дүниенің

әлдебір мен білмейтін тылсымын сөйлеп кететіндей де сияқты. Аумақты төсін дірілдетіп, қысыла дем алады. Кең маңдайға жарқырап түскен күн сәулесі де алдағы бақыт, бақ күндерінің нышаны тәрізді. Ақ шәйіден кең пішіліп тігілген көйлегінің етегі сәл-пәл толқып-желбіреп, ән сазына қосылып тұрғандай, қаз мойын, үйрек төс жеңгемнің қозғалысы да әсем! Көл бетінде еркін сырғыған құдды бір аққу дерсің!

Қақ жарылып, тамашалап тұрған топқа бұл жиын сынаша сұғына кіріп, араласып кетті. Осы сәтте тұсымнан өтіп бара жатқан Майсараға анықтап көз тастадым. Тұлабойын түгел діріл билеген. Қарлығаштың қанатындай құлаш жая, шалқая біткен жіп-жіңішке екі қас та, сәл ғана еркелей бұлтиған қып-қызыл ерін де, желпейлі жеңнен озыңқырай шығып тұрған ұп-ұзын аппақ саусақтар да, қомақтылау боп көз тартқан омырау да-бәр-бәрі билеп кеткендей діріл құшағында.

Бұл тұста қарсы алған топ, ә дегенде жамырай шыққан дауыстарын тез жөндеп, “жар-жарды“ шырқап кетті. Бар көз, бар ықылас Майсара мен Бәсерге ауған, сол екеуіне ғана арналған. Майсарадан екі-үш қадамдай кейіндеу Қарағұл бастаған жігіттердің ортасында келе жатқан Бәсердің қасы мен көзі қалыңдықтан ауысар емес, бағып қапты. Елтіген пейілімен басқа бір жанға бұрылмайды.

“Жар-жар“ - жақсы тілек үні боп қалықтап тұр. “Қос тілек жарасса, қос білектің айқасқан қақпанын ажыратар құдірет бар ма тәйірі“. Ән солай дейді. Айналамдағылар соны айтады. Қызыға қарап тұрып әуенімен, сазымен құрмет-қошеметін білдіріп қалып жатыр.

Той өтер үй - Рақаңның немере інісі, Бәкеннің бес қанат үйі-өзге үйлерден бөлек. Іші-сырты да ерекше. Осы ауылдың іске асар, кәдеге жарар жіп оралған өрнекті шымши, оюлы сырмақ, тықыр алашалары ұсталған. Біраз жүгін басқа үйге ауыстырған, тек сол жақ босағадан сәл жоғарырақ шілтерлі шымылдығы түсірілген болыскей керует тұр. Кірген бойда көз тартатын да жалғыз сол ғана.

Айкүміс екеуміз осы керуеттің бас жағында қатар

отырмыз. Келін шымылдық ішінде. Ақ шәлісін бетіне түсіре бүркеніп төмен қарап отырған Майсараға Айкүміс жиі-жиі бұрылады. Таңсық көріп қызыға қарап отырған сияқты.

Тыстағы дабыр-дүбір басылып, үй ішін жиналған жұрт кернеп кетті. Ойын басталды.

Айкүміс мәре-сәре. Сыңғыр күлкісі тап құлағымның түбінен жиі естіліп, жаныма күй тамызғандай сіңіп барады. Қалада өскен оған бұл тойдағы ойынның бәрі думан, бәрі қызық. Мәз болып отырып өзіне кезек тигенде қызарып бітеді. Сол шағы тіпті әсем!

- Тойдың өзі тамаша ғой! - дейді сыбырлай сөйлеп.

- Иә, тамаша! - деймін мен, айналамдағы шуды ұмытып, Айкүмістен көзімді алмай.

Тойдан тарқағанымда таң қараңғысы ұйып түсіп, айнала төңірек меңіреу құшағында бұйығып жатыр еді, сауықшыл жастардың әзіл-қалжың, ән-жырымен қайта оянып, сәлден кейін қараңғылық іріп-іріп кетті. Аспанда шашырап сәуле көрінді. Сол ақ сәуле бірте-бірте төмендеп, қара күңгірт бояуды қуып барады.

Мен Айкүміспен бірге кеттім. Шығарып салуыма қарсы болған жоқ. Шығыс бозарды. Енді біраздан соң таң кіреді.

Айкүміс апасының үйінің тұсынан өтіп кетті.

- Қайда барамыз?

- Медпунктке. Жатып қалған үйдің есігін қағу ыңғайсыз сияқты. Бәрібір бүгін ұйықтай алмаймын. Енді бірер сағаттан соң жұмыс басталады.

Жүрегім қатты-қатты соғып кетті. Жаңағы бір еркіндігім де жоғалғандай. Бұл қалай? Әлде мені шақырғаны ма? Әлде өзімсініп ештеме ойламайтыны ма? Білмеймін. Бар білерім буын-буыны босаған аяғымның сергек жүрістен айрылғаны ғана.

Айкүміс кілтімен есікті ашты. Ішке кірдік. Бөлмеден дәрі иісі аңқиды. Өз өзімнен қысылып барамын. Ербеңдеген қолымды сыйғызар жер таба алмаған соң мен енді дәрілерді ақтара бастадым. Неғылған көп дәрі. Ақ үнтақ, көк ұнтақ бірдеңелер. Бір кезде екеуміздің қолдарымыз жанасып кетті. Қасымдағы қыз ұзын кірпіктерін айқастырып аз-кем қимылсыз қалды да, іле жүрек лүпілі ойнақшыған қанмен бір қызарып,

бір сұрланған ақша бетте толқып кетті. Нәп-нәзік, кіршіксіз ұятымен қорғанғандай. Бойымды ұйытқыған жалын билеп алды. Дуылдатып әкетіп барады. Осы сәт соншалық ыстық, соншалық сүйікті. Бір кез Айкүміс әлсіз ғана шегінгендей болды. Оттай жанған өңіне көзім түсіп еді, сәтке қана шалып өткен көз қарасы күнәсіз жанның тілмен жетпес нәзік тілегімен жалбарынғандай сезілді. Қатты қысып, ұзақ сүйдім. Айкүміс те ып-ыстық бетін бетіме тигізді. Одан әрі сусып босанып кетті де, кушеткаға барып отырды. Бөлменің дәл ортасында қимылсыз қаққан қазықтай серейіп тұрмын.

Бөлмеге алғашқы сәуле түсті.

Сол сәуле Айкүмістің жүзінде ойнады. Құлпырып тұр. Күлімсіреп бетіме қарады.

- Отырсайшы...
- Айкүміс, жұмысқа барайын. Кешке кездесейік.
- Жарайды...

Үйге кіріп жұмыс киімімді кидім. Ыңылдап өлең айтам. Апам күңкілдейді.

- Әкенді оятасың.

Әкем ояу жатыр екен.

- Әйкешім өлең айтса, ұйқым шырайлана түседі.

Ат қораға келе жатырмын. Басымнан бақайшағыма дейін бір көңілді әннің ырғағына толы. Мен айтып келем бе, әлде қуанышты кеудем өзі ән болып күмбірлей ме, әйтеуір шаттығымның шегі жоқ.

- Армысың, шұбар ат!

Шұбар аң-таң. Күндегі оқырануын да ұмытқан. Тағы қайталадым.

- Армысың, шұбарым!

Шұбардан жауап шықпады. Ат қорадан босатып ем, салып ұрып пеш басына тартты. Мен де солай қарай аяңдадым.

Онынышы тарау

- *Бәсер мен Әрсеннің арасындағы сөз. -Айкүміс кете ме? - Тағы да колхозға сапар. - Әсияның сыры, - Сиыр дауы.*

Бұл кезде айлық жоспар екі еседей көбейген еді. Қаланың құрылыс тресін де әкпен қамтамасыз ете бастағанбыз. Содан бері бұрын бірі тоқтағанда, бірі ғана жұмыс істейтін екі пеште де қатарынан тас күйдіретін болдық. Жұмыскерлер арасында бәсекежарыс күшті. Әсіресе, октябрь тойында озып шыққанға бәйге беріледі деген хабарды естігелі бұрынғы керенаулықган түк қалмаған. Темір күректің сыңғыры, тас уатқан балғаның дурс-дүрс дүңкілі, әзілдесіп қағытқан зілсіз күлкі жиірек естілетін болды.

Бәсердің аңдитыны Қарағұл. Қарағұлдың көз тіккені Бәсер. Бәсер-бірінші пеште бригадир. Қарағұл да екінші пештің дөкейі. Түскі үзілісте Қарағұл жоғарыға әндетіп шығады.

Бәсердің жүзі күреңітіп кеткен. Қабағы қатулы. Түске дейінгі нормада Бәсердің Қарағұлдан бірер вагонетка әгі кем. Содан болар досының тым әншіл боп бара жатқанын да жақтырмайды.

- Осы сен әндете бермеші.

- Қызғанба, Бәсер. Қимылда онан да, - деп Қарағұл үдей түседі. - Әнді сүймейсің ғой, ә. Саған ерегіскенде бәйгеге алар патефонымды тап осы жұмыс басына әкеліп ойнатып қоймасам ба, қара да тұр.

Патефонның атын естігенде Бәсер елең ете қалды.

- Әй, латифоның не?

- Бас бәйге - патефон дейді ғой. Бастықтың өзі айтқан.

- Онда дәл сол латифонды мен алам.

- Дәмесінің мықтысын. Құдайлығыңды айтшы, кешелі бүгін қанша вагонетка кейін қалдыңдар, - деп Қарағұл Бәсерге жоғарыдан төмен сүзіле қарайды. Бәсердің қарсы айтар дауы жоқ. Кешеден бері жеңілуі де рас. Қанша мойындамаймын десе де, қазықбастың бригадасының қимылы шапшаң да, істері өнімді.

Әрсен десятниктің Бәсерге ілтифаты бұрынғыдай

емес. Қарағұлдан қалып койғалы қабағы түсіп, Бәсерге жеп жіберетіндей төне қарайды. Оңашалау кездесіп қалса ашуы сыртына теуіп, ісініп-кебініп, түкірігі шашырап бей-берекесі шығады.

- Бәсер, сені не қара басты! Қарағұлдан қалып қойдың ғой. Енді ай сайынғы сыйлығымыздан да айрылатын болдық. Апырай, неткен ақымақ едім. Қарағұлды пешіме алғанда шытырлаған ақшаны қалтама қаттап баспас па едім.

- Маған не істе дейсіз, Әрсеке. Аянып жүрген жоқпын, - деп Бәсер күмілжіп тұр. Екеуіне де көрінбей тыңдап отырмын. Байқаусызда үстерінен түсіп, әңгімелерін естіп қалып ем.

- Аянбай жүрсең мына сорақылығың не. Әк қайда деймін мен саған? Қайтсең де бірінші орынға шығатын бол! - деп Әрсен нығарлай сөйледі.

- Тырысып көрейік, Әрсеке.

- Әй, сен андағы құрбақа денеңмен мың жерден тырбандасаң да Қарағұлдан оза алмайсың. Онан да бірер әкті шала күйдіріп шығара бер. - Құлағыма сенер емеспін. Бәсердің аузы ашылып кетіпті.

-Тексеріп жатқан ешкім жоқ. Солай жаса. Сөйтіп оз!-деп Әрсен төніп барады.

Бәсердің қызыл жүзі күреңітіп, қаны бетіне тепті. Манадан бері десятниктің алдында айыпты адамдай қипақтап тұр еді, дәл қазір өзі ашуға мініпті.

- Жасай алмаймын. Алдап табар ақшаңмен мені жарылқама. Қылмысыңа баспаймын! - деп бұрыла берді.

- Айтқан тілді алмасаң, нормаңды кемітіп жазам, - деп ширыққан Әрсен, түгі тікірейіп соңынан айқай салды.

Бәсер ұзап бара жатып артына бұрылды:

- Не істесең, оны істе. Адалымнан жазбан!

Бәсерге ризамын. Ер көңілді Бәкеңнің тағы бір қырын анықтанып тұрмын. Бұл дүниеде жан жарастық ләззаты да көңілдің адалдығымен, адамдығымен табылса, соны мен де таптым.

Бәсер озды. Жұртты таңғалдырып, айта қаларлықтай озды озғанда да. Бұрынғы бірінің үстіне бірі жұқалап салынатын тас көмір мен әк тасының қабат

санын бір жарым еседей өсіріп еді, сменалық жоспары артып сала берді.

Сонау күні Айкүміске берген уәдем бар, оның үстіне өзім қатарлы жастар ауызға ілініп, атақ-абыройға жетіп жатқанда, жас баланың жұмысын қашанғы ермек етейін. Менің де бір бұлқынуым қажет қой. Мынау өндірістің қожасы мен сияқты болашақ мамандар болса, онда осы бастан барлық тірлік-қарекетіне араласа берейін деген ниетпен мен де пеш басына ауыстым. Бұлшық еттерім бұлтындап тас уатушы болып алдым.

- Құлыным-ау, бұғанаң бекімей ауыр жұмысқа неге ауыстың? Тесік өкпе боласың ғой, - деп шешем бәйек болғанымен, әкемнің күңгірт көздерінде кешігіп туған жұлдыздай бір әлсіз сәуле ойнады. Бұрынғыдай жалғыз кетпей, жұмысқа мені ертіп үйден бірге шығатын болды. Бәсердің жұмыстағы абыройы қанша асып тұрғанымен үй ішінде мәнісі болмай жүр. Майсара мен өгей шешесінің сиыспайтын түрі бар. От басы, ошақ қасының жаяу ұрысы басталып, келін мен ене арасына кикілжің кіріп, қара мысық жүгіріп өтті.

Майсара өгей ененің айтқанын екі етпей қаншама шыдайын-ақ десе де, түзелетін түр әріде сияқты. Жолы үлкен, жөні бөлек ененің шырғасына еріксіз көніп, соның үстемдігін мойындап отырса да, ене көңлін табар емес. Бар мінез, бар жүріс-тұрысын қас қақпай бақылап отырған қатал сыншыдай ене қабағы бір ашылмайды. Ене мен келін арасындағы осы кикілжің, кірбең көңілсіздікті сезіп қалған Рақаң бір күні, Бәсер екеуміз үйдің іргесінде отыр едік, үстімізге келді.

- Бәсер, үй болдың, отау құрдың. Осы шаққа дейін айтқаныммен жүрдің, ақылымнан шықпадың. Енді өз отыңды түтет, балам. Кәрі қойдың жасындай шақ ғұмырым қалғанда өндірістің шаңына қақалып қайтем. Жайлаудың мол қымызына кетейін. Ертең бізді Түсіптің қасына көшіріп сал, - деді. Көптен көп оңаша ойланып, өзі іштей шешіп қойған болуы керек. Қабырғасы сөгілгендей опырылып ауыр күрсінді де, иегі дірілдеп, шоқша сақалы билеп кетті. Басқа сөзге келген де жоқ. Таяғын арқасына көлденең салып, екі ұшынан ұстап алған бойы бүкшиіп кете барды.

Соңғы күндері менен де күй қашып жүр. Онымның да үлкен себебі бар. Айкүмістің қаладағы әке-шешесі қызын ауыстыртып алуға талаптанып жатқан көрінеді. Сол хабарды Айкүмістің өзі мұңайып отырып маған жеткізген.

- Не істеймін, Әйкеш? Қандай ақыл қосасың?

- Кетпе. Тым болмаса бір жылға шыда. Қалаға керек дәрігер ауылға да керек.

Бір жылдың ішінде не болатынына көзім жетпесе де Айкүмістің қасымда жүргені мен үшін жұмағыңнан артық.

Енді міне түскі үзілісте тамақтанып болып, шалқамнан түсіп, аспанға қарап жатырмын. Көк күмбезі алыстап барып, сарғыш тартқан. Қазіргі құлазыған көңілімдей сұрсыз.

Кенет ойыма қайдағы жоқ орала кетті. Екі қолымды көкке созып жіберіп, жалбарына тіл қаттым.

- Уа, Тәңір, барсың ба, сен?

Жауап жоқ. “Бар болса да, мені менсіне қояр ма. Ол жалғыз, мен көптің бірімін“.

- Естіп тұрсың ғой, бәрібір.

Құ екен. “Естіп тұрмын“ демеді.

- Махаббат дегенді білесің бе сен? Ұрын бару - махаббат емес. Бірақ ұрын бару махаббат болмаса - онда ол өзі не нәрсе? Сондықтан да сұрарым. Сен мені Айкүмістен айырма. “Жалғыздық жасағанға ғана жарасады” дейді әкем. Ол өз басыңмен кетсін. Естисің бе? Арыз тыңдамасаң, ақылдылығың қайсы. Жә-жә, оңашада тілек айтқан мендей бейбағынды жарылқай сал.

- Әй, не айтып жатырсың? - Дауыс қатты естілді. Опыр-топыр атып тұрдым. “Шынымен естігені ме?! Дауыс ашулы. Адамша сөйлейді екен-ау!..“

Бәсер екен. Мені колхозға баруға шақыра келіпті.

Бәсердің өзі сонау Рақаң көшіп кеткен күні енесінің қолына кіріп алған. “Қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз күйеу жоқ“ дегенді діттейтін сары бәйбіше Бәсердің ай сайынғы күреп-күреп алатын мол табысын көрмейтін тәрізді. “Әкеңнен енші ал”,- деп күйеу баласының құлағының етін жейтін көрінеді. Мына сапарда Бәсер мені ертіп апарып әкесінің алдынан өтпек.

Рақаңа бала көрінсем де, баласына әжептәуір адаммын. Ал адам деп қолқа салғанда мен тартынып қалған емеспін.

Бізге көлікті кім берсін. Он шақырымға толар-толмас орталыққа жаяу тарттық.

Рақаң байғұс Бәсерін сағынып жүр екен, екеумізді көргенде қуанып қалды. Естіп отырмын, тыста Қатша бәйбішемен біраз керілдесіп жүріп, көпей лақты алып ұрды.

- Өндірістің шаңын қауып жүрсіңдер ғой, бүгін бір қызылдандар, - деп тай сойғандай үйге де лепіріп кірді.

Ет піскенде көршілер тегіс жиналды. Ұнамды, ықшам киінген бір келіншек үйге сыңғырлай сөйлеп енді. Толықша келген сұлу жүзді, қыр мұрын бәденді кісі екен.

Ас жеп, сорпа ішіп болысымен жұрт тарай бастады. Қол жуып мен де тысқа беттедім. Соңымнан ілесе әлгі келіншек те шықты.

- Қайным, сәл тоқташы. Қарағұлды көресің бе?

- Бірге істеймін онымен.

- Әсия сәлем айтты дерсің...

Аузымды ашып, еп-ерсі түрде таңырқай қарап қалсам керек, Әсия мырс етті.

- Қайным-ау, аузыңа шыбын кіріп кетер.

Абдырап, асығып жауап қаттым:

- Айтайын, жеңеше.

Әсия бұрыла берді.

- Жеңеше, сәл тоқтаңызшы, - деп соңынан ілестім...

Ағып сөйлеп келем. Қарағұлдың күрсінуін, жатса-тұрса бір ғана адамды ойлайтынын, ал ол адамның Қарағұлға жасап жүрген қиянатын - бәр-бәрін айтып жатырмын. Әсия тоқтады. Енді менің жүзіме қадалып қарап қалыпты.

- Әйкеш, өзің сұрадың ғой, мен сенен несін жасырам. Сәкеңнің тірі кезінде-ақ Қарағұлға ынтығым күшті еді. Бірақ, - деп Әсия аз-аз бөгеліңкіреп қалып, тағы сөзін жалғап әкетті. - Сәкең көп қиналды ғой. Күші бітсе де, ойы сап-сау кетті. Қиналып сыбырлап айтқан бір ғана арманымен үзілді. “Алпысқа келгенше

жас иіс иіскеп, еміреніп бала құшпадым, ең болмаса топырағым бұйырар артымда қарам да қалмады-ау”,- деп арман айтып кетті. Дәл сол үні, сол тілек үні құлағымда. Кетер емес. Тірісінде ұқпаған, ұғынбаған екем қадір-қасиетін. Енді жылға жетер-жетпестен отын қайтіп сөндірермін. Жылын тосам дегенім де содан еді.

Ертемен Бәсер Рақаңмен айтысып тұрды.

- Немене, бір сиырға еңбегім сіңбеп пе?

- Сиырды қайтесің. Балаң бақырып бара ма. Қыстай бағып, жаз шыға бұзаулатып берейін.

Төсегімнен тұрмай Рақаңның сөзіне күліп жатырмын.

- Қазір әкетем. Қашыртпа сөздің керегі жоқ,- деп баласы күйгелектене сөйлейді.

- Бәсержан-ау, көкеңнің тілін ал. Көктемде өзі айдап апарып алдыңа салады, - деп Қатша бәйбіше майысады. Қатша бәйбішенің дәл осылай іш-бауырыңа кірердей жылы жүзбен сөйлегенін көрмеп ем, “Апырау, адамды танымайды екенбіз. Мына кісі жөн білетін, аққөңіл жан болды ғой”,- деп іштей елжіреп отырып, Рақмет ақсақалға төрелік жоралғыммен тіл қаттым:

- Рақа, ақыры беретін болған соң күз бер, көктем бер, бәрібір емес пе. Біріміз жетектеп, біріміз айдап мәз болып қайтайық, - деп мен басымды көтердім. Бәсердің ала көзі маған қадалып жылып қоя берді.

- Балам, оның дұрыс қой. Бұл неменің шөбі қайда түсірген? -деп Рақаң да бір қырқадан бір қырқаға шығады.

- Қарасудың қамысын орып берсем де, сиырға азық табам.

- Бұны құтыртып отырған анау қақпас қой, - деп Қатша бәйбіше қарқынға басты. Ашуы мұндай тез болар ма. Әлгіндегі мүләйім қалпы жоғалып, көкпеңбек боп дірілдеп алған.

- Баламды күшік күйеу қылып қолына кіргізіп алғанымен қоймай сиыр сұрайды, ә. Мә, мынауымды алар! - деп қос саусақтың арасынан бас бармағын шығарды.

- Мен сиырды алмай кетпеймін, - деп Бәсер бір жамбастап қисая кетті.

- Аласың дедім ғой саған мен, - Рақаң қипақтап бәйбішесіне қарай берді.

- Қашан?

Бәйбіше Рақанды атып жіберердей ежірейеді.

- Көктемде. Қызыл тайыншаға қазір өзің ен салып кет.

- Қызыл тайыншанды алмаймын. Мен тап анау қасқа сиырды әкетем. - "Жығылсаң нардан жығыл" дейтін нартәуекелге бел буған Бәсер әке-шешенің қарсы шабуылына мойыр емес.

Қатша бәйбіше бажылдады.

- Талтүсте тонады ғой мынау. Өгейлігін жасайын деген екен.-Соны айтуы-ақ мұң екен, дауыс шығарып жылап ала жөнелді. Рақаң үнсіз қалған. Бәсерді қимайды. Оның үстіне Қатша бәйбішеден де аса алмай отыр. Бәсер ләм-мим деместен созыла тұрып табалдырықтан аттады. Мен де ілестім.

Ашулы һәм өкпелі жанның кей-кейде бетінен гөрі желкесі сөзшең болады-ау деймін. Бәсерімнің шүйдесі ұртын томпайтқан тілазар баладай көрінсе, желке шұқыры қанталаған жалғыз көздей тесірейіп барады.

Ауылдан шыға бере, өріске онша ұзай қоймаған табынға кезіктік.

-Ал енді қалма, Әйкеш, - деп Бәсер бір қасқа сиырды алдына салды да қуа жөнелді. Сиыр табыннан бөлінбей бұлталақтай беріп еді, беліндегі шашақты белбеуін шешіп жіберіп ноқталады да, жетегіне алды. Осы кезде Қатша бәйбішенің ащы дауысы шықты.

- Ойбай, әкетті! Жауша шапты, жау шапқырдың малын!

Артыма бұрылсам, Рақаң тайына мініп апты. Қолында қос құлаш құрығы бар. Борбайлатып келеді екен. Көршілер дүрлігісіп қалды.

- Өлтіреді-ау енді!

- Ұстаңдар!

Бәсер, мен және қасқа сиыр зытып келеміз. Тай дегенмен жылқы баласы емес пе, Рақаң жеткен бойда алдымызды орады.

- Тоқташы, Бәсер!

Бәсер үндемейді. Әкесіне алара бір қарап қояды да, бүлкілдей береді.

- Тоқта дедім ғой мен саған! - деген Рақаң тағы да басқа сөз айтпай, ұлының үстіне төніп барады. “Өлтірді-ау” деп ойлап екеуінің арасына түсе бердім.

- Рақа, бір ашуыңызды беріңіз.

Маған қарар емес. Бәсерге шылбырын шешіп беріп жатыр.

- Белбеуінді кірлетесің. Мә, мынамен жетектеп ал. Қатынасқан біреуден беріп жіберерсің. Жалғыз шылбырым-деп жайымен бұрылып жөнеле берді.

Алдымызда Бәсер, ортада сиыр, соңында мен ауылға жеткенде Майсара мен шешесі бізді жайрандап қарсы алды.

Сары кемпір сиырды байлап жатыр. Әукесін қасыған боп мойнынан құшақтап қояды.

- Қасиетті, Зеңгі баба! Құтым боп орал! Аузымды аққа, төбемді көкке жеткіз! Екі құлынымды аман қыл. Өсек-жалаңнан сақта! - деп күбір-күбір сиынады да, ала сиырдың о жақ, бұ жағына шығып және сыбырлап кетеді. - Желіні үлкен, сүтті болады. Жарықтық жануар жуас екен. Қатша құдағи қанша дегенмен үлкен кісі ғой. Жөн біледі. Қап, кеше қант-шай да беріп жібермеген екем...

Майсара Бәсердің қойны-қоншын тінткілеп жүр.

Он екінші тарау

Су тасығанда. “Ұл туса екен!” - Сүйіншіңді көрімдікке ал. - Келісім.- Күрес.-“Қайдан жүрген шайтан ?!”

Көктем биыл жылдағыдан ерте шықты. Апрель туысымен біздің өзенсымағымыз кіші-гірім айдындай боп тасыды. Бірер күн бұрын қызыл су жүріп, мұзы түскен еді. Түн ортасы ауа салдырап, гүрілдеп сең бұзылып, су қаптап кетті.

Судың нөпір-мол келуінен үрейленген төменгі ауыл жапатармағай дүрлігіп, “Жүндінің“ бауырына киіз үйлерін тігіп әбігерге түсті. Түнде көшкен ел жаман.

Сиыр мөңіреп ит үріп, түйе боздап, бала жылап дегендей әртүрлі азан-қазан дауыс маңайды дүрліктіріп жіберді.

Су сағат сайын көтеріліп барады. Елдің әбігері де сондай. Жаяу-жалпы, өгізді-түйелі сапырылысқан халық ерсілі-қарсылы шұбап қорқыныш аулайды. Осындай бір қарбаласта Бәсер далбалақтап қасыма кеп қалды.

- Әйкеш, Майсара ауырып тұр. Оның үстіне мынау, су тасып, не істейтінімді білмеймін.

Қара іңгенге жүк артып жатқан апам елең етті.

- Рабиға шешейге хабар бердіңдер ме?

- Ол кісі кештен бері Майсараның қасында.

- Алда байғұс-ай, аман-есен қол-аяғын бауырына алсын! - Мен түсіне қойдым. Майсараның айы-күні жақын болатын.

Шешем түйенің бұйдасын қолыма ұстатты да:

- Жүкті түсіре бер. Енді келмей-ақ қойындар. Көкеңе айт, демалсын. Бәсер, жүр үйіңе, - деп жаулығы ағарандап бүкеңдеп жүгіре жөнелді.

Түйені желдіртіп отырып күні бұрын тігіп қойған өзіміздің киіз үйдің іргесіне шөгердім де, жүкті тез-тез түсіріп, кері қайттым.

Бәсер есік алдында жүр екен.

- Қап, мына судың тасуын көрдің бе?

- Ештеме етпес. Жылдағысы осы ғой. Әбден дүрліге беріп жаман үйренгенбіз.

Сонда да өзеннің жағасына барып қарап келдім. Судың әлі де көтерілуі басылмапты. Бірақ жарқабақтан асып, жайылып кетуі екі талайлау.

- Су төмендепті. Қайта бастаса керек.

Бәсердің көңілі орнына түсті.

- Әйкеш, кіріп шықсам қайтеді, ә?

- Қой, ыңғайсыз шығар. Әйел босанатын үйге еркек кіре ме?

Сықыр-сықыр, тырс-тырс басамыз. Уақыт керенау созылады.

Қасымда енді аздан кейін әке болуға дайындалып Бәсер жүр.

Үйден бір әйел шықты. Дауыстап Бәсерді шақырды.

- Әй, сенделіп босқа жүргенше анау келіні түй.

- Онда не болады? - деп сұрап жатырмын.

- Әйел толғатқанда келі түю салты бар. Толғағы жеңіл болады.

Бәсер ондайға жылдам ғой. Апыр-топыр қимылдайды. Қанша сұрасам да келсапты маған бір ұстатқан жоқ.

“Кім туар екен“ деймін ішімнен. “Шіркін ұл болса ғой. Ұл бала ұрыссаң да, ұрсаң да көтереді. Алда-жалда қыз туса, күні ертең даусыңды қатты шығарып зеки де алмассың.”

Ұл туса, өжет болсын, иә өжет болсын. Әкесіне тартса бос қалмағаны. Майсараны алуының өзі неге тұрады. Анау-мынау шөп желке ғана емес осыншама сұлу әйелге қолы жеткен Бәсердің ер, өжеттілігінде шүбә бар ма?

Ұл туса, анда-санда бір сөйлейтін әрі сабырлы, әрі ұғымтал боп тусын. Онда да Қарағұлдай-ақ болсын. Бір сағатқа созылған операциясын бір-ақ айда айтып, таусып алған қазықбастың үндемес екендігі сол емес пе, бұл күндері баяндамасын бірер сағатқа әрең созып жүр.

Ұл туса, сараң болмасын. Жомарттығы атасы Рақаңа тартсын. Есінде де, түсінде де қасқа сиырды қалай көзі қиып оп-оңай бере салғанын өткен-кеткенге айтып отырғаны.

Ұл туса... Кім туса да тез туса екен”.

Тасыған өзеннің гүрілі, алыстағы көшіп-қонған жұрттың шуылы біз есігін күзетіп жүрген үйдің дыбысын басып кеткендей.

- Бәсер атын кім қоясындар?

- Қарауыл. Қарағұлға ұқсас болсын дегенім ғой.

- Қазықбасқа тартып ырғай мойын болып кетіп жүрмесін.

- Мейлі. Тірі болсын.

Осы кезде үйден біреу шықты. Күліп келеді екен.

Күлкі - қуаныш белгісі. Мені де бір діріл баурады. Буын буыным босап, Бәсерді бас салып құшақтай алдым.

- Сүйінші, Бәсер! - дедім мен. - Құттықтаймын!

- Қасқа сиырдың бұзауы сенікі, - деген Бәсер асығып үйге жүгірді.

Көп ұзамай қайта шықты.

- Қарауыл! Кіп-кішкентай! Қабағын түйіп жұдырығымен бет-аузын сипайды сол. Өзім! Аумаған өзім!

Ықласымды үйіп төгіп жатырмын. Бәсер иығымнан жұлқылап жүр.

-Үйге кірейік, Әйкеш! Көрші өзің! Көзіңмен көрші! Іниңді өзің көрші!

Кірдік. Майсараны пеш түбіне жатқызып қойыпты. Жұдырықтай ғана бірдемені орап оң жағына қасына тастапты. Қатындар тұс-тұсымнан жармасып жатыр.

- Көрімдік! Әйтпесе көрсетпейміз.

- Көрімдік бер, сері жігіт!

- Көрімдігін өзім алып қойғам, - дейді Бәсер. - Әй, не атап едің?

- Көрейік те алдымен.

- Көрсетіндерші. Әй, жұлқылай бергендерің не? - деп Майсара көмекке келді. Дүниеде ана бақытына тең келер бақыт бар ма екен. Майсараға көзім түскенде соны ұқтым.

Бәсер елпелектеп барып Қарауылын іліп алып, көзіме тосты.

Қызыл шақа нәресте бет-аузы бүрісіп ұйықтап жатыр. Салпауызын жиырып, жыбырлап қояды.

- Бәсер, көрімдікке қасқа сиырдың бұзауын өзіңе қайтардым.

Бәсер өкпелеп қалды.

- Оттама, оны мен саған сүйіншіге бергем.

Сары кемпір (Бәсердің енесі) түсініп қалса керек:

- Жаман немеремнің көрімдігіне бұзау тұрмақ сиыр алам. О несі-ай! Рақмет, балам! Өзің де балалы бол! - деп батасын шұбыртып ала жөнелді.

Сол аласапыран түнде бір шаңырақтың тұңғышы дүниеге келді. Қасқа сиырдың тумаған бұзауы бір босағадан бір босағаға өтіп, айналып келіп қайтадан өз қорасына байланды. Бәсер әке болды. Мен інілі болдым. (Ойнымыз жарасса да, Бәсер ағамдай боп кетіп еді.)

Өзеннің тасуы қандай тез болса, қайтуы да сондай жылдам болды. Май мейрамының қарсаңында, азая келе, әр жер әр жерден аттап өтетіндей жылғаға айналды.

Бірінші майды Айкүміспен бірге өткіздім. Кіші-гірім салтанатты жиналыстан кейін екеуміз клубтың ту сыртындағы төбеге кеттік. Сол жылғы қызғалдақ, сарғалдақтар-ай! Көздің жауын алып, аяқ басқан сайын өкшемізге оралып еді-ау!

Айкүмістің құшағында гүл. Менің құшағымда Айкүміс.

Айкүмісті құшқанда жалын құшқандай болам. Жұмсақ, майда алақанымен Айкүміс бетімді сипағанда от тигендей болады. Айкүмістің шашынан хош иіс мұрныма келеді, дуылдап тұла бойыма жайылады. Бұл иіс - махаббат исі, көктем исі, жастық исі.

- Әйкеш!

Айкүмістің оймақ ерні жыбырлағанда, бетімді ыстық лебі шарпиды. Айкүмістің лебізі-шаттық үні, күлкі сыңғыры, Қарауылдың тәтті уілі. Мен солай сезінем.

- Әйкеш!
- Әу, Айкүміс!
- Әйкеш, күн қандай тамаша!
- Тамаша! Тыңдашы, мен осындай күнді, мынадай гүлді, анау даланы, сонау көлбеген сағымды - бәр-бәрін сүйем! Айкүміс, мен аспанды сүйем, жерді сүйем. Соның бәрін саған ұқсатам. Мен сені сүйем, Айкүміс.
- Мен де, Әйкеш.

... Біз оралғанда кеш түсіп еді. Осы жазда тойымызды жасауға уәделесіп қайттық.

Семьяның аты семья. Бәсердің мұрнына су жетпей жүр. Қарауыл қосылғалы ол жоқтан бар жасап, бірді екі қылып жанталасуда. Рудниктің бөлген жерінен шап-шағын ғана бөліс алып, демалысын күтіп қолына түкіріп отыр.

Майдың орта тұсындағы демалыс болатын. Аспанда ине шаншар бұлт жоқ. Қарауылдың алғашқы пәк күлкісіндей жайраң дүние.

Киініп Қарағұлға келдім.

Қарағұл маған келейін деп отыр екен. Иығымдағы үшкір күректі көрісімен ол да қайрап қойған күрегін иығына асып алды.

Екеуміз Қарасудың төменгі жағына қарай тарттық. Біз келгенде Бәсер қара терге түсіп, жер аударып жүр екен.

- Іске сәт!

- Егіс молайсын!

Бәсер ыржалақтап келіп, екеумізді күрегімен жайлап қана бір-бір нұқып өтті.

- Әй, бар ғой, сендердің келетіндерінді біліп ем.

Үшеуміз үш жерден тұрып ап, үшкір күректі бойлатып-бойлатып жібердік.

- Әй, әй, тереңдете, күректі бойлата қазындар! Қарағұл, көзіңе қара, топырағын уатып кет!

Бәсер бізді жалдап алған қызметшісіндей жұмсайды.

- Әйкеш, осыны бір аунатып алайықшы, - деп Қарағұл маған көз қысады.

- Сөйтейік, - деп қоштап қоям. Қарағұл күрегін лақтырып тастап, екі алақанына құшырлана түкіріп жіберді.

Біз жақындай бергенде Бәсер шегіншектеп күрегін көтерді.

Түс кезінде Қарасудың жағасына барып суға бір-бір сүңгіп алдық. Тамақтанып болып, дем алуға жатып ек мызғып кетіппіз, үрейлі дауыстан шошып ояндық,

- Ойбай, анау не пәле!

- Шайтан!..

Басымызды көтерсек, егіс басындағылар көз ұшына қарап қапты. Біз де бұрылдық. Ойпырмай, тапа-тал түсте де жын-шайтан көрінеді екен! Жап-жалаңаш, жүндес адам бейнелі біреу басына қап-қара бірдемені киіп алып, біздерге қарай бүкеңдеп салып ұрып келе жатыр. Тұрғандар үрпиісіп, елеңдесіп іштерінен білетін дұға, кәлимасын айтып шуылдап кетті.

Құлағымның түбінен оқыс қарқыл естілді. Елеңдеп тұрғанда күлкіден қорқынышты үн болар ма. Тұла бойым дір етіп, сай сүйегім сырқырап кетті. Күлген - Қарағұл екен.

- Әй, Бұқамойным! Сен өстіп жүрмесең, таңым атар ма.

Қасындағылар да танып қалса керек.

- Бәсер ғой!

- Әй, ит сол! - десіп бірі ренжіп, бірі күліп шулап жатыр.

Бәсер ырс-ырс етіп әрең жетті. Жеткен бойда

басындағысын тастай сала құлай кетті. Көтергені - тай қазан.

Қасқа сиырды бір іздеп жүргенде осы маңайдағы атам заманғы ескі қыстаудан көріп кеткен екен. Біз ұйықтаған кезде соны алып келуге барыпты ғой.

Он үшінші тарау

- Әкем тойға дайындалуда. - Суық сөз. - Бәсерге үндей алмаймыз. Айрылысу.

Жаз. Дархан жаз. Көз ұшында сағымы тербелген иен дала осы шақта бой жазған арудай сылқым. Балауса шалғыны да көк, төңкерген қазандай аспаны да көк, балғын тірлік. Жағасындағы қамыс- құрағына дейін самалмен ырғала толқып кетіп, Қарасу да бұл тұста көкшіл түске енген.

Күн демалыс болатын. Ұйқымды қандырып кеш тұрдым. Көңілдімін. Онымның үлкен себебі бар. Бүгін кешкі поезбен Айкүміс екеуміз Балқашқа барып, әке шешесінің алдынан өтпекпіз. Оның арты - ұланасыр той. Тойдың аты - жаңа бір отаудың түтін түтетуі.

Әкем мен апамда да ес жоқ. Жиған тергенін дайындап, есеп-қисапқа кіріскендеріне де бірталай болып қалды Сәті түсіп (оған күмәніміз де жоқ) осы жолы біз той күнін белгілеп келсек, “ақ түйенің қарнын жарып тастауға“ әкемнің құлшынуы керемет. Өткен-кеткенге айтатын әңгімесі де болашақ той жабдығы. Қисынын тауып, ретін келтіріп алдағы қызығы, қуанышы туралы сөз бастайды.

- Мақа, дүкеннен келесіз бе?

- Иә, Даке.

- Дүкенінде әлгі ақ су, көк суларың жеткілікті ме? Таусылып қалмас па екен?

Әкемнің ішкілікті татып алмайтынын білетіндер бұл сұраққа түсінбеген пішінмен таңдана қарасады.

- Жақында Әйкешімнің тойы ғой. Дайындалып жатырмыз...

Біздің босағамыздан енгелі тұрған бұл қуаныш алғашқы хабарымен-ақ тасытып, толқытып әкетті.

Бір кездегі Бәсерге ұқсап мұздай киініп, мен Айкүміске келе жатырмын. Апыр-ай, қолы құрғырда ұят болмайды екен, қос мықынға таяна береді. Бір қолымды екінші қолыма ұстап беріп, бірінен-бірін ажыратпай аман-сау медпунктке де жеттім. Айкүміс те отыр екен. Әдеттегідей құшағын жайып, қарсы ұмтылар деп едім, қозғалмады. Басын сәл көтеріп жүзіме қараған түрінен жүрегім шайлыққандай болды.

Не болды екен?

Тағы бір тез көз жүгіртіп өттім. Айкүміс самарқау. Сол сәт тұла бойымды құйындай үйіріп бір күдік жүгіріп өтті. “Әке-шешесінен хабар алған ғой. Қарсы болғандары да...“

Айкүмістің маған қадалған жанары да жабыңқы, жалынсыз. Кенет ол бұрылып кетті де жәй ғана:

- Әйкеш, соғыс! - деді.

- Қандай соғыс? Қай соғыс, Айкүміс?

- Германия соғыс ашыпты,-деп келіп Айкүміс иығыма бетін басып жылап жіберді. Сол бір өксік тамаша түс көріп жатқан жерімнен оқыс оятқандай әсер етті. Көз алдымдағы сансыз сәуле де, тілегіме жеткізердей той да бәрі-бәрі бір сәтте, қас қағым арасында терең шыңыраудың ар жағында, бұлдыр құрсауында қала берді.

Үнсізбін. Бұндайда жұбаныш болар сөз бар ма? Құшақтасқан күйі көп тұрып қалдық...

Үйге келсем, әке-шешемнің де қабағы түсіп кетіпті.

Мен сылқ етіп үйдің іргесіне отыра кеттім.

Қарағұл келді. Қос аяғына қос батпан жүк байлап алғандай әрең аттайды.

- Естідің бе?

Басымды изеймін. Ол да үнсіз кеп қасыма жайғасты. Қиралаң етіп сылқ шөккенінің өзінен бұрынғы жайдары Қарағұлды жоғалтқандай сезіп, ішім мұздап сала берді.

Екеуміз ашық күннің шуағында бүрісіп отырмыз.

Дауыс естілді. Бәсердің даусы. Қасқа сиырдың жер-жебіріне жетіп ұрысып келеді. Сөгіп келеді. Үй іргесінде үнсіз отырған бізді көріп қалды.

Бәсер күйіп-пісіп қасымызға таянды. Ертемен сиырын іздеп кетіп еді.

- Әй, сен екеуің іштеріңнен күліп, мықтадым деп отырсыңдар ғой. Бастарыңа келсін!

Бәсер қасқа сиырды қайқайтып бір тартып жіберді де, көзі аларып маған жетіп келді.

- Әй, мен саған сүйіншіге бұзау беріп едім ғой.

- Бергенсің. Бірақ мен оны өзіңе көрімдікке қайтардым ғой.

- Сөзді қой. Сүйіншіңді қазір ал, қасқа сиыр сенікі!

- Бәке, мен сен сияқты жеп-жеңіл емеспін. Түн ұйқымды төрт бөліп қай сайдан, қай төбенің астынан іздеп жүрем. Өзінде тұра берсін.

Бәсер келістіріп тұрып сыбап алды да, алдымызға қисая кетті.

- Ей, неге үндемейсіңдер.

Қарағұл маған, мен Қарағұлға қарадым. Не болса соны айта беріп, әзілдесіп ойнайтын дәл мына алакөз сүйікті Бәкеңе бір ауыз сұмдық сөзді естіртуден ауыр нәрсе жоғын бұрын қалай білмегенбіз.

- Бәке, Германия бізге соғыс ашыпты...

Бәсер екеумізге кезек қарап өтті. Алғаш ойыны ма дегендей сенбеген райын білдіріп қозғалақтап еді, біздің томсарған жүзімізден ондай белгіні таба алмады.

Ақыры тіл қатты:

- Рас айтасындар ма?

Бас изедік.

Бәсер ақырын тұрып, сылбыр басып үйіне аяңдады.

Кібіртіктеп баяу қимылдайды. Артынан ілестік. Бәсер үйіне кірді де, енесінің қолындағы кіп-кішкентай Қарауылды төсіне басып еңіреп жіберді.

* * *

Станция басы ығы-жығы халық. Майданға баратындар да, оларды шығарып салушылар да таңертеңнен бері осында. Жұрт сеңдей соғылысады. Жылаған дауыс та, шарықтай көтерілген ән де осы жерде. Бірі көрісіп, бірі құшақтасып, бірі біріне өкпесін кешірісіп жатыр.

Бітер емес, таусылар емес.

Электр бағанына сүйеніп Қарағұл жалғыз тұр. Жүдеу, көбіне көп тұрғандардың арасынан мойнын созып алысқа қарап қояды. Онысын да сезем. Колхоз жақтан келетін қара жолдан шаң көтерілер емес. “Әсия, қайдасың, сен? Әлде саған хабар жетпей қалды ма екен. Сенің тым-тырыс үндемей, келмей қалуыңа сенбеймін.”

Қарағұлдан әрірек семьясымен Бәсер отыр. Қолында ораулы Қарауыл. Екі жағында енесі мен Майсара. Майсараның көздері ісіп кетіпті. Баласын бауырына қысып, мелшиіп қалған күйеуіне қараған сайын ернін тістеп, үнсіз егіледі. Тек қана баданадай-баданадай кесек жастары еріне деген ыстық ықыласын жасырмайды.

Қастарына келдім.

- Әйкеш, өзіңе сендім. Біздікіне бас-көз бол.
- Бәке, қам жеме. Ештеңені ойлап, уайымдама.
- Қарауыл ініңді еркелетіп тұр.

Көп тұра алатын емеспін. Тамағыма тығылған өксікті жұта алмай әрі кеттім. Бұл жерде әкем мен шешем бар. Буыншақ-түйіншегін арқалап алған көкем, әдеттегідей қатқыл емес. Тамағына кептелген жетім қақырықты түкіріп тастап, апамның иығына оң қолын салды. Саусақтары дірілдеп бір кезде басынан сипады.

- Көкесі, сен қыңыраюыңды таста. Кәмәндірің мен сияқты жуас боп кездеспес.

Әкем көніп қапты. Басын жиі изейді.

-Хатты үзбей салып тұр. Бізді көп ойлама. Әйкеш бар ғой. Біреу қатарлы күн көрерміз.

Әкем енді маған бұрылды.

- Әйкеш, тойыңды жасай бер.

Айтарын айтқанмен өмір бойы күткен осы қызығын көре алмай кетіп бара жатқанына өзегі ашып кетсе керек, қайратты адамның морт сынуы жаман екен. Иығыма басын сүйеп жылап жіберді.

Тағы да Қарағұлға оралдым. Сол баяғы орнында тапжылмай тұр екен.

- Әйкеш, өз қолыңмен тапсыр, - деп, қолыма хат ұстатты да, иығымнан түртті. - Әйкеш, мен келгенше

қара мылтықты өзің ұста, апама айтып кеткем. Үйде тұрып босқа тот басар. Күнара майлап отырсаң, одан түзу мылтық жоқ.

- Рахмет, Қарағұл.

Енді Бәсердің көзі маған түсті.

- Әйкеш, қасқа сиырға ие бол. Мына Майсараның жайбасарлығын білесің.

- Бәке, қайтып оралғанында тойыңа аман сақтап берейін.

Бір кезде, қайдан келіп қалғанын білмеймін, Әсия Қарағұлды құшақтап тұр екен.

- Қараш! Қарашым менің!

Жұрт көзінен сескенер емес. Дауыс салып жатыр.

- Өзіңе келдім. Біржола келдім. Жолыңды тосып отырам. Отыңды жағып отырам. Апамды күтем. Аман-есен оралуынды күтем. Тек өзің аман бол.

Сол екі ортада поезд да келді. Қалың жұрт солай қарай ойысқанда манағы шу енді бірнеше еселеп шарықтап, шалқып кетті. Сол дауыстардың ішінен жіп-жіңішке әйел даусы биік аспанға шаншыла көтерілді.

... Любимый идет на войну...

Орысша әнге қазақ үні де қосылып, бірер сәт бар шуды су сепкендей баса жетіп, қалықтап тұрып алды.

... Өскен жерім, туған елім, қош сау бол.
Шақырады мені майдан даласы...

Дәл отыруға жеткенде Бәсердің кең танаулары қусырылып нәрестесін қанша сүйсе де мауқын баса алмады. Иіскеп, мейірленіп аймалаған сайын құмары ашыла беретін сияқты. Ала көзден бір-екі сараң моншақ үзіліп те түсті. Сары бәйбіше немересін ала беріп еді, Бәсер қайта жармасты.

Қарағұл мен Әсияның айрылысуы да оңай болмады.

- Тілегіміз өздеріңде. Аман-сау орал. Апамды өзім күтем, Қараш, - деген Әсияның жасы да тарам-тарам.

Әкем мені қапсыра құшақтап тұрып маңдайымнан

сүйді де, баспалдаққа көтеріле берді. Ес білгелі әке ернінің лебін сезуім осы болғандықтан ба, жүйе-жүйем босап жылап жібердім.

Шешем түйіншегін шешіп әкеме ұсынды.

- Әйкештің көкесі, ауыз ти. Осы нанды өзің келгенше қасиет тұтып сақтап қояр.

Әкем наннан үзіп алып, бірер толғап әрең-әрең жұтты.

Паровоз ақырғы рет ыңыранды да, қара қошқыл түтінін бұрқ еткізіп аңыраған үндерді баса ысылдап, ысқырып батысқа қарай бет түзеді. Терезе-есіктерден қол созып, дауыстаған, ақырғы аманаттарын жолдаған ағалар мен әкелердің соңында қол бұлғап, күрсініп, дауыс салып бала-шаға, кемпір-шал, қыз-келіншек қала берді.

Он төртінші тарау

“Кетлер адам ба?” - Қасқа сиыр және мен. - Түнгі кездесу, - Шайлыққан көңіл.

Ертеңгі жұмыс таң атар-атпастан пеш басындағы бағанаға салбырата байланған рельстің сынығын қос қолдап соққан десятниктің қимылымен басталады. Дүрс-дүрс, шың-шың қатқыл дыбыс маңайды дүрліктіріп оятады.

Содан соң жапатармағай жұмысқа шыққан бірлі-жарым еркектің, жасөспірім бозбастардың, қала берді сиырларын асығыс сауа салып өріске жіберер-жіберместен түрлі-түсті орамалдарын жүре байлаған әйелдердің айқай-шуы, тарп-тарп басқан жүрістері естіледі.

Жұмыстың қарқыны бұрынғыдай. Майданға кеткен ерлерінің орнына келген әйелдер мамандықтарын тез игеріп әкетті.

Соғыс, сен орны толмастай етіп үңірейтіп кеттім бе деген ел күші осындай қиын-қыстау шақта еселеп келер халық құдіретімен молайып кетеді екен. Мен сол күндері соны да алғаш ұққан едім.

- Заводқа тас керек!

- Әй, сулы көз абысыным-ау, біздің, бұл тассыз Балқаш мыс бере алмайтын көрінеді.

- Мыстың бір түйірі оқ екен.

- Е-е, оқ дегенің жеңіс қой!

- Кел ендеше, қимылдайық.

Еркектердің ауыр күректері әйелдердің кішкене қолдарында шап-шұп қозғалып, шапыр-шұпыр қимылдайды.

Бұл топта Әсия да жүр. Сонау дүбірлі күннен кейін Қарағұлдың кәрі шешесінің қолына көшіп келіп, біржолата кіріп алған. Сәкеңнің жышдығын ертерек бергізіп, ендігі күннің ұзақ сонар тілегін майдандағы Қарағұлдың жолын тосып өтуге арнап, сол үйдің отын жағып тұрып жатты.

Бұл топта Бәсердің күрегін жоқтатпай Майсара да жүр. Қарауылын ара-тұра емізіп келіп, қауырт қимылдағанда анау-мынау еркегіңе беріспейді.

Күндер өтіп жатты. Алғашқы хаттар да жетті. Хат алғандар жақындары майданнан келгендей мәз болысып қалады.

- Әй, Қатира, не жазады, әлгі сұлу мұрт қайным?

-Аман-сау көрінеді. Гитлерді соғып жатырмыз дейді.

- Әй, Кетлер деген кім осы? Адам ба?

- Адамды тапқан екенсің. Ол ма, ол жалғыз көзді дәу дейді. Бір отырғанда бір ауылдың тамағын жейді екен.

- Құж десейші!

- Бізден де бір батыр шықсайшы!

- Ел емеспіз бе, шығар.

Қатындардың даурығуы басылған кезде білгенімді айтып түсіндіріп кетем. Енді отырғандар маған жармасады.

- Әйкеш, қашан жеңеміз?

- Әйкеш, алынғандар тегіс қайта ма?

- Әрине, жеңеміз. Анау сары Иванды алыңдаршы. Сол соғысқа жаратпаса да, өзі сұранып кетті емес пе. Біз көппіз. Көпке топырақ шаша алар ешкім жоқ. - Майсараға бұрылдым. Екі көзімен жеп барады. - Бәрі қайтады. Бәсердің Қарауылын, баласын құшуы керек пе. Керек. Ендеше нәресте жолы - ақ жол. Анау

Оспанның ақ әжесін көресіңдер ме? Ана тілеуі - ақ тілеу. Бәрі аман-есен қайтады.

Қатындар айналып-толғанып жатыр. Аузымнан шыққан әр сөзді жерге түсірмей құлақтарына құйып алып тұр. Көзім бір шетте үнсіз мөлиіп тұрған Әсияға түсті. Жүдеу тартып, бойы ысылған. Сонда да әдемі.

- Жар тілеуі - жан дұғасы. Жанында жүреді. Оққа бермейді, отқа бермейді.

Жұмысқа кіріскенімде Әсия қасыма кеп жай ғана тіл қатты.

- Рахмет, Әйкеш!

Кеш түсті. Жалқын күн баяу сырғып барып ұясына кірді. Батыстың сол кездегі қызыл-өрт бояуындай боп ауыл үстін қоңыр күрең шұғыла басты. Сол шұғыладан алыстағы жандардың хабарын білердей көз алмай қалыппыз. Сол күні түнде ауылды дүр шайқалтып алғашқы азалы дауыс естілді. Алғаш рет біздің ауылдың бір оты сөнді, бір гүлі үзілді, бір боздағы көз жұмды.

* * *

Бір күні қасқа сиыр үшті-күйлі жоғалды. Бармаған жер, баспаған тауым қалмады, Соңғы аптада Майсараның сүті қайтып, Қарауыл қасқа сиырдың емшегіне қарап қалған. Шырылдаған сәбидің ащы үні құлағымнан кетпей, зыр жүгіріп іздеп жүрмін. “Жүндіні“ қайта-қайта сүзіп өтіп, әбден сарсылдым. Қасқа сиырдың тұқымынан бастап Зеңгі бабаға шейін түгендеп, сықпыртып-сықпыртып алатын Бәсердің ашулануы осындайдан екен ғой.

Кері қайттым. Жолымда картоп егістігі болатын. Соған соқпақ болдым. Бәсердің көктемде тігіп кеткен картобы бұл күндері пісіп тұр. Демалыста қазып алуымыз керек.

Қарасуды бойлай өрлеп келем. Қас қарайған шақ. Кенет әлде бір күбірлеген дауысты естідім. Әрсеннің даусы. Біреумен сөйлесіп отыр. Қасындағы - әйел.

- Қатира-ау, жүнжи берме сен.

Қатира - биылғы көктемде ғана тұрмысқа шыққан жас келіншек еді. Тап соның тойында Айкүміс екеуміз

қызығып отырып сондай тойды өзіміз де жасайтын болғанбыз. Сұңғақ мойын, қара мақпал шашты, қызыл шырайлы келіншек оң жағындағы қыр мұрын, қыран қабақ сымбатты жігітке жарасып қалған. Біріне бірі көз тастап, сыр ұғысып отырғандарын көргенде қызығып қалып “ұзағынан сүйіндірсін!“ деп едім іштей.

Бұл күнде сол Қатира - жесір. Күйеуінен қара қағаз келген. Сынып, семіп жүдеп кеткен.

- Көп сарыла берме.

Әрсенге ырза боп қалдым. Айта түссе екен, көңіліндегі көп уайымын, қайғысын сейілте түссе екен деп үнсіз отырмын.

- Қайтайын мен, Әрсеке?
- Қатира, сен мені Әрсеке демесейші.
- Енді не деймін?
- Әзілдесіп жүруге не жетуші еді.
- Әзіліміз жарасар ма екен.
- Тұғырдан тая қойған жоқпын әлі.

Қараңғыға көзім үйренген, мойын созсам, Әрсен Қатираны құшақтап алыпты.

- Қайтейін. Амалым жоқ. Кетті де бітті. Бітті ғой дәуренім. Қайтейін-ай!..
- Қой, не болса соны айтпай. Тірі адамның тірлігі болмаушы ма еді.
- Қайтейін, жалғызбын мен, Әрсен.
- Өйдеме.

Одан әрі Әрсен келіншекті бауырына тартып иіскеп, сүйіп болып жатыр.

- Иісің-ай, сенің!
- Жалғыз қалдым ғой.

Қатирада басқа тіл жоқ. Шіміркену де, түшіркену де жоқ. Тұла бойынан әл кеткендей. Былқ-сылқ...

Соғыс, тап сол түні барлық қорқыныштан да ауыр сұмдығыңа куә қылып, тұқыртып кетіп ең мені.

Безіп келем. Бар сезімім, бар дүнием атой сап дуылдай түрегелген. Алыстағы жауымнан да жат көрінген Әрсенге деген кек ішке айықпастай орнап еді.

Алдымнан сиыр мөңіреді. Қарасан келгір қасқа сиыр екен. Әрсенге деген өшімді содан алдым.

Қысқан қыс. - Айкүміс біздің үйде. - Әрсен кім? - Майданнан қайтқан алғашқы солдат. Тағы да күрес. - Азалы үн. - Қош бол, ауылым!

Биылғы қыс қатты. Боранды күндері көбейіп кетті. Кеш түсе ауа райы бұзыла қалады да, содан түнімен бірде уілдеп, бірде ысқырып, ыңыранып, енді бірде ішін тартып солқылға басып құтырып ала жөнеледі. Сол аласапыран, сол борасын екі-үш тәуліктің басын қайырып бірақ тоқтайды.

Жұмысты бөгеген жоқпыз. Бет қаратпас үскіріктерде өлермендікпен еңбек майданында жүрдік біз.

Бірде суық өтіп мен ауырып қалдым.

Түскі үзілісте жұмыс басындағы жалғыз бөлмелі үйде тамақ үстінде жөтел қысып берекем қаша берді.

- Әйкеш, ауырып отырсың ғой сен, - деп Әсия мандайыма қолын басты, - Ойпырмай, күйіп тұр ғой.

- Жас емес пе, өзінің қызуы ғой лапылдап тұрған. Ал, келіншек, сен жұмыскерді азғырма, - деп Әрсен десятник тырс-тырс етеді.

- Әрсеке, ауруын асқындырып алмайық. Бүгін керек адам ертең де керек, үйіне қайтсын,-деп Әсия десятникке бұрылды.

- Көп былшылдамай жөніңді біл. Сенің түпкі ойыңды білемін, - деп Әрсен дүрсе қоя берді. Қараңғұлдан көптен бері хабар жоқ еді. Жұрт соны әр саққа саятын. - Сенің де бүйрегіңнің кімге бұрары белгілі.

Әрсен көпіріп алып қояр емес. Әсияға қарап ем, жүні жығылып қапты, ұзын кірпігіне бір тамшы жас үйіріліп, үзіліп түсуге шақ тұр.

- Доғар! - даусым ащы шықты.

- Күшік, саған не жоқ!

Әрсенге деген ызаның жеткен жері осы болды. Ұшып тұрдым. Ұшып тұрдым-ау, бірақ қолымды сілтей алмадым, көзім қарауытып, басым айналып құлап бара жаттым...

... Көзімді ашып, есім кірген сәттерде бірде анамды, бірде Айкүмісті ылғи қасымнан көрем. Одан әрі

қайтадан елес құшағына сұңгимін. Боран... Ызындаған жел... Ысылдаған жау... Толып кеткен жау. Бәрінің түсі бірдей. Апырау, қайдан көрдім... Әрсен ғой... Сол екен... Тағы аунап түсіп, қайта шомам.

Бәсерді көрем. Кең танауы делдиіп қасқа сиырды қуалап келеді. Қуалап келеді, ұрып келеді. Қасқа сиыр артына бұрылып қарайды. Қарайды да сөйлейді. Сөйтсем, әлгім тағы да Әрсен...

Оянсам, түн ортасы екен. Сықсима шамның жарығында дәл қасымда шешем отыр. Жүдеп қапты, самайынан шығып тұрған шашының ағы көбейген. Қараған сайын ішім елжірей түседі.

Таңдайым кеуіп барады. Су сұрайын десем қалжырап қалғып кеткен анамды оятуға қимаймын. Бір кезде оң жағымнан тықыр естілді. Тұрып келе жатқан Айкүміс екен.

- Су берші.

Апам оянып кетті. Тарамыс қолымен маңдайымды сипады.

Айкүміс су әкелді. Бірер жұтып қайтарып бердім.

- Апа, енді сіз демалыңыз, Әйкештің қасында мен отырайын.

- Апа, қисайыңызшы, - деймін мен. - Жазылдым ғой.

Шешем мандайымнан иіскеп, тесегіне кетті.

Қасыма Айкүміс отырды.

Менің ұйқым келер емес. Айкүмістің қолын ұстап үнсіз жатырмын. Екі көзім сонда.

Сол түннен кейін мен сауыға бастадым. Енді көбінесе менің қасымда Айкүміс отыратын болды. Әңгіміміз бітпейді. Айкүмістің сол күндердегі жақындығы барлық емнен де, дәріден де күшті әсер етті. Мені айықтырған да соның қамқорлығы, қасымда болуы.

Айкүміс біздікіне көшіп келді. Біз қосылдық. Әкемнің ала жаздай дайындалып жасай алмай кеткен тойын біз де жаңғыртпадық. Ың-шыңсыз, бірақ күнде отау құрдық.

Апам ырымын жасаған болып қатындардың басын құрап шай берді.

Көктем туды. Өзен тасыды. Тағы біраз адамға шақыру келді. Шақыру қағаз келген күні Әрсен зым-

зия жоқ болды. Қашып кетіпті. Ауыл дүрлікті. Бармақтарын тістеп, сандарын соғысты.

- Адам аласы іште деген осы-ау!
- Қап ит, қолыма түсерсің!

Содан көп ұзамай Қатира Қарағандыға тартты. Нағашылары бар екен. Жұрттың аузындағы өсек те артынан қуа түрегелді.

- Әрсенмен тамыр болыпты.
- Қаншық десейші!
- Жүкті екен, ел бетіне қарай алмайтын болған соң кеткен ғой.

Қатираға жаным ашыды. Амалым жоқ. Рас болса, анау туар нәрестесі соғысты білмей өссе екен деп қана алсіз бір тілек арнаймын.

* * *

Уақыт - өмір безбені. Қайғысымен де қуанышымен де айналып жетіп, тірлікпен бір соғып, бір тықылдап өтіп жатты. Соғыстың алғашқы хабарын жеткізген де, алғашқы қаралы қағазды әкелген де, алғашқы жеңістерді жариялаған да уақыт толастаған емес, кең даланың әр бұрышының тіршілігін түртіп оятып, қыбырлатып әрекетке бастаған.

Уақыт алғашқы жаралы солдаттарды елге оралтып туыс-туғандарымен қауыштырып, кем көңілдерді еселей жетіп үміт пердесін ашты.

Басымыз қосыла қалған оңаша бір түсте апам, Айкүміс үшеуміз күңкілдесіп-шүңкілдесіп шай ішіп отыр едік, сырттан дабыр-дұбыр дауыс естілді.

- Келе жатыр!
- Біздің көкем сияқты!
- Ағатайымның жүрісінен аумайды!

Далаға ұмтылдық. Жұрттың көзі станция жақта. Біз де қарадық. Солдат киімді біреу келе жатыр. Алғашқы солдат! Бұрын қайтып жатқан ешкім болмаған соң поезды тоспаушы едік. Мына тосыннан кездескен жайды дұрыстап ұғына алмады ма, әлде келе жатқанды әркім өз жақынына балап естері шығып кетті ме, әрқайсысы тұрған-тұрған жерлерінде қалшиып қапты.

Үміт! Қандай тәтті, қандай ащы едің сен. Анау келе жатқан жалғыз солдат боп қалт еттің. Сонау Батыста айқасып келе алмай жатқан көп ерлер боп сол сәт және жалт бердің.

Солдат таянып қалды. Әлдекім ұмтыла түсті, солақ екен, ошарылған жұрт бірінен бірі оза лап қойды. “Ағатай!“ дейді бір дауыс шұрқырай қалып. “Көкем!“ дейді енді бірі. Бәрі айқайлап, бәрі жүгіріп келеді.

Солдат Қарасудан өтті. Енді жүз шақты қадамдай жүрсе, қарсы ұмтылғандардың құшағына сүңгірдей. Кенет ол соншама жұрттың қайда ентелеп бара жатқанын білмеді ме, қалт тұра қалды. Айқайлап, дуылдап сол үндерімен алғаш алыстан жеткен жалғыз солдатқа деген қуанышын, мерейін, үмітін, қайғысын, өксігін, өкінішін жеткізердей қалың ел жақындай берді. Дүркін топтың қимылында ана еміренуі, жар құшағы, бала көңілі, дала дидары-бәрі-бәрі түйдектеліп жеткендей. Солдат қозғалмастан әлі тұр. Майдан даласындағы көк түтін бүркеген беткейде жаумен бетпе-бет кездесуден де дәл мына аңсаған елдің аңырап табысар сәті тайсақтататындай. Кібіртіктеп шегіне берді. У-шудан ештеңе айырып болмастай. Топтың алдына үзіліп шықтым. Дәл сол кезде солдаттың өзіме баяғыдан үйреншікті қимылын көріп қалдым. “Бәсер!“ Өн бойым шымырлап, көзіме жас үйірілді.

Бәсерді бірінен бірі қағып ап қоршағандар жіберер емес. Бірі күледі. Бірі жылайды. Күлгендердің де оңып тұрғаны жоқ. Жанарларын шық басқан.

Майсара жетті. Жармасып тұрған бірер әйелді ысыра итеріп жіберіп, Бәсерді бауырына қысып дауыстап жатыр. Бәсердің басы Майсараның көстіктей төсінің тұсында, екі иығы бүлкілдеп қояр емес.

Бір кезде ол әйелінің құшағынан сытылып шығып жан-жағына алақтап қарап біреуді іздегендей болды. Соны сезген жұрт қолдан қолға өткізіп Қарауылды ұстатты.

Бәсер ұлының тамағына тұмсығын көме емірене сүйіп, құмарын тарқата алмай солқылдап жылап жіберді.

Біздің ауылда той бар. Көптен ұмыт болған той Бәсердің келуімен қайта тірілді.

Жер ошақ қазылып, қазан көтеріліп дағдылы той дүрбелеңі басталды.

Қасқа сиырдан мен де құтылдым. Жануар екі жылда өзінен аумайтын қос қасқа бұзау туып, енді міне иесінің тойын атқарайын деп отыр.

Маңайдағы “Үлкенбұлақ",“Ақжартас“ колхоздарынан да кісілер келді. Бұл өзі айта қалғандай үлкен дүбір болатын түрі бар.

Той қызық өтті. Бәйгесіне тоғыз-тоғыздан жүлде белгіленбесе де, жабыққан жұрттың көңіл көтергілері келіп “жаяу жарыс“, “арқан тартыс“, “әйел күрес“ сияқты ойындардың бір талайын жаңғыртты. Қайран ел, бұйығы қалпыңнан сергиін десең, дархан да ақжарқынсың ғой сен! Алыстағы “рудник“ деп аталатын ауылдың ала көз жігіті - алғашқы қайтқан солдаты - Бәсерді құрмет тұтып шалқып кетіп ең. Дәл сол пейіліңді от кешуде жүрген ұлдарыңның ақ жолына бағыштап, ақ батадай жолдағанынды да ұмытармын ба?

Жаяу жарыстан кейін сыртта, үйдің көлеңкесінде бір топ кісі Бәсердің әңгімесін тыңдап отырмыз. Бәсер ысылған, жол көрген. Отырыс, тұрысы шапшаң, жинақы. Тағы бір байқағаным көп сөзінің арасына “ес тәуаріш кәпитан“ дегенді қосып, тұздықтап сөйлейді екен.

Қазір де солдаттық өмірінің бір ұзын ырғағына түсіп кетіп шыға алмай отыр.

Сол екі ортада әйелдер күресі басталып кетті. Біз тобымызбен солай жөңкідік.

Жақындап кеп қарасам, алқа-қотан топтың ортасына кең балақ шалбарына көйлегін ышқырланып алып Салиха апай бір тізерлеп отыр екен. Сол қалпының өзі орта бойлы кісімен қарайлас. Ақ шаршысын желкелеп тартып алыпты. Түрулі жеңнен жарқ еткен әйелге тән емес бұлшық етті жуан білектері анау-мынау еркегінді тұқыртып жіберердей ауыр. Қос мықынын таянып айнала қоршағандарға бұрылып-бұрылып қарап қойып сөйлеп отыр.

- Әй, Кәрсөн, қатындарың құрып қалып па еді. Шығар кәне! -Салиха бұл ауылдағы Шуыртпалы руының келіні. Осы елдің екінші руы - Кәрсөнге тиісіп отырғаны да содан.

- Бәсе, Салиха, тықақтатшы солай!

- Атаң Ағыбайдың аруағына сиын!

Жұрт мәз. Лепіріп, екіленіп алған. Ортадағы Салихаға қарсы шығуға еш әйелдің жүрегі дауалар емес. Қазандай-қазандай тастарды дәу балғамен бір ұрып сындыратын Салихаға кім пар келуші еді. Бір кезде Майсара көйлегін ышқырланып ортаға ене беріп еді, ұстап қалушылар:

- Саған болмайды. Өз тойың, Майсара, өз тойың,- деп жатыр. Салиха тағы айқайлады:

- Кәрсөн, қатын алмай отын алған екенсіндер ғой шетіңнен!

Осы сөз намысы бардың аш өзегіне түспесе де, кезекті сөздің есесін қайтарта алмай жатыр.

Осы тұста бір жіңішке дауыс шыр етті. Уәсила екен. Ап-арық, талдырмаш әйел. Қос білегін сыбанып төніп барады. Салиха былқ еткен жоқ. Жайбарақат қана:

- Мұныңмен күреспеймін. Кішкентай ғой. Маған уысыма мықыны толатын жуан сан, апай төс бірінді шығар. Қарымда кетер шөпжелкенді әрі әкет, - деп отыр.

Уәсила күйіп кетті. Екі бүйірін таянып алып өлеңдете жөнелді.

Тақия кидім торлама,
Кішкентай деп қорлама.
Кішкентай адам өспей ме
Көкейінді теспей ме!

Салиха болмақ түгіл құдай болсаң да шықшы бері, - деп тап берді. Салиха да шап етті. Ұстасқан екеуді қалай салыстырсам екен. Бірін тау десек, екіншісі сол таудың тасы ғана. Бірін қарбыз десек, екіншісі соның ішіндегі бір дәні ғана.

Сөйткенше болмады. Салиха, құдай ұрып, шөге кетті. Уәсила аруағы асып үстінен аттап өтті. (Кейін білсем, Салиханың ышқыр бауы үзіліп кетіп, отыра қалған екен. Рас болса, рас та шығар.)

Сол той біздің ауылды серпілтіп, сергітіп, желпінтіп кетті. Енді біздің екі көзіміз төрт болып поезд жолын тосуды шығардық.

* * *

Біздің үйдің қоймасы тықырланды. Ақырғы қос уыс бидайды тартып отырып шешемнің көзінен де соңғы тамшылар үзіліп түсті. Қанша кейісе де, қанша тарықса да жасын көрсетпеуші еді, мені байқамаса керек. Алқымыма өксік тығылып, төргі үйге кіріп кетіп, қайта шықтым. Қолыма Қарағұлдың кетерінде сыйлаған, мылтығынан басқа ештеме ілікпеді.

Шешем маған қарап қапты.

- Бұның не, Әйкеш?

- Колхозға барып келейін, мүмкін біреу-міреуге айырбастармын.

Шешем үндеместен төргі үйге барып, қара әбдіресін салдыратып ұзақ ақтарды.

Сәлден кейін көк жібек көйлегін ұстап шықты.

- Бұны қайтем?

- Мылтықты орнына қой. Ертең Қарағұл келгенде үйден табылмаса не айтасың?

- Әкем келгенде өзіңіз не киіп шығасыз?

- Балам, көңіл көнермесін. Әкең келсе, иығымдағы лыпа да асыл.

Маған Бәсер ілесті. Колхоздағы ағасынан дәмеленіп келеді. Ұзақ жолда үн қатпай екеуміз ауыл шетіне іліктік. Саудаласу қиын екен. Бірер үйді жағалаған соң, тауым шағылып көйлекті Бәсерге ұстаттым. Бәсер менен гөрі ширақ шықты. Көйлекті бір пұт астыққа айырбастадық.

Ендігі бетіміз - Бәсердің ағасының үйі. Жеңгесі есік алдында жүр екен. Бәсер бұйымтайын айтар-айтпастан шаптығып ала жөнелді.

- Тіленіп келдім де. Өзіміз де тіске басар таба алмай отырмыз. Саған берер мынауым да жоқ, - деп бармағын көрсетіп қайнысына төніп барады.

- Қой деймін.

- Майсара ғой деп пе едің. Қоқандама! Адырам қалғыр сол! Әкелгеніңді әйеліңнен басқаға беріп пең!

Бәсердің бар олжасы - маскхалат болатын. Содан Майсара көйлек тігіп киіп еді. Жеңгесінің өкпесі сол екен.

* * *

Бір-бір пұттан арқалағанымыз бар Бәсер екеуміз ауылға таянғанда жоқтау айтқан азалы үн аңырап тұр еді.

- Мынау Әсия ғой!?

“Қош, Қарағұл досым“ - Аяғымнан әл кетіп сылқ отыра кеттім. Бәсер де отырды. Жүдей қалған жүзінде жалғыз ғана тамшы іркіліп тұрып, бір сәт батып бара жатқан күннің сәулесінде қып-қызыл моншақтай боп үзіліп кетіп, домалап түсті.

Уақыт - өмір безбені. Қайғысымен де, қуанышымен де айналып келіп, тірлікпен бір соғып, бір тықылдап өтіп жатыр. Ығы-жығы вокзал басында шуылдаған топтың ортасынан бөлініп шыққан эшелонмен батысқа жол шеккендердің қайта оралғандары да бейбіт майданға араласып кетті. Сол күні от кешуге сапар шеккендердің көбісі мәңгілікке көз жұмып, кең байтақ Отанның топырағын құшып, туысқандар қабірінде қорған боп томпайып-томпайып жатыр. Қарағұл да солардың бірі. Қазықбас досымның аяқталмай қалған жолымен енді мен келемін. Жорық жолдарының шаң басқан сүрлеуі шақырады.

Қош, апа!

Қош, Айкүміс, сүйіктім!

Қош, Бәсер, алакөз досым!

Қош, ауылым!

Жеңіспен күтіңдер мені!

Алматы, 1968 жыл.

ӘКЕ ӘУЕНДЕРІ

Мен дәл отызға толған күні әкемнің көзі мәңгілік жұмылды. Баласы туған күні – әкенің өлген күніне айналды. Бір айлық ақылы, жарты айлық ақысыз демалысқа шығып, он төрттегі кенже інімді қасыма алып, өз қолыммен әкемнің бейітін тұрғыздым. Сол қырық күн түндерінде әкеме арнаған осы шығармамды да жазып бітірдім. Содан бері еш кітабымда жарық көрмеген осынау сағыныш лебі ескен повесімді сол алғаш жазылған қалпында кедір-бұдырын қырнамай оқырман қауымға ұсынып отырмын.

Ендігі төрелік өздеріңізде, ағайын.

Автор
1988 жыл

I

Қарасу есік алды, бойламадым
Өтерін фәни жалған ойламадым...

Осы өлеңді әдемі қоңыр даусымен әкем өз-өзімен оңаша ойға кететін кездерде жиі айтушы еді.

* * *

Көктемнің лайсаң күндерінің бірінде шаруасы ортадан жоғарылау момын қазақтың қара шаңырағын нәресте үні көміп жіберіпті. Шүленсіген байдың барын шашып, бәсекелесе жасайтын ұлан-ғасыр тойындай болмаса да, шілдеханасы жасалыпты. Тоғыз-тоғыздан топырлатып айдатпаса да, бәйге малы бөлініп кәдім-гідей ырымы беріліпті. Еміренген ананың, елжіреген

атаның әжімі үйірілген мейірбан көздері ұшқын атыпты.

Сол нәресте - менің болашақ әкем еді.

Үміт жібі үзілмейтіні ақиқат. Апыл-тапыл қаз басып жүрген бөбекті атамыз бір жасқа толған күні туған жеріне аунатыпты. Айналасына жүген, қылыш, домбыра бастаған бірталай зат қойса керек. Онысы - жүген ұстап, мыңды айдаған бай болар ма, өзім жетпеген байлыққа ұрпағым жетіп, үмітімді ұзартар ма дегені де шығар. Бірақ сол жақсы тілекті нәресте құлағына сыбырлай қоймаған періштелерге не лаж бар. Дөңгелек қара көздері мөлдіреген сәби ұл топ-толық қолдарын созып, қомақты домбыраны құшақтай алыпты ғой.

- Балам ақын болады екен. Бір жұрттық бай болғанша, бір оқтық батыр болғанша, көңілімен бай, жүрегімен батыр болғаны абзал екен. Шермендені сергітер ақынның бір сәті мүлгіп өткен мың күннен қымбат қой, - деген атамыз шүкіршілік етіп, ұлын кеудесіне қысыпты дейді.

Әкем - ақын еді. Анау айтқандай қырып тастағаны болмаса да, бар болмысымен, аққөңіл жанымен, ақ кәусар нәрімен ақын еді ол.

Он сегіздегі қылшылдаған бозбала кезі екен. Сол кездегі дүбірлі дүрмекке ілесіп жалындаған жас комсомол алыс жайлауға шығып, ауылды советтендіру ісіне қатысып жүрсе керек. Бірде Бектауатаның күнгейіндегі шалғай мекеннен кештетіп асығыс аттанған оның орта жолда аты болдырып тұралап тұрып қалады. Содан ол бұлт торлаған түнгі аспанды жамылып, құнанын шалдырып отырыпты. Көп ұзамай тырс-тырс тамып, жер тескілеп ақ жауынның алғашқы хабары жетеді ғой. Үстіндегі бар лыпасы қисық жаға қызыл сәтен жейдесі етіне жабысып, тісі-тісіне тимей сақылдай бастаған соң құнанының омырауының астына тығылып та көреді. Суылдап соққан жел күшейе ұйтқыған жаңбырымен сабалап, жанын қоярға жер тапқызбайды. Оның үстіне жын-шайтанды атқылап, найзағайын жыланша жиырып-серпіп үйірген көк тәңірісі қараңғыда кімді айырып, ажыратып тұрсын. “Тисе терекке, тимесе бұтаққа” деп

от шашып ойнап отырып, омақаса асырып жібермесіне кім кепіл. Осыларды ойлаған жас жігіт қасындағы әлдебір әулиенің күмбез бейітіне кіреді ғой. Түн - көрсоқыр. Жаңбыр - аждаһаның суылындай. Көз шағылыстыра жарқ-жұрқ ете қалатын найзағай - сол көрсоқыр аждаһаның аузынан атылған жалындай. Соның бәрінен де қорқынышты болып дәл алдында “әулиенің” қабірі томпаяды Талма түсте күмбез тұсынан өтуге тайсақтайтын жанның кеудесімен мың тұяқ дүбірлетіп өткендей жүрегі бұлқынсын кеп.

Қиыннан қиялап өтетін жас емес пе. Ержүрек “комсомолдығы” тағы бар.

- Әулие, құдайы қонақпын. Басынып енгем жоқ. Паналап келдім. Пейілі кең, мейірімі мол әулиелігің шын болса, дәл осы қалшылдаған бойымның дірілін басшы, - дейді. Өз үні өзіне медеу болды ма, әлде суық алған дененің жылуы қайта оралды ма, бозбаламыз сәлден кейін иегімен ән салуды қойып, сабасына түсіпті.

Бірде суылдап, бірде сыбызғылатып тыстағы нөсер машықты күйін тоқтатпайды. Лекілдетіп, сабаулап кетіп, ізінше қойқаптан қайырған майда сарынмен термелеп-термелеп алып, қайта ширытырады екен. Қайтадан суылдата бебеулетеді екен. Көк көбесі сөгіліп, аспан мен жердің арасын күміс шілтермен қосып қойған ақ жауынның ақ телегей әлем күйі жігітімізді ұйқы құшағына қағып әкеткен ғой.

Содан бір кезде ол әлденеден шошып ояныпты. Көзін олай-бұлай уқалап, бақырайып-бажырайып қанша қараса да, қара перде тұтқан қараңғы түннен ештеңенің нобайы шалынбапты. Қыбыр етпей бұл бағып қалыпты.

Сырттағы жауынның шылпылы бағзы сарынынан күшеймесе, бәсеңдемепті. Тек қана бұрынғыдай оқыс күрсінетін күркірін тоқтатып, енді емін-еркін бусанып үнсіз еңірейтін мұңлық, шерменде ананың халіне ауысыпты.

Бір сәт аяқ тықыры естілгендей болады. Үрлана басып, демін ішіне тартып, мейлінше сақ аттап келе жатқан адамның қозғалысы ол. Тұлабойың құлақ болып, бар сезім-сезігіңмен тың тыңдасаң, жеті қат

жер астындағыны естімегенмен, домалақ планета-мекеніңнің үстіндегі өзің туралы ғайбат-өсектен бастап, кейбір қазымыр кеуденің қоламтасында бықсып жатқан қулық-сұмдық өртінің дүріліне дейін еститініңе өз басым куәлік бере аламын. Бөгде дыбыс жігіттің құлағына жеткенде тұлпар дүбірін адыра қалдырғандай кішкене жүректің үлкен "аттаны" басталып беріпті. Соған шыдамаған Қалыбай "ақырып айбат атсам ба" деп бір тұрады да, іле сол ойынан тез теткіп, әліптің артын бағуға бекінеді.

Сүт пісірімдей уақыт өтеді. Екі аяқты адам болмай қыбырлаған тасбақа болсаң да, қазір-ақ кіріп келерсің деген төзіммен міз бақпайды бұл. Күткен сәт те жетеді. Күмбездің табалдырығы биік, маңдайшасы доғалана иілген есігінен әлдекім ішке аттайды. Аттауын аттағанмен ілгері басуға оның да жүрегі дауаламайтын сияқты. Соған қарағанда, "батырға да жан тәтті" болса керек.

Екіленген жаңбыр елсізде қалған екі мүсәпірді тағдыр шыбығымен айдағандай айдаладағы айбарлы бейітке қуып тығып: "Е-е, шығып көріңдерші, қане! Аяқтарынды аттап басыңдаршы осы!" дейтіндей сарсар құйылады.

"Жүзіне шыдағанда, жүз біріне де төзермін",- деп отырған жігіт кенет булыққан әрі ащы, әрі ауыр өксікті естиді ғой. Бүкіл дүние болмыстан, тірлік-фәниден түңіліп, бойындағы шер мен күйіктен тығылар жер таппаған пенденің анасының кеудесіне жалынышты жүзін көміп жіберіп, ағыл-тегіл еңірейтін шағы болады. Әлгі күйзеле егілген мазлұма міскіннің хал-күйі тап сондай болса керек.

Пәледен қорқып машайық боп жатқан Қалыбайдың бойын жасырған түн енді ойын өксікпен арбап тастаған ғой. Күбір-сыбыр да кездеспес тылсым молада өксік тыңдаудан ғаламат не бар екен?! Екі иінінен тырп еткізбей езе басып бара жатқан жұмбақ белгісіздікті шорт үзіп, кенет үн шығады. Және қандай үн десеңізші! Жаншылған жүйкеңді оқыс шымырлатар қыл қобыздың қатты бұралған шегіне тас кенедей жабысқан тырнақтың безгек ұстағандай қалтырап-қалшылдап тұрып аңырататын көйгөйіндей үн болса керек ол.

- Жарықтық, әулие! Көзімнің жасы, көңілімнің шері жетелеп келді. Үміті сөніп, қызығы қашқан кеудемнің ащы запыраны желкелеп әкелді. Ақырзаманнан да қорқынышты мынадай түнде мен бейбақты бұл жерге қуа келген мүсәпірлігімнен құдіретті түк жоқ екен. Жұбатсаң да, жылатсаң да өзіңнен басқаға арылып біттім. Жасағанға арызымды сен арқылы айтамын. Таскерең дүниеден тілеусіз-ақ өтермін деуші едім. Тұрлаусыз тірліктен тіленбей-ақ кетермін деуші едім. Ықтиярға көнбес сүйіспеншілік өзімшілдігі еркімді тұсап, өзіңе қуып келді, әулие!

Дауыс тағы үзіліпті. Толқыған жанның дірілді өксігі лықсып жетіп алқымға тығылды ма, бейіт ішіне тыныштық орнапты. Бұғып отырған Қалыбайға дәл сол сәт ес пен түстің мағынасыз өліарасындай болып көрінбей ме. Өксік дірілдетіп, өкініш буындырған әйел дауысы дүние дабылының бәрінен басым, бәрінен зор, атой мен аттандай боп сезілген ғой.

Жаңбырдың ендігі суылы да өзгеріп сала беріпті. Көрінбеген қара көзден домалаған маржан тамшылардың қасіретті егізіндей боп көл-көсір ақтарылып жатыпты. Жан жаратқан табиғат-ана мұңлық перзентінің шерлі уіліне үн қоспай тұра алар ма. Бірге егілмей тынши алар ма...

- Бүгін мен өлмекші болдым. Өмірді де қия алмадым. Жарық күннің қас қағымының сондай қымбат екенін бұрын білсемші! Бір жұтым ауаның қадірін бұрын ұқсамшы!..

Бүгін мен буынып өлмекші болдым. Амал не, көз жасынан басқаға әлі келмес ұрғашы ғана екем. Жарық күннің нұрын, жұтым ауаның жұпарын қия алмадым. Жылап кірер төсектен, күліп кірер қабірімді қашан табармын?!

Бүгін мен өлмекші болдым. Тамыры үзіліп, бұтағы семген теректің сәуле мен жылудан күтері не? Кеудесін шер жайлаған, көңілін күйік шалған пенденің аңсары не?!.

Манадан ықылық атқызып тұрған өксік әйелдің мінәжатын аяқтатқызбай, булықтыра еңіретіпті.

Үнсіз отырған Қалыбай одан әрі төзбестей халге жетеді. Ең болмаса бір мұңлықтың зарын бөлісейін,

күйігін көтерісейін деп, дыбыс беруге ыңғайлана бастайды ғой. Дәл сол сәтте төбе құйқаны шымырлатардай күлкі естілмей ме! Қандай күлкі еді ол!. Ана әлдиіндей еміренген мейірімді ағыл-тегіл ақтарып жатқан қыл қобыздың кенеттен шегі үзіліп кетіп, шорт тиылатын шағы болмай ма? Иіп бара жатқан бойыңның, исініп еріп сала берген түйсік-сезіміңнің бүкіл қақпасын сарт еткізіп жауып кетпей ме сол оқыс тыныштық. Әлгі күлкінің әсері де дәл соны қайталаған ғой.

-Күлемін-ау!.. Қайбір жетіскеннен күлемін, әулие! Ұмытпап па едім мен оны. Айналам түгел күңіренгенде күлкіден бір тиылмайтын бұрынғы тасбауыр бейілімнен таптым ба! Ән деп елеурейтін желікшіл жанымның жазасы ма әлде?

Кеше ұлым үшке толатын еді. Бесігіндегі уыз іңгәсін ғана кеудемде қалдырып, қара жердің суық қойнына енді ғой ботам. Қара көзінің қиығында елжірейтін сәбилік еміренуін бір рет “апа” деп айта алмас нәресте мылқаулығымен үзілді ғой құлыным. Оған да екі жарым жыл толды. Сол екі жарым жылда ұлымның үш күндік іңгәсіне татырлық үн естімедім ғой мен бейбақ.

Мұң мен шер төгіп, күйік жасын парлатқан ана тағы да талықсып жылапты. Жалын демнің шарпуын құлазыңқы үнімен қымтап жылапты.

Қос мұңлықтың дауыс қосқан үндестігіндей қараңғыда жауын мен жас тамшылайды екен.

- Жылаймын-ау... Басқа не тындырушы ем. Аққан жасым - айдын шалқар көл болды. Тұңғиығына тартып, иіріміне шым батырып күннен күн озған сайын молайып барады. Суалар ма...

Өлім сұрадым Тәңірден. Сорлының зарына Жасаған да құлақ аспайды екен. Енді сенен өмір сұраймын, әулие!

Жар төсегім - жұмағым болатын. Жарым - Жасағаным еді. Құшағын суық шалды. Ол байғұсты да кіналап отырғаным жоқ. Қос уыс от басынан нәрестенің уілін естімей бара жатқан соң әрнені қиялдайтын да шығар-ау. Артынан қара ермеген жалғыздық -еркектің мойынындағы тұзағы емес пе.

Өлгім де келеді. Өмірден де түңіле алмадым. Құрдымға батқандай із-тозсыз ғайып болғым келмейді. Қаңбақ екеш қаңбақтың да жұлынған орнында тамыры қалады. Жаңа ұрпақ, жас өскіннің ұрығы үзілмесе, тірліктің одан артық мақсаты не?

Әулие, бала бер маған! Ерімнің еміренген түрін ұлымның үстінен көрейін. Содан кейін көз жұмсам да, арманым жоқ. Жарымның маған деген бір кездегі ықыласы тар құрсағымды жарып шыққан перзентіме ауысса, басқаны тілемеспін. “Қосағыңмен қоса ағар!” деген ақ батаның шарапаты қайда?

Бала бер маған, әулие! Таскерең көкірегімді іңгәмен оят! Жылаған жанымды іңгәмен жұбат! Аңыраған үнімді әлдиім қағып әкетсін!

Бала бер!.. Көзі соқыр-ақ болсын. Жарық сәулені қимадың демейін. Екі денеге қос жанар да жетеді.

Дүлейге ескексіз шыққан желқайықтай өмір бойы қалт-құлт етіп жетелеп өтер ем ұлымды. Қараниет пен қасіретті көрмеуі үшін көздің де керегі жоқ Әлдиіммен ақтық пен пәктікті ғана сіңірер едім бойына!

Бала бер, әулие пірім! Құлағын саңырау қыл - әлдиімді аймалаумен-ақ жеткізейін. Ана мен балаға қос құлақ та аз емес. Суық өтінде қуыс құрайдай азынаған өмір зарын, мылтық даусын, зорлық үнін естімей-ақ өссін. Атқан таңның нұрын, батқан күннің арайын көріп өскен жанға саңыраулық кесел емес. Көңлін жарық, көкірегін сау қыл. Ұл бер! Ұрпақ бер! Өртенген томардай айналамды айтақыр еткен тұл тірліктен безініп біттім, әулие!

Ұзақ солық бірте-бірте бәсеңдепті. Тасып төгілген қазандай құсамен қайнаған іш те сәл-сәлдеп сабасына түссе керек. Жауынның да аяқтала бастағаны саябыр шылпылынан білінеді. Әсіресе, әйел мен табиғаттың осы тылсым келісімі Қалыбайды таңырқатып, буып тастапты.

Дүниеде ана махаббатынан ардақты не бар. Жүрек қанынан нәр алар шарананың жолын тосқан ананың аңсауы, ананың асығуы, құдай-ау, әлемдегі бар ынтығу, барлық сағыныш-ынтызар атаулыдан ыстық қой. Сол құмарту, сол аңсаудан үміті үзілген ананың дертіне жетер қасіретті және кім айта алады?!

- Ұл бер, ұрлақ бер! Әлемді төсімен асыраған аналықты маған да қи! Қысқа жолымды сол ұзартсын. Кемдік кебімді кебінім етейін. Кеңшілікті де, келешегімді де соған бер. Жылаған жанның бір жұбанары, аққан жастың бір тиылары рас болса, бер осы зар тілегімді! Бересің бе, әулие?

- Беремін! Бердім тілегіңді!

Күмбез ішін қатты дауыс дүңгірлетіп, күмбірлетіп жіберіпті. Сыбырлаған нәзік үннен кейін кебірсіген тамақтың құрғақ, қатқыл дауысы жер астынан шыққандай болмай ма. Жалбарынған мұңлықтың шеріне ұйыған Қалыбай қалай үн қатқанын өзі де сезбей қалыпты.

- Шынымен бересің бе?! - Келіншек үнінде қуаныштыдіріл білініпті. Үңірейген көрдей құлазыған ойда әлдебір сенім тұтана бастаса керек.

- Шынымен берем. Бір ұл, бір қыз бердім. Есіңді жи, пендем! -депті “әулие”.

- Рахмет, әулие ием! Көр аузына қарыс сүйем қалып ем. Үмітіммен өмірімді ұзарттың. Енді өлмеймін. Ғұмырымды жалғар ұрпақ қалдырсам, өлгенім қане!

Алғысы мен құрметін осылай жеткізген келіншек сап тиылады ғой. Түнібойы ауыз жаптырмаған күйден кейін ілесе жеткен шарапатты ізгілік мейірімі мазлұма жанды есеңгіретіп тастады ма, кім білсін, әйтеуір тасынған кеуденің ауыр демі, алқынған лебі ғана дүбірлепті тастай түннің тас бейітінде.

Тыстағы жауын да басылады. Басылған жауынның алыстан қара бұйра түнді қайыс бишігімен осып жіберген найзағайы соңғы рет жарқылдапты. Күркірі естілмеген соң, қақпанға түскен көкжалдың азуын ақситқанындай сезіліп, жарқылы ғана жетіпті.

Сол қас қаққандай сәт күмбез ішін жарық қылмай ма!..

Босағадан сәл қиғаштау, тасада отырған Қалыбай келіншекті шалып қалыпты. Үстінде мақпал жеңсіз, күміс қаусырмасы аш белін қынай салыныпты. Ақ бәтес көйлектің етегі күміс кебіске тиіп, шыланып қалыпты. Шашағы төгілген бөртпе шөлі сусып мойнына түсіпті. Жұп-жуан қос білем өрім балтырын

соғады. Осыларды тез түгендеп өткем жанар келіншек жүзіне қадалсын...

Ойпырмай! Толқыған іштің толқындап бетке ойнап шыға келгенін кім көрген!.. Қорқыныш пен қуаныштың күтпеген жерден тоғысқан әсерінің адамды құлпыртып, құбылтып жіберерін кім ойлаған!..

Келіншек күлімсіреп тұрса керек. Күлімсірегені жасы мөлдіреген көзінен көрінсе, кемсеңдеген иегі әлі де жиыла қоймапты. Желбезегі жұқалау қырлы мұрнының танаулары қусырылып, енді-енді терең шыңырауға шым батардай, бірақ дәл сол тұңғиықтан іздегенін табатын сенім мен жұбаныш құшағында тұрғандай болыпты.

Өмір тек қана күйіну мен түңілуден, ауру мен азаптан, егілу мен еңіреуден құралмайды ғой. Тірліктің қуанышы мен қызығы, үміті мен үздіктіруі, аңсауы мен арманы болмаса, ол шіркінді кім қимағандай?! Кім ардақтап аялағандай!.. Суыққа тоңбаған жан жылуға ынтығар ма? Қасіретке шомбаған адам рахатқа тұшынар ма? Көлеңке көрмеген пенде сәулені қайтсін. Құмарта білмеген дүлей қайғыны да түсінер ме?

Қалыбай дәл осыларды көріп, осындай құштарлықты сезген ғой келіншек жүзінен. Қайтадан қараңғыға сүңгіген жігіт әлгі тосын жүзден әлдебір танысын кездестіргендей қапелімде қатты дал болыпты.

- Рахмет, әулие! Енді мен қайтайын. Күн мен түндей бейуақ тіршілігімнің түнегін серпідің. Иншалла, шуағын көрермін! Бұрын Күнсая деген қаракөзайым ем, бүгін қасіретіммен қара қаншықтай ұлып келіп ем, кеудемнің күйін жаңғырттың. Екі өмірде құрбандығың болайын! Тәжім еттім де, тәубе еттім, әулие!

Келіншек шыға беріпті. Бүрісіп енген дене еңселеніп, тау мен даланы табынтқандай сезіліпті сол кезде Қалыбайға. Болашақ ана алдында сәби күлкісіндей сыңғырлап үміті жетелеп бара жатқандай көрініпті сол мезетте жігітке.

Өз өмірінде алғаш рет бір мұңлықтың тілеуін тұтатқанына кәдімгідей мерейленген ол жар бола гөр деп әулиеге іштей жалбарынып, сонау өркөкірек

жанның шын тілеулесі боп қолын жайып отырып қалыпты.

Аздан соң жаздың қысқа түні шолақ бұрымдай шолтаң ете қалады. Уысынан сусып шығып бара жатқан сәуледен жасқанған қаракөк түн жұқара таусылып, кеудесіне шаншылған мың сан найза-ұшқынға орын босатыпты.

Қалыбай да табалдырықтан жарық дүниеге аттайды.

Алдымен күміс белдеуленген көкжиек сәлден соң қызыл қоламтасын ақтарып тастап, тұтанып сала беріпті.

Ойдым-ойдым қақ суы өртеніп өрген ұшқын-шұғыланы аймалай құшып, қызара толқындап жатыпты.

Жаңбырдан соңғы ауаның ерекше жұпарын саумал сіміргендей кеудесін кере жұтқан Қалыбай шилеуітке шідерлеп кеткен құнанына келеді.

“Әулиенің” бейітінен біраз ұзап шыққанымен де түндегі кездейсоқ оқиғадан арыла алмапты. Арқан бойы көтерілген күннің алғашқы қызуы да білінеді, бірақ бойдағы меңіреуліктен о да құтқара алмапты.

“Күнсая! Қайдан естіп едім осы атты? Түрі таныс, сыры таңсық неткен пақыр еді?”

Маңай елсіз. Көз ұшында көлденең шалынар қыбырсыз қырат-төбеден басқа қара-құра кездеспейтін медиен. Осындай иен елсізге жапа-жалғыз келуге бел байлаған келіншектің ерлігін енді сезгендей әкей таңдансын да, құрметтесін.

Құнанның майда бүлкегі ой шырмауынан босатуға дәрменсіз ғой. Ақыры сол ой шырмауынан Күнсая атты келіншекті қалай кездестіргенін есіне түсіріпті. Сол-ақ екен, шөлейттің сағым дөңгелеткен қызыл-жасылды мол бояулы суретіндей аударылып-төңкеріліп өткендегі бір елес дүниесі көз алдына жайылып сала беріпті.

Содан төрт жыл бұрын Қалыбай астықшыларға ілесіп Балқаштың күнгейіндегі елдерден оралған ғой. Көлдің Ұзынарал қылтасынан ұбақ-шұбақ шұбатылып бері өтіпті. Қаздай тізіліп, бірінің бірі ізін аңдып басып, бір күн, бір түн әлгі тар қылта арқылы жайқынды кешкен қалашылар жағаға шығысымен еру жасапты.

Олжалы сапары аяқталуға жақындаған сайын көңілдері бірлене түскен жолаушылар түйелерін жүктен босатып, көліктерін оттатып, ас пісіріп, күйбең тірлікке көшкен екен.

Күздің күңгірт күндерін ысырып оралатын жаймашуақ мезгіл болады. Кешігіп барып, көп қызықтан қалыс жүріп қалып, еміренген анадай шуақты күн төге келеді ол. Сондықтан да осы мезгілді орыс ағайын “бабье лето” деп атайды. Дәл осындай жылы мейірмен жарқырай ашылған жайдары түс әлетінде арқа-басы кеңіп, ауқаттанып, әл жиып мәре-сәре боп отырған ғой әлгілер.

Араларында тамақсаулау, бөріққұрсақ үңірек көз сары жігіт бар екен. Табиғат құдіреттің әр пендеге еншілеп беретін әдет-құлық, мінез- қасиеті болады ғой. Әркімді алалап, бөлектеп жаратпаса, адам шіркін адамдығынан айырылмас па еді. Әртүрлі дауыс, әркелкі үннен, көп аспап, мол ырғақтан құралатын оркестрдей өзіндік сезім-сергелдеңімен, меншіктеген наным-түйсігімен, өз күйбең-сүйінішімен келіп адамзат деп аталатын күрделі қауымның әлгі сары да бір пендесі болса керек. Біреу ісімен атақты, базбіреу күшімен даңқты ғой. Өнерліні өнеге тұтуды ұмыта қоймаған қасиетіміз де бар. Көптің бірі, қолдың кірі сияқтыларымыз да аз кездеспейді. Үкі көз сары да сол кейінгілердің санатындағы можантомпай жан болса керек. Тұлабойындағы одағай белгісі - араз ағайындардай бір-бірінен алшақ қоныстаған ақар-шақар сойдақ тістері түрік еріннен үнемі қарауыл қарап отыратын жайын аузы деседі көргендер. Кішігірім үйдің бар жанын емін-еркін тойғызар қара қазанның аумағындай ғаламат бастың ұрты салбыраған тоқым-дай-тоқымдай беттері үнемі қызара бөртіп тұратын көрінеді. Және бір таңғажайыбы осы тоқым-беттерді о баста кергішке қағып, кептіріп алғанда, бітемей қалып қойған шегенің орнындай болып екі жіпсіктей тесік - екі көздің нобайы жылтырайды екен.

Базаршылар “ар жағына ел қондырып” алған соң көңілдері марқайып, мүйіз шақшаның жыланкөзінен алақанға шөкімдеп салып, насыбай атысып, күм-пілдесіп әңгіме-дүкен құрады ғой. Еріккеннің ермегі

- бірінің біреуден естігені, екіншісінің “баяғыда” көрген-білгені. Күлдіріп айт, сендіріп айт, өлтіріп айт, өнерлеп айт, әйтеуір, тындаушыңның қыбын таба біл. Ондайда басқасы қажет те емес.

Сондай қырғын қызықтың қызған шағы екен дейді. Арзан күлкі аспанды атқылап жатыпты. Көнтек еріндердің езуінде көпірген көбік билеп жатыпты.

Бір кез, сағым көтеріп әкелгеңдей, кілең қаракөк жорға мінген оншақты қыз-келіншек сау ете түспесін бе! ? Көксауыр тоқымға күміс қақтатқан, ер-тұрмандарын қарала кавказдатқан сәнді топ бірінен бірі өткендей деседі. Үкілі кәмшат бөрікті, қынама камзолды дала періштелері дүрия көйлектерінің суылымен сыбырлағандай боп оқыс жетіп келмей ме?! Әсіресе, есік пен төрдей бестідегі бойжеткеннің сән-салтанаты керім болса керек. Сұлулық пен әсемдіктің, биязылық пен кербездіктің өзі боп көрінген сол перизаттың тал бойында тарыдай міні болсайшы. От көрген көбелектей боп жолаушылар әлгі арудың ақ жүзіне шетінен құлап түскен ғой.

Дүрк етіп кеп қонған шымшықтың дүбіріндей көйлек суылы мен үкі суылы сап тиылыпты. Қанжығасындағы қоржынынан қималы домбырасын суырып алып, биязы бойжеткен сүйек орнатқан шанақты қағып-қағып жіберіпті. Енді сайгүліктің шабысындай жүйткіп сүйрік саусақтар өзіне тартпасын ба! Көз біткенді арбамасын ба! “Есі кеткеннің есесі кетеді”, деген есеппен жұрт тегіс қызық пен қызға ұйығанда манағы жалпақ бет сары дастарқанға бас қойып, апыл-ғұпыл екі ұртын кептей беріпті дейді. Әсіресе қыр еліне таңсық ас - құрғақтарыны көмейге қос қолдап құя берсе керек.

Ат үстіндегі аужаршыл топтың желіккен көңілдерінің іздеген ілігін аяқ астынан осылай ұстата салыпты жасаған шебер хақ. Күміс сылдырлы домбыра ырғағына күмістей сыңғыраған даусын қосып кербез бойжеткеннің шырқап жібергені қалай! Дүние-ай! Кеңшілік кезеңде бойына ойы сай, түріне үні жарасымды кең даланың талай-талай ақмарал кермиығы пәниден өткен ғой. Ат тұяғы жетер жердің аймағына ғана танылып, құмға сіңген құрдымдай

болып сол асылзадалардың із-түзсіз жоғалып кеткендері қаншама?! Ақылды айла билеп, билікті байлық жеңіп, кеңесті күш жәукемдеген заманда “байтал шауып бәйге алмас” деушілік бейкүнә бекзаттардың адымын аштырмаған ғой...

Сонымен күмбірлеген домбыра бұлықсып, сыңғырлап ән аспандап кеткен екен дейді. Қапыда қиядан қағып түсетін алғыр қырандай жапалақ сарыны бүре жөнелген екен дейді.

Отырсың түйе оттанып, кетік сары,
Кетіпті екі ұртыңа бір қап тары.
Ырзығын ырысымен жалмап қояр,
Соры ғой - ұрғашының сендей жары.

Ашық аспаннан жай атылған соң базаршылар бір-біріне қарай алмай, қипақтасып қалыпты. Тұлпарға орайласа кететін жүйрік қана керек. Бас-көзге төпелегенмен жабы шіркін тұлпарға жақындай алар ма? Бір сөзге тоқтап, бір сөзбен қопарыла атқа қонатын ата қазақ арсыздықты ауыздықтаудың үлгісі де болған ғой. Керуенбасы қария серіктеріне жағалай қарап өтіп, етіктерін бүгін ғана көре қалғандай төмен тұқырған түрлерінен қарымта қайтара алмасын сезіп, “Бір тоғызды” орамалына түйе бастапты. Дәл сол кезде көмейлей тыққан тарысы тамағына кептеліп, қадалып-шашалып жатқан “жалмауызды” желкеден жұдырықтап түйіп тұрған он үш-он төртердегі ұлан қолын көтеріпті.

- Қараке, “бір ауыз сөздің бір түйелік салмағы болады. Көңілде күмән қалмасын десең, барыңмен базарлап, жауап қайтаруға тырыс”, деп әжем көп айтушы еді. Рұқсат етсеңіз, бойжеткеннің жауабын мен берейін, - депті.

Айыбын өтегенімен, артынан даланың жүрдек желімен ілесетін дақпыртынан сескеніп ұнжырғасы түсіп отырған қарияның жүзіне қан жүгіріпті. “Әриайдайды” ыңылдамайтын қазақ аз. Әнінің сәнін кіргізе алмайтын болса, өлермендікпен езеурей түсетін қазақ тағы жоқ. Соны білетін қария балаға сенген де, басын изей берген ғой.

Тау бұлағындай ашық сылдыраған жіңішке дауыс қалықтап тұрып алыпты. Шығанға шымырлап шырқаған әншінің құлақ күйіндей дауыс ашар - “А-а-ау” созылып барып үзілгенде, сілтідей тынған үнсіз қауым кең ашылған ауызға түсіп кетердей дүркірепті деседі.

- Ой пәле!
- Нағыз мықтың тап осы Қалыбай!
- Мұнан ба, мұнан бірдеме шығады!
- Бөлмендер! Бөгемендер!

Шаршы топқа алғаш түскен баланың қарсы алдында тұрған әсемқоңыр әуендей ырғалған әдемі бойжеткеннің мысы басты ма, біраз кідіріп қалыпты. Дес бергенде, ықылық атып-атып есін енді жиған мешкей сары жеңінен тартып, ұланға жалына қарапты.

“Бөріктінің намысы бір. Жердегі басымды көтеретін сен ғанасың”! дегендей сезіліпті запыланған түрі.

Содан бала намысқа қамшы басыпты. Оңай ұқсас, орайлы сөз түйдек-түйдек төгіліпті:

Мінгенің астындағы қара ала ма,
Сіздің елдей біздің ел тары ала ма.
Арамбысың, бойжеткен, адалмысың?
Қыдыр шалған малымды аралама.

Сыңғыр күлкісін тұтата беріп сөндірген бойжеткен қоржынынан буулы түйіншекті алып, қарияға қарай шиырып жіберіп:

- Жеңдің, бала! Мерейің арта берсін! - деп атын бұра жөнеледі.

Қария тез қозғалып, орнынан атып тұрып:

- Апырай, сөйлес қылмай қалғанымызды-ай! Аты кім еді? -демей ме қыздарға.

- Күнсая! Күндей сұлу Күнсая! - дескен нөкер қыздары да жорғаларын жосылтып, ұзай берген екен.

Аяқ астынан “ақын бала” атанған біздің әкейдің сол күнгі оқиға өмір бойы есінде қалып қойған ғой. Жорғаларын тайпалтқан сұқсырдай сұлуларды белден асып кеткенше көзімен қимай шығарып салыпты. Он сегіз мың ғаламда бұрын-соңды кездеспеген хор

қызындай сол бір қылықты бойжеткенді түсінде көріп, талай шошып оянған ғой...

Дүниеде армансыз адам болса, өмірде төрт құбыласы түгел біреу болса, тап сондағы Күнсая болар деп қиялдаған ұланның күмбезден шыққаннан кейінгі әлемтапырық күйін ұқсаңыздар ғой...

“Өмір шытырманы тылсымнан да күрделі-ау, жұмбағы мүлде шешусіз екен-ау ә!.. Іш айғақтағанды бой жасыра ма сонда? Қисапсыз қиянатты бүркер жасандылық жат көзге қалай жарасып тұрмақ? Жауыздық жақсы мен жайсанды торыса, қиянатшыл тірліктен көңіл ауларлық далбаса іздеу - қар үстіне гүл еккенмен парапар болғаны ғой. Арқаңнан аяз қысса, жүзіңдегі жалынсыз жылу көпке ұзар ма? Ұзатпағаны да сол ғой. Жүрек шошынарлық сұмдығымен Күнсаядай аяшты қамалап әкеп қорлыққа батырған тірліктің бұдан артық қысастығы қандай екен?!”

Қалыбайдың ойы ауырлап, денесі салбырап, көңілі құлазыңқы тартады. Бойжеткеннің шарықтауы мен құлдырауының куәсі болған жігіт артында әлдебір өкініші қалғандай, іші әлем-жәлем ұлып, елсізде өзі-өзінен еңіресін-ай кеп! Аруға айта алмай кеткен аянышы ма, өктем озбырлыққа деген опығы ма, үнсіз бебеулеткен ащы өксік өзегін өртей беріпті, өртей беріпті...

* * *

Әкейдің жаны ақын еді.

Бірақ ол ақындықты ғұмырлық мұрат етпепті.

* * *

Жер қадірін ер біледі.

Күрсінген көлдерін, шулаған тоғайын, сағымды даласын алыс кетіп аңсаған жанның туған өлкесіне деген перзенттік махаббатын өз басыңнан кешпесең, түсінер ме едің, оқушым.

Жасыл жайлауы қыз жасауындай жайылған жаз ортасында жосалы баурайдың сарғыш-қызыл өзгеше-

лігі болмаса, бұл өлкенің құйқалы жайылымында көкшіл түстен басқа бояу онша кездеспейді. Бұлтсыз көк аспанда көлеңке түсірердей көлбеңдейтін құс екеш құс та сирек ұшады.

Аршалыдан таң ата атқа қонған үшеу - екі топограф орыс жігіті мен бұл кезде жасы жиырма үшке толған әкей - жолдарындағы төбе-қыратты, бұлақ-бастауды картаға түсіріп, ат-атауларын қағазға жазып келе жатыпты.

Голощекиннің сүргінінің салдарынан қазақ даласын жайлаған отызыншы, отыз бірінші, отыз екінші жылдардағы аштықтың құрбанына ұшыраған талайдың кебін бұлар да киген-ді. Сексен үш жаны бар тұтас отырған туысқан бір ауыл жансауғалап Қырғызстанға жаяу-жалпылап шұбаған болатын. Атамекен, кіндік жұрттан алыстап, Қырғызстанға жеткенше сексен үш адамның сексен бірін жер қойнына тапсырып, екі-үш жылда туған жерге жүдеп оралған жігіттің көзіне шалынған әр бұта, әр түп ши қандай қымбат еді. Қандай ыстық еді! Содан да болар-ау Қалыбайдың дәл осы сапарға жол бастаушы сұраған топографтарға сөзге келмей ілесе кетуі де.

Құлпырып енген сұлу жазға не жетсін! Туған топырағы мен тасына табаны тиіп, бастауы мен бұлағынан шөлі мен мейірін қандырған перзентіне туған жер ерке жазда ерекше көрінбесін бе!

Қимас көңілдің қатпар-қатпар елесіне бала шағынан қастерлеп сақтап қалған қуаныш пен шаттығы, өкіну мен өксігі араласқан думанды, дулы кездері мынау даласының адыр-қырқаларымен, жазық-жайылымымен тіріліп қайта оралмай ма!

Кенет... Айнадай боп алыстан жарқырап, анадайдан аймалап, аңсап, аңсатып Қасқабұлақ алдынан шыға келмесін бе!

Қасқабұлақ!.. Шілдедегі суы таңдайдан өтердей сұпсуық та мөп-мөлдір ғой шіркін! “Көрдің бе мені, келдің бе, ақыры! дегендей жер астынан шымырлап қайнап шығып, ботакөзденіп қарсы алған ғой қайран сол бұлақ әкейді.

- Қасқабұлақ! Сағындым сені, саумал бұлағым!

Жігіт ат үстінен сыпырылып құлап түсіп, бастауға бас қояды. Екі қолын тіреп кеудесін көтергенде,

бетінен жылай аққан түйір-түйір тамшының әлде су, әлде жас екенін ешкім айыра алмас еді.

- “Қасқабұлақ” деймісің?! - деп бет-аузын ұйыса өскен жирен түк басқан мосқал орыс Қалыбайдың қолынан ұстай алыпты.

- Иә, “Қасқабұлақ” қой бұл!

Жирен мұртты орыс жан-жағына ұзақ бажайлап қарай бастапты. Әлденеге қобалжи таңырқағандай, әлденені тосырқай тұрып еміс-еміс еске алғандай күбірлей беріпті. Орыстың күбір-сыбырында жұмысы қанша, жігіт өзінің меншіктеп алған жұмысын күйттеп, қалайы шәугімге су толтырып, қу тезекті тез тұтатып жіберіп, шай қайнатудың қамына кіріседі.

- Николай Петрович, жуынбайсыз ба?

- Жоқ, Евстигней, зауқым болмай отырғаны, - деп жирен мұрт әдеттегі машығын бұзып, бұлақ басына бүк түсіп, қисая кетеді.

Ас ішіп, ауқаттанып болған соң Николай Петрович әкейді қасына отырғызып ұзақ әңгімесін бастапты.

Ол әңгіме мынау.

* * *

Тальянканың[1] құйқылжыған сазды сұңқылы деревняның үй-үйін, қала берді гумноларын[2] тегіс аралап өтіп, қабыршақтана мұз қатқан жарлауыттан сырғанай жығылып, бүгін-ертең-ақ қыс құрсауына бөленетін кішкене өзенге сүңгіп жоғалуда. Ызғырық жел істіктей қылау үрлеп, тысқа шыққанның бетін қариды. Жапырағынан арылып, сидаң тартып, сиреп қалған шоқ-шоқ тоғай бұлт торлаған сұрғылт аспанды тіреп тұрғандай. Тұс-тұстан қарауытып қана көрінеді.

Тальянканың сыңғыр үніне сыңқыл күлкі мен қоңырау шылдырын үстеп үш ат жеккен арбалар ертемен Терентьевтің кең ауласына енгеніне де көп уақыт өткен жоқ.

Бөренеден қиып салған кең бөлмедегі ұзын столдың

[1] Тальянка - бір қатарлы орыс гармоны.
[2] Гумно - қамба.

үсті сыңсып тұр. Түздаған қияр, сорғытқан сірне, қуырылған қаз-үйрек, тұтас торай, балық пен тауық саптағы сарбаздардай тізіле қалыпты. Өзен мен орманның бар байлығы осынау қонақжай дастарқанда бас қосып, ашытқан бал мен қайнатқан самогонды қаумалай қоршап алыпты.

“Сен іш, мен іштің” барынша қызғанына да, ән мен саздың емін-еркін ағытылғанына да біраз болды.

Сыңсытып әлдекім ән бастады:

...А вы, девочки, пейте,
На ледочек не лейте.
Ледочек растаить,
Нашей девочки не станить...

Абыр-дабырлы той үстінің көңілді күлкісі мен ушулы кезексіз, сабырсыз сөздері қайшыласты, бірін-бірі тыңдап жатқан, ұғып жатқан жан жоқ. Манадан оң жақ қолтығының астындағы қылтанақ өсіп көрмеген айнадай жалтыр төбені аппақ тамақты аймалағандай сілекейлей сүйіп отырған Терентьевтің екінші ұлы болғанымен әлі күнге Федорға ауыса алмай-ақ қойған жуантық Федьша орнынан тұрды. Жуан дененің жағымсыз естілетін жіңішке даусымен әуенді шиқылдай созды:

...Виноград расцветаить
А ягодка поспеваить...

Федьша орнына қайтып отыра алмады. Орындықтан ауып, сылқ түскен бетінде стол астына құлап, қарамай жаққан етіктерді жастанып, бірден қор ете түсті.

Дулы дүрмек одан сайын құтырынды. “Горьколаған!” дауыстар өңештерден дүркін-дүркін атылып, сол өңештерге өлшеусіз самогон мен бал сыра сылқ-сылқ құйылған соң, жаландаған желіктің желкені көтерілді. Шарап исі мен әйел тәнінің жеңсік иісі араласып, мас көңілді тіпті желпіндіре түседі.

- Іш, Николка! Үйрене бер! Сенің көшеңде де той болады! Әлі-ақ үйленесің.

- Айтшы деймін мен саған, Тимоха, мына торай көзін қысып тұр ма? Жоқ па? Қысса, неге қысады ол?

- Ех, жігітім! Кімнің көз қысарын сезбепсің әлі.

Тальянкасын құлаштай кере созып гармоншы жігіт саусағын жоғарыдан төмен жүгіртіп, әсем әуенді құйқылжыта жөнелді. Сол сол-ақ екен, көздің жауын алар бүкіл тұла бойын, шып-шымыр аяқ-қолын, қаз мойнын, апайтөс омырауын, жұмыр бөксесін дірілдете билетіп, Груня ортаға ойнақтап шықты.

- Ал, ұстаңдар бойжеткенді!

- Николка, қапы қалма!

- Федьша! Қайдасың?

- И-го-го!

Тәлтіректеп Николай орнынан әрең көтерілді. Бұраңбел Грунямен билеген бір сәт - ғұмырдың нағыз бал базары емес пе! Бөренеден жасалған тақтай еденді сықырлата аяғының ұшымен жорғалап, алау қызыл құйын боп үйіріліп жүрген қызға төніп-ақ барды.

Тальянка одан әрман шырылдап, безектеп кетті.

Ех гуляет! Е-ех, гуля-я-ет
Молодой казак! Молодой казак!

Биік өкшелі етігінің тақасымен еденді ойып жіберердей тепкіленген Груня толық денесін нәшімен қозғап, қарсы алдында қос құлашын жайып тастап жүрелеп билеп жүрген Николкадан көз айырмайды. Үшқын шашқан қыз жанарының үндемей күлгенін, қыз жанарының құмарта аймалағанын көріп пе ең?! Көрсең, дүниедегі дәл содан артық бақытты білесің бе?

Николка айналасындағылардың мас дүрмекті қолпаштауы мен қоштауын естуден мүлде қалған кезде, кенет қарсысына әлде біреу шыға келді. Жалындай алаулаған қызыл атлас көйлегінің етегін суылдатып жеткен стол астында біраз ұйықтап тұрған Федьша еді ол.

- Гопак! Гопакты беріндер!

- Құтырт!

- Айда, Федьша! Құйындат!

- Николка, қалыспа!

- Груня, сілелерін қатыршы бір!

Көздері қанталаған бұқадай екі жігіт біріне-бірі жарқ-жұрқ қарасып өтті. Сол қараспен-ақ өліспей беріспеуге серт байласқандай болып еді. Би қызды. Тальянканың сиқыр сазы сай-сүйекті балқыта ерітіп, әбден баурап алды.

Груня бір байлар шаршысын екі шетінен ұстап ап, қос қол-қанатын жайып, толық балтыры түп-түзу аяқтарымен кезек-кезек жер тепкілеп, айдындағы аққудай қалқып жүр. Екі жігіт екі жағында, отырып-тұрып билеп, отырып-тұрып секіріп, бірінен-бірі асып түсудің әрекетін істеуде. Бір мәнерлеген өрнекті одан кейін қайталамай, әрқайсысы жаңадан тосын өнер көрсетіп, жұрт мерейін өзіне бұру - сайыстың шарты екенін білетін Николай да, Федьша да бидің әлденеше бунағын орындап, бұрыннан қырғиы түсіп жүрген Груняны бүгін біреуі жеке иемдену үшін жанын салып-ақ жүр.

Бір кез Федьшаның аяқтары шалыныса бастады. Соны көрген төреші жұрт - масаң қауым дуылдасып кетті.

- Ай да, Николка! Жігіт екенсің! Сен жеңдің!
- Груня, сүй оны!
- Федьша, сұрт мұрнынды!
- Й-го-го!

Тағы да толаусыз ішіс басталды. Бөлме ішінде көк-ала түтін тұтаса көлбеңдеді. Қалыңдықтың иығына басын сүйеп, күйеу жігіт қаперсіз ұйықтап та кетті. Үзік-үзік ән үздік-создық жалғасады.

Посидите, гости, побеседуйте,
Хлеба-соли покушайте...

Күндізгі қылау кеш түсе жапалақтаған қарға ауысып, жел саябырлай барып басылды. Ақ ұлпа, ақ мамыққа бөленген бейуақ дала күндегісіндей тез қараңғыланбай ақ шәлі оранған арудай кербездене керілді.

- Қар жауды!
- Міне, қыс-ана да келді!
- Жүріңдер, далаға шығайық!

Дуылдасқан тобыр тысқа лап қойды.

Николка мен Груня оқшаулана бөліне беріп еді, аңдып жүрген Федьша сап ете қалды.

- Николка, кел, жұдырықтасайық!
- Зауқым жоқ, Федьша!
- Өтінемін, Николаша!

Груня сылқ-сылқ күлді. Жанарда от тұтанды.

- Коля, сен қорқақ па едің?
- Неден қорқам. Әшейін зауқым жоқ дедім ғой.

Сыңғыр күлкіні естіп, қар лақтырысып алысып жүрген қызу топ ілезде жиналып қалды. Соларды арқа тұтқан Федьша тықақтап қояр емес. Биден жеңілгенінің қарымтасын ол енді жұдырықтасудан қайтаруға барын салып тұр.

- Николка! Келсеңші енді.
- Шық, Николка, бұл мұжық жұдырығын иіскейін деген екен.
- Пәлі, Федьша одан жеңілмейді.

-Тұп-тура су ішкізгендей, ақымақсың! Борсықтың май табаны жұдырық болушы ма еді.

Келте тонын шешіп тастап, Николай ортаға шығып, қалшиып тұра қалды да, Федьшаға алдымен кезек берді:

- Үр!

Ілесе тиген жұдырықтан тәлтіректеп барып, шақ түзелді. Есеңгіреп қалғандай. Николай төңірегіне жағалата көз жүгіртті. Шаралы көзі дөңгеленіп, жүзіндегі әлгінде ғана үйірілген күлкіні жоғалтып алып, үрейлене қарап тұрған Груняны көрді.

- Бекем бол, Федьша!

Жүн толы қанарға тигендей ауыр жұдырығы былқ етіп, кейін серіпті. Ұрғанына өзінің де айызы қанбады.

Аюдай теңселе басып, қорбаңдай қозғалып Федьша тағы да төне берді. Содан кейін Николай көзінің оты жарқ ете қалғанын ғана біледі. Дуылдаған дауыстың еміс-еміс, үзік-үзік естілгенін сезеді.

- Дұрыс емес! Федьша тәртіп бұзды!
- Бастан ұрмау керек!
- Озбырлық озбырлығын әркезде осылай жасайды!

Есін жиғанда өзін Груняның сүйеп тұрғанын көріп, намыстанды ма, әлде кегін жібергісі келмеді ме, қызды итеріп тастап, Николай ілгері ұмтылды.

- Тұр, Федьша! Кезек менікі!

Қатты соққыдан Федьша шапқалап барып, ұшып түсті. Тұруға әрекет жасаған да жоқ. Жатқан жерінде қозғалмай қала берді.

Екіленген жиын Николканы алқалап ішке кірді. Груня мен Николка енді қатар отырған еді. Қыз күлкісі шараптан да күшті болады екен, бас айналдырып жіберетін сияқты. Кенет әлдекім үйге шыңғырып кірді:

- Өлтіріп кетіпті!... Федьша! Федьша өліп қапты!...

Той топаланға айналды. Николаны сарайға қамап тастады...

...Федьша өлмепті. Қарақұсымен әлденеге соғыла құлап, ауыр жарақаттанған екен ол.

Уезд түмесінде екі ай жатқан Николай көктемде қазақ даласына жер аударылды.

Басқа түскен баспақшыл. Столыпиннің реакциясына іліккен переселен мұжықтарға ерген Николка да көксұр аты-Сивкасын жайбарақат қана делбемен қағып қойып, тарантастың үстінде мүлгиді де отырады.

Көктем. Бұл дала дегеннің де көктемі ерекше болады екен. Шексіз, шетсіз созылып, жайылып кеткен кеңістік қызыл-жасыл қызғалдақ, гүл бүрімен мейлінше түрленіп, жеткізер емес тәрізді. Бұрын атын да естімеген талай өсімдікті кездестірген-ді Николай бұл даладан. Шайыр мен жалбыздың, түйе жапырақ пен жусанның май айындағы уыз шырынды кермек иісін ғұмыры ұмытар ма?

Жиегі жоқтай көрінген жазық та бітіп, бір кезде азаймас, таусылмас майда шоқылар басталған-ды. Бірінен бірі озып, бірімен бірі жарыса ұмтылып, қажыған жолаушылардың діңкесін құртқан да осы кең өлкенің бұларға мүлде аты-жөні белгісіз осынау қоянжан қырқа-қыраттары деседі ескі көздер.

Осы далада алғаш рет бұлар қолды да болған еді. Ұрысыз дала болмайтыны, қарысыз қала болмайтыны ақиқат. Қазақ жеріне күшігендей қаптап келе жатқан қарашекпендерден кек қайтарудың бір жолы көрді ме, дала барымташылары мұжықтардың көліктерін түн ішінде айдап әкеткен ғой.

Маңдайға біткен жалғыз атын жанынан артық

күтетін Николай ғана Сивкасын тарантасының қасына байлап тастап, көк құрақты алдына үйіп қойған-ды. Қыл құйрықтан ырымға қалған да сол болыпты.

Азаннан аңыраған бала-шағаның көз жасына шыдамаған жігіт Сивкасына жайдақ мініп, маңайды шолуға аттанған ғой. Ондағысы: қысасқа қысастық деген желеумен қайдан кездессе де көлік қуып келу. Қаруы - переселен старостасынан алған браунинг көрінеді.

Сәскеге тырмысқан дала күні қыздыра бастайды. Сібірдің қоңырсамал жазында өскен Николка ыстыққа шыдамай әлдебір бұлақтың басына кеп, атынан түсіпті.

Мұздай суға шөлін қандырып жуынып-шайынып, еңді Сивкасын шалдырып біраз отырады ғой.

Бір кезде осқырып дыбыс берген атының белгісімен жалт қарап, келіп қалған жалғыз жолаушыны көреді. Тобанаяқ торының үстіндегі алпамсадай, екі иығына екі кісі мінгендей қазақ дәл сол сәтте бұған нағыз ұры боп көрінген ғой. Ыза мен өкініштен әбден запыланған жігіт орнынан атып тұрыпты.

- Аман, тамыр, - дейді қазақ.

- Кто ты такой? - дейді орыс.

Бірін-бірі түсінісе алмаған екеу сәл-пәл абыржып, үнсіз қалыпты.

- Во имя правды и справедливости... - деп орыс қойнына қол салады.

- Апырай! Түсінің бұзылып кетуін-ай, жазым етпесе нетті! - деп қазақ сойылын оңтайлай ұстайды.

Содан кейінгі екі жақтың да қимылы көз ілеспестей тез болыпты. Тырс еткен браунинг үнімен қоса, мейіздей қатқан қайың сойыл құлақ шекеге сақ ете қалады.

Ырсиып бас жарылады. Түйе жүн шекпенді тесіп, қорғасын оқ қос өкпеден ілкім тысқары, қолтықтың етін ғана жырып өтеді.

Ат үстінен еңкейіп келіп Сивканың тізгінін іліп әкеткен қазақ дүрсілдетіп шауып ұзай берген ғой...

Бірін-бірі түсінбеген, біріне-бірін түсіндірмеген меңіреу заманның “Кәпір”, “аузы түкті сары орысы” мен “номад”, “дикарь”, “инородец” қазағы бір ауыз

сөзге келместен тоқайласқан жерде осылай қару жұмсасып қалған екен.

Қаны сорыға ұйыған шекесін көйлегінің етегін жыртып таңып алған орыс жігіті кеш түсе қазақ ауылына енеді. Ат үстіндегі кісіні алып түсетін тайыншадай байтөбеттер қотанға кірген бейсауат адамды қамап алыпты.

Көріп отырып кісі талатушы ма еді, ауыл адамдары иттерді қуып жіберіп, Николайды бір үйге енгізіпті. Күндізгі өзі атқан танысы төсекте жатса керек.

- Аман, тамыр! - дейді ғой әлгі.

- Куда я попал? - депті бұ да.

Әлгі қазақтың әлекедей жаланған екі інісі бар екен, ағаға оқ атып, қаңғып келген қырсық орысты қылжита салмақшы болып екі жақтан біраз дүрілдейді ғой.

- Жә! Тар қазанша тасымаңдар босқа! Жаннан жан, қарадан қара сескенбеуші ме еді. Кім білсін, қайсымыздың қаталдық бастағанымызды. Сілтестік те серпілістік. Терімді аз ғана жыртып кеткенге төсек тартып мен жатырмын. Қолым ауыр еді. Сойылым қатты тиген сияқты. Мына сорлыға жәрдем етіндер. Жарасын көріндер. Қу далада, құдай қумаса, тентіреп жүрер ме еді. Тарыққан мүсәпір біреу шығар. Жаңа бір сөзінде “құдая” дегендей болды-ау деймін. Жаман ойы, қаскөй әрекеті болса, бұл ауылдың қарасын көрер ме еді. Қара тұтып келген екен, жөнін-жолын бірдеме ғып сұрастырып біліндер. Анау Әлтекенің қалашыл баласын алдыртындар. Шүлдірлесіп-шүңкілдесіп тіл табысар. Әй, Ақжолбек, сенің қолыңның жүйріктігі бар еді. Осыдан қит етсең, жоныңнан таспа тілем! - деп сөз аяғын тентек інісіне тірепті. - Отауға апарып, ас-су беріңдер. Байғұстың жарасын қарап көріп, дұрыстап таңыңдар. Айттым ғой қолым ауыр деп, тілеуі алдындағы жас екен, жазым боп жүрмесін.

Жігітті түнімен емдеп, тамақтандырып, жай-жағдайын сұрап біліп, ертеңінде ауыл боп шығарып салыпты.

- Мекәлай шырағым, атың патша ағзамдікіндей дардай болғанымен өзің жұрдай кедейім, кембағалым екенсің. “Ат кісінескенше, адам сөйлескенше” деген, бүгін енді түсіністік те. Кемдік, қорлық көрген жанның

көңілінде кекшіл үрей, кекшіл қысастық жүреді. Соны кеше екеуміз де көрсеттік. Ұрыны іздеп жүріп, өзім ұрыға кездестім деме, атың анау тұр. Қолды болған көліктеріңді көрген жоқпыз. Аш-жалаңашқа бұл ауыл, бүкіл қазақ халқы сияқты көмектеспесе, қарақтамайды. Ат-көліксіз қалыпсыңдар, сонау шырылдаған нәрестелердің көз жасы үшін, мына ағайынды үшеуміздің пешенемізге біткен төрт-бес үйір жылқымыз бар еді, содан төрт ат бергелі отырмын. Сенен қайтпаса, құдайдан қайтар. Жолың болсын! - депті “тамыр” қазағы.

Риза болған Николай қазақша құшақтасып қоштасып, мерейленіп атқа қонады.

- “Қасқабұлақты” ұмытпа, - деп қалыпты тамыр қазағы тағы да. Ұзай берген орыс жігіті қайта оралған екен.

- Тамыр, менің мына Сивкам - жүйрік ат. Көңіліңе сондай разы болдым. Соқа тартып, арбаға жеккеннен басқаға мұның маған қажеті жоқ. Жүйрік атқа қазақтың құмарлығын бұрын да естігем. Сіз мініңіз! - деп көксұрын тастап кетіпті.

“Ер шекіспей бекіспейді”. Тірлігінен тәжірибе жинақтаған бабалардың ұлағатты сөзінен айналмайсың ба. Қадір-қасиетіне тәнті боп бас имейсің бе, қадірлі оқушым.

- Сол “Қасқабұлақ” осы! Қағыстырған да, табыстырған да қасиетті бұлақ. Ұмытпа деп еді, ізгілікті ұмытар ма адам. Қапа көңіліме сәуле түсірген жақсы сәтім емес пе еді. Адамнан түңілуді емес, адамға сенуді үйреткендей болып еді-ау сол қарапайым қазақ. Қайда екен қазір? Тірі болсам, жақсылығын бір қайтарармын деуші ем, - деп Николай Петрович үнсіз қалды.

- Апырай, қандай-қандай қызықтарға куә болғансыз, Николай Петрович! - деп күңзын үнсіз тындаған Евстигней таңдана таңдай қағыпты.

Қалыбай үнсіз отыра беріпті. Бірақ сол үнсіздікті сақтаудың оған қандай қиындыққа түскенін білсеңіз ғой. Серігінің әңгімесінің өзіне де қатысы бардай көрінбей ме? Кім білсін, әкесінің інісінің атақты жүйрігі, бәйгеден үнемі жеке дара келетін “Сепкі”

мына орыс тамырының Сивкасы емес пе екен? Аузы берік, діні қатты әкесі бала-шағаға көп ашылмайтын. Өзі ес білгелі мұндай оқиғаны естімеген.

- Оған биыл тура жиырма жыл толды. Кездесе қалсақ, бір-бірімізді, әй, тани да қоймаспыз, - деп күрсінген Николай Петрович әлі де толқыған күйі темекісін тұтатты.

- Тамырыңыздың аты-жөнін білесіз бе? - деп сұрапты әкей.

- Жоқ. Ол айтпады. Ал мен сұрамаппын. Кейін сол білместігіме көп өкіндім де, - деп аз үнсіз қалды. - Бір асығыстау інісі бар-тын. Соның есімін білуші едім...

- Ақжолбек пе? - деп әкей шыдамапты.

- Иә, иә! Ақжолбек! Сен оны қайдан білесің?

- Ол - менің әкемнің інісі.

Содан екеуі құшақтасып табыссын. Көңілдері жайғасып болған соң:

- Ал, әкең қайда қазір? - дейді ғой.

- Әкем жоқ...

- Ауырып па еді?

- Жоқ. Аштықтан... Бәрі... бәрі қырылып қалды.

Үшеуі де көпке дейін үнсіз отырыпты. Содан бір-екі жыл бұрынғы қазақ даласындағы ауыр хал, ғаламат сүргіннен топографтар да хабардар болатын. Шет жағасын өздері де көрген-ді. “Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын” деген салықтан соң салық боп еселеп жеткен дүбірлі ұранның дүлейдей екпіні қазақ ауылдарына долыдан кем тимеген ғой. Күн көріс талшығы болған-малдан айырылған халық содан әрі сенімінен де айырылып, ОГПУ-дың екпінді тепкісінің астына түсіп, быт-шыт боп ыдырап, туған жерден де безе қашқан ғой. Ешқандай соғыссыз-ақ, ешқандай қырғын-зілзаласыз да, ешқандай айуандық жаугершіліксіз де бүтін бір халықтың үштен екісіндейінінің қырылып кеткенін кім көрген?!. Өз жерінде жүріп-ақ өгей ұлдай тентіреген кембағал елді бұрын кім білген?.. Қара бастың қамы үшін халық тағдырымен ойнаған Голощекин, Құрамысовтар бастаған аз ғана топтың әлегінен ауыр азапты әлі күнге шейін тартып жүрген халықты кім, қашан жарылқар?

Ондаған елге жансауғалап сіңіп кеткен босқындарды туған жеріне қайта оралтар шуақты күн туар ма?

- “Аштықта жеген құйқаның дәмі кетпейді” деп сендер, қазақтар тауып айтқансыңдар. Әкеңнің адамгершілігін көріп ем, енді сенің оң-солыңды тануыңа себепкер болармын, - депті Николай Петрович Румянцев серт байласқандай.

***

Әкемнің жаны ақын еді.

Ақындықты кәдімгідей мұрат етпесе де, оның әр ісінен, әр тірлік-қаракетінен ақындық шабыттың самалы желпігендей сезіледі де тұрады маған.

***

Сол үшеуі жаз бойы сайын сахараны көп аралаған ғой. Қыр еліне өндірістік өмірдің қан тамырындай - темір жол салмақшы болған үкімет қаулысына сәйкес партия-партияға бөлінген мамандардың бір тобы боп Николай Петрович Румянцев пен Евстигней Калинов та болашақ теміржолдың трассасын зерттеуге арнайы келген екен.

Осы сапарында Румянцев талай рет тамсана бас шайқапты. Еліткен де, еріксіз бас идірген де қазақ халқының өз туған еліне туған елдің жер-суына, тау-тасына деген перзенттік адал махаббаты болыпты. Қазақты - тарихы жазылмаған халық деу бекер екен. Жазу-сызусыз-ақ көшпелі халық өз шежіресін туған жердің өн бойында қалдыра берген ғой. Содан да әр тасының сайрап кетер тарихы бар, әр бұлағының сылдырап шертер сыры бар. Әр тауының ардақ тұтқан қасиеті бар. Әр бұтасының сақтап қалған сыр сандығы бар.

- Неткен ақын халық едіңдер! Неткен адал халық едіңдер! Үміттің өшкенін де, жанғанын да мына кең даласына мәңгі өшпестей етіп қалдырып кеткен бабалар рухы неткен қайсар еді!-деп бас шайқайды екен.

Содан да болар-ау, көзге қораш, құлаққа тұрпайы “Бурасиген” сияқты үш-төрт жер-су аттарын әкей өзінше жаздырған ғой. Бабалардың кейбір ойланбай айтып қалғандарына өз басым кеңшілікпен қарасам да, әкейдің аманатындай болған сол жер-су аттарымен әлдеқалай не карта бетінде, немесе жол үстінде кездесіп қалсам, тұлабойымды шымырлатып мақтаныш сезімі билеп ала жөнеледі. Бабалардың сүйіспеншілік, имандылық, азаматтық рухын жалғастырған балаларымның атасына деген айқайлап айтылмас, бірақ жанымнан көз жұмғанымша жоғалмас алғыс-құрметім ол.

Әкемді ақын жанды дегенде мен осы себептерді ілгері тартам.

II

...Қайнайды қаның,
Ашиды жаның,
Мінездерін көргенде...

Әлденеден жабығып, әлдекімнің әлдебір ерсі қылық-мінезін көргенде, әкемнің осы үзіндіні әндете айтып, шолақ қайыратыны есімде қалыпты. Ұлы Абайдың қапалы, шарасыз күй-халіне емірене барып табысқан мұңдас жүректің ширығуы екенін өсе келе сезгендеймін. Парықсыз балалықпен: “осы әнді неге тез аяқтайды?” деп іштей өкпелеген кездерім де болған бұрын.

* * *

Румянцевтің шақыруымен теміржол құрылысына кетем деген Қалыбайды ағайыны ортаға алады ғой.

- Ел іші - алтын бесік. Кешегі ормандай бір ауылдан қалған ағаң екеуің ғанасыңдар. Орысқа ілесіп не таппақсың. Колхоз боп ұйымдасқан болдық қой. Бір шүйкебас әперсек, әкеңнің отын қайта тұтатасың, шырағым. Орыстарға тым сене берме, олардың бір

ені ішінде. Ақыл тоқтата қоймаған жассың әлі. Бірдемеге ұрынып қалып жүрерсің. Қасымызда бол.

- Мені көндірем деп босқа әуре боп қайтесіздер. Жандарыңыз шын ашыса, әкемнің жығылған үйін қайта тұрғызам десеңіздер, мына ағайды аяқтандырыңыздар. Менің сүрлеуім енді басталды. Маған рұхсат етіңіздер, - депті Қалыбай.

Әу бастан-ақ солқылдақ отырған ағайын-жұрағат одан әрі қаузамапты.

Теміржол салысуға біздің әкей осылай кетіпті.

Жұмыстың да жұмысы бар. Жасыңнан машығы мен әдісін алып өскен үйреншікті харакетің болады да, жалынан ұстасаң, сауырын сипатпайтын басасауы және кездеседі. Алғашқы беттегі лепіріп келген қарқынды ірілі-ұсақ күйбендерімен бөгеп, азаматты ерқашты ететін де тосын жұмыстың осындай оғаштығы болса керек.

Бұл кезде теміржол құрылысына бастық боп ауысқан Румянцев әкейге ат айдаушылықты тапсырған ғой.

- Қалыбай, әзірше, сен скреперге шық. Басқаларын да үйрене жүр. Әйтеуір, жалқауланба. Сен жалқау болсаң, мен жалқау болсам, мына жол мың жылда да бітпейді. Ал, бұл деген - тірліктің тұтқасы!

Палатка-шатырдың да үлкені болады екен. Кішігірім барактай. Қазақ-орысы араласа жатады.

Николай Петрович әкейді өзі ертіп келіп, өрімдей жас орыс жігіттің қасына орналастырады.

- Танысып қойыңдар. Бұл - Қалыбай - менің досым, өзі комсомол. Мынау - Женя да досым, ячейканың жетекшісі. Тез тіл табысатындарыңа сенем.

Екі жас, әрине тез достасып кетеді.

Қазақтар “нәсіп” атап кеткен шойынжолдың төстабанын салу -түгелдей дерлік қолмен атқарылады. Машина, трактордың өте қат кезі. Зембіл, жалғыз дөңгелекті ит арба, скреперден басқа -”механика” да жоқ.

Көп “жоқты” жоқтатпайтындар мол болған ғой отызыншы жылдарда.

Бұйығылықты бір-ақ серпіп тастаған мойымас жігер болған. Ұлтына қаратпайтын жалындаған жастық пен болашаққа деген үлкен сенім болған. Соның бәрінен де еркін сезілетін әсерлі ән болған. Бүгінгінің

жыршысы, ертеңгінің жаршысы ғой жастықтың әндері.

Николай Петрович жұмыс басына жиі-жиі келіп тұрыпты. Әр сапарында Қалыбаймен кәдімгідей шүйіркелесіп қалады екен:

- Білесің бе өзіңнің қалай ысылғаныңды. Мынау деген жұмыскер болыпсың! Молодец! Осы қарқыныңнан жазба. Ал ендігі саған тапсырарым да, өтінішім де мынау. Құрылыста адам көп. Көптің аласы да, құласы да болады. Адам санасының қалыптасқан мінез-құлқын өзгерту бір емес бірнеше революция жасаумен бірдей. Ұлы өзгерістің ықпалы да аз болмауға тиіс. Мына сенің өндіріске келуің, ана жүздеген қазақ шаруаларының жаңа қаракет-тірлікке көшуі - осы жақсылық нышаны. Сен соларға өз білген-ұққанынды үйретуге тырыс. Ізгілік төлбасы -сендерсіңдер. Сенсің, комсомолым менің. Арың алдында адал бол. Арамдық көрсең қалыс жүрме, - деген Румянцев күн қағып тотыққан жуан мойнын оң алақанымен сипап өтіпті. Тағы былай депті:

- Жақында бір өлең оқып ем, сұмдық ұнады. Жаттай алмадым әттең. Мазмұны былай: Күн батады, - алаулап атар ертеңгі таңның басы ол. Гул солады, - құлпырып шығар келер көктемнің жаңа өскінінің тамырын қалдырды. Жапырақ желге ұшады - тірлік сөнген жоқ, тамыры жер қуалап кеткен бәйтеректің көктем сайын бүр ататыны бар. Адам өледі - өлмейтін әні қалады. Әнінде жаны қалады.

Міне, сенің әнің - мына тірлігің. Сен оны жақсы әуен, сырлы сөзбен жаз. Ұмытпайтындай, ұмытпастай етіп сайрат, Қалыбай.

* * *

Адам мен адамның ұшыраса беретіні рас. Қалыбайдың өмірде көрмесем, кездеспесем деген бір адамы болатын. Ол - отызыншы жылы үстеме салықты қайта-қайта көбейтіп салып, ауылдың аш-арығын діңкелетіп қойған аудан өкілі Қарасай еді. Сол Қарасай енді

ауатком төрағасына айналыпты. “Дөкей” бастық болыпты.

Құрылыс басына бір күні сол “дөкей” бастық келеді. “Бастықтығын” білдіре келеді. Жұмыскерлердің қалың ортасына кіріп барады.

- Үй қайда? Палатка пана бола ма?
- Болмайды. Айта-айта әбден шаршадық.
- Жаз! Тамақ жағы қалай? Овощ жеткілікті ме?
- Жетіспейді. ОРО-тың құлағын күнде шуылдатамыз.
- Жаз! Мына ала-құла киім қалай? Спецовка қайда?
- Сұрай-сұрай түңіліп біттік. Жетіспейді.
- Жаз! Жазыңдар! Жоспарды неге орындамайсыңдар? Қырық бесінші километрге қашан жетесіңдер? Бүкілхалықтық мероприятиені ақсатып отырғандарынды білесіңдер ме өздерің?
- Аянып жатқан жоқпыз. Мерзімінде бітіруге уәде етеміз.
- Жаз!

Қарқынды бастық көп аялдаған жоқ. Кетерінде киіз үйдегі қазақтарға кіріпті.

- Хал қалай, бауырлар?
- Шүкір! Құдай деп...
- Құдай емес, маған айтуларың керек, маған!-деп Қарасай тісінің арасынан сыздықтата шырт еткізе от басына түкіріп тастапты. Бастық та түкіреді екен-ау дегендей айнала тұрғандар таң қалған ғой.
- Ет пен қымыз мол ғой әйтеуір?

Қоршаған жұрт біраз аңтарылып қалып, сәлден соң жауап қатыпты.

- Қарағым-ау, бап тілеп байымсып отырған кім бар. Бұйырғанын көріп жүрміз...
- Болмайды! Қымыз бен етсіз қазақ тұра алған ба. Етегі түрілген білектей қазы мен майы қалқыған сары уыз қымызсыз күн көру мүмкін емес! Жаз! Жазыңдар!
- Сонда біз нені жазамыз? Осы сіз келгеннен бері “жаз-жаз!” деп тақылдап қоймайсыз. Ал, жаздық дейік. Сонда қандай көмегіңіз бар? - деген ғой әкей.

[1] ОРС - отдел рабочего снабжения (жұмыскерді жабдықтыру бөлімі).

- Әй, понимаешь, жігітім! Беттен алып... Неткен дөрекі едің сен, ә! Мен сендерге “жаз!” дедім ғой. Жөніңді біліп, қысар жеріңді қысып, неге тиыш тұрмайсың! - деп аларып, қадалып қарамасын ба.

- Кімсің өзің?

- Жұмыскермін!

- Білемін жұмыскер екеніңді. Не істейсің?

- Ат айдаймын.

- Оу, пақыр-ау, ат айдаймын дегенше, ет айдаймын демейсің бе, - деп Қарасай қарқылдап күліп ала жөнеліпті.

- Не дегелі тұрсыз? - деп Қалыбай да қасарыса қалады.

- Аттың аяғы сынбай ма екен, сығыр-ау! Буынып өлмей ме екен, бәтшағар-ау! Жазым деген, ретін тапқанға аяқ астынан ғой.

Қызылсыраған еріндердің сілекейі шұбырып сала беріпті.

Арада ай өтіпті. “Жаз-жазды” қуып, Қарасайды қуып кеткен қатынас қағаз да аз болмапты. Бірақ “дөкейдің” тартпасы да дөкей болса керек, қатынас қағаздан бір түйір қайыр көрмепті бұлар.

Бірде азық-түлік азайып, Женя мен әкейді қалаға жіберіпті. Дәл сол күні жүк көлік арасынан бір ат ауырып, ветврач оны “отходқа” шығарған екен. Қалыбайға тапсырады ғой:

- Көміп тастаңдар. Етін жеуге болмайды!

- Жарайды, ертең қаладан оралысымен өзім бір жайлы етермін. Мүмкін жануар жазылып та кетер, - деп әкей делбесін серпіп қалады да, ұзай береді.

Қаладан Румянцевтің көмегімен бір самоход арбаны азық-түлікке сықап толтырып қалашылар қайта оралғанда, үлкен сойқанның тап үстінен шығады ғой.

Үстінен долы дауыл жүріп өткендей уық-керегесі сынып, шаңырағы ортасына қирап түсетін кедей аулы мүсәпірліктің анық бір белгісіндей боп күйреп қалмаушы ма еді. Жер сілкінгенде шым үйлі қазақ жатағының ойраны шығып қалмаушы ма еді.

Жұмыскерлердің жатын орны - палаткаларды да сол долы соғып, зілзала тербегендей. Шетінен тып-

типыл. Сойылға лайықтап жасалғандай ықшам да, ыңғайлы қадалары бір-біреуден әркімнің қолында жүр.

Қым-қиғаш тебелес әбден қызған екен. Біреуді біреу біліп болмайды. Әсіресе, бетінде тыртығы бар, ашуланғанда сол тыртығы білеулене көгеріп ісіп кететін “жыртық Фиманың” еліруі керемет деседі.

- Ұр! Соқ! Мұндай варнактардың талайын көргем! - деп Фима жан шыдатардай емес дейді.

- Аруақ! Бозқасқа!

- Тобықтан қақ!

- Аянба!

Кішкентай Женя мән-жайға дереу түсіне қалады да, арбадан секіріп түсіп, “жыртық Фиманы” құлақшекеден қонжитады ғой.

Женяның шыбын шаққандай “соққысын” жыртық Фима елең де қылмапты. Топшысымен бір-ақ қағып түсіріп, одан әрі жолындағы қазақты жайпап бара жатыпты. Қалыбай амал тапқан ғой. Жанұшыра қылғына айғай салмай ма:

- Азық-түлік үлестірем! Кезекке тұрыңдар! Қане, дереу кезек алыңдар! - Сол-ақ екен енді орысты орыс жұлқылап, қазақты қазақ итеріп, арбаны түк болмағандай қоршап алыпты.

Ал әлгі оқыс оқиға былай болыпты.

Жұмыскерлердің арасында кім жоқ еді. Басқа жақтан жер аударылған Садық - солардың бірі екен. Екі-үш күннен бері жерошағында от жанбаған Садықтың кекірігі азып, ішінде иті ұлыған ғой. Мынды айдаған байдың бұрынғы солқылдаған бозбаласы елі мен жерінен қуған революцияны да. көнпескені де, шойынжолды да сыбамай ма сонсоң. Ұяласын ұлып танитын бөрі емес пе ол, есіне “дөкей” бастық Қарасайдың “ебін тап та, қыбын тап”, деген “ақылы” сап ете түседі. Жағалап көршілеріне келеді.

- Тісті тіске басып осылай отыра береміз бе? Жоқ, бір амалын жасаймыз ба?

- Көз қарақты өзің болмасаң, біз не білеміз, - десіп әлгілер шешімді Садыққа тірейді.

- Олай болса, отходқа шығарған атты дереу сойып алу керек. Қарап отырып аштан өле беретін қазақ болудан құрыдық қой әбден!

Осыған “иә” дескен жұрт екіленіп атқораға шұбасын. Әлдекімнен хабарланып ветврач та жетіп келеді ғой.

- Түсініңіздер. Бұл ат - ауру! Жеуге болмайды. Шетіңізден қырыласыздар.

Садықты одан сайын шайтан түртпей ме.

- Көрдіңдер ме, өздері жемейтін болған соң бізден етті де аяйды.

- Мен аяп тұрғам жоқ. Ашығын айтып тұрмын. Кешке қарай азық-түлік те келіп қалады, сәл шыдаңыздар, ағайын! - деп ветврач жалынбай ма.

Садықтың итермелеуіне болмай, дәрігердің дәлеліне көнген жұрт шұбырып кері қайтыпты. Бір кезде шәңкілдеген әйел даусы естіледі ғой.

- Ойбай-ай, ойбай! Шұнақ құдай, өзіңнің шұнақтығың жетпеп пе еді! Бұл қай тәлкегің?!

- Не болды, Рәш?!

- Ойпырмайдың тілі-ай! - деп жұрт жиналып қалады.

Рәштің қой аузынан шөп алмайтын момын күйеуі бұларды ыржиып күліп қарсы алған ғой. Өзінің оң жақ бетін қан жуып кетіпті. Бауыздаған малдың иек кекжитуіндей көрінеді ғой әлгі ыржиыс.

- Ой, саған не болған?!

- Төбелескеннен саумысың?

- Жоқ! Өзімнен болды. Шашымды алып бер деп Әнтонға барып... Мен сұмдық қытықшылмын. Желкемді сыпыра бергенде, күлем деп... Өткір ұстара оқыста қылпып кеткені, - деп мақтанғандай сырғалығы жалбырап тұрған құлағын көрсетеді ғой.

-Ой, нақұрыс! Намыссыз ит! Күледі-ау тағы! Ол орыстың әдейі жасағанын неге білмейсің? Бұлар бәрі келісіп алған. Қазақты бір-бірлеп құртпақ. Әлі бәрің аштан қатасындар! Шошқаның майын асап, суын ұрттап орыстар өздері жүре береді, - деп Садық қоттасын.

Ол аздай-ақ бір топ серігін ертіп “жыртық Фима” келмей ме.

Аяқ астынан “құдайы жарылқап” көптен тілеген “спектакльдің” апафеозына кездескен ғой ол.

- Әй, құлағынды сатасың ба?

- Бұлар аш қой, өздері пісіріп жейтін шығар.

- Е-е, онда қатыныңның қарнын бір тойдыр, та-амыр!

“Жыртық Фима” езуін жия алмай қалыпты. Жайшылықта көп сөйлемейтін Бибатша дейтін жігіт қарап тұрып бүлініп, дәу жұдырығын көк желкеден тастап кеп жіберген екен.

Шартта-шұрт төбелес содан кейін басталып кетпесін бе.

Палаткалар қайта көтеріліп, жерошақ, плиткаларда от алаулайды. Сөніп бара жатқан жалқын күн қырық бөлек боп бөлініп, қырық түрлі қаракеті бар ошақ-отаудың маздаған қызыл-жалын отына айналғандай сәлден кейін көкжиектен асып түсіпті. Күндізгі ұрыс-керісті, одан кейінгі сабасына түскен ақыл-ойдың ұялуы мен мойындауын бүркеп майда қоңыр ымырт оралады.

Қыз қытығындай баяу қылымсып ескен самалдың желпуінен бе, әлде мұрынды жыбырлатқан тамақтың иісінен көнтерідей құрысқан көңілдер жазылды ма, орыс, қазақтың әзіл-қалжыңы естіліп жатады. Сәл-сәлден түсініспей қалған тілеуі бір, жолы бір, үміті бір еңбек адамдары нәрестедей таза болмақ қой.

- Сылқитады екенсің, Баташ!

- Сен де осалым емессің, Шодыр. Жұдырығың тигенде, төбемнен тұп-тура тау құлағандай болды.

- Баташ-ау, осы сен екеумізге не жетпеді?

- Е, бәсе, соны айтам-ау. Баяғыда біреу қыз алып қашса, бөгде біреу сандалып бостан бос қаша беріпті. Екеуміз “қашқанның жөні осылай” дегенді көрсеттік-ау деймін.

Қарқ-қарқ күлкі қабаттаса шығыпты.

- Жараңа тиын бас. Бақыр тиының бар ма?

- Мені қойшы. Сенің мынау қанталаған жүзің - ұятымнан өртенген ішімдей болып тұр. Жасымыздан бірге өсіп ек. Орыс, қазақ деп бөлінбеп ек. Қазақшаң менікінен артық-ау, Шодыр. Неден бүліндік?..

Күркіреп өткен дауылдан кейін нұр төккен күннің шуағындай жұрт көңіліңде жайдарылық туыпты. Екі-үштен қосылып кеткен дастарқан басындағы әзіл-

оспақ түн қойнына күлкі боп сіңіп, сүйініш боп тарап жатыпты.

Ертеңінде келген Румянцев Садықты, “жыртық Фиманы” және Бибатшаны салып алып қалаға тартып кетіпті. Бір жұманың шамасында Бибатша ғана қайтып оралған екен.

* * *

Қырық бесінші километрге темір жолды Октябрьдің он жетінші жылдығының қарсаңында жеткізіпті. Уәделі мерзімінен төрт күн бұрын жоспарын орындаған жұмысшыларға той күні сыйлық үлестіреді ғой. Ол кезде тігілген киім, мата беру әдетке айналса керек.

Әкей де бір драп пальтоға ие боптыы.

- Хал қалай, Қалыбай? - деп Румянцев жиналыстан кейін баракка келген екен. - Еңбек қыл да міндет қыл деген осы. Құттықтаймын!

- Рахмет, Николай Петрович!

- Үгіттеуді қашан қоясыздар? - деп бұрыш түкпірдегі нардан Зотов дейтін жер аударылып келген троцкийшіл эсер басын көтеріп алады ғой.

- Неге қоям. Біздің Компартияның күші - үгіттеуде. Бұқараның көзін ашуда.

- Соған шынымен сенесіз бе? Құрғақ сөзден қатық ұйытпайтынын неге білмейсіздер?

- Сен бос деп отырған агитация Россияда революция жасаған. Азамат соғысында айналасын темір құрсаудай торыған шетел интервенттерін айдап шыққан. Бай-кулактарды тұқыртқан да сол! Мына далаға өзгеріс әкелген де сол! - Румянцевтің даусы қатайып, көздері шақшиып кететінін Қалыбай сонда алғаш рет байқаған екен. Ал Зотов онша қызынбапты. Бірақ беріспепті.

- Революция дейсіз... Сол қажет пе еді? Коалициялық өкімет құруға келіскен Керенскийді тындамай, большевиктер билікті жеке өздері ғана алу үшін жасамап па еді революцияны.

- Сен, Зотов, байқап сөйле!

- Сіз, жарқыным, мені бөле бермеңіз. Сол коалициялық үкімет құруға қарсы болған Ульянов-Ленин емес пе еді. Құрама үкімет құрылмауының кесірінен азамат соғысы басталмап па еді. Миллиондаған адам қырылып, әкеге бала мылтық кезеніп, ағасын інісі атпап па еді. Сол ма агитацияңыз.

- Зотов, тағы да айтам, босқа арындамаңыз. Ленинге тіл тигізбеңіз... Әйтпесе...

- Жарқыным, мен өз пікірімді айтқаным үшін кесік алғам, жер аудырылғам. Сол пікірімнен тайған да емеспін. Ал, сіз айтқан бай-кулактар кім еді? Білесіз бе? Нағыз қарасирақ, сіңір қол еңбекқорлар еді! Жерді баптай білген, малды баға білген шаруалар олар! Мысалға мынау десятник Ефремовты алайық. Бұлбұрынғы кулак. Бүгінгі - жер аударылған адам. Бірақ бүгінгі мақтаулы десятник! Жұмысқа жанын салады. Неге? Еңбекке деген құштарлық жасынан қанына сіңген. Или, міне, Бибатша! Әулиеатаның байы! Смехотворно! Екі сиыр, бес қой, бір биесі болған. Бұрынғы байдың жалшысы ғана. Конфескеге енгізілгендердің санын толтырып, жоспар орындау үшін құлаққа таңылған жазықсыздар бұлар.

- Зотов, сен тым еркінси берме! Партия саясатын бұрмалауға хақың жоқ!

- Мен бұрмалап тұрған жоқпын. Шындықты айтып тұрмын. Далаға өзгеріс әкелдік дедіңіз. Өзгеріс әкелгені рас. Патшалық Россия да өз отарларына бұрын дәл бүгінгідей жыртқыш озбырлық жасамайтын.

- Тоқтат, Зотов! - Румянцев ақырып қалған ғой.

- Тындайық.

- Айтсын. “Бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ” дейді біздің қазақ!

- Сөйлесін! - деп шатырдағылар шуылдап қоя беріпті.

- Өзгеріс көп! О-о, қандай өзгерістер олар! Көшпелі халықтың тұрмыс салтын ескермей бірден отырықтандыру саясатын жүргізіндер. Малмен күн көрген елді, малын тартып алып, қырып салып, қырғынға ұшыраттындар! Шұрайлы жеріне қала салып, өндіріс орнын жасадындар. Бірақ... бірақ сол өндірістерге сондағы қазақтарды жұмысқа алды ма? Кәсіби

мамандығы жоқ деген сылтаумен маңайлатпай қуып, аштан өлтіргендеріңді немен жуарсыңдар?

Енді ше? Енді мына темір жолды неге салып жатқандарынды мен білмеймін бе? О-о, мен білем! Еще как білем! Империялық саясат бұратаналарға сенбейді. Сіздер де, Николай Петрович, сенбейсіздер. Сондықтан далалықтардың жер асты, жер үсті байлығын тездетіп тасып алу үшін керек бұл жол. В цивилизованном мире иначе действуют. Алдымен жергілікті халықтың арасынан кадрларды дайындайды. Мол дайындайды. Ал бізде... - Зотов қолын сілтеп отыра кетіпті.

- Олай емес, Зотов Сен контраның уағызын шатып отырсың. Сен болашақты елестете білсеңші! Бұл жол - өмір жолы! Мына далаға мыңдап орнар қаланың келешегін көрсеңші! Сонда мына Қалыбайлар нағыз кадрға айналады. Бүгінгі тірлік - ертеңнің басы. Сенікі қызғаныш қана!

- Охо! Мен сонда, сеніңше аштан өлмей қалғанымды қызғанам, ә! Мынау өз жерінде өгей баладай бүрсеңдеген бұратаналардың халін қызғанам, ә! Бұларды орысша сөйлемесе, адам қатарына қоспайтын коммунист мастер Степановтың алдында көздері мөлиіп тұратын “мылқаулығын”қызғанам, ә! Мына қалпыңмен сендер бұларды әлі өзі тілдерінен де айырасындар! - деп Зотов шатырдан шығып кетіпті.

Әкейдің сонда алғаш рет ойланғанын сезем. Өйткені шындықтың жүрек тілгілей жететіні ақиқат қой. Бірақ “мынау досың!”, “анау жауың!” деп жікке бөліп, қарсы қоятын кезенде, институт қабырғасы түгіл мектеп табалдырығын сирек аттаған қарабайыр қазақ жігіттеріне Зотов сөзі түсініктілеу де дұрыстау көрінген ғой.

* * *

Сол күні кешке қарай аспанды торлаған ап-ауыр қара бұлт түйдек-түйдек жөңкіліп, көк пен жердің жігін айырмастай төмендеп кетіп, ызғырығын суылдата аңыратқан екен. Содан түні бойы бір бәсеңдемепті.

Күндегісінен гөрі тез ағарған ала таңда шатыр-

палатка іші аңырап сала беріпті. Үлкендердің қазып алған жертөлелерін менсінбей жастар жағы соған дейін осы палаткада тұрып жатқан ғой, тістері тістеріне тимей дірілдеп тоңып оянып ты.

- Қар! Қар жауыпты!
- Үйіп салыпты-ей!
- Жер де аппақ, көк те аппақ!

Әлдекім тақпақтай жөнеледі:

Ақ киімді денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды...

- Ақынсың ғой, ей, өзің! Сұмдық дәл келді, ей! Бәі рас!
- Е, бәсе, әйтеуір, бір мойындаттым ба!

Төсекте алысқан екі дос қарқ-қарқ күледі.

- Әй, маған бір өлең шығарып бер.
- Қызға ма?
- Әрине, қызға.

Көзін қысыңқырап, маңғаздана қалып, досы дереу сайрай жөнеліпті.

Айттым сәлем, Қаламқас,
Саған құрбан мал мен бас.
Сағынғанда сені ойлап,
Келер көзге ыстық жас.

- Ойпырмай, сұмдық! Дәл таптың! Жанымды құрбан етуге бармын. Жарты сағат көре алмасам сағынатынымын да рас. Әй, Қалыбай, сен бар ғой, мен айтсам тұп-тура құдіретсің!
- Тоқтай тұр, бөлме ойымды! Шабыт шікәмшіл болады:

Сенен артық жан тумас,
Туса туар артылмас.
Бір өзіңнен басқаға
Ынтықтығым айтылмас.

- Түу, қалай сылқитасың, ә! Дүниеде одан артық жан жоқ. Одан артық тумайды да. Құдай ақына, Қалыбай, сен сұмдық ақынсың!
- Жарайды, Қаблан! Ақын екеніме өзімнің де күмәнім жоқ. Ал бұл өлең Тобықтыдан шыққан Абай деген ақынның өлеңі! - деп әкей аз бөгеліп тұрып, қайта сұрапты. - Ал енді сен сол сүйгеніңді бізге

көрсетсеңші. Мүмкін, көптеп көмектесіп қолыңа қоңдырып берерміз.

- Жоқ, әурелемеңдер! Айта алмаймын.
- Неге? Қызғанасың ба?
- Жоқ, қызғанбаймын! Бірақ... айта алмаймын.
- Онда өзің біл, - деп әкей теріс айналса,досы бас салыпты.
- Айтсам, дәрігер Тосяны білесің ғой. Мен соны ұнатам!

Әкей үндемей қалыпты. Дүниедегі ең ардақты нәрсе-жар жарастығы дегенді кисса-хикаялардан көп естісе де, осылай аяқ астынан кездесе қояр деп ойламаған ғой. Әсіресе таңқалдырғаны: бөтен ұлттың қызына құмартқан қазақты бұған дейін көрмегендігі де болар.

- Қалыбай, сен ағамның мінезін білесің. Бір қисайса түзелмейді. Сен соның тілін тап. Көндір! Әйтпесе, ағайынды екеу кетісеміз. Тосясыз мен тұра алмаймын.

Ішкі жалын сыртқа тек сөзбен ғана шықпайды. Оны алауы ойнаған жүзден көру керек. Ұшқын шашқан көзден байқау керек. Діріл буған, тұла бойды қалтыратып билеген оқшау хал-күйден ұғу керек. Соларды ұға алсаң, көре алсаң-онда махаббат үшін арпалысар әділет пен ақиқаттың сенен артық қолдаушысы болмайды.

Әкей бас изеп, үнсіз ғана келісімін беріпті.

Әлгі хабарды естігенде Қабланның ағасы түлен түрткендей бүлінген ғой.

- О заманда бұ заман кәпірмен құда болды дегенді кім естіген! Кешегі аруақ арты жын болғаны осы да! Үлкенді аға, кішіні іні деп сыйламас, сексиген шайтанға үрпек басын үрпитіп, өзімді аяғымен түрткізіп қалай отырам!

Тілімді бұзып, дінімнен бездірердей қандай күнәм бар еді? Адалымды арамдап, тұнығымды шайқайтын қандай кінәм бар еді? Шырағым Қалыбай, салт басты, сабау қамшылы сенен-ақ байсырап жүрген қыз артылмайды. Әкеңнің көзін көріп ем, бір жолға кешірдім. Анау шикібас Қаблан құрдасыңды қайта өзің жөнге сал. Текесініп сасып бара жатса, ұрып жығам

да қарап отырам. Бір келсаптан шықанымыз рас болса, айтқанымды тастамасын. Сен де аузыңа ие бол. Жұдырықпен сөйлесуді әдет қып алдық қой, босқа жазым боларсың, - деп Аблан шиыршық атып, маңына жолатпапты.

Осы жайды әкей Қабланға келіп айтқан екен, анау одан әрі дүрілдеген ғой. Әрине қара өртті тамшы себелеп кім сөндіре алар! Қара дауылды қамшы көтеріп кім қорқыта алар!

Қалыбай шығып кеткен соң ашулы Аблан пеш басында күйбеңдеп жүрген әйеліне қабағының астынан сүзе қарап, булығып, түтігіп қирап отырып қалыпты. Жертөленің сыз тартқан, тамшы-шық үйірілген қабырғалары қазандықтың аузынан баялышты жалмай жұтып шалқыған оттың бірде жарық, бірде күңгірт сәулесінде дірілдеп билеп тұр. Тері бөстектің үстінде қима шапанды бүркеніп, жеті-сегіздердегі ұлы бүрісіп жатыр. Үйде тұсап тастайтын қыс күнінен запыланған бала манадан тырс етіп тіл қатпаған қатулы әкеге жиі жапақтайды. Қай жерімнен кінәлі боп қалармын дейтіндей, үй-ішінде бар-жоғын да білдірмеуге тырысып, бір-екі рет аузын баса, тұншыға жөтелген-ді. Сәлден кейін өнебойы түгел қызып, қаракөлеңке бұрыштардан сығалағандай қорқынышты суреттер елестеп, тынышы кете бастады. Сонда да үн шығарудан қорқып, бетінде жылтырағы жоқ бір аяқ кеспені алдына алып, үстіне түсіп кетердей сораптап отырған әкесіне үнсіз ғана қиыстайды.

Кішкене ағаш тостағанды жуып жатқан апасының ақ жаулығына күйе жұғыпты, асығып жүріп байқамаса керек. Қабырғадағы көлеңкесі де өзінен аумайды. Қырлы мұрны, жазық маңцайы дәл сол қалпында, тек қана әдеттегіден қомақты да үлкен. Әлденеге қапа боп, ызадан булығып жетіп анасының омырауына басын төсегенде, жас толы жанарына дәл осылай буал-дырланып, дірілдеп, үлкейіп оралатын мейірбан жүзді ол бұрын да талай көрген-ді.

- Кәне, іше ғой, күнім. Қарның ашқан шығар.

Ағаш қасық та дәл бұндай ауыр болар деп ойламаушы еді. Көкесі көтеретін шпалдан да ауыр-ау, қолынан түсіп барады.

- Не болды, күнім? Ішші, іше ғой. Аузың күйіп қалды ма, сорлы? - деп бәйек боп жатыр ана байғұс.

-Неменеге өбектеп кеттің. Тәйт әрі, үстіне түсе бермей! - деп сұйық көжені араластыра сапырып отырған Аблан ашу шақырды. -Қарыс аттап шықпайсың. Күнұзын суық сорып, қалжырап келетінімді білесің. Ләвкеден бір қадақ ет жазғызып алуды құдай саған бұйыртпай-ақ қойды ғой!

- Өзіңіз ғой, көкесі-ау, ләвкеден менсіз бір сабақ жіп алма деп нығыздап қойған... -деп әйелі күмілжіді.

Інге кіргендей төмен сүңгіген тар дәлізді екі үш-ақ аттап, ыңыршақ кішкене есікті ойбайлата ашып үйге біреу енді. Үйіріліп, толқындап төрге озған ауа, буға айналып, тар үйді толтырып жіберді.

- Ей, сен бе едің, Қаблан. Апақ-сапақта қайда құрып кеттің? Жын қуып жүр ме, жыннан да өткен сары сайтан иектеп жүр ме? -деп сойылдай саусақтарымен ағаш қасықты опырып жіберердей уыстай қысып, шүңірек көздерін інісіне қадады.

- Аға! Неге тарыла бересіз? Ығыңыздан бір шығармай, желкеміздің жел ысқыртып отырғаныңыз ылғи. Әйел боп күңкілдеспей, бала боп еркелей алмай, іні боп кеңес құрмай алдыңызда құрдай жорғалаумен келеміз. Не таптық? Басынан ерік кетіп еді, орыстар тіпті патшасын да қуып тастады ғой. Қараша қостың хандығын сіз қашан құлатасыз? - деп Қаблан ақтарылып кетті.

- Тілің шығайын деген екен. Арқалап өсіріп ем, жауыр болған жарам жазылмай-ақ жағама жармастың ба? Тапқаның осы болса, таласа бер, - деп ағасы теріс айналып жатып қалды.

Қайнысының алдына тамағын әкеліп қойып, жалтақтаған әйелі іші толған ыза мен ашуға шыдамады ма, алғаш рет отағасына қарсы сөйледі.

- Көкесі, Кенжемнің маған да айтқаны бар еді. Басыңызды көтеріңіз. Бас екеу болмай, мал екеу болмайды. Батаңызды беріңіз.

Үстіне мұздай су құйып жібергендей Аблан басын жұлып алды.

- Ой, шікін! Қатынға қарадық па, ақыры. Жетіскен екенбіз! О тоба! Жарыған екеміз! Пәле-ай, қырықтан

асқанда Абланның алдынан тосары қырқылжың құнсыздығы екен-ау!

Қаблан аузына апара берген қасығын қоя салды.

- Аға, жетімдік көрсетпей, арқалап өсірдіңіз. Ерніңіз маңдайымды жиі иіскейтін. Енді неге еркімді аласыз? Жанымды неге жаралайсыз? - деп ашынған інінің үнінде сызды жертөленің сүңгі тұтқан қабырғасындай суық ызғар жатыр.

- Түтініңді салдым де! Бықсыдым де осылай! Бір енің ішінде еді әуелде. Ақыры ашылдың ғой. Менің ендігі адамдығым мен ағалығым бір шүйкебас құрлы болмаса, үйелменіммен өртенгенім ғой! Е-е, өрте, өрте! Қаузай түс! Басқа ұр, көзге шұқы! Үйрет! Нұқып, шоқып үйрет! - деп Аблан демігіп, түтігіп кетті. Қырылдаған, қарлыққан көмейдің зәрлі ысылы қабаған төбеттің екі көзі от шашып таянатын ырылына ұқсап кетті.

Қаблан төсек үстіндегі түлкі тымағына қол созды. Қызыл күрең қылшықты алақанымен сипап қалып, тымақтың бір құлағын жымырайта киді. Пеш түбіңде отырған інісіне қарады. Екі беті албырап, көзі жасаурап бағжиып қапты. “Ағатай, кетпеші, отыра тұршы! Жақсы ағатайым, тағы біраз болшы!”,- дейтіндей, жүзінде жалынышты рең бар. Сол қарасты қимады ма, әлде арылған сөз әкеткісі келді ме, тымағын қайта шешіп, тізесіне қойды. Қияқтай қара мұртын екі саусағының ұшымен сипалай түсіп, төмен тұқырды.

Шымшуырмен от көсеген жеңгесі әлденеге ауыр күрсініп, ернін шылп еткізді. Көзінің астымен екі еркекті бір шолып өтті де, ұлына бұрылып, мелшиіп қалды.

Аблан екі танауы жиі желбіреп, арқар мүйіз шақшасын суырды. Тығынын ашып, қарақошқыл насыбайдың шөкімдейін бас бармақтың тырнағына салып алып, желбіреген қос танауға кезек-кезек жүгіртті. Аларған көзді сәтке ғана жұмып қалып, қатты-қатты түшкіріп жіберді. Көзден жас, танаудан су ақты. Құмары қанғанмен, құштары оралмады. Ашуы байырқаламады. Бұлыңғыр күндегі ауыр бұлттай жүзіндегі кейістік қоюлана түсті.

- Жә! Айтыстық та ашылдық. Бүкпеміз қалған жоқ.

Мәймөңкелейтін жайым тағы жоқ. Қыңыр екем. Қисайдым. Енді түзелмен!

Жоныңды көрсеттің, інім! Сақалыма жармасуың ғана қалды. Сен соған да барарсың. Орынбай балалары қырқысып жатыр дегізгенше, мен кетейін. Құриын бұл арадан. Анау Садықтың әйелі кешкелі жатыр деп еді, қатын да болса ел бастаған бәйбішелігі бар. Соған ілесем. Тірі бол, әйтеуір. Бір-бірімізге топырақ салыспай-ақ қояйық.

Өкпеге қимайтын шала бүліну емес, өлгенше ұмытпастай қинайтын кәрлі үкімін айтты да, қытымыр аға кең күпісін жамыла қисая берді.

Жауап тосқаны да, жауаптасқаны да сол. Шешті, кесті. Айырылмайды. Қайта жібімейді.

Баланы оқыс жөтел буды. Қиқылдап, күркілдеп жатыр. “Қап! қап!” дейтіндей. Үлкендердің ұғыныспауын кінәлайтындай. Мамығы аз, бидайы тозған көне бөстекті аузына төсеп, булыға барып жым болды.

- Кеттім!..

Немен кетті, қалай кетті, Қаблан да айтқан жоқ, Ыңыршақ есік ұртын толтыра темекі түтінін бұрқ еткізген мастай шайқалып қалып, суық ауаны лақылдата кіргізді де, әндете барып жабылды. Енді әндетпейді, енді қайтып о да жақ жазбайды.

* * *

Женя танаулап жүгіріп келді.

- Қалыбай, не істейміз? Орынбаев көшкелі жатыр.

- Аблан ба? Жолы болсын онда.

- Білесің бе не деп тұрғанынды? Ұғасың ба сен осы?-деп Женя күйіп-пісіп, қолын сермеп болды да қалды. Жұқа жазық мандайына әжім үйіріліп, көкшіл көздері кішірейіп кетеді екен.

- Көшсе, көшсін деймін. Феодализмнің қалдығы ол! Қабланға қарсы! Тосяға қарсы! Екеуінің қосылуына қарсы! Міне, менің айтарым! - дейді әкей.

- Ақымақ! Түк білмейсің. Орынбаевтың кетуі - кесел. Үлкен кесел! Тоғанға бекіткен бір кірпіштің кетілуі ол. Ыдырауы ол. Түсінесің бе?

- Кірпішің не? Қайдағы тоған айтып тұрғаның?

- Түу, саңылау жоқ екен ғой өзіңде. Орынбаев құрылыстан кетсе - ертең басқалар да жылыстай бастайды. Сылтау таба алмай отырған жұрт ыдырап кетсе, жұмыс ақсайды. Әй, бәрінен де бұрын, қазақ жұмысшы табының өкілі қалыптасып келеді деген күмпілдеуіміз босқа қалатын болды. Біле білсең, бұл бүкіләлемдік буржуазияның отына май құю! Міне, Орынбаевтың көшіп кетуінің маңызы қайда жатыр.

Мына сөздерден кейін әкейдің тың тұяқ тұрған малы жұтқа ұшырап, қолында қу таяғы мен жүгені қалғандай әсерленуі қалай? Міне саған саясат! Бір адамға тірелер не бар деуші еді. Тіреледі екен. Айналасына салмақ сап, ойсыратып, ойлантып, заман ауқымының таразысы қылпып тұрған шағында, қарсы жағын үстем етіп тіреледі екен. Бірақ Абланды адам түгіл, құдай тоқтата алар ма.

* * *

Күн ызғарын күшейтіп терістіктің үдей түсетін желі ысқырына көтерілген ғой. Ши түбіндегі күпсек қарды суыра тартып, қара жерде бидай қуырғандай қуалай жөнеліпті. Ол аздай-ақ аспанның түбі тесіліп, жапалақтап қар көп жауыпты. Кешке қарай ышқынған жел одан сайын күшіне мініп, жер мен көктің арасын ақ түтекпен құйындатып құтыртып жіберіпті. Қызылшұнақ аяз қысып, азынаған, сарнаған, суылдаған үндер кең даланы керіп, кернеп бара жатыпты. Аблан үйі жүгін буып, сандығын шандып қойыпты. Сырттағы боран болмаса, іштегі дүлей тым-тырыс. Қабақ баққан жүздердің томсырайған қақпасының тасасында. Қазандықтың оты сөнген соң үй-іші азынап тұр.

-Қатын-ай! От жақ! Ертең көшерміз, - деген Аблан бір сәт құшағында отырған баласының маңдайын ұстады. - Ойпыр-ай, күйіп тұр ғой! Қырсық қылғанда, ауырып қалмаса нетті!?

Жүзінде опыныс бар. “Шығасыға иесі басшы” деуші еді. Шиеттей баладан қалған жалғызымды

көпсінгендей жасағанға не жаздым? Қараниетімнен таптым ба?" деген ой шошынтып тірілді.

-Қатын-ай, қатын! Бол, ойбай, төсеніш жаз! - деп дегбірі қалмай көңілі ұйқы-тұйқы бұзылып сала берді. Көкірегіне тіреліп, толқындап тұрған ашуы да сейіліп, басылып қалды. - Астын қалыңдат! Текеметті төсе. Қисайшы, қи! Жіп табылады деймін. Менің тонымды да ал.

Төсек салынды, от маздап жанды.

Қызуы көтерілген баланың қиық-қиқ жөтелі жертөлені толтырып әкетті.

Өбектеген әке-шеше ұлының екі жағында. Бірі маңдайын, бірі қолын уқалайды. Ұзақ күбірлеп әркімнен естіген "Құранының" құрамасын шатастырып жаны ауырған әке "дем" салады. Соқыршамның әлсіз сәулесі дірілдейді. Әлсіз сәуледе ананың мұрнының ұшына үйірілген тамшы жас билейді.

-Су!.. Апа, су!.. - Аузын ашқанда ып-ыстық, сасық құрғақ леп шығады. Бір жұтым судың жартысы тамағына сорғалайды.

"Өле ме?!" Суық ой сумаңдап жетіп, миын бұрғылағанда, Абланның иегі кемсеңдеп кетті. Шатастырып "Әлхамды" тағы бастады. Екі бүктетіліп ұлының үстіне төніп отыр. Баласының көгере білеуленіп тұрған шеке тамырының бүлк-бүлк соққанын дәтке қуат етердей. Соның тоқтамауын, бітпеуін жан-тәнімен тілеп тәңіріне жалынады.

Сау етіп ішке үш-төртеу енді. Женя, Қаблан, Қалаубектер. Аяқтарының қарын қағып, есік алдында тұрып қалысты.

-Қабланбысың? - жалғыз сөз көмек сұрағандай жалбарына естілді. Одан әрі аузы-басы кемсеңдеп кетті.

- Аға, жүдемеңіз... Сәменнің түнде-ақ ауырып отырғанын біліп ем. Женя, дөрігерге баршы.

Сереудей-сереудей ағайынды екеу үйме-жүйме тізерлесіп отыр. Араларында ұрыс-керіс болмағандай.

-Денесі күйіп-жанып барады...

- Суық тиген ғой.

- Әлжуаздау сорлы еді.

Тосяны ертіп Женя келді. Екеуінің де қойны-

қоншына қар толып кетіпті. Тося кірген бетте ернін жыбырлатып амандасқан бойда, Қабланға қараған көзінде: “Не болды? Ашуы қайтты ма?” дейтін үнсіз сұрақ тұрған екен.

- Ойбай-ау, Тосяжан-ау неғып бөгеліп тұрсың! Сәлменді тездетіп қарасаңшы! - деп Қалыбай шыдамсыздық білдіреді.

Болашақ келінімен тізелес отырмайын дегендей Аблан кейін сырғып, жүкке сүйеніпті.

Тося ине сұғып, ұнтақ дәрі ішкізеді.

- Жазылады сен! Молодец! Жігітсің! - дейді. Соның берін сондай елжіреп айтады ғой. Шала қазақшасы мұншама жұғымды болар ма, отағасының құлағына жағып сала беріпті. Ұрлана бағып қараса, түрі де кәдімгідей келіскен екен. Бетмоншағы үзілген ибалы қазақ қыздарынан бір де кем емес тәрізді-ау!

Бала тынышталып, сәл-сәл көзі ілінеді.

Тося Қалыбай мен Женяны ертіп тысқа шығып кетеді.

- Өкпесіне суық тиген. Қалаға дереу баруым керек. Дәрім таусылды.

- Мен барайын, - дейді әкей.

- Жоқ! Өзім барам. Алатын медикаменттерім көп еді.

Бұл кезде жел тыншып, қар құйып тұрған. Ай қараңғы.

- Таба аласың ба?

- Темір жолды жағалап отырам ғой. Екі-үш сағатта оралам. Қалыбай, сен жуас торыны ерттеп бер.

Түн ортасы ауған. Қазандықтың астынан от үзбей күйбендеген ана шымшуырға сүйеніп, үзік-үзік ой жалғайды.

Жеті құрсақ көтеріпті. Торсық шеке ұл еді шетінен. Алды ат белін тартып мінуге жарап қалған-ды. Қарап көзі тоймаушы еді. Күлімдеп іштей шүкірәна болатын. Егіз қозыдай бірінен бірі аумай дастарқан басында мойыл көздері мөлдіреп отыратындары да бір дәурен екен-ау!.. Күрсініп салды. “Құлындарым, құлыншақтарым! Сақтай алмадым. Ауыздарын ашқан балапандарым-ай! Біріңнің артыңнан бірің кеттіндер!” Жіңішке қолдарын созып, әлсіреген дауыспен нан

сұрап тұрған ұлдарын көргендей селк ете түсті. Сандырақтап жатқан Сәменін көрді. Қайта сүйенді.

Ол кезде Сәмен емшек еметін. Соның арқасында өртенген орманнан аман қалған жалғыз талшыбығы... Әл үстінде. Ана жүрегі қабынып кетті. Кеудесін тырнап барады. Дуылдатып, өрт түскендей ышқынтты. Еңкейген қалпы еңіреп жіберді.

Қаблан ұнтақ дәрінің бір бумасын қасыққа салып, су қосып баланың аузына құйды.

Бір кез көзін ашқан Сәмен ағасын таныды. Сәл жымиғандай әлпет көрсетті.

- Аға-ғатай!..

Қолын созып мұның жалпақ алақанын сипалады. Қатайып мүйізденген саусақтардың түбін тырнағымен қасыды. Содан кейін екінші қолымен әкесінің түюлі жатқан жұдырығын әлгі алақанға әкеп салды. Қысып ұстап қапты. “Екеуің тату болыңдаршы!” дегенді сәби көңілмен осылай білдіргені еді. Үлкендер айтпай-ақ ұқты.

Қалыбай мен Женя және бірнеше ағайыны екі-үш рет келіп кеткен. Не айта қойсын. Іштей тілеулес.

Ұзақ түн сыздықтай созылып, таусылып барады. Таң қараңғысы тақалған кезде жел күшейді. Жаяу боран қайта бас көтерді.

Тося таңертең де келмеді. Боран үдей түсті.

- Қап! Өзім барғанда ғой...

- Саған не болған, Қалыбай?! Бораннан шыға алмаған ғой. Түн ішінде оған дәрі-дәрмекті кім босатып бере қойды дейсің. Біздің бюрократияны білесің ғой. -Женяның өзі де айтқанына сенбейтіндей.

Сол екі арада Зотов келді. Бір күн бұрын қалаға кеткен. Оралған беті екен.

- Тосяны көрмедің бе?

- Е, ол әлі келмеп пе еді?

- Жоқ! Қашан шығып еді?

- Осылай қарай кетіп пе еді ол?

Қалыбай мен Женя қатарласа сұраған ғой.

-Түнде-ақ қайтып кеткен. Таңертең бірге барайық деп ем, көнбеген. Соншама асығардай не боп қап еді?

- Осында бір бала хал үстінде жатыр...

- Е, онда асығуының себебі белгілі болды... - Зотов күмілжіп, сөзінің аяғын жұтып жіберді.

-Қалыбай, тұрма! Жүгір, палаткадағыларға хабар бер. Мен конторға кірейін. Іздеу керек.

Зотов жалғыз қала береді. Аяз күшейіп, боранның әлеті бұзылып, концертін бастардағы оркестрдің әр аспаптың құлақ күйін іздестіргеніндей ию-қию жамырап, азынап ала жөнеледі.

“Бүгін жұмыс бола қоймас. Қап! Бекер жіберген екем байғұс қызды. Неге бірге шықпадым?”

Өзін өзі қинаған Зотов кеңсе алдына шоғырланған топқа қарай ілбіпті.

* * *

- Әлгі сорлы қыз жоқ дейді...

Даладан көрші әйел сөйлей кіріпті. Етегінен ерні бұрын жүретін әдеті екен. Ести сала әлгі үйге жүгірген ғой.

- Адасып кеткен ол. Үріп ауызға салғандай еді өзі де. Маңдайымызға сыймады ғой.

“Маңдайымызға” дегенде тізесінің үстіндегі жұдырығына басын төсеп есеңгіреп отырған Абланға бұрылып қойыпты.

Аблан орнынан тұрады.

- Шидемімді әпер.

Еңкейіп барып Сәменнің маңдайынан сипайды.

- Қатын... - сәл бөгеліп қалады. - Зекіш, үйдің ішін суытып алма.

Көп айналмапты сонсоң. Айтатындары көмейінде тығылып тұрса да, жұмсарғанын туғалы аузынан шығармаған - “Зекішімен” білдірген екен, екі әйел аңырып, состиып қарап қапты.

Есіктен шыға бергенде-ақ құтырынып тұрған кәрлі боран суық ызғарлы лебін көмейлете тығып жіберіп, “қайда барасың!” Шықпа, отыр дегендей зу-зу еткен ғой.

- Налет келгірдің түрі қалай еді?!

Жалғыз жаяу тәлтіректей аттап, қарлы құйынның әлемтапырақ қойнына сүңгіп кетіпті.

Кеңсенің алдындағы бір шоғыр топқа ілескен Зотов біразға дейін шыдаған екен. Қарсы ұйтқыған боранның суық толқыны бет қаратпай тұншықтырып бара жатқан соң кейіндей беріпті.

“Бәрі менің кесірімнен. Түнде жеке жібермесем ғой, мұншама жұрт әуре болмас еді. Енді міне талай адам... Ал, бала ше?”

Сол-ақ екен өршелене ілгері ұмтылыпты. Сырмалы күпәйкесінің сыртынан киген брезент сулығының қойын-қолтығынан жел үрлеп, қалш-қалш дірілдетіпті. Құлақтың суылы орасан, шулаған аяз үні, ұлыған, ыңыранған, сыңсыған боран үні қатқабат түйдектеле жетіп, тынбайтын, толастамайтын дүрілімен бас айналдырып жіберген ғой. Зотов сәлден кейін-ақ бағытынан адасыпты. Таяқ тастам жердегі қыстау-мекенді жер жұтқандай жым-жылас қыпты. Аспан мен жерді араластырып, ақ түтек астан-кестен сапырылып, төңкеріліп-аударылып жатыпты.

Кәрлі аязды суық жел шыдатпаған Зотов ықта-ғаннан ықтай берген ғой. Бітпейтін ызалы ызыңы мол өгей даланың өршіккен боранын иығымен қалт-құлт етіп үңгіген жалғыз қара, айқайлаған дауысы өзіне де естілмей, ұзап бара жатыпты.

“Өлем бе?.. Бүкіл ғұмырлық күрес осылай босқа тына ма?.. Мынау бомба атар брошюрам... еңбегім жоғала ма?”

Саусақтарының ұшы шаншыпты. Екі самайына қар тықпалап боран үдепті. Сулығының етегі жалпылдап қайрылып барып арқасына түсіп, белін ашып-ашып тастайды екен. Бір ғажабы бақайлары сау, тоңа қоймапты.

...Уақыттан хабарсыз қалып, мөлшерін бағдарлай алмапты. Құлақ талдырған ызың-шулы аяздан да сол белгісіздік қатты қинаған ғой.

“Текке құрыдым... Жасырып, құпиялап жазған еңбегім босқа қалды!..”

Зотов бүктетіліп, құлап түсіпті. Жандәрмен бұлқынып орнынан тұрмақ болыпты. Ышқына, екілене соққан толқынды дүлей қағып жығыпты.

Икемге келмеген еріндер ғана әлсіз қыбырлайды

екен. “Өле-е-ем?! Еңбегім! Статьям!.. Боран, дала, ай дала...

Степь да степь кругом...
Путь далек лежит...”

Әлде қайдан қаңғып кеп ән сазы ойы мен миына сап еткен ғой. Енді бірде сол ұйтқыған қарлы құйын тек қана осы өлеңді азалы үнмен аңыратындай миын шағып бара жатқан ғой.

В той степи глухой,
Умирал ямщик...

“Жәмшік... Зотов... Кім ол Зотов? Кім ол Зотов? Мен! Мен-Жәмшік... менің статьям!”

- Тұр! Түр деймін!

Әлдекім иығынан бүре ұстап, сілкілеп-сілкілеп жіберіпті.

- Қатып қаласың! Түрегел! Бол!
- Не керек?! Бермеймін!.. Менің статьям!..

Иығындағы қолды ысырып тастамақ болады.

- Мына немені қайтсам екен?!

Күштеп орнынан тұрғызыпты. Қар уыстап бет аузын ысқылапты. Құлақшынының бауын байлап беріпті.

- Жүре аласың ба?

Зотов есін жиыпты. Абланды таныған ғой.

- Мен саған... мен саған алғыс айтады. Жеткіз...
- Ер соңымнан! Сөйлеме!

Жығыла-сүріне жылжыған екеудің жолы таусылардай емес, жеткізердей де емес. Құрдымға шым батып шыққандай талықсып, жанталаса құлаш ұрған теңіздегі дәрменсіз жандай, әйтеуір, тоқтамай ілгері жылжи беріпті. Зотов жығылып-тұрып, жығылып-тұрып бара жатады. Суық тартқан жұқа құлақшын темір қысқаш кигендей шекесін қарып түсіп, қылбұрауға салғандай бас сүйегін қысып ала жөнелген ғой.

“Ойпырау, қашан жетеміз? Мына қазақ әдейі істеп келе жатпасын. Алысқа, елсізге апарып, адастырып өлтірмек пе? Ендігі келетін едік қой. Осы менде ақша бар деп қызыққан болды. Менің ақшамен өш екенімді қайдан білсін?”

Зотов Абланның ту сыртынан қарап, үстіндегі шидеміне құмартқан ғой. “Жылы шығар. Көшпелі елдің табиғатқа бейімделген киімдеріне не жетсін. Өзі де нағыз далалық-ау. Даланың әр бұдыры таныс. Менен ақша табам дей ме? Онда неге қойнымды тінтпейді. Әлде қорқа ма?”

Үскірік жалап, тиген жерін тіліп түседі екен. Зотовтың саусақтары бүгілмей сіресіп қалыпты.

“Көкжелкемнен бір періп... Құлатады. Ұрмай-ақ, өлтіруі оңай... Қой, неге өлтіреді ол?”

Дәл сол кезде Аблан артына бұрылыпты. Шала есіріктеніп тұрған серігінің халін таныпты.

- Шеш үстіндегіні! Бол!
- Шешпейді! Не подходи! Убью!
- Әй, шіркін! Түсінсеңші!
- Ақша мен барған зимовкаға береді. Ақшам сонда.

“Ақша дей ме? Қайтемін онынды. Сонда мен сені ақша үшін құтқарып жүрмін бе? Орыспысың деген осы-ау, ә”.

- Менің шидемімді ки, киім ауыстырайық. Ұшып кетесің.
- Жоқ, жоқ! Тоңбайды. Не надо!

“Өлмесең өмірем қап! Иттігіңе иттік жасадым, ал!”

Қозғала беріп, Аблан қайта тоқтапты.

- Шеш тез!

Түсі бұзылып, сулықтың түймесін өзі ағыта бастапты.

- Убью!

Зотов құлаштап салып қалыпты. Қайта қол сілтетпей Аблан әлгіні қапсыра құшақтап, алып ұрады. Тізесімен басып отырып күпәйке мен сулықты шешеді. Шидемін сыпырып тастайды.

- Ки тез!

Екеуі тағы ілгері қозғалады.

“Күші бар. Қарулы екен. Ұрған жоқ. Неге ұрмады?”

- Ақша береді мен. Ақшам, деньги там.

Бойы сәл-сәл жылыныпты. Бет қарапайтын ызғырық Абланның кең жауырынының тасасында Зотовқа енді онша мазасыз тие қоймапты. Ізбе із жүруге жараса, аман-сау оралатынын анық сезеді. Бір сәт... жүрегі шымыр ете түскен ғой. Мол денесіне тарлық еткен күпәйкенің екі өңірін қаусыра ұстап келе

жатқан қазақтың қолы тыншымайтындай көрінеді. Статьяны тауып алса...

“Өлтірем! Әттең тас. Шайтан азғырды мені, қызды іздеп нем бар еді. Өлтірем. Қазір. Жүзге дейін санап алайын. Тас... Бір, екі, тас...”

- Әй, келдік!..

Маңдайымен жонарқаны сүзе тоқтаған Зотовтың көзі түк көрмепті. Бағзы сарыны тұтаса уілдеген ақ түтек жын ойнағы аттам жерде аппақ пердесін жалпылдата тұтып тұрған ғой.

- Шидемімді бер өзіме.

Күпәйкесін беріп жатып Аблан астарын ашыпты.

- Сенде ми жоқ. Қағазды осындай жерде сақтай ма. Жыртылып тозып бітеді ғой. Міне, барағың. Алдыңда тұр.

Артына бұрылмастан кете береді.

Зотов есік пен төрдей жердегі шым үйді сонда ғана нобайлапты. “Ех! Адамды қалай танымаймыз біз?! Ол емес, мен ақымақ, мен! Ал ол мені бір емес, екі рет өлімнен құтқарды. А еще какой-то степняк!”

III

Қайнайды қаның,
Ашиды жаның,
Мінездерін көргенде...

Ширыққан жанның зәуіде бір айтылатын жүрекжарды сыры ғой бұл. Кең маңдайға сайын даласының тарам-тарам сүрлеу-соқпақтарындай боп қатар түзей құлаған әжім іздерін саусақтарымен сипалап қойып, әкей өткендегі өмір жолдарын аралап кетуші еді. Бір кездегі әлемтапырық құлазыған көңілінің дел-сал күйге түскенін бәлки ұмыта алмайтын да шығар. Жүрек қазынасына балаған кең даласының жомарт дарқандығын, ақжүрек меймандостығын, кеңпейіл қонақжайлығын қолжаулық етіп, ұры иттей сумандай кіріп, арамдап шығатын әлдебір келімсектердің әбестігін шам көре ме, кей-кейде жым-жырт мүлгіген өлкесіне әрі аяй,

әрі аялай ұзақ қарап қалатыны болушы еді. Өзгерген өмірдің, жавдрған тірліктің ауқымын багдарлай алмай, өз бақытын өздері ұрлап, қарсылық көрсеткен кейбір сорлы мұндарлардың қиуасыз қаракеттері жанын қайрайтын да болар, ілез әжімдері азайып, қырлы мұрынды, жанар оты жалындап тұратын жүзі жылынып, тағы бір әнін бастайтын.

Сарыаркдның сауыры-ай!
Сылқым, самал сауығы-ай!
Күнде жиын, күнде той
Қыз-бозбала ауылы-ай!

* * *

Жұмыскер қауым - тойшыл, думаншыл халық қой. Отыз жетінші разъезге мамырды орталатып той дүрмегі жетеді. Қызылды-жасыл киініп дала оянады. Қызылды-жасылды киініп қыз-бозбала бұлаңдайды. Дала сәні көңіл қуанышымен астарлас болары хақ. Майрампаз, сауықшыл жүздер түлеген өлкенің, түрленген көктемнің құлпырып бой жазған жас түлек, жаңа өскіндеріндей көрінбей ме.

Той иесі - Аблан. Тойдың “Кінәгерлері” - Қаблан мен Тося. Екі жас. Табысқан екі ұлттың сүйіскен жігіті мен қызы. Түлен түрткендей Абланды мөңкіткен ескі дәстүрдің тозған салты да, еменжарқын Абланды шаш та төк еткен жаңаша тірліктің жаңа бой көтерген құт босағалы ақ отауы, ізгілігі мен өміршеңдігі.

Күмбірлеп күй төгіліп, шығандай шарықтап ән кетіпті. Толастамай, үйіріліп-толқып, дірілдеп-тербетіліп сұлу нақышымен жеткен сырлы саз тыңдаушыларының көз алдына көлденеңдете небір әдемі суреттерді тосады, “Шолпысы мен шашбауын сылдырлатып, ырғаң-ырғаң бұрала басқан” қыр кермиығы ол! Серіліктің сары саумал қызуына еліткен кең кеуделі, асқақ үнді “сұлулардың қасына көп жантайған” сахараның салқын бел, самал көліне қонған, елінің еркесі мен серкесі болған қыр жігіті ол! “Шыты мен шытырасын бір ғана ынтық сүйіске бұлдаған”

толқыған астықтың ортасында толқынды тілегін білдірген орыс жігіті ол! “Қара жолға ұрлана көз тастап, көп құрбысынан алшақ кетіп” жүрек дірілімен тіл қатқан орыс сұлуы ол! Соның бәрінен жарастық төгіледі. Ерінге еріксіз үйірілген тәтті жымиыс, іңкәр күлкі табы боп шаттық-қызыққа бастайды.

Балдай тәтті дәмді таңдайға тастап жіберіп, ұзақ тамсана сорғандай ерке сазды, қантамырды шымырлата жүгірер әуезді әуенді емірене тыңдап отырған Аблан бір кезде ыстық бір қызумен сөйлеп кетіпті.

- Тәубе! Шүкірлік! Құт босағамнан күлкі мен ән төгілді. Үні балдай, әуені шекердей іні-қарындастарыма рақмет! Өнер өрісі осылай ұзармақ! Ұзармақ та үмітсіз деген уайымды, уайымшыл ойымды шайқап, ыдыратып жібермек. Е-е, ылайымда осылай болсын-шы! Жетпегенім көп еді, алғаным аңсағанымнан да асып түсті!

Қазақ, орыстың өздеріндей боп той дәстүрі де араласып, қойын-қолтықтасып кетіпті.

Алқақотан топты дүр шайқалтып балуандар ортаға түсіпті. Шаршы топты сүйсіндіріп “кадриль” мен “мазурка” дөңгеленіпті. Билеген қазақ жасы болыпты, белдескен орыс жігіті болыпты. Бірінен-бірі үйреніп, өнерге өнер қосып, көп қоңырау үніндей келісті сыңғырмен жаңа қасиет тапқан дала тойы шымылдығын кең ашып жіберген ғой.

Қалыбай да аянып қалмаса керек. Қалақша домбырасын безілдетіп айтысқа да түсіпті, жалаңаш тәніне шекпен жамылып күреске де шығыпты. Биден де бас тартпапты.

- Әй, мынаның оты бар!
- Матайдың ұлы нағыз жігіт екен!
- Ақжолбекке тартқан ғой! - дескен жұрт қатты көтермелепті. “жігітті жұрт мақтаған қыз жақтаған” демей ме. Көп ішінен өзіне қадалған шырайлы қарасты көреді. Кішілеу қой көзді, толық дөңгелек жүзді, талдырмаш қана қыз екен. Тазалық қалыпта, ерке сәби пішінде шын құмарта, шын қызыға көз тастап тұр екен. Бүкпесі жоқ, қалтқысы жоқ саф көңілдің көлеңке түспес пәктігі Қалыбайға әлгі бір риясыз ақкөңіл жүзден көрінгендей болмай ма.

Ретін тауып, бір қағаберісте екеуі кездесе кетеді.

- Кімсіз, қарындас?
- Қарындасыңызбын, ағай!..
- Көрмеп едім ғой бұрын?...
- Бұрын көрмесеңіз, бүгін көрдіңіз ғой, ағай!..

“Бәлекет-ай ей, өзі!.. Кіп-кішкентай болып алып, сөздің жүйесінен жаңылмайды”.

- Көктемнің жаңа ашылған қызғалдағы емессіз бе, қарындас?
- Болсам болармын, ағай!..
- Менен қорықпайсыз ба, қарындас?
- Сізден неге қорқам, ағай. Шөп жейтін мал емессіз.
- Үзіп алсам ше, қарындас?..
- Ондай емессіз, ағай... Сіз қызғалдақты бекер үзбейсіз...
- Рахмет!.. Иә, ондай емеспін...

...Күз түсе тағы бір той оралыпты ауылға. Жаңа отаудың жас шаңырағы аспандап көтеріліпті. Жаңа семьяның түтіні түзу көлбеңдепті. Келешек үбірлі-шүбірлі орданың алғашқы ұясы осылай құрылыпты.

Дүниедегі әсем ән, бар сұлу әуендердің бастауы-ана жыры, ана әлдиі ғой. Өмірдегі өзім ғана айта алар, перзенттік жүректен жарып шығар жырым болса, осы ана әлдиіне арнар алғыс-құрметім дер едім мен оны. Ана жүрегіне бағыштар ыстық ілтипатым дәл сонда осы жолдарға елжіреп төгілсе, құйылып, мөлдіреп кетсе, арманым не?

ІҮ

Алқызыл көрінеді қдшқдн түлкі
Жігіттің қдйда калмас жиған мүлкі.
Төменнен жоғарыға қол сермеймін,
Болсын деп шіркін көңіл көтеріңкі...

Бағзы бір қысқы қоңыр кештерде шапашотын нық-нық лекіте секіртіп, ағаш жонып отырып, осы әнді майда қоңыр даусымен өкей шырқап кетуші еді. Қасына тақала түсіп, кітап оқыған боп, қыбырсыз жатып тындап қалатынмын.

Үлкен кең мандайда ұсақ-ұсақ тер моншақтары дірілдейтін. Ат жақты сұлу жүздің бетінде қаны ойнайтын. Төменнен биікке ұмсына қол созған әрі қайсар, әрі шадыман, әрі күйкі тірліктің бұйығылығына мойымайтын сері жан сол шақта әкемнің өзі боп елестейтін.

* * *

Тың далаға тырмыса сұғынған шойын жол күн өткізіп, ай озғызып, жыл жылжытып ілгерілей берген. Әңгіме желісін үзіп алған ертекшідей кібіртіктеген желдің суылы да бұрынғыдай емес. Сары гүлін үккен жүнді қарағанның ежелгі меңіреулігі де ыдырағандай. Соның бәрін баса жеткен, елетпей, ескертпей, бара жатқан арба шиқылы, балға үні, жұмыскер әні -жұмыс әуені еді.

Сәңгір төренің Қаратұмсығы - жер аты. Құйқалы шалғыны ат сауырын жалаған, жайлауы шұрайлы, шілікті жағасы түйе адастырған, күркіреуік өзені балыққа толы осы бай мекенді найзаның ұшы, білектің күші жеткен төре тұқымы жамбастаған ғой. “Қорқыттым, қорладым” демесе ішкен асы бойына дарымайтын, өз қамын өзгенің мұңынан аулайтын жуандық пен озбырлықтың “Қаратұмсыққа” қара жауыннан көп қанды жас ағызғанына да куәгер кәрікөздер әлі де бар. Қызылға шүйілген күшігендей боп момын ауылды дүрк көтеріп, дүрліктіре айдап шыққан төре тұқымына сес көрсете алмай ыдырап кеткен аз ауыл, кеңес тұсында ғана еселессе керек. Жерін қайта алса керек. Киелі аруағынан айырылған төре тұқымының дүниені жайқап өтіп, шайқап ішкен жайын ауыз, кең құрсақ бөлтіріктері мұқалдым дей ме бірақ. Қанымен кек суарып, жанына пышақ жаниды ғой. Тұяқ серпердегі далбаса тілекпен тістеп қан шығарып, тіресіп жан шығарып қалуды ендігі әрекетіне балаған аз ғана қанды тобыр сол өлкенің тасы мен тауын тағыдай мекен етіпті.

* * *

Сәңгір төренің “Қаратұмсығы” - карта бетіндегі қызыл қарындашпен қоршалған екпінді құрылыс объектісі. Екі жүз метрдей Бұра өзенін темір жол осы тұста қиып өтеді. Әзірше қатар жарысқан қос рельс созылып келіп, кілт үзіліп, аттап кетіпті. Арасын қосатын көпір біте қоймай, салынып жатыпты.

Сәңгір төренің “Қаратұмсығындағы” қаракеттің бәрі таңсық. Алғашқы ең үлкен көпір бұл. Алғашқы көпірдің жобасын сызып, салғызып жатқан қазақтың алғашқы инженерлерінің бірі - Дүтбаев екен. Алғашқылардың басы, алғашқы жемістердің бастау көзі осы арада тоғысқан көрінеді.

* * *

- Өлең айт, Қалыбай, жол қысқарсын.

Қызыліңірдің көлбей жарысқан көлеңкелері тұтаса қоюланып, көз ұшына құлдилай құлап, жоғалып жатыпты. Мұнарлана қалған апақ-сапақ тыныштыққа бойсұнып, айналаны кертіп ұрлап, қымтап қымқырып келеді. Сүт пісірім ғана бұрын торғын шәлі бүркенген шоқы-төбелер қара шашын жайып жіберген арудай сіресіп-сіресіп қалып, бірте-бірте бірімен бірі тұтаса араласып, көзтаса түннің қойнына сіңіп, жұтылып кетіпті.

Қара мақпал түн оралыпты.

- Ән шырқа, Қалыбай. Жол қысқарсын!

Женяның үнсіздікті бұзғаны осы тұс екен.

“Шүу!” десе қамшы сілтетпес жүйріктей көсілетін, қолқаны көп қайталатпайтын сері қазақ ән салудан бас тартқан ба! Жалғанға “Жариям-айдайымен” күліп кіріп, “Ахау-айдайын” аңыратып өтетін сал мінез бойға сіңген, сүтпен енген қасиет қой. Әкей “Алтыбасарға” басыпты. Ұзақ, кең, жоғары дауысқа әрең-әрең сиятын ән падишасы алты қырдың астына шығандап кетіп, үннің әуенге сай бұрылыс-бұлтарыстарын қадағалай қайталатып, қайырылтып, қоңырлатып тоқтапты.

Ән саябырлағанда ғана табатын шиқыл-тырсылы көп бітпейтін әуеніне басып осы кезде ат-арба жыңғылды сайға ене беріпті.

Тасыр-тұсыр еткізіп қос қапталдан он шақты атты қарсы ұмтылады ғой.

Алдыңғы жақта отырған көшір делбені қағып-қағып жіберген екен, қиқуға қызған ат суырылып-ақ берсін.

- Қалыбай! Ат!

Женя оң жағындағы қарауылдап төне бергендерге бір рет оқ шығарады.

Сатыр-сұтыр сойыл арбаның арысына сақ-сақ тиеді.

Жандәрмен бұлар қатарынан тағы да екі рет мылтық атқан ғой. Саңқ-саңқ еткен мылтық даусы тымық даланы қауып-қауып қалып, ат тұяғының дүрсіліне көміле барып өшеді.

- Айда! Айдай түс!

Көшір аянып жатқан жоқ. Қос аяқты қатар сілтеп қарыштап келе жатқан сәйгүліктің жалпақ сауырын былш-былш қамшылайды.

Жүз адамды үңірейген суық ұңғысына сиғызған суық ажалдай мылтық сұсы сескентті ме, әлгілер енді тым жақындамай сойылдарын жалақтатып ілесе берген.

- Тез қайта оқта! Көздеп ат! Қорықпа! Бұлар біліп торыған ғой, аямайды.

“Біліп торыған ғой”. Әкейдің жүрегі шым етсін. Әкеле жатқандары - жұмыскерлердің бір айлық ақшасы. Ырзық-несібесі.

Сол қас қағым сәтте шарқұрған ойдың көктегі найзағайдан да жылдам қозғалып, елес дүниесін көз алдына тізіп салғаны қалай.

Анасы дүниеде жоқ, жары ғана бар. Бірақ сол екі жүз қатарласа тұра қалыпты. Бірінде сағыныш, бірінде мейірім мол. Әке өлген, ұрпақ әлі тумаған, бірақ ағасы бар. Кіжіну мен опыну, өкініш пен өксік кеудесін ұрғыласын. Не тындырыпты, нені бастай алмапты? Мән-мағынасыз үңірейген көрдей алдынан өлім тосады. Қимаған, қызығына-қуанышына тоя алмаған өмір қол бұлғап шақырады. Жаңа ғана өзі шырқаған

асқақ “Алтыбасардай” болып тірлік шіркіннің байырқаламайтын әуені құлаққа, өн бойға, қан-тамырға шымырлап еніп жүре береді.

Азаматтығыңа, тірлік әрекетіңе есеп берердей өзінді өзің тексеретін жағдай ажал аузына тіреліп тұр-ғандағыдай қайдан болсын. Дүрмек-дүрмек елестердің арасынан әкейді жақсылы-жамаңды істері таразының қос безбенін кезек шайқалтып, арпалысып жатыпты...

- Ат, Қалыбай!

Одан әрі Женя қырылдап кетіпті де, арбадан ұмар-жұмар сыпырылып қала беріпті. Алыстан әлдекім бұғалық тастаған екен.

Атты кісінің өкпе тұсы осы болар деп бұл бір оқпен біреуін жайратып салады. Жаңғырық сейілгенде Женя комсомолдың ақтық үні талықсып жетеді.

-Тоқтамаңдар! Құтылыңдар-а-р! Ақша-а-ны...

Екі мылтықты қайта оқтап алып, Қалыбай әлгіндегі апыр-топырдан жырылып шыққан екеудің бірін және алып түседі. Екіншісі кері бұрылады.

“Женя, қош бол! Өзім өлсем де, айлықты аман жеткізем!”

Түнгі дүсір дүрілдеп түу-түу қияңға кетеді ғой.

Ұйқы қашқан кей түндерде кабинетімде көк түтінге көміліп сарылып отырғанымда, сол бір дүбірлі түнді көргендей елегзитінім бар. Ондайда шамдары сөнген қаланың қарауытқан үйлері тереземнен төніп келіп, Женя комсомолдың айта алмай, аяқтай алмай кеткен әндерін үнсіз ғана іштей қайталап тұрғандай сезіледі.

* * *

Сәңгір төренің “Қаратұмсығы” - жұмыскер қауымның бел-белесіндей “Қаратұмсыққа” ауысып, ұжымдасқан еңбектің қажырлы үнімен оянып, қара көпірді күн өткен сайын көкірегімен көтеріп, еңселеніп бара жатыпты.

Жаз ортасы жаңа басталған кезде көпірдің соңғы шомбал шегелері қағылыпты. Даңғырап, күмбірлеп тұрған аспалы көпір, тіреуі аз екен. Бар салмағы өзеннің екі жағасындағы екі ауыр баған -порталға

түскен әрі сұлу, әрі ықшам сол көпір қазір де көз тартады. Ал ол кезде атақты бай-бағландардың ғасырлардың асуларынан аттап жеткен күмбезді бейіт-ескерткіштерін көзге қораштандыра көрсетіп, кең далаға игіліктің жемісіндей айбарақ атқан ғой.

Соңғы күн, межелі күн - қабылдау күні де жетіпті.

Сәске түспей-ақ ауа қызады. Сусылдап балапан жоталарда сағым ойнайды. Бір киерін той күнде-ріндегідей үстеріне жапсырған үлкен-кішінің жүздерін моншақ-моншақ тер жуады.

Көпір қасына ұзын столдар қойылып, көшпелі дүкен жұмысын бастапты.

Қала жаққа құйғытып екі-үш атты кетіпті. Алыстан қою түтінін көкке будақтатып жер солқылдата арқырап, кісінеп келетін “ қара арғымақ” - паровоздың хабарын бермек шолғыншы топ бұлар.

Еңістe, әудем жерде тігілген жалғыз ақ боз үйдің қасына маңайдағы ел қазағы жиылып қалыпты. Жер апшысын қуырып, алты айлық жолды алты-ақ аттайтын Тайбуырылдан да жүйрік отарбаны көрмекке келген әуесқой топтың осындағы инженер Дүтбаевтың әкесінің тігіп отырған киіз үйінің жанына шоғыр-лануының да мәнісі бар. Көз көріп, құлақ естімеген белгісіз “мақұлық”, құдая сақтай гөр, қиянпұрыс мінез көрсеткендей болса, құрым киізді ата-бабаның құт ордасына жақынырақ тұрайық деген ішкі есебінен туындаған сақтық еді ол.

Оймақ еріндерде күлкі ойнаса, қиық мұрттылар қызыл көрген қырандай жиырылып-серпіліп, ұмсы-нып-ұмтылып қалады екен. Сулы көз, сұсты көз, жайдақ көз, ойнақы өткір көз, бүгежек күлгін көз - бәр-бәрі сонау, қала жақ, терістікті бағып қалыпты.

- Ән шырқаңдар!
- Би! Биге басыңдар!
- Жастар! Көңіл көтеріңдер!

Кім айтса да, дәл қазіргі шиыршық атқан көңіл күйге дөп келген осы үндерден кейін ән мен күйдің бөгеті алынып, желіккіш көңілдердің қақпасы ашылған да ғой!

Өнер сайысы қатарласа шапқан сәйгүліктердей қазақтың кең даласындай созыла, еркін шарықтай

шығатын шалқымалы әндерімен, орыстың күлдірп, әзіл-сықақты тұздықтатып есілетін частушкаларымен ұзаған ғой.

Кенет... Құйындаған шаң көрінеді.

Шаңнан қара үзіп, құлдилаған жалғыз қара бөлінеді.

- Келіп қалды!

- Келе жатыр дейді!

Лап қойған қалың жұрт әлгі жалғыз қараға қарай жапатармағай ұмтылғанда, ерттеулі аттарына қарғып мініп бет алды лағып, бел асып кеткендер де бірталай болыпты.

Қоп-қою қарақошқыл түтінін шұбатып, алыстан арқырап "қара арғымақ" көрінеді. Айтса айтқандай жер солқылдатып ысылдап, ысқырып келіп қапты.

- Ойбай! Сұмдық!

- Сұмдық!!! Айтпады демеңдер, мынау тегін емес! Темірімен жерімізді шандып тастаған жоқ па? Тырп еткізбей ұстағаны да осы!

- Оттама, шал! Анау пойызбен далаға ырыс келеді, ырыс!

- Қайдам, бүгін ырысы келсе, ертең ырысқа мінгесіп ұрысы келсе қайтерміз? Отарбасынан малымыз үркіп, қоңымыз құтаймаса қайтерміз. Жанымыз шошып, жұрт азайса қайтерміз?

- Қашындар!

- Ура!

Көп ішінен жырылып жылыстап, оқшаулау шығып кеткендер анандай жерге барып тұрыпты. Вагонсыз, біріне бірі тіркелген қос паровоз көпірге оқ бойы жетпей тоқтапты. Лақ еткізіп буын бүрқыратады ғой.

- Әй, байқандар! Өртеніп барады анау!

- Өзі жалын атқан айдahap сияқты, ей!

- Үймелемендер, топырламандар!

Паровоздан комиссия мүшелері түсіпті. Арасында Николай Петрович Румянцев пен сондағы "дөкей" бастық Қарасай да жүріпті.

Салтанатты митинг тез ашылып, тез бітіпті. Көпірге лентаны керіп тастапты.

- Құрылыс екпінділері паровозға тіркелген вагонеткаға мінсін, - дейді Румянцев.

Екпінділердің қатарына әкей де ілініпті.

“Дөкей” бастық Қарасай мінбеге көтеріліпті:

- Мына күн - ұлыстың ұлы күні. Еңбекші таптың мерейін асырып, жаулардың ішіне су құятын күн бұл. Тап жауы жойылсын! Пролетариат жасасын! - деп Қарасай төмен түсіп вагонеткаға жақындапты.

- Ә, атшым, сен де бар екенсің ғой. Комсомолың қайда? - дейді әкейге. Жүзінде қуаныш емес, әлдебір қыжыл тұрыпты.

- Сіз айтқан тап жауларының қолынан қаза болған. Жазайын ба, мүмкін тап жауының ініне су құярсыз!

Бұрылып кеткен бастық Дүтбаевпен қарсы кездесіп қалады. Дүтбаевтың қасында жұбайы Күнсая, баяғы сұлу Күнсая, аяш Күнсая тұрған ғой. “Бір қыз, бір ұлын жетектеп алған ақылды жар жолдасының еңбегін мақтан тұтып, сол күні сондай ажарланып кетіп еді!”- деп әкей тамсанып айтып отыратын.

- Сен қайда өңменделп барасың? Бері түс, бері! Сенің орның анда, көпірдің астында, Дүтбаев! Сонда барып тұр. Бай-құлақтың тұқымы, сенбеймін саған! Зиянкестік жасасаң, құлаған көпіріңнің астында қаласың!

Румянцев араға түскен екен,оны да тыңдамапты.

- Болмайды, Николай Петрович, әуре болмаңыз! Ертең жауап беретін мен болам.

Дөкей бастықтың бұйрығы жиналған жұртқа жыбырлаған ерін ұшымен тез тарап кетіпті.

- Құлыным, жалғызым!

Кісесін мойнына салып бір шеттен әкесі шығыпты. Жаулығын шұбатып тәңіріне жалбарынып, анасы боздапты.

Жадыраған жаз ортасында аяқ астынан қар жауатын бір дүлей шақ болмай ма. Жайлау көңілдің етек-жеңін қымтап, бүрістіріп,құрыстырып тастайтын сұрқай мезгілді кім ұнатушы еді.

Орынсыз жарлық қатал кесімімен тұрғандарға дәл сондай әсер еткен ғой. Өз қызығын өздерінен ұрлағандай көріп, тәтті еріндер күлкісін жиып ала қойыпты.

- Бастаңдар!

Оркестр шалқыта күй ойнайды.

Ана еңіреп жылайды. Шал үнсіз кемсеңдейді. Жар жасын сығады.

Инженер Дүтбаев көпірдің астына барып тұрады.

Оркестр марш ойнайды.

Жұртта үн жоқ.

Манағы үрейленген оқшау топ тағы да бес-алты қадамдай шегініп барып тұрады.

Айдаланы асқақ үнге көміп, оркестр құтырына ойнайды. Қос паровоз біріне бірі дем бергендей қосыла арқырайды. Көгілжім мұнар тұнған аспанға будақ-будақ қарақошқыл түтін атқылайды.

Оркестр үні тыншымайды.

Тіркеулі вагонеткадан сол сәт әлдекім секіріп түсіп, көпірдің астына жүгіреді.

- Қалыбай!? Қайт!

- Тоқта!

Марш одан сайын екіленіп кетеді.

Қос паровоз жер сілкінтіп көпірге таянып қалады.

Сол кез көпір астындағы екі жігіттің қасына жетісегіздердегі бір бала жетеді. Абланның жалғыз ұлы - Сәмен еді ол.

Көпір дүмбірлеп, тарсылдап кетіпті.

Оркестр қиян далаға тыныстарын ішіне тартып тына қалған жұрттың үстінен асырып, паровоз дүрсілін, көпір дүмбірін, үріккен түйе-жылқының мың сан даусын өзінің асқақ үніне қосын алып, таратып жатыпты.

Жаңаның жаршысы - Сәңгір төренің “Қаратұмсығындағы” қара көпір - алғашқы сын сағатында-ақ жұртты бір ысытып, бір суытып, ұмытпастай, ұмыта алмастай оғаш бір көрінісімен басталып, қазақ даласының ғасырлар бойғы қаймағы бұзылмаған мамыражай тыныш түкпіріне жол ашыпты. Будақтаған түтінін шудадай шұбатып ұзап, алыстап бара жатқан “қара арғымақ” соңынан аттылы-жаяу, өгізді-түйелі шұбатылған елдің мына қос құшақтай айқасқан, қатар созылған қос рельс - даңғыл өмір жолына айналған ғой.

* * *

Сұрасаң руымды Қаракесек...
Досымнан дұшпаным көп қылған өсек...

Тебіренген көңілдің “әй, қайдамы” жоқ ақпейіл ішін айналдыра көрсетер бір ән болса, дәл осы “Қаракесек” болар. Өйткені шолақ домбырасын шерте қағып, қоңыраулатып созатын әкем бұл әнді бар әндерінен бөлектеп, төл бәсіресіндей қастерлей бағалап, оқта-текте ғана айтатын. Оңдайда ортадан сәл жоғарылау бойы кішірейіп кетіп, маңдайы жарқыраған сұлу өңінің әжімдері тереңдей түсіп, қоюлана қалатын. Беріліп, елжіреп салған “Қаракесегі” тындаған жанды тегіс ұйытып, өлемді ұмыттырып, пәниді елетпей жіберетін.

* * *

Дүниеде өзгермес еш нәрсе жоқ. Көл тартылып шөл болады. Шөл далаға азынап шулап жел барады. Ақиық қыран ғана қонақтар асқар тау үздіксіз жарылған дүмпудің салдарынан шөге-шөге аяқ астында қалды бұл күндері. Алты айлық дейтін бұрынғы жол жоқ. Ұлан-байтақ Қазақстанның қай түкпіріне барам десең де, әрі кетсе алты сағаттың мөлшерінде дөп ете түсесің. Жұмыр жер - жерұйығың еді. Жусанды далаң - жан саяң еді. Семьяның у-шулы аясында, сонау бір жалаңаяқ күндеріңнің ізі қалған атамекенге Меккеге барардай жылына бір мәрте сапар шегуің - әдетіңе айналған еді. Аунап-қунап, сергіп-серпіліп, тотығып-толысып қайтатынсың. Өсіп кеткен інілерді, қартайып қалған ағаларды көретінсің.

Әкенің көзін керген атаның батасын алғың кеп тұрады.

Ана аймалауын сағынып қалатынсың.

Сонан соң...

Төбе үстіндегі зират басына барып, томпиған қабірдің қасында ұзақ тұратынсың. Үнсіз сырласатынсың.

Көзінде таңғы шықтай жалғыз тамшы мөлдірейді сонда.

Мандайыңды самал жел сипайды.

Әке алақанындай мейірімді сол самал қайда?

Жерұйық қайда? Анаң қайда? Ауылың қайда?...

* * *

Жаз еді. Шілде түскен. Домнаның шойын ағызып жатқан “леткасының” жанында тұрғандай бет шарпыр ыстық жалын леп бар. Көлеңке қуалағанмен жанға сая жоқ. Вагон іші қапырық, күйіп тұр.

Әлгінде шуылдаса-топырласа мінгенбіз. Бір купені үй-ішімізбен емін-еркін жайлаған біз, поезд Бірінші Алматыдан шыға бере тамақтануға отырдық. Қарын аша қоймаса да, жол азығын жайып салып, ұзақ найқалып отырып дастарқан мәзіріне көрсететін жолаушы біткеннің дәстүрлі құрметінен біз де аттап кете алмағанбыз.

Үш жасар ұлым репродуктордың тетігін бұрап қалды. Купе ішін ән жайлады.

Сұрасаң руымды Қаракесек,
Досымнан дұшпаным көп-ай қылған өсек...

Тебіренген көңілдің телегей-теңіз қиялға шомып, толқып айтатын әм мұңлы, әм жігерлі әні.

Ойыма қай-қайдағы түсті. Бей-жай көңілдің шарқ-ұрған арпалысы басталды. Терезеге бұрылдым.

Қатарласа жарысып, төбе-шоқыларын дөңгелете билетіп дала жатыр. Қалыспайды, жеткізбейді. Ұшы-қиыры жоқ сайын сахара туған өлке алыптығын, атамекен даналығын осылай аянбай көсіліп, үнсіз ұқтырып тұрғандай.

Ән бітті. Әкемнің бәсіре әні. Оқта-текте айтатын әні.

Енді поезд доңғалақтарының тасыр-тұсыр, сан үнді әні кеудемде жаңғырығып басталды.

“Қарасу есік алды бойламадым,
Өтерін фәни жалған ойламадым”.

Доңғалақтар осы өлеңді айтты. Әкемнің әдемі баритонымен анық айтты. Сол-ақ екен күмбез бейітті көргендей елегізідім. Жауынды түнгі ашынған ана дәл қасымда тұрғандай елестеп кетті. “Ұл бер, ұрпақ бер! Ақ төсіммен әлемнің бір перзентін асырайын. Ақ сүтіммен Адамзат өсірейін!”- дейтін серті доңғалақ сартылын кие жетіп, саңқ-саңқ естілгендей болды.

Күн батып барады. Бұрылыстарда көрініп қалатын жасыл тепловоз күнге кіріп кетердей зымырап келеді. Доңғалақ әні толастамайды.

Киік стансасы, 1971 жыл

ҚОБЛАНДЫ БАТЫР

Алғашқы әлқисса немесе Қобландының тууы

Қыпшақ арасының бетке ұстар беделді байы, дастарқанына ырыс дарыған Тоқтарбай дүниеге қомағайланып қараған жан емес еді. Қолда барын көрші-қолаңмен бөлісіп, жазда айдынында аққуы жүзген Көзді көлді жайлап, қыста Қараспан тауының шуақты баурайын мекендеп жүріп жатты. Туыс пен досқа қолы ашық, көңілі түзу Тоқтарбай ешкімге көз алартып, қытымырлық көрсетпейтін. Содан да болар, әліп таңбалы қалың қыпшақ ағайыны кедейлік кебін, жоқшылық зарын тартқан жоқ.

Қанша береке дарығанымен, пенденің төрт құбыласы тең болып тұруы ілуде-шалуда ғана кездеседі ғой. Армансыз адам аз. Тоқтарбайдың да кейде күрсінгенде, көкірегін қарс айыратын ащы запырандай ауыр күйігі болатын. Ақ сақалы селдіреп, жасы сексенді қусырғанымен, әлі күнге дейін артына қара ермеді. Нәрестенің іңгәлаған тәтті уілі шаңырағына бұйырмады. Кей-кейде өзі тұстас шалдардың үбірлі-шүбірлі болып, жан-жақтан қоршаған немере-шөберелерінің ортасында мәз-майрам күйде әңгіме шертіп отырғанын көргенде, жүрегі сыздап, көкірегі шаншитын.

“Сұңқар қияқсыз, тұлпар тұяқсыз болса - дүниенің молдығынан не пайда? Басым ауырып, балтырым сыздағанда - көкелеп касыма келер балам жоқ бұл өмірдің несі қайыр?”

Осындай ойлар бауырағанда, Тоқтарбайдың өне-бойын дірілдетіп қайғы буып, нұры тайған жанардан ытқыған ыстық жас селеу сақалға тырс-тырс таматын.

Тағы бірде үй іргесінде отырған Тоқтарбай іштен бәйбішесінің даусын естіп қалды. Оңашада өз-өзінен булыққан Аналық шерлене күрсініп:

— Қайрымды ием, Қамбар-ау! Қаралдымның қызығын көрер бір сәтті де қимағаның ба маған. Соңынан бота ермеген боз інгендей боздата беремісің! - деп ah ұрғанда, сырттағы Тоқтарбай кісесін шешіп алып иығына салды. Екі қолын көкке созып, иегін көтеріп, сұр аспанға телміре қарады.

- Тәңір-ау, тұл тірліктен түңілтердей не жазып едім? Туым құлап, тауым шағылды ғой. Зар тілекті өзіңнен ғана тілейін: бір перзентіңді берсеңші!

Көрсетсеңші көзіме!

Қасірет билеген кеуденің таусылмас зары бірде оңаша айтылып, бірде өксікпен тегіліп, ағайын-жұртының да құлағына жиі шалына берді. Тоқтарбай зарын қабырғасы қайыса тыңдаған елдің қолынан не келсін. Өздерінше жұбаныш айтатын. Өздерінше көңілін аулайтын. Қабағындағы кірбеңін, көңіліндегі кірін жууға тырысатын.

Көп тілегі - көл деген. Ағайының ықыласына көрінді ме, кәрі мұңлықтың бейіліне берді ме, күндердің күнінде жақсылық нышаны білінді. Жасы дәл елуге толғанда, Тоқтарбайдың өмір серік жұбайы - Аналық бәйбіше ойламаған жерден құрсақ көтерді.

Сол-ақ екен, шалдың жүзіне қан жүгірді, көзінде нұр ойнады. Үй сыртындағы аласа төбеге шығып алып, ұзақ-ұзақ ойға кетіп, іштей тәңіріне тәубе қылатын.

“Иә рәббім қадір, бергеніңе шүкір! Жер ортасынан асып, арық қойдың жасындай шақ ғұмырым қалғанда, көз жасымды иейін дедің-ау. Тәуба жасаған! Аналықтың аман-есен қол-аяғын бауырына алар күніне тірі жетсем, бұ дүниеде менен армансыз кім болар еді!”

Тәңірге берем десе қиын ба, көп ұзамай шыр еткен дауыс Тоқтарбайдың құлағына шалынды. Есеңгіреп отырған қария қолымен жер тіреп орнынан тұрды да, етекке қарай тәлтіректей жүгірді.

— Сүйінші! Сүйінші!

— Қойшы! Қойшы!

— Жылқышы! Жылқышы, ата!

— Ұлды болдыңыз!

— Қызды болдыңыз!

Ақ жаулығының ұшы даланда, өзіне қарсы

жүгірген әйелдердің айғайынан құлағы тұнған Тоқгарбай есі шығып отыра кетті.

- Апыр-а-ай! Не дедіңдер? Ұл ма? Қыз ба? Қайсысы? - деп ентіге дем алып, жалтақ-жалтақ қарады.

- Ұл ата, Ұл! - деді алғашқы жеткені.

- Қыз, ата кішкене ғана қуыршақ, - деп екінші әйел ілгері аттады.

Тоқтарбай әлі де аң-таң. Үнсіз ғана басын изеп, дірілдеп отыр. Соны көргенде алғашқы әйел ернін сылп еткізді.

- Ойбай-ау, ата-ау, үніңіз шықпай қалды ғой. Екеуі де рас. Ұлды да болдыңыз! Қызды да болдыңыз. Егіз балаңыз бар.

Тоқтарбайдың жүзін қуаныш жасы жуды.

- Рақмет, қарақтарым! Өркендерің өссін! Қалағандарынды алыңдар! Бәрін алыңдар! - деп ерні кемсеңдеп, төмен еңкейіп, қос уыс топырақты шеңгеліне қысып алды. Қысып апарды да, маңдайына тигізді.

Аңсап көрген қос қарағына Тоқтарбай Қобланды мен Қарлығаш деп ат қойды. Арманы орындалып, тілеуі жанған ата төрт тарапқа ат шаптырып, хабар айтып, ел жиды. Тоғыздағы баладан бастап, тоқсандағы шалға дейін қыбырлаған жанды тегіс шақырып, ұлан-асыр той жасады. Көңілі тасып, қуанышы шалқыған Тоқтарбай сый-сияпатын ешкімнен аямады. Ағайынға айдатып берді, жекжатқа жетектетіп жіберді. Кимедім дегеннің өзі тон киді. Алмадым деген адам тай мінді.

Ата-ананың көз қуанышы - Қобланды мен Қарлығаш күн санап өсіп келе жатты. Қарлығаш алғаш рет күлгенде Аналық ауылдағы әйелдерге алтын алқадан үлестірді. Қобланды алғаш рет талпынғанда Тоқтарбай тоқсан баланы жинап, тоғыз тоқты сойғызып, тоқымқағар жасады.

Қобланды он жасқа толды. Бойы серейіп, иығы кеңейді. Тоқтарбай ұлының сән салтанатын тіпті асырды. Жылқыдан тобылғы менді торыны алдыртты. Үш шеберге ат әбзелін дайындатты. Содан соң көксауыр былғарымен көмкерген тоқымды ырым етіп торының арқасына өз қолымен салды. Тартпа-

таралғысы, өмілдірік-құйысқандағы күміс шегелері күн көзінде жылтыраған сәйгүлікті баласының алдына көлденең тартты. Төрт аяғын тайпалтып жорғалай жөнелген торының үстіндегі ұлына мейірлене қарап қалған шалдың кірпігінде қос түйір қуаныш жасы дірілдеп тұр еді, тәңіріне тәубе білдіріп, басын изегенде, әлгі моншақгар омырауына үзіліп түсті.

Қолына қаршығасын қондырып, қарына қалқанын ілген Қобланды үй іргесінде өзіне қарап отырған әкесіне мойнын бұрды.

- Көке, жылқышылардан көптен бері хабар болмай кетті-ау. Қосқа барып қайтайын. Көп кешікпеспін.

Жалғызын көзінен бір елі таса етсе, сағынып қалатын Токтарбай ұлын қашанғы көз алдында ұстасын, қолын жайып, батасын берді де, шығарып салды.

Қалың жылқының қос ағасы - Естеміс ер Қобландыға табын-табын жылқыны ертіп жүріп түгел көрсетті. Тоқсан жылқышы тұс-тұстан қаптап келіп, жас мырзамен қол қусырып, жамырай сәлемдесті.

Қобланды сол барғаннан көпке дейін қостан аулына қайта алмады. Әбден іші пысқан жасқа жылқышының еркін тірлігі нағыз бір таптырмайтын думандай көрінді. Оның үстіне Естеміс ер ұланды ат үсті өнерінің барлық түріне баулып, сайыстың әр алуан әдісін үйретіп, зымырап өтіп жатқан уақытты байқатқан да жоқ.

Бұрын саяқ бөлінген тай-құнанды ұрымтал тұста аңдып жатып қуып кететін барымташылар тиіп-қашып болса да кездесіп қалушы еді. Сондай қанды қаптал ұрылардың бес-алтауын түсіріп ойнап, құмарын қандырған Қобланды енді басқа тірлікті жылқышылық кәсіптің садағасына да қимады.

Әсіресе бұрын-соңды кездеспеген бір ермек - аңшылық құмар - тез еліккіш жастың тұла бойын тегіс баурап алғаны сондай, ауылды мүлдем ұмытты. Естеміс екеуі таң қараңғысынан атқа қонып, сай жағалап, қыр кезіп, ұзақ күнді саятта өткізуден бір жалықпайтын. Құмай тазы мен ұшқыр қаршығасы жүгірген аң мен ұшқан құсты да құр жібермейді.

Қанжыға майланған сайын құныққан жас осынау қызулы дүрмектің құшағында жүріп, жаз бойы ауылына төбесін де көрсеткен жоқ.

Даланың аңы көп. Бірде құлан, бірде арқар, бірде қоян қуған Қобыланды дала тірлігіне әбден көндігіп, бетін күнге, омырауын желге тосып, құбылып-тотығып, құлпырып-шынығып келе жатты.

Сондай күндердің бірінде Естеміс екеуі ақбөкеннің текесінің ізіне түсіп, талай белді артқа тастады. Ұлы бесінде әлдебір қырқадан қылаң еткен текені Қобланды нысанаға іліктірді де, олжаны қанжығаға байлады. Одан соң бұлақ басына жетіп, аңшылар ат белін суытты.

Ақшам жамырап, алғашқы жұлдыз тұнжыр көктен көз ашты. Сол сәт Қобыландының құлағына жер түбінен талықсып жеткен бір дауыс еміс-еміс шалынғандай болды. Елең еткен ұлан жалт бұрылып, қасында жүрелеп отырған Естемістің қолынан ұстай алды.

- Естеміс аға, бұл не қылған дауыс? Естимісіз?

Естеміс тіл қатпастан білегін сусыта босатып, баяу ғана теріс айналды. Үнсіз бас шайқады. Қобланды одан сайын ентелей түсіп, елегізіп, ілгері ұмсынды.

— Апыр-ау, қалай естімейсіз? Тыңдаңызшы, аға! Анау таудың астынан шу шығып жатқан тәрізді ғой. Ол не шу? Айтсаңызшы, білсеңіз.

Естеміс әлсіз ғана күрсініп қойып, тамағын кенеді.

- Қарағым, Қобланды! Сен оны білмей-ақ қойсаң деп едім. Несіне қызықтың? Ол таудың арғы бетінде Қызылбастың елі бар. Қашаннан бай ел ғой. Жері жасыл, айдыны шалқар, көлі тұнық, жазығы кең, шүйгіні мол байтақ өлке. Ханы - Көктім Аймақ. Халқының көптігінен көкірегіне сыймай, әркімге шекесінен қарап, паңданып жүрген кекірт кеуде, шәлкес мінезді жан. Біраздан бері сол хан тағы бір өнер шығарыпты. Жіліктің майымен асыраған Құртқа дейтін сұлу қызы бар. Сол көріктісін елінің тектісіне тандап қосу үшін жұртына бір шарт қойған деседі. Онысы: ай астына аспандатып бақан құрғызып, сол бақаның ұшына алтын теңге байлатыпты. Қарының күші, көзінің жітілігі асқан жігіттің сыртганы алтын

теңгені атып түсірсе, қыз Құртқаны отау-жасауымен алады екен. Мына жетіп тұрған шу мен шуыл сол талас-бәсекеге қатысып, бағын сынаған батырлардың дүбірі ғой. Айт дедің, Қобланжан, айтпасыма қоймадың, жалғыз-ақ өзіңнен тілерім: көңілің ауып, ниетің бұзылмасын босқа. Шырағым, “жалғыздың шаңы шықпас” деген. Ынтықпасқа ынтызар болып, бекерден бекер басыңды шарға салма.

Қобланды мына жайтты естісімен-ақ, сабырынан айырылып, бәйек таба алмай қозғалақтап кетті. Қасында жатқан қос жауырын имек садағын іліп алып, жалма-жан бір тізерледі.

-Естеміс аға, бақ сынау балаға жараспас дегеніңіз бе? Мергендік өнерді меңгергенім өтірік болмаса, сол алтын теңгені дәл менің атып түсірерім айдан анық. Сиынғаным пірім болса, сенгенім өзіңіз едіңіз ғой, - деп ұмсынып қойды. Естеміс басын қайта-қайта шайқап, әлі де Қобландыны ниетінен қайтармаққа тырысты.

- Қой, шырағым! Қабырғаң қатып, омыртқаң өскен жоқ әлі. Бағыңды байлайын демеймін, балалығыңнан қорқамын. Текті елдің тентегі көп. Телпек киген келтек ұстағыш. Жалғыз деп жатырқап, бала деп бәлсініп жүрсе - не істерсің? Кезегіңді беріп, көңіліңнен табылса жақсы, көкірегіңнен итергендей келемеж етсе, қайтесің? Ол ол емес-ау, бәрінен де бұрын мен қырық бес кез Қызыл ерден қауіптенемін. Құртқа сұлуға қатты қызығып, сол дәудің қызды сыртынан торуылдап жүретінін естіп едім. Қолынан беріп, намысқа тырыспай қарап қалмас, - деп сөз аяғын шиелеп бітірді.

Бірақ Қобланды оған да қыңбады. Танауы делдиіп, ақсұт сәулесін себелеген ай жарығында көздері ұшқын атып, Естемістің қарсы алдына қос тізерлеп, екі алақанын тиістіре жайды.

- Батаңызды беріңіз, көке! Жеті кәміл бабаны жад қыламын. Дәл осы сапар тәңірі жолымды оңғарар-ау! Бетімнен қақпаңыз. Ұстамаңыз енді.Табаным тоқтамай тұр, Естеке. Ең болмаса сол сұлуды бір көріп қайтайын!

Естеміс ұланның алған бетінен қайтпайтынын білді де амалы таусылып, еріксіз рұқсатын берді.

Орнынан тұрып барып, Естеміс қанжығадағы қоржынды шешіп әкелді. Ішінен тоғыз торлы сауытты шығарып, Қобландының үстіне кигізді. Шарболат қайқы қылышты беліне байлап, қарына садағын ілді. Содан кейін ұланның мандайынан үш қайтара сүйді.

- Жолың болсын, жолдасың Қызыр болсын! Жүрегің жаудан, тілегің елден қайтпасын! Жеті пірің жебесін! Аман барып, сау орал! Абыроймен орал, Қобланды! - деп тобылғы меңді торыны көлденең тосып, өз қолымен қолтығынан демеп көтеріп, ерге қондырды.

Қобландының алғашқы айқасы

Ат тұяғы жер жаңғыртады. Тобылғы менді торы ат дөңгелей жөнелгенде, төбені белінен басып, жазықты бауырына бүктеді.Талай қыр көз ұшында бұлдырап қалып, талай асу аяқ астында сұлады. Шұбырған шаң түтілген түбіттей түнгі аспанға көтеріліп, бір тау мен екінші таудың арасына көпір боп жалғасты. Сол дауылдатқан дүбір, Қобланды ұлан соңғы қайқаңнан шыға келгенде, ай астында андыздап жүрген қызылбастарды да елең еткізді. Қылаң ұрып, қылыштай жарқылдап, суырылып жүйткіген жалғыз аттының екпінді ағыны әлден-ақ барша жұртты қатты сескендірді. Қобландының сесінен мысы құрыған Көктім Аймақ алдынан шығып, қол қусырып тәжім етті.

- Уа, қазақтың батыры! Армысың!

- Бар бол, хан ие! Хабарыңыз құлағыма тиген соң, қарап жата алмадым. Армансыз пенде, мақсатсыз жан жоқ. Тілегімді талабым бастап келді. Кезегімді беріңіз!

- Мақұл. Дегенің болсын, жас батыр, - деп, Қобландының айбынынан жасыған хан құрақ ұшты.

Қобланды үзеңгіге шіреніп тұрып, қорамсағынан қозы жауырын жебесін сумаң еткізіп суырып алды да, үшкір масағына ернін тигізді. Асықпай адырнасының көн серіппесіне саржаңды тіреп, оң қолды кере тартты. Іштей кәміл пірлеріне сиынып, құрулы бақан басында ай сәулесімен бұлдырап қана көрінген бармақ

басындай алтын теңгені нысанасына байлады. Сол-ақ екен әлсіз суыл зың етті. Алтын теңге қақ бөлініп, аспандап барып құлдилай құлады.

Қобландының қарасын көргеннен-ақ бір топ нөкер қыздарының ортасында туған айдай толықсып тұрған Құртқа жас батырға құлай ынтыққан еді. Ұланның аппақ жүзі нұрланып, кесек мұрны қырланып, әкесіне тіл қатқанда, қыз жүрегі кенеттен тулай соғып, тұлабойына қызулы толқын дуылдай жүгірген болатын. Сол аласапыран белгісіз құйынның құрсауында тұрып, жас батырға шын көңілден тілеуқор болған сұлудың қасы-қабағы, сырға-алқасы тегіс дірілдеп кетті. Іштей “Жолы болса екен! Теңгені атып түсірсе екен!” -дейтін жалынышты тілекке біржола ұйып, кірпік қақпайды. Алтын теңге ай астында қалықтап барып түскенде, қуанған қыздың дегбірі қалмады. Құртқа бұрала басып келіп, батырдың үстіне алтын-күміс теңгеден шашуын жаудырып жіберді.

Жалт қараған Қобландының көзі күлімдеген қыздың қарсы жаудыраған аңсарлы жанарына кездесті. Екі жас көрісті де, ұғысты. Дірілді кірпіктің жасқан-шақтана серпілген нәзік қимылын Қобланды анық таныған еді, үнсіз ғана басын изеді. Басқа тілге келмей кілт бұрылып, аяғын кербез басып бара жатқан қыздың соңынан жүзін тайдырмай ұзақ қарап қалған-ды.

Құртқа сұлу отауына барысымен-ақ, ордадағы әкесіне жеңгесін жұмсады.

- Әкеме айтып бар. Ұланның нұрына да, сырына да көңілім толды. Мені шынымен сүйгеніме қосар болса, дәл осы тілегімді берсін. Мені сүйіндірген - дәл осы қазақ батыры. Айтқан сөзін жұтпасын.

Көктім Аймақ хан да баланың мергендігіне сүйініп, бір жағы kahарынан да қаймығып, өзі де сертінен қайта алмай құрысып отырған-ды. Қыз Құртқаның сәлемін естіген соң айбынды жасқа көріктісін қосуды рәуіш етті.

Біріне-бірі ынтығып кездескен екі жастың үйлену тойы басталып-ақ кетті. Ат шаптырып, балуан күрестірген қызулы тойдың хабары қырдан қыр асып, ауылдан ауылға ұзап, шар тарапқа түгел жайылмай ма. Сондай бір жайма-шуақ көңілді тұста әсем отауда

құрбысымен күліп-ойнап отырған Қобландыға қырық бес кез Қызыл ердің қатқыл сәлемі де жетеді.

- Есіріп келіп, еліріп жүрген неме екен. Құртқаны алатындай қауқары бары рас болса, алдымен менімен күрессін. Жықса, құдай алдында таласым жоқ. Әй, бірақ өзі тым жас екен, ат-тонын олжалап аман қайтса да жарар еді.

Қызыл ердің сәлемін естігенде Құртқаның сұлу жүзі құбылып кетті. Бетінің қаны қашып, көзіне көлеңке ұялады. Қасындағы Қобландының қолынан ұстай алып, көкірегі шаншып, күрсініп қалды.

Қыздың қорқынышын көргенде Қобланды күліп жіберді.

- Сескенбе, Құртқа! Күпсінген күбі кеуденің даңғырауық болатын әдеті ғой. Тәңірім жебесе, осы жолы да жеңіп қайтармын. Артымда жау қалдырып, ішкенімді ірің қылып қалай отырам. Босқа жүдеме! - деп сауытын киіп, қару-жарағын асынып, табалдырықтан сыртқа аттады.

Қырық бес кез Қызыл ер ештеңеден қаперсіз өз ордасында ойсыз-қамсыз жатыр еді. Бұған дейін бетіне қарсы келіп тура қарайтын жан кездеспеген соң, жалғыз өзін дүниенің тұтқасына балап, әбден есіріп алған болатын. Күшіне сенген жанның әркімді бір жылатып ойнайтын әдеті емес пе. Қырық бес кез Қызыл ер көрші-қолаңды күн сайын зар илетіп, қора-қора қойын, үйір-үйір жылқысын тартып алатын. Бетіне ешкім шықпаған соң, тіпті Көктім Аймақ ханды да тыңдамайтын. Кейде ханға: “Керек етсем, астыңдағы тағыңды да аударып алам. Сөйтіп өзіңді де қайқаңдатам!”- деп тәлкек қылатын. Көктім Аймақ Қызыл ерге түк істей алмай, іштей үнсіз бармақ тістейтін. Әлгінде ғана астау-астау ет жеп, шара-шара қымызды мөлдектете сіміріп, сол Қызыл ер кең ордада кекірік атып, төбеге шырт-шырт түкіріп, көкірегіне нан пісіп, желдей есіп жатқан. Есіктен сұсы қашып кірген қызметшісіне көзінің қиығын да салмады.

- Ойбай, сыртта бір жас арыстан келіп тұр! Түріне қарап түңілдім, бетіне карап безіндім!

Қырық бес кез Қызыл ер түйенің көн терісін қаптаған қуыс даңғыраша қарқ-қарқ күлді.

- Баланы көріп бажылдап қалған байғұс. Бос байпағымды басына көтере алмайтын инелікке бола тысқа шығам ба. Жүрек жұтқан дәмелі жан болса, келсін, кірсін. Бір үрлеп қана ұшырып жіберейін, - деп ағаш төсекті сықырлата, орнында аунап түсті.

Есік алдында қайта-қайта дауыстап Қызыл ерді сыртқа шығара алмаған соң, Қобланды қайнар ашуға мініп, үйге жүгіріп енді.

Әлі де болса ұланды көзіне ілмей нығыз жатқан Қызыл ер Қобландыға иегін шошайтып, әжуалай сөйледі:

- Суырдың айғырындай шаңқылдаған сен бе едің? Пah-пah! Шаңқылдарсың! Ал, бала, осы қазір ғана ауқаттанып алып едім. Көп жеп қойғам ба, тұруға ерініп жатырмын. Оқасы жоқ, босқа бұртима. Мықты болсаң, сен бар ғой, менің бір аяғыммен-ақ күрес, - деп алып емендей серейген оң аяғын жоғары көтерді.

Қобландыны алапат ашу қысты. Ыза буған денесі жел шайқаған қамыстай қалшылдап кетті. Қанталаған көздерін кең ашып, үй ішіне қыдырта жүгіртті. Босағада ілулі тұрған Қызыл ердің алпыс құлаш ала арқанын көріп қалды. Сол-ақ екен, қыл арқанды шап берді де, тұзақтап апарып оң аяққа мықтап ілді. Бір-ақ аттап, тысқа ұмтылды. Сол бойда есік көзіндегі тобылғы меңді торыға секіріп мінді де, тебіне беріп дүрілдете жөнелді.

Қапелімде сасып қалған Қырық кез Қызыл ер екі қолымен жер тіреп, жандәрмен бұлқына бастап еді. Кенет басы табалдырыққа тарс етіп тиіп, есінен танып қалды да, одан әрі қатты қауқар етуге мұршасы келмеді. Құйғытқан аттың соңында сүйреткідей шұбатылып, қара жердің ала құйын шаңын суырып, төбедей денесімен күйқалы шымайтты қақ тіліп барады.

Қобланды қыл арқанды тақымға қысып, атының басын бірден шеңгел-тікеніе тура салды. Тура салды да, менсінбеген мекер дұшпанның местей денесін тұлыптай тілгілетіп, өкпе-бауырына қалың шеңгелдің өткір бұтағын істіктей қадалтты. Онымен де тынбады. Тобылғы меңді торыны өрлетіп тауға шығарды, екпіндетіп ойға құлатты. Көлденең тас көмірдей уатылып, кедір-бұдыр түгел тегістелді.

Қызыл ердің сайдан шыңғырған даусы қыр басына еңіреп жетті. Қыр үстіндегі боздауы жазықты жаңғырықтырды. Сәлден соң жансыз дене былқ-сылқ етті де, өркөкіректің тәкаппар өңешінің үні мәңгі өшті.

Бұл кезде: “Сұлтанымның жайы не болды екен?” - деп байыз таба алмаған Құртқа сұлу отауында отыра алмай, төбенің басына шығып қарап тұр еді. Соқамен жер жыртқандай соңынан ұзын арық қалдырып, жосалы белдің асау шаңын бұрқыратып, Қобланды көкпар әкеліп салғандай Құртқаның алдына Қызыл ерді сұлатып тастап кетті.

Құртқа екі өкпесін қолына алып, көңілі жайланып, Көктімге сүйінші сұрап жүгіре жөнелді.

Көктім Аймақтың да көптен көңілін күпті қылып жүрген қанды жарасы дауасын тапты. Бірде хандығына таласып, бірде жағасына жармасып келген жауының өлгенін көрген соң, хан қайта шалқыды. Ойын-тойды бұрынғысынан да қыздырды. Күйеу баласына қатты риза болған Көктім Аймақ енді Құртқаны қайын жұртына айрықша сән-салтанатпен жөнелтуге кірісіп кетті.

Жасаудың алды - сырты күміс, іші алтынмен безеген ақ отау. Ақ отаудан басқа шымқай қызыл қырық нарға қазына-мүлік және артылды. Қызметі мен құрметіне деп қырық құл мен қырық күңді тағы қосып берді. Осындай мол жасаумен кіші-гірім керуендей тізіліп, бет түзеген Құртқа көші Шолпан батып, шығыстан таң саз бергенде қара жолға түсті.

Көктім Аймақ хан бірнеше нөкермен бірге күйеуі мен қызын қозыкөш жерге шығарып салды. Қоштасарда Қобландының мандайынан сүйіп тұрып:

- Шырағым балам, көркіңе де, қайратыңа да көңілім толды. Қызымнан артық көрмесем, кем көрмеймін. Кәрі жанымның іздеген тыныштығын өзің әпердің. Енді осы сыйлас көңілдің орайлас сыбағасын айтайын. Құртқамның еншісін түгел бөлдім. Ал сенің жөнің бөлек. Сондықтан да саған берер сыбағам да ерекше. Төбеңе қарашы, балам.. Анау қошқар тұмсықтанып үйірілген төрт бұлтты көрдің де? Көрсең, сол төртеуі - менің өзіңе арнаған еншім. Қара бұлтты

соншама қастерлегені несі деме, қасиетін ұғын, шырағым. Жаз болса, күн жақтан шығып - қанатымен жауып, төбеңе көлеңкесін түсірер. Қыс болса, жел жақтан тұрып - суық өтінен ықтасын болар. Жау келсе сол тұстан көтеріліп - хабарын білдірер. Өзіңді осы төрт бұлтқа тапсырдым, балам, Ата-анаңа сәлем айт. Енді жолыңнан қалма, атыңа мін. Амандықпен кездесейік, - деп хан қоштасып қала берді.

Ұбақ-шұбақ шұбатылған көш Қараспан тауын бетке алып, тартып берді. Тобылғы меңді торысымен ілгері кеткен Қобланды бірнеше күннен бері ат үстінен бір түскен жоқ. Қос күреңді қосарлап жеккен алтын күймеде мандайын күнге тигізбей, жүзін желге қақ-қызбай келе жатқан Құртқаға анда-санда жақындап барып хал-жайын біледі де, көшті еру жасатпай бастай береді.

Осындай күндердің бірінде, сәске түстің шамасында салқар көш қалың жылқыға кез болды. Үстерінен түскен керуеннен үріккен жылқылар қақ жарылып, жолдың екі жағында осқырына кимелеп тұр. Күймеден сыртқа басын шығарып, Құртқа сұлу жылқыға көз салды. Кілең бауырынан жараған семіз ту бие, жарау ат, жарамды айғырлар көрген жанның қыбын қандырардай. Жиі-жиі пысқырып, қамыс құлақтарын тастөбеге тігіп, алдыңғы серек аяқтарымен тынымсыз жер тарпиды. Көп жылқының ортасында жусап тұрған көк ала биені көргенде, Құртқаның өңі құлпырып кетті. Сол-ақ екен дереу күймесін тоқтатқызып, жібек есіктің гауһар орнатқан шығыршық түймесін ағытып тастап, қол бұлғап көш басындағы Қобландыны қасына шақыртып алды. Қобланды жақындасымен, қыз күймеден түсіп, күміс кебістің біз өкшесінің ізін құмға мөрдей басып, көк ала биені бір айналып өтті. Қайтадан биенің алды-артына шықты. Қалыңдығының жүзіне қадалған Қобыланды Құртқаның әлдебір ынтық ойға шомғанын сезіп, тақалып келді.

- Сұлтаным, мынау шұрқыраған көп жылқы кімдікі екен? - деп Құртқа ентіге тіл қатты. - Иесін білер болсаң, дәл осы биені мені берсең де, алсаң дер едім, батыр.

Қобланды езу тартты.

- Басымды оққа байлап барып, таңдап тапқан өзіңді берсем, Құртқа-ау, бір елдің малын түгел алмаймын ба, - деп әзілдеп қалды да, сөздің жөніне көшті. - Бұл жылқының иесі - Сәлімбай деген немере ағам. Өзі мені жанындай жақсы көруші еді, бұл жолы сараңдығы ұстап қалмаса, бір биені бұйымтай деп санамас.

Құртқаның өңіне қан жүгірді. Енді сабырмен сөйледі.

- Батыр! “Ер қанаты - ат” деген. Тобылғы меңді торы атың - жауға шабар қанатың емес. Не қоршаған топта, не бораған оқта қалдырады. Батырға лайық жансерік тұлпар, түйсігім алдамаса, тап мына көк ала биенің құрсағында. Сөзіме құлақ асар болсаң, осы бие көк буырыл құлын туады. Жансерік атың сол болады, сұлтаным. Құртқаның бұл сөзін кейін сынарсың, дәл қазір ағаңнан мына биені қайтсең де қалап ал, - деп, көшті сол араға қондырды.

Қобланды Құртқаның сөзін қия алмай, тобылғы менді торысын ілгері лықсытып, аяңдата жөнелді. Сол бойында қалың жылқының қосағасы Қара Көжік жылқышыға анадайдан сәлемдесе келді.

- Қожеке, алдыңдағы ағасын асқар тауға балайтын інінің бірі мен едім. Ел шетіне іліккен соң, жапсар жатқан туысқанның аулының үстінен аттап кете алмай тұрмын. Ағамызға тез барып сәлемімді айт. Отау-жасауымен келінін алып келдім. Келінін көрсін де, көрімдігін берсін. Мен де құр алақан емеспін. Қырық нарға артқан қазынам бар. Керек етсе бірін емес, бәрін алсын. Ал менің Құртқамның көрімдігіне қалауым - көк ала бие ғана. Інім десе, қолымды қақпасын,- деді.

Қара Көжік үнсіз ғана келісіп, бас изеді де, атын борбайға бір тартты. Тұяқ астынан бұрқыраған шаңын желге қарсы есілтіп, әне-міне дегенше, Сәлімбайдың ауылына жетіп барды. Жылқышының қатты келгенінен шошынып: “Жылқыға жау тимеді ме екен?” - деп, есік алдында бихасап шапанын желбегей жамылып, тықыршып тұрған Сәлімбай Қобландының сәлемін естіген соң, үрейі сейіліп, сабасына түсті. Мырс етіп, миығынан күлді.

- Әй, Қобланды шырақ-ай! Баламысың деген осы-ау! Бұйымтайға тұрмас бір қараға бола сөзін босқа шығындамай, даладан-ақ ұстап әкете бермей ме. Қобландыдан бір тай түгел жалғыз жаным садаға болсын да. Көзіне көрінгенін ноқталап алсын да, жетектеп жүре берсін. Тоқтарбай ағамызға қала-ғанымды алдым деп мақтанып барғанының өзі неге тұрады. - Сәлімбайдың ишаратымен Қара Көжік енді кейін қарай құйғыта жөнелді. Келген бойда көк ала биені өзі ұстап беріп, Қобландыға ағасының сөзін жеткізді.

Құртқа сұлу күймеден секіріп түсіп, биенің қаз мойнынан құшақтай алды. Жұмсақ ерніне мап-майда алақанын тосып, нәзік саусақтарымен жалын сипады.

Күйменің артына тіркелген көк ала бие ұлы бесін кезінде көбігі шыға бұрқырап, емшегі иіп, қарны жер сызып қайта-қайта тартыншақтай берді. Ішінде тулаған тұлпардың екпіні тынысын тарылтып, халін азайт-қанын сезген Құртқа күймені тоқтатты. Дір-дір еткен көк ала бие дөңбекшіп тұрды да, домаланып сұлап түсті. Қапылыста тұншығып өліп қалар ма жаны ышқынған Құртқа жалма-жан құлынның тонын жарғызып, құлынға тыныс берді. Әне-міне дегенше, бурыл құлын да жарқ дүниеге көз ашты. Үн-түнсіз әбжіл қимылдаған Құртқа сұлу екі білегін сыбанып тастап, үстіндегі алтын жеңсізді шешті де, құлынның тұяғын жерге тигізбестен жас нәрестедей құндақтап көтеріп алды. Аузынан үрлеп дем беріп, маңдайынан иіскеп еміренгенде, кірпігінің ұшына қос тамшы жас үйірілді.

- Қабырғада қанаты бар, сұлтанымның аяғын аршындап басар жан аты! -деп, көзіне күн, етіне қол тигізбей, сол жерде дереу бурылдың үстіне жібек шатыр тіккізді.

Қобланды Құртқаға бар ерікті берді де, айтқанын екі еткізбеуді қызметшілеріне нығыздап тапсырды.

Көш сол араға еру жасады.

Құртқа қырық күнге шейін жас құлынға құлықтың сүтін емізді. Және қырық күн біткенше қысырдың сүтімен қоректендірді. Сексен күн өтіп, тоқсан күн жеткесін аяңы алымды болсын, шабысы шалымды

болсын, маңқа мен қолқа аурулары жуымасын деп, бурылға жеміне қосып қызыл дәрі жегізді. Күніне түндікті бірер мәрте саңлаулата ашқызып, құлынның көзін жарыққа үйретті. Суын сүлгімен сүзіп, қанжылым етіп жылытып түтікпен берді.

Әне-міне дегенше тоқсан күн де зымырап тоқсан өте шықты. Таң сазы білінісімен Құртқа Қобландыға отауды жығуға рұқсат етті.

Дүйсенбінің сәті еді. Мезгіл кіші бесінге тақалған шақта қыз Құртқа бурылды сыртқа шығарды. Алтыннан ою жүргізген жасыл мақпал кежімін шашасына дейін түсірте жауып, құлынды құндақтап алды да, биені қайтадан күймеге тіркеді. Сонымен, бірнеше күннен кейін елдей көшіп келіп жас отау, жаңа отау Тоқтарбайдың ақ ордасының оң жағынан керегесін жайды.

Келініне сүйініп, баласының аман-есен оралғанына мерейленген әкенің қуанышы қойнына сыймады. Қасында отырған ұлына қайта-қайта көз қиығын жүгіртіп, кірпігіне үйірілген мөлдір тамшыларды шынашағымен елеусіз ғана сілкіп тастаған көкесіне бір кез Қобланды қиыстай бұрылды.

- Көке, мен елде болмағалы да біраз уақыт өтіпті. Малдан хабар білдіңіз бе?

-Жоқ, шырағым! Көптен бері еш хабар алмадым.

Қобланды одан әрі көп қарайламай зерен тостаған толы балды басына бір-ақ төңкеріп, “жылқыны көріп қайтайын” - деп жүріп кетті.

Зауал шақ болатын. Көлеңке басы ұзарып, сонау беткейде жалғыз құйғытқан жастың қарасын ә дегенше көзден таса қылды. Алдынан жүгірісе шыққан жылқышылармен есендесіп, шаруа жайын сұрастырды. Тағы да баяғы ермекті қайта қыздырды. Ит жүгіртіп, құс салып, Естеміс екеуі аңшылықтың құмар қызығын дуылдатып, сайрандап жата берді.

Тайбурыл

Таң атты дегенше, күн де батады. Уақыт деген көзді ашып жұмғандай жедел де, желдей жүйткіген жүйрік емес пе. Тайбурыл жасқа толып, кекілі желкілдеп, тай шықты. Ай маңдайы жарқырап, қамыс құлағы тас төбесінде тікірейді. Тайдан өсіп құнан болды. Темірдей тұяғы ойнақтай басқанда жолындағы тасты көмірдей уатты. Күн көрмеген көбең дөнен шыққанда мойны жуандап өссін деп Құртқа сұлу арындаған Бурылды тығыршықтай байталға жеке салды. Бестісінде басына жүген, арқасына ер түсті. Мойны таралып өссін деп жібек арқанды қырық құлаш қып ескізіп, ұзын байлап сүйреткізген де қыз Құртқа. Тізгінін тартып үзбесін, үйірге көзін сүзбесін деп, алты жасқа толғанда ақтатып тастатқан да қыз Құртқа. Содан кейін небір маман шеберлерді алдыртып, ер-тұрманды Бурылға лайықтап алтынмен қақтатты. Атына батырының қару-жарағы сай болсын деген оймен Құртқа қарағай найза саптатып, алмас қылыш соқтырды. Қылыштың қынына күміс жүргіздірді.

Арада алты жыл өтті. Бұл кез- Қызылбас жұртының Қазан деген қатыгез ханының көршісіне көз алартып, бейбіт бұқарадан береке қашырып, маңайындағы елдерге бықпырттай тиіп жатқан кезі еді. Қолдағы билікті құрық қып созған қатал әмірші көз алдындағы көнбіс халықтың қайыршы халін місе тұтпай, тойымсыз ашқарақ жанарды қиырға қыдыртты. Топырлатып сан мыңдаған қол шығарып, тұтқын мен малды әр тұстан айдатып алғызды. Дәніккеннен құныққан жаман. Араны ашылған Қазан енді жалпақ әлемді жалғыз билемекші болып, бір-ақ күнде бүкіл жасағын тегіс атқа қондырып, ноғайлы-қазақтың байтақ жеріне басып кірді. Қапыда тиген жауға қарсылық көрсете алмаған бейқам жұрт мал-жанын тастай қашып, жан сауғалап босып кеті. Атадан ұлды, анадан қызды айырған қасірет күннің шерлі гөй-гөйі тау мен таста ғана жаңғырды. Қара көздердің кірпік ұшынан домалаған қанды жасымен ытқыды. Қара табан шұбырындының айықпас зарымен ұласты.

Қазан хан сол дүбірлетіп келген бойда ноғайлы-

қазақтың Қырлы қала, Сырлы қапа дейтін екі шаһарын оп-оңай-ақ басып алды.

Сырлы қаланың жан-жағы ашық, қорғаныс жасауға онша қолайлы болмағандықтан, Қазан Қырлы қаланы дөңгелете жағалай ор қаздырып, шым дуалмен қоралата қоршатғы. Қырық жерден қырық болат қақпа қойғызып, күндіз-түнгі күзетіне алпыс батырды және бөлгізді. Сөйтіп, Қырлы қаланы алынбас берік қамалға айналдырды да, бекзадасы мен бегін, төресі мен шорасын маңайына жинап алып, сол шаһарда емін-еркін думандатып тұрып жатты.

Бұл хабар елден-елге тарап кетті.

Қазанның қарақшылығын естігенде қырық мың үйлі қияттың батыры Сейіл ұлы Қараман қатты ызаланды. Елінің шетіне жау тигенде жай қарап жата алар ма. Ат жалын тартып мініп, атадан ұл болып туған соң, намыс қууға тырысып, байтақ еліне тездетіп жаушы шығарып сауын айтты.

“Ел бірлігі - берекем” деп ұғынған талай ер хабар жетісімен-ақ, кешікпей атқа қонды. Бәрінің тау суындай жөңкіліп, сауылдап құйылар сағасы - Қараман батырдың ауылы болды. Қараманның өзі қарауындағы қырық мың үйлі қияттан қырық мың әскер қол жинап, күндік жердегі айналасы ат шаптырым айтақырға сырғып келіп, шатырын тікті. Жылқыдан таңдап ақбоз ат алдырып, сол арада тәңіріне құрбандық шалды.

Қияттың Қараманнан басқа да атышулы, айбынды төрт батыры бар еді. Олар қатарынан айбары асып, дұшпанның кеудесін мысы басып тұратын Қарақозы мен Аққозы еді. Қару-жарағын жасанған қалың топқа қасқайып барып, жалғыз өзі бір түменді бұзып-жарып өтетін Қаржанұлы Қосдәулет еді. Ғайыптан болжап сөз айтып, айсыз түнде елсізден жалғыз жол табатын Қара Бұқан жауырыншы еді.

Осылар қасына келіп тізе бүккен соң, Қараман қабағын салбыратып, түнеріп отырып ашулы үнмен түйіле сөйледі.

-Уай, ағайын! Сүйекке таңба, намысқа дақ түсті. Қорлықты көріп отырып, қалғып-мүлгіп кетермісің, қарғып-сергіп кетермісің - ол ерік өзінде. Тегінде,

іштен күмілжіп өлгенше, қаспен күресіп өлген артық қой. Қостанып шықсақ, қастанып тиген жауды жеңетінімізге кәміл сенем. Мына топтанып қаһарға мініп келген түрлеріңнен мол уаныш тапқандаймын. Сендерден жалғыз-ақөтінішім бар. Агайын, жақынга келген жаманат жалпыга жеткен кесапат емес пе? Ендеше, жеке шаппай, қанат-құйрығымызды түгендеп алып, тұтаса ұмтылайық. Қараспанды жайлаған қалың қыпшақ жатың емес еді. Сол жақыныңның Қобланды сынды батырын неге ұмытасыңдар? Дуа дарыған кереметін ел көрді. Ел сенген ерге біз де сенейік. Бұл сапарда Қобланды ұланның қонысын баса жүріп, барса ертіп алайық. Ермесе, сол арада батасын алайық. Жақсыдан - шарапат деген. Мұңыммен мұңдас, жылыммен жылдас тел құрдасым еді. Тілегімді қайтармас. Осыған не дейсің, әлеумет? - Қараманның қисынды сөзіне керіс білдірмей, тез келіскен жағалай жиын бір ауыздан мақұлдады. Уәжге келіп, түйінді бір арнаға мықтап түйген қалың қосын ертеңінде кіші сәскеде шеру тартып, бірнеше күннен соң, Қараспан тауының күнгей етегіне жетіп еру жасады.

Жылқыда жүрген Қобланды шаңдатып жеткен қолды көріп, бұрылып келді. Қобландыны танығаң Қараман құрдасының алдынан қарсы шықты.

Екеуі оңаша бөлінді.

- Қазанның астамшылығын естіп жатқан шығарсың, құрдас. Естісең, онда еліңнің шетіне жау тигенде ерегісіп өре тұрмай, ерініп жатып алғаның қалай, батыр-ау? Ерігіңді көріктіндей қорғайтын ұлан асулы күн туды ғой. Заманы бір сырласым өзің едің, мұңымды саған шақпағанда кімге шағам, Қобланды? Тізенді тіземе қос. Кегіңді кегіме жалға. Біздер ұрандап ұмтылсақ, ұлардай шуламас жау қалар ма? Жылаулы жұртыңның жоғын жоқтап жол шектім. Қасымда болып, қапталымда жүрермісің, жолбарысым? Ақылды туған ерім деп шерімді төктім. Құп алып қуан-тармысың құрдасынды? Сенің көңіліңді өз көңілімдей көріп, ат басын әдейі бұрып келіп қалдым. Еремісің, арыстаным? - деп, сөзін бұлтартпас қолқамен бітірді. Қобланды камшысының сабын саусағымен шертіп, қипақгап отырды да, ауыр күрсінді.

- Әй, құрдас-ай, сыйладың да қинадың-ау. Мен не дейін дәл қазір? Не айта қояйын саған? Менің барар-бармасым үйдегі Құртқамның қолында ғой. Түндікпен күн беріп, түтікпен су беріп баққан жан серік атымды жаратып жүрген де сол Құртқаның өзі еді. Хабарласпағаныма да, міне, тура алты жыл толыпты. Бурылдың бабы кем болса, бұл сапарға мені босата қояр ма екен? - деді. Еңкейген басын көтерген де жоқ.

Қараман қайта қайырымға келмей үнсіз бұрылып жүріп кетті. Құрдасының тұнжырап өкпелеп кеткенін көрген Қобланды шатырына еңсесі түсіп, түнеріп оралды. Келген бойда Естемісті “Бурылды тез алып кел, Қазанға қарсы жорыққа аттанам”, - деп, ауылына жұмсап жіберді.

Түнімен тоқтаусыз сар желдіртіп отырып, таң сарғая атқанда ауылға енген Естеміс ақ отаудың ту сыртынан жақындап келіп ұйқыдағы Құртқаға дыбыс берді.

- Құртқажан, үйдемісің? Мен — Естеміс деген қайнағаң болам. Қобланды шырақгың тапсырмасы бар еді.

- Айта беріңіз, ағажан. Құлағым сізде.

- Құртқажан-ай, іс тағдырға сызылған соң амал не, асығыс жүріп, суыт хабар өкеліп тұрмын. Арыстаныңның көңілі бұзылып, жолын дұшпанға қарсы салмақ боп ниет етті. Мінуіне ат, киюіне жалаңқат керек болып тұр. Шырағым, босқа үрейленбе. Қобланды қарақ жалғыз емес, Қияттың қырық мың қолын бастаған құрдасы Қараман бар қасында. Менің сұрарым: өзің алты жыл баққан батырдың Бурылы мінуге жарай ма?

Ат үстінен бір жамбастай қисайып, отау жаққа құлақ түрген Естеміс үнсіз қалып, жауап тосып тұр еді. Киіз есік сарт етіп ашылып қалыпты. Алғаш өз көзіне сенбей, сылаң етіп шыға келген сұлуды ай көрдім бе дегендей, бастан-аяқ тегіс шолып өтті.

Шекедегі шоғы қос жұдырықтың аумағындай доғаланып, таң нұрында жарқырап, көзін қарықтырды. Алтын иек, ақ тамағы піл сүйегіндей кіршіксіз екен, қара көздің ұшқынды жанарынан нұр шашқанда, тіпті

ағарандап көрінді. Буынын бос тастап, бұрала басып, алтынды тонды иығына желбегей жамылып, Естеміске жақындап келді. Аузын ашқанда, аппақ тістері маржандай жылтырады. Тіл қатқанда, сыңғыр үні күміс теңгедей сылдырап төгілді.

- Апыр-ай, ағажан-ай, сәлеміңіздің салмағы қандай ауыр еді! Іңкәрға пенде тойған ба, жауабымның сізге де, жұрт иесі- сұлтаныма да оңай тимесін біліп тұрмын. Бірақ айтпасыма болар ма? Құртқа сынды қызға ақыл салған жолбарысыма жаным пида. Бурылдың бабына келуіне әлі де біраз күн толмай тұр. Осы сәлемімді Қобландыға дұрыс жеткізіңіз. Бөрі де қасына ерген серігіне қастық етпеуші еді. Қараман құрдас бұл сапар батырымды бекер қинамасын. Жасаған хақтың кеңдігі көп еді, бір өтінішімді орындасын да, жолбарысым дәл осы жорықтан бас тартсын. Құрбым деп сыйлап, қыз басымды қадірлесе, бармасын. Бурылдың тура қырық үш күндік кемдігі бар. Мені бөгеп те, қорғалақтатып та тұрған осы кемшін, - деді.

Естемістің аузына құм құйылды. Тілемсек көздің қиығын тағы да сұлу келінге қарай серпіп қалды да, әлденеге қылғына тамсанып, атын тебініп бұрылып жүріп кетті.

Құртқаның жауабын бұлжытпай айтып барған еді, Қобланды іле-шала қосындағы Қараманға тез жетті.

- Құрдас, жаманның тіліне, наданның діліне сен екеуміз ермейік. Әр нәрсе ақылмен істелсе, жөн болады екен. Бір қолқаңа қопарыла түсейін десем, қол байлаған шарасыздық алдымды орап өтті. Айып етпе, асыл дос. Бұл сапарға мені қинама.Сүйрік саусақтарымен жем берген, жүйрік көңілімен бабын білген Құртқаның жаратып жүрген Бурылының әлі де қырық үш күндік кемдігі бар көрінеді. Әйел де болса - дана еді. Құртқамның қамымды жеген тілегін қайтара алмадым, - деді.

Қараманның көзінде мысқыл шоғы ұшқындады.

- Солай де, Қобланды. Еркек боп айтқан қолқамды төмен етек қалқаңның жолына қидың ба? Жарайды, о да болса албырт ерлігіңнің бірі дейін. Бірақ бұрынсонды қатынға ақыл салған азаматты естіп пе едің?

Есіктің алдындағы ебелекке кебенек киіп аунаған ердің әр қимылын қатыны билесе - қатыннан оның несі артық. Қап, тәңір-ай! Жолымнан қалып әйеліне бұйдасын ұстатқан еркекке ақыл салғанша, Қазанның мың сан шерігіне қарсы жалғыз шапқаным абзал еді ғой! - деп, орнынан тұрып жүре берді.

Құрдасының әрі жерлеп, әрі кекетіп айтқан ауыр сөздері Қобландының тұлабойына ашу мен ыза болып, намыс пен қорлық болып, дуылдап жайылды. Өнбойын шып-шып тер буды. Иектен сорғалаған суық тамшылар омырауын малшыды.

Сөз сүйектен өтеді деген рас. Қыжырланып, азу тістерін қарш-қарш егегенде, жақ еті желді күнгі буырқанған теңіз бетіндей толқын атты.

Адымдай басып келіп, шатырының жанында қаңтарулы тұрған тобылғы меңді торыны жалма-жан ерттеп мінді де, ақ алмасты қолына жалаңаш ұстады.

Сарт етіп тиген бұзаутіс қамшы торыны жебедей суырылтты. Қобландының қабағынан қар жауып, кірпігіне мұз қатқан ызғарлы сұсы мен өрекпіген ашуы жалаң қылыш пен ысылдаған қамшыға қабат түйіліп, жаздың тығыз ауасын ыс-ыс осып келеді. Дәл қазір осы ширыққан күйінде қарсы алдынан кездесе қалса, бұландаған Құртқаның алма мойнынан бір-ақ орып, әсем басын доптай домалатудан тайынбас та еді.

Тобылғы меңді торының тұяқ дүбірін жер түбінен естігенде, Құртқа орнынан ұшып барып, есікті серпіп ашты. Серпіп ашты да, сол арада ес-түссіз серейіп біраз тұрып қалды. Батырдың мына шабысы — тегін шабыс емесін үрейлене сезген сұлудың екі бетінің ұшынан қаны қашып, әп-сәтте өңі бозарып сала берді. Қолын босатқанда, киіз есік сарт етіп қайта жабылды. Сәлден соң аздап есін жиған Құртқа туырлықгы ысырып, енді жабықтан сығалады. Артындағы қою шаңнан үзіліп шыққан Қобланды астындағы атын қайта-қайта қамшылап, оң қолындағы жалаң қылышты жарқылдата сермеп тақалып қалыпты. Сол-ақ екен, сасқалақтаған Құртқа есік пен төрдің арасында ерсілі-қарсылы жүгіре берді. Бір рет дұрия көйлектің етегін басып қап, домалап та тұрды. Сол сәт көзі сол жақта байлаулы тұрған Бурылға түсе кеткен еді.

Қапелімде тұтқиылдан дәрменшіл ой тапты. Жалмажан Бурылды шешіп алып, мойнына арқан салды. Содан соң, шылбырынан жетектеп далаға беттеді.

Бұл кезде қаһарына әбден мініп, ашулы өңі қабарып Қобланды да жеткен еді. Алдында ойнақтап тұрған Бурылға көзі түскенде, дүниені түгел ұмытып, бар ашуы су сепкендей басылды.

Туғалы күн нұрын түндіктен ғана көретін Тайбурыл, алғаш рет түнектен жарыққа шыққан соң, екі көзін түлкідей жайнатып, өз-өзінен ойнақтап, бұлқына бастады. Көлденең жатқан тұтқыр қайрақтың көлеміндей көк тасты еңкейіп барып, жұмсақ ернімен іліп алып, қарш-қарш шайнады. Дүр-дүр сілкінді. Сілкініп алды да, он екі құлаш жібек арқанын сүйретіп, Бурыл аспанға екі мәрте атылды.Бурыл екі рет аспанға атылғанда, он екі құлаш жібек арқанды қылдырықтай беліне үш орап алған Құртқа сұлу тұлпарды екі рет жерге алып түсті. Анасы әйел демесең, Құртқаның да қажыр-қайраты анау-мынау батырыңның қауқарынан бір де кем емес еді! Алақанын арқан дуылдатып, шыбын жанын тұлпардың әлі де болса бабының кемістігі қинап тұрған Құртқа сонда қамығып сөйледі:

- Көкжиектің сағымы - асқар таудың белдігі болса, мүсәпір жанның теңдігі - зая кеткен сөзі ғой. Қайтейін, Қарамандай құрдасымда ақыл болғанда, жалғыздың жанына жара салар ма еді? Қуатым, Тайбурылым-ай, бір ұшуың кем болды-ау! Қырықүш күндік кемшініңді толтырғанда аспанға үш мәрте қарғыр едің-ау! Амалым не? Өкінгеннен пайда жоқ!

Манадан Бурылдың да, Құртқаның да өнерін өз көзімен көріп, іштей қатты сүйініп тұрған Қобланды кешірімшіл бәсең үнмен тіл қатты.

- Отауыңның алдына қаһарлы қыстай түнеріп, қылыш жалақтатып жеткенім үлкен әбестік болған екен Құртқа. Мен қазір наурыздан кейін жадырап туған сәуірдей елжіреп барам. Мені майдай еріткен сенің ақылың. Әр пенденің езіне лайық серігі болса, сені маған тәңірім ақылы мен көркін бірдей етіп кездестіріпті-ау! Разымын, бек мақұлмын, Құртқа!

Құртқа назар салмай, үндеместен төмен қарап, күміс кебістің үшкір тұмсығымен жер шұқыды. Тұла

бойды құрсаған наз-наласымен іштей қамығып, іштей булыққанда, екі иығы селкілдеп, иығындағы жеңсізі сыпырылып түсті.

Қобланды теткіп қалды.

- Апырай, неге жыладың? Жолың мен жөнің бөлек қалыңдығым едің ғой, Құртқа. Басқадан артық қадірлер нағыз асылым өзің болмағанда, әлгінде сенен бөлек төмен етектің басын оп-оңай шауып тастардай ашуланғанымды көңіліңе дық алғаның ба? Неге сонша мұңайдың? Ердің құнын жүктесең де, саған қабақ көтерер ме едім? Мен тірі тұрғанда сенің қамығатын орайың бар ма еді, Құртқа! Көтерші басынды! Бұршы жүзіңді! Аппақ нұрлы бетіңді көрсетші бір! Осы сапардан аман барып, сау қайтсам, түнегіңе шырақ қондырармын-ау, Құртқа! Мойымашы, жасымашы, жабырқамашы, Құртқажан!

Құртқа әлі де жүзін толық көрсетпей, иығымен бетін тасалай берді.

— Айдын көлдің шетінде шолпылдатып ойнаған майшабақтай біз пақырлардың бар тілегі азаматының үстінде емес пе, батырым. Өз жарын хан көтеретін мінез - бар ұрғашының кебі ғой. Алдыңызды орай беріп қайтейін. Талап етіп, ойға алған мақсат-мұратыңызға тарықпай тез жетіңіз. Сіз сұңқар болғанда, біз қарға емеспіз бе. Алты жылда алыстан ұзақ күткізіп, бір келгеніңізде бетіңізге ажырайып тіке қарағаным лайық болар ма? Сапарыңыз оңдалсын! Аға-ініңіз жоқ еді. Жазым болып, келмей қалсаңыз, күйігімен күйіп, құсасымен өртеніп өлер Құртқаңыздың бар екенін ұмытпағайсыз. - Қобланды шегін тарта солықтатып күрсініп алды да, сәл-сәл басын изеп қойды.

- Мен де сені екі дүниеде ұмытпаспын. Өкпелеме, Құртқа, бүгін де ақ отауыңа бас сұға алмаймын. Анау қос кәрімнің көңілін тауып, мауқын басқызып, жұбатып аттанайын, - деп, Қобланды әкесінің үлкен үйіне қарай жөнелді.

Әкесі мен шешесі түнімен ұлының екі жағында отырды. Аналық үйіндегі бар дәмді тамағын баласының алдына тосса, Тоқтарбай дүниедегі ең асыл сөздермен айналып-толғанады. Түн ортасы ауа, құс

жастыққа басын қойып, қисайған ұлының қасында екі бейбақ екі жақтан үстіне түсіп кетердей үңіліп отыр.

“Қозым, қозым!”- дейді еміренген ана. Кәрі жанарда мөлт-мөлт жас жылтырайды. Балауыз шамның әлсіз жарығында сол тамшылар кірпік ұшынан Қобландының аппақ маңдайына ақырын ғана секіріп-секіріп түседі.

“Қалқам, қуатым!” - дейді елжіреген ата! Ақ сақалдың ұйысқан майда қылы шал еңкейгенде, Қобландының ашық омырауын нәзік сипалайды. Дірілдеген саусақтың әлсіз табы маңдайдағы бадана тамшыларды еппен сүртіп алады...

Бұл кезде отауында оңаша қалған Құртқа сұлу да түнімен көз шырымен алған жоқ.

Тайбурылдың үстіне алтын тұрман ер салды. Құйрық-жалын тарап, кекілін түйді. Қоржынға біраз ғана азық салып қанжығаға бөктерді. Батырдың сауыт-сайман, қару-жарағын сүртіп тазалады. Сонан соң кермені жұлып кетердей аспанға шапшып, сом тұяқтарымен тыпыршып жер тарпып тұрған тұлпарды ақ орданың алдынан жетектеп, көлденең өткізді. Тайбурылдың тұяқ дүбірін естігенде, Қобланды төсектен атып тұрды.

Тыста ағайын-жұрты тегіс жиналып Қобландыны тосып тұр еді. Бірі жылап, бірі шарасыз күрсініп, көпке дейін ұланның шаужайына жармасып, бұл сапарға қимайтындарын білдірді. Бірақ оған көне қоятын Қобланды ма! Ақ отауға асығыс кіріп, сауыт-сайманын үстіне киіп, түлеп ұшқан қырандай құлпырып шыға келді. Құртқа сұлу Тайбурылды ойнақшытып, батырдың алдына көлденең тарта берді.

Үзеңгіге аяғы тиісімен, дік етіп ерге қонған батыр айналасына көз салды.

Сол сәттегі Қобыландының келбеті өте келісті еді. Қос шарайнасы сәуле шағылыстырған тоғыз көзді ақ сауыт талыстай кеудені тырсылдата керіп, екі иықты шалқақ көрсетеді. Беліндегі исфахани семсер кейбіреуге найза боларлықтай ұзын. Ноғай бөркі төбесінде шошайып, қыран көздерінде от ұшқындайды.

Қалың жұрт сол арада қолын жайып, кек қуған ұланға батасын берді.

Ел сенімі ер көңлінің мызғымас тірегіне айналды.

Күн сәскеге тырмысты.

Қобланды халқына қарап, дулығасындағы шоқ желекті желкілдетіп басын иіп, тағзым етті де, тізгін қақғы. Күн ұзын шиыршық атып, ауыздығын қарш-қарш шайнап тұрған Тайбурыпг төрт аяқты тең тастап, Қараспан тауын бөктерлеп лекіте жөнелді.

Іші-бауыры қатты елжіреп, тамағына өксік тығылған Қобланды бір кезде артына бұрылып көз тастады. Қалың жұрттан бөлініп, соңынан дедектеп еріп келе жатқан әке-шешесін, жар қосағы Құртқаны, қарындасы Қарлығашты көрді. Ең алдына ақ көйлегі желбіреп Қарлығаш құстай ұшып, оқшау жырылып шығыпты.

Қобланды шыдай алмай, ат басын ірікті.

Қарлығаш жеткен бойда көкесінің алдын орай тоқтады. Құс төсі көтеріліп-басылып, жиі ентігіп тұр. Қара көздің бұршақ жасын сығып тастап, күрсініп алды.

- Жалғыз жақын, жан көкем! Халқың қамығып айтса да, қайыспадың. Қиясынан талпынып ұшарда, ақ сұңқар да қанаты мен құйрығына сенетін. Кімге сендің, жан көке? Басқа сенерің, сиынарың болмаса, сенің жолыңа менің жаным құрбан болсын. Құдайға айтар шұнақ тоқтың мен болайын, жан көке! Аман барып, сау орал. Өзіңді қайта көргенше, көзімнің жасын көлдетіп, жолыңды тосып өтермін. Ел жұртыңмен қайта қауышқанша, тәңіріңе шалар ақсарбасың да мен болайын, жан көке! Өзің барда көңілім - тоқ, дүнием - жарқын, тірлігім - думан еді. Сен кеткен соң, табанға шоқ, маңдайға тікен қадалар ма, жан көке! Керекке біткен теректің көлеңкесіне де зар боп қалғанда, арқамдағы тұлымым, омыртқада жұлыным үзілер ме, жан көке! Қалың топтан суырыла озған жүйрігім де өзің едің. Судан шыққан сүйрігім де өзің едің. Қарға жүнді қаттасым, үйрек жүнді оттасым, жан көке, саған бұйырған оқ маған ғана қадалсын! Саған төнген ажал мені ғана тапсын! Қайырылмасышы сезіп тұрмын, жан көке! Тоғай толған түйең бар, қора толған қойың бар. Соларды кімге тапсырдың? Желіге симас жылқың бар,

тоқсанда Тоқтар атаң бар, алпыстан асқан анаң Аналық, оларды кімге тапсырдың? Ақыреттік жолдасың, құдай қосқан сұлу жар - Құртқаңды кімге тапсырдың, жан көке?

Қарындасының егіліп айтқан ащы зары аш өзегіне түскенде Қобланды ат үстінде теңселіп кетті. Бүкіл тұлабойы бордай үгіліп, тамағына түйін жас кептелгенде, буын-буыны түтел босап, ерден ауытқып құлап бара жатып, ақ найзасына сүйеніп, қайта түзелді.

- Жыламашы, Қарлығаш қалқам! Ұя салған жеріне қайта айналып ұшып қаз қонушы еді ғой. Қайратымды тасытып мен де ораламын, қарағым, - деп, көзінен аққан қанды жасты Қарлығашқа көрсетпей, жеңінің ұшымен сүртіп тастады. - Тарыққанда көзден жас тамшылары рас. Тар қолтықтан қадалып тиген оқты тартып алар қарындас екені де рас. Бекер торықпа, күнім. Ажал жетсе ғазиз бас үйде отырсаң да, ұшып түседі. Жаным - арымның садағасы емес пе. Үрей-ленем деп, үйде үйелеп жатып алуым лайық па еді. Сендер босқа уайымдамаңдар. Ел іші - алтын бесік. Қараспан тауын жайлаған қалың қыпшақ ағайының өздерінді жылата қоймас, Қарлығаш. Қой, жасыма, жылама, қалқам! Көзіңнен жас көргенде, көңілім босап, сай-сүйегім сырқырап барады. Қане, бері жақындашы, күнім! Бір сүйгізші мынау жаудыраған мөлдір қарашығыңнан! Намысым — барым еді ғой. Сол барымды малыммен байламақ болғаның қалай, Қарлығаш? Тоғай толған түйемді Сарысуға тапсырдым - қырылсын да өлсін! Желі толған жылқымды жасанған жауға тапсырдым - қусын да әкетсін! Қора толған қойымды жалақтаған бөріге тапсырдым - жайратсын да жайпасын!

Қия алмаймын сендерді! Біріне-бірі сүйенген ата-анам - қос кәрімді аяймын! Қиналам да шер төгем!

Тоқсанда атам Тоқтарбайды бір құдіретке тапсырдым. Алпыстан асқан анам Аналықты Бибатима піріме тапсырдым. Шырағым Қарлығаш, өзінді Қарашаш ханымға тапсырдым. Жар қосағым Құртқаны палуан қызға тапсырдым. Мұнды сезгіш, жасты көргіш солар еді, жылатпас та зарлатпас!

Айналайын, Қарлығаш! Орман ішіндегі алаңда

жалғыз өзі оқшау өскен жас бұтаны көргенің бар ма? Сол жас бұта - мен едім ғой! Сендер төртеу де, мен жалғызбын ғой. Мені кімге тапсырасыңдар?

Қарлығаш көлкіген жасын бір іркіп алды.

- Апырай, жан көке, адалдан жиған малыңды залымдарға тапсырғаның жанымды жаман түршіктіріп жіберді ғой. Соншама таусылғаның неткенің? Мойымашы, жан аға! Еңсеңді тіктеші, көкежан! Ел-жұртыңды аман-есен көруіңе мен тілектес болайын, көңіліңе ешбір көлеңке жуытпашы! Жуыта көрмеші, көкежан! Тірі оралар кепілің - өзіңнің ерлігің мен қайратың еді ғой. Жан көке, мен сені он сегіз мың ғаламның падишасы - Жаппар хаққа тапсырдым! - деп басын иді.

Осы кезде арт жақтан Құртқа сұлу келіп жатқан еді.

- Сұлтаным, өзіңмен кездескелі бері сегіз ұжмақ пейішке тоқтаусыз енгендей қызық дәурен кешіп едім. Амал нешік, енді бөгелмесіңді біліп тұрмын. Сондықтан да өзіңе айтар екі-үш ауыз сырым бар еді, асықсаң да, азырақ құлақ тұр.

Кешегі кеткен қалың қияттан сен Сырлы қалаға он екі күн бұрын барасың. Сол Сырлы қаланың қасында Қасқырлы деген кішірек тау бар. IПаһарды алғаннан кейін, еруді сонда жаса. Қырлы қаладағы Қазанға ешбір қайрат керсете алмай, Қараман құрдасың өзіңді сол тауға іздеп барар. Намысыңа тиген досыңнан сонда әжуалап қарымта қайтарасың ба, қатынның да тілін ал деп айтасың ба - ол ерік өзінде.

Әттең астындағы Тайбурылдың бабының қырық үш күндік кемдігі ғана мені әлі де күрсінте береді. Қызылбастың тағы бір ханы - Көбіктінің жылқыдан қашқан екі атына жете алмай, тұлпарың алғаш рет сонда ғана кемістігін танытар.

Ал жолың болсын, сұлтаным! Сапарыңнан қалдырмайын. Көзімізге қан, көкірегімізге шер толған кезде қайта іздегі табарсың біздерді. Артымда Құртқам бар еді деп іздеп келмесең, онда мақшарда табысайық, — деп шегіне бергенде, екі өкпесі қабынып, ентігіп жеткен шешесі Қобландыны құшағына қысып, еңіреп жіберді.

- Ойда Ілияс пайғамбар! Қырда Қияс пайғамбар!

Бас-басыңа бір-бір ақсарбастан атадым. Жалғызыма тарыққанда, дем бер, жығылғанда әл бер!

Ықылас атты Пашты Әзіз! Қозымды саған тапсырдым. Орға жыққызбай, зорға жолықтырмай, демеп жүр!

Көл иесі, Қамбар-ай! Шөл иесі, Қамбар-ай! Ұлымды саған тапсырдым. Қорғаны бол қозымның, орманы бол қозымның!

Құлыным-ай, ұл тапқанның бәрі - сор табушы ма еді? Тар құрсағымды жібітіп, тас емшегімді ерітіп туарың бар, тірі күйікте қалдырғаныңа не дейін. Есен барып, сау қайт, жалғызым! Егіз туған қошқардың көк қасқасын жолыңа арнап соярмын. Егіз туған бұқаның көк шолағын жолыңа арнап шалармын! Егіз туған айғырдың көкбестісін жолыңа арнап жығармын!

Қобланды шешесіне маңдайынан сүйгізіп, жүріп кеткенде, Тоқтарбай шал діңкесі құрып, көзі басы іріндеп, буындарының дірілін баса алмай, орта жолда зарлап тұр еді. Қобланды қайырылып қараған жоқ. Атының бауырына ала дойырды шықпырта көмді де, көзіндегі жасты шынашағымен бір үйкеп сүртіп тастады.

Тайбурылдың шабысы

Бауырына қамшы батқанда, денесіне бұған дейін Құртқаның нәзік саусағынан басқа нәрсе тиіп көрмеген Тайбурыл шиыршық атты. Атандай төсі салынып, құбылып гулегенде табаны жерге тиер-тимес қалықтап созылды. Сәлден соң құлағының түбі жіпсіп, қарсы ұрған күн сәулесінде жылт-жылт құлпырды. Тер шыққан сайын Бурылдың шабысы түзеле берді. Көлденең жатқан аңғарды жерошақ құрлы көрмей зымғап келеді. Атының жүрісіне көңілі толған Қобланды іштей ғана тілек етті.

“Көріктімнің тектісі-ай! Қайран Құртқа, қадіріңді енді білдім ғой. “Тұлпарың - қанатың” деп едің, сөзіңді де бір сынап көрейін осы жолы. Ал, Буырыл, қолтығында қос қанатың болса, үстіңдегі мен бір Аллаға аманатпын. Екі аяқты пендеден алдыма қара

салғызбаспын деп намысқа қызып, кеудемді көріктей керіп жүрген өркөкірек жан мен едім. Қыдыра жалды, қыл құйрықтыдан сен де алдына бір де бірін шығарма, Тайбурылым! Екеуміздің осы бүгін намысты қолдан берер жайымыз жоқ. “Қатын Қобланды жаудан қорқып үйіңде бұғып қалды” деп қорлап кеткен кешегі көп қияттың шаңына көміліп, тағы да мысымды басқызба. Нағыз тұлпар болсаң, қырық күншілік Қазан қосына осы бүгін мені қайтсең де жеткіз, жан серігім!”

Тобылғы сапты қамшы ысқырып келіп Тайбурылдың санын осып түсті. Сол-ақ екен тұлпардың жаны қатты қысылды. Жуан дойырдың қара санды тіліп түскені сондай, жарадан аққан қызыл қан қайрақ тасқа қақ болып тұнды. Қақ болып тұнған жылы қанға жапыр-жұпыр үймелеген қарға-құзғын тойынып, қарық боп қалды.

Тайбурыл ұзынынан созылып сала берді. Үкілі құйрық, майда жал алдынан ескен желмен судырай жайылып, суылдап қыл қобыздың нәзік ызылындай үн шығарды. Жартысы күміс, жартысы алтындай жылтыраған түгінің әр қылына бусанып, шық моншақтай тер оралды. Төрт аяқты қарыштай сермегенде соңынан төрт құйын тұтанып, сар даланы ұйтқып кезіп кетті. Бурыл тер шыққан сайын құтырына өрледі. Адырды адыр екен деп қарамады. Белді бел екен деп бөгелмеді. Көлденең жатқан көк тасты жұмыр тұяғымен саз балшықай илеп, қоңыраулатып дауыс созғанда көз ұшыңда бұлдыраған алысты жақындатып, қиырдағы қашықты тарылтып жіберді. Күн тастөбеге келгенде, Тайбурылдың шабысы бұрынғысынан да түзелді. Көлге біткен қамыстай қос құлағы тігіліп, ауыздықты шірене тартып, қатты серпіген сұр жебедей суырылды. Түс ауа бере илеуі жеткен қайыстай бүгіле түсіп, төрт аяғын көсіле тастағанда, зергердің созған әбіре сымындай есілді.

Бесін кезінде мандай тұстан шүйкедей шаң көрінді. Шаң көрінгенде, алтайы түлкідей бұландаған Буырыл одан сайын аршындады. Әлгі шаңның иесі - қол соңында бара жатқан Қара Бұқан жауырыншы екен. Ағындап жеткен бойда Қобланды атының басын сәл іркіп:

- Армысың, аға! Алдыңда кім бар? - деді.

- Апырай, жеттің бе, Қобланды шырақ! Бәсе, елінің кегін сендей азаматы қумағанда, кім кусын. Осынау белдің астында мен білсем, Қосдәулет кетіп бара жатса керек, - деп қатарласа шапқан Бұқан қамшысымен алдын нұсқады. Сөзінің соңын көз көрім кейіңде бітірген жауырыншы бұлдырап қала берді. Тайбурылды сыдыртып, ә дегенше Қобланды Қосдәулетке де екпіндетіп жетіп, құйрық тістесті.

- Армысың, аға! Алдыңда кім бар?

- Сен бе едің, шырақ! Келгенің жақсы болды-ау, Қобланды! Алдыңда Аққозы бар.

Құтырына құйғытқан Тайбурыл омыраулы төсті желге өпкізіп, аздан соң Аққозыны да басып озып, аласа төбеден аса бере, Қарақозымен қатарласты.

- Армысың, аға! Алдыңда кім бар-ау?

- Қарағым, өзің бе едің? Енді жолымыз болар-ау! Кешеден бері қарасын бір көрсетпей Қараман құрдасың үзіліп шығып еді. Астындағы арғымағы тым жүрдек көсем екен. Әй, талай жерге ұзады-ау.

Саған бүгін жеткізбес ол, - деген Қарақозының сөзі намысына тиген Қобланды Тайбурылға тағы қамшы басты. Көктен құйған тамшыдай құлдырап зулаған Бурыл шабысты тіпті өршітті. Қос құлағын жымитып, төскейден безген қояндай созыла көсілгенде, айнала тегіс дөңгеленіп жүре берді. Қараман да бір талай ұзап кеткен екен. Еті қызған Тайбурыл қойсын ба, сақпаннан атқан тастай боп гулетіп жетіп-ақ келді.

Сәл ғана тізгінін іркіп, шабысын тежеп, Қобланды құрдасымен қапталдасты.

- Ой-бой-бой, мақтаған атың осы ма, досым-ау? Мынауың жауға шабар тұлпар емес, қойға мінер шобыр ғой. Мына жүрісіңмен менің бүгін тіккен қосыма он екі күннен кейін келерсің. Ал қапай екен, құрдас? Қатын деп қарамай кетіп едің, Құртқаның жаратқан атының өнерін байқашы өзің. Көріп келемісің Аяштың баптаған аты озып, қапыда қаласың-ау енді, құрдасым! Үш күн кейін шығып, бұрын келіп тұрғанымды білсең, асыл Құртқамның қадірін сезген шығарсың. Қобланды лықсытып тізгінді

босатты. Сол-ақ екен шоқпардай кекілді желмен тарап, сіңірлі тік аяқты кеудесін соғардай бауырына жинай, серіппедей атылған Тайбурыл қарқынды күшейтті. Сәлден соң, қалың қият әр жерде бір серейген жансыз бұтадай селдіреп артта қала берді.

Бурылдың төрт табаны әр жерден бір тиіп, қалықтап ұшқан қыран құстай тағы сорғалады. Аманбайдың ақ тікенінің тұсына келгенде, тіпті екіленді. Қарсы келген қабақтан қарғып өтіп, сеңгір-сеңгір таулардан секіртіп асып келеді.

Дөңгеленген көп төбенің басында шудаланған шаңы ғана ұйысып қалды. Қамыстының қазды көлі мен Қоғалының қулы көлінің дауылдатып шашыратқан суын бірін-біріне қосты. Шегендінің желді көлі де, Шағалалы шалқар көл де кейін қалды. Қызғыштының Қыздыкөлі мен Құмра, Қотан, Қоскөлдің жағаларын дүбірлетіп, үйрек-қазын дүркіретіп, ағызып өте шықты. Күдерінің дөңкиген дөңіне бесін ауа жетіп еді, хан жайлаған Қаратау мен би жайлаған Алатауды да артқа тастады. Түйе мойнақ иір тауды бауырлап, Қыз емшекті сүйір тауды көбелеп, Атасу мен Манақаны да көз ұшында бұлдыратты. Оты ащы, суы сасық шөлден де өтті, қасқалдақты көлден де өтті. Тобылғылы Нұраны, сексеуілді жыраны да бауырына бүктеді. Баялышты құмайттың шаң боранын түтетіп, бүлдіргенді шымайттың саз балшығын иледі. Шапқан сайын Бурылдың қолтығы жазылды. Пысқырғанда найзағайлы күндей күркіреді. Сілкінгенде сауырынан аққан тері жаңбырдай сіркіреді. Жалғаса ұшқан қоңыр қаз қанат сілтеп тырбанса да, алдыңғы аяғынан артқы аяғын сынық сүйем кем басып, арындаған тұлпардың борандатқан тозаңында адасып-ақ қалды. Жер-дүние үйіріле дөңгеленгенде, Қобландының садағының бауы сартылдап, масаты шалбарының кең балағы қас жүйріктің қос қанатындай болып жалпылдады.

Бүйірі қызған сайын елірген Бурыл ауыздықты қарш-қарш тістеп, жүгенін жұлқа тартты. Тұяқ тиген жер апандай боп төңкеріліп жатыр. Бір кезде тұлпар секіре ұмтылғанда, бес құлаш боп созылды. Омырауында тері көпіршіп, тұяқтан ұшқан кесек тас

қызылбас мылтық оғындай аспанға атылып, қазбауыр бұлттың төсін тіліп өтті.

Шын арындағанда жануар арандай аузын ашып, ұзын күрек тістерді айбалтадай жарқыратты. Мына төбенің шаңы ана төбенің шаңына көпір боп қосылды.

Тайбурылдың шабысы кешке қарай тіпті үдеді. Құлан мен құлжаны көз ұшында көрсе, сәлден соң-ақ көлеңкесімен кеміп кетіп келеді. Көл жағалай отырған көккұтан мен қарабайды көтеріліп ұшқанша белінен басып, бытырлатып кетті. Тұяқ астында топырлап дуадақ пен сұқсыр да қалды. Қиядан тоят іздеген ақсұңқар мен лашынға той болды. Топырлап жатқан әлгі құстарды әрқайсысы іліп-іліп әкетті.

Намаздыгер кезінде ебелек ұшпас елсізден өтіп, құладүз, мидай жазықты, ылай батпақ көлді, асқар биік белді жалғыз шауып, артқа қалдырды. Көлеңке басы ұзарып, қойнау-қойнауға алакеуім ұялап, көз байланар шақта алдынан кішірек бір бел көрінді. Бидайықты ақ татырға жайылып жатқан ақты-бозды көп қойды көзі шалған Қобланды қалаға жақындағанын сезген еді. Сол-ақ екен, тақымды тағы қысты. Суылдаған сұр жебедей жүйткіген Бурыл әне-міне дегенше бес ағаштың түбінде жайылып жүрген қалың жылқыға аңқытып келіп жеткен еді.

Көк алалы көп жылқы жалғыз атты жүргіншіге бөрі құлақтарын тікірейтіп үрке қарап тұрды да, ыдырай жөнелді. Тайбурылмен алдын ораған Қобланды тай-құлынына дейін шашау шығармай шоқтай қып иіріп алып, табынды шығар аузы тар бір қойнауға айдап тастады.

Содан соң, қозыкөш жердегі Сырлы қаланың бас қақпасының алдына жетіп, ат басын тіреді. Қорғанның үстінде отырған қызылбастар жалғыз жігіттен қорықпай, әжуалап күліп, мазақтай бастады. Қарсы шығар ешкімді бұған дейін көрмеген басқыншы жау әбден есіріп алған еді. Қобланды қатты ызаланды. Қалқанын бетіне қалқалап тұрып, арыстандай ақырып айбат шақырды да, Тайбурылды қақпаның үстінен бір-ақ ырғытты. Дік етіп қорғанның арғы жағына түсісімен, қос жауырын садақтан күшіген қауырсынды сұр жебені қардай боратты. Алмас қылышты ай астында найзағайдай жарқылдатты. Гулеген найзаны онды-

солды сермеді. Жеті кәміл піріне сиынып, жасанған жаудың о шеті мен бұ шетіне андыздап өткенде, жолында сұлаған өліктер төбе-төбе боп үйіліп қалды.

Жалғыз жігіттің қаһарынан сескенген қызылбас қолы көп ұзамай-ақ батырдың алдына қалбалақтап келіп, аяғына жығылды. Қол қусырып, сауға сұрады. Тұтқындағы ноғайлы-қазақты тегіс босатты. Босатты да, қаланың тізгінін өз иелеріне ұстатты.

Сонымен, Қобланды Сырлы қаланың халқын бейбіт тірлікке көшірген соң, Тайбурылын аяңдатып, шаһардың ту сыртындағы Қасқырлы таудың қасына барып шатырын құрды. Сол жерде оңаша дем алып жата берді. Дәл он екінші күн толғанда Құртқаның сөзін сынамаққа батыр биік дөңнің үстінде отырып жан-жағына көз жіберді. Сөйткенше болмай, көз ұшында бұлдырап тұрған Қырлы қаланы қалың қияттың қаптап келіп қоршап алғанын көрді. Көп тұяқтан көтерілген қою шаң көк жүзін бүркеп кетті. Шаң сәл сейілгенде, қырық мың қол Қырлы қаланың алты қабат орын сыртынан орап алып, бірақ қақпаның аузын аша алмай әуреге түсіп жатқанын және байқап қалды. Құрдасы Қараман астындағы атын қайта-қайта қамшылап, алты қабат ордан қарғытып өте алмай-ақ қойды. Жау жүрек батыл досының меселін қайтарған тұлпар болмай кеткір тулақтың тартыншақтағанына қатты кейіді. Бірақ құрдасын қанша аяғанымен, ішіне қатқан бір қыжыл батырды құрсаулап қойғандай орнынан тапжылтпады.

Қобланды мен Қазан

Үш күн бойы сан рет әрекеттеніп, не қақпаны бұзып кіре алмай, не дуалдан атын секіртіп өте алмай әбден ыза болған Қараман ақыры амалы таусылып, тауда жатқан Қобландыны өзі іздеп келеді.

Көзі үңірейіп, жағы суалып жүдеп қалыпты. Шаршаған құрдаста бұрынғы екпін жоқ еді. Сонысын өзі сезіп, ылдилай сөйледі.

- Әу, құрдас, бұ не жатыс!? Айбалтамның мұқалғанын көрмеймісің? Айбатымның жұқарғанын көр-

меймісің? Текті едің ғой, Қобланды. Іздегеніміз атақ емес, халқымыздың намысы еді ғой. Сөз кектейтін жаман болғаның ба? Жүрсеңші, құрдас! Сен бармасаң, жұртымды жылатқан қызылбастың еліне күшім жететін емес.

- Әй, Қараман-ай! Ер бұзбаған қамалды қатын алғанын көріп пе еді? Мені қатын деп, қаралап кеткен сен едің ғой. Қарайлап мына келісің қалай? Әйтпесе, елім дейтін ерді қатын деп қағытатын әдетің бе еді? Бір емес, үш қайтара айтып, түйремеп пе едің жанымды. Енді қалай ұялмай келіп тұрсың? Не бетіңмен өтіліп тұрсың? Асқынған ашуды досыма көрсетпесем екен деуші едім. Бірақ амал не, неше жерден батыр болсаң да, Қараман-ау, мына тап сені үйде қалған Құртқамның басқан ізіне де алмаймын.

Қараман шарт сынды. Көзінен от шашып, түтігіп кетті.

- Болды! Бітті! Сөзім жоқ енді. Алсам, қаланы алармын. Алмасам - шейіт боп қалармын. Сұлуыңның тілімен әлі де кекті боп жүр екенсің.

Құрдастығымды сыйламасаң да, құрбан болған тұтқындағы сорлы еліңді қимасаң еді ғой! - деп, бұрылып алып, шаба жөнелді.

Құрдасының қатты өкпелеп кеткенін көрген соң, оның үстіне анау жау қолында күңіренген халқының қамын ойлаған Қобланды шыдай алмады. Тайбурылға қамшы басты. Артынан қуып жеткен досының бетіне күле қараған Қараман үнсіз қатарласып, риза көңілмен қолын ұсынды. Көзіне нұр, жүзіне қан жүгірді. Енді тізе қосып, қатар жосылтқан қос құрдас қосынға қарай лекіте жөнелді.

Қалаға жақындап келіп, екеуі ат басын іркіп, жан-жағына қарады. Шаһарды айналдыра қазған алты қабат ордың бір бүйірінде жеке шаншылған төбедей үйіліп жатқан алты қанат орданың аумағындай қорғанның дәл үстіне Тайбурылын ойнақтатып шығарған Қобланды қалаға сырттан көз тікті.

Қаланың қорғанысы тым берік екен. Алты қабат ордың әрқайсысының ені қос құлаштан. Терендігі - кісі бойы. Одан әрі жетінші қабат болып шаһардың қыш дуалы серейеді. Құс болып ұшып өтпесе,

жорғалап жету тіпті де мүмкін емес. Қобландының қабағы салбырап кетті. Қатуланғанда бетінің әр түгі тікірейіп, көк найзадай шаншылды. Көзге уыт оралды, жүзге сес тұнды. Онан соң жылқышы Қамбар пірге іштей жалынып, Бурылдың жалынан сипады.

- Ал, тұлпарым! Саған да, маған да сын сағаты туды. Елімнің кегін қуып келіп, кері бұрылмаспын. Өлімнен ұят күшті. Қара басып дұшпаннан қашқаннан да, ажал қақпанына шімірікпей түскен артық. Ата-бабамның аруағына сиынып, дуалдан қарғып кетсем, арғы бетке алып өтермісің, пырағым?

Тайбурыл иесінің сөзін түсінгендей, жоғары ернін жыбырлатып, төменгі ернін қыбырлатып тұрды да, осқырып дыбыс берді. Алдыңғы оң жақ аяғының жұмыр тұяғымен жер тарпып, дүр-дүр сілкінді.

Арғымағының белгі білдіргеніне көңілі тасыған Қобланды іштей нартәуекелге бекінді де, тізгінін қымтып ұстады. Оң қолымен бетін жайқай бір сипады да: “Ал, жануар, шу!” - деп тебініп қалды.

Бурыл тұрған орнында бұлқына түсіп, бүктетіліп барып, оқтаудай жазылды. Серіппеден атылған сары жасындай зымырап ұшқан тұлпардың тұяғы жел ысқыртып, құйрық-жалы суылдап, дауыл ұйтқытып, алты қабат ордан да, жетінші қабат дуалдан да үстіндегі иесін алып өтіп, шаһардың ортасына топ еткізіп түсірді. Бурыл дік етіп түскенде, бұрқ етіп көтерілген шаң көкке атылып, күннің көзін жауып кетті. Солқ еткен жер сілкініп барып, басылды. Қобландының шаһардың ішіне орғытып енгенін көргенде, Қараман құрдасы астындағы атын борбайлата қамшылап, қақпа сыртында арыстандай ақырып, ерсілі-қарсылы далақтап шауып жүрген еді. Қоршап алған көп қият келгеннен бері, Қазан ханның қолы қала ішінде тастүйін жиналып, шоғырланып, ұрысқа дайын тұрғанды. Қарғытып енген жас батырды көргенде, қызылбастар жасыл байрағын желбіретіп, дуылдаса айқайлап, жалғыз ұланға қарсы толқындай лықсып, лап қойды. Қобландыға керегі де сол еді, қыбы қанды. Іштей: “Келсең, кел! Іздегендерім сендерсіндер! Балашағаны жылатып әбден асқынып едіңдер!” - деп, екі білегін сыбанып, алдаспанын айқайлай үйірді.

Сол уақытта қара қасқа атын ойқастатып, жау жақтан әлдекім қарсы алдына атойлап шыға берді. Ақ сауытын артына бос бөктеріп, жалаңаш жүндес кеудесін жуан жұдырығымен дүрс-дүрс ұрғылап алды да, алдына төңкерген түйе терісімен қаптаған дауылпазын даңғыратып қағып-қағып жіберді.

Қобланды бір сәт жүрегі оқыс дір етіп, әлгіге қалт қарап тұрып қалды. Қара бөркін қалқайтып желкесіне қарай ысырып тастап, шұңғыл көзден зәр шашып таянып келген батыр - Қазан ханның өзі еді.Ежелден қазақ десе, қаны дуылдап, ашу-ызасы тұла бойын ду-ду қыздыратын қайырымсыз хан қабағына қар қатырып, кірпігіне мұз тондырып, ала өгіздей мөңіреп, маңайды жаңғырықтырып, құлақ біткенді тұндырып жіберді. Жасынан ер жастанып, садақ тартып, шынығып өскен айтулы ердің о да бір құдіреттісі еді. Он екі күнде бірер сәт мызғыса, ұйқысы қанып тұратын. Он үш күнде бір дәм татса, тойынып шығатын нағыз алапат дәудің өзі еді. “Еріккенде ермек қып ойнар қазақтан шыққан жау бер!” - деп құдайына жалынатын Қазан ер, он екі кез қара найзаның ұстар жеріне бес кез қалың барқыт орап, дәл қазір қатуланып Қобландыға төніп келді.

- Қашпа, қазақ, қашпа! Кезегімді шапшаң бер! - деп дүрілдегенде, ханның үлкен ұлы Қарауыл мен бектің ұлы Беке бастаған жасауылдар мен қайдақ-бойдақтары болып, отыз төре үнсіз ілесті.

Күн сәскеге көтерілген еді. Шаң сейілгенде, Қобланды, әлгі отыздың артында иін тіресіп кимелеп тұрған қырық мың қол қызылбасты түгел барлады. Сол-ақ екен, әлгінде сәл босаңсыған жүрегін орнына түсіріп, қаһарлы жүзге қайрат жиды. Сығалап Қазанға қарағанда, ханның қолындағы мысық құлақ мылтықтың суық ұңғысы бұның кеудесіне қадалып тұр еді. Ерін ұшынан әжуалай күлді. “Ә, қорқасындар ма! Аңшы келгенде, жыртқыш сескенетін. Бәсе, қорқуларың керек еді”, - деп қасқайып, кеудесін тіктеді.

Жас батырдың шіміркенбегенін көргенде, Қазан от басқандай шыжбалақтап қайта дауыс көтерді:

- Уай, мүскін қазақ! Алыстан келген түріңді

атыңның жығылған жалынан танып тұрмын. Қабақ қанын тасытып ежірейіп төнгенде, осы сен мені шынымен-ақ жасытам деп тыраштанасың ба? Сен тұрмақ елің мен халқыңды да тоз-тоз тоздырғам. Уау, менің Қазан батыр екенімді білмей адыраңдап келген сенің өзің кім едің? Атанды сұрасам - құдіретті ме еді? Анаңды сұрасам - ардақты ма еді? Қазақтан мен білмейтін мықтылар қайдан шыққан? Ендеше, бекер әуреленбе? Ашуыма жолықпай аман тұрғаныңда тездетіп үстіндегі ақ сауытты шешіп, астындағы бурыл атты түсіп бере ғой. Сөйт, шырақ!

Қобланды мысқыл күлкіні езу астынан бүлк еткізді.

- Тым асығыс екенсің, хан! Дем алғанша шыдамай ат алуға ұмтылғаның қалай? Келмей жатып атымды бере салуға мен арланбай ма екем? Соншама терісіне симай шіренетіндей қызылбас қайдан шыққан мықты еді? Талай қаракөз қарындастарымды ат сауырына мінгізіп, күндік кебіне ұшыратқан сендерді қойдай бауыздап, шер-құмардан бір шығам ба деп алақаныма түкіріп жетсем, алыспай жатып ат сұрап дандайсып барасың ғой. Некесіз туған жетесіз ғана ата-ана түбін тұптер еді. Тексіздігің әкетіп барады-ау! Ендеше сен атқан зауалды мен өзіңе қайтарамын. Патшаңнан алған қамқаңды жыртқызбай-ақ шешіп бер. Әйтпесе, қақпаңның алдын қан қылып, арақ ішіп мастанған сасық кеудеңе найзамды түйреп, қара қасқа тұлпардың сауырына түсіремін! Мойныңнан аққан жылы қан сауылдап қойыңа тамар сонда! Қалай тәйтік сөйлейсің? Жанына сауға сұраған жауға шабар жігіт бар ма еді? Не деп берем атымды! Елімді шапқызып, жылаған жұртымның зарын естіп тұрып, ағайынға еркіндік әпермей еңіреткізіп қоямын ба?

Жоқ! Елім деп кек қуып жеттім. Іздегенім - қызылбас. Қызылбастың қарақшысы - сен! Ал, қане, қорықпасаң, қарсы алдыма тұр! Қылышпен өлтірсем - қиқалады дерсің, оныңа да көнейін, Найзамен шаншысам - миқалады дерсің, оныңа да көнейін. Садақпен шабақтасам - қапы қалдым дерсің, онынды да алайын. Мылтықпен көкірегіңе қорғасын оқ қадасам - жазым қылды дерсің, оныңа да төзейін. Жалғыз келдім. Бірақ тайынарым жоқ. Кезегіңді

бердім! Алдыңда тұрмын, білгеніңді қыл да, қару-сайманымды ала ғой!

Қобланды кезек бергесін, Қазан алдындағы дабылды лақтырып тастап, көк сүңгіні қолға алды.

- Жарайды! Онда сен де қапы қалдым деме. Айқасқа шық!

Ақырған үндер айдалаға дүңгірлеп тарағанда, аяқ астындағы қара жер біразға дейін дірілдеп, сілкініп кетті. Екі батыр ырғай сапты сүңгілерін ықшамдай ұстап, ыңғайлана беріп, ырғай-ырғай салысып өтті. Кірш-кірш шаншылған үшкір масақ екеуінің де жанды жерінен қадалып, денеден шып-шып қан ағызды. Екіленіп итергенде, үстіндегі ерлердің салмағын көтере алмай, аттар тізелерін бүгісіп қалды. Найзалар иіле майысып, солқылдап тұрды да, сарт-сұрт сынды.

Пора-пора аққан тер тебінгіге сауылдап құйылды. Кірш-кірш егелген азу тістің түкірігін еріннен ытқытқанда, екеуі де қан қақырды. Біріне-бірі аларған көздерді қадалтып тұрып, жалма-жан қанжарларына жармасты. Жарқ-жұрқ етіп, күнге шағылысқан болаттың жүзінен от ұшты да, қанжарлар қайысып шыға келді. Ендігі кезек семсерге жетті. Шалт қимылдаған қолдардың жылдамдығына көз ілесер емес. Ауада көктұйғындай жалт-жұлт ойнаған семсерлер шақ-шұқ тигенде, балдағының тұсынан опырылып сынып-сынып түсті. Сол кезде Қарауыл әкесіне қызыл найзасын ұстата беріп еді. Қобланды да Тайбурылды тебініп қалып, тез жетіп, Бекеннің қолындағы найзаны жұлып алып кетті.

Енді Қобланды қаһарына мықтап мінді, Қызыл найзаны гулете сілтеп, Қазанның көкірек тұсына кірш еткізіп бойлатты да, қара қасқа аттың сауырына қарай шалқайта бастады. Ақ денеден аққан қызыл қан найза ұшынан жылжып төмен ағып, Қазанның үсті-басын тегіс жауып кетті. Сол-ақ екен, Қобланды екілене итеріп, найзасын барынша бұлғап қалғанда, Қазан ат үстінен опрыла құлады. Арандай аузын ашып, өкіре жығылған ханның басы күн ұзын тұлпар тұяқтары қазып тастаған қара топыраққа тигенде, көмейіне құм толды да, үні мәңгілік өшті.

Ханның өлгенін көрген соң, қиқулап тұрған

қызылбас қолы жекпе-жекті тоқтатып, Ортөбеге қарай жылыстады. Қанша дегенмен көптің аты көп емес пе, жалғыз аттыдан онша тайсалмай, сәлден соң, әрқайсысы қорамсаққа қол салып, ұшқыр жебені садақ адырнасының серіппесіне тірей бастады. Содан кейін тұс-тұстан дөңгелене жақындап, Қобландыны ортаға қоршап алды. Жебе бойлай сығалаған шүңірек көздерде жыртқыштық, зұлымдық қарастары тұнып қалғанын көргенде, Қобланды жалғыздығына налып, тәңірден медет сұрады.

“Қараспан тауын жайлаған қалың қыпшақтан, не анау қақпаның сыртындағы қияттан соңыма, ең болмаса, бір серік ертіп кірмегенім-ай! Астымдағы Тайбурылды бұлқынтып, қызылбасты жөңкілтіп, жеңіп шықсам, сол ерлігімді еліме айтып барар кімім бар? Ал жаман айтпай жақсы жоқ, әлдебір зуылдаған найзаның ұшына ілініп, қапыда қан құссам, үстімдегі ақ сауытым мен астымдағы Тайбурылды “жалғызыңның иісі” деп, қос кәріме алып барып табыс етер тағы кімім бар?

Әй, жұмыр басқа бір өлім! Елім үшін жан қисам да, өкінбеспін. Табынған әруағым - халқым! Сиынған пірім - Қамбар мен Дәуіт! Сауытым қанға боялса боялсын, бірақ сендер ерлігімді еселеңдер. Жауды көріп қызынған арқам бар, өзің қолда, туған жер!

Толғамалы ақ сүңгім! Бүгін сенің шаншылар күнің! Майыспа да, қайыспа! Шаныша алмасам, маған серт!

Былғары садақ, бұқар жақ! Бүгін сенің тартылар күнің! Зуылда да жебеле! Тарта алмасам, маған серт!

Алтын құндақты ақ беренім! Бүгін сенің атылар күнің! Саңқ еткенде дұшпанның кеудесіне сақ ет! Ата алмасам, маған серт!”

Осылай деп, өзін-өзі қайраған Қобланды батыр тізгінін тұқырта, Тайбурылды аспанға тік шапшытып, шиыршық атқыза ойнатып алды. Ойнатып алды да, тұлпарының тұяғының астынан кесек тасты қардай боратып, жасанып тұрған жауына қарсы аттандап айқасып кетті. Дәл бұл сәтте көзіне қырық мың атты қызылбас қырық кісідей де көрінбеп еді. Жарқылдап қылыш, жалаңдап найза, ысқырып жебе суырылды.

Қылыш сермегенде қырқы құлады, жебе суырылғанда, жүзі сұлады. Тайбурыл ауыздығымен алысып, ойнақ-тап басып, қалың қолдың арасын кақ жарып өткенде, артында шұбырып жатқан өлік тау боп үйіліп қалған еді.

Бірақ қызылбастар әлі де азаяр емес. Тұрған жерлерінен зуылдаған жебені ысқырта жібергенде, мың сан темір масақ Қобландының Құртқа дайындатқан ақ сауытына еш дарымады.

Қобланды одан сайын шамырқанды. Қалың біткен қос қасты біріне-бірін иіп әкеліп, түйіп алды да, самсап тұрған қалыңға қойға тиген қасқырдай емін-еркін араласты. Дәл қазіргі қарқыны құлан үйіріне жолбарыс шапқандай керемет сойқан түрге еніпті. Бұрқ-сарқ атылып, ондап-жүздеп сұлатып, жиырмалап-елулеп қиратып барады. Бұл кезде қаланың ішіндегі, тұтқындағы ноғайлы-қазақ қолдарына түскенді қару қылып, еркіндік аңсаған үмітпен қызылбасқа тұс-тұстан дүрсе қоя берді.

Қобландының ақ білегі қанталап, аппақ жүзі бозарып, денесі салдырап әбден қалжырады. Бірақ оған да қарамады. Қақпа әлі де ашылмапты. Соңынан келер көмек жоғын білген соң, жауын тегіс бір жақты етпей, дамылдауды ойлаған жоқ. Қызылбастан дәрмен қашты. Қарсы кездескенді бет қаратпай, тоз-тоз қырып жүрген жалғыз батырға еш қайрат көрсете алмаған соң, жасыл байрақты сусылдатып көтеріп, безе қашты. Туырлықтай туы қанға малшынып айғыз-айғыз былғаныпты. Әрі-бері берекесіз топырлаған әскердің арасына түскен соң, сол байрақ бір кезде топыраққа көміліп, көзден де ғайып болды.

- Ту жығылды!

Кім айтқаны белгісіз, үрейлі дауыс әр тұстан жамырап естіліп, есі шыққан басқыншыларды тіпті бишара халге душар етті. Әрекет қашқан жасақтан береке кашады.Жан сауғалап куыс-қуысты тіміскілеген көп қорқақ енді жаландаған найзаға оңдап ілінді. Жалақтаған қылышқа қабатталып кездесті. Суылдаған жебеге жұбымен оралды.

Ақыры, сол сүренмен жүріп, бір кез алдына қараған Қобланды жауының сиреп-ақ қалғанын көрді. Тірі тұрғандарының өзі тірі өлік күйде қалбалақтап қол

қусырып, кіселерін мойнына салып, жанына сауға тілесті.

Содан кейін Қобланды қызылбастың бүкіл еркек кіндіктісін қала қақпасының алдына жинап әкеліп, екіншілей қазақ жеріне шабуыл жасамауына ант бергізіп, еліне жаяу қайтарды. “Зорлық түбі - қорлық”,- екенін түсіндіріп қайтарды. Қаланың тірі қалған бұрынғы биі мен бегі батырдың алдына келіп, бастарын иді.Қашаннан да әлдіге жарамсақтанып қалған кісәпірлер емес пе, енді қызылбастарға қосылып, өз қаласын өздері тонап еді. Шуылдаған халық әлгілердің айыбын бетіне басып, өз ортасынан етікші Ермекті қала басшысы етіп сайлады. Қобландыға алғыс-ризалығын үйіп-төкті.

Қақпаны ашқызып, қызылбастың ат-көлігін айдап шыққан Қобланды көп жылқыны қияттың алдына салып берді. Мыңғырған малды көргенде, бірнеше күннен бері ерігіп жүрген қияттың қалың жасағы мал-мүлікке таласып, әр жерде бір керілдесіп жатты.

Осындай айқай-шу туып кеткен соң, қалың қосын қайдан көшсін. Сол күні де қақпаның сыртында қонып қалды.

Арамтамақ бар жерде адалдық болмайды. Көп қияттың ішіне сіңіп, мықтымсынып кеуде керіп, шынайы азаматқа көз алартатын оншақты қарақшы бар еді. Әлгілер бүкендей басып, ұрлана қарасып, бір қосқа топталып жинала бастады. Ондағысы өзгеше туған асыл ерді ардақтауы емес еді. Сол өзгеше туған асыл ердің батырлығын күндеуден туған қызған-шықтығы еді. Қай кезде де іштарлық адамды пенде етіп, қомағай көзді дүниеге тойғызбай, жақсыға әманда жамандық тілетеді. Қосқа жиналған қарақшылар алдымен күңкіл-күңкіл сөз шығарды да, әңгіменің түйінін қатал қастыққа тіреді.

- Ойпырау, осыншамыз жиналып келгенде, бәріміздің қадіріміз бір ұланның ерлігіне татымады дегенге кім сенеді?

- Рас айтасың. Қалаға ене алмай, жауды бетпе-бет көре алмай, бос қайтқанымызды естіген ел бетімізге түкірер. Мынау нағыз қорлық екен!

- Қобланды ертең-ақ қаланы жалғыз алдым - дейді.
- Иә, сөйтеді ол.
- Олжаны да жалғыз салдым - дейді.
- Онысы өтірік пе? Салды ғой.
- Өтірік емес-ау. Бірақ біздің бәрімізді құр бақырғаннан басқа түк бітірмеді десе, қасиетіміз қала ма?
- Иә, қалмайды! Ойбай, онда жер боламыз!
- Міне, міне! Бір амалым дегенімді айтайын. Жалғыз атты әлдекімнің мына қорлығына қашанғы төзіп отырамыз?
- Отырмаймыз! Көнбейміз!
- Ендеше, Қобландыны ебін тауып, өлтіріп кетейік.

Сөз жүйесі осылай ойысқан соң, әлгі тентектер енді күңкіл-күбірді одан сайын ұлғайтты.Әрине, Қобландыны өлтіру керек деп айту оңай, бірақ соған батылы барып, кесікті орындайтын кімі бар? Күңкілдің көбейгені содан еді. Дәл осы кезде жамыраған дауыс шығып жатқан қосқа Қараман да келе қалды. Шуылдаған содырлардың шешімін естігенде, Қараман күйіп кетті.

- Уай, өңшең қарақшы! Менен басқа ешкім естімесін мына сұмдықтарыңды! Жігіттің қас жаманы қасындағы жолдасын қарақтар деген. Қобландыдан абзал ардақтың бар ма еді? Апыр-ау, асылыңның түбіне өздерің жететіндей не көрінді? Қойыңдар да тез тыйылыңдар! - деп қатты бұйырып, қамшысын оңды-солды сілтеп, көп шуылдақтың үнін өшірді.

Сол арада бес күн еру жасаған соң, қосын алтыншы күні елге қайтуға жинала бастады.

Кілең қызыл нарды шапқатарлап тізіп тастап, азық-түлік, дүние-мүлікті тең-тең ғып артып болған соң, олжаға түскен қос-қос жылқыны жолға салып, қалың қол аттанып кетті. Қараман анандай жерде оқшау тұрған Қобландыны іздеп келді. Көз күлімдеп, еңсесін тіктей, үзеңгіге шіреніп, даусын қырнады.

- Ау, құрдас, қайратыңды көзім көрді. Ердің ері сендей-ақ болар.

Күндемеймін, қуанам! Ал, бірақ менің де батыр атағым бар. Найзамның ұшы дұшпанның төсіне тимей,

арманда қайтып бара жатқаным жанымды қинап тұр,- деп сәл бөгелді де, көз астынан Қобландыға сүзілді.

- Айта бер, кідірме, - деп, Қобланды досының әлденені көмейіне тығып қалғанын сезген еді, басын изеді.

- Қобланды-ау, еліңнің жартысын құтқарып, жартысын жау қолында қалдырып кете береміз бе? Қызышбастың Көбікті ханы көп жылқымызды айдап бір әкетіп еді. Тұтқындап талай ерімді байлап алып еді. Көбіктінің шаһары осы маңға тақау жерде. Қашанғы басынтып қоямыз. Біздің де осал емес екенімізді көрсетсек қайтеді. Барып, жылқысын айдап алайық. Көбікті қуатын болса, онда оның өзін де байлап алайық. Осыған келіс те, менің де қайратымды бір сына. Найзамды жау қанына суармай оралғым келмейді.

Қобланды Көбіктінің бейбіт елдің берекесін шығарып, талай рет жайлауына ойрандатып тигенін естуші еді, артында жау қалдырғысы келмей құрдасының кеңесін мақұл көріп, басын изеп келісімін берді.

Қосын сол жерде қала берді де, қатар жосылтқан екі батыр қастарына басқа серік алмай, ел жата ұзап шықты.

Қобландының тұтқынға түсуі

Көбіктінің көк алалы көп жылқысы Құба көлдің жағасындағы жасыл құрақта таңғы жусауында жатыр еді. Таң сазымен дүбірлетіп жеткен Қобланды мен Қараман жылқының тең жартысының қара санындағы таңбасынан қолды болған елінің ақ адал малын танып, қосты бір уыс қып жиып алды. Жиып алды да, алдына салып, дүркірете қуа жөнелді. Көбіктінің өзі ғана мінетін Тарлан аты жылқы ішінде жүр еді, бір кез ойқастап шетке шықты. Құйрығы құстай таралған, кіндігінен жараған арғымақ ат үстіндегі екеуге шекесінен қарап тұрды да, кесіп алар қырым еті жоқ ұзынша біткен басын қақшитып есінеді. Арқырап кісінеді. Содан соң құйрығын сыртқа салып, шаһарға

қарай көсіле шапты. Жалғаса қуған екеуі Тарланға ілесе де алмады. “Қырық үш күндік кемдігі бар” деген Құртқаның сөзі есіне түсіп, Қобланды Тайбурылды қинамай, кері бұылды.

Кіші сәскеде жылқыны бір таудың қойнауына айдап тастап, Қобланды ерін жастанып, ұйқыға кірісті.

Бұл кезде Тарлан ат қалаға тасырлатып шауып кірген соң, жылқыға жау тигенін сезген Көбікті арғымаққа ер салды. Ат басындай ауыр тас шоқпарды тақымына қысты. Қатуланып, тізгін қақты.

Даланың сүрлеуі өзіне белгілі. Оның үстіне қалың жылқының тұяқ ізі даңғыл жол боп қалмай ма. Жебелі найзасын желкілдетіп, Көбікті ұлы сәскеде жылқысының қарасын көрді. Жылқыны қарайлап, ояу жүрген Қараманға анадайдан дүрсе қоя берді.

- Уау, ел иесіз дедің бе? Мал иесіз дедің бе? Көбіктіге кездескен өле алмай жүрген сорлы ма едің? Жайылып жатқан малымның өрісін бұзғандай қайдан шыққан зор едің? Көзіме жау көрінбей, алақаным қышып жүр еді, жақсы болды. Қылдырықтай мойнынды бұрап жұлып алайын! - деп қарқ-қарқ күлді.

- Әй, Көбікті! Көзіңді аш! Зауалың жетті бүгін! Тыныш жатқан еліме от тастаған сен емес пе едің? Көк шалғынды жайлауыма шоқ тастаған сен емес пе едің? Алсам - анау тоналған жұртымның малын алдым. Енді сені өлтіріп, кегін де қайтарамын. Шық қарсыма! - деп, Қараман астындағы атын тебініп, найзасын кезене ұмтылды.

Көбікті үндеген жоқ. Шошаң еткен найзаны денесіне дарытпай, тас шоқпармен қағып қалып, ұшырып жіберді. Қараман қайырылып келіп, білегінен шап беріп ұстады. Көбікті де ат үстінен бір ғана ұмтылып қалып, Қараманның желкесіне жармасты. Екеуі біріне-бірі беріспей, ұзақ алысты. Бір кез Қараман Көбіктіні еңсеріп алдына өңгере бастағанда, астындағы аты екеуінің салмағын көтере алмай сылық шөккенде, Қараманды Көбікті бір-ақ жұлқып, тақымына қысып алды. Жалма-жан аяқ-қолына кісен салды да, топ еткізіп лақытырып тастап кетті.

Сол сәтте арқан бойы жерде ұйықтап жатқан

Қобландының қатты қорылы құлағына жетті. Тарланын аяңдатып келіп, батырдың дәл қасына тоқтаған Көбікті ұйқыдағы Қобландының түрін көріп, көңіліне қатты дық алды.

“Шіркіннің арыстандай тұлғасын-ай! Оянып кетсе, бой бермес. Осындай қамсыз кезінде матап алайын”, - деп батырдың үстіне тоғыз қабат темір торын жайып, әбден бекітіп байлады.

Байлап тастаған соң, батырдың қасыңдағы бүкіл сауыт-сайманын да тегіс жинап алды. Содан кейін найзасымен түртіп, - “Тұр!” - деп ақырып жіберді. Бірақ Қобланды ұйқысын да бұзған жоқ. Жер дірілдеткен ащы айқайды қаперіне де алмай, қорылдап жата берді.

Көбікті қатты қайран болды. Бірақ аяушылықтан жұрдай дұшпан қайысқан жоқ, еңкейіп барып, Қобландының да аяқ-қолына кісен салды. Екі батырдың қос тұлпарын айдап апарып, жылқыға қосты.

Қайта айналып келіп, Қобланды мен Қараманды көшелі жуан аяқ айғырға тендеп, шылбырын қолына ұстады да, шаһарына қарай жетектей жөнелді.

Белес-белестерден секіртіп өтіп, Көбікті ұлы бесінде қаласының қақпасынан енді. Көбіктінің қобаған қыр мұрынды, алма бетті, қой көзді сұлу қызы бар еді. Әкесі сол қызын дауыстап шақырды.

- Қарлыға, үйдемісің, шырағым? Қайысқан болатты сындырып, желіккен көңілді басып, масайрап келіп тұрмын. Жау боп тиіп, пенде боп қолыма түскен мына екі тұтқынды өзің зынданға апарып қамап таста. Күні ертең құдалар келіп, той жасап құтты орныңа қондырарда, екеуін де өзіңе жасауыңның алды етіп, бас жетім етіп қосып берем. Аяма, зәндемілерді! Көздеріне көк шыбын үймелетіп, қатқан құртты санап беріп, аштан қатыр!

Қарлыға мамырлай басып келді де, байлаулы жатқан Қобландыны көріп, демін ала алмай, сәл іркіліп қалды. Иектен жүгірген әлсіз діріл бүкіл алма бетте толқын ойнатып, қабаққа жетіп кідірді. Қарлыға тез есін жиды. Ләм деместен, екі батырды қолынан ұстап, ілгері бастай жөнелді. Сол бойда зынданға апарып, қамап тастады.

Көбікті қала халқына хабар салды.

- Қазақтың батыры - Қобландыны байлап алдым. Енді ешкімнен де қорықпаймын! Қазақтың бар малы менікі болады. Соған орай сендерге берер тойым бар.

Ордасына келіп, Біршымбай атты жалғыз ұлын оңаша алдырды.

- Ал, Біршымбай, құдай көктен тілегенінді жерден берді. Сен жоңғар ханы Алшағырдың Қанікей дейтін сұлу қарындасына көптен қызығушы едің ғой. Онда, қазір аттан. Алшағырдың қазақта жеті атадан үзілмей келе жатқан кегі бар. Қобландының қолға түскенін естісе, ол қазақтарды қаймықпай шабады. Сүйіншіңе Алшағыр қарындасын беретініне мен кепілмін.

Біршымбай көп бөгелген жоқ.

Қарлыға өз бөлмесіне біртүрлі өзгеше сезіммен енді де, жабығыңқы күйде баяу күрсінді. Әлгінде Қобландыны көргенде жүрегі байыз таба алмай, бүкіл денесіне ыстық қан қыз-қыз тарап еді. Содан бері ынтыққан көңіл тұтқын жігіттің нұрлы жүзін қайта-қайта көз алдына елестетіп, жанарынан ыстық жасты түйдек-түйдек ытқытты.

Бір сәт Гүлайым анасының өлейін деп жатқанда айтқан сөзі есіне оралды.

- Қарағым, Қарлығажан! Мен тұтқынға түскен қазақ қызы едім. Елімді аңсаумен сағыныштан сарғайып, күйіктен кетіп барам. Менен туған қыз болсаң, нағашы жұртынды тап. Көбіктіден көрмеген қорлығым жоқ. Туған елден айырып, құсамен күңірентті. Анамды көз алдымда найзаға түйреп еді, қайтейін, сөйткен жауыздан сені тудым. Мені сыйласаң, бір қазақ жігітінің етегінен ұста.

Әлде осы ана сөзі жүрегіне мықтап түйілді ме, әлде сол жүрек шіркіннің өзгеше бір нәзік қылы ынтызарын аңсап, дірілдей безектеді ме, ол түні Қарлығаның қайқы кірпіктері таң атқанша айқаспады. Құс жастық жасқа шыланды.

Ертеңінде төсектен тұрған бойда Қарлыға тұтқындағы қос батырға келді. Қобландыға емірене төнген жанар батырдың нұры балқып жатқан сұлу жүзінен бір айырылмады. Екі беті нарт жанып, кірпігі

дірілдеп, танауы қусырылып, тынысы тарылған қыз қайтадан тысқа атылды.

“Сол! Пешеніме жазған сүйіктім осы!”

Ілгері басқан аяғы кейін тартып, жас жүрегі бұлқынып, сәт-сәт сайын Қобландыны аңсата бастады.

Сол күннен бастап, Қарлығадан күй қашты. Көзін ашса, кірпігінен жас төгілді.Аузын ашса, кеудеден лықсып келіп, күрсініс ақтарылды. Ақыры, белгісіз дертпен күйіп-жанған қыз бір күні үйінен ұрланып шықты. Тар көшені сағалап, буын-буынынан әл кете кібіртіктей басып келіп, абақтының есігін ашып жіберді.

Қараңғы қапастың іші күн шығып, ай туғандай жарқырап кетті. Қара қапасты нұрға толтырған Қарлыға сұлудың аппақ сәулесі еді.

- Байлауда жатқан, қос батыр! Есен-саумысындар? Жөндеріңді білмесем де, аядым ба, аяладым ба, жанымды кинап келіп тұрмын! Кісенді ашып, қолдарынды босатсам - еліңе барған соң мен сияқты Қарлыға қызды ұмытып кетермісіңдер? Анда-санда еске алармысындар? Бәрібір мен сендерді босатқалы келдім.

Қараман еңбектеп жақындап, қыздың аяғын құшты:

- Қарлығажан-ай, нашарға да есік ашар күн туады екен ғой!

Құтқара гөр,тездетіп шеше гөр қолымды! Өзің рұхсат берсең, жымнан қашқан қояндай безермін-ау, безермін!

Құрдасының жарамсақ қылығына Қобланды күйіп-пісті.

- Ал, қаш! Зыт онда тез қасымнан! Жаныма жара салмай, құры көзімнен! Қорқақтығыңды бұрын білсемші! - деп шаншылып қарап отырды да, Қарлығаға бұрылды. - Әй, шырағым, қарындас! Өшті болған әкеңнен өшімді алмай кетпеймін мен. Қашырам да құтқарам деп, бекер әуреленбе! Алты жастан ат жалын тартып мінген Қобланды мүсәпір болып қызға жалынбайды. Тас қорғанды бұзып-жарып шығып, Көбіктінің көріктісі, өзіңді, Тайбурылдың жайдақ сауырына салақтатып салып әкетеді әлі. Әттең,

екі ғана өкінішім бар. Бірі - қара басып, алаңсыз ұйықтап қалғаным. Екіншісі - жауды менсінбей, күшіме сеніп, көңіліме күпірлік енгізгенім.

Қараман, бар, кете бер! Қараспан тауын жайлаған қалың қыпшақ еліме сәлемімді жеткіз. Ата-анам, ағайын-туған, қарындасым мен Құртқама күңіренген күйімді жеткіз. Қол-аяғым байлаулы, қызылбастың елінде пенделікте жатқан аянышты халімді жеткіз!

Қобландының өз бетімен абақтыдан шықпасын білген Қарлыға көзінен баданадай жасын мон-шақтатып батырға жалына бастады. Қараман мен екеуі екі жақтан қолтықтап көтермек болып еді, орнынан да қозғалта алмады. Қараман аяқ-қолы босаған соң, қызды ертіп, тысқа шығып кетті.

Қарлыға есік алдында бүкеңдеп бара жатқан Қараманды жеңінен тартып тоқтатты.

- Қараман, маған бір ой келіп тұр. Ердің жаны - аты емес пе. Жылқыға барып, тездетіп Тайбурылды жетектеп орал. Тақымына бұрау салып шыңғыртсақ, Қобланды тұлпарының даусын естіп, тыныш отыра алмас.

Түн ортасына таман Қараман өз атына мініп, Тайбурылды жетектеп оралды. Содан соң Қарлыға екеуі Бурылдың санына қылбұрау салып, құландай даусын құлдыратты. Бурылдың жәбірленген жан ышқынысын естігенде, абақтының қабырғасын қақ айырып, Қобланды тысқа атып шықты.

Бұл кезде Қарлыға екі батырдың барлық сауыт-сайманын дайындап күтіп тұрған еді. Қобландыны өз қолымен аттандырды. Бұрыла берген батырдың шаужайынан ұстап, өзіне қаратты.

- Жас жүрегім өксіп жылаған қапалы мұңлық едім, Қобланды. Талпынып торымнан шықтым ба десем, оған көзім әзір толық жетер емес. Түн аспаны түнеріп төбемде тұрушы еді, өзіңді көргелі түнегі түрілген көкжиегім бар тәрізді. Анам елі - менің де елім, нағашы! Азат құстай сергіген халім бар, осымды ұғын.

Ал қазір осы бойда жылқыға барып ти. Тарлан ат тағы қашар. Қуам деп әуре болма. Көбіктіге мінгізбей, сол Тарланмен артыңнан мен де жетермін. Қазақ еліне,

нағашы жұртыма кетемін, - деп уәде байласып, қолын ұсынды.

Бадана көзді ақ сауытын үстіне киіп, беліне болат қылышын байлап, қарына найзасын ілген Қобланды туған айдың қияқтай қиығын желкесіне қондырып, жүріп кетті.

Кешікпей, Қараман екеуі қалың жылқыға кездесіп, шоқтай үйіріп, доптай дөңгелетіп қуып ала жөнелді. Құба көлден өтіп, Сары өзенге жеткенде, Көбіктінің Тарлан аты жеке бөлініп, жан-жағына бір шекелеп қарады. Құйрығын құстай тарады. Тұмсығын көтеріп есінеп, күлдір-күлдір кісінеп тұрды да, қыл құйрықты сыртқа салып, шаһарға қарай құйғыта жөнелді. Екеуі Тарланды қумай, жөніменен кете барды.

Тарланның дүбірін естіген Көбікті Қарлығаға атты ертте деп, дегбірі қалмады. Аңдып тұрған Қарлыға сап ете қалды.

- Ұйқыңды неге бұздың, әкетай! Мал иесі жануар жем іздеп келген ғой. Қазір жем беріп, қайтарып жіберейін, - деп қызы Көбіктіні қайта жатқызып тастап, сыртқа шықты. Тарланға алтын тұрман ер салып, беліне семсерін іліп, үстіне сауытын киіп, төбесіне шашын түйді. Шекесіне ноғай бөркін қондырып, Тарланға дік етіп, белін қайқаң еткізіп, отырып алды да, Қобландының соңынан дөңгелете жөнелді. Арттарынан қыз келіп қосылған соң, көңілдері жайланған батырлар суыт жүріспен Сарыбелге жақындады.

Жалқын күн шақырайып түске тырмысқанда, қалың жылқының ішінен Тарлан аттың інісі - қылшық жүнді Көкбесті өз-өзінен бүлініп, бүгежектей берді. Бір кезде жел жаққа желіп барып, одырайып, жан-жағына қаранды. Құлағын қайшылап, осқырынып тұрды да, тұмсығын шошайтып есінеді. Арқырап кісінеді. Содан кейін құйрығын шұбата созып, шаһарға қарай салып ұрып жөнелді. Жалғаса қуған үшеуге сәлден кейін шаңын да сипатпады. Көкбестінің маңайлатпай кеткенінен қауіптенген Қарлыға Қараман мен Қобландыны қол бұлғап, қасына шақырды.

- Апырай, заманымыз енді не болар екен? Көбікті менің әкем болғанымен, діні қатты жан еді. Алдымен

мені бауыздайды. Шешемді де ажалынан бұрын көрге тығып еді. Шыбын жаннан күдер үзейік. Көбіктінің тоғыз қабат ақ сауытына шапса - қылыш, атса - оқ өтпейді. Жалғыз-ақ кінәраты - сауыт кіндігінің тұсында жел соғу үшін төрт көзі кем өріліп еді. Қобланды батыр, мерген болсаң, сол кіндікті бойлай атпасаң, үшеумізге де ажал таяу, - деп Қарлыға қауіп білдіргеңде, Қараманның үрейі ұшып, қабағы түсіп кетті. Соны көрген Қобланды мырс етіп бір күліп алып, қыз бен күрдасын ілгері жөнелтіп, өзі Көбіктіні күтіп, сол арада қала берді.

Күркіреген көбікті, күңіренген көбікті

Кәрі көкіректің сырылы күшейіп, бір үзілген ұйқысын қайта жалғап ақ орданы қайсар қорылға бөліп, Көбікті тәтті түстің құшағына енді-енді енгенде, жер солқылдатқан тұяқ дүбірі тағы төсегінен шошытып оятты. Жүндес кеудені осып-осып жіберіп, жалаң аяқ қалпы Қарлығаның бөлмесіне кіріп барып, қызының орнын сипап қалды.

Бір сұмдықтың болғанын сезгенде, ah ұрған кеудеден жалын атылып, күңгірт жанардан кесек-кесек екі тамшы ақ сақалына үзіліп-үзіліп түсті.

Көбікті одан кейін ешкімге тіс жарған жоқ. Қатуланып, үнсіз жүріп, Көкбестіге ер салды. Ат басындай тас шоқпарын қақпақылдай көтеріп, ат үстінен артына қайырыла бір қарады. Жиналып қалған ел-жұртына бұлдыраған жанардың жас толы қиығын бір серіпті де, күңк етті.

- Менің еңді тірі оралуым екіталай. Қош бол, елім!

Ширыққан жанының толқыны қолдағы қамшының өріміне жалғасып, Көкбестінің санына сарт еткенде, тыпыршып тұрған арғымақ тік көкке шапшыды. Шапшыды да, төрт аяқты тең басып, көз ұшына құйындай зымырап жөнелді.

Тыныш далада зуылдап жел есті. Қанат-құйрықтың екпінінен дауыл тұрды. Сол екіленген жел мен құтырынған дауыл Көбіктінің ызалы кеудесінде

бұлқынды. Көзі ештеңені көрмей, күн нұрынан ақ сауыты жарқырап, тау суындай ағынды шабыспен із-өкшені қуалап келе жатқан ашулы шал белес-белес төбелерді тұлпар тұяғымен жапырып, Қобландының қасынан көлденең өте берді.

Қобланды орнынан айқай салып, атып тұрды.

Атып тұрды да, садағына сауытбұзарын тіреді. Қолының сыртымен бетін сипап, туған даласына іштей сыйынды. Көбікті Көкбестінің басын сыңар езулете бұрып, бір бүйірде қалып бара жатқан Қобландыға қарсы долдана ұмтылды. Сол сәт Көбікті Қобландының көзіне үстіне құлап келе жатқан асқар таудай боп көрініп еді. Адырнасын бар күшімен кере тартып, ұзақ сығалады. Қалмақы ердің қасы нысанаға үш ілініп, үш рет жоғалды. Қылауланған көзді алақанының сыртымен бір үйкеп қалып, Қобланды жебе бойлай тағы шұқшиды. Дүбір дүрілдеп, Көбікті гүрілдеп таянып-ақ қалды. Тас шоқпар тақымнан суырылып, оң қолда ербендеп келеді екен. Қалмақы ердің қасы мен нақ кіндіктің тұсы, сәтін салғанда, нысанаға дөп ыңғайласты. Сауытбұзар зу етті. Қарымды құлаштың бар қайраты серіпкесін қойсын ба, кіндіктен қадалған сұр жебе Көбіктінің денесін қақ бөлді. Жебемен бірге ұшқан кеуде дік етіп жерге түскенде, бұрқ еткен шаң әуелеп аспанға көтерілді. Көбіктінің бөксесі әлі де ат үстінде кетіп бара жатты.

Қобланды бір ажалдан аман қалғанына тәубе етіп, жүзі жадырап, жауына жақындады. Сол кезде Көбікті екі қолымен жер тірей жылжып, есік пен төрдей жерде жатқан тас шоқпарына ұмтылды. Шылбырын сүйретіп, Көкбесті қасына қайта оралды. Шылбырын қолына ұстағанымен, қару қылып, қарғып мінуге дәрмені жетпей, Көбікті шақ-шақ дауыстап айбар көрсетті.

- Әттең-ай! Қапымды таптың-ау, қаңғырған қазақ! Тұқым қалдырмай, шетіңнен қырып тастауым керек еді сендерді. Бірақ әлі де кек қайтарам. Біршымбайым тірі тұрғанда еліңнің шетінен шаң кетпес! Ажалың ұлым - Біршымбайдан келер. Қарлыға жаудан туған жау болды. Болсын. Қыз - жау деген! Қарғадым онда. Қарғысымды аттым! Бағы ашылмасын! Тілегі орындалмасын! - деп ызаланып бір талдап сақалын

жұлғанда, әр қылдың түбінен бүртік-бүртік қан көрінді. Сонан соң қасына жақындаған Қобландыға қолын созды. - Уау, батыр! Бері жақындашы... Еңкейші. Өзіңе сыбырлап айтар өтілім бар! - Қобланды еңкейгенде, шалдың сіңірлі қолдары алқымына сарт етіп қадалып сығымдай жөнелді. Қоблаңды жауының өлермендігінен қатты түршігіп, балдағы алтын болат қылышын жарқ еткізіп көтеріп алып, көзін жұма берді де, жаңғырықтай жапырылып отырған Көбіктінің басынан бір-ақ тартты.

Көкбестіні жетектеп аман-есен оралған Қобландыны көргенде, Қарлығаның жүзіне нұр жүгірді. Қараман одыраңцап кес-кестеді.

- Әу, құрдас! Шешенді дауға, батырды жауға салатын әдетіміз. Жеңдің де желігімді қоздырдың. Ежелден қанға сіңген қасиетті дәстүріміз бар. Жеңген ердің жолын тосып, олжа салған батырдан сауға сұрамаушы ма еді. Сауға, Қобланды, сауға! - деді.

- Осыны да сөз деп айтып тұрсың ба, құрдас-ау! Көбіктінің көп жылқысын бөліспей-ақ ала бер, - деп Қобланды қапталында келе жатқан Қарлығаның аппақ жүзіне ынтыға қарады.

Қараман түк сезер емес, тебініп қалып, атын Тайбурылдың тұмсығына тірей, көлденендетіп тұрып алды да, Қобланды мен Қарлығаға кезек-кезек сүзіліп өтті.

- Әб, бәсе! Жолы ашықтың - қолы ашық боларын біліп ем. Рақмет, Қобланды! Көбіктінің көкесін көзіне танытқан сенен дүниенің бар байлығы қашып құтыла алар ма. Ендеше, тағы бір назымды айтайын. Ашылған алақанды бүгіп қалмай, түгел жай. Сауғама Қарлығаны да бергенің жөн еді ғой.

Қобланды жалт қарады. Шаншылған қараста: “Ойының ба, шының ба?” дейтін ашулы сұрақ тұнып тұрған. Бірақ Қараманның бар ынтасы Қарлығаға ауып кетіпті, бұған бұрылар емес. Қобланды ауыр күрсініп, сәл-сәл басын шайқады. Атының жалын тарап, бәсең тіл қатты.

- Астымдағы Тайбурылымның арқасында ешбір дұшпанға теңдік бермей келем. Алғаш қайғы көргенде, Көбіктінің қорлығынан арашалап алып шққан екінші

бір жебеушім - мына Қарлыға еді. Қыз да болса, тең көріп, дос санадым.

Біз үшін атамекен, ел-жұртын тастап кетті. Қарлыға - олжа емес, жолдасым! Ауылда қалыңдығым - қыз Құртқа қалды. Әттең бір жүректі қақ бөлуге болмайды. Әйтпесе, Қарлығаның қадірі артық қой, - деп, тағы күрсініп,қасындағы қыздың жүзіне ұзақ назар салды.
- Мен не дейін, Қараман? Қарлығаның өз еркі өзінде. Жүректерің қауышса, тілектерің табыссын!

Осы сөздерді айтуы-ақ мұң екен, Қараман Қарлығаға ұмтыла жанасып, оң қолын қыздың аш беліне орап алды.

- Бұл - Мұңлық болғанда, мен - Зарлық едім ғой. Солай емес пе, Қарлыға? Енді бізде қандай арман бар! - деп, сөзге келтірмей, Қарлығаны жетектей жөнелді.

Екі-үш күннен кейін ілгері кеткен көп қияттың қосының қарасы көрінді. Бұлар Қазаннан алған көп малға Көбіктіден қайтарған көп жылқыны әкеліп қосты.

Қаптаған малды айдап, қылмаңдаған қызды жетектеп жеткен Қараманды көргенде, қалың қияттың есі шығып кетті. Әрине, олардың түсінігінше, жауды шапқан да - Қараман, олжа салған да - Қараман, қызды алған да - Қараман.

Сол-ақ екен, Қараманның алдынан дуылдаса жүгіріп шығып, атынан көтеріп түсірді. Аяғын жерге тигізбей, ақ кілемге көтеріп апарып, төрге отырғызды.

Қобландының атын бір де біреуі ұстаған жоқ. Ұстамақ тұрсын, батырды менсінбей, танауын көтеріп, мұрнын шүйіріп, әрқайсысы бір мазақтап өте шықты.

Осыншама мол байлыққа кенелген көп қият енді тездетіп елге жетуге асықты.

Көппен бірге атына қонған Қобланды арқан бойы да ұзап шыға алмады. Әлденеге аяғы ақсап қалған Тайбурыл, шоқырақтап жүре алмай-ақ қойды.

Үдере көшкен қалың қол Қобландыға қарайламады. Қарайламақ түгіл шұбырған шаңның астына көміп, жалғыз туған жалқыны айдалаға тастап кете барды.

Алғаш тұрған орнында қол бұлғап: “Қараман құрдас, тоқта!” - деп, дыбыс беріп еді, қошемет буына

мастанған желікті жастың құлағына дос үні жетпеді ме, Қараман қалың нөкерінің ортасында дүниенің тірегі бір өзі боп, ұзай берді.

Налыған Қобландының жүзін реніш жасы жуды. Кеудеден өкініш толы күрсініс ақтарылды. Бүкіл денесін қалтыратып намыс буды. Бірақ дәл қазір не істей алсын. “Жаяудың шаңы шықпас” деген рас. Ақсақ аттың шылбырын ұстап, айдалада тас обадай мелшиіп әлі тұр. Иесінің шамырқанған күйі мен күйігін сезді ме, Тайбурыл жұмсақ ернін Қобландының иығына төсеп, күмбір-күмбір кісінеді.

- Кісіне, қанатым, кісіне! Сен кісінегенде, мен еңірейін. Алданып қалған кеудемнің құсасын ақтарайын. Мол олжамды алдына салып беріп, көп қияттың қиянатын тартқан ақымақ басымның азабын тартайын.

Кісіне, Бурыл, кісіне! Зарымды мен қосайын саған. Қараспан тауды жайлаған қалың қыпшақтан қасыма бес-он серік ертсем, дәл осылай қамығар ма едім? Енді міне, азуды бармаққа басып өкініп тұрмын.

Кісіне, тұлпарым, кісіне! Шерімді жалғайын үніңе! Алдымда ағам, артымда інім болмаса да, ештеңені елемеуші едім, Жалғыздығым дәл бүгін жанымды жаралады-ау! Олай-бұлай боп кетсем, үйдегі қос кәрім, қарындасым Қарлығаш пен Құртқаның күндері не болады?

Уа, жаратқан жаппар хақ! Ататын таңыңды, тататын нанымды үзер болсаң, көп созба! Осы таңнан өткізбей, күн шығуға жеткізбей, тездетіп жанымды ал! - деп, түн ортасы кезінде Тайбурылын түсап, тоқымын төсеніп, ерін жастанып, етпетінен жата кетті. Көзі сәл ілінгені сол еді, көк есекке мініп, басына ақ сәлде орап, қолына сырлы асатаяқ ұстап, әкесі Тоқтарбай қасына жақындап келіп аян берді.

“Қарағым, құлыным Қобланды! Зарлаған үніңді естіп, сөзіңе арқам шымырлады-ау! Соншама неге түңілдің? Өлім сұрағаның қалай, жаным балам. Сен мойысаң, біздің күніміз не болады?

Менің жағдайымды сұрама. Алтын тонның етегі жырым-жырым, қаратабан болып, аш-жалаңаш қой бағып жүрмін. Байғұс анаң жүн түтіп, арқан есіп,

қасіретін айтып жылағанда, сай-сүйегім сырқырайды. Қарындасың Қарлығаш бірде құрт қайнатып, бірде бүкеңдеп қозы бағып, “жан көкелеп” еңірегенде, есім шығып кетеді. Бәрінен де бұрын келінім Құртқаны қалмақтың ханы Алшағыр әйел етіп алмақшы болып жатқаны қинайды-ау. Бүгін үш күн болды, елің шабылып, халқың жылап, қасіретке шомылуда. Бұл жатысың қалай? Қайғы тартқан еліңе теріңді сатамысың?

Тұр! Оян, шырағым! Серпіл! Еліңнің кегін ку!”

Әкесінің түсіндегі дауысынан шошып оянып, Қобланды жан-жағына қарады. Шолпан батып кетіпті. Шығыстан белдеуленіп таң хабары білінген екен. Сонда барып Тайбурылының неге ақсағанын сезді. Анасындай Құртқаның жау қолына түскенін аңғарған Бурыл күйініп ақсап жүр екен.

Қобланды орнынан атып тұрды.Тұсап қойған жеріндегі Тайбурылды шешіп алып, майқара мен бетегесі, жусаны мен көдесі мол жайлауда оттатып жүрген әлдекімді көрді. Тайбурыл ақсағанынан жазылып, ойнақтап басады.

Әлгі адам - Қарлыға еді. Жалғызды қалың қият жұртына тастап кеткенін көргенде, шыдамай қайта оралып келіп, ұйқыдағы батырды оятпай, екі атты жайып жүрген-ді. Қобландының оянғанын көріп бері бұрылды. Қобланды қыздың адамгершілік қасиетіне сүйсініп, қос бүйрегі қабат шаншып, иығы селкілдеп әрең жетті де, өксіп-өксіп жіберді.

- Апырай, жолдастың адалы сендей-ақ болсашы, Қарлыға! Тірі пендеден түңіліп, торығып тұрғанымда, тағы да түнегімді серпіп, жарқ еттің-ау!

Мұңымды өзіңе шағайын, Қарлыға! Қасіреттің қамыты тағы да жалғыз басыма аямай түсіп тұр. Елімді жау шауып, белімді сындырып кетіпті. Қалмақтың ханы Алшағыр Қараспан тауын жайлаған тыныш елімді үркітіп қырып, бықпырт тигендей бүлдіріпті. Жайлауымды - өрт, жанымды - дерт алып барады. Түсімде әкем Тоқтарбай аян берді.

Не істермін, Қарлыға? Сейілдің ұлы Қараман серіктікке жарар деп сене алмаймын. Қыз да болса - дана едің, арызымды өзіңе ғана ақтардым. Аман бол,

Қарлыға! Жоңғар тиген халқыма қамқор болып көмек көрсете алмасам - жер басып та жүрмеспін. Мен жөнелейін! - деді.

Қарлыға батырдың қолынан ұстады.

- Жау тисе де, ер сасар ма, Қобланды. Сабырыңды қашырма! Сендей ері бар елдің шері де, тері де тез басылады. Ішінді уайыммен кептеме. Кегіңе онда орын қалмайды.

Маған ақыл салсаң, жолыңа жаным құрбан болсыннан басқа айтарым да жоқ. Бір басыңды қадірлеп, ілесіп шығып едім әуелде. Жүрекке әмір жүрмейді екен. Сонда да қолдан келген көмегімді аямаспын. Бүлінген еліңді бүтіндеуге жете гөр! Мен қият қосына хабар берейін. Еретұғын ері, беретұғын жәрдемі болса, Қараманды ілестіріп, ертең түсте соңыңнан қуып жетермін. Жолың болсын, Қобланды!

Кек жолымен ер жортады

Қыздың осы сөзі көкейіне қона кеткен Қобланды енді кешікпестен Тайбурылдың маңдайын Қараспан тауына тікеледі. Тұлпардың кең сауырына қамшы жауды. Жазық бауырына өкше батты. Бурыл баяғы арындаған шабысын қайта тапты. Азаннан шапқан Тайбурыл кешке дейін сол қарқыннан бір бәсендемеді. Көз ұшындағы Қараспан тауы бұлдырап көрініп тұр еді. Әне-міне дегенше, дірілдеп жақындап қалды. Енді сәлден соң ойынды еті бөлек-бөлек қимылдаған арғымақ тауды бөктерлей көбеледі. Намаздыгер өтіп, құтпан мезгілі жеткенде, ағындап келе жатқан Тайбурыл кенет етпетінен жығылды. Қобланды жалмажан аттан түсе қалып, әлгі араны алақанымен силалай бастады. Бір кез жыбырлаған саусақтары алтын ақырдың ернеуіне тиді. Құртқаның қолынан жем жеп, осы ақырдан нәр татқан Тайбурыл Құртқаның бір кездегі исін сезіп, құлай кеткен екен. Көшкен елдің жұртына тоқымын төсеп, ата-анасының ескі қонысының иісін иіскеп, Қобланды сол араға түнеп шықты.

Таң атқан соң, жасынан өзіне таныс құтты

мекеннің қаңыраған орнына қарап тұрып, көзіне жас алды. Ана тақырда асық ойнап еді-ау бұрын! Анау аланда тай үйреткен! Мынау сайдан бүлдірген теріп, сонау өзенде балықтай жүзген! Күрсінді де, іле бойын бекітті. Бурылын қайта ерттеді. Ендігі бет алысы - Айнакөлдегі Құртқаның ордасы тігілген кең қолтық. Белеске қиялай шығып, ат басын ірікті де, таң нұрымен торғын сағымын желпіп шалқыған Айнакөлге ұзақ сұқтанды. Айнакөлдің жағасында қаңырап бос қалған жұртты көрді. Теріс бұрыла беріп еді, ескі жұрттың ортасында үйіліп жатқан күлдің төгіндісі кез қиығына ілінді.

Аяңдатып әлгіге таянды. Найзасының ұшымен түртіп-түртіп жіберді. Асжаулыққа ораған қомақты түйіншектің шеті ашылды. Іліп алып, орауын жазды. Жая мен жал бастаған өрік-мейізі аралас неше түрлі тағам екен. “Соңымыздан іздеп шығар батырым қорек етсін!”- деп, Құртқаның өзі көміп кеткен азық еді.

Азырақ жүрек жалғап алып, азықты қоржынға тығып, Қобланды ат басын қайта босатты.

Тайбурыл еңді көшкен елдің сүрлеуімен танауын делдите, құйындай ағып жөнелді. Жолындағы орға да қарамады, тік кеткен өрге де қарамады. Аузын арандай ашып, бүктетіліп-жазылып секіргенде ор - жерошақтай ғана, өр-кесектей ғана болып кетті. Талай тас қамырдай иленді, талай кесек топандай уатылды. Ертеңнен шапқан Бурыл кешке дейін жүйіткігенде, екпінді шабысынан бір танбады. Қас қарайып, күн батты. Дәл қарсыдан жел есті. Сол жел Құртқаның нәзік саусақтарының жұпар иісін Бурылдың танауына жеткізді. Сол-ақ екен, Тайбурыл төрт аяқты құлаштай лақтырып, мына төбеден ана төбеге әр жерден бір тигізіп, тіпті еқіленді. Түнімен тоқтаусыз сілтеген тұлпар, таң салқыны ескенде, ағындаған бойда Алтынды тауды көз аясына қондырды.

Алтынды тау - Алшағырдың мекені еді. Тау бөктерінде Алшағырдың шаһары бар еді. Алшағырдың шаһарында тұтқында зарлап туыстары отыр еді. Таң нұрында қылаңытып шалынған қаланың ту сыртын орай Қобланды екі рет айналып шықты.

Екі рет айналғанда не есік, не тесік таба алмай, пұшайман болды.

Бұл кезде қаланың қорғанының ішінде сыртта қой бағып келіп шаршаған, қысқа тоны тізесіне жетпей Тоқтарбай шал құса болып,ызалана зарлап отыр еді.

- Уа, тәңір, тілеп жүріп сұрап алған жалғызды көзімнен бұл-бұл ұшырғаның қалай? Келелі түйемнің ішіндегі қайырлы бурадай еңселім еді ғой Қобландым, көзіме бір көрсет те, жанымды ала бер! Алалы жылқы ішінде арғымақ тұлпардай асқарым еді ғой. Қобландым. Алыстан үнін жеткізсеңші! Кел айнала шаңдатқан кек ала бұқадай келбеттім еді ғой Қобландым, келтірсеңші алдыма! Ішімдегі құсам төсімдегі сақалыма қанды жас боп төгіле-төгіле омырауымды шылады. Кеудемдегі шерім екі көзден аға-аға қос жанарымды өшіріп барады. Өлшеулі өмір шақ қалды.

Ажал- оқ аңдып тигенде, құлынымның қолынан топырақ бұйырмай, нәлет атқыр Алшағырдың тақсіретін тартып, өкініп кеткенім бе? Ең болмаса соңғы сәтімде қыбырлаған кірпік арасынан қызылбасқа қиқулап тиіскен жалғызымның қайратын көріп жатып, иек қақсам, дүния, арманым болмас еді-ау! Кәпірге пеңде болып, тоқсан жастың тоқтыдай ғана кіріптар халімен етегімді шеңгелге жыртқызып, көкірегімді қорлықпен сөккізіп қатам деп ойлап па едім? - деп ah ұрғанда, қасында жатқан Аналық бәйбіше оянып кетті. Шалының даусын естігенде, өксіп-өксіп жіберді де, тілек үнін бұл да аңыратты.

- Тоғайдан қашқан көжектей кішкене жүрегім тыным алар емес. Күйігімді саған ғана шағайын, Тоқтар шал. Енді мені тыңда! Көп жылағанда көңіл жайланар ма? Сабыр ет! Ойнап та күлген біз едік. Дүние - кезек. Жалғызымның барында өрісім кең еді, алтыннан кебісім бар еді. Бүгінгі түрімді тілеп алып па едім? Шал-ау, құбыла жақтан жел еседі ғой - жеті жұмақ бейіштің лебі келгендей бір нышан сезіледі-ау. Тайбурыл аттың желісінен туған самал емес пе? Қарашы! Әне, анау Қобландымның төрт бұлты ғой. Жасаған-ай, жақсылыққа бұйыршы! Атасы сыйлаған қасиетті қара бұлттары ғой! Апыр-ай, көкесі-ай! Мен өзі біртүрлі боп барам-ау! Бері, мында үңілші! Оң

қабағым тартып тұр ғой, қуантармысың, құдай-ай! Түу, ту! Не боп кеттім. Аузы құрғыр тарта ма, - жалғызымды сүйгенше ерні құрғыр шыдай алмай тұр ма екен? Иінім де солқылдап, қамқа тонды киердей асығады ғой! Көрсейші, шалым! Мені бір жақсылық ерітіп барады.

Апырай, шынымен-ақ жалғызымды көрем бе? Қобландым дүрілдетіп келіп Алшағырдың аспанын құлатып, сорлы болған Құртқасын құтқарып алар ма? Атойлап тиіп, жауын қуар ма? Мына құшағым солқ-солқ тартқан күйімді көрші, көкесі! - деп бір күліп, бір жылап, сонау аспанда қалықтаған төрт бұлтқа көлегейлеген кіреукелі жанарын тігіп, жыламсырап отырып қалғанда, үйден шыққан қарындасы Қарлығашы сөйлеп кетті.

- Апа! Жан апа! Түс көрдім! Түсімде ағашқа салған айбалтам кетілген екен деймін. Содан тұтқыр қайраққа жанып-жанып жіберсе, жүзі қайтадан жетіледі екен. Жетімнің түсіне нан кіреді дегендей, Алшағыр зәлімнің қорлығында кәріптік хәлге душар болған соң менің түсіме көкем енді. Менің жан көкем Қазанның Сырлы қаласын жалғыз шауыпты. Содан Қасқырлы тауында Қараманға өкпелеп жалғыз жатқан жерінде, Қараман құрдасы барып, Қырлы қалаға ертіп алыпты. Ордан атын ырғытып өтіп, Қазанды шаншып, жауын қашырып, елін босатып, мал мен мүлікті айдап шығыпты. Содан, Көбіктінің көп жылқысына кездескен екен, жамандатқыр Тарлан ат қашып барып, ұйқыдағы көкем мен Қараманды Көбікті байлап алыпты. Пенделікке душар болған көкемді өз аттасым Қарлыға сұлу босатып жіберіпті.

Жамандатқыр Көкбесті тағы да қашып, Көбікті қуып келген екен. Көкем Көбіктіні өлтіріп, мерейі үстем болыпты, - деп, түсін баяндай келіп: - Осы түсім өтірік болмаса, дәл қазір көкешім қаланың сыртында тұр! - деп, сөзін аяқтады.

Манадан Қарлығаштың сөзін үзбей тыңдап тұрған Құртқа қайынсіңлісінің екі бетінен кезек-кезек сүйді.

- Бикежан-ай, қуанттың да сүйінттің-ау! Әлгінде ғана қасақы жаудың олжасы болармын ба деп құлазып тұр едім, көңілімді көтердің ғой, қалқам! Түу, шіркін-

ай, аспанымды көтеріп тастадың ғой, Бикеш! Әйтпесе, ақ сұңқар қонар тұғырға қарға қондырғанша, жарға құлап құриын деп ойлап ем, енді ол ниетімнен тез қайтайыншы! Перзентімдей болған Бурыл аттың табанына алтыннан таға қаққызбап па едім. Тау-тасқа таймай сұлтанымды жеткізер! Жеткізер-ақ! - деп, көкірегін қарс айыра күңіренгені қаланың сыртында тұрған Тайбурылдың құлағына анық шалынды. Сол-ақ екен, күрсінген Құртқаның үні жеткенде, есті тұлпар ішін тартып, шыңғыра кісінеп, қатты-қатты дыбыс берді. Жел жақтан шыққан дауысты естігенде, Құртқаның өңіне қан жүгірді. Етегін қымтай, өрмелеп, үйдің төбесіне шықты. Көзіне күн салып қарап, маңайды ұзақ шолды. Сол сәт шалқар тоғайдың ашық алаңқайында атып алған дуадағын істікке шаншып, қақтап жеп отырған Қобландыны жазбай таныды. Басындағы болат дулығасы күнге жарқырап, ақ маңдайы жарқылдап, арыстандай айбатты ұлан Құртқасының қарап тұрғанын сезген жоқ.

Құртқада ес қалмады. Толқындап дуылдаған ыстық қан екі беттің ұшында ойнады. Қара көздердің қиығында құлпырды. Алаулы демнің лебімен есті. Заматта бар дегбірінен айрылып, жүзі құбылған сұлу төбеден ойнақтап түсті. Бұраңдай басып, қылымси күліп, Алшағырға келді. Бұрын өзін көргенде жыланды көргендей тыжырына қалатын перизаттың мына құбылысына Алшағыр қатты таң болды. Құртқаның түлеп ұшқан сұңқардай құлпырып кеткен жүзіне телміре қарағанда, ханның екі езуінен сілекейі шұбырды.

Алшағырдың сол күйін танып Құртқа түсін суытып ала қойды.

- Алшағыр мырза! Ұрлап алғанды да жарқыратып мойнына тағатын. Жасырып, тығып ұстамайтын. Жасағыңның көптігіне сеніп, тектімнің жоқтығын пайдаланып қапасыңа қамап алдың. Торында талпынбаса, торғай да өліп қалатын. Мен еркін көлдің ерке балығындай емес пе едім. Бойын жазсын деп ескермедің. Сыланбаған сұлу бұландай алар ма. Рұқсат ет, қаланың сыртына шығып, біраз бой жазып қайтайын, - деді.

Жанасыл келіп, жатырқамай сөйлеген Құртқа сөзін Алшағыр теріс көрмеді. Сыландасын да сергісін, қатая берсем, жек көріп кетер деген үмітпен бас изеп келісім берді. Артынша екі құл мен екі күңді шақырып алып, Құртқаның ізінен бақылап отырыңдар, қашып кетпесін деп, қадағалап тапсырды.

Құртқа ала қапты арқалап алып, қақпадан далаға шыққанда, екі құл мен екі күң сайда оңаша ойнап, өз беттерімен қалып қойды.

Құртқа Қобландыны сынамақшы болды. Ала қапты төрт бүктеп жеңсізінің ішіне тықты да мамырлай басып, әлгі тоғайға қарай тіке тартты.

Құртқаның иісін сезгенде, терекке байлап қойған Бурыл ат шиыршық атып секіріп, шылбырын үзіп кетті. “Тәк-тәк!”- деп ұмтылған Қобландыға қайырылмай, Құртқаға қарай желіп ала жөнелді. Тайбурылдың келе жатқанын көргенде, Құртқаның көзінен аққан ыстық жас омырауына сауылдады.

Тайбурыл келген бойда, Құртқаның қолын иіскеп, алдыңғы екі аяғын бүгіп, арқырата кісінеді.

Қобланды да таянып қалып еді. Құртқа қол қусырып, басын иіп, сәлем етті:

- Дүниедегі іңкәрім өзің едің, Қоблан! Өзіңнен де тұлпарың бұрын жетті-ау! Армысың, арыстаным! Кеткен жерің қуарып, келген жерің қуанып қалушы еді. Аман-есен жеттің бе, сұлтаным! Сен жоқта жаудың торына түсіп,кіріптарлақтың қамытын ілдім мойныма. Күлшісі де болдым, күңі де болдым.Өлшеулі мерзім бітпеді, құр өкінгенмен қайтейін.Еріксіз жатпен де жанастым.Бар еркім өзінде, не қыласың, сұлтаным?

Қобланды Құртқаның тұла бойына бір рет көз тастап өтті де, ауыр күрсінді. Тізесі дірілдеп, созған қолын жая алмай, бір аттап тоқтады.

- Баяғы заманым жоқ, Құртқа. Ел ішінде мен отырсам, сен бұндай күйге душар болар ма едің? Бақташысыз табынның саяғын кім ұстамас? Саған қояр кінәм жоқ. Өзіңе ынтыққан көңілімді ешкім бұза алмас. Бәрібір, сен өзімдікісің, Құртқа! - деп Қобланды кеңдік көрсеткенде, Құртқа одан әрі шыдай алмай, ішіне тыққан ала қапты суырып алып, лақтырып жіберді. Батырдың аузы айтса да, Құртқасын

басқаға іші қимай тұр еді. Өзін қатты қоқытқан "құбыжықтың" қап екенін көргенде, қуанғаннан күліп жіберді.

- Алыста жүріп сағынып, жүзіңді көз алдыма елестетумен болып едім, Құртқажан! Арманым жоқ енді дүниеде. Аман-есен қауыштым. Көрмегелі көп болды. Бір-бірімізді аңсадық қой. Көріселікші бір - деп құшағын айқара ашқан Қобланды қалындығының аш белінен орай ұстап Құртқаның көзінен сүйді. Екеуінің көз жасы бірімен-бірі араласты.

- Көріктімнің тектісі-ай! Арманым жоқ енді. Тілегім - тірегім болсын, қыз Құртқа! Тайбурылға мінермін. Жаудың өңешін тілермін. Сен онда қалаға тез жет. Қыпшақ ағайынға сәлемімді жеткіз. Бүгін түн тұтқындағы елім ұйқысын ұмытсын. Түнімен қару-сайманын сайланып дайын отырсын.

Аш қарында атойлаған даусым естілгенде, кек қуған ерлер дарбаза басында түгел табыссын. Ал, Құртқажан, көп кешікпе. "Келінің қашып кетті"- деп Алшағыр сұм ата-анамды азаптап жүрер.

Қыз Құртқа бұрала басып шаһарға қайтып барды. Алдынан манағы сайда қалған екі құл мен екі күң шығып ілесті.

Қобландының келген хабары еріннен ерінге жылжып, қаладағы барлық қыпшаққа тегіс тарады. Қамаудағы сорлылар қолдарына түкіріп, қару-жарағын сайлауға шұғыл кірісіп кетті.

Құртқаны қалаға қайтарып жіберіп, Қобланды сол маңайдағы бір төбенің үстіне Тайбурылын лекітіп шыға келді.

Қарлығаның уәдесі бар. Бүгін түстен қалмауы керек. Қыз да болса сертіне берік серігін іздеп аландап тұр еді, өзінің келген өкше ізінен түйдек-түйдек бұрқыраған шаң көрінді. Сәлден кейін әлгі шаңды оқ бойы артқа тастап, Тарлан ат көзіне жылы ұшырады. Тарланның шабысы керім. Төрт тұяқпен күреңсе белдің топырағын күреп лақтырғанда, айдалада құйын көтеріліп көкжиекті тұтас бүркеп, қою шаңнан шымылдық тұтты.

Тарланның үстіндегі Қарлығаның алтын дулығасы күн шағышыстырып, Қобландының көзін ұрғанда,

қыздың қуанышты даусы сыңғырлап төгіліп, құлағына да жетті. Содан жүрегі жарылардай, еңсесі көтеріліп, алақанын уқалап-уқалап жіберген батыр, шаң сәл сейілгенде, Тарланмен құйрық тістесе келе жатқан Көкбестіні шалып қалып еді. Бой сала қарап, Сейілдің ұлы Қараманды жазбай таныды. Құрдасқа деген ашу-өкпеден түк қалмай, Қараманды көргенде Қобландының жүзіне сүйініш табы ұйыды. Көз қиығына ұрланып үйірілген ыстық жасты екеуге қолын бұлғап, айғайлап тұрғанда, әлгі шаң пердесін жырта айырып, үшінші адамның қарасы көрінді.

“Мәссаған! Мына Қарлыға ерледі-ау! Жалғызбын деп жабығып жүргенде, дүниенің төрт бұрышынан тілектес досты түгел жиып әкеле жатыр ғой!” - деп, үшеудің өзін мың сан қолға балаған Қобланды төбесі көкке тигендей екіленіп тұрып, әлгі батырды ұзақ бажайлады.

“Отырысы нығыз. Астындағы жіңішке жирен. Бұл кім болды екен? Апырай, Орақ батыр емес пе? Сол ғой! Қияттағы жиен еді. Шешесі Қамқа - қышшақ қызы болатын. Нағашы жұртын жау шапқан соң қайран батыр жата алмаған екен-ау! Әй, Қарлыға! Еңбегің сінді-ау әбден!”

Сол екі ортада үш батыр түйдек-түйдек келіп, төбе басында тұрған Қобландының қасына жетіп тоқтады. Қарлыға мен Қараманды бір-бір құшақтап, бауырына қысып босатқан соң, Қобланды өзіне қолын ұсынған бейтаныс батырға күле қарады!

- Айдынды Орақ, айбалтасы қанды Орақ, сен боларсың, жігітім? - Иә, Қобланды! Сол менмін! Армысың!

- Бар бол, жиен! Жеткен екенсің.

- Е, қырық серкешімді жауға жібергенше, жауды қуып тастап, айдап қайтқаным жөн емес пе, нағашы, - деп әзілдеп тұрды да шынға көшті. - Қарағым Қоблан, елінді жау шапқан хабарын түс алдында ғана естіп, дайындала бастап едім. Оның үстіне Қарлыға келіп, жүр дегесін, дұшпанға намысты қолдан бермеймін - деп, келіп қалдым. Енді өзің бастай бер!

Қобланды үш серікке қуана қарап, тағы да құшағын жайды.

- Алшағырдың ордасында

- Әй-әй-әй! Қара перім, оң сөйле! Сары дәуім, жөн сөйле! Келді деймісіңдер? Кекпен түйіліп төнді деймісіңдер? Онда төбемізден ұрған екен! - деп, Алшағырдың кәрі шешесі сиқыр кітабын алдына жайып қойып, өз-өзінен самбырлай сөйлеп отыр.

- Әй-әй-әй! Зауал таппай қояр ма? Қастандығын қабағынан құлатып, көңіліне зәрін үйіп келіп тұрған мынау кім? Қобаған мұрын, қой көзді екен. Алма бетті, нұр жүздің ашумен түйілуіне қарағанда, дәуде болса осы тап Қобландының өзі! Ал мынау қорасан жүзге ызғар шақырып, қой көзді шатынатып тұрған Қараман ғой! Пай-пай-ай! Тарлан аттың төгілген жалы көрінді-ау! Оу-оу, үстінде қамшат бөркін шекелеп киіп келе жатқан мынау кім? Сүйегі біздікі де, еті басқа Қарлыға қыз болғаны ма? Шыққыр көзім, тағы кімді көрсеткелі келесің? Қабағын қарс жауып алып, жіңішке жирен атты қаншырдай жаратқан айбыңды Ораққа ұқсай ма? Сол ғой, сол!

Кемпірдің қорыққанынан көзі шарасынан шығып кетті. Алдындағы жаюлы жатқан кітапты ысырып тастап, бүкеңдей басып, баласы - Алшағырдың ордасына жүгірді. Төрт қабат кілемнің үстінде төбедей болып жатқан ұлының басында тұрып, шаңқ-шаңқ етті.

- Ойбай, балам, тұрсаңшы! Кітабымды ашып едім. Перімді шақырып едім, - көрдім де түңілдім. Түңілдім де өзіңе қарай жүгірдім. Сақтан, балам, сақтан! Дүниенің төрт түтқасындай төрт алыпты көрдім. Бастығы - Қобланды! Аспаның жабылып, күнің сөніп барады-ау, Алшағыр! Тұрсаңшы енді!

Алшағыр кеңтөсекте көсіліп, буындарын сарт-сүрт еткізіп керіліп-созылды. Көзін ашып, шұқшиды. Қабағын түйіп түксиді:

- Әй, алжыған анам-ай! Садақ тартар білегім сынбаса, қобалжыр жүрегім бар ма еді? Қорыққан

көздің кірпігі - қол болып көрінген шығар! Қазанмен соғысып, Көбіктіден өлген Қобландының қураған сүйегі салдырап келмесе, қақпамның алдында көлеңдейтін көлеңке табылар ма? Неше жерден балшы болсаң да, дәл осы жолы жаңылысып тұрсың, апажан!

Баласының сөзіне сенбегенін көргенде, кемпірдің жаны ышқынып, даусы шырылдап кетті.

- Әй, балам-ай, балам! Қапысыз ердің қасиеті артық болушы еді. Тілімді алар емессің. Тайбурылдың екпіні үлкен тепкіні еліңе салар. Таңбасыз малыңа таңба салып, енсіз қойыңа ен салар Қобланды келді. Басыңнан бағың тайғанда, астыңдағы тағың сол жалғыздың еншісіне кешер. Қайтейін. Ақылымды тыңдамасаң, елінді сол билеп, үстіндегі ақ сауытыңды да сол Қобланды киер.

Ор түбінде өскен бәйтерегім едің, Алшағыр. Тамырыңды жерге жайып, жапырағыңды күнге тосқан сенің саянда мен пақыр анаң ештеңеден уайымсыз жүруші едім. Сол дәуренім де аз қалды. Солқ етіп сынып құлайтын кезің таяу. Анаңның айтқанына құлақ аспасаң, онда өлмес күнімді өзім көрейін. Қанікейдей көрікті қызымды жауымның қолына түсірмей, күймеге салып алып қашармын. Жасырармын жау көзінен. Түсірмеспін назарын. Ал, сен, балам, әлі де тіл ал! Сақ бол! Қобланды тегін жау емес.

Кемпір сол бойда жүгіріп жүріп, ешбір дүние-мүлікті алмастан мәпелеп өсірген аяшын жабық күймеге отырғызды да, қос ат жеккен делбені сарт еткізді. Қос қарагердің жалпақ сауырларына ала қамшыны төпеп ұрып келеді.

- Аш, қақпаны! Тез ашындар!

Алшағырдың кәрі шешесін таңыған қақпа күзетшілері күймені бөгеген жоқ. Қос жарма есік сықырлап ашылғанда, сынаптай сырғыған күйме кең жазықты бетке алып, шаң шұбыртып ұзай берді.

Қарлыға қақпаның қасында астыңдағы Тарланның басын тұқырта тартып, оқшау тұр еді. Алтынды күйменің күнге шағылысқан төбесін көргенде, тақым қысты. Далада жел есті. Тұлпар екіленді. Әне-міне дегенше күймені қуып жетті.

Қарлыға алдаспанын жарқ еткізіп, қынабынан

суырып алып, күйменің артын тіліп жіберді де, үрейі ұшып, көздері бақырайып, үн шығаруға шамасы келмей дірілдеп отырған қызды бір жұлқып, Тарланның сауырына салып алды.

Кемпір байғұс артына қарар емес. “Көрікті қызымды азап пен мазақтан құтқарып әкетіп барам”- деген қораш тілекпен қос атты кезек сабалап, құйындатып алыстап, сағым арасына кіріп жоқ болды.

Қарлығаның қайратын төбе басындағы үш батыр да көріп тұр еді. Олжалы келе жатқан Қарлыға сұлу жақындағанда Қараман атын тебініп қалып, алдынан тосты.

- Пай, пай, Қарлығажан-ай! Ерлігіңді өзім жасағандай қыбым қанды ғой. Неткен алғыр едің! Батырдың батылдығын олжа салғызып та сынаушы еді. Олжаңнан сауға тілеймін! Сауға, Қарлығажан, сауға! - деді. Көздері Қанікейді аймалап, жалпақ бет жайылып сала берді.

Қарлыға қаршыға көзді бір түйреп өтті.

- Көлге біткен қоғадайсың десем - қорлады дерсің, Қараман! Бүршігі жоқ тікенсің десем - тілдеді дерсің, Қараман! Әй, бірақ сенің артық бағаңды бір көрмесем, құдайдан сұрар шамаңның жоқ екенін өзің де ұққан шығарсың. Қол жаюдан басқа білерің жоқ. Алдыңа біткен мал мен жанды, Қараман-ау, сауғадан жиған тәріздісің. Тарлан атты қара терге малшынтқаңда, осы мен сендей қияттың көзі тоймас ашқарағын байытқалы жүр ме едім? Оның үстіне сен тіпті менің де еркімді көркіммен қоса саудалап жүрсің ғой.

Қараман бір қызарды, бір бозарды. Бұрыла беріп, қайта оралды.

- Қатты айттың-ау, Қарлыға! Уа, түсіндім сырыңды. Бірақ сені олжа емес, жолдас деп, Қобланды алдымды орамап па еді. Қанікейді берсең, бас азаттығың біржолата бекімес пе еді!

Қарлығаның көзінен ыстық жасы ыршып, Тарланның жалына секіріп-секіріп түсті. Көрікті қызды Қараманның қолына ұстатып, бас бостаңдығын сатып алған Қарлыға сонау жерде тұрған Қобландыға елжірей қарағанда, бар-бар сүйініші сол қараска сыйып кеткен еді.

Бесеу болған соң азын-аулақ ауыл болғандай, кілең жастардың күлкісі де көңілді естілді. Қанікей болса, ұзақты күн басқан іздерін аңдып отыратын қатал бақташы - кәрі кемпірдің ызғарынан құтылған соң, жүзіне қан жүгіртіп, табиғат құдіреттің бар ырқына бар болмысын еркін тапсырып, сыңғыр-сыңғыр күлкіні тіпті үдетті.

Әсіресе Қараман қатты желікті. Аузын ашса, әзіл тастап, тілі қыбырласа, қалжың айтып, жұрттың бәрінің көңілін тауып отыр. Қанікейге қарай жүрегін дірілдетіп, көзін сүзеді. Бірде қыздың өңі ұнаса, бірде сәні қызықтырады. Қыз да сезімтал, Қараманның оң тізесін баса отырып, қоржындағы азықтан сүйір саусақпен үзіп алып, ең дәмдісін Қараманның аузына тосады.

Көңілді шақтың көзді ашып-жұмғанша өте шығатыны бар емес пе. Таң Шолпаны әлгінде ғана танадай жарқырап, тамып түскелі тұрғаны сол еді, таң сарғайғанда, тарыдай ұсақталып барып, батып кетті.

Қобланды орнынан сілкініп тұрды. Батыр тұрған соң, қалғандары да қозғала бастады. Қару-жарақтарын тағынып, ақсауытын киініп, қарына найзаларын ілді. Белдеріне шарболат қылышын байлады.

- Ал, кеттік, ерлерім!

Тайбурыл ойнақтай басты.

Ала байрақта таң шапағында қызыл нұр ойнатып, қақпа алдына келген Қобландының ақырған атойлы даусы жеті көш жерге жайылды.

Айқас

Еш нәрседен алаңсыз, қауіп-қатерді ойламай, өз ордасында салмақтанып жатқан Алшағыр жақсы түс көріп еді. Қылымсыған қыз Құртқамен некесін қиған екен дейді. Содан торғын желегі желбіреген жас келіншектің бет пердесін енді сыпыра бергені сол еді, құлағына ащы дауыс естілді. Арыстан ақырғандай болып еді, жолбарыс күркірегендей болып еді. Сонда Құртқаның елжіреген жүзін емес, шатынаған көзін көріп еді, қолымен бетін көлегейлеп, бір аттап, кейін

шегінем дегенде шошып оянды. Ұйқысы ашылып кетті. Әдемі түс зым-зия жоғалды. Бірақ түс жоғалғанымен, сырттан тынбай жетіп тұрған құлақтағы ащы дауыс үзілер емес. Алшағырдың дем арасында басынан бақайына дейін суық тер шып-шып атты. Қобландының дауысын анық танып еді, жүрегі бұрап шаншып қоя берді,

“Қайран да менің жан анашым-ай! Сезген екенсің-ау сұмдықты! Енді не істермін?”

Бірақ күйзелгенімен, күні қайта жарқырар ма? Өзі серпілмесе, басқаның серіктігі шамалы. Соны білді де, орнынан ұшып тұрды. Тоғыз көзді бадана сауытын үстіне киді. Қарына қызыл сапты найзасын ілді. Содан кейін сыртқа шығып, жарлық берді.

Қызметшілер мен күзетшілер ләм деместен, аяқтарының ұшынан басып жүріп, томағалы қара азбан атты билетіп, дөңгелетіп әкеліп, ханның алдына көлденең тоса берді. Тастөбесінен қараған қарақасқа ат иесін көргенде, баяу оқыранып дыбыс шығарды.

Қызметшілері атқа алтын тұрман ер салды. Құйрығын шарт түйді.

Алшағыр атқа қонып, қahар үйірілген қалың қабағын түкситіп қақпаға таянды.

Бұл кезде Тайбурылды аспанға шапшытып, қорғанның сыртында Қобланды намыс шақырып, ду-ду кек атып тұрған еді.

- Уау, Алшағыр! Қатын ба едің қашатын! Қашанғы тосам? Шық алдыма! Қапысыз, сауыт-сайманыңды тегіс сайланып шық! Келді зауалың! Қара қаныңа лақтай тұншықгырамын!

Сөз сүйектен өтеді. Қобландының зіркілін естігенде, бас қақпадан ағызып бері өткен Алшағыр найзасын шыр айналдырып, қарақасқа атты борбайлата тартып-тартып жіберді.

- Ал келдім! Көрейін әуеленді!

Түлкідей көзі жайнаған Қобланды да көк сүңгісін ыңғайлап кезеніп, Тайбурылға тақым қысты. Қарсы ақтарылған екі нөпір тасқындай, шаң бұрқырата, біріне-бірі лап қойған қос батыр көлденең тасқа найза шанышқанда әр қайсысы көк сүңгіні қарыс сүйем бойлатып еді. Көргендер жағасын ұстады.

Екі батыр екпіндетіп келген бойда найзаларын талыс кеуделерге кірш-кірш қадасып, итерісіп тұрыса қалысты. Жойқын күшке шыдамаған тұлпарлар тізелерін бүгіп, бір-бір шөкелеп өтті. Қатты қарманғанда тақымдары құрысты. Он саусақ қос шеңгел болып ағаш сапқа кіріп барады.

Екі ат қайтадан ауыздық тістей, ойқастап шыға-шыға келді. Ендігі кезек қанжарға жетіп еді. Жарқ-жұрқ от шашқан қанжарлардан да қару болмады. Қобланды шалт қимылдап, іле алдаспанын суырды. Көзіне қаһарын жиып, жүзінен уытын төгіп, ақырып қалды да, алдаспанды дұшпанына жалт-жұлт төндірді. Енді бір қасқағыста жаландаған қылыш Алшағырдың доптай басын домалатып түсіретін еді. Соны сезген Алшағыр шыбын жаннан түңіліп, көзін жұма берді.

- Әй, Шағыр! Қапыда кеттім деме! Найзанды қайта ұста! -деді Қобланды. Өзі де көк сүңгісін қолға алды. Аруағы бір асқан соң, қойсын ба. Ырғап салған найза Алшағырдың етінен өтіп, сүйегін күйретіп жетті. Ат сауырына қарай қопарыла лықсығанда, аузынан ақтарылған қара қан қарақасқа аттың бауырын жауып кетті.

Бұл кезде баяғы қырық бес кез Қызыл ердің балалары Ағанас пен Тоғанас майдан қызығын тамашалап тұр еді. Қобландының кекті қоздырып, Алшағырды жаһаннамға жөнелткенін көрген соң, шыдай алмады. Көздеріне қан толып, ежелгі кектің ерегіс пілтесін тұтатып, шаңдатып қарсы ұмтылды.

Қобланды, ә дегенде, ұрыстың тәртібін сақтамастан екі бірдей адамның біреуге қарсы тап берерін ойламай, қаперсіз тұр еді. Тұтқиылдан тиіскен ағалы-інілі екеу жалғыз батырды ортаға алып кеп қалды. Алғаш екеуге қыңбай, жолбарысша бұрқ-сарқ атылып, тойтарыс беріп жүрген Қобланды сәлден соң-ақ есеңгірейін деді. Қабат шаншылған қос найза Қобландының бөксесін сырғытып, Бурылдың сауырына қарай қисайта бастағанын Қарлығаның қырағы көзі шалып қалды. Сол-ақ екен, Тарланға ашулана қамшы басып, ағындаған бойда жетіп-ақ келді. Жетіп келді де, Ағанасты найзамен түйреп іліп тастады. Жалғыз қалған

Тоғанасты, Қобланды түзеліп отырып, о да шаншып құлатты.

Көкті шаң жапты. Қала мен даланы жаңғырық биледі. Көздерді шел басты. Екі жақтың да елірген адамдары ду-ду қызынып, сар-сар айғайлады.

- Ойбас! Ойбас! - деп қазақтар шулағанда,
- Қызылбас! - деп жау жағы құтырынды.

Осы ұран отты өзегіне түсті ме, қызылбастың Ақтайлақ деген түйе балуан батыры ойқастап ортаға жеткенде,' қарсы шыққан Орақ батыр дайындалып, күтіп тұр еді. Көз ілескенше болған жоқ, Орақтың айдыны асып, Ақтайлақ жер сүзе, құм қапты. Әкесінің құлағанын көргенде Ақтайлақтың баласы - Нарқызыл долдана ақырып атқа қонды. Анадайдан ала өгіздей мөңіреген адырнасын шіреп, сұр жебені қардай боратып келді де, майдан алаңына тоқтап, қылғына айғайлады.

- Жекпе-жек!

Күнұзын қолына түкіріп тұрған Қараман Көкбестіні сумаңдатып, Нарқызылдың алдына барғаны сол еді, соншама күннен бері бар қайратын жиып жүрген бе, Нарқызылды бұ да оп-оңай іліп тастады.

Тақымдағы қырық батпан күрзісін бөріктей қақпақылдап, атын бүлкілдетіп, қақпа аузынан қазан басты Қара дәу шықты. Қара дәудің келбеті - қимылдаған қара төбенің өзі. Көлеңкесі қозыкөш жерді алып жатыр. Соны көргенде, Тарланға қамшы басып, Қарлыға ілгері ұмтылды. Тауға енген киіктей әлгінің қасына Қарлығаның таянғаны да сол еді, Қара дәу қопарылып құлады. Ілесе жеткен қалмақтың қара шоқпарлы Қара батырын Қобланды шаншып тастады.

Осылай бірінен соң бірі келген жау батырларын төртеуі кезек-кезек бет қаратпай, баудай жаншып тұрды.

Әкесі Көбікті ханның ақылымен Алшағырға Қобланды қолға түсті деп сүйінші сұрай келген Біршымбай жолы оңдалып күйеу атанып, көп ұзамай Қанікейді алып қайтам деп күтіп жатқан еді. Он беске жаңа толған жасөспірім жігіт, мана айқай-шудан оянып, ұрысқа шығуға жүрегі дауаламай тұр еді. Қанікейдің бөлмесіне барып, қыздың орнын сипап

қалған соң, қанына қатты қарайды. Әсіресе Қобландының Көбіктіден босанып келген хабарын естіген соң тіпті намысқа қызынды. Астындағы атын аспанға тік шапшытып, шыққан бойда көзі қанға толып, алдында тұрған төртеуді бір адамдай көрмеді. Ағындаған атының басын ірікпестен, көк сүңгіні көз ілеспес шапшаңдықпен үйіріп, Қобландыны бір шаншып, Қарлығаны бір шаншып, Қараманды бір шаншып, Ер Орақты бір шаншып көк ала атты сыпыртып өте шықты. Өте шықты да, сыңарезулете ат басын қайта бұрып, әлгі төртеудің есін жиғызбастан төніп келе берді. Жай оғындай жарқылдаған көк найза қолында тағы ойнады. Қобландыны бір түйреп, Қарлығаны бір түйреп, Қараманды бір түйреп, Ер Орақты бір түйреп, сыдыртып әрі кетті. Қимылы мұңдай шапшаң болар ма, осылай екі-үш жанасып өткенде, үш-үштен денелеріне найза енгізген төрт көкжал қатты меңдеп қалған еді. Қарлыға шыдай алмай басындағы дұлығасын сыпырып алғанда, қолаң шашы ат сауырына төгіліп түсті. Қарлығаны танып қалған Біршымбай қалт тоқтап, өкіне сөйледі:

- Ой, апеке-ай! Жау ішінде жүрген соң сенің кім екеніңді білмей қалдым ғой. Қап, қап, тәңір-ай! Сен екеніңді білгенде тәніңе шаныщқан найзамды өз жүрегіме бойлатар едім ғой! - деп, Біршымбай көк ала атты сумаңдатып келіп әпкесінің алдына басын иді. Сол сәт кезеңді аңдып тұрған Қараман жан-жағына қарап алды да, сұр масағы жарқылдағын найзасын сумаң еткізіп Біршымбайды көк желкесінен құлаштап ұрды.

Көк ала аттың жалын құшып, опырылып құлап бара жатып Біршымбай бейқүнә жанарды Қарлығаға бір ғана қадап қалып еді. Еріндері әлсіз ғана күбірлеп: “Қош бол, жан апа!” - деген сөздерді айтты да, соңғы рет иек қақты.

Қарлыға інісін қимай көзінің жасын мөлт-мөлт ағызып тұрғанда Қараман ойнақтап шауып шыққан көк ала атқа қатарласып барып шылбырын іліп алды. Сол бойда үлкен бір ерлік тындырғандай, Қобландыларға дүрілдетіп келіп қосылды.

Сонымен, басшылары қаза тапқан соң, бақташысыз

қалған қойдай көп қосын туын жығып, жан сауға сұраған соң, Қобланды жеңіс дабылын қақты.

Тоқтарбай бастаған қалың қыпшақ бас қақпадан бері шығып, батырлармен қауышты.

Жаудың торынан, тұтқындық пен құлдықтың сорынан құтылған қалың ел қозыдай жамырап, құтқарушыларын ат үстінен жерге түсірмей көтеріп алысты.

Жүздерге шаттық енді. Көздерден уайым қашты. Қалың ел енді туған жер, атамекенді аңсай бастады. Сол-ақ екен, қолды болған дүниесін артып, жауға кеткен малын түгендеп, қалың қыпшақ Қараспан тауын бетке алып, ұбақ-шұбақ керуен боп тізілді. Жылап келген сор жолмен енді әндетіп қайтып келеді. Зарлап келген ізімен енді қуанышты күлкімен думандатып қайтып келеді. Дала қандай кең еді! Әнді қанша салсаң да толар емес! Дала қандай сұлу еді! Жан-жағыңа қанша сұқтансаң да, көзің тоймайды. Дала қандай әсем еді! Туған жердің түтіні де ыстық емес пе! Үш ай, үш күн жол жүріп, аптап пен аңызақтың, дауыл мен нөсердің талай сұрапылын бастан кешірген босқын Қараспан тауының етегіне жетіп, кереге жайды.

Қобландының Құртқаға үйленуі

Жыл құсындай қайта оралып, қаңыраған көне жұртқа ел қонған соң, Қараспан тауын қызықты күндер бауырады. Қыз Құртқа, сұлу Құртқа соншама жылдан бері Қобландының қалындығы аталғанымен, некесі қиылмап еді. Оймақ ауызы ашылғанда, сыңғыр күлкісі төгілді. Кірпігін қаққанда, маңайына шуақ орнады. Ақылды аяштың құрмет-қадірін барынша ұққан Қобланды да енді одан артыққа шыдай алмас еді. Соны сезген ел-жұрты жиылып келіп, екі жастың некесін қиды.

Тоқсан екі келіншек Құртқаға жеңгелікке жүрді. Тоқсан екі келіншектің шолпысының сыңғыры құлақ жаңғыртты. Тоқсан екі келіншек ақ сазандай аппақ Құртқаны қолтықтап ертіп әкеліп, ақ отауға енгізді.

Алдына қия кесіп, жал қойды. Аяқ толы бал қойды. Бірі Қобландыны сынады, бірі қағытты, бірі әзілдеді. Бірі мақтады, бірі жақтады. Тоқсан екі келіншектің тоқсан екі түрлі назы батырды ерітті де елжіретті.”Біз - жеңгеміз!” деп жал мен жая асады. “Біз - жеңгеміз!” деп бал мен шырын ішті. Шашылған шашу тау боп үйілді. Тоқсан екі келіншек тоқсан қабат киінді. Кәде деп қармағанда тоқсан екі келіншек тоқсан екі нар алды. Бір-бірден және қара алды. Алғыс пен бейіл содан кейін калай ағытылмасын! Бәйек боп жүгіріп, құрдай боп жорғалады. “Шаршап жүрген шырақтың етіне жұмсақтисін”,- деп, әр қамқаны бір сілікті. Әр көрпені бір қақты. Тегістеп жайып, қалыңдап төседі. Сөйтіп, төсекті белден келтіре салып, көпіртіп жастық тесеп, қос жүбайдың ыстық ұясын дайын еткенде, күн қызылы тарай бастап еді. Тоқсан екі келіншек топ-топ болып келіп Қобландыны жетелеп әкетті. Жетелеп әкелді де, ақ Құртқаның қылдай белін талдырып, айдай жүзін толықсытып жатқан ақ отауына кіргізіп жіберді...

Қобланды батыр сұлу Құртқаның ақ отауына енгенде, Қараспан тауының бір қойнауында жалғыз шатыр оқшау тігулі тұр еді. Бұл- Қарлыға шатыры болатын.

Қарлыға Қобландыға ынтық еді. Бірақ ыстық көңіл мұз басқандай суыды. Қобланды некесі басқамен қиылды. Қобланды басқаға бұйырды. Қобланды шырақ Қарлығаны ұмытып кетті.

Қарлыға басқа ешкімге қарайламады. Көңілінен ер кеткен соң, елден бұл кетті. Дүниеге балаған жалғыз шырағы көлеңкесін де ұрлаған соң, көзге күйік боп, қоңсысы болғанда, не табам деген қайсарлықпен жалғыз отыруының себебі де осы еді.

Ақ отауда сыңғыр күлкілер төгілгенде, ақ шатырда қапалы көңілдің мөлдір тамшылары сорғалады. Жасыған жанның толқынды күрсінісі көбейді. Жылаған жастың тұншыққан зары ғана күңіренді.

Айбынды Орақтың ерлігіне тәнті болған Қарлығаш сол ер Орақтың бұған деген елжіреуік қарасына жиі кездесіп қалып жүр еді. Екі жастың сырын ұғып, жұмбағын сезген Қобланды іштей қатты риза болды. Қысылған кезде қол ұшын созған азамат ерге алғысын

қалай білдірем деп қиналып жүргенде, туысқан боп табысатындары сүйінтті де қуантты. Содан соң көп созбай, әкесі Тоқтарбайдың рұхсатымен қарындасы Қарлығашты Орақ досына қосып, отыз күн ойын, қырық күн тойын жасады. Той бітісімен қарындасын ұзатып, жасауына бөлген қазына-мүлікті кіші-гірім көштей шұбалтты.

Ертеңіне Қараман Қобландыға келді.

- Ал, құрдас. Өзіңе Құртқаны қосып, Орақка Қарлығашты ұзатып, екі тойды бірдей өткізіп, мен әлі ауылыма бармай жатырмын. Әй, бірақ қыз шіркінге еркіңді алдырсаң, үркек боп қалатынымыз жаман-ау. Қайтейін, құрдас, менен де маза қашып тұр. Қанікей құрдасың бол-болдың астына алып, мені де біраз қинады. Егер рұхсат етсең, біз қайталық. Құртқа екеуің соңымыздан кешікпей келіп, некемізді қиып беріп кет! - деді.

Қарамандар аттанып кетісімен, Қобландылар да тойға баруға қамдана бастады. Салт ат Құртқаға жайсыз тиер деп, Қобланды күйме жеккізіп, үш жүз жігіт қосшы алып, жердің жүзін күңіренте жөнелді. Тойға барар жұрттың тобырында әнші мен күйші болмай ма. Ән аспандап көкке шалқығанда, күй күмбірлеп көкжиекке созылды. Осы әр түрлі асқақ үн алыстан талықсып жеткенде бөктердегі жалғыз шатырынан шығып тұрған Қарлығаның көзі Қобланды мен Құртқаға түсті.

Талма түстің шапағы жүзінде ойнағанда, Қарлыға сұлудың көзінде жалт-жүлт от шағылысты. Шыдай алмай, Тарланды ойнақтата басқызып, камшат бөркінің бір шоқ үкісін билетіп, жетіп-ақ келді.

- Армысыңдар, Қобланды мен Құртқа! - дегенде, көзі Қобландыдан айырылар емес. - Жол түсіп, үстімнен шықтыңдар. Жалғыз шатырды батыр елемесе де, әпкем кемсінбес. Келіп қалыпсыңдар. Төрімде қонақ болыңдар. Қолымнан дәм татыңдар.

Қобланды ләм деместен, тізгін қақты. Соны көргенде Қарлыға Тарланды көлденеңдетіп Тайбурылдың тұмсығына тіреді.

- Уай, Қобланды арыстан! Өкпемді тепкіге салғандай саған не жазып едім. Елімнен безіп еріп

шыққанымда, бір басынды қадірлеп келген түрімді неге байқамайсың. Сен үшін жанымды түйіп, туған ұядан жеріп кетпеп пе ем. Неге қинайсың мені? Көзден аққан көл жастың айдынында тұншығардай болдым. Қиығыңды бір салмайсың. Не жаздым саған, Қобланды? Күнәм бар ма қорлардай? Кінәм бар ма зарлатар? Әпкетай, ең болмаса өзің түсші. Түсші, әпкетай!

Құртқа Қобландыға қанша жалынсада, тілін алғыза алмады. Қобланды үндеген жоқ. Тайбурылды бұрып алды да, күймені жетелеп ілгері жүріп кетті. Қан жылап қалған Қарлығаға қарайламай кетті. Ақша бетін жас жуған Қарлыға сұлу шатырына әрең жетті де, бүк түсіп жығылып, егіліп өксіп, шер атты.

Қобланды мен Құртқа Қараманның ауылында тура екі ай жатып, құрдасқа Қанікейді некелеп қосты. Той тойлап, қызық-думан тарқаған соң, кері қайтты. Бірнеше күннен соң, тойшылар тағы да Қарлығаның шатырының үстінен түсті.

Қарлыға қарсы кездесті.

- Армысыңдар, жақсылар! Шайымды қойып, майымды салып, дастарқанымды жайып келіп тұрмын. Шөлдеріңді басып, демдеріңді алып, біраз тынығып қайтыңдар, - деп тағы да қолқа салды. Қобландының қайрылмасын көргенде және өкпе білдірді. - Апырай, Қобланды, неткен қатал едің! Елі-жұртымды саған бола қиып кеткенімде, бір қолқамды орындата алмай, зар илеймін ғой деп ойламап едім-ау! Қараманның тойына ерте кетсең, жабығып жүдеген көңілім бір көтерілмес пе еді. Мені сонша жылатқанда, саған бірдеме түсер ме? Қиналған жанымды неге қидалай бересің? - деп, тағы бұрылмай кеткен батырдың соңынан қадалған көзде екі түйір жас мөлдіреп тұрды да, тырс-тырс үзіліп түсті. Жасы тыйылған жанарда әлдебір кектің өшпенді оты тұтана берді де, іле сөнді. Буын-буыннан әл кеткен Қарлыға тұрған жеріне сылық құлады.

Қобландының ұлы - ер Бөкенбай

Күн өтті дегенше, ай да өтеді, мерзімді сағат жеткенде, тірліктің жаңа өскіні көз ашып, жарық дүниеге келеді. Ол - төл болып маңыраса, бүр жарып желкілдейді, іңгәлап уілді үн төгеді.

Қобланды мен Құртқаның үйлену тойынан кейін тура тоғыз ай он күн өткенде, сұлу келіншекті толғақ буды.

Сол-ақ екен, тездетіп ақ отауда құр асылып, жерошаққа “жарыс қазан” қойылды. Әр жерде бір дүңк-дүңк келі түйіліп, ауылдың бүкіл адамы түнімен ұйқы көрмеді.

Ақ отауға қырық бір келіншек жиналды. Құртқаның белін ұстап, қолын сипап, маңдайдағы терін сүртіп құрақ ұшқан келіншектерде тыным болмады.

Тоқтарбай шал үлкен үйінде малдасын құрып жайғасты да, дәу сандығын ашып, қасына қойғызды. Сүйінші сұрап табалдырық аттағандардың алдына ат басындай алтын, соңына тайтұяқ жамбы ұстатуға дайындалып отыр.

Таң хабары білінгенде төбесі жерге тарс етіп, жарық дүниеге келген нәрестені қырық бір келіншек жабылып, жерден әрең көтеріп алды. Қырық бір әйел жерден көтеріп алған сәбиді қамқаға құндақтап еді, талпынған бөбектің қимылына шыдамай, қырық бір кез қамқа дал-дал айырылды. Соны көргенде: “Арыстандай ұл туды!” - деп, қуанған келіншектер сүйінші сұрасып, бүкіл аймаққа ат шаптырды.

Қобланды ел-жұртына тоғыз күн қатарынан той қылды. Сол тойда азан шақырып, балаға Бөкенбай деп ат қойды.

Бөкенбай жыл санап емес, күн санап өсті. Бір жасқа келгенде, садақтартуды үйренді. Екіге келгенде, ереуіл топты басқарды. Үшке келгенде, қазандай қаратасты қақпақылдап ойнады. Төртке толғанда, шу асауды құйрығынан тартып тоқтатты. Беске келгенде бетіне келер жан шыдатпады. Алтыға келгенде, алыстан жау іздеді, жақынына жау жолатпады.

Қобланды Бөкенбайға бәсіреге Өкім құла атты сыйлады. Бала да болса, шешесі Құртқа атпаз емес пе, құла аттың жалын үздірмей, зар күйінде жарау ұстады.

Бөкенбай бір күні Қобландыға келді.

- Көке, көп болыпты, жылқыдан хабар білген ешкім жоқ, - деп сусар бөркін шекіп қалып желкесіне қарай сырғытып жіберді. - Қосқа барып, Естеміс ағаның хал-жағдайын біліп қайтсам деп едім.

Қобланды бас изеп, келісім білдірді.

Іштей: “Қанат-құйрық деген осы-ау, ә! Күні кеше ғана жалғыздықтан жапа шегіп зар төгуші едім. Енді міне, өзімнен туған ұл малға қарауға да жарады!” - деп, тәубеге келді.

Көбіктінің жиені Шошай хан бір жағы нағашымның кегін қайтарсам деп, екіншіден қазақты қол астыма енгізем деп қырық мың әскермен Қараспан тауын бетке алып шыққанына көп болған-ды. Тұтқиылда ел жата, Қобланды ауылын қоршап алды да, таң белгісімен ауылға тап берді.

Қалың дүбірден шошып оянған Құртқа жау келгенін сезіп қатты ұйқыда жатқан Қобландыны қалай оятудың ебін таппай, әбден сасқалақтады. Бар бітірері торғын орамалмен батырдың бетін желпи берді.

Алғаш ашу сесімен екпіндеп келсе де, Шошай хан өз әскеріне ақыра бұйрық берді.

- Жә! Тоқтаңдар былай! Қапыда қауіп тоспай, ұйықтап жатқан Қобландыны өлтіргеніміз сүйегімізге мін болар. Әрірек, анау жазыққа шегініңдер! Жасырынып бармай, қалтыратып, қорқытып, зәресін ұшырып алам! Киінсін Қобланды. Алды-артын жисын түгел, -деп, әскерін қайтадан ауылдан шығарып, тау түбінде сапқа тізді.

Бір кезде желпіген орамалдың суылынан оянған Қобланды жау келгенін сезгенде, қатты қабынды. Бейқам қалғанына жабығып, асығыс-үсігіс дайындала бастады. Бөркін таба алмады, тақиясын қондырды төбеге. Шапанын кие алмады, жейдесін ілді кеудеге. Ақжейдесі ағараңдап, найзасын ұстап, далаға жүгіріп шыққанда, батырдың исін сезген Тайбурыл келесі үйдің ішінен дыбыс берген еді. Құртқа жалма-жан

жетіп барып, тықыршып тұрған Тайбурылды ерттеп алып келді.

Астына аты, қолына қару-жарағы тиісімен, Қобыланды бұрынғы қаһарына мінді.

- Мезгілсіз шақта ауылға ат ойнатып кіріп, мазамды алған қай тәйтік? Елімді қырғынға ұшыратқызып қоймаспын! Кім де болсаң көзіме көрін!' Халқымнан жаным садаға!

Қобландының ақырған даусы алты қырдан әрі асып, жеті төбенің желкесіне шығып кетті.

Сол бойда ақ жейдесі жарқылдап, тау бөктерінде сап құрып, шеп тастап, мол тұрған қызылбастарға жалғыз шауып, жетіп келді.

- Қырымнан қиқулатқан қызылбас, қалмап па едің әлі соңымнан. Шық жекпе-жекке! - деп, Тайбурылды шапшытып, найзасын көкке үйірді.

Шошай хан қарсы келді.

- Қобланды батыр! Дұшпан боп келдім. Жайлауыңа өрт, жаныңа дерт салам, топтай түйіліп, шоқтай иіріліп келіп тұрмын. Жалғыз сені өлтіргенмен, кегім тарқамайды. Жасағыңды сайла. Қапыңды түгенде. Алды-артынды түгел жиып орал. Содан кейін армансыз айқасып, ел-жұртыңның алдында басынды доптай домалатып түсірейін! - деп батырға үш күнге пұрсат берді.

Қобланды тұрған жерінен оқ бойы ұзап шығып, аттан-атойға басып, қаһарлы дауысты қыран үніндей шаңқылдатты. Батырдың айғайы тауды дүрілдетіп, жерді дірілдетті. Алпыс алты қыр жаңғырып, үн қосты. Жетпіс жеті төбе жаңғырып, жар салды.

Сол-ақ екен, Қараспан таудың бөктеріндегі жалғыз шатырда жеке жатқан Қарлыға шошып оянды. Жүгіріп далаға шыққанда, көк жүзін түтеген қалың шанды көрді. Жау келгенін білді де, Тарлан атты дөңгелетіп, Қобландының қасына жетіп келді.

Дауыс естілгенде, Қараман далада жүр еді. Көк-бестіге ер салды. Егеулі найзаны қолға алды. Қосынына хабар салды. Күн-түн қатты, жол шекті. Аз ғана емес мол шекті. Ақыры о да жетіп, Қобландымен үзеңгі қағысты.

Таң бозында отауынан шығып, есік алдында

шапанын бүркеніп тұрған Қарлығаш ағасының ашынған айбатты үнін естігенде, етегі жалпылдап, ентігі күшейіп, үйге асығыс кірді.

Келе сала ер Орақты оята бастады.

- Көкемнің даусы келіп түр. Ашынған даусы жаралы аңның, ыңыранғанындай екен. Батырым, тезірек жетші! Көмегіңді беріп, қол ұшын ұсыншы! Екеуіңнің жолыңа айтылған ақсарбасың мен болайын! - деп, күйеуін асықтырып, жирен аты бұ да тез ерттеді.

Үшінші күн дегенде жіңішке жирен ат ер Орақғың қарасын Қобландының көзіне шалындырып еді.

Әкесінің даусын естіп, қоста жүрген Бөкенбай бың басын аулына қарай бұра берген-ді. Соңынан ілесе Естеміс батыр да құйғытты.

Бастары құралып, жасағы жиналып, айқасқа

дайындалған соң, көңілі орнына түскен Қобланды Тайбурылды билетіп, майдан алаңына жеке шауып шықты.

- Жекпе-жек!

Ер қайратын шыңдайтын осы сөз әркімнің

тұлабойында кек қыжылын дуылдатпай ма! Шошай хан да қатуланып, қарсы бетке шығып, маңдай алды келе берді. Екі батырдың найзаларының ұшы күн нұрымен шағылысып, енді-енді біріне-бірі төне бергенде, оқыс жағдай кез болды.

Күн ұзын ләм демей үнсіз тұрған Қарлыға он

жылдан бергі қысасын қоздырды ма, Тарланға қайта-қайта қамшы ұрып, жебедей суырылтып ортадағы екеуге жетті де:

- Өш алғанда, өш жоқ! Кек алғанда, кек жоқ!

Қайтардым да тындым! - деп, көк сүңгісін кезене ұстап Қобландының қоңына бойлата сұғып жіберді. - Әйел деп азаптап, жүзімді төмен салып едің, шоқ, Қобланды, шоқ! Мазағымды қазаңа салдым!

Найзаны жұлқа тартып суырып алғанда, бейқам

қалған Қобланды опырылып жерге құлап түсті. Лап қойған қалың қызылбас жығылған ерді есін жиғызбастан сол арада байлап алды.

Қарлыға қысасқа кесігін жасаған соң, ешкімге

қарайлаған жоқ. Ақ шатыры қалған тұсқа ат тұмсығын беріп, шоқыта жөнелді.

Қобланды құлаған соң, қызылбас қайратқа мінді. Иесінен айрылған Тайбурылды ұстап алмақ болып, тұс-тұстан анталай қоршады. Араннан қашып құтыла алмасын білген Бурыл жан ұшырып секіріп, қамап тұрған әскердің үстінен қарғып құтылды.

Қараман Тайбурылдың бос шыққанын көргенде, санын соғып, айқайлап қалды.

- Қалды-ау, қайран арысым! Сен үшін жаным құрбан! - деп, Көкбестіні ағындатып, ортаға тік ұмтылды.

Сол-ақ екен Орақта, Бөкенбай да, Естеміс те қалың жауға бара айқасты.

Бірі найзамен шабақтады - бес-бестен, он-оннан құлады жауы. Екіншісі күрзімен соғып, талай басты қауындай мыжғылады. Үшіншісі шарболатты жарқ-жұрқ ойнатып ажал күйін билетті.

Ал Естеміс болса, тоқпақ жалды торы атты қалыңға омыраулата сүңгітіп, қайың құрықпен-ақ қарсы кездескенді қырып барады. Екі білегін сыбанып, екі етегін түріп, беліне қыстырып, қойға тиген көкжалдай ақырғанда, қызылбастардың мысын басып жіберді. Бұл кезде қарысқан жауды қақ тіліп, Бөкенбай бала әкесінің қасына жетіп еді, Қобландыға жармасып жүрген жауларын олай-бұлай ыдыратып, айдап шықты.

Қобландының қансырап жатқанын көргенде, Естеміс тоқпақ жалды торының басын бұрып алып, ауылға қарай жосылтты.

Басындағы ақ орамалы жарқырап анадайдан көрінгенде, далада тұрған Құртқа Естемісті танып, есі шығып кетіп еді. Етегіне шалынысып жығылып, түзелді. Естеміс сонадайдан айқайлады.

- Апырай, Құртқажан-ай, үрейленбеші босқа! Батыр аздап жаралы болды. Аюдың ақ дәрісін тезірек алып, өзің жетпесең, қансырап өліп кетуі де мүмкін. Қарағым, Құртқажан, дәрінді алып тезірек атыңа мін. Мен бір үйді түйеге артып апарып, батырдың үстіне сол жерге тіккізейін. Бұл жерге әкелеміз деп Қобландыны одан сайын қансыратып алармыз,-деп дегбірсізденген Естеміс Құртқаны жөнелткен соң,

қызметшілерді тез жинап, үйді дереу жыққызып, екі атанға тиеткізіп жетектеп кетті.

Құртқа құлап жатқан Қобландыны танығанда, ат үстінен домалап түсті. Тұра беріп, тәлтіректей жығылды. Қолымен жер тіреп көтеріліп, батырдың басына жетті. Жетті де, талықсып жатқан Қобландының аузына ақ тамызды.

Бір кез Қобланды есін жиды. Көзін ашып, басын сәл көтерді. Өкім құла атты шиыршық атқызып, қызылбасқа нағыз сойқанды салып жүрген баласына сүйсініп қарап жатты да, қасына шақыртып алды.

- Айналайын, Бөкенбайым, қуатым! Сені берген құдайдан садаға кетсем болсашы! Қайратыңа көңілім толды-ау! Сен болмасаң, тік шауып үстіме кім келер еді? Әкеңді кім құтқарар еді? Елінен қостанып шығып, қастанып жеткен қызылбастың ханы Шошай - көк шекпенді көк бәрі еді. Менен туған болсаң, соның қоңынан көк сүңгіңді салмай, қайтып оралма. Бар балам! Кегімді қайтар! Ханнан емес, батырдан да емес, қыздан қапыда тізе бүгіп, тұралаған бурадай тұра алмай жатқаным өле-өлгенше жаным мен арыма түскен айғақ таңбам болар-ау! Қайтейін, ойламаған жерден дұшпан тапқан жаман екен-ау! - деп, сөз аяғын қатқыл леппен бітірді.

Әкесінің жарадан да бұрын жанына батқан намыстан қорланып жатқанын ұғынған Бөкенбай Өкім атты құлдырата ағызды. Тым-тырақай қашқан жаудың соңынан дауыстап келеді.

- Тоқта, Шошай, тоқта! Қашпа, Шошай, қашпа! Ерліктің жөні ерегіс еді ғой. Еркімді алсаң да, тілегімді қалдырма! Жеке шық, жеке!

Бөкенбайдың уәжі құлағына жеткенде, Шошай еріксіз бөгелді. Қосынын тоқтатып, анау келе жатқан қараның он төрт жасар бала екенін танығаң соң, ештеңеден қауіп ойлаған жоқ. Жекпе-жекке ыңғайланды.

Ортаға шыққан екеудің аттары алысқан төбеттердей алдыңғы аяқтарын тік көтеріп, айқасып қалғанда, сарт-сұрт қылыш салысқан Бөкенбай мен Шошай бірінебірі қару дарытқан жоқ. Қайтадан тұлпарларын бұрып-бұрып алысып, біраз жерге зымғап барып, кері

айналды.Енді екеуінің де қолдарында найзалары кезеніп қалысып еді, тұяқ астынан ұшқан қалың шаң екеуін де жұтып жіберді.

Орақ пен Қараман кіселерін мойындарына салып, баланың тілегін тілеп, тәңірге жалбарынып тұр.

Күн бесінге ауып кетті. Тозаң басқан кең жазық ақ кілегей шаңға бөкті.

Бір кезде дүрс еткен дыбыс естілді. Сол кезде қалың шаңнан үзіліп, Шошайдың аты бос шауып шыққанын көргенде, қызылбастың қосыны ханның жеңілгенін сезіп, күңіреніп қоя берді.

Бөкенбай Орақ пен Қараманға шауып келді.

- Уау, ағалар! Асығып жүріп, көкемнің жарасының ауыр-жеңілін біле алмай кетіп едім. Шошайды өлтіріп, кегін қайтардым. Енді көкемнің халін тез барып білейін. Еліңді құл етем деп еліріп келген жау еді, мен келгенше екеуің мына сарбаздарды бастап дұшпанның сазайын тартқызыңдар! - деп, аулына қарай құйғыта жөнелді.

Үстіне тігіп тастаған орданың ішінде дөңбекшіген Қобланды ыза мен намыстан жарылардай, Құртқадан басқа жанды маңайынан тегіс қуалап, ашуланып жатыр еді. Долданып құрысқанда, жақ еті теңіз бетіндей толқын атып, азу тісі ұрт етке қарш-қарш қадалды.

Батырдың шамырқанған түрінен қатты сескенген Құртқа тұяқ дүбірін естіп, далаға жүгіріп шықты. Үйге тура салып келе жатқан Бөкенбайды белгі беріп, анадайдан тоқтатты.

- Тоқта, Бөкен, тоқтағын! Көкеңнің кегін қайтарып келгенінді аруақтанған келбетіңнен танып тұрмын. Құрбаның болайын әкең мен екеуіңнің жолыңа. Қазір, қалқам, көкеңнің көзіне көрінбе. Тайбурылына міне алмай, қарына найзасын іле алмай, намыспен құрысып жатыр. Ханнан тізе бүкпей, батырдан жеңілмей, қыздан құладым деп, ар қылып, қолға тұратын емес. Жазым етіп жүрер, көрінбе, қарағым, көзіне!

Бөкенбай атынан түсіп, шылбырын сүйретіп келіп тізе бүкті.

- Жарайды апа, көрінбейін. Тек қана көкемнің жарасының ауыр-жеңілін айтшы. Тұрып кете ала ма?

- Ойбай, қалқам, қам жеме! Көкеңнің жарасы

тәнінде емес, жанында. Қоң етке кірген сүңгінің ұшы тікеннің орнындай емес пе. Ақ дәрімен емдеп, тамыр дәрімен жуып, таңып тастадым. Сәтін салса, тез оңалады. Босқа уайымдама. Әкеңді орнынан тұрғызатын да өзіңсің, балам.

- Қалай, апа? Мен бе?

- Сен, балам. Өзіңсің. Бурылды алып берсем, міне аламысың?

- Неге мінбейін. Мінем.

- Алты құлаш ақ семсерін көрсетпей алып берсем, қынай белге іле аламысың?

- Ілмей несі бар. Ілем ғой.

- Онда тез аттан. Көп дұшпанның ортасында көкеңді сыртынан барып найзалап кеткен Қарлығаны шамаң келсе, алып жет.

- Сол ма? Мен оны бұрымынан сүйретіп, қабырғасын күйретіп көкпар қылып жеткізейін! - деп Бөкенбай орнынан атып тұрды.

- Саспа, Бөкен, сабыр ет! Қарлыға сен ойлағандай қанішер емес. Текті жердің кекті сұқсыры еді, намысына шыдамаған ғой. Түсінемін ол сіңілімді. Жылаған жүректің наз-наласы сөнбеген шаласын әлі де қоздатып жүр екен.

Тұяқ серіпкен бір қаракетіне бола әрекет танытпа. Біле білсең, Қарлыға нағыз қастерлейтін қасиетті жан. Әкеңе талай қиын-қыстауда қолын ұсынып, көмегін аямап еді. Көп жақсылығын ел ұмытса да, мен ұмыта алмаймын. Қарағым Бөкен, Қарлығаға қолыңды батырмай, ақ тәніне жара салмай, аялап ертіп кел. Ал, жазым етіп жара салар болсаң, онда бұл өмірде жүзінді көрмей өтем, балам! - дегенде, Бөкенбай тағы да тәжім етіп басын иді.

- Жарайды, апа! Құп алдым сөзінді. Өзі жамандық қылмаса, менен қысастық болмас. Тілегіңді түгел жеткізейін.

- Онда мен сені тезірек аттандырайын, - деп Құртқа үйге кіріп, алты құлаш ақ семсерді алып шықты.

Көлденеңдетіп Тайбурылды ұлының алдына тосты.

Бурылдың белін қайқаң еткізіп, ерге қонған Бөкенбай шешесінің көңілін орнына түсіріп, жерде

жатқан бесіктей тасты ат үстінен іліп алып, алдына өңгерді.

- Ал, балам, қайратынды көрдім. Жолың болсын!

Бөкенбай Тайбурылды дөңгелетіп, Қараспан тауға қасқая тарты. Шұбырған шаң тік өрлеп, беткейге озды. Бурылдың аяғы жерге тиместей құбылып келеді. Алмас қылыш сартылдағанда, алтын жүген жарқылдап, соңында қарап тұрған Құртқаның көзіне шағылысты. Төрт тұяқ тиген жер жерошақ боп қазылып қалып жатыр.

Тұлпардың дүбірін естігенде, Тарланмен көлденендеп жүрген Қарлыға сауырға қамшы басты.

Бөкенбай айқайлап жіберді.

- Қашпа, Қарлыға, қашпа!

Қарлығаның намысы қызды. Тарланның басын сыңарезулете бұрып, қарсы ұмтылды.

- Ал, қашпадым! Байғұс бала, сен де саспа!

- Әй, тәтетай, мен неге сасайын. Анамның айтқан сөзін әкеліп тұрмын. Ниетімде жаулық жоқ, найзамды саған қарсы көтермеймін, - деп Бөкенбай жайбарақат таяна берді.

Қарлығаның кірпігіне жас іркілді. Даусы дірілдеп, тілге келді.

- Айналайын Бөкенбай! Азырақ қана көңіл бұршы, балам! Жолың кіші болса да, жолыңа жанымды құрбан қылуға ұмтылған үлкеннің бірі едім. Жалғыз-ақ өтінішім бар. Үйдегі жаралы көкеңмен бір ғана тілдестір. Әкеңнің абыройы үшін басымды тау мен тасқа соғып едім, бұл тілегімді қайтармассың.

- Өзім әдейі соған бола келдім ғой, тәте. Сізді алып кел деп апам тапсырып еді,- деп басын изеді де, Бөкенбай Тайбурылды лықсытып алға түсе берді. Артынан ілескен Қарлығаға жол бойы бұрылып қарамай, ел жата жалғыз үйге жақындады. Қос тұлпардың тұяқ дүбірін естігенде, елеңдеп отырған Құртқа далаға жүгіріп шығып, келе жатқан екеуді көрді. Тізелері дірілдеп, қайтадан табалдырықтан ішке аттады. Ашу мен ызадан түксиіп жатқан Қобландыға үрейлене қарап, ақырын дыбыс берді.

- Батыр, ұлыңыз Қарлығаны алып келді. Кірсін бе?

- Кірсін, - Қобландының бетіне кан жүгірді.

Құртқа Қобландының сергігеніне қуанып, асыға басып, тысқа ұмтылды. Қарлығаның шылбырын өзі ұстап, қолтықтап аттан түсірді. Екеуін ертіп кірді.

Қобланды баласын қасына шақырып алып, маңдайынан сүйді. Мейірленіп арқасынан қақты. Содан кейін, “кете бер” дегендей ишарат білдіріп, Бөкенбайға рұхсат етті.

Қарлыға батырға шаншыла қарап тұрған еді. Ашан жүз бет ұшында қанын бір ойнатып, бір қашырып, әлем тапырық күйге еніпті. Тоят төс көтеріліп-басылып, ішкі ыстық лепті сыздықтатып шығарады. Көз қиығында әлде ықылас, әлде өкпе нышаны - көкшіл сәуле жылтырайды. Кірпік ұшында қос моншақ жас дірілдесе, жымқырылған ерінде сес табы білінеді.

Құртқа Қарлығаны жетелеп әкеліп, Қобландының сол жағына тізе бүктірді. Сүйіктей саусақтарымен екеуінің алақанын біріне-бірін қосты.

Қобланды жымиды. Қыздың кірпік ұшындағы қос тамшы қолының сыртына тырс-тырс тамып түсті. Жайлап басын көтеріп Құртқаға қарады. Құртқа әнтек иек қағып, түсінген рай танытты.

- Құртқа-ау, сен екеуміз не ойлағанбыз? Қарлығадай сұлудың қасымызға келетін кезі жеткен жоқ па?

Иығы селкілдеген Қарлыға тіл қатпастан көзінің жасын төгіп-төгіп жіберді.

Қараман мен Орақ бастаған қазақ жасағы қызылбастың қалың қолымен аянбай айқасып, ақтық күшін сарқа соғысып жүр еді. Тоқпақ жалды торы атты желдей ескізіп келіп жеткен Естеміс ер қойға тиген қасқырдай екінші тұстан араласып кетті. Біраздан кейін қашқан жауды өкшелеп қуып тастап, үшеуі бастарын қосты.

Естеміс енді ғана қандай хабармен жеткенін есіне түсіріп, маңдайын алақанымен салып қалды.

- Ойбұй, бұл ұмытшақтықты қойсаңшы! Сендерге әдейі айтуға келген хабарымды тарс есімнен шығарып алыппын-ау! Бөкенбай бала Қарлығаны көкесіне ертіп апарған екен. Қобланды қызды аулына көшіріп алмақ болыпты.

Қараман қабақ шытты.

- Менен туған ұл болса, Қобландының ұлы болар деуші едім.

Қобландының ұлын өз баламдай көруші едім. Батырдың онысы несі? Баламның тапқан олжасын бізге әкелсе, теріс пе еді? Теке мен тушаны түгендеп сойып, дүйім жұртқа той жасап, екеуінің некесін қиып, Қарлыға мен Қобландыны өз қолыммен қоспас па едім? Екеуін беттестіріп, көңілдерінен кінәсін тазалар едім, - деп күрсініп тоқтады.

Естеміс торы атты сауырға бір тартты.

— Болды, Қараман! Айттың сен! Қазір жеткізем! Құрдасың жөн білуші еді, енді өкпелей берме.

Қараманның уәжін Естемістен естіген соң, Қобланды Бөкенбайды шақырып алды.

- Балам, Қараман әкең қатты кейіпті. Өзің алып келген Қарлыға анаңды тезірек Қараманға алып бар. Бізден бір қателік кетіпті.

Бөкенбай жылқыдан бәсіре дөненін ұстап мініп, Қарлығаны АқмоншақТарланға отырғызып алып, таң қылаң бере жолға шықты.

Кіші сәскеде найзаларына сүйеніп, әбден қалжыраған екі батыр ат үстінде мызғып тұр еді, тұяқ дүбірінен шошып оянды. Жақындап қалған Қарлыға мен Бөкенбайды көріп, қарсы аяңдады.

Сол бойда төртеуі Қараманның ауылына тарта жөнелді.

Еліне келісімен, Қараман жылқыдан таңдатып алпыс бие алдырып сойғызды. Алты ру елге хабар бергізді.

Ұзынкөлдің басына жиылған халық жыртылып айрылды. Келген қонақтарға арнап тіккізіп, көл жағалай ақ шаңқан шатырларды тізіп тастады.

Әсіресе жүз сексен басты, керегелердің көгіне шытыра орнатқан, алтын үзікті ақ орданы жасыл шалғынның құрағы жапырылмаған тұсына оңаша тіккізіп, ішіне асыл жиһазды толтырып, жайнатып қойды.

Бұл орда - Қобланды мен Қарлығаға арналған жаңа, жас отау еді.

Той жабдығын әбден дайындап болған соң, Қараман Қобланды мен Құртқаға хабаршы жіберді.

Той думаңдатып басталды.

Мереке-қызық тарқасымен, Қараман Қобланды мен Қарлығаны жекелеп алып, үшеуі үлкен үйде бас қосты.

Қараман отырған екеуге кезек-кезек көз тастап өтіп, тамағын қырнады.

- Қобланды, Қарлыға! - деп, әрқайсысын жеке-жеке атап, өзіне қаратты да, сейлеп кетті. - Екеуің біріңе-бірің ынтық едің, бүгін өзім қостым да, дос парызынан құтылдым. Ал енді, әдейі алғызғандағы айтарым мынау. Күпті көңілде секем көп болады. Ішкі кірнені ақтарып тастаса, жүректе дақ қалмайды. Табысқан екенсіндер, татулыққа қатулық араласпасын. Бар кінәні бүкпей, ойдағы өкпені тегіс ашыңдар. Кейін нақақтан пәле ұлғайып, өтіріктен жала тұтанбасын. Сенде қандай кінә бар, Қарлыға? Сенде қандай өкпе бар, Қобланды?

Қарлыға бетіндегі желегін ысырып ашып, дымқылданған жанарын Қараман құрдасқа тіктеді.

- Алдымен мен айтайын. Қараманға алғысым мол. Дәл осындай сөзді өзім де күтіп жүр едім, ыңғайын келтірді. Қобланды, сен мені анықтап тында. Қабағыңа қарасам да, қатты айтуға бейілмін. Онымды түсінерсің.

Қобланды басын изеді.

- Мен саған алғаш ілескенде байлығыңа, батырлығыңа қызықтым ба? Жоқ, Қобланды! Мені тартқан абзал басың, азамат құның еді. Қадіріңді таныдым да, қолымды қолыңа қосқым келді. Жанымды жаныңа жалғағым келді... - Сәл ентіге дірілдеп, бөгеліп қалды.

- Рас оның, Қарлыға, айта бер.

- Сен үшін ел-жұртымды қиып кеттім. Сонда мен ақ бесік, алтын ұямды кімге бола тастап едім, Қобланды?

Екеуіңді Көбікті тұтқындап әкелгенде, жарқ еткен жанарымнан ұшқан белгімді, ниетімді ұқпап па едің, Қобланды?

Тар қапаста күңіреніп, тас тағдырға қапаланып, тәңірден өлім тілегенде, көзіңе жанашыр болып көрінгенімді ұмытқың ба, Қобланды?

Қол-аяғың байланып, іштегі шерің мен шеменіңді

ащы күрсініспен лықсытқанында, қасында отырған мына Қараманның не деп жалынғанын есіңнен шығардың ба, Қобланды!

Қараман қипалақтап жүзін бұрып әкетіп, күңк етті.

- Рас, рас! Қарлыға, бір өтірігі жоқ.

Қарлыға сөзін жалғастырды.

- Жылқыдан Тайбурылды алдырып, тақымына қылбұрау салып шыңғыртқанда, қанатыңның шұрқыраған дауысына шыдамай, тас қорғанды бұзып-жарып шықпап па едің. Сонда түнектен жарыққа талпынып ұшқан сұңқарымның қасына аққуы боп ілескен кім еді, Қобланды?

- Сен, сен болатынсың, Қарлыға!

- Соңымыздан дүрілдетіп қуып жетіп, енді болмаса басымыздан дәурен көшіргелі тұрған туған әкем Көбіктіні қалай өлтіргенің есінде ме? Соны мен кім үшін жасап едім, Қобланды?

- Айта бер, бөгелме.

- Сен жалғыз едің. Жаныңа жанымды теліп едім. Бірақ асылды жасытып, жібекті жүн еттің, Қобланды! Көңіліңді бермесең де, көзіңді салсаң нетті? Күрсінген кеуденің өксігі құлағыңа бір жетпейтін неткен саңырау едің, Қобланды?

Қобланды төмен тұқырды.

- Алшағыр еліңді шауып алып, Қараспан тауынды құлатқанда, Бурыл ат ақсап жүре алмай, айдалада жалғыз қалған сен едің ғой. Жалқының жанына талқы көрсетіп, өгейсіретіп тастап кеткен мынау Қараман құрдасың емес пе еді? Соны да ұмыттың ба, Қобланды?

Қараман шыр-шыр етті.

- Пай-пай, Қарлыға-ай! Өткенге салауат демедік пе?

- Жә, құрдас, босқа тызалақтама. Сонда елсіз тауға іздеп барып, қайырылып қасыңнан табылған кім еді, Қобланды? Қадіріңді ұққан, бір басыңды сыйлаған қыз еді. Соны қалай ұмыттың, Қобланды?

Қобланды басын изеді.

- Алшағырдың қаласына барып, бір-бірлеп батырларын тауыспап па едік. Енді болмаса жеңіске жетеміз ғой деп дәмеленіп тұрғанда, Біршымбай долданып тиіспеп пе еді? Қанды найзасы төртеумізді

түгел тілгілеп, тірліктен түңілтіп, өлім аузына тақап қоймап па еді, Қобланды.

Қараман қозғалақтап қалды.

- Рас. Шыбын жаннан түңілгеніміз шын болатын.

- Біршымбай - ақ төсті таласа емген бауырым еді ғой. Апалап артымнан еріп, еркелеп алдымнан шығушы еді. Көрген адамның көзі тоймас, қолғанат інімді менің кесірімнен Қараманның шаншып өлтіргенін ұмыттың ба, Қобланды? “Жан апа!”- деп соңғы демін маған арнап үзілген бауырымның үні құлағымнан кетер ме? Соның бәрін мен кім үшін жасап едім, Қобланды?

Қобланды ауыр күрсінді.

-Еліңді Қараспан тауға қайтадан қондырғанында, көзіңе ешкім түспеді ғой. Жалғанда армансыз бір өзің ғана болып, Құртқаны некелеп алмап па едің, Қобланды. Қараспан тауда қаңғырып қалған Қарлығаны ойлап па едің сонда сен?

Қараман басын шайқап, таңдайын қақты.

- Қараман-ау, Қанікейге үйленіп, той жасағаныңда Қобланды мен Құртқаны шақырып, мені шақырмап едің ғой. Сонда сай бойындағы шатырыма кез болғаның есіңде ме, Қобланды? Талма түстің шағында алдыңнан шығып, шатырыма кіріп, түстене кет деп жалынғанымда, қайырылдың ба, Қобланды?

Қобланды мойнын ішіне алып, көзімен жер шұқыды?

- Көңілдің құлазығаны жаман екен. Жүрекке жара түссе, жарық дүние кеңдігінен не пайда. Соның бәрі кім үшін еді? Басыңды басыма тең санағанда, мені соншама кем санағаның қалай? Қандай күнәм бар еді, Қобланды?

Қараман сөз қыстырды.

- Йә, бәсе десе, қандай күнәсі бар еді Қарлығаның?

Қарлыға Қараманды қолымен тоқтатты.

- Шошай кек қуып келді. Сол кегі менің кеудемде тұтанды. Сол тұтанған кек қолыма найза ұстатып, сені жауыңның алдында етпетіңнен бір түсіртті. Сөйтіп, ескі кекті қайтардым. Сен соны ұқтың ба, Қобланды?

Алдыңда тұрмын. Аяма, Қобланды! Кегімді бір алғам! Енді өкінішім жоқ. Тек, өзің қапы қалма, Қобланды.

Қараман, әлгінде саған ырзамын деп едім ғой. Рақмет, құрдас! Қарама-қарсы айтқызып, көңіл кірімді шығарттың.

Ал Қобланды, ендігі кезек өзіңдікі. Өтірік қоспай, мұңыңды қалдырмай, сен де кінә-мініңді саралап өт. Ашынған соң, шын ашылайық, - деп, Қарлыға ұзақ сөзін тамамдады да, басын иді.

Қобланды кеудесін тіктеді.

- Жақсы айттың, Қарлыға! Бір мүдірмедің. Ақыл-парасатыңа бұрыннан да көңілім тоқ еді, соны тағы дәлелдедің. Қарлыға, бірақ өзіңнің қате басқаныңды сезбедің ғой. Жүйелеп ұтам дегеніңмен, сол дәрменіңмен шалыс басарыңды неге пайымдамадың?

Қарлыға жалт қарап, қарашығын бір аунатып қалды. Қобланды даусын сәл қатайтып, есе жөнелді.

- Қызылбас ауқымды ел еді. Бел қылған ағасы, берік қорғанды қаласы бар жұрт еді. Сол жұрттың алтын жағасы - сенің әкең Көбікті еді. Көбіктідей ханның алақанына салып аялаған гүлі едің, Қарлыға! Өз әкеңді өлтірген қара қыпшақ Қобланды сенің кімің еді? Жауды әкеден де жақын көргенді естіп пе едің, Қарлыға?

Қарлыға желегін бетіне түсіріп жіберді.

- Рас! Басыма басың тең еді. Жасырмаймын. Бас ұрам. Бірақ әкеге қысас жасаған қызға кім сенердей еді, Қарлыға! Әкең мен ініңді қиып келген сенен шын достықты қалай табам? Соны ойладың ба, Қарлыға?

Қарлыға ағыш-тегіл жылады.

Қобланды даусын жұмсартты.

- Рас! Маған деген көңілін ақ. Сен мені көрмедің дедің. Мен көргенімді жасырмаймын. Ынтығып едім, ұмтылған жүрекке қаталдығыңмен шідер салған да өзің, енді табыссақ, шын табысалық. Сен кінәңді айттың. Мен жауабыммен табылдым. Алтын басыңды кемітпеймін, Қарлыға!

Қарлыға солқылдап жылап, Қобландының аяғына жығылды. Қараман иығынан сүйеп, қайта отырғызды.

- Білем, бәрін білем, Қобланды! - деді Қарлыға. - Соның бәрі сен үшін еді ғой.

Қобланды үн-түнсіз Қарлығаны құшағына көміп, жасты көзінен ұзақ сүйді.

Соңғы әлқисса

Көк пәуеске күйменің артынан шаң шұбырады.

Күймедегілер - Қобланды, Құртқа, Қарлыға.

Үш күннен кейін көк күйме Қараспан тауыңдағы Көздікөлдің жағасына жетіп тоқтады.

Қос отау қатар тігілді.

Қос үйдің ынтымағы елге үлгі болды. Қобланды еліне тұтқа болды. Қарлығадан Киікбай атты ұл туды. Екі ұланның - Бөкенбай мен Киікбайдың арқасында батыр елін тыныш ұйықтатып, жерін қорғап, бейбіт тірлігін сақтап ел аузында аңыз боп қалды.

ӘҢГІМЕЛЕР

ҚАЙМАҚ

Амангелді Сембинге

1

Қайта-қайта бір жазып, бір өшіріп берекелі ештеңе шығара алмай көптен бері өзіме өзімнің көңілім көншімей-ақ қойды. Кеудемді буған бір толқын бар сияқты. Бусанып, толғанып келем де, ақтарылып кете алмай кібіртіктеп қалам. Лекілдете төгіп, сапыра шашып жатқаным шамалы.

“Қаймақ” деп бастап ұзақ толғанысқа, ұйқысыз сергелдеңге түскеніме де бірталай боп барады. Ақ шашты ананың, жайдарлы жеңгенің, қылымсыған қарындастың ерінбей ерте тұрып, кеш жатып сүт бұлағын ағызған еңбегін жырлауды борышымдай көріп, қат-қабат тірліктің арасында қалт еткенде қалам алып отыра қалам. Әй, ісің бір өнбейін десе, қанша тырбанғаныңмен болмайды да екен. Поэманың алғашқы тарауынан аса алмай арқандалған аттай, ұзамай айнала берем.

Журналист атанған соң бүгін мұнда болсаң, ертең басқа бір жердің дәмі тартып, көшіп қонған цыган-дардай жолаушылап жүргенің. Жамағатыңның қара шашынан бір иіскеп қоштасасың да, екінші үйіндей боп қалған поезға мініп алып, ырғақты тарсылына үйренген әдетпен маужырай қалғып кете барасың.

“Москва” қонақүйінде екі кісілік номердің кілтін алып, бөлмеме көтерілдім. Көршім Миландағы “Ла Скала” театрындағы алты айлық стажировкасын өткізіп, қайтып келе жатқан Қазақстанның белгілі әншісі Мұрат Самалбеков болып шықты. Екеуміз тез танысып алдық. Кешке қарай түнгі Москваның ғажайып көркіне қызыға қарап, Горький проспектінде бірақ қыдырып қайттық. Номерге келіп, поэмама тағы

отырдым. Түннің бірталай уақыты өткен соң бір ұйықтап оянған Мұрат сарылып отырғанымды көріп:

- Асан, әлі жатқан жоқсың ба?- деді маған қарай бұрыла беріп. Мен “Қаймақ” деген шығармамның шықпай жүргенін, сонда да әбігерімді тастамайтынымды біраз сыр қылып айттым.

- Апыр-ай, қаймақ тұралы дейсің бе? Оның жақсы екен. Қаймақ жарықтық қасиетті ғой. Ол жайында менің де ешкімге әлі айтпаған аздаған сырым бар еді,- деп ол төсегінен кеудесін көтерді.

“Естісем екен!” дегенді үнсіз танытып, Мұраттың қасындағы кереуетіме қисая кетіп, аузына қарай бердім.

2

Мен шешемді көрмеппін. Дүниеге “шыр” етіп кірген іңгәммен бірге анамның ақырғы демі бітіпті.

Туа сала анасын жұтқан жалмауыз демей ме мендейлерді, Асан. Онысында шындық та бар, мен тумасам шешем өлмес те еді. Бірақ қай бала анасын жұтам деп туады.

Әкем екінші рет үйленбепті. Халық өксігінен дауыл, жасынан сел ағызып мың тоғыз жүз қырық бірінші жылдың жазы кеп қалғанда, мен бесте екенмін. Әкем екі бетімнен кезек-кезек сүйіп, мені қарындасына табыстап, қан майданға аттанып кетті.

Соғыстың сұрапылды төрт-бес жылы да өте шықты, әкем қайтып оралмады.

Апам - қытымыр адам еді. Бүйірімді шығара тойдырып тамақ берген емес. Қолыма ауыр кетпенді ұстатып, үйдің қасындағы картоптың түбін қыбырлатып түптетіп қоятын.

Жаздың күні қандай ыстық! Апайым шала қуырылған бір уыс бидайды қолдан тігіп берген кішкене дорбашама салып берді де, әдеттегідей бақшаға жіберді.

Аспанда алақандай да бұлт жоқ. Күн төбемді қақтап барады. Қарын күндегісінше аш. Жылап жүрмін, әйтеуір, кетпенді әрең-әрең көтеріп қыбырлаймын.

Түс бола бір шешімге келдім. Енді апайымның үйден кетуін шыдамсыз күтудемін. Күніне түс қайта абысынының үйіне барып, көрген-білгенін барынша жыр қылып айтып, мауқын басып қайтатын.

Шынашағының басына бір шүйке жүнді қондырып алып, апам семіз денесін бүлкілдетіп абысынының үйіне баратын жолға түсісімен, қолымдағы кетпенім де анадай жерге ұшып кеткен еді. Сусып мықынымда тұрмайтын ышқырымды бір көтеріп қойып, есіктің алдынан бір-ақ шықтым. Қолымды ағаш тұтқаға он созып, он түсірген шығармын. Ақыры шұрқырай бастаған аш қарын бұйрықты беріп қалғанда, аласа есік айқара ашылып, мені жұтып жіберді. Көзіме төрдің қақ алдындағы үлкен шара оттай басылды.

Шіркін, менің апайымның ісінің құнттылығын білсең, Асан! Шараны алдымен көнетоз орамалмен айналдыра орап, оның сыртынан қалың көрпемен мықтап қымтап тастапты. Тосын адам орауды ашқанда ет пісірім демесем де сүт пісірімдей уақытын сыйлар еді. Бірақ күнде апамның қасында шара толы піскен сүтке көзімді сатып айналсоқтап кетпейтін маған орауды ашу желкемді қасығаннан да оңай болды.

Көп ойланып тұрмадым. Үйи бастаған сүт айдынына бес саусақты тарбита сүңгітіп жібердім. Саусақтар қайта қалқып шыққанда уысым ақ қаймаққа толып еді, көмейлете бір-ақ жұттым.

Шіркін, сондағы дәмі-ай! Әлі күнге тандайымнан кетер емес. Күнәкар қолым шара мен аузымның арасында төрт-бес рет жүгіріп өткенде, тойып та үлгердім-ау!

О, сұмдық! Бұл ұрлығымды апам біліп қалса одан әрі тәтті қаймақ мені, мен қаймақты көрем бе?

Енді не істемекпін? Тәуекел!.. Шараны қайтадан қымтап жауып, айналаны бұрынғысындай етіп қойдым да, үйдің көлеңкесіне шығып, торсиған қарнымды сыз жерге төсеп жата кеттім. Ұйқы құшағы қағып әкетті. Бір кезде шошып ояндым. Басымда жұлқынып апайым тұр екен.

- Қата қалғырдың жатысын, қата қалмай! Бұзау тұр әне суарылмай, жер жастанғыр!- деп ұршықты қолын жоғары көтере қалыпты.

- Апатай-ай, ұрмаңызшы! Ауырып жатырмын,- деп басымды қорғалай бердім. Апамның көтерген қолы алғаш рет сылқ түсті. Бұрын қанша ұрып жатса да үндемейтініме үйренсе керек, түрінде біртүрлі таңдану бар. “Ауру” екендігіме иландыра түсейін деп ыңқылдап қоямын.

- Қата қалғырдың ауырмайтын кезде ауруын қарашы. Бар анау көлеңкеге жат, өліп қалып шығындатып жүрерсің.

Өзімнің күткенім де сол емес пе, көлеңкеге жылжып барып, үзілген ұйқымды жалғастырып әкеттім.

3

Қаймақ маған жағайын деді. Арада жарты ай өтіп кетті. Бетіме қан жүгіріп, өңім кіріп, денем тола бастады. Семіруге кірістім. Тамағым тоқ, бар міндетім - апайым бар жерде түріме дүниедегі бар қайғы-қасіретті жинап алып, ыңқылдай жөнелу. Кейде ауылдағы сексенге келген Сарман атайдың даусына салып “беу-беулегенімде”, апайым тұрмақ үйдің көлеңкесіндегі қоңыр торпақтың сай-сүйегі сырқырағандай мөңірей беретін.

- Шал-ау, шал,- дейтін апам жездеме, кешкі шай үстінде. - Аш адам ісіп кетеді деуші еді. Мына жетпегір ісініп барады-ау деймін. Тәуіпке көрсетсек қайтеді.

Жездем үндеген жоқ. Өзің біл дегендей аузындағы нанын екі ұртына кезек жүгіртіп, қылқ еткізіп жұтып қойып отыр. Апайымның енді менде жұмысы қанша, шалымен базар жайында сөйлесіп кетті.

- Шал-ау, қарасан келгірлерге тіл тиген-ау деймін. Базарға дейін толып қалатын қарынды орталай алмайақ қойдым. Сүтке қаймақ түсетін емес. Әлгі кітабыңнан көз тигенге қарсы қолданатыныңды жазып берші, құйрықтарына байлап қояйын,- деп күңкілдеп отыр. “Қарасандарға қандай көз тигені” өзіме белгілі. Ішімнен мырс-мырс күліп жатырмын.

4

Е, досым, сол “жұмағым” көпке созылмады-ау. Бір күні апайым түстен кейін күндегі әдетінше шынашағына шүйке жүнін қондырып алып абысынының үйіне жөнелгенде, мен де “ауырып” жатқан орнымнан атып тұрып, шараның үстіне қонжия кеп қалайын. Ет үйреніп алған соң анау-мынау тықырды елемейді де екенсің. Ақ қаймаққа бес саусақты тарбита салып, енді ғана аузыма апара бергенімде, есікті сарт еткізіп ашып апайымның кіріп келгені. Аузыма апарған қолымды кілт тоқтатып, қалшиып қалған апайыма бағжиған көзімді қадап қалыппын. Ол да, мен де үнсізбіз. Арбасып тұрмыз. Тек қарақошқыл саусақтарымның арасынан тарам-тарам аққан аппақ сүт, қалы кілемнің үстіне тырс-тырс тамып қояды. Бір кезде апамның қолы босаға жақты шарлай бастап еді, сөйтсе жұдырығына жуан оқтау іліккен екен.

- Ә, жетпегір, жалмауыз! Бәсе, сен екенсің ғой!.. Құртайын сені, ойбай! - деп апайым аждаһадай ақырып, төне берді. Жан дәрмен қолымдағы қаймақты қылқ еткізіп жұтып жіберіп, орнымнан атып тұрдым. Ондағы ойым - апайыма неғұрлым жақындай түсу. Алыстан құлаштай соққан оқтау сойылдан кем тимейтінін білемін. Неғұрлым өзіне жақындай түссем, апайым оқтауымен емін-еркін қимылдай алмас еді. Ілгері аттай бергенімде, өкшем шараның ернеуін басып қап, ақтарып-ақ тастағаны. Үйдің ішін көл-көсір сүт басты да кетті. Апайымның сол бір сәттегі аз-кем абыржуын пайдаланып, есікке қарай тұра ұмтылдым.

О, сұмдық-ай! Апайым, менің мыстан апайым есіктің ілмегін іліп қойыпты ғой, сасқалақтап жүріп ашқанымша, жуан оқтау арқамда үш-төрт рет ойнап өтті.

Егіле жылап безіп келем. Жоқ, етіме тиген таяқ батқандықтан емес, кеудемді буған шарасыздықтан, айналамды қоршаған тіршіліктен түймедей де пана таба алмағандықтан, іштегі бар наразы-өкпемді ауыр-ауыр өксігіммен ғана шығарып келем. Он бірге келген жасымда не көрмедім. Тынышымды алған аш

қарынның қамы үшін апайымның өзі біліп бермеген тамағын сұраусыз жегенім бе жазығым? Асқа тиген итті де аяушы еді ғой. Кетейін, құриын, көрмегенім апам болсын деп қара борбайды көз ілеспес жылдамдықпен қайшылатып, айқайлай даурыққан апайыма қап-қара өкшемді ғана көрсетіп безіп келе жатып, айқара ашылған құшаққа еніп кетіппін.

- Ұлым, жылама, сүрт көзіңді!- деді құшақ иесі жылы сөйлеп. Қайдағы тоқтау, жылы сөз естігенде екі иығым солқылдап, еңіреп кеттім.

- Е-е, батыр,- деді құшақ иесі мен мауқымды басып үнсіз солқылға кіріскенде. - Мә, сүрт. Еркектің жылағаны жарамас болар.

Соңда барып бейтаныс адамға көз салдым. Ауылға келгеніне ай жарым боп қалған Ақтан мұғалім екен. Бұрын сырттан көргенім болмаса, онша жүзтаныс та емеспін. Өңі өте жүдеу, кере қарыс мандайдың үстін тереңдете сызған әжімдердің астын ала мейірімді көздер жылтырай қарайды. Әдемі шоқша сақалы жүдеу жүзіне жараса қалған. Орта бойлы денесінің салмағын қолындағы таяғына сала сүйеніп тұр. Ауыр дем алғанда кеудесінің сырылы естіледі. Соғыстан қатты жараланып қайтыпты деп естігем.

- Осы жерде тұра береміз бе, ұлым? Жүр, қозғалайық,- деп бір қолымен маған сүйеніп алға түсе берді.

5

Жас болсам да өмірдің ащы-тұщысын аяусыз татып өскендіктен шығар мен Ақтан ағаға өте бауыр басып кеттім. Әке мен шешеден ертеде ес білмей айрылғандықтан ата-ана қадірін түсінбейтін де шығармын. Бірақ ағама деген балалық махаббатымның шегі жоқ еді.

Ағаштардың жапырағын сарғайтқан қоңыр күзден кейін, қыраулы қыс та келіп түсті. Ауылдың өкпе тұсындағы қарасудың бетіне мұз қатысымен кешкі уақытымыз сонда өтетін. Ол кезде кәдімгі темір коньки бірлі-жарым балада болмаса, көп кездесе бермейтін.

Конькиі барлардың мұз айдынының үстінде сан қилы өрнек салып зырқыратып жүргеніне қызыға қараушы едік. Коньки деген балалық шақтың қол жеткізбес арманының бірі емес пе еді? “Әттең-ай, шіркін!” деп күрсіне қиялдап, өзімізше сол тұйықтан жол табуға тырысатынбыз. Ондағымыз - ағаштан табанына қаңылтыр қағып коньки жасау. Анау айтқандай болмағанымен жаяудан ол да артық.

Конькиі барлардың соңынан қотыр тайға мінгендей екі аяқты кезек тепеңдетіп ілесе жөнелетінбіз.

Бір күні кешке конькиімнің жібі үзіліп қалып, үйге қайттым. Бұл жоқшылықты қойсаңшы, екі бөлмеден бір құлаш жіп таба алмай, сатымен үйдің төбесіне көтерілсем, атам заманнан жатқан ескі шаңырақтың күлдіреуішінде бір құлаштан сәл ұзын жіп байлаулы тұр екен. Олай-бұлай әуреленіп шеше алмаған соң, жіпті қос білегіме орап алып, екі аяқты шаңыраққа тіредім де тартып қалдым. Жіп үзіліп кетті, өзім жерге жалп ете түстім. Онан әрі не болғанымды білмеймін. Көзімді ашсам, төсекте жатыр екенмін. Басымда отырған ағам еңкейіп сүйіп жатыр.

- Аға, әңгіме айтыңызшы?- дедім мен еркелей құшақтап,- соғыс туралы.

- Оның несіне қызықтың, ұлым. Соғысты білмей-ақ қой. Мен онан да саған ән айтып берейін, ә?

Ағам даусын кенегендей бір-екі жөтеліп қойды да, қоңыр даусымен шырқай жөнелді. Дауыс жай басталса да бірте-бірте қатайып кетті. Әні де, сөзі де бұрын мен естіп көрмеген өзгеше тосын әуен. Аузымды ашып тыңдап қаппын. Ағам мен танымайтын өзгеше қырымен ашылғандай. “Көр, біл, ұғып ал, ұлым” деп отырғандай. Бұған дейін әнге, өлеңге онша құлақ қоймай жүргенімнен бе, жоқ айтушысына кездеспегем бе, мына саз мені баурап әкетті. Шарықтап шығып алған биігінен тұп-тура менің тұла бойыма шымырлай құйылады.

Көгерер кербез ормандар,
Қырқаға қызыл гүл шығар...

Көз алдыма орман келді, әрине жаздың орманы,

сайраған бұлбұлымен, сыландаған ақ қайыңымен мені шақырғандай. Оның артында алқызыл гүлге толы қырқа. Онда қыдырып жүрген ағам екеуміз. Иә, ағам екеуміз. Күлкіміз де ақжарқын.

Енді бірде ән баяулай қалды. Сол кез ағамның жүзіне көз салдым. О, ғажап, кірпігінің үстіне жалғыз тамшы жас үйіріле қапты. Дірілдейді, үзілмейді, кешкі алакөлеңкеде қазан-ошақтан шыққан болымсыз сәулемен жылтырап қана көрінеді. Асқар таудай ағам болған адамның көзінен жас көргенім біртүрлі аянышты болды. Қайғы-қасірет, куаныш-сүйініші көп өмірінде мұның да мен білмейтін арындай арманы бар екен ғой, деп іштей тынып жатырмын қасында, Ағамның босап кеткен көңіл күйінің себебі болған ән қайта күшейіп кеткен, көзге көрінбес қадірлі жандардың аманатындай қуатты тылсымымен мені тағы да орап алды. Ағам аяулы қимас жандарын аңсай іздегендей, әнімен қайта табысқандай. Даусынан жүрек күрсінісін анық сезе бастадым. Сыры да, мұңы да мол сарын сол кеште менімен алғаш солай кездесіп еді.

Кейін білдім. Әнді ағамның өзі шығарыпты. Сөзі досынікі екен. Бір шабуылда ағам ауыр жараланып, досы медсанбатқа сүйреп келе жатып оққа ұшыпты. Тұңғыш рет сонда жылапты менің ағам. Әнін де сол досына арнаған.

6

Көп ұзамай ауылдағы бастауыш мектепті бітірген сон, ағам мені қалаға әкеп балалар үйіне орналастырды. Бір-бірімізді аңсай сағынып үш-төрт айда бір кездесіп тұратынбыз.

Сегізінші класта оқып жүрген кезім. Арқаның нұр көктемі емін-еркін құшақ жайған кезі еді. Тәрбиешіден екі күнге рұхсат сұрап, ағама тартып кеттім. Асығып келем. Ойламаған жерден кіріп барып құшақтай алсам, сөйтіп ағамды тосыннан бір қуантсам, деген сезіммен асыққан жүрек менен бұрын құшып жатыр.

Қарақошқыл түтінін будақтатқан паровоз да менің

сол сәттегі халімді түсінгендей, жүрісін шапшандата түскенімен бір қыраттан соң бір қырат шыға келіп, жеткізер емес.

Уһ! Ауылдың қарасы да көрінді-ау бір кезде. Алғашқы үйлер де артта қала бастады. Поезд жүрісін баяулатып барып тоқтады. Ағама арнап тиын-тебенімді жинап жүріп сатып алған домбырамды құшақтап, туған жермен аттап келем. Қарсы кездескендер бас изеп қана амандасып қалып жатыр.

Үйіме жақындаған сайын есіктен бір кіріп, бір шығып жүрген адамдарды көрем. Не іздейді екен? Әлде ағам әнін салып отыр ма? Онда мен неге естімеймін, әсем даусы тұнық түндегі мөлдір бұлақтай сылдырамаушы ма еді!

Есіктің тұтқасына қолым тигенде жүрегім де бір күдікті сезгендей еді. Үй іші толы түтін. Үнсіздікті бұзған күбір “келді ғой, келді” деп көп еріннің ұшымен әлсіз жүгіртіп өтті. Сөйтсем, ағам төсекте жатыр екен, басын көтермек болып еді, әлсіреп қапты, қайтадан жастыққа сылқ құлап түсті. Тек ұмтыла созылған қос қол әлсіз дірілдейді. Ағамның үстіне өкіре құладым.

“Жылама, Мұрат, ер адамға жас көрсету жараспас болар”,- деді ағам мандайымнан сүйіп. Мен домбыраны бердім. Ағам еті қашқан арық қолдарымен домбыраның ішегін бір шертіп өтті. Домбыра “зың” етті де, үнсіз қалды. Ағам да үнсіз. Тек нұры тайған мейірбан көздері маған қадалған. Не ойлап жатыр екен? Іштей ғана қош дей ме? Әлде тағы да жалғыз қаласың ұлым дей ме екен? Әлде өзі ғана салатын әнінің тағдырын ойлай ма, өзімен бірге кетеді дей ме екен? Әлде алыстағы жастық шағын, әке-шешесін еске алды ма, әлде алғашқы махаббаттың тәтті күндерін армандай аялап, ақтарып жатыр ма? Асан, білмеймін. Қасында мұңайып отырмын. Кенет ағам еңкей дегендей болды. Әлсіз ерні маңдайымнан ақырғы рет ыстық лебімен шарпып өтті.

- Балам, сені күткен екен, берік бол, ағаңды ұмытпа!- деп қасымдағы ақсақал ағамның бетін орамалмен жапты да, домбыраны қасына сүйеп қойды.

Ағадан солай айрылдым. Далаға шығып кеттім, кеудеме өксік кірген.

“Міне, мен тағы да жалғыз қалдым. Жылы көздер маған енді ешқашанда қадалмайды. Жұмсақ қолдар сипамайды шашымнан. “Ұлым”,- деп сүймейді енді қайтып мені ешкім”.

Өңешіме ауыр өксік тығылып қалған. Жылағым келеді, жылай алмаймын. Әйтеуір, жүріп келем, көңілім бей-жай. Айналамдағы тіршілікпен түгелдей бөлектенгенмін. Майдың жылы лебі, бозторғайдың шырқау көкке шығып масаттана сайрағаны мені елітер емес. Ілбіп келем, кеудемді басқан қайғым жетелеп алған.

“Уһ?” деймін терең күрсініп, кеудем азаймайды. “Ағам, панам қайда кеттің мені тастап?”,- деймін. Жауап күтем оныма, жалына күтем.

Ауылдың шетіне шығып кетіппін. Байыптап қарасам, апайымның оқтауынан қашып шығып, ағаммен тұңғыш табысқан жерде тұр екенмін.

“Жылама, ұлым. Ер адамға жас шығару жараспас болар”,- деп еді сонда маған. Жылағам жоқ, жылай алмай тұрмын.

“Қош, аға! - дедім, даусым шығып кетті. - Қош, асыл аға, ұмытпаймын. Ақтаймын сеніміңді, ақ жүректің сенімін!”

Даусым бірте-бірте үдей түсті. Енді бірде әндетіп кеткенімді де сезбей қалыппын. Аузымдағы ағамның әні, дауыс та сонікі. Қайтер екен, жетер ме екен тынысы дегендей үрке елегзимін. Жоқ, ән кең созылып кетіп жатыр. Бауырын еркін жазып алған бестідей, кібіртік, шоқырағы білінер емес. Енді бірде сонау биік аспанға шарлап кетті. Қанат қағысы мығым, өрлеп барады.

Ән шырқап кетті. Өлмес жандардың өшпес рухына мінгендей, жеңілмес жігердің жалауындай қалықтап тұр. Енді қайтып түспестей.

Иә, бауырым, ағамның әнін ағамның даусымен орындаған мен едім. Өмірден өзі кеткенімен әні, жаны менімен бірге қалыпты ғой. Дегенмен сезігім мол, шынымен жоғалтпай, шашпай-төкпей әкете алам ба дегендей өзімді тағы сынадым. Қойтасқа екі аяғымды салбырата отырып алып, әнді қайта бастадым.

Көгерер кербез ормандар,
Қырқаға қызыл гүл шығар.
Өлімді жеңер өр жандар,
Күлімдеп қайта күн шығар.

Апыр-ай, әннің де адам танып білмейтін күші болады екен. Жаныңмен, барыңмен беріле тыңдамасаң, құр айқай құлаққа кірер ме? Әлде мен сол жанды құлай сүйгендіктен бе, әлде осы бір қарапайым әнінен жүрек сырын сезем бе, әйтеуір өзгеше күйге бөленуші едім. Сол сәтте кеудемнен аршындай ұшқан арман алыс қияға шақырғандай болған еді-ау.

Қай қалада, қай елде болсам да, концертімді осы өлеңмен бастайтынымның себебін өзің де түсініп отырған боларсың. Жанымның бір түкпіріндегі адамнан, ағамнан рұхсат сұрағандай, ешкімге айтылмаған өзімнің қарапайым сырымның түйіні болған сол әнмен жұрт алдында қайта табысып өтіп, ағамды, соғыс даласын, апайымды, оның оқтауын, бәріне себепкер қаймақты, иә, қасиетті ақ қаймақты еске алушы едім.

Қаймақтың бар сыры осы, досым.

7

Мұрат үнсіз қалды. Мен де көршімнің әңгімесін көз алдыма қайта елестетіп жатырмын. Бір кезде Мұрат халатын жамылып дәлізге шығып кетті. Жаздың қысқа түні де өте шығыпты. Орнымнан тұрып терезенің алдына келдім. Таңның алғашқы қызыл арай шапағы Кремльдің Спасск мұнарасының ұшар басындағы жұлдызға кеп қонақтап, Мұраттың ағасының әншіл жүрегіндей боп көзіме оттай басылды.

Мәскеу, 1965 жыл.

ӘНІ СОНДАЙ МҰНДЫ ЕДІ-АУ!..

Әні сондай мұнды еді-ау!..

Сол бір сәттерде көз жиегіне қос маржан шық қонақтай қалатын. Бір ғажабы: қос тамшы жас не үзіліп түспей, не сіңіп кетпей жіп-жирен ұзын кірпіктердің ұшында діріл қағып, ұзақ мөлдірейтін.

Көкшіл көздерде мұнартып тұнған көгілжім кіреуке әнші қыздың тума белгісіндей сезіліп, еркімізді тұсап қыбыр еткізбей баурап алатын.

Ең болмаса бір сөзіне түсінсек-ау! Түсінбесек те, ұлты неміс болған соң, әнінің де немісше екенін іштей жобалап, жүректі елжірете шымшылаған бөтен нақыштың бөлек ырғақ-сазына өзіміз білетін қазақ әуендерінен тілеулес демеуші іздеп, ыңылдай қосылып, әуре-сарсаңға түсіп қалатынбыз.

Жайшылықта онша көп ашылмайтын оймақ ауыздың көбесі сөгілді дегенше, дем арасынша-ақ құбылып, құдіреттеніп сала беретін. Әлгінде ғана қызыш шақа жалаңаяғымен арықтағы мұздай суды тітіркене жалдап өтіп, қасымызға жасқаншақтай жақындаған мүсәпір қыздың орнында жіңішке ашық даусымен дірілдеген бір жұмбақ күйді кеудемізге шымырлата құйып ғажайып жан тұратын.

Қырық сегізінші жылдың қоңыр күзі еді. Бес-алтылардағы біздер жалаңаяқ су кешіп, жалаңаяқ қар басып, үй-үйдің арасында дабырласа жүгіріп, дуылдаса ойнаудан әсте жалығып па едік. Суағарға жылтыраған бір-бір маржанды бәсекелескендей қондырып алып, бозала таңнан қызыл іңірге дейін тізе бүгіп, тыным алып көрдік пе!

Сондай елгезек те елеңшіл кезенде кездестірдік оны біз.

- Алақай!
- Қар жауды! Қар!..
- Құйып тұр!

Дүниеде бала біткенге қар қылауласа да қызық, күн жауса да қанбазар ғой. Есің шыға, қара борбайды сарт-сұрт шапақтап, сүйір иегіңді әуеге сығалата көздеп, зып беріп, табалдырықтан тысқа атыласың!

Алғашқы ұлпа қар - алғашқы ұлпа әсердей. Баяу қалықтаған ақ көбелек - ақшанқан түйіршік сонау алатоқым көктен көл-көсір жомарттықпен құйылған нұр шуағындай үсті-үстіне төпейді-ау. Еңкейіп уыстап аласың. Жұмырығыңда жентектейсің. Аптығып алақанынды тосасың -жылп етіп еріп кетеді. Алқынып аузыңды ашасың - суық лебі бет шарпып, дәмсіз дымқыл сүйрендеген тіліңнің ұшында ғана қалады.

Қар-қуаныш. Қар - мереке. Қар - іңкәр балалықтың төл бәсіресі.

Бір-бірімізді атқылап, беріліп, елігіп ойнап кеттік.

Кенет ән естілді. Оқыс естілді.

Дауыс таза, үн бөтен.

Дауыс мұнды, ән мұнды.

Қарды мүлдем ұмыттық. Ойын жайына қалды. Алаңшыл көңіл дүр сілкінді. Елендеп, ән шыққан тұсқа әлденеден құр қалатындай, жапатармағай дүркірей жүгірдік.

Қарсы алдымызда қыбырсыз тұрған қаршадай қызды қоршай тоқтадық. Иығында асып алған жол қапшық. Көнетоз қысқа көйлектің етегі жырым-жырым. Жалаңаяқ. Жалаңаяғы ешқайсымызға таңсық емес. Ол кезде өзіміз де қар бекімей тобықты қыраулы топырақтан басқаға сипатпаймыз.

Бізді әсіресе таң қалдырған - ән. Мұнды сазды шерлі әуен. Жіңішке дауыстың дірілінде жүрекке таныс ырғақ бар, құлаққа жат тіл бар. Ал, осы үн оқшау сырдан хабар беретіндей тұлабойды шым-шымдап ұйыта баурап алып, сығымдап әкетіп барады. Қыз көзіне бір сәт мөлт етіп қос тамшы жас оралды: ақ сұр тана моншақтай жалт-жұлт дірілдейді. Шерлі әуеннен тебіренген қаяу көңіл іштегі аласапыран толқынын жанардан тысқа лықсытып, қос маржанын лақтырыш-лақтырып жіберді ме екен? Кең ашылған

көз шарасындағы мөп-мөдцір жаста сағыныш табы тұнып қалыпты; тұнық нақыстың сәл-сөл баяулайтын тұсында әлгіге үркек көлеңке қоюланып, жасаңғыраған жанарды жасырып бара жатады...

Ән қалай оқыс басталса, солай шұғыл бітті. Жоғарыдан сорғалап жетіп, үздіккен кеуденің үзік демімен үзіліп түспеді. Шарықтай беріп, пышақпен кескендей қалт тыйылды.

Тыйған - Тілеуқор. Тентек Тілеуқор. Бір уыс көбік қарды шеңгелдеп алып, қыздың желке тұсынан мойнына тастап-ақ жібергені!

Ән тоқтағанмен, қыз қыбыр етпеді. Тілеуқорға жалт етіп бұрылып, өгейси қарады да, ауыр... ауыр күрсініп қалды. Біртүрлі оғаш, балаға тән емес кекселік күрсініс көргендіктен бе, әлде жаңағы бейтаныс әуеннің сыршыл ырғағына еріксіз тұсалған дәркұман сезімнен арыла қоймадық па, бәріміз де Тілеуқорға алара жақтырмай қарап, қабақ түйіп ала қойдық. Тілеуқор болса жайшылықтағы үдей түсетін әдетінен жаңылып қалып, мүләйім пішінмен аяқ астынан жым болып, екі қолын артына жасырды.

Қыз орнынан қозғалар емес. Жалаңаш сирақтары бүгіліп-түзеліп, көкшіл көздерін қар сепкен қарала бұлтқа ұзата қадап қалыпты.

Енді ән айтылар ма?!

Мұнды әуенге елжірей ұйылғанда жетім қызды кәдімгідей аяп едік, ал мынау үнсіз аңқысқан, іштей арбасқан шақта тәкаппарлана қалған кішкене денеден үлкен кекшіл қайрат таптық та, қайтадан шуылдаса жөнелдік.

- Безеруін қарашы!
- Әй, өзің кімсің?
- Қайдан келген қызсың?
- Неге үндемейсің!
- Бір періп, жалп еткізейін бе өзін?
- Мен білем. Бұл - неміс қызы! Әндірейдің үйінен кеше көргем. Иә, сол! - деп осы кезде Тілеуқор ілгері жұлқынып шықты. Басқаларымыздан гөрі ересектеу Тілеуқордың білмейтіні жоқ.
- Немі-іс?!
- Рас па, ей?!

“Неміс” дегенде бала қиялымызда ертегінің жалғыз көзді, айбалта азулы диюы елестейтін. Екі ұрты суалып, көз алды кіреукеленіп әбден жүдеген, самай шашы үрпиген сұрғылт жүз заматта сол қиялдағы диюдың баласына ұқсап сала берді.

Қызыл саусақтары домбыққан кішкене жұдырықтар аямас қатулықпен тарс-тарс жұмылды.

Кім білсін, “соғыс!”, “өлім!”, “неміс!” дейтін ызбарлы ұғымдар дүниеге көзімізді тырнап ашқалы айналамыздан бір жылау, бір зар бір өксікпен құлағымызға құйылып, сәби жүрегімізге шемен боп қатқан азалы күндердің азабымен айықпай сінді ме, алақандай боп кең ашылған көкшіл көздерден жалтақтаған жалыныш емес жатбауыр жауыздық көргендей сезінеміз. Тырс етіп тіл қатпай, мұң шақпай қасарыса бедірейген қызға дөңгелене шеп құрып, төніп келеміз...

Қызда үн жоқ. Көзінде енді жас та жоқ. Қайғы табындай қос тамшы шық әуенмен бірге жоғалыпты. Көзден жас көрмесең, кеудеден кек тарқар ма.

Бір кезде көктемде кірпіш құюға балшық айналдырған қырман ішіне түстік. Көбік қар тобықтан асады. Қар аппақ, табан қып-қызыл. Аппақ қарға қып-қызыш қан тамғандай. Бірақ қызарған қан емес, табан. Сонда да қаршадай қыз босаңсыр емес, сәл-сәл жасқаншақтанған белгі білдірсе-ақ, ширыққан жүйе-жүйкелер күрт босап, жуасып сала берерлік шаққа жетіп, шетімізден титықтап қалғандаймыз. Аяқтан өткен сұп-суық ызғар өзіміздің де шекетамырымызда “не-міс!”, “не-міс!” деп сұққылай ұрғанымен, сол қан бүлкілі енді бірде “нет-кен қайсар!” “қай-сар!” дейтін риза сүйінішпен тыныстай бастады.

- Жүріңдер! Кеттік! - деді Тілеуқор. Қашаннан басшымыз өзі. Тілеуқор қол көтермеген соң біздер де жұдырық сілтеудің ретін таппай тұрғанбыз. Кейін серпілдік.

Сол-ақ екен қыз насаттана жымиды. Маңдайына түскен балапан кекілін басын сілкіп қап кейін қайырды да, аңырата шырқап жіберді. Әлгіндегі мұңды әні. Бірақ даусының шыңылтыр қатқылдығы күшейген. Ырғағына дірілді күрсіністен гөрі нәзік сағыныш бояуы

мол араласып, түйдек толқынымен жүрек қылын серпіп өтті. Аузымыз ашылып, тұрған-тұрған жерімізде қыбыр етпей үнсіз мүлгіп қалыппыз.

Мынау мөлдір әуенмен әрқайсымыздың әлдекімді кәдімгідей сағынатынымыз рас, әлдекімді әлденеге елеңдеп іздейтініміз анық. Әлгінде ғана түтіп жеп жіберердей жек көрген қызымыз енді біртүрлі жақын тартып, жылыұшырады.

Ашу мен кек, қыжыл мен қысас сәби кеудеде қалай тез тұтанатын болса, сәби жүректің рақымы мен ізгілігі де сондай шапшаң оралады екен ғой...

Тілеуқор үн-түнсіз оң жағымда мелшиіп тұрған. Іздегенімді тапқандай әсерленген күйіме құптау күтіп досыма бұрылып, иек көтере бердім. Иек көтере бердім де... аңтарылып тұрып қалдым.

Тілеуқордың секпіл дақты сол жақ бетінен баяу сырғанап бара жатқан бір тамшы... кесек тамшы еріген қардың дымқылына ұқсамайды. Сынаптай жылжып... үзіліп түсті.

Тілеуқор ешқайсымыздай жыламайтын. Қапа боп күрсінбейтін. Содан ба Тілеуқор жылағанда мен сергек өнді ұмыттым. Алай-түлей үйірілген белгісіз сезім тұлабойымды құрсаулап алып, шымырлата жөнелді. Сәл болмаса, иегім кемсеңдеп өзімнің де егіл-тегіл еңірейтінімді пайымдадым. Далбаса әрекетпен Тілеуқордың қарынан тарттым. Жақтырмады ма, әлде басқа себебі болды ма, қолымды қағып жіберді. Тілеуқор өзгелерге қатал болғанымен маған онша көп соқтықпайтын. Досымның тулағанына сенбедім бе, тағы да жеңіне жармастым. Сөйткенше... жағыма жұдырығы сарт ете қалды.

Көзім қарауытып, басымның айналғанын ғана білем.

Бір кез дуылдаған бетімнен қолымды алғанымда, қасымда қыздан басқа ешкімнің қалмағанын көрдім.

Қыз жақын кеп күлімсіреп тұр екен. Мүсіркеп аяй ма, мүләйімсіп аяусыздық таныта ма - айыра алғам жоқ. Әйтеуір, суық сорған көкшіл сұр жүздегі жұмбақ жымиыс бұрын-сонды кездеспеген ерекшелігімен көз алдымнан кетпейді.

Жылағам жоқ. Ол сәтте жыламағаным есімде.

Балаларға деген өкпем ғана кеудемді тырналайды.

Қыз жақ жазып үндемейді. Үндемесе де, үнсіз күлімсірегені жаныма батып барады.

Табалай ма?

Мазақтай ма?

Денемді қалш-қалш дірілдетіп ыза буды.

Құлаштап бар пәрменіммен салып жібердім. Қолым тасқа тигендей сақ ете қалды.

Сол сәт... Қас қағымда көргенімді, міне, өмір бойы ұмыта алмай келем.

Қыздың мұрнынан қан саулап қоя берді. Үлкейіп, кең ашылып, бажырайған жанарда қорқыныш та, үрей де, кек те, өкпе де жоқ-жалғыз ғана таңдану мен торығу тығылып тұна қалған. Қаны тамшылаған кішкене мұрын да, үшбұрыштанып икемсіз кемсендеген ауыз да анау бейкүнә көздердің - кегі, өкпесі, қорқынышы жоқ көздердің қасында түк емес еді. Мынадай түңілу толы мүсәпір қарастан кейін енді қайтып ешқашанда ән естілмейтіндей, еш уақытта ән айтылмайтындай сезілді.

Еңіреп жылап жібердім. Тұңғыш рет әлдебір ішкі түйсікпен адам - қасқыр деген ұғымды өз қылығыма жорыдым ба, екі иығым тынымсыз селкілдеп, тобық жалаған жұп-жұмсақ көбік қарды шылп-шылп илеп, табжылмай тұрып қалған әнші қыздан ұзап барам.

* * *

Сол күні ыстығым көтеріліп, мұрттай ұштым.

Содан бастап ауырып, қыс бойы ұзақ төсек тарттым.

Сырқатымды кейбіреулер суықтан көрді. Ырымшыл қариялар “көз тиген”, “сұқөткенге” теліді. Қыс көзі қырауда анда-санда қасыма келіп, шашымды сипайтын ересектерден басқа төбе көрсеткен бірде-бір құрбы-құрдас болған жоқ. Оларды кім елеп, кім кіргізуші еді. Үй-үйдің арасында атжалданып, үйіліп қалған аққалада жарыса сырғанақ тепкен көңілді айқай-шуы ғана қаракөлеңке бөлмеге талмаусырап жететін.

Сол қыста апамның таңдайынан балы тамған сұмдық ертегіші екенін танығанымa әлі күнге қуанам. Тыстағы малды кешке таман албар, қораға жайғастырып келіп, қазандыққа көмір салып, шөгенін отқа қойып, күлімдеп қасыма отыратын. Ақ шаршысын желке тұстан қайта тартып алып, үйреншікті қоңыр даусымен жаңа бір ертегі бастайтын.

Асан Қайғының желдей ескен желмаясына мінгесіп, жерұйық іздеп сайын даланың түкпір-түкпірін кезгенде де, Құламергеннің қасына еріп айшылық жерге аңға шыққанда да, жетім Марияның жан толқытар зарына елтігенде де зарыға іздейтін бір ынтызарымды еш адам түсінбей-ақ қойды. Ол - мұңды ән еді. Бейтаныс қыздың бөтен үнді әуені еді. Көкшіл көздің кірпік ұшында дірілдейтін қос маржанымен лүп етер сағыныш толы аңыратуы еді.

Сырттағы қым-қуыт өрбитін әртүрлі дыбыстан елеңдеп аңдыр бар аңсауым да - сол әнге айналды. Бірақ қанша сарылып күтсем де, шерлі әуен енді қайтып шырқалған жоқ. Сол жетім қыз табалдырық аттап, қасымнан көрінген жоқ.

Ән түсіме кіретін. Түсімде сергек дірілімен ынтыққан кеудеме қонақтайтын. Кей-кейде көкшіл көздердің сәби қарасы кінәлай қадалатын. Ондайда шошып оянып, айқайлай сөйлеп, басымды көтеріп алатынмын.

Ауылдың медсестра келіншегі қолынан келгенше ем-домын жасап-ақ бағып еді, ақыры әбден түңіліп, біздің үйді мүлдем ұмытты.

Менің бұл дүниелік еместігіме туған-туыс, ағайын-жекжат тегіс ден қоя бастағанда көктем туды.

Ауыз үйдегі орама пештің түбіндегі сықырлауық кереуетте жалғыз жатырмын. Бар ермегім - қарсы алдымдағы төрт шынылы терезе ғана. Жамау-құрау әйнегі көкшіл көздің жас тұнған шарасындай дымқылданып, жанарымды тартты да тұрды. Кенет... әлдеқайдан мұңды ән жетті. Ә, дегенде дауыс дірілін жеңе алмай сәл кібіртіктеді де, бір сәт шығандап самғап, шарықтап кетті.

Бетімді жас жуды.

Кеудемді ып-ыстық толқын жайлады.

- Апа-а-а!..

Жан даусым шұрқырады. - Апа-а-а!

Үйге ешкім енген жоқ. Кереуеттің тобыршықты басынан қалай ұстап, жан ұшыра қалай көтерілгенімді білмеймін. Буын-буыным сырқырап, бұрын орнымнан тұра да алмаушы едім. Кілт өзгерген жағдайыма мән берер шамам жоқ. Тәлтіректеп, сүріне-жығыла жүре киінген болдым. Қазандықтың желкесіне кептіріп қойған әкемнің резеңкемен табандатқан ауыр пимасын аяғыма қоңылтаяқ сұға салып, қалт-құлт аттап, тысқа беттедім.

Алғаш көргенім ақшаңқан түс еді. Алакөлеңке бөлмеден шыққан маған дүние тап бір жарық пен жылудан ғана жаралғандай сезілді ме, көзімді тарс жұмып, қақпа алдында аз-кем тұрып қалдым.

Ән сорғалап тұр.

Қолымды тұтқадан босаттым. Буын-буыным сыртылдап бір аттадым. Құламасам екен деймін іштей. Құлағам жоқ. Жүріп келем. Мені ентіктіре ілгері сүйреген жалғыз құдірет - ән ғана.

Сылағы айғызданған аласа үйдің бұрышын айнала бергенде көргенім - төсекке таңғызған осынау алты айдан бері ойымнан бір кетпеген ынтық көрініс - тап сондағыдай құрбыларымның қоршауында тұрған қаршадай жетім қыз еді.

Көрден шыққан тірі аруақтай, ауыр пиманы сырғанатa сүйретіп, алқына демігіп қастарына барғанымда балалар жалт-жұлт бұрылып, тілдері байланғандай маған үпиісіп қарай қалды.

Ән де кілт тоқтады.

Мен кідірген жоқпын. Іздегенім - қыз, аңсағаным - ән еді.

Қалтылдаған саусақтарыммен жұп-жұқа алақанынан аялай ұстадым.

Кісікиік болып қалған қыз менен сескенді ме, арық қолымен ап-арық бетімнен салып жіберді. Шалқамнан түстім.

Тілеуқор дереу ес жиып, бір-ақ атылып келіп, түтіп жіберердей қызға шүйілді.

- Ти-і-іс-пе-е! - дедім.

Дауысым өзіме де әрең естілді.

Неге екенін білмеймін, кәдімгідей күлетін тәріздімін. Орнымнан көтеріп тұрғызған достарымның жүздеріне кезек-кезек үңіліп, өз-өзімнен мәз-мәйрам күйге ауыстым. Жылуы мен жарығы мол жасыл көктемге жаңа туған жас төлдей аман жеткеніме қуанам ба, құрдастарыммен қайтадан қауышқаныма марқаям ба, әлде жұдырық иіскеп, жанымды жегідей жеген, өтелместей көрінген қарызымнан құтылғанымды түйсінем бе, өзімше күлген болам, жадырап күлімдеген болам.

- Ән! Ән-ән сал-сын-шы-ы!..

Тілеуқор зерек, айтпай-ақ ұғады. Мүсіркеген қыз Тілеуқордан да сезімтал екен, көңілмен түсінді де, шырқап кетті.

Ән баяу көтеріліп, шарықтап барады. Сағынышы мен мұңы аралас таныс әуен жүрегімді дір еткізді. Көзді аңдыдым. Лып етіп қос маржан кірпік ұшына қонақтай қалды. Сұр тана моншақтар баяғысындай жалт-жұлт құбылды.

Кім білсін, осынау талдырмаш аққөңіл қыз бір кезде өзін аспандата, жоғары секірте көтерген әкесінің қарулы қолдарын еске алды ма, әлде анасының әжім үйірілген мейірлі жүзін аңсай елестетті ме, жалт-жұлт билеген қос тамшыға тағы да бар-бар еркін, сырын тапсырып, үнсіз мүлгіген біздерді қиыр қиянға ертіп, еліктіріп әкетті.

* * *

Сол күннен кейін өз бетімше жүріп-тұруға жарадым. Жарты айдың шамасында жолдастарыма ілесіп, емен жарқын айқай-шудың думанына өз үлесімді мен де қосатын болдым.

Науқасымның бетін қайтарған құдіреттің тегін үлкендер ұққан жоқ, әйтеуір хақтағаласына ырзалық ықыласын білдіріп, шай-суанымен “құдайысын” атады.

Жайдары жаз оралды. Күлгін көктен шуақ нұр төгілгенде баланың ойыны таусылған ба. Жайрандаған жалаңаяқ қауым жар жағалай, асыр салудан тыншымадық.

Осы думанымыздың ерекше көркі, тамаша гүлі-әнші қыз, Эмма еді-ау!

Кейін білдік. Әкесі Қызыл армия қатарында соғысқа қатысып, Сталинград түбінде ерлікпен қаза тауыпты. Шешесі қырық алтыншы жылдың ерте көктемінде бір отар қойды бағып жүріп, боранда үсіп өліпті.

Азалы күндерде аялағыш алақанның жиі ашылғыш болатын әдеті шығар-ау. Ауылдағы үлкен-кіші, кәрі-жастың Эммаға дегенде ықыласы бөлек-тін. Қашан көрсең маңдайынан сипап, арқасынан қағып, басын жуып, шашын өріп беріп жатқандары. Біреуі үзім нанын, екіншісі жарты уыс дәнін ұстатып, бүкіл ауылдың ортақ тұлымшағына айналдырып жіберді.

Қазақ - қашаннан бауырмал халық. Ал енді өзгеге дегенде өзегін суырып бергіш жомарттығы, әсіресе осындай қысталаң кезеңде кемерінен асып түсіп жататын болса керек. Сол ақтілеу мейірбан көңілін қарапайым тірлігімен, өзгермес өнегесімен ұғындырған жерлестеріме ақтық деміме шейін борыштар екенімді жүрек лүпілімен сезініп келемін.

Жұрт өбектеген қызды біз де жатырқаған жоқпыз. Эмманы әрқайсымыз өз туысымыздай, тетелес қарындасымыздай көріп, бір-бірімізден қызғанып қиқылдаса дауласатын күндеріміз де болған. Ондайда Эмманың аппақ жүзіне күлкі ойнатып, қазақша, немісше сөздерімен біздерді келістіріп, табыстырып, татуластырып жүретін елгезек бейнесі жадымда жатталып қалыпты.

Сөз демекші, сөз төркіні де тез өзгергіш. Сәби көңілдің пәктігі қаттылық пен қатыгездікке қалқан қойғыш мейірімділігімен құдіреттеніп кете ме, енді біздің құлағымызға “неміс” сөзі бұрынғыдай түрпідей тимейтін.

Жетімдіктің де желкеден түспес жеті батпан жүгі боларын ешқайсымыз онша сезе қойған жоқпыз. Себебі, құрбы-құрдастарымның екеуінің бірі әкесіз өскен-ді. Солардың ата алақаны сипар үлестен мақұрым мавдайлары ол кезде басқаларымыздікінен бөлек пе еді? Жоқ. Балалықтың алалауы болмайтын. Сондықган да Эмманың жетімдігін ұмыттық.

Жел өтіндегі жекендей жалғыз жүргенде жүзі көк сұрғылттанып, көкшіл көзде айықпас мұң жатушы еді, жұрттың жүрек жылуына бөленгеннен кейін-ақ, жазғытұрымғы жауқазындай жайнады. Бетіне әр жүгіріп, жанарға ұшқын оралды. Сыңғыр күлкісі сырнайға бергісіз саз тапты.

Тілді де тәп-тәуір үйреніп алды. Кейде кәдімгідей қазақ әндерін созатын.

Эмма басқалардан гөрі Тілеуқор екеумізге үйір.

Бір күні Қарасудың жағасында су сорған қызыл күрең денемізді күнге кептіріп, қыздырынып жатыр едік, Тілеуқор мені түртіп қалды:

- Әне, көкең келе жатыр!

Орнымнан атып тұрдым. Ұзын дамбалдың балағын түрер-түрместен, далардап ұша жөнелдім.

Әкем - паравоз мәшинисі. Кейде екі-үш күндік рейске шығып, осылай сағындырып оралады.

Арсаландап жеткен бойда көкемнің мойнына бірақ асылдым. Көмір иісі, мазут иісі әбден сіңген формалы кителінің жағасына тұмсығымды тыға түсем, әлгі иістерді емірене жұта түсем.

- Болды, ұлым, болды! Әне, мұрныңды майлап алдың.

Көкемнің әдеттегі айтары осы. Күн сіңген кекілімнен құшырлана иіскеп, құшағына қысқанда, қоңыр көздерден шуақ төгілетін.

- Күзде оқуға баратынынды білемісің?

- Иә, көке!

- Мә, жоғалтып алма!

Көкем қолыма бір жағы көк, бір жағы қызыл түсті екі қарындашты ұстата берді. Бояу қарындаш түгіл, жай қарындаштың қат кезі ғой. Дүниенің бар байлығын жалғыз иемденгендей секіріп-секіріп алдым.

- Бар! Бара ғой енді...

Бала қуанышы әке мейірімі шығар. Жанарымен аймалаған көкемді баспен сүзе бір нұқып қалып, жолдастарыма қарай дедектеп келем.

- Міне, міне! Қарындаш! Бояу қарын-да-аш!

Манадан біз жақты көздерімен бағып жатқан достарым онша елеңдей қойған жоқ. Кейбірі теріс қарай аунап түсіп, енді біреулері орындарынан

қираландай көтеріліп, қарасуға күмп-күмп сүңгіді. Тілеуқор ғана қолын үнсіз созып, қарындаштарға саусақ ұшын тигізді.

- Жақсы оқы.

Эммаға бұрылдым. Ақселеу шашы желкесін жауып, менің әкеме қадалып қалыпты. Сонда ғана балалардың мынау үнсіз халін пайымдаған болдым.

Жоқ. Жетімдікті біз ұмытқанмен, жетімдердің өздері ұмыта алмайды екен. Ұмыттырмайтын сыз-дауықтың сылтауы көп екен. Тұрған жерімде сылқ түсіп, Эмманы ақырын ғана иығынан тарттым.

- Оқисың ғой? - деді ол.

- Иә. Эмма, сен де оқисың. Иә! Бірге барамыз. Бірге отырамыз. Иә ғой, Эмма?

- Қағаз, қарындашым жоқ...

Біртүрлі жасып, жүдеп айтты.

- Мә! Біреуін сен ал, Эмма.

Эмма шалт қуанды. Қолына іліккен біреуін алақанына қысты да, басын сілкіп қап, шашын қайырды. Күлімсірей түсті де, шырқап кетті.

Бұрынғы таныс әні, таныс әуені. Жым-жырт мүлгіп, бұрынғыдай жүрек шымшылар мұнды ырғағын тақатсыз күтеміз.

Жоқ. Бөтен үнді әннің бүгінгі әуені өзгеше. Құлаққа жағымды дірілі, жүрекке жақын толқыны қатқыл мұңынан ажырап, кеудеге сағыныш емес, куаныш пен сүйініш құятын нақышымен кібіртіксіз сорғалайды.

Әдетімше көзді андыдым.

Дәл осы жолы кірпік ұшында діріл қағатын қос маржанды көре алмайтын шығармын дейтін сенімге кәдімгідей иліге бастаған кезде... ақ сұр тана - қос тамшы көз жиегіне дөңгеленіп-дөңгеленіп қонақтай қалды.

Алғыс, ризалық жасын көргендеріңіз бар ма?

Көкшіл көздерді жарқыратып, тұңғиығындағы тұмантқан көлеңкесінен біржолата арылтып, әлгі қос маржан - қос құдірет баршамызды өзіне бірден аударып алды.

Кеудедегі толқынның күйі өзгергенде көмейден атқарылатын әннің де басқаша өрнек, басқаша серпінді жігер табатынын және ұғынып, қыбыр етуге

тәуекеліміз жетпей, әсерлі әуенді аспан көгінен іздегендей иектерді жоғары әуелете бердік...

Кешке, дәл қайтарда Эмма қасыма үнсіз жақындап, қарындашты қолыма ұстатты.

- Неге бересің?

- Сенде тұра тұрсын. Кейін алам ғой. Әйтпесе жоғалып қалып жүрер.

- Иә, Эмма, онда мен екеуін тығып қояйын.

- Тығып қой...

* * *

Арада он шақты күн өтті.

Ауыз үйдегі дөңгелек столды ортаға құрып алып, ертеңгілік шайды енді іше бастап едік, ентігіп Тілеуқор кіріп келді. Табалдырықтан аттар-аттамастан, иек қағып маған белгі берді де, қайта шықты.

Тілеуқордың тегін шақырмасын білем, аузыма апара берген кесемді алдыма қоя салып, тысқа ұмтылдым.

Тілеуқордың көзі жыпылық-жыпылық етеді.

- Эмма кетейін деп жатыр...

- Қайда?

- Қаладан кәмәсия келіпті дейді... Балалар үйіне әкетпекші көрінеді.

- Қазір... Мен... Қазір... - одан әрі көмейіме әлдебір түйнек кептеле тығылып, тынысымды тарылтып жіберді.

Үйге жүгіріп кірдім. Төсек арасына қол сұғып, қарындаштарды іздеп жатырмын. Асыққанда табыла қояр ма, жанталасып көрпелерді олай-бұлай лақтырдым.

- Не іздедің? Не боп қалды?

- Жайшылық па, балам-ау? Айтсаңшы!

Әке мен шешеге жауап берер шамам жоқ! Қарындаштың бірін алақаныма тас қып қысып, есікті де жаппастан, Тілеуқорға ілесіп, бір шақырымдай жердегі станцияға жүгіріп келем.

- Тез! Болсаңшы сүйретілмей! Қалып қойдық-ау! - дейді Тілеуқор.

Досымның сирағы ұзын. Арқан бойы зымырап озып шығып, мені аяй ма, кідіріп тосып алады. Тосып алады да, дегбірсізденіп әлгі сөздерін қайталайды.

Құстай ұшпайын деп келе жатқан мен жоқ. Қыстайғы ұзақ ауру жілік-жілігімнің майын үзіп тастаған ба, дем арасында алқына демігіп, маңдайдан сорғалаған ащы термен әл-қуатымды сарыққандай, құлағалы келем.

Бір кез “Жүндінің” қошқар тұмсығының тасасынан жылт етіп поезд көрінді. Жасыл вагоңдары жарқ-жұрқ көбейіп жақындап қалды. Жолаушы поезы біздің станцияға бар-жоғы екі-ақ минут аялдайды.

Екі минут...

Адам өмірінің қас қағыммен өлшенетін қимас сәттері боларын ұққызған сол екі минут менің де көңілімді босатты.

Поезд кідірді де өте шықты.

Станция тұсында паровоздың шудаланған қою қара түтіні ғана қалды.

Орта жолда екі бүктетіле жығылып, жер тырналап, өкси егіліп мен жатырмын.

Құлағымда Тілеуқордың жыламсырай жұбатқан үні, паровоздың ащы аңырауы, өзімнің алқым қысқан өксігім қат-қабат жаңғырып тұр. Бір сәт еміс-еміс ән жеткендей болды. Эмманың әні. Ендігі ызыңы ешқашанда орындалмас арманның өкінішті өксігіндей де сияқты, сағынышы таусылмас бал балалықтың қош-қошы да тәрізді, сонау алдымнан елес берер, ілгері жетелер қиял дүбірі де іспетті...

Эмманың әнін содан қайтып тындағам жоқ.

Менің әнім қашан айтылар екен? Айтылса - Эммаға арнар едім.

Екі қарындаштың бірі столымның тартпасында әлі күнге бастаусыз жатыр.

Алматы, 1972 жыл.

БІР ЕСТЕЛІКТІҢ СЫРЫ

1970- жылдың 10-ақпаны болатын.

Хатшы-машинисткамыз Роза апай Махмұтқызы біздің кең бөлмеге кіріп, мені редактордың шақырып жатқанын айтты. Редактор шақырса не жан қалсын, оқып отырған қолжазбаны жинауға да шамам келмей, апыл-ғұпыл орнымнан атып тұрып, редактордың кабинетіне ұмтылдым.

Кабинетте бас редактор Сырағаң (Сырбай Мәуленов) мен бас редактордың орынбасары Жәкең (Жәрдем Тілеков) отыр екен. Сырағаң бастық кезінде қарамағындағы қызметкерлеріне суықтау болатын. Сол әдетіне сайып маған ешқандай ілтипат білдіре қоймаған соң, аңқылдақ Жәкең әдеттегі мінезімен құрақ ұша жөнелді.

- Кел, кел, Софы. Бері мұнда отыр.

Отырдым да, екі бастығыма кезек-кезек қарап өттім.

Сырағаң ыңыранды. Бір жаққа жұмсарда, жұмыс тапсырарда бетіңе ұзақ үнсіз қадалып отырып, осылай ыңыранатын. Бұл жолы да үйреншікті машығынан айныған жоқ. Сол алақанның сырты сол жақ ұртын опырайта сипап қап, әлгі көмейден күшпен келген дыбысты өшіріп жіберді.

- Біз, мына Жәкең екеуміз, Сматаев жолдас, сізге бір шұғыл тапсырма бергелі отырмыз. - Сырағаң бөгеліп, Жәкеңе қиыстады. Редактор “сіз” дей бастағанда-ақ және оған “жолдасты” қосақтады дегенше-ақ, мөңкімек түгіл бұлталақтаудың өзі мүмкін емес екенін журнал қызметкерлері шетіміздің әбден ұғынып қалғанбыз. Сондай көнбіс ылдилаумен мен де кірпік қақпай әліптің артын бағуға кірістім.

Елгезек Жәкең ұшқырлық танытты.

- Біз Сырбай екеуміз ақылдасып, бұл тапсырманы

тек саған ғана жүктеуге болады деп шештік, - деп екі алақанын уқалап-уқалап қалып, бетіме күлімсірей қадалды.

Мен әлі ләм дегем жоқ.

Сырағаңның оң қолы столға дүңк тиді, маған тоқпақ құлап түскендей сезілді.

- Биыл жеңістің 25 жылдығы тойланады. Журнал да содан қалыс қалмауы керек. Жеңіс ауызға алынса, алдымен Бәукеңнің... Бауыржан Момышұлының, Қасым Қайсеновтің және Рақымжан Қошқарбаевтардың есімдері еске түседі. Жеңіс үшін біз оларға қарыздар болсақ, енді осылардың ерлігін елге таныту үшін парыз жүктенуіміз қажет... - Сырағаң көп сөйлеп кеттім деді ме, кілт тоқтап, тағы ыңыранды. Сол қолы сол жақ шықшытты тағы сүйкеп өтті. - Сөздің тоқетері - сіз, Сматаев жолдас, Бауыржан Момышұлымен интервью жүргізесіз.

- Интервью?!

- Интервью болмаса, майдан күндерінен шағын бір естелік әкелесіз.

- Бауыржан Момышұлынан ба?

- Иә, Бәукеңнен!

- Қашан?

- Бүгін. Он екісі күні біздің ең соңғы қолжазба типографияға кететінін білесің. Кешіктірме!

- Неге мен барам? Басқалар ше?

Жәкең тағы да ұшқырлығына басты.

- Шырағым-ау, сен редакциядағы ең жас қызметкерсің. Оның үстіне орысша, қазақшаға бірдей жүйріксің. Оған қоса запастағы офицерсің! Танкиссің!

Жәкең менің жақсы жақтарымды шұбырта берер ме еді, Сырағаң тағы ыңыранды. Бұл ыңыраныс алдыңғылардан мүлде бөлек. Ашудан не реніштен берілген белгінің хабарындай ыңыраныс ол.

Мен бірақ одан ыға қойғам жоқ. Бәукеңнің қаһарына ұшырағанша, үйренген Сырағамның ашуына төтеп бергенді қолай көрдім.

- Неге жас қызметкер баруы керек. Осыншама білікті журналист, белгілі жазушылар отырып, мені жұмсағандарын түсінбеймін.

- Түсінбейтін түгі жоқ. Сол білікті журналист,

белгілі жазушыларыңның бір де біреуінің Бәукеңе баруға жүрегі дауаламай отыр. Сондықтан, жолдас Сматаев, сіз бүгін гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлына барып, ертең машинкаға басылған дайын естелікті маған қол қоюға әкелесіз. Сөз осымен тәмам. Бәукеңмен телефон арқылы алдын ала сөйлесіп алыңыз.

Бас редактордың аты - бас редактор. Орнымнан үн-түнсіз тұрып, шығып кеттім. Роза апай менің қайда, кіммен сөйлесетінімді біледі екен, қолыма тілдей қағазды ұстата берді:

- Ой, Бәукең сондай жақсы адам! Оны білмейтіндер құр босқа сыртынан өсектей береді.

Жақсы адамның да қатал мінезі боларын білмейді-ау Роза апай. Әйтпесе әріптестерім неге шыр-пыры шығып, барғысы келмейді. Әлде өздері айтып отыратын “Лениншіл жас” газетінің редакторы орынбасарына ұқсағысы келмей ме екен. Сол жігітті Бәукең: “Сенің бас сүйегің маған ұнамайды” деп, тапаншасын суырып алып айдап шығыпты-мыс. Талай журналисты есіктен кіргізбей, таяқтап қуып жіберіпті-мыс.

Орныма отырып, әлгі қағазға үңілсем, Бәукеңнің үйінің телефоны екен. “Әй, неменесіне жүрексіне берем. Ол да адам ғой, адамды адам...”

Трубканы көтердім. Қолым дірілдеп, дисканы әрең айналдырам. Кенет... арғы жақтан жуан дауыс гүж ете қалды.

- Полковник Бауыржан Момыш-улы слушает вас.

- Ассалаумағалайкум, Бәуке. Мен “Жұлдыз” журналының қызметкері едім. Сізбен кездеспек ойым бар. Журнал тапсырмасы...

- Представтесь, пожалуйста!

- Мен - Софы Сматаевпын.

- Қайталағын тағы!

- Софы Сматаев...

- Софы?!. Естімеген есімім. Но оно раньше встречалось у казахов. Солай, Софы інішек. Кездеселік онда.

- Адресіңізді, - сасқалақтап асығып, сөзімді үзіп-жұлып жатырмын. - Білмеуші едім.

Бәукең өз адресін нақ-нақ айтып, тағы бір қайталады:

- Запомнил? Ендеше тура он екі ноль-нольде осы арада болғын. Ұмытпағын, алтыншы пәтер.

Трубкадағы дауыс үзіліп кетті. Мен трубканы орнына қондырдым. Бөлмедегі алты қызметкер тұс-тұстан әртүрлі сұрақты қардай боратты:

- Бәукеңнің өзі ме?

- Айқайлаған жоқ па?

- Аты-жөнінді сұрады ма? Сен сәл қателік жібердің. Журналистикалық этика бойынша сен алдымен өзіңді таныстыруың керек еді.

- Әй, қарақ-ау, Бәукеңнің өзінен адресін сұрап, өле алмай жүр ме едің. Біз-ақ айтып беретін едік қой.

-Бірден сізбен кездесуім керек еді деп қойып қалғаның да онша жарамады. Дипломатиясы шамалы жастарды қойсаңшы бұл.

Соңғы ескертпе шымбайыма батыңқырап кетті. Кеңседе бұрын темекі шекпейтінмін. Қыр көрсеткім келді ме, әлде ширыққан жүйкені сәл де болса босатуға далбаса іздедім бе, бір тал сигаретті ерніме қыстырып, тұтатып алдым да, көкала түтінді сақиландыра ыт-қыттым.

- Дипломатияларыңыз мықты болса, онда сол Бәукеңнен интервью алуға өздеріңіз неге бармадыңыздар? Бастықтардың айтуына қарағанда шетіңізден үркіп шыға келіпсіздер ғой.

Жамыраған дауыстар су сепкендей басылды. Темекімді құшырлана сорып, шегіп болдым да, сағатыма қарадым. Он екіге жиырма минут қалыпты.

Есікке беттей бере, артыма жалт бұрылдым.

- Ал мен кеттім!..

Даусымды қаттырақ шығаруға тырыссам да, жарықшақ дірілді жасыра алмап едім.

Дәл он екіде алтыншы пәтердің есігінің алдына тоқтап, аттай тулаған жүрегімді басып, қоңыраудың қоңыр түймесіне сұқ саусағымды ыстық шоққа қарырдай дірілдете жақындаттым.

Есік сарт ашылды да, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлының сұсты бейнесін көз алдыма тоса қойды. Бас изеп, ернімді жыбырлаттым да, екі қолымды бірдей ұсындым.

Бәукең таяқ ұстаған оң қолын босатып, еті қашқан

сұп-суық алақанын екі алақанымның арасына қыстыра салды.

- Софысың ғой?

- Иә, Бәуке...

- Дәлдікті корольдер ғана танытпайтынын дәлелдедің, бауырым. Бері, былай өткін. - Өзі бір аттап кейін шегінді де, таяғына салмағын сала сүйеніп тұрып қалып, иегімен асүйді (кухняны) нұсқады.

Бәукеңнің иегінің ұшында қимылдап, әлгі аядай асүйге кірдім.

- Мына жерге отырған. Анау орындық - менікі. Мына араға мына жеңгең отырады. Айтпақшы, танысып қой жеңгеңмен. Есімі-Кәмеш. Ал сен, жеңгесі, жеңешесі, бұл жігіттің аты - Софы екенін біліп алғын. Оригинальное имя, и, между прочим, арабшадан аударғанда өте мағыналы сөз болатынын ескергін. Бұл сөз -тазалықтың, адалдықтың, әулиеліктің белгісі. - Бәукең жеңгейге қолын соза беріп еді, әлгі кісі әбжіл қимылмен Бәукеңнің екі қолтығының астынан құшақтай алып, орындыққа отырғызуға ыңғайлай бастады. Мен көмекке ұмтылдым. - Мм-да, полковниктің қазіргі күйі осы. Ал біз Ғабиттің “Этнографиялық әңгімесіндегі” өз орнына өзгелерді отырғызбайтын төрелерге ұқсап кеттік, ә... Сен күлмейсің. Значит, не хочешь мне поддакивать. Оның ұнайды. Менің дүниеде ең бір жаратпайтыным - жарамсақтық. Бес минуттың ішінде он құбылатын адамдарды... жоқ пенделерді көп көрдім. Олар бір қарын майды шірітетін бір құмалақ емес. Олар бүтін халықты ірітетін бүліктер! Бүліктер... не то слово... Бұзақылар! Былғаушылар!

Осы кезде есік қоңырауы естілді де, жеңгей шығып кетіп, бір келіншекті ертіп кірді. Бәукеңнің пенсиясын алып келген почташы екен. Ылғи жиырма бес сомдықтарды Бәукең санамай столдың шетіне қоя салды да, қатырма қағазға қолын қойып берді.

Келіншек шығып кетті. Бәукең әлгі жиырма бес сомдықтарға тырнағы өсіп кеткен сұқ саусағын сұңгіше шошайтты:

- Кедей полковниктің болымсыз пенсиясы осы!..

Жиырма бес сомдықтардың сомасы қанша екенін

білмеймін. Маған көп көрінген қаражат Бәукеңе аздық қылады екен. Ішімнен: “салыстырмалық теориясының көкесі осы болар!” деп отырмын.

Жеңгей кастрюльден тәрелкелерге көже құйып, әрқайсымыздың алдымызға қойды да, тоңазытқыштан бір шөлмек астаналық арақты алып, Бәукеңе ұстата берді.

Бәукең шөлмектің тығынын ашгы. Сол жақ иығына иегін сүйкей бұрылып, тағы да гүж ете қалды.

- Мен саған жүз грамм ғана құям. Жеңешеңе де одан артық бермеймін. Қалғаны менің бір күндік нормам. Қазақшаласақ, сыбағам.

Ыдыстарға айтылған жүз грамдарын құйды да шөлмекті терезе алдына қойды. Менен “Ішесің бе” деп те сұраған жоқ. Бәукеңе өтірік тәлімсуді мен де жөн көрмедім. Соғыстырдым да, қағып жібердім.

- Ташлап жібердің, ә! Енді дұрыстап ауқаттанғын.

Ыдыс-аяқты жинасымен Кәмеш жеңгей шығып кетті. Бәукең екеуміз оңаша қалдық. Ұзын мүштүкке сигаретін қондырып алған батыр ағамыз көк түтінді қоюлата бұрқыратып отыр.

- Қай институтты бітіріп едің?

- Москваның болат және қорытпалар институтын.

Бәукең темекісін күлсалғышқа тастай салып, маған еңсеріле бұрылды. Иегін төсіне тигізе өткір көздерін жоғарыщан төмен бетіме қадап қалыпты.

- Сонда сен инженерсің ғой?

- Иә, Бәуке! Мамандығым - инженер-металлург.

- Вот так оказия! Сен екеуміз орысша коллеги, қазақша әріптес болдық. Мен инженер-құрылысшы бола жаздағам. - Көздерге мейірім бе, жылылық па, әйтеуір суық жүздің сұсын сыпырып алып кеткен жайдарылық оралды.

- Солай ма, аға? - Менде де таңданыс бетіме леп беріп шықса керек. Бәукең екі-үш мәрте бас изеді. (Мен кейін Бәукеңнің өмірбаянын оқып, ол кісінің қай құрылыс институтында, әлде факультетінде оқығанын анықтай алмай, дал болғам. Сірә, Бәукең өмірінің сол кезеңі қағаз бетіне түспеген де болар).

- Менен мықты инженер-құрылысшы шығуы мүмкін еді. Есепке сондай тәуір болатынмын. Соның

пайдасын артиллерияда талай көрдім. - Бәукең тағы да маған бұрылды. - Инженер-металлургтың Жазушылар одағында жүруі қалай? Жазасың ба?

- Жазам, аға! Екі кітабым шыққан. - Екіншісі сол жылы шығушы еді, Бәукең алдында мығым отырайын дедім бе, кітапты аузыммен шығартып та қойдым.

- Дұрыс. Ал онда әуелде неге филологияға түспедің?

-Түскем, Бәуке. Университеттің филфагының бір курсын біттіргем. Мұхаңның кеңесімен Москваның болат институтына кеткем.

- Мұхаңың кім?

- Мұхтар Әуезов.

- Сонда Мұхаң не деп кеңес беріп еді?

- О, ол ұзақ әңгіме, Бәуке.

- Сен маған асықпай бәрін бастан-аяқ баяндағын. Маған Мұхаңның, великий Мұхтардың не айтқаны керек! Понятно тебе?

Мен біраз көсілдім. Бәукең әңгімемді бөлмей, сигаретін тұтатып алып, сорып қойып, анда-санда басын изеп қана отырды.

- Техникалық вуздың логиканы дамытуға тигізер әсері мол дегені дұрыс Мұхаңның. Химия, физика, математика сияқты пәндер адам ойын ұшқырлайтыны да рас. Қазір қай жанрда жазасың?

- Бәуке, мен де барлық қазақтардай өлеңнен бастағам. Қазір прозаға ауыстым. Оған себепші -Тәкен Әлімқұлов ағай.

-Тәкен - стилист жазушы. Әттең бізде сыншы жоқ. Сыншысы табылса, Тәкеннің қазақ әдебиетінің көгінде жұлдызы жарқырап жүре берер еді ғой. Сыншы - деген ол лоцман, ол штурман. Ал біздегілер шетінен Сусанин. Бізге ну орманға сүңгітіп, батпаққа батыратын Сусаниндер қажет емес.

- Өте жақсы айттыңыз, Бәуке. Бағыт сілтейтін сыншылар керек-ақ. Меніңше, сыншысы аз әдебиет - қазақ совет әдебиеті ғана сияқты. Ә дегенше елең еткізер жас сыншылар жарқ етіп көрінеді де, отызға жетер-жетпестен, не әдебиет теориясын зерттеумен айналысып кетеді, не басқа жанрдың жалына жармасып, сын төңірегіне енді қайтып оралмайды.

Содан кейін қазақ әдебиетінің Белинскийі қайдан шықсын.

- Рас, рас! Есмағамбет те, менің однокашнигім Мұхаметжан да Белинский бола алмады. Содан соң “Мен - Пушкин!”, “Мен -Толстой!”- деп төс қағып, жар салатын қаламгерлерге кейде аяй қараймын. Өзінде барды өзгелерге таныта алмаса, өзегін жарып шыққан өнегесі мен өнерін өңгеге жеткізе алмаса, художниктің соры қайнағаны емес пе. Әрине қайнағаны! - Бәукең тісін сықырлатып, қабағынан қар жаудырардай сұрланып, көпке дейін үнсіз қалды.

- Бізде, Бәуке, әлі оқырман да, көрермен де қалыптасқан жоқ. Оқырман үшін жеңіл-желпі кітап, әзіл-оспақ қана керек. Ал көрерменіміз саусақ шошайтып, көз алартқанға да мәз боп жетісіп қалады. Шіркін, жазушымен тайталас түсіп отыратын әккі оқырмандар қашан туады екен!? - деп мен тас мүсіндей сазарған суық жүзге дәмелене үңілдім.

Тас мүсін шайқалып қалды. Қолындағы таяғы еденді дүңк-дүңк түйіп жіберді.

- “Ман!” “Мен!” “Ман!” “Мен!” “Оқырман!” “Көрермен!” Тілді бұзу ма, түзеу ме?

Көздің ағы көбейгенде, түтін әбден ыстап, сарғайтып жіберген, көптен басылмай өсіңкіреп кеткен қалың мұрттың әр қылы бір-бір істіктей тікірейе қалды. Менің жүрегім бір шым етіп, тыншыды.

“Бәукеңнің осынысы жүрек шайлықтырады екен-ау. Ал тілге, тіл тазалығына деген күйінішіне адам сүйінерлік”.

- “Ман, мен” деп маңқылдап жататын қазақ аз болатын бұрын. Бүгін бәріміз білгішсініп, әлемдегі ең бай тілді былғап жатырмыз!

- Бәуке, “ман”, “мен” жұрнағы тілімізде бұрыннан да бар ғой. Атарман, шабарман ше? Аларман, берермен ше? Оларды қайтеміз?

- Ал енді сен, әулие Софы, осы ман, мен жұрнағымен айтылатын тура тағы он сөз тауып бере қойшы. Үш минут уақыт бөлем! - деп әлгі тікірейген қылдарды жыбыр-жыбыр ойнатты.

- Қаһарман, өлермен... түйдек-түйдек төгем ғой дегем, тұмсықпен тасқа соққандай тірелдім де қалдым.

- Қалай, бауырым? Жоқ қой, жоқ! Тілдің өзі жаратпай шығарып тастаған жұрнақтар, түрлер, категориялар болады. Ол - тілдің өзіндік ерекшелігі. Тіпті өзіндік қасиеті. Ман, мен деп маңқылдатып немесе қаңқылдатып қойғысы келмейді. Бұл бізге иран-парсы тілінен сіңбек болған кірме. Мен лингвист емеспін. Бірақ өз түйсігім, жазушылық түйсігім осылай түйіндетеді. А по-твоему как? - Сұқ саусақ тапанша ұңғысындай кеудеме оқталды.

- Меніңше де сіздің тұжырымыңыз дұрыс-ау, Бәуке. Шынында ман, менмен он шақты сөз таппағаныма қарағанда, тілімізге сіңіспеген сөз жасау түрі болса керек.

- Ал әлгі сенің ойың дұрыс. Бізде әлі мәдениетті оқушы да, көруші де жоқ. Жоқ! Халықты қытықтап күлдіруді қою керек! Республикаға елу жыл. Елу! Күпіні пальтоға ауыстыру қажет! Анау қытықшыл тобырдың әуеніне ыңғайлансаң, өсу болмайды. Әдебиет онда өшеді! Культура будет хромать на обе ноги!

Темекі түтінінің қолқа қабар "құдіретін" сезе бастадым. "Мен де бала-шағамды күн сайын ұландырып жүр екем-ау" тәрізді қуыстануды кеудемнен аулап қоям. Бәукең біраздан кейін сабасына түсті.

- Екеуміз не жайында қызылөкпе болып едік?

- Сыншысы болмағандықтан Тәкен аға өз бағасын, әдебиеттегі өз орнын ала алмай жүргенін айтқанбыз.

- Баға!.. Орын!.. Құрмет... Атақ! Бәрі көбік! Пена! Бүгінге ғана керек ол. Для сиюминутного возвеличивания. Бүгінгі елеусіз жүргендер ертең тұғырға да қонады, оқулыққа да енеді. Бәрінің сыншысы - уақыт! Уақыттан өтер құдірет жоқ. Учти это, сынок!

Бәукеңнің сұқ саусағы маған қарай суырыла созылды. Еті қашқан арық саусақ ұзарып кете ме, әлде Бәукеңнің саусақтары шынымен салалы саусақ деп аталатын саусақтан ба, сұқ саусақ өте ұзын боп көрінді. "Учти это, сынок!" Сұсты адамның, айбынды ағаның, батыр қолбасшының аузынан өзімсіне, іштарта естілген әкелік кеңесі тұлабойымды дірілдете толтырып жіберді.

- Ескерем, аға! Әбден ескерем. Мен үшін сіз, Бәуке, төсінде алтын жұлдызы барлардан да артық батырсыз!

Бәукең бас шайқады. Суық сұс енді ызғар шашты.

- Алтын жұлдыз тегін берілмейді. Оларды бекер жазғырма. Біздің қазақтың қанына сіңген нашар қасиеті: біреуді мақтау үшін басқаларды жермен-жексен етеді. Сен, шырақ, ондай ұсақтықтан сақ болғын. Понятно тебе?

- Сыбағадан қағылып жүрудің несі жақсы, Бәуке? Әлде сіз бір жағына шапалақ тисе, екінші жағын тосатын всехристианское милосердиені қолдайтын шығарсыз?

-Делдитпе танауды! Сен түсінгін мынаны. Гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлы ешбір пенденің алдында басын иіп, жарамсақтанбаған. Ал атақ, құрмет уақытында берілсе, өте жақсы. Ал берілмеген... бермеген атақты тіленшідей қол жайып сұрау, немесе саусақ жалаған күшіктей жәдігөйлену-пасықтық һәм арамдық. Пасықтық - сатқындықтың ағайыны. Арамдық-жауыздықтың мекені. Туған анасынан бездіретін сатқындық Отанына жауыздық та жасатады. Сатқындық пен жауыздықтың нәр алар бастауы-өзімшілдік. Қомағайлық. Ашқарақтық. Күншілдік. Күншілизм!-Бәукең темекісін тағы тұтатты. Құшырлана сорып, көкшіл түтінді аузын кең аша түтетілген желдей желпіп қалды. - Жарамсақ пен тілемсекті біраз жерге апарып тастадық, ә, Софы қарақ. Ондайларға ұқсамағын. Понятно тебе?

- Мен сіз үшін өкінем, Бәуке. Халық көңілінде сіз - батырсыз. Ал сол батырлықты документпен бекіткен тәуір-ау... Мүмкін республика басшылары Жеңістің жиырма бес жылдығына орай...

Бәукең саңқ етті.

- Молчать! Елін қорғаған ер төгілген тері мен қанын бұлдамайды! Мен соғыста құрбан болған миллиондардан артық емеспін. Қайта солардың көбісін тірі сақтап қала алмадым деп осы күндері өзімді өзім мүжимін. Бір жазушы - “Отан үшін өлгендер мәңгі өмір сүреді” дейді. О дүниеден тіріліп келген ешкімді көргем жоқ. - Бәукең иығыма қолын салды. - Мені түсінгін, қарағым. Мен атақ үшін соғысқам жоқ. Соғысу үшін туғам жоқ.

Менің жеңілгім келмеді.

- Дау айтам, Бәуке. Ешкім соғысу үшін тумайтыны рас. Бірақ Отанды қорғау парыз. Ерлік пен ездік сын сағатта таразының екі басында жатады. Ерінің атын елі іліп әкетеді. Есімін жүрегінде сақтайды. Ерлігіне сүйсінеді. Мақтаныш етеді. Азаматын ардақтап, атын аңызға айналдырады. Сіз, Бәуке, аңызға айналған азаматсыз. Аңыздың негізі - шындық. Шындықтың сүйенері - дәлел, нақтылық. Сондықтан да мен сонау даладағы тілеуіңізде жүрген халқыңыздың бір өкілі ретінде кеудеңізде жарқыраған алтын жұлдызды көргім келеді. Сонда ғана өкініштің орны толады. Сонда ғана әділет орнайды.

Бәукең жымиды. Бәукеңнің жымиғаны тек суық қарасты көзге болар-болмас жылу белгісімен сезіледі екен.

- Сен солдатская доблесть дегеннің не екенін білесің бе? Тыңдағын білмесең. Солдатская доблесть - Отанға адал қызмет ету. Атақ емес, дәреже, мансап үшін емес, орден, медаль үшін емес! Отан мүддесі үшін! Тыныштығы үшін! Азаттығы мен бостандығы үшін! Вот что такое солдатская доблесть!

Ал солдатқа не керек? Командирдің алғысы, халқының ризашылығы. Басқа түк емес. Понятно тебе?

- Әрине, түсінікті. Бірақ әлдебір қаңғып тиген оқтан құлаған самолетке бола батыр атағын беру ойға симайды. Бүкіл әскери қызметінің әр минутында жауынгерлік ерлік пен батырлыққа баулыған, қоршаудан әскери тобын аман алып өткен, шабуылда аз шығынмен жеңістерге жеткен командирдің сіңірген еңбегін әділ бағаламауды, өз басым, жүрегіме де, миыма да сіңіре алмаспын.

- Сен, Софы, - әділет жақтаушысы, мынаны ұғынғын. Мемлекеттік көзқарас бойынша мықтыдан гөрі орташаны қолпаштап, көтермелеген жөн. Себебі мықты өз көтерілер шегіне жеткен, одан әрі өрлей алмайды. Ал орташа, яғни серость әлі де ілгері талпынады. Вот в чем заключена точка зрения государства нашего. Өйткені бізде кім көп? Орташа, яғни серость көп. Көпті азға құрбан қылмайды. Азды көпке әрқашан жығып беріп отырады. Міне, гәптің төркіні...

Қоялық бұл әңгімені. Біз- солдатпыз. И в военное

и мирное время. Біздің тағдырымызды шешетіндер не істесе өздері біледі.

- Бұныңызға да келіспеймін. Сонда сіз маған... біздерге винтик болуды ғана ұсынасыз ба?

Бәукең тісін қайрай, басын шайқады. Ұрты суалып, шашының ағы көбейіп, жақ жүні үрпиіп, бір ғана сәтте жүдеп шыға келді.

- Мен шаршадым. Жанға маза, тәнге тыныштық керек.

Иә, шаршағаны сондай сезіліп тұр. Сыртынан атын естіп, аңызына қызығып, өзін бір көруді армандаушы едік. Енді міне дәл қасында отырмын. Дүниеде қайсар бір жан болса, мен үшін де, ел үшін де Бәукең болатын ол. Әлемде мойымайтын, қажымайтын, талмайтын бір асқақ кеуде, зор тұлға, такаппар адам болса, ел үшін де, мен үшін де ол Бәукең, Бауыржан Момышұлы болатын. Ал қазір... бұтында қалың трико, аяқта қоңылтаяқ сұға салған қонышты жүн бәтеңке, үстінде көнетоз әскери китель. Қырынбаған, мұрты басылмаған, тырнақтары өсіңкіреп кеткен. Бірақ... бірақ маған сондай жақын. Иә, жақын адам жанымда отыр. Сырты суық болғанымен, сырт көрінісі жүдеу-жадау болғанымен, жанымен жылы, ішімен сұлу, жүрегімен нәзік - ел көңіліндегі шын мәніндегі халық батыры, халық перзенті - Бәукең, Бауыржан Момышұлы отыр.

Менің өзін бажайлап қарап кеткенімді сезбейтін анау-мынау жадағай жан емес, сезімтал жазушы емес пе, Бәукең күлімсіреген рай танытты.

- Қалай, інім, сыныңа толмай отырмын ба? Бүгінгі бар қалжам осы ғана. Ал сөздің тоқетеріне көшсек, біз манадан бері бір-бірімізді сынап, бір-бірімізді бағалап отырдық. И этим человек - благородное существо - отличается от животных.

- Рас, рас, Бәуке. “Адам сөйлескенше”... дегенді қазақтар тегін айтпаған.

- Әй, сен мақалдың омыртқасын неге опырып сөйлейсің! Мынаны түсінгін, қарағым. Жазушы деген адам әрқашан елдің көзінде, жұрттың назарында, жауының нысанасында жүреді. Сондықтан ол өзін де дұрыс ұстай білуі керек. Сөзін де дұрыс сөйлей білуі керек. Ел жақсыға талпынады. Әдеміге құмартады.

Өнегеліні ұнатады. Көптің көңілін қалдырудан жаман нәрсе жоқ. Абай айтпады ма “Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз”- деп. Ендеше әр сөзіңе мән бергін. Халық мақалын орынсыз опырмағын. Сен жазушысың, демек ұстазсың. Понятно вам?..

Қолын маған қарай созды. Мен алақанымммен алақанын қыстым.

- Тұрғын! Тарт қолымнан!

Тұрғыздым. Тізелері дірілдей тәлтіректей басып, ілгері озды. Соңынан ілби ілестім. Бір қаракөлеңкелеу дәліздеи өтіп, кең бөлмеге кірдік. Тағы да қолын созды. Түсіне қойдым. Қолтығынан демеп, диванға қисайттым.

Бәукеңе ишарат білдіргендей жеңімді тұре сағатыма қарадым. Мәссаған! Үштен кетіп қалыпты. Бастықтарым мен батырмен жүргізген интервьюді әкеледі деп екі көздері төрт болып тосып отырған шығар.

Бәукең неге көрмесін, неге сезбесін.

- Сен, қарағым, ертең келгін. Бүгін шаршап қалдым.

- Бәуке, бізде график деген болады. Уақытты өткізіп алсақ, штраф төлейміз.

- Жыламағын босқа. Бүгін шамам жоқ. Дем алуым керек.Ертең он екі ноль-нольде осында болғын.Кругом марш!

Мұрты жыбырлай бастаған екен. Бас изеп қоштасу рәсімін жасап айналып шығып кеттім.

Редакцияға келсем, Сырағаң мен Жәкең редактордың кабинетінде күтіп отыр екен.

- Әкелдің бе?

- Жоқ.

- Неге сонша бөгелдің онда?

Мен болған жайды бастан-аяқ баяндап бердім.

- Ойбай-ау, Бәукеңнен бекер үркіп жүр екенбіз-ау! Өзі саған шынымен ақырған жоқ па? - деп Жәкең әлі де сенер-сенбес түрмен сұрап қалды.

- Неге ақырады? Ол - арыстан, мен аңшы емеспін ғой.

- Жарайды. Жолдас Сматаев, ертең бүгінгідей бос қайтпаңыз, - Сырағаң редакторлығына басты.

Ертеңіне тура он екіде Панфилов көшесіндегі үйдің

екінші қабатындағы алтыншы пәтердің қоңырау түймесін саусағымды батыл қадай, емін-еркін бастым.

Тағы да төртбұрыштанған кеңістіктен Бәукеңнің сұлбасы шалынды.

- Ассалаумағалайкум, Бәуке!

- Уағалайкумсалам. ТөрлетІ-Сіңірлі саусақтары саусақтарымды қыса түсіп, жазылып кетті. Таяғының ұшымен асүй жақты нұсқады.

Дәл кешегідей әрқайсымыз өз орнымызға жайғастық. Бір өзгешелік - жылқы етінің дәмді иісі танауымды жарып барады. Кәмеш жеңгей кастрюльден етті табаққа түсіре бастады.

- Ет турай білемісің?

- Қазақпыз ғой, Бәуке.

- Ендеше мына пышақты алғын да турағын. Бұл - саған арнап көтерілген қазан. Бірақ қонаққа ет туратып қойды деп ренжімегін. Мына қол жарамай тұр. Ал, етті еркек турар болар.

Жеңгей тоңазытқыштан басталмаған “астаналықты” шығарып, столдың үстіне қойды. Әрқайсымыз өз тиесімізді өңештен әрі сырғытып жібердік.

Бәукең ауырып жүргендіктен бе екен, тамақты онша алыңқырамай отырды. Соған қарамастан маған қайта-қайта командирлік қалыптасқан дауыспен бұйырып қояды.

- Алғын! Дұрыстап, уыстап алғын!..

- Қазысынан, майынан асағын!..

- Еркекше, қазақша жегін!

Бір кезде Бәукең кителінің оң жеңін түре бастады. Жеңгей қадалып отырып, үнсіз бас шайқады. Оған қын дер Бәукең бе, оң қолын табаққа көміңкірей салып жіберіп, майлы, дәмді деген кесектерді алақанына толтыра көсіп алды. Содан соң маған қисая бұрылды.

- Ашқын ауызды! Мен саған Сәбеңше асатам. Сен ет асатудың не екенін білемісің?

- Енді, Бәуке, қазақпыз ғой...

- Ашқын онда...

Аузымды аша бердім, көмейіме жылп етіп тиген қазының майы ары қарай тоқтаусыз сүңгіді де кетті. Оған ілесе тамағымды қырнай, қатқылдау жылжып

кесек ет те, қамыр да жөнелді. Көзімнен жас, өңешімнен ықылық ытқыды.

- Сәбеңше асату осы болады, балам!

“Балам!” Осы сөзге ішім жылып жүре берді. Бәукең - әкеммен құрдас. Содан ба дәл қазіргі қалпында кеудесінің сырылымен де әкеме сондай ұқсап кетті.

- Рақмет, Бәуке!

“Әке!” дей жаздап бөгелгенімді сезді ме, сезбеді ме, бірақ мендегі құбылысты сол сәтте Бәукеңнің анық танығанын білдім.

- Саған да рақмет. Асатуды түсінгеніңе, ұғынғаныңа, қаланың тікбақайларындай жиіркенбегеніңе.

- Қазақпыз ғой енді, Бәуке!..

- Әй, жігіт! Осы “қазақпызды” сен үш рет қайталадың. Мен үш мәрте айтылғанын тілеп отыр едім. Тілегіміз бір жерден шықты. Онда сен, Софы қарағым, жай қазақ болма, мінезге бай қазақ бол. Жұртыңа ой тастар, талап-мақсатына сай қазақ бол!

- Мынауыңыз батадай болды-ау, Бәуке!

- Батадай емес, батам. Сипағын бетті!

Тамақ желініп, дастарқан жиналысымен жеңгей киініп сыртқа шығып кетті.

- Сәбең дегеннен шығады. Өткенде мен Сәбенді қатты өкпелетіп алдым.

Бәукең біразға дейін темекісін үнсіз сорып, “түтіннің” қызығына беріліп кетті. Бәукеңнің сол күйін бұзбай қасында қыбырсыз отырмын. Осылай қарай шығарда Сырағаң мықтап шегелеп жіберген.

“Бүгін қайтсең де интервьюмен келетін бол. Жеңістің ширек ғасырлық мерекесіне Бауыржанды сөйлетсек, мұртымызды балта кеспейді. Барыңды сал. Әйтеуір, әңгімесін... естелігін жазып әкел. Ертең - график бойынша соңғы күн”...

Интервьюді қалай бастасам екен деп толғанып отырмын. Бәукеңнің өзі ыңғай білдірмесе, төтелеп ештеңе шығара алмайтынымды сезем. Онда мүлде бүлдіріп алуым оңай. Оның үстіне маған пейіл беріп, босап түскеніне қарағанда көптен бері кәдімгі қарапайым тірліктің бір пендесімен шүйіркелескісі келіп жүргенге ұқсайды. Қасындағылар қабағын бағып қабысып кете алмай, былайғылар беталды үркіп, өзді-

өздері үрпиісіп жолай алмай, батырды бөлектеп, жазушыны жалғызсыратып тастағанға ұқсайды. Әйтеуір әлдебір түйсікпен мен Бәукең туралы осындай тұжырымды іштей таусаймын.

- Тындаймысың?

- О не дегеніңіз, Бәуке! Сізді тыңдамағанда кімді тыңдайын!

- Жарамсақтанба. Тыңдағын. - Бәукең мүштігіндегі темекісін сілкіп түсіріп, бос мүштікті үрлеп-үрлеп қалды. - Мені былтыр Сәбең, кәдімгі Сәбит Мұқанов үйіне қонаққа шақырды. Мариям жеңгейдің қолы ашық, Сәбеңнің өзіне тартқан кең мінез адам. Менен басқа қонағы жоқ. Жас қазы, армян коньягі. Ішім бірдеме сезіп отыр. Сәбеңнің әлденені маған оңашалап айтқысы бар екен. Несі бар, айтқаны дұрыс. Біздің... (біздің деп қазақ интеллигенциясын айтам... hм-м, зиялыларын, олардың ішінде бөлектеп жазушыларды айтам) біздің бір жаман әдетіміз: өз қотырымызды өзіміз ғана қасимыз, орысшаласақ: варимся в собственном соку. Аралас-құраласымыз болғанымен, сыр ашу, ақыл-кеңес сұрау сияқты ата қазақ салтын мүлде ұмытқанбыз. Ол, сірә, бір-бірімізге сенбестіктен, қызғаншақтықтан, күншілдіктен туған тәрізді.

Мен тағы да килігіп кеттім.

- Бәуке, оған отыз жетінші жылдың салқыны да тиген шығар. Сол кезден кеудеге енген секемшілдік, сенбестік әлі босатпай жүрген шығар. “Ауру батпаңдап кіріп, мысқалдап шығады” емес пе. Үрейлену де - дерттің бір түрі ғой.

Бәукең бетіме ұзақ үңілді. Басын әрі изеді, әрі шайқады.

- О да мүмкін. Но не бесспорно. Ол үрей отызыншы жылдардың салдары болса, одан кейін туған жастарды үркітіп бара жатқан қандай зелзала?

Жауап бере алмай қалдым. Дәл түсіп отыр. Тұстастарым мен бес-алты жас үлкен замандастарымның кеуде-сейфтерін ашатын шифр мен кілттің әлі жасала қоймағанын білем, үнсіз томсардым. Бәукең: “Солай, бауырым, тіл тістедің бе!” дегендей мүсіркей қарап, тағы тамағын қырнады.

- Сәбеңдегі бір әдемі қасиет - ішіндегісін

жасырмайды, ойындағысын бүкпейді. Маған анда-санда сыр ашып қоятыны бар. Ет жеп болған соң екеуміз Сәбеңнің кабинетінде оқшауландық. Сәбең диванға малдасын құрып, домаланып отырып алды. Мен де отырдым.

“Темекінді шеге бер” - деді Сәбең.

Темекімді тұтаттым да, Сәбеңе бас шұлғыдым.

“Айта бергін, Сәбе. Құлағым сізде”.

“Әй, Бауыржан! Менікі дегенге жұрттың анталап, жармаса кететіні бар. Өткен ғасырда туған қазақтың үш алыбы-Абай, Шоқан, Ыбрайды алдымен өз қазақ халқына, қала берді орыс жұртына, әрісі әлемге таныту қажет-ақ. Мұхтар Абайды әлем төріне бір-ақ шығарды. Ыбрайды әркім-әркім бір шұқылап, аймағы түгіл аулына таныта алмай жүр. Мен әрі ойлап, бері ойлап, ендігі қалған ғұмырымда Шоқанды жазбаққа бекінгем. Алғашқы кітаптарым жазылды да. Мұхтар сияқты мен де ұлы Шоқанды төрт кітапқа сиғызсам ба деймін”.

Сәбең сәл тоқтап, бетіме сығырая қарады. Мен еш белгі сездірмей, темекімді сора түстім.

“Енді сөйтіп жүргенде жанымды езгілеген маза-сыздыққа душар болдым. Ол қандай мазасыздық дейсің бе? Сапарғали Бегалин “Бала Шоқан” деп кітап шығарыпты. Анау Сәуірбек те “Қоянкөлге құлаған жұлдыз” дей ме, бұл да Шоқан туралы жазып жүр. Жазам десе, бұрын қайда қалған. Мен жазған кезде жырымдап, жағаласып нелері бар екен. Осыған ыза болмағанда, қайда ыза боларсың, әу, Бауыржан!”

Даусымның қалай қатты шығып кеткенін білмей-мін. Соғыстың жүйкеге етер әсері күшті ғой. Кейде шұғылдау килігетінім рас. Сол әдетке басып қалыппын.

“Әй, Сәбит! Саған Шоқанды мұра ғып қай атаң меншіктеп беріп кетіп еді? Әлде ол еншіңе тиген дүние-мүлік пе еді? Өзің айтқан қазақтың үш алыбы емес пе. Ендеше оған Сапарғали неге ортақ болмасқа? Сәуірбек неге ортақ болмасқа?”

Сәбеңе көз тоқтатып қарасам, түтігіп алыпты. Тар-ғақтың жұмыртқасындай бетінің тарғылы анықталып шыға-шыға келіпті. Бірақ бір мөңкіген соң жуық арада басылам ба, ерді бауырыма ала тулап жүрмін.

“Искусствода творчестволық жарыс болатын

білесің. Бір ғана доктор Фаустус тақырыбына Германияда екі жүзден астам ақын қалам тербеген. Бүгінде Гетенің “Фаусынан” басқасы түгел ұмыт. Шоқан туралы тағы жазамын деген талапкерлер болса, тіпті жақсы. “Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шықса”, қазақ әдебиетінде ертең іріктеліп Шоқан туралы жазылған кітаптардың ең үздігі ғана қалады.”

Сәбең үндеген жоқ. Менің даусымның қаттырақ шыққанын естіді ме, Мариям жеңгей есік ашып, шайға шақырды.

Сәбең қозғалған жоқ, диванда отырған күйі қала берді.

Мен шайға қарағам жоқ.

Бәукең енді маған шұқшия қарады. Мен кірпік қақпай әлгі сұраулы қарасты тосып алдым.

- Әділін айтқын. Менікі дұрыс па, бұрыс па?

- Кейде дұрыстың да бұрысқа айналып кететіні болады-ау деймін, Бәуке. Сәбең - бүкіл қазақтың өзі айтатындай “кәдімгі Сәбит Мұқановы”. Халықтың ең сүйікті жазушысы.

- Адвокат болмағын! Төрелігін дәл айтқын! Понятно тебе?

- Бәуке,ұрсып айту бар... ұнатып айту бар...

Бәукең қолымнан ұстай алды.

- Вот именно! Сипалап айту болады, ұйпалап төпеу болады. Яғни ол - дөкірлік! Сондықтан мен артық кеттім. Солай ғой, әулие Софы?

Үнсіз ғана бас изедім. Бәукең білегімдегі қолын босатты. Бос мұштікті қор-қор сорғыштады.

- Да-а... Сәбеңе телефон соғу кере-ек!..

- Бәуке, сіз шығармаларыңызды көбінесе орысша жазасыз. Ал қазақшаның түбін түсіресіз...

Бәукең тағы да жымиған Шырай тірілтті.

- Оның қалай демексің, ә. Мен дәрісті негізінен орысша алдым. Орысша дәріс оқыдым. Кейін орысша тілді ортада көп болдым. Адамды илейтін де, қалып-тастыратын да, шындайтын да - өмір өткелдері. Мен тілдің оңайына қызыққам жоқ, орайлысына қол арттым. Әрине, “что такой сары домалақ?” кейпіне түсе қойғам жоқ. - Бәукең тағы да тісін көрсете “жұмсарған” әлпет танытты. - Бірақ ана тілді

құрметтеу бар. Қадірлеу бар. Ардақ тұту бар. Ол -ретті, ретсіз сөз сапыру емес. Білсін, білмесін қойыртпақтап құнын түсіру де емес. Жалғау жұрнағын бұзып, тасты жермен тоңқаңдаған машинадай тілді үзіп-жұлқу да жөн емес. Тілді шұбарлау да жақсы қасиетке жатпайды. - Бәукең осы тұста кідіріп бетіме сұрлана, сүзіле қарады. Мұрты жыбырлап кеткендей көрінді. - Сен мені ішіңнен сөкпегін. Тілді өзі шұбарлайды демегін. Мен орысша араластырғанда ойды үстемелеп, нақтылап жеткізуді мақсат етем. Понятно тебе?

Екеуміз де күлдік. Анық, айқын, Бәукеңшелеп “нақтылап” күлдік.

- Бәрібір- сіз, Бәуке, қазақша да көп жазасыз әлі.

- Біліп қойғын, мен қазақша өлең жазып, мақал шығарам. Ал ол дегенің тіпті де оңай дүние емес.

- Әрине ғой, Бәуке. Мақалды білгіштер өмір тәжрибесінің зерделі оймен тұжырымдалып, айшықты тілмен көмкерілген сығындысы деп жүр ғой.

Бәукең бетіме шұқшия үңілді.

- Әй, сенің бұл анықтамаң өзіңдікі ме, өзгенікі ме? Ашып айтқын, қане!

- Бір жерден оқығанымды өзімше жеткізіп ем, Бәуке.

- Онда әдемі айттың. Мақалдың мәнін жеткізе білдің. Өмір тәжрибесінің сығындысы екені аксиома. Менің қазақшам сонымен біраз мақал шығаруға жарады. Бірақ қара сөздің қазанын асықпай қайнатуға келіңкіремейді. Кейде ұмытыңқырап қалған сөзді есіме түсіргенше біраз отырып қалам. Ал өзің білесің, проза-миынды жеп, жүйкенді жұқартып, мына майлы жеріңді жауыр ғып, жаныңды қажап, діңкеңді құртып жасалатын шаруа. Минут сайын демесем де, әредік қаламыңды тоқтатып, көзіңді төбеге тігіп, ұмытқан сөзінді ойлап отыру - азап. Адское мучение!

Орысша жазуымның бір себебі осында. Ол - еріккендік немесе ана тілді менсінбегендік емес. Керісінше, сыйлағандық. Қорламайын дегендік. Қазақ тілі - сондай бай тіл. Бай тілдің бүкіл қан-сөлін, шырын-балын, дәмін-татымын түгел игердім дей алман, бауырым. Мен - солдатпын. Жақсы машықтанбаған нәрсеге онша әуес болмаймын. Понятно вам?

Бәукеңнің кеудесінің сырылы көбейді. Кейін білдім, сол жыл, сол айларда кеселдің Бәукеңді әбден әлсіреткен кезі екен. “Дәрі неге ішпейді?” дейтін жанашыр тілекпен бетіне жалтақтай қарадым.

- Темекіні қоя алмай жүрмын. Никотин - яд! Оно понятно. Бірақ темекі кейде жұрым-жұрым, тілім-тілім жүйкеңді жұмсартады. Жеңілдік әкелгендей болады...

Менің көзіме жүйке деген ұғым сол сәт кәдімгі сырт тұлғасы бар затқа айналып, елестеп кеткені. Онда да Бәукеңнің үзік-үзік жалғанған, бұжыр-буылтық білектей жуан қыл арқан-жүйкесі боп елестеді. Оқ тиген, жарықшақ қидалаған, әділетсіздік тоқпақтаған жүйке-арқан бір босап, бір керіліп, ысқырып шеңбірек ататын тәрізді.

- Тіл - халық мұрасы. Оған мейлінше мән берген дұрыс. Анаңа деген сүйіспеншілік қандай болса, анаң тіліне деген аялаушылық, қастерлеу содан еш кем болмауы тиіс. Ал бізде... біздің кей жазушыларда осындай жауапкершілік жоқ. Көп жағдайда өзінің оқушыларының деңгейінен көп төмен шала-шарпы қазақшасымен қалың-қалың кітаптарды дүмбілездейді. Состряпают книги-кирпичики! Вот так! Ол - адасудың ең ауыр түрі. Доказываю: біріншіден, оқушының, читательдің лексиконын азайтады. Яғни тіл байлығын жұтатады. Оттуда и наш казенный бедный приземленный язык журналистики. Екіншіден, көп сөздің мағнасын өзі білмегендіктен, дұрыс қолданбағандықтан, бұрмалап, бұзып енгізіп, тілге зорлық жасайды. Үшіншіден, запомни это навсегда, жас ұрпақтың, болашақ ұрпақтың қазақтың шұрайлы тіліне, кең даласындай, биік тауындай мол әрі терең, асқақ әрі әсем тіліне деген махаббатын суытады. Тіпті жерінтеді.

Бәукең тағы темекі тұтатты. Түтін жұтып алды ма, әлде түтеленген жүйкеге өз ой толқыны әсер етті ме, күрк-күрк жөтелді.

Сырттан әдебиетші-ғалым Мекемтас Мырзахметов кіріп (сірә, бір жақындығы болар, өйткені сыртқы есікті ол кісі өз кілтімен ашқандай боп сезілді), төр үйге, залға қолжазба ма, кітап па әкеліп қойып, қайта шығып кетті.

- Орысшаңыз мықты...

Неге айтқанымды білмеймін. Тіл тістеуге кеш боп қалды. Бәукең күркілдеген жөтелін де жұтып жіберді.

- Мықты дейсің, ә... Сен онда мынаны айтқын, орысша жазатын қазақ жазушыларының ішінен қайсымыздың орысшамыз мықты? - Көз де шақырайды, мұрт та тікірейді. Азу да егелді, танау да делдиді. Қолдағы таяқ та қалшылдады.

“Кімді атасам екен? “Өзіңіз!” десем, әлде ылдилағаным, әлде көпшік қойғаным болмас па? Кешеден бері бір-бірімізден бүкпеміз қалмағандай еді, бір сәтте күмілжимін деп бәрін бұлдіріп алмаймын ба? Әй, не де болса ағынан жарылайын. Нар тәуекел!”

- Бәуке, мен айтсам... Олжастың орысшасы мықтырақ сияқты.

Бәукеңнің бүкіл тік шаншылған көз, мұрт, иіндері өз орындарына қисая-қисая кетті. Таяқ жоғары шапшып қалып, еденге тық етіп, шегелеп нүкте қойды.

- Мықтырақ емес, мықты! Нағыз мықты орысша Олжастікі! Недаром же он - поэт! Ал ақын тілді мейлінше мол, мейлінше түбегейлі игеруі қажет. Олжас игерген әрі меңгерген. Ал, екінші орынға кімді қоясың?

Мен бөгелгем жоқ.

- Ол сіз, Бәуке! Сіз ғана!

- Бұныңа келісуге де болады. Ал, Әнуар... Әлімжановты айтам. Әнуар публицистикада алдына жан салмайды.

Білегімді түріп, сағатыма қарадым. Екіден асып кетіпті. Материалды қашан әкеледі деп мені зарыға тосып отырған бастықтарымның халін жобалаймын. Қасымда отырған Бәукең маған енді бұрыннан етене таныс, жас алшақтығына қарамастан, оның гвардия полковнигі менің запастағы лейтенанттығым ұмытылып екеуміз көптен сырлас, туыстас жандай сезілді. Еркінсиін дедім.

- Бәуке...

- Тартқын қолымнан!

Қолынан тартып, қолтығынан сүйеп, жау жеңбеген, ауру жеңіңкіреген батырды залға апарып, диванға қисайттым.

- Сен Сырбайға айтқын, гүрілдеп мазаңды

алмасын. Әлде телефонды бері жақындатасың ба?.. Қазір редакторыңа өзім түсіндірейін...

- Жо-жоқ, Бәуке! Айтам ғой. Қозғалмаңыз!..

- Онда, әулие Софы, сен маған ертең он екі ноль-нольде келгін. Бүгін тағы шаршап қалдым.

Шаршағанын да, мені кәдімгідей іш тартып қалғанын да білем. Дәл қазір сол естелік жазылмай кетсе де, бас редактор мен орынбасары бұйрықтан соң бұйрық беріп, жұмысымнан босатып жіберсе де, мына сұсты жүзімен-ақ, шақырайып қадалатын көзімен-ақ өзіме сондай ұнаған Бәукеңе, ішіндегі жылу мен жарықты, ықылас пен мейірімді сыртқы суық реңмен бүркелеп тұратын командирлік қатаң мінезі қалыптасқан Бәукеңе бұдан әрі өтініш етсем, жөнсіз қинайтындай көріп, қоштасып шығып кеттім.

Сырағаң мен Жәкең мойным салбырап кіргеннен-ақ, тағы да құр қол оралғанымды айтқызбай-ақ білді.

Сырағаңның сол қолы сол жақ ұртын опырайта сүйкеп өтті. Дауысы да гүр ете қалды.

- Жәке, болды! Номерді теруге жіберте бер!

Жәкең - кеңпейіл адам. Көзінде, көзінің ұшында ғана жылтырап, келісімге шақырып тұратын күлкісін тұтатып алып, бас редактор мен жас редакторды кезек-кезек сипап өтті.

- Ер кезегі үшке дейін...

- Дұрыс айтасыз, Жәке! Тап ертең әкелем! Сөзсіз әкелем.

Сырағаң иегін ғана көтеріп, тіл қатпай, мені кеңсе-кабинетінен шығарып жіберді.

Әскери тәртіпке сай әдетпен ертеңінде тура он екіде қоңыраудың кішкене түймесіне саусағымды қададым. Есікті Кәмеш жеңгей ашты. Сырт киімін киіп алған екен, сірә, есік ашуға мені тосып отырса керек, тысқа беттей беріп, кері бұрылды да:

- Ағаң анау бөлмеде, диванда жатыр... Қалқам, уақытын көп алма, - деп сыбырлай пысықтады.

- Иә, иә, білем ғой, жеңеше...

Бәукең диванда шалқалап жатыр екен. Ұсынған қолымды алып, иегімен қасындағы орындықты нұсқады. Журнал столы үстінде бірнеше парақ ақ қағаз, қалам жатыр.

- Бастаймыз ба? - деді батыр аға.

- Бастайық, Бәуке, - деп мен құрақ ұштым.

- Онда былай болсын, Софы әулие... Сен менің әулие дегеніме ренжімегін. Әулиелік - тазалық, риясыздық. Ондай болғанға не жетсін... - Бәукең күрсінді. - Мен бүгін сәл ауырлап жатырмын. Сал адам дел-сал болғыш. Сен салдың не екенін білесің бе?

- Білем. Бұл сөздің үш мағнасы бар, Бәуке. Бірі - кешегі ұлы даламыздың той-думанының көркі - сал, сері... Екіншісі сүле науқас, орысшаласақ - паралич. Үшіншісі - қайық пен кемесіз қалғанда қамыс не ағаштан жасап, суда жүзетін қарапайым ілдебайдың түрі...

Бәукеңнің ағы дендеген суық көздері маған біраз тесірейе қадалып қалды. Мен қарадай қысылдым. “Шынымен қателескенім бе? Мен білмейтін бұл сөздің басқа да мағнасы болғаны ма?”..

- Мен сол екінші салымын. “Дел-сал” деген нақ соның анықтамасы. Мен екі жүз жеті рет айқасқа кіріп, бес рет қоршауда қалып, екі рет ауыр жараланған жанмын. Жұлын-жүйкеге түскен зіл де көп... - Бәукең ыңыранды. Көзін жұмып, қайта ашты. Сұқ саусағы кедеме қарай шаншылды. - Тексеру сұрақ. “Зіл” деген не!

- Ол... ол! Бәуке, білгіштердің айтуынша мамонттың қазақша атауы көрінеді. Мен соған сенем, өйткені қазақ - ақын халық. Ұйқастырып, үйлестіріп айтқанды ұнатады. Піл мен зіл бірін-бірі іздеп тұр ғой.

Бәукең жымиған әлпет танытты.

- Сенесің, ә!.. Сенгін, Софы шырақ! Халқына сенген, жұртына иланған азамат ешқашанда арзымайды.

Бәукең шынтағын диванға тіреп, иығын өсіре, мойнын бері созды.

- Жазғын!

Дайындап әкелген қойын кітапшам мен қаламымды ыңғайлай бастап едім, саусағымен журнал столын көрсетті.

- Анау қағазға анау қаламмен жазғын! Дайындап қойғам.

Мен дереу айтқанын орындап, ыңғай білдірдім де, Бәукеңнің аузына қарадым.

- Мне было тридцать один год, когда меня назначили командиром дивизии. - Бәукең естелігін осылай орысша бастады да, мойнын созып менің жазғаныма көз жіберді. Жаза алатыныма сенді-ау деймін, кейін серпіліп қайтадан шалқалап жатты.

Осы арада мен Бәукеңнің неге “отыз бір жаста едім” дегеніне әлі күнге дейін түсінбей жүргенімді ескерте кетуді жөн көрдім. Себебі қолбасшы ағамыздың 1945 жылдың қаңтарында дивизия командирі болып тағайындалғаны мәлім.

Ой ағынына, ой нақтылығына сәйкес Бәукең бірде орысша, бірде қазақша айтып жатыр. Мен ағаның сөзін бөлмеуге тырысып, әріп-нүктесін де қалдырмастан ілесе жазып отырмын.

- Ал енді, қарағым, дәу ноқат қой. Ноқатымды түсіндің бе? Это - точка!

- Мақұл, Бәуке!

- Оқығын! Не жазғаныңды оқығын деймін. Понятно тебе?

Мен қағазға түскен Бәукең естелігін дауысым дірілдей оқып шықтым!

Бәукең мырс етті.

- Сен стенографияны білемісің?

- Жоқ.

- Үлгеріпсің. Ештеңе қалдырмапсың.

Мен арқаландым.

- Журналда істеген соң журналист емеспін бе. Интервью алғанда үлгеру қажет.

- Онда мынаны қалай өңдесең де еркің. Ал менің анау екі жердегі орысша айтылатын “тұздығымды” қысқартпағын. Бұл - бұйрық. Ал бұйрық орындалады. Засим, өндегеніңді маған әкеліп көрсетесің.

Бәукеңнің екі жердегі “тұздығы” - Маршал Жуков пен генерал Чистяковтың ауыздарынан шығатын орысша анайылау тіркес. Қазақ оқырмандарының құлағына түрпідей де тиеді, редакторым да жібертпейді. Амал не, үнсіз бас изедім де, орнымнан тұрдым.

Бәукең маған қолын созды. Демей сүйеп диванға отырғыздым.

- Сен “Қуыс үйден құр шықпа” деген қазақ мақалын білемісің?

- Білем?!

- Газ жаға аласың ба? Пәтерің бар ма еді?

- Жағам. Пәтерім де бар.

- Онда асүйге барып шай қойғын. Екеуміз шай ішелік.

Кеудемді ыстық толқын толтырып әкетті. Қайран ағалар! Мінезімен, өнегесімен тәрбиелейді дегені осы екен-ау! Ауырып жатып та ата дәстүрін берік сақтаған Бәукеңдей асылдар барда халқымыздың қонақ-жайлығы, дарқандығы, кеңпейілділігі жоғалмайтыны ақиқат.

Осы естелікті жазу үстінде бір бүйірімде әлдебір өкінішті өкпе бүлк етіп, тыншыды. Себебі атағы дардай бір классик атамыздың үйіне үш рет интервью алғалы барып, сол үш барғанымда да жаюлы дастарқан үстінен шығып, бірақ бір де бір рет атақты жазушымыздың “дәм ауыз тиін” естімей кетіп ем. Ал мына Бәукең, өзі айтқаңдай сал болып шөгіп жатса да, Алатаудай асқақ Бәукең бүкіл қазақтың бір өзіндей болып тағы бір өмір сабағынан ұмытылмас дәріс берді.

Сыраған мен Жәкең естелікті тыңдап шығып, тездетіп редакциялауымды тапсырды. Әлгі “тұздықты” аударып, тігісін жатқызып жіберуімді екі жақтап қадағалады.

Естелікті тездетіп өндеп, машинкаға бастырып, бастықтарыма оқып беріп, енді Бәукеңнің рұқсатын алу үшін тағы да алтыншы пәтерге келдім.

Бәукең диванда жатыр екен. Қолымен орындықты көрсетті.

Оқып отырмын. Әлгі “тұздықты” - “Енеңді ұрайын” деп асығыс сыдырта жөнелгем, мырс етті де:

- Тауыпсың, тауыпсың! - деді.

Одан кейін бөлген жоқ. Оқып біткенімде, столдағы қаламға қол созды. Дереу алып бердім. Бәукең естеліктің машинкаға басылған үш данасын да өзінің атағына сай ірі әріптермен арбайтып қолын қойып берді. Ризалығымды үнсіз сездіріп қайта-қайта бас изедім.

- Жеңгең тамақ жасап жатқан. Ауқаттанып кеткін.

- Ой, Бәуке, рақмет! Графиктен қалмайық. Менің мынаны дереу баспаханаға жеткізуім керек.

- Әй, әулие Софы, келіп тұрғын.

- Келем, Бәуке, келем...

Уәде бергіш халықпыз ба, әлде себепсіз барып үлкен ағаның алтыннан қат уақытын босқа алмайық дейміз бе, мен Бәукеңе бара алмадым. Мүмкіндік тауып адамдар бір-бірімен тірісінде кездесіп, сөйлесіп, түсініп тұрғанға не жетсін дейтін бір тілекті кеудемнен жиі аулайтын боп жүрмін. Әлде ол талай кеткен өкініштің әлсіз жаңғырған өксігі де болар. Әлде ол Бәукең сынды асыл ағаларды аңсаған жүректің бәйек бұлқынысы да болар. Менің ағаларды іздеуім басталды.

...Бәукеңнің сол естелігі “Жұлдыздың” 1970 жылғы бесінші санында жарық көрген еді...

1983 жыл.

М І Н Е З

Ғабиден Мұстафин...

Қаламым әрі қарай жылжыр емес. Оған, әрине, себеп көп... Ғабиден Мұстафин деп аталатын ұлылық алдында бір жағы інілік, шәкірттік тайсақтау да, бас ию де, тәжім ете құрметтеу де болса, екінші жағынан осынау кісікиік адамның өзгеден оқшау тұруға бейім тұлғасы мен кірпияз көңіліне кіріге алмаған жағдайым да қол байлайтын тәрізді.

Бірақ ұлылыққа табынарың ақиқат. Ұлағатын ұғынуға тырысарың хақ.

Ғабаң, Ғабиден Мұстафин - исі қазақтың өнеге тұтар қадірлісі, қарасын аңсап іздер киелісі, ана тілінің қамқоршысы емес пе, білмедім деуім қиянат, көрмедім деуім өтірік, танымадым деуім жалған болар. Қаламға мінгесіп жүргендердің бірі болғандықтан, алдымызда асқар таудай асқақтаған ағамен жеке кездесіп, әңгімелескен кейбір кезеңдерден жаңғырық тірілтуді жөн көріп отырмын.

Жетпісінші жылдардың басы. Мен "Жұлдыз" журналында қызметтемін. Қос Ғабаң (Мүсірепов һәм Мұстафин) журнал редакциясының алқа мүшелері Басқалардай емес, әлде қандарына сіңген шынайы қаламгерлік қасиеттен бе, әлде өздері шаңырағын көтерген ұлттық өнердің бір ордасының тірлік-тынысымен байланысты үзіп алмайын дей ме, алқа мәжілісінен екеуі бірде бір қалып көрген емес. Сонау қала шеті қияндағы Қарғалыдан салып ұрып жетіп келетін сары Ғабаңа бәріміз сондай тәнтіміз. Қолындағы тобылғы таяғын бабымен сермеп, өзіне ғана тән сабырлы жымиысымен: "Қарақтарым, аман-сау отырмысындар!" дегендей еркелете елжіреп кіріп келе жататын. Есіктен сары Ғабаң кірді дегенше-ақ

іште отырған Ғабеңнің (Мүсіреповтың) жүзіне нұр жүгіріп, көзіне от ұшқындап, аузынан әзіл-қалжың ақтарылып сала беруші еді-ау!

Қазақ арасындағы достықтың шыңы, жолдастық құрметтеудің өнегесі, азаматтық сыйластықтың шынайылығы, құрдастық әзілдің жарасымдылығы көз алдымызда бар ерекшелігімен тіріліп, өзгеше әдемі үлгісімен жаңғырып, бәрімізді жадыратып, елітіп, еліктіріп әкетуші еді-ау! Ол да бір мектеп екен ғой.

Ұлы Абайдың туғанына 125 жыл толуына байланысты Ғабаңнан интервью алу маған жүктелді. Бұл - 1971 жылдың көктемі. Ғабаңның Қарғалыда тұратынын ғана білем, нақты мекен-жайы белгісіз. Бас редактордьщ орынбасары Жәкең - Жәрдем Тілеков ағай - өте ақкөңіл, адамның көңілін қалдырмайтын жан.

- Софыжан, ағаңнан интервью алып келе ғой. Сырбай екеуміз олай ойлап, бұлай ойлап саған тоқтадық.

“Ағаң” дегенін ұнатсам да, қобалжып қалдым. Ғабаң редакцияға ара-тұра бас сұққанымен, ешкімнің түсін түстеп, атын атап, есімін есінде сақтап жатпайтын. Содан ба іні болуға құлшынғаныммен, Ғабаңның тұйықтау, алыстау, оқшаулау бейнесінен суықтық сезінем бе, онша елпілдей қойғам жоқ. Оның үстіне жер түбіндегі Қарғалыға да жету қиын.

Жәкең аға тағы да алдымды орап кетті.

- Редактор көлігін беріп отыр.

- Бористы ма? “Волгасын” ба?..

- Әрине. Ғабаңа барған соң, “Волгамен” барғаның жөн.

- Онда мен бөгелмейін, Жәке.

- Оу, Софыжан, өзің нағыз бауырмал қазақ екенсің. Жеткенше асығып тұрсың ғой. Онда бізді жолдан үйдің қасына түсіріп кетіңдер.

Борис Подобед дейтін жасы өзім құралыптас айдаушы жігіт Ғабаңның саяжай сарайына талай барған, жолды жақсы біледі.

Арқамды кеңге салып, атақты жазушыға қояр сауалдарымды іштей салалап келем.

- Көп бөгелеміз бе? - деген Бористің сұрағы мені ой құшағынан суырып алды.

- Әрине. Менде сұрақ көп. Ғабанда ой терең. Әдейі іздеп барған соң несіне асығамыз. Оның үстіне қазақтың: “Қуыс үйден құр шықпа” дейтін сылтауы бар. Жуық арада жібере қоймас.

Борис бетіме бақжия қарады. Машина қиқаң ете қалып түзелді.

- Көзіңе қара, мені бүгін ғана көріп пе ең?

- Eh, бауырым (ол “браток” дейтін), дәмең тым жоғарыда екен,- деген айдаушы одан әрі үнсіз қалды.

Ғабаң бізді сыртқы қақпадан қарсы алды. Жоғарыдан төмен оң қолын сүңгіте ұсынып, ернін жыбырлатып “уағалайкумсәламның” нобайын танытқан болды.

Екпіндеп келген көңіл күрт басылды. Ағаға деген аңсау азайды. Кеудемді құлазу тектес суық қуыс үңгіп ала жөнелді.

- Айтқан... Редакторың айтқан. Бері, мұнда кел. Ішке кіріп қайтеміз... Қағаз, қаламың дайын ба?

Ғабаң маған басын қисайта, көзін сығырайта қарап, содан соң есік алдындағы екі орындықтың біріне жайғасты. Екіншісін мен иемдендім.

- Абай туралы көп айтуға болады. Абай туралы ештеңе айтпауға да болады.

Мен асығыс қаламымды сүйекте бастағам, Ғабаң басын шайқады.

- Мұны жазба. Жазар кезді өзім айтам. Абайды есту оңай, ұғыну қиын. Абайды жағалау оңай, бойлау қиын. Кейде тым тереңнен қорқақтайтынымыз болады. Кейде тым биіктен үркетініміз де рас. Абай пендеге бітпес ойлылығымен түпсіз терең. Абай адамға ұстата бермес ғұламалығымен асусыз асқар шың. Біз әлі Абайды танымақ түгіл маңайлай да алған жоқпыз. Мұқаң, Мұқтарды айтам, Абайды біраз таныстырмақ болып еді, замана ауқымы бар, саясат ықпалы бар, қалтарыс-бұлтарысқа едәуір алаңдап қалды. Оның үстіне университеттегі дәрісін де тиянақты оқуға мұршасын келтірмеді ғой.

Ә-ә, бірді айтып бірге кетіп барам ба. Жас озған сайын ойды ой қуалап, көп өкініштен өксік туындап жататыны болады.

Қолындағы таяғын көтеріп қап, алдындағы өзі ғана

көріп отырған әлдебір нүктесінен көзін жұлып алып, бетіме қарады. Ой толқынына сүңгіген адамның шынайы бейнесін көрдім. Көз мұңаяды екен. Маңдайға қатарласа түскен сызықтар тереңдейді екен. Еріндер ажырап, іштегі солығы мол күрсініс лебін дірілдете шығарады екен.

- Нешедесің?.. О-о, қайда әлі, сендер ой кешпей ойын қуатын жассыңдар. Ой - мұхит... Мұхит қой. Малтығасың. батасың. Шығасың. Шашаласың. Жеткізбейді-ау шеті!.. Сондайда қол ұшын берер тұстас, қадірлес іздейсің. Қадірлес... - Ғабаң енді таяғын жерге тіреп, иегін кеудесіне сүйеп біразға дейін үнсіз қалды. Сұйылған шаштың арасынан төбе құйқасы қызарыңқырап шалынады. Бұрын қол жетпес алыс көрінетін, дауыс жетпес биік көрінетін қаламгер аға алдымда күйігі бар, күрсінісі бар, сағынышы бар, өкініші бар кәдімгі қарапайым пенде күйінде ет пен сүйектен жаралғанын дәлелдеп, құлазып отыр.

“Қадірлес”. Мағнасы зор, қасиеті мол жалғыз ғана сөз. Сыр ұққыш қазақпыз ғой, оның үстіне қаламгер боламыз ба деп бір-екі кітап шығарып үлгерген жәйім бар, үлкен адамның үлкен уайымы, үлкен алаңы барын сезіндім. Қадіріңді тану үшін қадірлесің болуы керек екен-ау. Әрине, Ғабаң құрметтеуден кенде емес. Сый көруден де алдына жан салмайды. Қара таныған адам, Ғабаңның кітаптарын оқымаса, ондай оқырман қазақ та емес. “Естігенімді емес, екшегенімді еліме айтайын. Түрткенімді емес, көңілде қорытқанымды халқыма жеткізейін” дейтін зерделі шебер ғой. Сондықтан ұлтының ұлына айналған тірі классик жанына жан жуытпастай, жалына қол тигізбестей көрінетін. Енді міне...

Тобылғы таяқ жерге тық-тық тиді. Ғабаң тамағын қырнады.

-Жаз, қарағым...

Қойын дәптердің үш-төрт бетін толтырдым. Менің қаламымның шабандау жүрісіне сәйкестендіре ме, әлде ішкі ой толқынынан керекті ой ағынын іріктеуде кібіртіктеуі біліне ме, сөздерін санап, салмақтап шығарады.

- Ал, осымен тәмамдайық, - деп Ғабаң орнынан

көтерілді. Блокнотымды жауып мен де тұрдым. Ғабаң тағы да көзін сығырайта, басын қисайта маған қарай қалды. Содан соң манағы қимылмен оң қолын жоғарыдан төмен сүңгіте саусақтарыма жанастырды. - Қызметтегі машина ғой, бастығың күтіп қалар. Сау бол. Айтпақшы, қаламақаны мына үйдің әдресіне жіберіңдер.

Бас изедім. Ғабаң суық тартып, тұман оранып, мұнарланып алыстап сала берді. Әлгіндегі күйініш-сүйінішімен жақындаған адам күйінен бұрынғы асқақ классиктік тұғырына қонақтап ала қойған екен.

Бас изедім тағы. Тіл қатқым келмеді. Менің ендігі үнім анау тоғыз қабат торғауыт құрсанған денеге енбейтін тәрізденді. Менде де намыс бар, біз өтпеске кейде сөз өтпесін ұққан халде ауладан шықтым.

- Тез біттіндер ғой...

Айдаушым мәз. Менің көп бөгелмегеніме қуана ма, әлде өзінің жол үстіндегі күдікті болжауының орындалғанына ырза ма, екі езуі екі құлағында.

Машина артымен шегініп барып бұрылғанда, бергі жасыл төбенің иығынан суырыла шығып, тік көкке шаншылған Алатаудың ақ басты шыңы көзіме шалынды.

“Биікті биікпен ғана өлшейді”. Бұл Ғабаңның әлгінде Абайды бағалау, пайымдау үшін айтқан сөзі. Жазық даланың жалғыз төбесі маңайындағы жұртқа тау боп көрінуі сөзсіз. Ал шын асқар, ұлы биіктің салыстыру арқылы байқалары анық. Абай - жоталардан жота оздырып, еңселеніп бой көтерер Хантәңіріндей болса, Ғабаңның өзі де әлгі ұзын жоталардың қақ ортасында еңселене қалатын шыңдарының бірі ғой. Алыстап еді, зорайып сала берді. Құдіреттеніп өсе берді. Әрине, қай заманда да қай биік төменге еңкейіп, бүгіліп, иіліп жатқанды ұната қойсын. Ендеше, сол төбедегі қалпымен төмендегі бізге интервью бергені де ықыласын көрсеткені емес пе деп өзімді-өзім жұбатып келем.

Араға төрт-бес ай салып тағы да Ғабаңмен жолығудың реті келе қалғаны. Енді дүлділ Жамбылдың жүз жиырма бес жылдығын атап өтпек болған журнал басшылары сол кезде қалыптасқан әдетпен Абай

туралы сөйлеген Ғабаң Жамбыл туралы да неге сөйлемеске деген ниетпен тағы да мені жұмсағаны ғой. Астымда баяғы сол “Волга”. Айдаушым - Борис Подобед.

- Қалай, асханаға соғып, жолшыбай түстік ішіп аламыз ба? - сұрағында астар бар. Жай емес, қитұрқы астар. Басымды шайқадым. Қазақтық намысым дуылдап, қаныммен көтеріліп, денем ысынып қоя берді. Борис түсімді көрді ме, халімді түсінді ме, жол бойы тіс жармай машинасын жүйткітіп әкеп, Ғабаңның ауласының алдына тоқтатты.

Ғабаң тағы да қақпа алдынан қарсы алды. Үстінде өткенде де киіп жүрген жағасыз сұр пиджак. Тобылғы таяқ серпіп көтеріліп қалып, сол қолға көшті де, оң қолы тіп-тік төмен сүңгіп, саусақтары саусақтарыма жатырқай жанасты.

Бұл жолы менің де “ассалаумағалайкумім” көмейімде көміліп, Ғабаңның ерін жыбырлатар “уағалайкумсәламының” егізіндей бұғынбақ ойнап, тығылып қалды.

Редактормен телефон арқылы алдын ала хабарласып қойса керек, менен әңгіменің не жайында боларын сұраған жоқ. Баяғы “байлаулы” екі орындықтың біріне өзі жайғасты да, екіншісін маған икемдеді.

-Жамбыл!.. - Қарашығын кішірейте бетіме үңіліп, біраз үнсіз қалды. - Алыптар тұстас туады-ау кейде, ә. Түйдек-түйдек... Абай... Жамбыл. Бірі Арқада, бірі Жетісуда. Болмыстың кейде жомарт болатын шағы бар-ау. Болмыс деп табиғатты не құдіретті атаймыз, ә, сарыбала. - Жымиды. Қара немесе қой көзден гөрі ақ-көкшіл түсі басым жанарда жылт ойнады. - Бір Сарыбала бір сарбаланы қағытады, ә. Ал, болмыс шіркін көбінесе қытымыр. Қысып қалады алақанын. Уысынан шығарғысы келмейді данышпанды...

- Кейде белгілі бір кезеңнің ақ дастарқанға сары бауырсақты топырлатып төккендей дарын мен дананы үйіп тастайтыны белгілі. Мәселен, он тоғызыншы ғасыр - Россия үшін алтын ғасыр ғой, Ғаба, - деп мен де сөз қостым.

- Иә-ә, он тоғызыншы ғасыр қазақ даласы үшін

де сарандық жасаған жоқ. Сол сен айтқан алтын ғасыр бізде де болған. - Ғабаң күрсінді. Шолақ таяқты еңкейіңкіреп барып жерге тіреді. Содан соң серпіліп қалып, қайта шалқайды. Осы қимылдарын бағып отырған сырт көз сабырлы қаламгерді жерден қуатнәр алатын Антейге ұқсатар ма еді бәлкім.Маған солай көрініп кетті. Әйтеуір сараң қимыл-қозғалыс тегін жасалмайтын тәрізді. - Абай, Жамбыл өз алдына. Осыларға Шоқан мен Ыбырайды қоссаң, одан әріден Махамбет, Дулат, Жанақ, Сүйінбай, Шортанбайларға көз жіберсең, бергі Біржан, Шөже, Ақан, Көкпайларға ден қойсаң, кеудеңе шүкірлік енбей ме. Анау күйші, әнші, жыршылар ше, Құрманғазы мен Дәулеткерей, Динамен Мұхит, Сегізсері, Тәттімбет, Тоқа, Ықылас... қайсы бірін тізе бересің... нағыз самородок сары алтын дарындар ғой, шіркін! Балуан шолақтың бір өзі неге тұрады? Кенен, Жарылғапберлі, Ғазиз... Көп қой, көп алашыңның айтулы ардагерлері...

Ғабаң шүйдесін қабырғаға тіреп, көзін Алатауға қадап қыбырсыз қалды. Мен тамағымды қырнап әріптес ағаны өзіме шақырдым.

- Кенекендер- біздің ғасырдың басы ғой.

- Иә. Сол өткен ғасырдың соңғы ширегі мен біздің бұл ғасырдың алғашқы кезі ғаламат таланттар туғызып еді-ау. Амал не?... - Ғабаң кеудесін сарқа күрсінді. Ішкі тірегі сынғандай шөгіп сала берді. “Апырай, ағалар сырын ұқпайтын меңіреулігімізді жеңер күн туар ма? Әлде бұлар әрісі құдай, берісі пайғамбар қалпынан ажырамай, ал біздер сырттай бас шұлғып, алыстан ардақ тұтып, кеуделерінің қақпасын қақпай, көңілдерінің алтын сандығын ашпай өз-өзімізден үркектеп жүре береміз бе? Жаны күйзеле аңсайтын асылы, сағына іздейтін саңлағы барын сездірмеді ме? Біз неге білмейміз? Қосыла неге іздемейміз?” Осы ой-күдік, ой-түйсік кеудемде тірілді.

- Аға, (әкемді “аға” дейтінмін. Ғабаң әкемнен де үлкен. Содан да “аға” дедім бе екен?) Мағжан ақын емес пе солардың бірі?

Көздер жылынды. Тобылғы таяқ әсем қозғалып ауа сызды.

- Білуші ме едің?! Мықты еді ғой ол! Ақыннын

ақиығы ғой! Абылай туралы, Кенесары туралы дастандары бар.

- “Батыр Баян” поэмасын оқығам.

- Қайдан... кімнен алып ең?

- Қуандық- ағадан... Шаңғытбаевтан.

- Онда болады. Ол Қуандық шын ақынның қадірін біледі. Қадірлей біледі... Ал Мағжанның алдында Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Шәкәрімдердей алыптар тұрған. Әне, тіл соларда еді ғой. Қазақ тілі - бай тіл дейміз. Ал сол бай тілдің мәйегі - жазушы, қаламгер тілі болуы керек. Ахаң, Жақандар тұнықтан жүзіп ішкен шын жүйріктер еді. Сөздері де, өздері де асыл еді-ау, асыл!..

Сөзді саралай білу, сөздің орнын таба білу, табылған орынға сөзді қиюластыра қалай білу - құдіретті қаламгердің еншісі. Сөз - кірпіш. Оның да ірісі, ұсағы болады. Күйдірілгені, шикісі болады. Дұрыстап екшеп, өлшеп, салмақтап қолдансаң, сөйлемің ойнап, ойың қуаттанып, тілің сайрап жүре береді.

Тілге мейлінше сақ болу керек. Тілге мейлінше қамқорлық жасау керек. Әйтпесе ұлтымыздың ұлы тілінен айырылып қаламыз... Айырылуға таяумыз. Өз тілін өгейсітіп орысша ойлап, орысша сайрайтындар түгіл бүгінде қазақ жазушылары да ана тілін ұмыта бастаған. Бұл - індет. Кеселдің алдын алмаса, арты жақсылыққа соқпайды.

Мен сағатыма қарадым. Сергек Ғабаң қимылымды қалт жібермеді.

- Енді жазуыңа болады. Жамбылдың жүз жиырма бес жылдығы ғой, ә...

Сол баяғы баяу ырғақ, сабырлы екпінге ілескен қаламым қойын дәптердің тағы да екі-үш бетін толтырды.

Тоқ еткен таяғы нүкте қойғандай жерге тірелді де, Ғабаң таяғына сүйеніп орнынан тұрды.

- Айдаушың күтіп қалды біраз. Ал, сарыбала, сау бол. Қаламақыны жіберуді ұмытпандар.

Бас изедім де бұрылып жүре бердім. Веранданың ашық есігінен манадан танауымды қытықтап тұрған ащы қуырдақтың тәтті иісі де қоштаспай қала берді.

Бұл жолы Борис Подобед үндеген де, күлген де жоқ. Машинасын үн-түнсіз от алдырып, атқытып қозғап әкетті...

Арада жыл өтті. Азия-Африка жазушыларының халықаралық бесінші конференциясы Алматыда өтетін боп, соған бүкіл Қазақстан болып дайындалып жатқанбыз. Тағы да маған Ғабаңнан интервью алу тапсырылды. Бас редактор Тахаң (Тахауи Ахтанов) мені шақырып алып:

- Софы, сені Мұстафиновед болды деп отыр Жәкең... Жәрдем ағаң. Сүт пісірімнің ішінде, көп бөгелмей, барады да интервьюді алып келеді дейді. Онда осы жолы да өзіңе тілек білдіреміз. Ағаңнан конференция туралы не ойлайтынын сұрап, білсең, - дегені.

Бастық жұмсаса, қалай келіспессің. Менің Қарғалыдағы Ғабаңа баратынымды естіп, журналда бірге істейтін, бір бөлмеде бірге отыратын бүгінгі белгілі жазушы Дулат Исабеков маған өкпе білдірді:

- Ағаңа ылғи барасың, жалғыз барасың. Біздің де барғымыз, сөйлескіміз келеді.

Машинаны аяймын ба, “дастарқанын” аяймын ба, Дулатқа “онда бірге барайық” демей не дейін.

Көрген жерде ауыл бар. Келдік. Бұл жолы Ғабаң қақпа алдынан тосып алған жоқ. Дулат екеуміз верандаға кірдік. Кең екен. Төр жағындағы газ плитаға шыжғырып қуырдақ қуырып жатқан жеңгеміз бізбен қысқа, келте амандасып, Ғабаңның қазір келетінін айтып отыра тұруымызды өтінді. Дала ыстық, веранда қоңырсалқын. Екеуміз отырмыз, үнсіз отырмыз. Бір кез Ғабаң кірді. Қолында қағазға оралған түйіншек. Жұбайына әлгіні ұстатып жатып:

- Дүкенге кірсем, тұр екен. Немереме алдым. Трико шалбар, - деп маңғазданды.

- Трикосы бар еді ғой... - жеңгеміздің көзі бізге түсті. - Сені балалар тосып қалды.

Ғабаң артына бұрылып, кірерде көз түспес қалқалау бұрышта отырған біздерді көрді. Жоғарыдан төмен сүңгітіп алақанын екеумізге кезек ұстатты. Мені жақсы таниды. Сөзі де маған бағытталды.

- Жүр, есіктің алдына шығалық.

Үшеуміз сыртқа шықтық. Орындықтарды көлеңкелеу тұсқа қаңтарып қойған екен, екеуіне екеуміз қонжиған соң, орындық тимеген Дулат әрірек, бақ ішіне қарай кетті.

Конференцияның маңызы - екі құрылық жазушыларының бас қосуында екенін, ал осындай ұлы жиынның тұңғыш рет Алматыда өтуі - Республика беделін арттыра түсетінін, әр түкпірде жатқан, әр бөлмеде ақ қағазға оңаша үңілетін қаламгер дейтін бұйығы мамандық иесінің әр қиырдан келген әріптестерімен бас қосуы, шүйіркелесуі, аты-жөнін біліп, не жазғанымен танысуы - көңіл көкжиегін кеңейтетіні, бәрінен де бұрын Ташкеннен кейін Алматыда өтейін деп отырған бұл халықаралық мәжілістің қазақ халқы үшін, қазақ өнері үшін, оның ішінде әдебиеті үшін бір биік белес болатынын түйіп-түйіп тастаған Ғабаң тобылғы таяғымен көп нүкте қойып, бір дем алды.

Көзін сығырайта Дулат жаққа үңіліп отырды да, маған бұрылды. Енді түйдек ой тіл мәселесіне, қазақ әдебиетінің бүгінгі бұзылып, әлсіреп, шұбарланып бара жатқан тілінің мүшкіл халіне ойысты. Өткенде де, редакция мәжілістерінде де талай естіп, талай тындап, құлағым жаттығып қалғандықтан ба, қойын дәптерімді жауып, жазуымды тоқтаттым. Соны байқаған Ғабаң да әңгімесін шорт үзді. Екеуміз де орнымыздан тұрдық. Ғабаң қақпа сыртындағы “Волгаға” мойын бұрды.

- Анау Борис пе?

- Иә, Ғаба!

- Шоферға обал. Түс кезінде де дем алмайды... Төрелік мінезге көбірек үйір боп барамыз. Түбі дұрыс бола қояр ма екен. Машинаны қаңтарып, шоферды байлап қоямыз жіпсіз...

Ал, сарыбала, сау бол. Анау досың да журналда істейді, ә...

Дулат қасымызға келді. Ғабаң көнігі сараң қимылымен оң алақанын екеумізге кезек-кезек ұсынды.

Біз машинаға отырдық.

Дулат ренжіп келеді. - Тіпті аты-жөнімізді де сұрамағаны қалай? Жасы үлкен адам “қай баласың,

қарағым?” дегенді маңдайыңнан сипағандай етіп сұрамаушы ма еді?

- Сен бір келіп-ақ өкпелеп қалсаң, мен осымен үшінші рет келіп, сарыбаладан басқа ештеңе естіген емеспін. Мінезі болар, - деп мен өзімше жуып-шайған болам.

Соңғы рет Ғабаңмен 1984 жылы сөйлестім.

- Сарыбала, сенің “Елім-айынды” Ғабит маған қайта-қайта мақтап қоймайды. “Оқып шық” деп айта береді. Менің көзім қағаз оқудан қалды ғой. Оның үстіне сендер жастар, ағаларыңа кітап беруді білмейсіңдер. Бар болса, сен, сарыбала, “Елім-айынды” автографынды жазып әкеліп, өзің маған оқып беріп жүрсең... Қалай, келісеміз бе? - деп Одақтың алдындағы жеңіл машинаға мінгізіп жатқанымда бетіме күлімсірей қарады.

- Жарайды, Ғаба! Неге келіспейін.

Сонда сездім Ғабаң біздің аты-жөнімізді білетін көрінеді. Не жазып, не қойғанымыздан хабардар да тәрізді екен. Ішімен де, сыртымен де аса салмақты қаламгер балапанын бабымен баулыған қырандай көз қырын сала жүреді екен ғой.

Бірақ мен Ғабаңа кітабымды оқып бере алмадым. Сол жылы Орталық партия Комитетіне жұмысқа ауыстым да, кабинетке қамап тастайтын шенеуніктік қызметтен бос уақыт таппай қалғам...

1985 жылдың қаңтарында Ғабаң аяқ астынан бәрімізді адастырып кетті ғой.

1990 жыл.

ЕКІ КЕЗДЕСУ

1980 жылдың 26 - ақпаны болатын.

“Жұлдызда” істейтінмін.

Үстел үстіндегі қызыл телефон шар ете қалды. Оқырманы екі жүз мыңның үстіне шығып кеткен журнал қызметкерлеріне телефон маза беруші ме еді, трубканы зауықсыз көтердім.

-Маған жолдас Сматаев керек еді,-деген ресми дауыс бұлтартпас сұсымен басып кетті.

-Ме-мен едім ол,-деп еріксіз ылдилай қалдым. Өйткені жасы үлкендері іш тартып, кішілері “ағалап” жататын әріптестерімнің сөйлесу мәнері өзіме белгілі. Дәл мынау өктем дауыс иесіндей “жолдасты” қосақтамайтын олар.

-Сіз, Сматаев жолдас, ертең күндізгі сағат үшке Председательдің қабылдауына келіңіз!

Председательдің бас әріппен айтылғанын сезсем де, кім екенін қайдан ажыратайын.

-Председательдің?! Қандай председательдің?

-Кешіріңіз. Мен өзімді таныстырмаппын-ау. Мен-Министрлер Советі Председателінің көмекшісімін. - Дауыс реңкі сәл жұмсарды.

-Министрлер Советі?! Мені қайтеді?-енді таңырқау да, қобалжу да, сескену де қабаттасқан дірілді толқын тұлабойымды билеп алып кетті.

-Кешікпеңіз, жолдас Сматаев!-Дауыс пышақ кескендей тиылды.

“Кешікпеңіз”... Осы жалғыз сөз әмір-бұйрық белгісіндей кәдімгі сұп-сұр түске ие болып, көз алдымда тұрып алды.

“Неге шақыртты екен? Не істеп қойғам?”

Менен мүлде маза қашты. Сұрақ-жауап, сұрақ-жауап басымда кезек алмасып жатыр. Өзімнен жасы да үлкен, атағы, лауазымы да жоғары, орден-медалі

де әлдеқайда көп талай “мықты” әріптесімнің Төрағаға айлап емес, жылдап кіре алмай жүретіндерін білетінмін. Сол берік қақпа, биік қорған маған не себептен оп-оңай ашылмақ? Не үшін ашылмақ? Қандай себеппен ашылмақ?

Қанша жерден творчество адамымыз десек те, әкімшіл-әміршіл жүйенің икемдеуіне, илеуіне әбден бейімделіп, “жоғарғы жаққа” жалтақтай көз тігіп, құлшына құлақ түріп дағдыланып қалғанбыз ба, қарапайым дауыс жетпес сол тұстан оқыс шар еткен телефонмен берілген тосын шақыру кешке дейін маған бәйек тапқызбады.

Миымды шаққан жалғыз ғана: “Неге?” деген сұрақ. Тоқетер жауабы табылмас сұрақ.

Қаламгер қауымының сәлемшілеріне айлап, жылдап сықырламайтын қақпа айқара ашылып, мені ғана тосып тұруы қалай? Оңай ашылып, оқыс сықырлауының мәні неде? Сол қақпаның арғы жағындағы жалына қол жетпес жанның қабағы ертең қандай күйде болмақ? Мұз қатып, ызғар атар ма? Күн боп күліп, шуақ шашар ма?

Бүйрегімді бүлк еткізген әлде бір тәтті үміт те қылаң беріп қояды. “Қырықтың бірі-Қыдыр”. Себепсіз салдар болмайды. Төрағаның ықыласы маған ауған шығар. Шіркін сөйтсе қайтер еді? Ақ түйенің қарны жарылып, бұлт астынан күн жарқырап шықса ғой”...

Түнімен дөңбекшідім. Көңілге алаң кірсе, төсек-өртке, күдік-дертке айналмай ма. Тамаққа да зауқым соқпай, кірпігім айқаспай-ақ қойды.

Миды шаққан “Неге?, “Не үшін?” дейтін тынымсыз сұрақ тұс-тұстан найза боп сұққылайды.

“Әй, кісі тонап, адам өлтіргенім жоқ. Шет елге барам деп мазалап, пәтерге таласам деп қиқылдасып, ешкіммен “әй-шәй” десіскем жоқ. Жазған-сызғанымда өкіметке зиян, партияға залал келтірердей иненің жасуындай адасуым жоқ. Ендеше несіне бүлінем... Қайта пәтер дегеннен шығады. Мынау биттің қабығындай жұп-жұқа қабырғасы бар, аядай-аядай үш бөлмелі пәтерімді неге ауыстыртып алмаймын. Мұнан кейін Төрағаның қабылдауына кірем бе, кірмеймін бе?”

Сыныққа сылтау керек екен. Өтінішімді “әдемілеп” жазып, төрт бүктеп папкама жытырдым. Сол-ақ екен күдік сұрақ та, беймаза түн де жайына қалды. Қорылдап ұйықтап кеттім.

“Кешікпеңіз!”.

Көмекшінің сыпайылатқан әмірін бұйрықтан қалай кем көрейін. Сағат үште емес, екі жарымда-ақ кіруге рұхсат қағаз беретін бюроның табалдырығынан аттадым. Қағаз да дайын екен. Кезекші милиционердің, ұзын да ұзақ дәліздерде қарсы кездескен “дөкей” қызметкерлердің сілтеу-бағыттауларымен ақыры Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің Төрағасының қабылдау бөлмесіне жүрексіне ендім. Бөлмедегі екі жігіт өзіме қарсы жүрді.

-Фамилияңыз?..

Айттым. Даусым сәл дірілдесе де сыр бермеуге тырыстым. Екеудің бірі қолын созды. Мен ол қолды екі алақанымммен бірдей тосып алмақшы едім... Сөйткенше әлгі қол білегімнен шап беріп қадалып, мені жетелеп ала жөнелді. Қабылдау бөлмеге кіре берісте, кейінде дәліз-фойе қалған-ды. Әлекедей жаланған жігітім мені сол араға ертіп келді де, үн-түнсіз тізіліп отырған жетеудің қасындағы бос орындықты нұсқады.

- Осы арада күте тұрыңыз, жолдас Сматаев.

Бас изедім. Жігіт өз орнына қайтып кетті. Мен енді қасымдағыларға назар аудардым. Олар да маған тегіс кірпік қадап қалыпты. “Е-е, сендер де мен тәрізді әмір-бұйрықпен келген болдыңдар ғой. Сегізіміз бірден айыпты емес шығармыз” дейтін кеудемде далбаса ой тірілді. “Көппен көрген-ұлы той” деген де бар. Сол-ақ екен жан-жағыма көз тоқтатып қарауға кәдімгідей жарап қалдым. Басымды сәл шалқайта төбедегі хрусталь люстраларға да, қарсы қабырғаны жағалата қойған шыны шкафтарға, шкафтардың ішіндегі заттарға да бажайлай тесілем.

Қасымдағы жетеудің екеуін бірінен соң бірін ертіп әкетті. Ертіп әкететін де әлгі жұтынып тұрған жігіт. Тағы бір ғажабы: Ол шақыратын адамының аты-жөнінің алдына “жолдасты” жегіп, соңына лауазымын тіркейді екен. Содан білдім, әлгі екеудің бірі министр

де, екіншісі басқа бір министрдің орынбасары болып шықты. Мен енді қасымда қазық жұтқандай қыбырсыз тіп-тік отырған бесеуге көз қыдырттым. “Күн сайын министрлермен бірге қабылдау күту реті келе бермес, осыңдай қисыны келіп тұрғанда министрлерді де бір сынап қалайын” тәрізді әуесқойлықты да кеудемнен аулап қалдым. Оның үстіне мына галстуктері алқымын сығымдаған бес министрдің соңынан кезек тисе, әлі де біраз отырып қалам-ау дейтін пенделік күдік те бүйірімде бір аунап, бой көрсетіп қалды.

Жоқ Алданыппын. Үшінші ғып көмекші жігіт (әлде көмекшінің көмекшісі) мені ерте жөнелді. Көзімнің қиығымен отырғандарды бір шалып қап едім: әлде өздерінен әлдеқайда жас, лауазымы әлдеқайда төмен менің ертерек өткенімді жақтырмады ма, иелерінен гөрі астарындағы орындықтары шешен сықырлап, сөйлеп қоя берді.

Кеудемді тіктеп ала қойдым. Бойымды әрі намыс, әрі мақтаныш сезімі биледі. “Иә, мен-жазушымын! Ал, жазушы-халық өкілі. Халықтың тілі, ойы, мұраты! Ендеше сіздер, аса дәрежелі министр мырзалар, орындықтарыңызды сықырлатып отыра тұрыңыздар. Солай!”

Еденнен төбеге бір-ақ шапшыған қос қапталды қос есікке жеткенде әлгі кеудемді нығыздаған өзімшілдеу мерейленуден жұрдай болдым. Кішігірім пәтердің бір жақ қабырғасын тұтас алып тұратын “стенка” деп аталатын мебельден бір де кем емес қоңыр есік абажадай сесімен аяғымды жерге байлап, жігерімді жасытып-ақ жібергені. Қыбырлауға шамам келмей тұрып қалсам керек, тағы да таусылмас “жолдасымен” жебеген көмекші иығымнан демей итеріп, есіктің тұтқасынан тартып қалды. Қос есік үздік-создық ашылып, мені жұтып жіберді.

...Сұмдық кең бөлме екен! Сол кең бөлмеге лайық сұмдық ұзын үстелдің бас жағында тұрған адамның қарсы жүргені жадымда.

-Сәке, төрлетіңіз!..

Алғашқы естігенім осы екі сөз.

Төрағаны дәл қасымнан көргенім де осы. Орта бойлы, тіпті орта бойлыдан сәл төмендеу де, кең

мандайлы, ашық жүзді Бәйкен аға Әшімов жақындап келіп, алақанын ұсынды. Сыпайы жымиысы, ақ-жарқын қабағы тәулік бойғы күдік-күманымды бірден жуып тастады.

- Ассалаумағалайкум, аға!-деп даусымды соза, алақанын қос алақаныммен қысып алдым.

- Отырыңыз, Сәке.

"Сәке!"

Үлкен кісінің, биік лауазымды кісінің қарапайым да кішіпейіл ілтипаты кеудемді алғыс сезімге, қуаныш толқынына толтырып жіберді. Қаламгер қауымы-сезімтал халық. Даналығынан балалығына тез ауыс-қыш халық. Балаша оп-оңай ренжи де салады. Балаша оп-оңай қуана да алады. Мені де сондай бір күй баурап әкетті. Алдымда отырған аса биік дәрежелі адамнан әлдебір бауырмалдық, әлдебір ағалық жақындық, әлдебір туысқандық мейірім мен ықылас таптым ба, еркіндік сезіндім.

- Сәке, мен сізді дәл осылай деп... ойламап едім.- Бөкең бөгелді. Мен батылдандым.

- Қалай деп ойлап едіңіз, Бәке?

- Осындай дегенде... мен сізді кемінде алпысқа жақындап қалған жан көруші ем. Кітабыңызды, "Елім-айды" оқығам. Ондай кітапты көпті көрген...- Бәкең тағы да сәл кідірді.-Елуден асқан, кемелденген...

Мен тағы да килігіп кеттім.

- Ақыл-ойы толысқан, парасатты адам жазуы керек демексіз ғой, аға.

- Жо-жоқ, Сәке! Кейде адам ойының сырттан тон пішкендей қатты адасып кетерін айтқалы отырмын. Мен сізді, шынымды айтсам, өзім құралыптас егде кісіге балап қойғам. "Елім-айдағы" ой тереңдігі, тіл байлығы, сөз мәйегі мені еріксіз сол тұжырымға жетелеген. Ал сіз, Сәке, мүлдем басқасыз... Ойым-дағыдан, қиялымдағыдан басқасыз. Жассыз... аласа-лаусыз. Кешіріңіз, Сәке, маған сіз, неге екенін қайдам, бойыңыз екі метрден астам боп елестейтінсіз.

Мен күлген болдым. Жастың бір қартаюы ақиқат, бірақ аласалау бойдың сораймауы-өкініш. Қайтейін, о баста әркімнің маңдайына мөлшерлеп жазылған мінез-құлық, ой-бой, атақ-даңқ боларын сезем ғой.

Ой берген Тәңір-Құдіретке бой бермедің деп ренжімесем де, тамсанған талай оқырманымның көз алдында осынау алыпқа тән емес сырт тұлғаммен көңілдерін қоңылтақсытып алатынымды және жасыра алмаймын.

Ойланыңқырап кеткенімді сезді де, Бәйкен аға иығыма қолын салды.

- Нешедесіз, Сәке?

- Қырыққа жақындап қалдым,-деп егде тартқанымды ілгері ұсынып, ұпай жинамақ болдым.

- Түу, әлі жас екенсің... ғой!-Иығымдағы қолын босатып, орындығына шалқая берді. Ендігі қарасында қызығу мен сүйіну тәрізді үлкендік елжіреу мол.

- Қартаю қашпас, аға...-күрсіндім білем, Бәкең күліп жіберді.

- Асықпа, асықпа қартаюға. Жастықтың жалынын, реті келсе, ешқашанда жоғалтпауға не жетсін. КазГУді қашан бітіріп едіңіз?

- Аға, мен Мәскеудің Болат институтын тәмамдағам. Мамандығым-инженер-металлург.

- Оу, сонда сіз инженер боп жүріп кітап та жазасыз, ә!..

- Жоқ, аға! Инженерлікті қойып кеткем...

- Бәрібір молодецсің!-Бәйкен аға “сіз” бен “сенін” араластырып отырғанын байқамайды. Ал маған осы ақжарқын кісінің сыпайы сызылған “сізінен” гөрі өзімсінген “сені” көбірек ұнайды.-КазГУ бітірмей-ақ мықты жазушы болғансыз.

- Бәке, оқымыстылардың айтуынша “талант”, “дарын” дейтін әлде табиғаттың, әлде болмыстың сыйы бар көрінеді. Сол туа біткен дарын, жалқаулықты желкеге мінгізбесе, кей-кейде әлгі пендені не ақын, не әнші, не күйші етіп шығарады деседі білгіштер. Менікі де сондай бір хал болар. Өйткені, тағы бір зерделілердің тұжырымдауынша, ешқандай оқу, үйретумен қаламгер жасау мүмкін емес тәрізді.

Бәйкен аға сақылдай күлді. Күлкісі де шынайы. Әшейіндегі алдамшы, не қолпаштаушы, не жымысқы күлкі емес. Мен одан сайын далидым. Қолыма ұстап кірген папкамнан екі кітабымды шығардым да, үлкен кісінің алдына қойдым.

- Мынау кітаптарым еді...

“Елім-айдың” бірінші кітабын қолына алып, алғашқы бетін ашты.

- Дұрыс... Қолтаңбаңыз бар екен. Ескерткіш қой. Үйде, төрде тұрады. Бұрын оқып, ырза болғам. Ал, мына “Акжелең” романыңызды көріп отырғаным осы. Үй ішімізбен бұны да тездетіп оқып шығуға уәде етем.

Қайта-қайта бас шұлғимын. Жазушы бақыты-жазғанының оқылуы, еленуі. Оқырман ықыласына бөленуі. Ал, Бәйкен аға Әшімов сынды республика басшысы шығармаңды оқып шығып, ризашылық танытса, одан артық бақыт, әй, бола да қоймас. Еңбегің жанғаны да осы ғой. Бұдан кейін алынбай жүрген атағың да, берілмей жүрген лауреаттығың да түк емес. Түк емес! Сатып алған, тілемсектеніп сұрап алған ат-атаулар бойға жұқпаса керек.

- Рақмет, аға! Рақмет!

- Рақметті қайта біз сіздерге айтуымыз керек, Сәке. Шынында да дарын иесі-нағыз құдірет! Мүлгіген ойды қозғайды. Қобалжыған кеудені тыншытады.-Бәйкен аға екі кітапты бірінің үстіне бірін қатарлап, үстелдің сол жағына қарай ысырып қойды.-Ал, “Елім-айдың” екінші кітабын қашан оқимыз?

-Биыл шығады. Жыл ортасына таман дүкендерге түсіп қалар.-Желпініп отырғандықтан ба, мен де уәде бердім. - Алғашқы данасын өзіңізге әкеліп берем, аға!

Бәкең сәл жымия бас изеді.

- Лауреаттыққа ұсынған жоқ па?

- Нені?.. Кімді?..

- Романыңызды, “Елім-айды”.

- Жоқ.

- Екіншісі шығысымен ұсынту керек. Жазушылар одағы кейде түкке тұрмайтын нәрселерді ұсынып, бас қатыртып қояды. Халық сүйіп оқитын дүниелерді аз жазатын боп кеттіңіздер.-Бәкең тағы жымиды.-Бұл сын әзірше сізге жатпайды. “Елім-айыңыз”-тәуір шығарма.

- Солай сияқты, Бөке...

Бөкең енді қарқ-қарқ күлді.

- Кеудесін тесіп жіберердей қақпаса да, өз бөсін білмес жазушы болмас, сірә. Да-а, кейде мақтануға,

орысшаласақ, гордиться етуге болады мықты дүние туғызғанда.

Республика басшысы емес пе, көз қиығы алдындағы сағат тілдеріне түсті. Сол-ақ екен мен әлдебір өзгерісті сездім.

- Маған, Сәке, қандай бұйымтайыңыз бар?

Қипақтап отырып папкадан түнде жазып қойған өтінішімді алып ұсындым. Төраға қағазға көз жүгіртіп өтті де, бетіме бұрылып қарады. Ағы көптеу көздерден суық сұс білінді.

- Сонда төрт бөлме керек қой?..

- Берсеңіз бесеуді де көпсінбеймін,-деп әзілдеген болдым.

Күлген жоқ. Ойланып отырып, өтініштің бұрышына әлденені жаза бастады. Мен ыңғайсызданып қалдым.

- Қазір дайын үй де, пәтер де жоқ. Совминнің салынып жатқан үйі декабрьде бітеді. Соны күтесіз, Сәке.

“Иә!” деп бас изеп, қоштасып кете берудің орнына мені аяқ астынан түлен түрткені.

- Бойымды көріп отырсыз. Небәрі жүз алпыс жеті-ақ сантиметр. Оңда, аға, тағы да алты ай жаз автобуста сығылысып, қоламса сасыған талай қолтықты тағы иіскейтін болдым ғой.

- Қайда тұрушы едіңіз?

- Шәмші Қалдаяқовша айтсам, Фрунзенің түбінде-он екінші мөлтекауданда.

- Онда жекеменшік машина сатып алыңыз.

- Оны маған кім береді!

- Совминға арыз жазыңыз. - Алдында жатқан бір парақ ақ қағазды бері сырғытты. Мен көп күттірместен тез-тез сүйкектетіп өтіп, әлгі қағазды кері сырғыттым. Әшімов жолдас арызға көз жүгірте беріп, тамағын қырнады.

- ”Волга” сұрайсыз, ә... Бізде разнарядка деген болады. Биылғы жылдікі жасалып кеткен. Қазір жорға құнандай жұтынған “Жигули” дейтін жүйрік машина көп шығып жатыр. Әрі бағасы да арзандау. Правоңыз бар ма еді? Машина айдай аласыз ба?

- Жоқ, Бәке.

- Үйреніп, әбден машықтанып кеткенше “Жигули” қолайлы. Ал, “Волганы” кейін аларсыз. Оған да көмектесуге уәде етейін.

Мені бір қызбалық билеп кеткені.

- Дау айтсам, қалай көресіз, аға?

- Дауыңызды дәлелдей, түйіндей білсеңіз, неге тыңдамайық.

- Аға, сіз бүкіл республиканың-алып Қазақстанның ең үлкен басшысысыз. Ал, сіздің мені арнайы шақырғаныңызға қарағанда жасым кіші болса да талантымның біраз болғаны хақ. Сонда осы екі үлкеннің арасындағы болымсыз бір бұйымтай бүтін “Волгаға” симай, жартыкеш “Жигулидің” қанжығасына байланып кеткенін естіген ел ертең не демек?

Бәкең сыл-сылқ күлді. Қолын тағы да иығыма салып, ырғап-ырғап қалды.

- Айттың інім, айттың! Тағы қандай бұйымтайың бар?

- Басқа бұйымтайым жоқ.

Төрағасы орнынан көтерілді. Сірә, аудиенцияның біткенін ескерткен болар. Мен де ұшып тұрдым.

- Рақмет, аға!

- Сау болыңыз, Сәке. Екінші кітапты әкелуді ұмытпаңыз.

- О, неге ұмытайын, Бәке!

Екеуміз ұзын бөлмені қиғаштай кесіп өтіп, есіктің аузына жақындадық. Бәйкен аға қолын ұсынып қоштасты. Сыртқа мен қанат біткендей желпініп шықтым.

“Қандай жақсы адам! Алды сондай кең! “Ұлық болсаң, кішік болды” дәлелдеген нағыз азамат, нағыз басшы екен ғой! Биліктінің бәрін берекесіз, дәрежелінің бәрін дәрменсіз санайтын, хан сыртынан жұдырық білемдейтін болымсыздықты қашан тиямыз? Қашан тоқтатамыз? Үкімет басында осындай білікті, парасатты ағалар отырғанда, әдебиет те, мәдениет те бұрынғыдай қағажу көре бермес. Көркем әдебиетті қалай терең түсінеді. Қандай бақытты заманның творчество қайраткерлері едік! Бұдан артық арқаға қағып, маңдайдан сипау болар ма? Түсінді! Шығармашылығымды терең түсінді! Сыйлыққа ұсыну

қажет деді ғой. Дем бергені емес пе. Танысам деп әдейілеп шақырып алғаны неге тұрады. Еңбекке түк қыры жоқ, жақсыға қиғаш сыны көп керазулар ғана жамаңдайды екен-ау осынау биік отырғандарды. Ақылы көзінің ұшында тұратын қызғаншақтар елім деген ер қадірін қайдан білсін!

Әй, азамат-ақ екен! Қанат байлады-ау!”

Мені шалқытқан да, толқытқан да осы ой еді.

Арада екі күн өтті. Азандағы сағат тоғызда, үйден шыға бергенімде телефон зырқ ете қалды. Бұрылып келіп, трубканы көтердім.

- Маған жолдас Сматаев керек еді.
- Мен Сматаевпын.
- Мен-Председатель көмекшісімін. Сонымен сіз қандай машина алмақ болдыңыз?
- Қа-андай деймісіз?! - Тұтқиыл сұрақ еріксіз састырып еді, даусым шығар емес.
- Сіз өтінішіңізде “Волга” сұрапсыз. Аласыз ба?

Мәссаған! Сонда “Волганы” тапқан-ау! Қуанып та, абдырап та тұрмын.

- Неге үндемейсіз, жолдас Сматаев?
- ”Волга” деймісіз? Маған Бәкең “Жигулиді” атаған тәрізді еді,-деп күмілжіп тоқтадым.
- Жолдас Сматаев; қандай машина алатыныңызды ертеңге шейін ойланып, түбегейлі шешіңіз. Ертең осы уақта телефон соғам,-деп көмекші менің әрі-сәрі халімді түсініп, трубканы қоя салды.

Бір сөзге тоқтаған ата қазақ салты-ай! Дауымның түйіні Бәкеңді илантып, ақыры “Волгаға” тірелген екен-ау!

Бірақ...

Қолдағы жиған-терген қаржы “Волгаға” жетпейді. Әлі де бақандай үш мың керек. “Елім-айдың” екінші кітабы шыққанша екі-үш ай бар. Сол екі-үш айға біреуден неге қарыз ала тұрмаймын. Осы шешімге тоқтаған соң Одаққа жеткенше асықтым. Мен өзі жасырып-құпиялауға онша жоқ жанмын. Бәкеңе кіргенімді, “Волга” алатынымды лепіріп айтып, анадан да, мынадан да қарыз сұрап жайраңдап, жара-пазандатып жүрмін. Бірақ қалжыңдасатын құрдас-тардан да, өзімсінген ағалардан да көңілім оңбай

қалды. Байлары аяқ астынан барымтаға ұшырап, барлары тып-типыл жоқ болып шыға келді. Кім білсін, “Менен бұрын “Волга” мінбек бұл кім едің дейтін қызғаныш отына май құйып жіберген де болармын. Кешке қарай үйге тауым шағылып оралдым. Ертеңіне көмекшіге: “Бәкең маған әзірше “Жигулиді” ала тұруға кеңес берген. “Соқсаң да, соқтырсаң да -жарасы жеңіл. Әбден үйреніп ал деген”- деп сылтауратқан болдым.

- Осы жазушыларды-ақ түсіну қиын. Өзеуреп “Волга” сұрайды да, артынша-ақ айнып қалады. Жарайды. Онда Сауда министрлігіне барып, машина босатқан қағазыңызды алыңыз.

Бас-аяғы бес-алты күннің ішінде сұрғылт сары “Жигули” есігімнің алдында жарқырап тұрды.

Жаз өтті, қыс түсті. Желтоқсан келді. Бірақ Үкімет үйінен де, қалалық кеңестен де еш хабар-ошар болмады. Салынған үйі бітті ме, бітпеді ме, бөлінді ме, бөлінбеді ме-маған беймәлім. Сенерім-Бөкеңнің уәдесі. “Тау көшер, теңіз тартылар, бірақ Бәкең аға сынды азаматтардың екі сөйлеуі, айнып кетуі ақылға симас”. Осы сенім бүкіл ой-бойымды билеп алған еді. Маған Министрлер Кеңесінің Төрағасынан абзал адам, асыл адам, қадірлі адам жоқ еді. Өйткені ұлтының мәдениеті мен әдебиетіне ден қойып, соның әр өкіліне айрықша ықылас көрсеткен мемлекет қайраткерінің жүрегі тек тазалық, тек адалдық, тек адамгершілік деп соғуы тиіс. Ендеше, көл суалар, төбе тегістелер, ал, Бәйкен аға қанға сіңген табиғи қасиетінен айнымайды. Ауытқымайды.

Қыс өтіп, көктем жетті. Мамырлап май туды.

Радио күні - 7 мамыр. 1981 - жыл.

Жұмыста, кабинетімде отырғам, қызыл телефон шар ете қалды.

- Жолдас Сматаев, сағат үшке Председательдің қабылдауына келіңіз. Бүгін! Кешікпеңіз!

Сондағы ресми дауыс. Ресми атау. Бірақ осы дауыстан ардақты, дәл осы сұсты ресми дауыстан мен үшін қадірлі һәм сүйікті дауыс, әй, болмас та бұ дүниеде.

Жалғыз отырғам. Айқайлап әндетіп жібердім.

“Бәсе, Бәйкен аға ұмытпайды”. Ондай азамат уәдесін жұтпайды. Жұтуға ары жібермейді. Қандай адам! Қасиеті қандай! Бір сөзді-ау шіркін азамат аға!”

Сол сәттегі сырттай риза болған көңілімнің алғыс-құрметін дәл қазір айтып жеткізе де алмаспын.

Төмен түсіп, әлгі тай-құнандай жүйткіген “Жигулиіме” мініп, мөлтекаудандағы үйіме келдім. Балашағама қораздана қарап, екпіндей сөйлеп, жаңа кең пәтерге біржола кіріп қалғандай-ақ асып-тасып, қанама симай барам.

Киім ауыстырып, таранып-сыланып, “Елім-айдың” екінші кітабын папкама салып, ұлым Алмасымды қасыма отырғызып алып, Үкімет үйіне тартып кеттім.

- Папа, жақсы пәтер берсе, екі саусағыңды былай, “Ү” белгісінде, “виктория” - ”жеңіс” деп анау есіктен шыға бере көрсет, иә! - деп Алмас машина ішінде қала берді.

Сондағы таныс дәліз-фойеде алты адам отыр екен. Біреуі маған қарап, қолын көтерді. Өзімнің бастығым-сол кездегі Жазушылар одағының бірінші хатшысы Жұбағаң - Жұбан Молдағалиев екен. Қасына отырдым.

- Жай жүрмісің, Софы?

- Төраға шақыртыпты. Пәтер берем деп өткенде уәде етіп еді. Сірә соның реті келген болар.

Жұбағаң-аңқылдақ адам. Қуанып қалды.

- Онысы жақсы болды. Творчество адамдарының үйсіз, күйсіз жүруі-қылмыс! Тракторшыға трактор бермей, токарьға станок бермей, жұмыс талап етші, атаңның басын тындырсын! Жазушыға кабинет тимей, пәтері көңілдегідей болмай, шығармашылығы оңбайды. Бізде осы жағы бір өзгермей-ақ қойды. Қасымға, Қасым Аманжоловты айтам, Төлеген Айбергеновке жасалған қысастық әлі де жалғасып келеді. Баспана ғана бермей, басқасын да ескеретін мезгіл баяғыда-ақ туған. Әкімдер мен алыпсатарлар ат шаптырым үйде футбол ойнайды, футбол!

Жұбағаң қаттырақ кеткенін байқады ма, кілт тоқтап, тіземе қолын салды. Саусақтары папкаға тиді.

- Кітап қой мынау. “Елім-айың” ба?

- Иә, Жұбаха!

- Маған екінші кітабы қатты ұнады. Біріншісінде

тарихи деректер өте көп. Малтығып отырады оқушы. Ал, екінші кітабында, Софыжан, сен шын қаламгерлік шеберлікке жеткенсің!..

Жұбағаңның дәл осылай ашыла қойғанын бұрын көрмегем, кітабымды оқығанына қуанып, бар зейініммен тыңдауға бейілденгенім сол еді, атжайын көмекшілердің бірі жетіп келіп, қас қылғандай бастығымды ертіп әкеткені.

Жиырма минуттай уақыт өткенде Жұбағаң шықты. Жүзі сынықтау екен. Бірақ сыр білдірген жоқ. Кезекші мені ерте жөнелгенде Жұбағаң:

- Мен сені тосам, Софы. Отыра тұрам. Сен... сен сабырлы болуға тырыс, - деп сәл бас изеді.

Ауыр сұсымен еңсе басатын баяғы қос қапталды қос есікті бірінен соң бірін аша, кіріп бардым. Баяғы сол мінез-қимылымен Бәкең, Бәйкен аға Әшімов қарсы жүріп келіп, қолын ұсынды.

Ұзын үстелдің шетіне жайғастық.

- Бәке, ең алдымен мен сізге інілік ырзалығымды білдіріп, көп-көп алғыс айтамын.

- Не үшін? - деді Төраға. Өйткені даусында дәл осы жолы төрағалық қатқылдық анық сезілген.

- Былтыр сіз маған “Жигули” босатқансыз.

Бәкең тамағын кенеді. Адамға шақырайып қарайтын да кезі болады екен, бірінен бір сәл кіші ала көздерде суық от тұтанды.

- Енді тағы не сұрап, қол жайып келдіңіз?

Төбемнен біреу мұздай су құйып жібергендей сілейдім де қалдым. “Міне саған безгелдек! Шақыртқан өзі. Бір емес, екі рет. Қазақ шақырып алып итті де ұрмайды. Бәкеңнің бұнысы несі?”

Осы ой бар еркімді билеп алды.

- Бәке, мені шақырған Өзіңіз. Уәде еткен де Өзіңізсіз!

- Осы жазушылар-ақ ығыр қылды әбден. Бергенінді бір місе тұтпайды. Әлгінде жазушыларға деп қырық пәтер бөлгізсем, бірінші секретарларың бізге панель үй керек емес деп кергиді. Сондай-ақ жазушыны құдай дей ме екен!.. Көкірек керіп... Төбемнен қарайды.

Тұлабойымды діріл буды. Осыған дейінгі Бәкеңе

шаң жуытпас табыну тәріздес, “құлшыну іспеттес ырзалық сезімім, құрмет тұтуым зым-зия жоғалды. “Пендеден тәңір шықпайды екен-ау! Биік тұғыр қолға билік бергенмен, кеудеге ізгілік бермейді екен-ау! Неге олай? Неге? Не-ге?”

Мені осы сауал жегідей жеп барады. Төрағаның сөзінің соңын есітіп қалдым.

- Неге үндемейсіз?..

- Үндегенде... Бәке, сізге қазір не айтарымды білмей дал боп отырмын. Былтыр дәл осы арада маған декабрьде пәтер алуыма көмектесем деп уәде еткенсіз. Ал, қазір... қандай кінәм барын... неге жақпай қалғанымды жобалай алар емеспін.

Төрағаның орындығы сықырлап “сөйлеп” кетті. Екі қолым алдыма симай, тізем үстінде жатқан папкама жанаса қалғаны. Дәтке қуат көрдім бе, папкадан кітабымды шығарып, Үлкен Бастықтың (шын мәніндегі Бастықтың) алдына көлденеңдете бердім.

- Бәке, сіз былтыр екінші кітапты шығысымен әкеліп бер дегенсіз... Кірудің реті енді ғана келді... Мынау сол кітап...

Тілім күрмелді. Себебі жоғары серпіліп кеткен қабақ астындағы көздер маған тұрақтамай, байлаңды да қалды. Бәкең “Елім-айды” ұстаған күйі кеудесіне басты.

- Совминнің жақында берілер үйі жоқ. Асықпасаңыз біреуі ноябрьде бітіп қалар. Содан болмаса...

- Аға, сіздің былтырдан бергі уәдеңіз”сойғаның лақ теке, тартқаның құлақ шеке” тәрізді болды-ы-ау.

- Әй, не дейсің!

Ала көздері шатынап алған. Үкімет Басшысын алғаш көрдім. Састым ба, далбасаладым ба, тілімді шығарып, сұқ саусағымды тигіздім.

- Не демексің?

- Бәке, тағы бір мақалға жүгінейін. Қазақ: “Басқа пәле тілден”-деген ғой. Артық кетсем, айыпқа бұйырмаңыз.

Әшімов жолдас орындығына шалқия кетіп, жымиған әлпет танытты.

- Мен әлгінде Молдағалиевқа жазушыларға деп әр министрліктен қырық пәтер бердім. Асықсаңыз, соның бірін аларсыз. Әйтпесе ноябрьді күтесіз.

- Жақсы, Бәке, сау болыңыз.

Бәйкен ағаға үн-түнсіз бас изеп, шығып кеттім.

Жұбағаң сезімтал ақын емес пе, түрегеп келіп, иығымнан құшақтады.

- Жүр! Одаққа барасың ба? Бірге барайық.

- Рақмет, Жұбақа! Машинам бар ғой.

-Ә-ә... Бүгін Бәкеңнің көңіл күйі болмай отырған тәрізді-ау. Не дейді?

- Күте тұратын сияқтымын... Сырғытпа жауап та.

- Несі бар. Күт. Уәдесін орындап қалар.

Сыртқа шыққанда ұлым қарсы жүгірді.

- Папа, қайдан алатын болдық? Қанша бөлме?

- Аламыз, балам. Түбінде бір алармыз.

...Содан кейін де дәл сол бөлмеде тағы да екі Төрағаның қабылдауында болып, "пәтеріңізді кеңейтіп берем" деген уәделерін алып едім... Әлі күнге дейін тосумен, күтумен жүрмін. Бірде болмаса бірде, әй, берілген уәделердің бірі орындалып та қалар. "Үмітсіз-шайтан" деген бар емес пе.

1989 жыл.

МАЗМҰНЫ

Мәңгілік шайқас, мазасыз
кезең суреткері. ***Зейнолла Серікқалиев***..... 5

Повестер

Қызыл дәптер.....14
Армысың, ана!..... 77
Бәсер, Айкүміс және басқалар ***(Қайран жастық)***.....98
Әке әуендері.....193
Қобланды батыр..... 260

Әңгімелер

Қаймақ.....352
Әні сондай мұңды еді-ау!.....363
Бір естеліктің сыры.....377
Мінез..... 403
Екі кездесу.....414

“ЕЛ-ШЕЖІРЕ” ҚҚҚ - 2008 жылда

Бұл жылы Қор жанынан мынадай кітаптар жарық көреді.

“Мәдени мұра” бағдарламасы бойынша
“Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы” көптомдығы

8- том. Тұтас һәм мәңгі Түркістан идеясы.
9- том. Тұтас Түркістан идеясы үшін күрескендер.
10- том. Жетісу. 1916 жыл.
11- том. Жетісудағы жер мәселесі.
12- том. Ресей Отаршылдығы және дін мәселесі.

“Алаш мұрасы” сериясымен:

1. Алаш қозғалысы. Движение Алаш, 4-том.
2. Мөшһүр-Жүсіп Көпеев. Көптомдық шығармалар жинағы, 7 - 8 - 9-томдар.
3. Телжан Шонанұлы. Шығармалар жинағы.
4. Тұрсын Жұртбай. Ұраным - “Алаш”. 1 және 2-том.
5. Көрібай Таңатарұлы. Шығармалар жинағы.
6. Қайым Мұхамедханов. Көптомдық шығармалар жинағы. 6 - 7-томдар.
7. Шерубай Құрманбайұлы. Алаш және терминтану (1910-1930)
8. Диқан Қамзабекұлы. Алаштың рухани тұғыры.

“ЕЛ-ШЕЖІРЕ” ҚҚҚ

“Ел-шежіре ” қайырымдылық қоғамдық қоры (ҚҚҚ) әдеби, мәдени ортадан алыста жүрген қаламгерлер мен кітап шығарғысы келетін кез-келген азаматқа көмек ретінде, олардың жазған шығармаларын 20 - 30 % шамасындағы жеңілдікпен кітап етіп шығарып беретінін еске салады.

Кітап шығаруға байланысты кез-келген мәселе бойынша мына мекен-жай мен телефондар арқылы хабарласуға болады:

050009 Алматы қ., Абай даңғылы, 143-үй,
528 және 609-бөлмелер.
Телеф. 2-43-33-44.; 2-77-92-89.
Электр. почта **eIshezhire@ шail. ru**

“Ел-шежіре ” қоғамдық қорының президенті
Дидахмет Әшімханұлы

Софы Сматаев

Қызыл дәптер

Редакторы Н. Мұратқызы

Техникалық редакторы А. Қасымова

Суретші Ж. Айдос

Компьютерде беттеген М.Шаяхметұлы

ИБ №51

Теруге 29.03.2008. берілді. Басуға 05.08.2008. қол қойылды. Пішімі 84x108'/32. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі ‘‘Timts Kaz”. Басылымы офсеттік. Шартты баспа табағы 22.6. Есептік баспа табағы 21.6. Таралымы 1500 дана. Тапсырыс №235.

“Ел-шежіре” қоғамдық қоры. 050009. Алматы қаласы, Абай даңғылы. 143-үй, 609-бөлме

ЖШС “Жедел басу баспаханасы”,
050030, Алматы қаласы, Красногорская көшесі, 71.